

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

3-том

МАҚАЛАЛАР, ӘҢГІМЕЛЕР, АУДАРМАЛАР,
ПЬЕСАЛАР

1921–1929

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Канапиянов Б., Қасқабасов С., Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали К., Мағауин М., Мұртаза Ш., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

3-том: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921–1929. – 424 б.

ISBN 978-601-294-145-6

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 3-томында жазушының 1921—1929 жылдар аралығындағы мұралары қамтылды. Олар: мақалалар, әңгімелер және 1926 жылы жеке кітап болып басылып шыққан «Қаракөз» пьесасы. «Қаракөз» пьесасы мен «Қаралы сұлу» әңгімесінің екі нұсқасы (вариант) беріліп отыр. Бұл томға ертедегі газет-журналдарда жарық көргеннен қайтып ешқайда басылмаған еңбектері де енгізілді. Жалпы осында қамтылған мұраларынан драматургия, көркем шығармадағы ізденістері мен театртану саласына көңіл аударғандығы көрінеді және көркемдік жетістік, өзіндік бағыт, бет алыс жағынан болсын жиырмасыншы жылдардағы әуезовтік бітім танылады.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-145-6 (3-том)
ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014

Мақалалар



«ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАЗАҚСЫЗ ҚАЛАДЫ...»

(Қазақ Орталық атқару комитетінің 1921 жылғы 10 желтоқсан күнгі ашаршылық туралы кеңестегі сөзі)

Қырдағы аудандардың аштыққа ұшыраған тұрғындарына нақты көмек көрсетуді ұйымдастыру туралы М. Әуезовтің баяндамасы тыңдалды. Әуезов жолдас аштарға көмек көрсету ұйымдарының аяғы әлі қыр еліне жеткен жоқ. Олардың таяу арада жетуі де неғайбыл екенін айтты. Әуезов оның себебі мынада деп көрсетті:

1. Ауылдардың тікелей өзімен араласа отырып, олардың мұқтаждықтарын анықтайтын бұл саладағы міндетті атқаратын қызметкерлер жоқ. 2. Аштыққа ұшыраған қазақтар нақты бір жетекші адам болмаса, олар аштарға арналып мемлекет тарапынан бөлінген сыбағаның өзіне де қол жеткізе алмайды, өйткені қазақтар бір үзім нан үшін жат жерде қол жайып қаңғып жүргеннен гөрі үйінде өлгенді артық санайды, тіпті көмек сұрап ел кезе қалған күннің өзінде де қараңғы, анқау қазақ оларды өз бетімен іздеп таба алмайды, көмекке қолы жетпейді. 3. Жергілікті жердегі аштарға көмек көрсету ұйымы қолтығының астындағы, яғни жақын жердегі қалалар мен қала маңындағы селолардағы күйзелгендерге ерекше қамқорлық жасауға тырысады, сондықтан да қаладан шалғай орналасқан қазақ ауылдары үнемі кейінге ысырылып қалады. Шындығына көшсек, ашаршылық жайлаған қырдағы елдің қырылғанының жанында, қаладағы аштықтың үрейлі көріністері ойын сияқты әсер етеді. Егер де бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл түрде шешуші шара қолданылмаса, онда Қазақ Республикасы қазақсыз қалады. Көптеген аудандардағы қазақтар көптен бері тек қана көртышқанмен, тышқанмен, суырмен, тағы сол сияқты ұсақ жәндіктермен өзегін жалғауда, соның

кесірінен әртүрлі жұқпалы аурулар мен індеттер естіп-білмеген деңгейде таралып барады.

Мұның барлығы аштарға көмек көрсету ұйымдарының қыр еліне жаны ашымайтындығын, оларға немкетті қарайтындығын көрсетеді, сондай-ақ осындай қасіретті өртті өшіруге қазақ қызметкерлерінің де бейғамдығы байқалады. Өкімет басында отырған қазақ қызметкерлері, бұл істі дәл осы күйінде қалдырып қоюға болмайтыны өз алдына, бұл – сіздер үшін қылмыс, біз бұл үшін қазақ елінің алдында, өзіміздің арымыздың алдында жауаптымыз.

Баяндамасының соңында Әуезов жолдас қырдағы аудандарға, аштарға көмек көрсету шараларының жоспарын ұсынды, жарыс сөз бен талқылаудан кейін ішінара өзгерістер мен толықтырулар енгізілген соң бұл ұсыныс қаулының негізі етіп алынды.

ҚАЗАҚ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ

(Ашық хат)

Әдебиеттің бір сүйенетін діңгегі газет-журнал екендігін бұл күнде жұрттың бәрі де ұққан. Даусыз хахикат екенін бәріміз де мойындаймыз. Газет-журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзейтін, түзу-терісін көрсететін айна, ойы менен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы екенін де тегіс ұғамыз.

Бірақ қазақ баспасөзі шыға бастағанына бірталай заман болса да, дәл әлгі айтылған тәрбиенің міндетін атқарып, ойдың бітімі мен рухын өзі ұғып, өзінің бетімен рухын елге үнемі ұғымды қылып, түзу жолмен аумай жүріп отырған газет-журнал көп болды деп айта алмаймыз. Бұл сынды көтеретін толымды жалғыз газет – «Қазақ» еді. Оның өмірі ұзын болған жоқ. Одан кейінгі шыққан газет-журнал болса, көбінесе бір қалыпта тұра алған жоқ. Не басындағы адамы ауысады, не заманы ауысады, көбінің өмірі тіпті болымсыз, қысқа болады. Сонымен тәуір сөздің қадірін ұғып, құлағын түріп қалған қазақ бәрінен де қана жұта алмады, әдебиеттің тәуір бұйымдарын көкसेп отыр.

Бұл айтылған сөз біздің баспасөздің ұйқын-тұйқын болып, жөндеп шыға алмай жүрген бір дәуіріне тиісті болса, осы соңғы бір-екі жылдың ішінде тағы бір дәуір туып отыр. Бұл баспасөздің басылуы күшейген уақыт деуге болады. Бірақ қалың қазақтың тілегіне келгенде, бұл саны бар, сапасы жоқ сөздерге ұқсайды. Өте көп, өте қиын жаңа сөздер сөйленіп жатыр. Солардың әдебиет арқылы бірде-бірі қазақтың миына кіріп, рухына сіңді ме? Сіңген жоқ. Сіңбей, бұл сөздер сұйықтық қылып отыр. Елдің қышулы жерін тауып, өзінің керек боларлық орнын білмегендіктен оқушыны таба алмай отыр.

Сондықтан біздің осы күнгі баспасөзімізден арзан сөз жоқ.

Бұл арада ел біржолата баспасөзді оқи білмейді, надан, сөз қадірін әлі ұққан жоқ деп елді орынсыз кінәлаудың қисыны жоқ.

Ежелден жазу заңы – әрбір жазушы өзіне лайықты оқушы табу керек. Әрбір әдебиет, ретті әдебиет болам десе, сол оқушының ауданын үлкейту керек. Сондықтан жазушының міндеті: ол неге қызығады, нені көксейді, қандай рухы бар, соны ұғып алу һәм соған лайықтап сөзін жазу.

Біздің осы күнгі газеттерімізді алсақ – кейбірі бұл шарттардан біржолата таза болып аман тұр. Кейбірінің кім екені белгісіз. Көбі әрі-бері сандалуда. Сондықтан газеттерден қазіргі уақытта жұрттың көбі жамандау бөлімін ғана оқиды. Ол неден?.. Себебі – жамандау қазақ мінезінде өсекшілдіктің салдары; бұл жерде газет те ел рухына жақындайды. Сондықтан ол бөлімнің оқушысы бар.

Оның үстіне, өзге кішілікті қоя тұрғанда, қазіргі кейбір баспасөздерде, көбіне қазақтың мақтаншақтығы шығатын болды. Бұл әдет оқушы жиюдың орнына көп жұртты баспасөзден жирентіп барады. Осы айтқанның бәрі де – әдебиеттің елге тәрбие бере алмай, иә, рухына жақындай алмай жүргендігінің белгісі.

Бірақ осымен қатар елдің қазіргі тілегіне, әдебиеттен іздейтін бөліміне (спросына) қарасақ, ол белгілі: ашық, дұрыс бір-ақ тілек болып отыр. Қазірде қаладағы оқыған тобын былай қойып, қырдың көпшілігін алсақ та, солардың осы күнгі іздейтіні – таза әдебиеттің бұйымдары екені даусыз.

Ертеден айтып жүретін бір сөз бар, қазақ жаратылысында, *беллетрист* деген. Бұл қазақтың қай заманына болса да қисынды сөз. Осы күндерде мұның шындығын көріп отырмыз. Таза әдебиетке өсіп келе жатқан қазіргі құмарлық осының салдары.

Сондықтан шығып жатқан газеттердің бұндай істерге жамандау мен мақтаудан қолы тимейтін болса, оларға бетіңнен жарылқасын деп, әдебиет бөлімі бар журналдарда елдің әлгі тілегін де еске алып, таза әдебиет ауданындағы сөздерді жазуы – жас жазушылардың міндеті. Бұл айтылғандардан басқа екінші бір мәселе – қазақ әдебиетінің неше түрлі үлгісі болса да, әлі қалыпқа түсіп, бір тәртіпке салынған жоқ, соған һаркімнің

пікірін біліп, таза әдебиетке бір жол салу, бет түзеу де бүгінгі күннің қарызы сияқты. Бұл жерде көмекші болу – тағы да біздің жазушылардың міндеті.

«Шолпанның» бетінде осы айтылған сөздерді іске асырамыз ба деген үмітпен басқарма, журналдың ілім һәм әдебиет бөлімдеріне лайықты мақалаларды жіберіп тұруын қазақ жазушыларынан сұрайды.

*Басқарма атынан
Мұхтар Әуезов.
1922 ж.*

«ШАНШАР» ЖУРНАЛЫ

Апрельдің аяқ кезінде Семейде «Шаншар» журналының бірінші саны алынды. «Шаншар»¹ – қазақтың тұңғыш күлкі журналы.

Қазақтың аз да болса ілгері қарай басып келе жатқан өнер білімінің тұсында «Шаншар» мезгілімен шыққан журнал. Білімді елдің үлгісімен қазақ оқушысы аз танысқандай болып, осы күнде баспасөздің неше алуан түрлерін көріп келеді. Қазақ баспасөзі түр тауып молайған сайын оқушы да қалыптанып екселе бермек. Бұрын біз қазақтың хат таныған баласының бәрі бірдей оқушы деп есептесек, осы күнде ондай көп оқушы бар деп санамаймыз. Бірақ, оның есесіне, саяси санасы артқан, сынап оқитын нағыз оқушы шыға бастады дейміз, бүгінгі шығып жатқан газеттер, журналдар мен пән кітаптарын көріп оқығаннан бері, әрбір жазылған сөздің құр ғана мағынасын ұғып қоюмен тоқтамай, сынайтын да болып, ұнатқан түріне еліктеу, қостау да көбейіп келеді. Солардың санын көбейтіп, боратып жазып та жүр еді. Біздің бұл күнде көпшілігіміз сондай көп жазушының етек алып жайыла бергендігін ұнатпаған да боламыз. Ол ұнатпау келе жатқан жастың өнерін, жақсылығын қызғанғандық емес.

Көбінесе, қазақ әдебиеті, қазақтың жас өнері құр қарасын ұлғайтып, санын көбейте беруге тырыспасын, нені алса да талғап, таңдап алуды дағды кылсын, аз болса да нәрлі сөзді алатын болсын. Көп аламыш, дәнсіз болса, жас өнердің бойын өсірмейді дейміз.

Бұл сөздер қазақ білім өнерінің тазалық саулығын ойлап айтқан да дұрыс шығар. Бірақ сол сөзді айта жүрсек те, естен шығармайтын бір сөз бар. Ол – өнері аз болса да, жазушының көбейгенін тілеу. Бүгін солар көп болса, ол – жақсы белгі. Біздің оқушы оқып ұғумен қанағаттанбай, өзі де араласқысы келсе, өзі

де көп күшпен істелетін істің көмекшісі болғысы келсе, оның өнері көптігіне қарамай-ақ жалғыз сол талабының өзіне қуану керек. Бұндай жас жазушылардың көптің сезім-біліміне беретін жемі аз болса, ең болмаса өз басы мен өз ойына жиятын сезім мен білімі әншейін оқушы ғана болып жүрген күндегісінен әлдеқайда тереңірек, орнықтырақ болады. Олай болса, біз бүгінгі көп жазушы, көп сыншының барлығын ең алдымен жақсы есті оқушы деп тануға керек.

Сол оқушыны бастау, баулу, сын сезімін тәрбиелеу – бүгінгі баспасөздің міндеті, баспасөз сол оқушының жетекшісі, неше тарау жолға қарай беттетіп басшылық ететін себепшісі деп білу керек.

Қазақтың жас оқушысының ой-сезіміне жем боларлық баспасөзге қандай жаңа түр, жаңа үлгі қосылса, барлығы да әлеуметтің саналы тіршілігіне бір бағалы қосымша сияқты, жалпы әлеумет өнерінің бір жаңа табысы сияқты болады. Осы жағынан қарағанда, бұрыннан шығып келе жатқан газеттер, журналдардан соң солардың ішінде бір алуан жаңа үлгінің түрін көрсететін күлкі журналдар алдыңғылардың қалпына қосылған бір жаңа кесте, жаңадан салған қошқар мүйіз сияқты. Оқушының ойы мен сезімін күлкісіз салқын түспен отырып тәрбиелейтін баспасөздің ішінде күлкі журнал орынды болып шықса, тәуір сөздің тұздығы сияқты болады. Бұл да тәрбиеші, бұл да ой сезімді бастайтын жетекші, басшы, бірақ бұның өзгелерден әдісі бөлек. Бұның өзгеден айырмасы – сыртқы пішінінде ғана. Күлкі журнал да ойды жетілтіп, сезімді ұстартпақ. Сондықтан ол күле отырып, біле отыр дейді. Ойнап отырып, ойлап отыр. Біреудің мініне күлсең, өзің сол міннен бойынды арши отыр дейді.

Күлкі журналдың оқушысы – неше алуан ел. Оның меншіктейтін елі өзге баспасөздің барлығынан санына қарағанда да мол болады.

Бұл журнал сол неше алуан елдің барлығының да әлеумет алдындағы міні мен кемшілігін білу керек. Әрбір кемшіліктің әлеумет тіршілігінен ең залалды, ең жұқпалы жерін тауып, соны көпке паш болған пішінінде көрсетіп, орнымен ажуалай білу керек. Орынды күлкі өткір мысқылмен міні барды түзетуге тырысып, сол мінге жақындап жүрген адамдарды бойын жиғызып жирентетін болу керек. Негізгі мақсаттарына

келгенде, күлкі журнал да барлық баспасөздің «үйретемін, үлгі айтамын, бастаймын» деген негізімен жүреді, бірақ олардан ісі қиынырақ. Олар ұзын сонардың, өрісті сөздің бетімен жүрген болса, мынау аз сөзбен, емеурінмен, нобай тұспалмен, күлкімен білдіру керек. Әрқашан күлкі ұзақ сонар әңгімемен келсе, қырғын күлкі бола бере алмайды. Күлкі тез шығып, тез басылатын, қылт етпе, иек артпаны іздейді. Күтпеген жерде тосыннан, оқыстан келгенді сүйеді. Бұл да шығуы мен таусылуының арасына қарағанда ақындық сөзінің ішіндегі лирика (сыршылдық) сияқты. Сыршылдық неғұрлым бір күрсінуге, бір өкпе, жылау, не болмаса қабақтың бір ғана шытынауы сияқты болып жанды күйінде туып, жанды күйінде басылатын болса, дәмді болады. Көпке белгілі жүрек күйін тақылдатып, бақайшағына шейін айтпай, емеурінмен ым қағып қана тоқтаса, сол күйінде ерекше тәтті көрінеді. Күлкі де сондай: әлемге мәлім жайды ұзақ сонарламай, не болмаса құр ғана сөздің сырт пішіні күлкі болғанына қанағаттанбай нағыз күлкіні алу керек. Нағыз күлкі сөзде емес, күлкі қылған халде болады. Күлкі сөздің шатасынан тумайды. Сырт пішіні дарақы, оспадарлау келген сөзден шын күлкі шықпайды. Онымен бірен-саранды болмаса, көпті күлдіре алмайды. Бұл туралы «Шаншарда» «қатын аламын» деген сөз сондай кемшілікті, мінді сөздің мысалы сияқты. «Адресім: город Албасты, Сұмырай көшесі, Оспан қажының сиыр қорасына қарсы дом, боқбасар» деген сияқты сөздерде не ойға, не сезімге әсер беріп, қарқылдатып күлдіріп жіберетін қанша күлкі бар? Бұл – құр ғана сөздің өрескелдігімен күлкі тудырамын деген сөз. Оның ішінде, былғаныштау былапыт сөзбен күлкі шығарғысы келгендік. Біздің қазақ күлкісіне бұл соңғы хал ертерек еске алып, шама келгенше сақтанатын кемшілік болар. Өйткені қазақтың ел қалжыңының көбі сол сияқты әдепсіз оспадарлау сөздермен келеді. «Шаншардың» қулары Тонтай², Текебайлардың³ қулығы да көбінесе сондаймен келген. Бірақ олардағы күлкі сөзінде емес, көбінесе күлкілі ерекше халдерінде болады. Күлкі іспен аралас келсе, бір жағы шынға тіреліп, қысылшаң кезде ауыр мен жеңілдің жапсарында келсе, көбінесе оқыс қиындыққа ұшырап қалатын жерден туса, сонда дәмді болмақ. Сол кезде тәтті, дәмді күлкі болатынын бұрынғы ел күлдіргілері әбден білген. Қазақ – өзі күлдіргі күлкісі мол, мысқыл мазақшыл ел. Оған күлкі, әңгіме жат

емес. Күлкі журнал орынды күлкілермен шықса, ел ортасынан оқушыны көп табатынына дау жоқ. Журналдың күлкі әңгімесін ел де сынап біледі. Сондықтан жазып отырып, ойланып отырып күлдірмек болсаң, бір жағынан, елді де күлдіре алатын, бұл елді күлдіру үшін, өзінен өзі сөзсіз-ақ күлкі боларлық жайларды алу керек. Әлеумет тіршілігінде ондай хал өте көп. Сондай жайдың кейбірін «Шаншардың» тауып күлгені де бар. «Шаншардың» өзі айтқан «шапыраш» айнасына құр ғана бұралқы сөздің күлкісін түсірмей, өмірді түсіру керек. Күлкі журналы – аз сөзден көп мағына шығаратын, аз суреттен көп әңгіме туғызатын журнал. Бұл өмірдің түзу, қисығын сөз қыламын деген соң, сол қалың көптің өміріндегі ерекше үлгі боларлық мінез (типичное в жизни) сияқтыларды алу керек. Әлеумет тіршілігінің қай саласын алсаң да, өзінің барлық әдет, барлық құрылып қалыптанған салт-санасымен ерекше бір күлкі күйде тұрған халдер көп. Күлкі қылып ажуалағанда сондай жайды алу керек.

Күлкі журналдар жайынан айтқан осы сияқты жалпы мөлшер сөзбен «Шаншарға» келсек, «Шаншар» осы қойылған шарттардың бірталайын өзінің негізі сияқты қылып белгілеген көрінеді.

«Шаншар» кім?» деген мақалада негізі мен бағыты не болатынын қалжындап отырып толық айтқан. Қазақтың өз тілінде шығып жатқан баспасөздің әр түрін көріп, аз да болса талғауды үйренген қазақ оқушысы: «Қазақ тілінде шығатын күлкі журналы қандай болар екен?» деп асығып күткендей еді. Сол күткен оқушыға журнал көңілдегідей үлгілі болып көрінді. Қазақ пішінді күлкісі бар, қазақша мысқылы, сайқымазағы бар, көп күлкісін қазақтың бүгінгі әлеумет тіршілігінің мініне арнаған, есті, орынды күлкі.

Осы ретпен жазылған сөздер: «Шаншардың өлеңі», жатыпатардың «Не жазамыны?», бақалшының «Әнке тасы» сияқтылар. Журналдың басындағы «Шаншар кім?» деп негіз бен бағыт белгілеген сөзде: «Заманға мойынсына алмай, жаңаға көне алмай, ескіні қолдан бере алмай» жүргендерді мүйізіне ілмек. «Елді араламақ, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан аяғы шалыс басқанды біздеп* жараламақ» дейді.

* Біздеп – піскілеп, түргкілеп.

Негізі: «Шындық, түзулік, әділдік қылышын қолына тұтып, кеңес жолына түсіп, шын кедейлер жаршысы» болмақ.

Бұл сөздер «Шаншардың» күлкілі жүзі арқылы көрініп тұрған шын түзу пішінін көрсетеді. Жалпы журналдардың негізіндей өзіне айқын көрініп тұрған мықты негізі барлығын білдіреді.

Жоғарғы санап өткен мақалаларда осы бағытын ақтап, анықтап, мағыналы маңызды күлкімен әртүрлі кемшілікті ажуалайды.

Бүгінгі қалың бұқараның, шала хат танитын оқушының тілі боламын деген газеттердің кей кезде жазушының өзі ада-сатын сөз шытырмананының ішіне кіріп келіп, сөзіне оралып қалатын жерлерін мысқыл қылғаны – орынды сөз. Арабша-ны оқытқан ескі молданың «мән бір мән» деп қазақшалағаны сияқты тіл біздің көзі ашық әдебиетте орынсыз екенін күлсек те айтқанымыз орынсыз болмайды. Осы сияқты анкетаның* да сұрағы мен жауаптарының көбі орынды, мезгілді сөздер. Бірақ арасына: «Ағза не нәрсе? Адамның бір мүшесі». «Көшпелі не нәрсе? Қазақ». «Магнит не нәрсе? Сұлу әйел болса керек» деген сияқты сұраулары мен жауаптары маңыз, мағына жағынан өзге сұраулардан төмен сияқты көрінеді.

Күлкі журналдың халін, елді есіне алып, өзінің мол әңгіме мен мол мін табатын жері сол қалың елдің іші екенін әбден түсінгендігін жатыпатардың сұраулары жақсы көрсетеді.

Жатыпатар бар сұрауларында ел ішіндегі кемшіліктерді атайды. Кеңес өкіметінің заманында ел ішінде жаңа құралып келе жатқан жаңа әлеумет адамдарының кемшіліктерін сынау-мен бірге, ескі қалып, ескі салттың сарқыны сияқты «алты қатыннан үйір салып» жатқан байлар мен «500 танап» жері бар қосшы мүшесін де шымшып етеді.

Жатыпатардың сөздері сол атаған сұрауларының қайсысын жазса да, босқа желге кететін емес. Нысанаға толық болып ілінетін үлкен шоғыр, қалың топты тауып қадалатын сөздер сияқты.

«Шаншар» ел ішін көбірек сүзу керек. Күлкінің нысанасы боларлық мінді денесі мол болып, сөлекет болып біткен көнтерлі топтардың көбі ел ішінде. Бұндай жандар туралы елдің өз

* Анкета – сауалнама.

ішінде ескілі-жаңалы әңгімелер өте кеп. Сондай өрескел адамдарды өмір бойы «Шаншар» сияқты күлкі журналдың міндетін атқарып мазақ, мысқыл қылып өтетін кулар да көп. Журналға сондай ел ішінің айтқан күлкілерді суретімен басса, орынсыз сөз болмас дейміз.

Журналдың маңызы мен пішінін білдіретін бір бөлімі – суреттері. Бұл жағына келгенде, суреттің бәрі бірдей күлдіргі, бәрі бірдей шын шаншулы жерден тиген орынды деп айтуға келмейді. Тәуір суреттер: «Өзіме пайдалы жерде, пайдасыз жерде» дегені мен «Салықтан құтылу амалы» дегендері. Бұлар көп жерде кездесетін көп қауымның міні сияқты. Одан басқа суреттердің көбі ұсақ жайларға арналған, жаппай күлдіргі боларлық та суреттер емес. Бұлардың ішінде бізше әсіресе орынсызы: «Бәрі де ұлт қамы», «Жоғалсын, уақытты босқа өткізу» деген сияқты суреттер. Бұлар журналдың нағыз қазақ пішінді болуына кемшілік келтіріп, кімге арналғаны белгісіз болып қалатын суреттер сияқты.

Ондай мін жалғыз қазақта емес, жалпының міні: қай ел болса да кез келе беретін кемшіліктер. Қайта сол жалпының ішінде «бетіне опа жағамын» деп уақытты босқа өткізетін қыз қазақта тіпті аз шығар.

«Шаншар» жайынан жалпы айтатын сөзіміз: тұңғыш күлкі журналы аз міндері болса да қолға алмақшы болып белгілеген кемшіліктеріне қарағанда негізді, маңызды, күлкілі боларлық түрі бар.

Қазақ баспасөзіне жаңа қосылған түр, жаңа өрнектің бұдан да артып, көп жасауына тілеулеспіз.

М.

ЖАЛПЫ ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ

Театр – сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі. Ешбір өнерді тілек, құрғақ бұйрық туғызбайды. Қай елдегі, қай түрдегі өнерді алсақ та, сән-салтанатпен ырғалып-жырғалып, бір күннің ішінде ғайыптан көшіп келген жоқ. Барлығы да болымсыз кішкене ұрықтан жайлы топыраққа көміліп, белгілі шартпен бағылып-қағылған уақытта ғана бой жасап өсіп-өнген. Ана жатырында баланың бітуі сияқты сәті келген сағатта тіршілік белгісін бастап, тоғыз-тоқсан құбылып, ащы толғақ, ауыр азап ішінде туады. Олай болса, әрбір өнердің иесі болған ел сол өнерді туғызып өсірген анасы есебінде. Әрбір өнер өзінің туып-өсу жолында, анайы* топырағы сияқты болған еліне міндетті. Ел тіршілігінің өткен күні сол өнердің бойы өсуіне қажет болған шарттың барлығын берген болады. Сондықтан елдің өз денесінен жаралған өнер әуелгі кезінде, өз елінің әдет-салтын, ұғым-нанымын, мақсұт-тілегін өзгеден бөлек пішінде, сол елдің өзіне ғана хас болған суретте қабылдайтын болған. Бұл халден тысқары жолмен өскен ешбір ел жоқ. Қай өнерді алсақ та, әуелде өз елінің халық өнері болып, содан ілгері қарай басқан сатысында ғана көптікі болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды.

Бүгінгі күнде қазақ елі бір туыстың үстіне жетіпті. Қазақтың театры туатын мезгіл болды деген пікірге келіппіз. «Өзімізден бірдеме жасалса екен» деген тілекті де тілейтін болдық. Сондықтан біз жаңағы айтылған жалпы сөзді екі салаға бөліп, соның екі тарауына да ойланып қарап, көз салуымыз керек.

Жоғарғы айтқан жалпы пікірдің ішінде әрбір жұрттың өнері әуелі әр елдің тіршілік қалпындағы белгілі шарттарынан туа-

* Анайы – өзіндік, тума деген мағынада.

ды. Әуелгі туысында ұлт өнері болып туады дедік. Бұл халдің анығын білу үшін қазірде біз көтеріп отырған театр мәселесі өнерлі елдердің өмірінде қандай сатыдан өтті, театрдың өсіп-өрбіген тарихы не айтады? Соның тәжірибесі біздей елге қандай сыбаға ұсынады, соған көз салу керек. Мәселенің екінші жағы қазақ елінің өз қалпында театрға арналған қандай ұрық, қандайлық мүмкіндік бар, соны тексеруге арналу керек.

Осы жікке қарап мәселені мен екі бөлімге бөлемін. Біреуі Еуропа театрының тарихынан азырақ мағлұмат беру болады. Екіншісі қазақ топырағында театр өнерінің мүмкіндігі қандай, соған арналады.

Еуропа театрының тарихы өте кәрі заманнан басталады. Театр өнерін алғашқы туғызған ел – грек жұрты. Грек театрының басы осыдан екі жарым мың жыл бұрын басталған. Енді жоғарыда айтылған сөз бойынша театр тарихын қарағанда, осы өнердің грек топырағында тууына қандай шарт, қандай халдер себеп болды? Сол шарт, сол себептерден туған грек театры қаншалық дәрежеде ел театры болды?

Осы мәселелермен танысуымыз керек. Екінші, осымен бірге қарастыратын мәселе – жалпы театр өнері гректе, я басқа жұртта белгілі заманда қандай халде болды? Өнер есебіндегі маңыз-мағынасы қандайлық еді? Театр тарихының қай буынына жетіп еді, сол жағынан қарау керек. Қай жұрттың театрын алсақ та, барлығын да осы сияқты екі түрліден қарайтын боламыз. Осы әдіспен қарасақ, кейінгі қазақ театрына келген заманда да біздің жалпы пікір, мақсатымыз анығырақ, ұғымдырақ болар деймін.

Гректің театры – көпшіліктің театры, халық театры деп саналады.

Себебі, бұл театрды туғызған жалпақ елдің әдет-салты мен ұғым-нанымы, жалпақ елдің бәріне бірдей ортақ мүлік болып саналатын ескілікті грек театры, бір жағынан, елінің ұлттық пішінін айқын көрсетіп, екінші жағынан, жалпақ елге бірдей болған діни әдеттен туған.

Ілгері-соңғы заманда тарих жүзінде аты шыққан елдердің ішінде грек жұртындай ақындық қиялы бай, ақындық өнері мол ел болған емес. Гректің дінінің өзі ақындық қиялының туынды-

сы сияқты. Бұл көп құдайға табынған ел болатын. Сондықтан дүниені түсінуі де, жасырын сырын ұғуы да түгелімен сол көп құдайдың сыр-сипатын ұғынумен бірге ұғынып, сонымен бірге білетін. Дүниедегі ерекше көзге түсетін денелі зат пен денесіз заттар болсын, яки адамның табиғатына біткен неше түрлі жақсылық, жаманшылық салахияты* болсын – осының барлығының өзіне арнаулы жеке-жеке құдайы бар. Ескі дінді көп құдайды құр санап айтқанмен, дін тұтушы адамның көкейіне толық сурет қонбайды. Ақыл жолында бала күйінде жүрген адам құдайын танымауға мүмкін. Ұғынса, таныса да шала ұғынып, көмескі күйде түсінуге мүмкін. Сондықтан әрбір құдайлар жайынан арнаулы әңгімелер айтылатын. Не қызықты, не қайғылы ертегілер – мидодер жасалатын. Мұның мысалы қай түрдегі дінде болса да бар. Мұсылман дінінде хазірет Ғали, Хасен, Хұсайын, Сейітбаттал** әңгімелері – соларға ұқсаған дін ертегілері. Бері келген заманда ел білім-мәдениет жолында ілгері басқан соң ақыл-санасы да қадам басып бойы өсіп, артқы күні балалық күні сияқты ескіріп, татымсыз, мағынасыз нәрсе сияқты болып қалды.

Сондықтан ескінің дін деп, хақиқат деп таныған нәрсесін кейінгі есі кірген адам көргенде жансыз әңгіме, ертек деп кате түсінетін болған. Бергі заманды қай елдің ертегісі болса, барлығы да бір заманда шын нанымнан, шын деп түсінген ұғымнан туып, артынан өзі үстірт сөз сияқты болып саналатын болды.

Бірақ грек жұртының жоғарыда айтқан көп құдайға табынған дәуірі – дін жолында өзінше ең өрлеп, ең тереңдеп тұрған дәуірі болатын. Ол күнде құдайлар жайындағы әңгімелерінің барлығы да жалпақ елдің ортасында ешбір қалтқысыз, ешбір күдіксіз анық сеніп, анық қадірлеген әңгімелер болатын. Сол әңгімелер бойынша бір елдің ішінде әрбір құдайына арнаған белгілі күндерінде арнаулы тойлар, ел мейрамдары болатын. Дін әдеті грек жұртының ел әдеті, ел салты, ғұрып-заңы сияқты болып кеткен.

* Салахият – ерекше деген ұғымды береді.

** Ғали – Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, кейде оны Өзіретәлі дейді немесе Ғали Арыстан деп те атайды. Хасен, Хұсайын балалары. Сейітбаттал – діни қиссалардың кейіпкері.

Гректің құдайларының шынында адам бойындағы әртүрлі салахияттың әрқайсысына арналған иесі Құдай болатын дедік. Сондай құдайлардың ізгілік құдайы, сұлулық, өнерлілік құдайы, яки жаманшылық, қастық құдайы болса, тағы бір құдайы қызық, сауық, ішкілік құдайы болатын. Бұл құдайының аты – Дионис. Дионис – аспан мен жердегі судың, діннің құдайы. Судан болып, өсімдік шығарып, жаңа туыс туғызатын қасиет иесі.

Қызық-сауық құдайына жыл сайын арнаулы күндерде құрбан шалып, той қылып, жалпақ ел мейрам жасайтын. Бұл мейрам әм сауық құдайына арналған соң түгелімен сауық, қызық күні болу керек. Құдайға құлшылық, тілек ретінде әуелі құрбан шалады. Құрбандығы теке болатын. Сол текені шалып тұрып, айналасына бар халық жиналып, Дионистің өмірі турасындағы әңгімелерді өлең қылып айтатын. Сол өлеңнің ішіне адам баласына істелген жақсылығы үшін сиынып, қасиеттеген сөздері де кіретін. Мейрамның дін әдетіндегі парызы – осы. Осы біткен соң жалпақ елдің ішіндегі той, ойын, би, ән-күй басталатын. Дионистің мейрамына шалатын құрбандығы теке болатын. Себебі баяғыда бір теке виноград жемісін жеп алып, мас болғанның белгісін көрсетіпті. Мұны көрген адамдар текенің неден мас болғанын ойлап келіп тапқан. Бірақ бізге осы сырды тапқызған Дионистің өзі ғой, олай болса, бұдан былай Дионистің мейрамына құрбанға теке шалайық деп, соны салт қылып әкеткен.

Текені грекше «трагус» дейді. Сондықтан Диониске құрбан шалған жерде айтатын өлеңді де теке жайындағы өлең деп атаған. Өлең грекше – «оде». Бері келген заманда осы сөздерден әлгі «трагедия» деген сөз шыққан. Бүгінгі заманда біздің қанды оқиға деп жүргеніміз сол Еуропа тілінде *трагедия* деп аталатын қайғылы оқиғаны білдіретін пьесаны айтады. Күлкілі пьесаны *комедия* деп атау да сол заманнан қалған сөз. Дионистің тойында теке жайындағы өлең екі түрлі айтылатын. Өлеңінде Дионистің өмірін баяндайтын әңгімесін жалғыз өлеңші айтып келгенде, айналада тұрған көп халықтың «хоры» (көптің әні) аяғына қосылып, көп дауыспен көтеріп әкететін. Міне, осы әдеттің өзінде жалпы драма түріне тиісті болатын екі кісінің

әңгімесі бар. Берірек келген заманда жүре бастайтын жалғыз өлеңші өзінің өнеріне түр қоса бастаған. Айтылып тұрған оқиға елге Қызығырақ болып, жандырақ көріну үшін өлеңші денесінің қозғалысымен, пішін құбылысымен басына үлкен маска (қолдан жасаған дін тұлғасын) киіп, сол құдайлардың өздерінің халіне түсіп, суретін толығырақ келтіріп ойнайтын болған.

Осы халмен дін мен салттан туған қалың елдің мейрамын гректің атақты ақыны Эсхилдың заманына келгенде, бұрынғы қалпына жаңа түр қоса бастады. Дионис мейрамының құрбан шалардағы өлеңінде бұрын оқиға хормен, жалғыз өлеңші екі-ақ кісі сияқты болып араласатын болса, Эсхил бұл мейрамды бұрынғыдан көрнекті қылып көрсету үшін жаңағы оқиғаның ішіне тағы ойнаушыны қосқан. Ол құр ғана ойыншы емес, бұрынғы Дионистің әңгімесіне араласатын құдайлардың біреуін кіргізген. Сонымен Эсхил заманындағы драмаға араласатын ойнаушылар үшінші кісі болған. Содан кейінгі замандарда драмаға кірушілердің саны көбейе берген. Эсхилдан соң Софокл, одан кейін Эврипид заманында бұрынғы Дионистің тойында айтылатын «теке жайындағы өленнен» әдебиеттің ең сұлу, ең зор түрінің бірі болған *драма, трагедиялар* туған.

Бірақ грек трагедиясы өзінің ең жоғарғы биігіне жеткенге шейін елдің әуелгі салтынан, әуелгі ұғымынан бөлініп-жырылып келген жат нәрсе сияқты болған жоқ.

Ақындар жазған трагедияның барлығы да, ең алдымен, Құдайлар өмірінен, онан соң Құдай мен адамның ортасындағы саты сияқты болған алыптар, асыл заттар өмірінен жазылатын, барлығы да елдің бәріне мәлім әңгімеден алынатын. Трагедиялар елдің баяғы дін мейрамдарына арналған күнінде ойналып, сонымен өнер түріне кірген. Ақын қиялымен жазылған трагедияның өзі де қалың елдің қара өзегін жарып шыққандай ел топырағынан шыққан.

Жылдағы арнаулы күндерінде қалың ел дін мейрамын қызықтап тойлауға баяғысынша жиылып келіп, бұрынғы жалғыз теке жайындағы өлеңді естіп көрудің орнына үлкен қайғылы оқиға, терең сырлы халдерін көріп ұғынып қайтатын. Бұл жиынға келген елдер баяғыша мұсылманның айт күні мешітке

жиылғанындай, дін парызын, салт-әдет парызын атқаруға келетін. Сонымен бірге үлгі, өсиет өнерден де жұғындар алатын.

Осы жағынан қарағанда, грек театры, бір жағынан, кейінгі ұрпаққа өнер есігін ашып бергендей болса, екінші жағынан, ол заманның халқына діни қызметін де атқаратын болған. Сондықтан гректің атақты философы Аристотель өз заманының театрын сөз қылғанда: «Театр елдің ең терең, ең асыл сезіміне әсер етсін, театр тыңдаушы мен көрушінің денесін мұздатып, жүрегі еліккендей болсын. Көңілді ыстық сезім, ұлы толқын қалпына жеткізсін», – деген.

Адам баласына театр өнерінің алғашқы асыл қазынасын ашып берген – грек жұртының театры. Осындай жайдан туып-өскен бұл өнер елдің қолындағы тесік моншақ сияқты болымсыз кішкене ұрықтан басталып, заман өткен сайын бойы өсіп жетіле-жетіле келіп, қалың елден бір уақыт бөлініп кетпестен аясында қараңғы елдің өзін жетектеп отырып, ең биік өнердің қақпасына бір-ақ келіп кіргізіп жібергендей болған.

Кейінгі заман театрының барлығы да сол үлгіні осы грек театрынан алған Эсхил, Софоклдердің драмалары шыққан соң, Дионистің тойы кез келген жерде жасалмай, арнаулы театрда көрсетілетін болған. Ол заман театры өте үлкен болатын. Бір қаланың бар халқы сыятындай орындары бар, төбесі ашық: ойын күндіз болатын. Ойын сондай үлкен үйдің ішінде болғандықтан; екінші, ойнайтын оқиғаларының барлығы құдайлар жайынан болғандықтан, артистер әншейін адам қалпында шықса, көзге қораш болады, дауыстары жөндеп естілмейді, бойлары көрінбегенге мүмкін. Сондықтан әрбір артист жоғарыда айтылған маскадан басқа ауыздарына дауыс зорайтатын мұржа сияқты құрал тығып, сонымен сөйлейтін. Бойларын зор қылып көрсету үшін, котурна дейтін айрықша биік етік киетін. Грек театрында бүгінгі театрдағы белгілердің барлығы да бар-ды. Ең әуелі қазір «театр» деген сөзден бастап, «хор», «оркестр», «сахна» дегендер – барлығы сол грек театрының қосқан аттары болатын. Кейінгінің барлығы алған үлгі – грек үлгісі.

Грек жұртынан соң тарихта үлкен орынға ие болған көрнекті ел – Рим халқы. Бірақ бұл елдің барлық жаратылыс қалпында, мінез салтында гректерге ұқсамайтын бір зор айырмасы бар

еді. Ол айырмасы – қиял мен сезімге бай емес, салқын ақыл мен іске қолайлырақ болған. Қиялдан келетін пайдадан да қолына түсіп, көзіне көрінетін пайданы артығырақ көрген пысықтық, ширақтық жағы басымырақ болған ел. Сондықтан оларда театр өнері гректікіндей болып дәуірлеп, гүлденген жоқ. Гүлденбеген себебі – елдің қалпы мен салтында театрды туғызатын шарт болмағандықтан. Римде сезім-қиялды тарбиелейтін трагедияның орнына көңіл көтеріп күлдіруге жарайтын күлкі ойындар «комедиялар» көбірек орын алған. Бірақ сондай дінді жасаушылар ел кезінде төмен саналатын болған.

Сондықтан Римде бері келген заманда театр әуелгі грек жұртында болған асыл қасиеттерінің барлығынан айырылып, көбінесе цирк түріне айналып кеткен. Римнің аксүйектері, қара халқы – барлығы да циркте тұтқын құлдардың жекпе-жекке шығып бірін-бірі өлтіргенін, сүзеген бұқамен алысып қаза тапқанын, яки піл, жолбарыс сияқты жыртқыш хайуандармен алысып өлгендерін қызық көріп, соларды қарауды салт қылып кеткен. Әрине, жалпы театр өнеріне бұл сияқты салттан пәлен дерлік жақсы үлгі жамалған жоқ.

Театр өнерінің үшінші дәуірі орта ғасыр театры болады. Бұл театр христиан дінінің шіркеулерінен туған.

Ол заман – елдің діні өте күшті болған заман; ел тіршілігі, елдің әдет-салтын, мінез-ғұрпын түгелімен дін кісені мықтап тұсап алған заман; бүкіл дүниені, бір тарының қауызына сыйғызғандай, дін уысына түгел сыйғызып, ешбір сезікті шашау шығарып, шет жайылдырмайтын заман болған. Сондықтан бұл кездегі театр түгелімен діннен туып, дін жолында қызмет етсе, елге жат нәрсе болып саналмаған. Орта ғасырдағы шіркеу драмалары сол замандағы ірі мемлекеттердің барлығында да болған. Әсіресе, гүлденген жері – Испания, Франция, Италия. Бұл замандағы шіркеу драмаларының жалпы аты – *мистерия*. Көрсетілетін әңгімелерін алмасақ, сыртқы үлгісінің барлығы да ескі театрынан алынған. Ойналатын оқиғалары гректікі сияқты ескі дін әңгімелері болып, дін мейрамдарында ойналады. Ойналатын жері бас кезінде ылғи шіркеуде болатын. Ойнаушылар, көбінесе дін адамдары болған. Сондағы мақсат – дін нанымынша хақиқат деп саналатын уақиғаларды ел көзіне іс жүзінде

көрсетін, сонымен діндар жұрттың көңіліне дін уағызын, дін мақсұтын ұғындыру мақсатымен ойналатын. Мистериялардың ішінде көп ойналатын драмалар: Адам пайғамбардың, Ғайсаның, Ғайса шәкірттерінің яки Мариямның өмірі, я болмаса солардың тіршілігіне қастық қылған, жаманшылық істеген бұзық адамдардың өмірінен алынған әңгімелер болатын.

Театр алғашқы кезде шіркеудің ішінде жасалатын болған. Сахнаның бір жағы ұжмақ, бір жағы дозақты көрсететін. Жауаптылар ұжмаққа жіберіліп, дозақы күнәкәрлер болса қолма-қол дозағына баратын. Шіркеу драмасын ойнайтын артистер алған міндетін дұрыс атқарып, репетицияға адал келіп тұруына – інжілді кеудесіне ұрып ант береді екен. (Тегі, біздің артистердің салдыбалықтығы ол заманда да болса керек.)

Мистериялардың өз заманында бағасы халыққа өте зор болған, ел өте қадірлеп қатты қызықтаған. Бұл да өзінше заманының халық театры болған. Мистерия ойыны көпке тарап, қалың ел түгел қызықтайтын болған соң, берірек келген заманда шіркеуден шығып, сырт жерде ойналатын болды. Қалың елдің түгел қызықтағанының белгісі – үлкен қалалардан ойын болардың алдынан маңайдағы ауылдардың халқы бар жұмысын тоқтатып, қалаға ағылатын болған. Қалада ойын болардан бірнеше күн бұрын салт атты жаршылар жүріп, көше-көшеде сыбызғы тартып, белгі беріп, өлеңмен сауын айтады. Ойын күні қала халқы түгелімен театрға жиналатындықтан, барлық үйлердің қақпалары жабылып, сауда-саттық, қызмет атаулы тоқтап, қаланың шеттерінде талан-тараж болмас үшін мықты күзет қойылады. Ойын мұнда да күндіз болады.

Сондықтан ойын күні жұрттың бәрі күн шықпастан театрға жиылып келіп, орын алысады. Бұл уақыттағы драмалар күніне сегіз сағаттан ойналып, кем болғанда үш күнге созылады. Кейбір драмалар он, жиырма бес, қырық күнге шейін созылатын да болған. Театрға жиналған халыққа: «Дауыстама!» – деп айқайлап тұратын қарақшылар болады. Дауыстап, тәртіп бұзғандар болса, ұстап алып дозаққа жіберетін әдеті бар. Сондықтан кейбір көрушілер ықтиярсыз, ойда жоқтан артистің міндетін атқарып кететін де болған.

Ойын басталардың алдында бар халық артистермен қосылып намаз оқып алады. Онан соң ойынның уақытында Ғайса, Ма-

риям сияқты құрметті жандар Құдайға құлшылық қылып, сажда қылған уақытта, театрда отырған халықтың барлығы да орындарына жалп-жалп жығылып, қоса сажда істейтін.

Орта ғасырдың шіркеу туғызған театрының жайы – осы. Бұл театрлар әрбір елдің ұлт театры болмаса да, жеке елдің әдет-салтынан тумаса да, жалпы христиан дінін тұтынған елдердің бәріне бірдей ортақ болған салт-санадан туғандығы анық.

Сондықтан көпшіліктің тіршілігімен, сезім-тілегімен нық байланысы барлығында дау жоқ.

Бірақ шіркеу драмасы өзінің негізі мен қалпын мәңгілікке сақтап қала алған жоқ. Қауымның ақыл-сезімі өсіп, бойжете бастаған сайын театр әуелі шіркеудің іргесінен шығып алып, содан кейін біраз заманда дін таңбасынан да айығып, серги бастады. Ел әрі-беріден соң театрға үнемі дін мақсатымен қарамай, бір жағынан, өнер есебінде сүйетін болып, екінші жағынан, көңіл көтеретін сауық-қызық есебінде де қадірлейтін болды.

Сондықтан орта ғасырдың аяқ кезінде шіркеу драмасының негізгі пішіні әр елде әртүрлі болып бұзыла бастайды. Театрда дін әңгімесі ойналмай, әр елдің әдет-салтын көрсететін жеңіл күлкі, мысқыл-мазақ сияқты қызықты нәрселер ойнала бастады.

Шіркеу театрынан жаңа бұтақ шығып, жаңа бір ағымның белгісі басталады. Французда шіркеу драмасынан шығып, жаңа түр болып жайылған күлкі ойындарын *фарс* деп атайды.

Германияда бұған ұқсайтын ойындар *фастнахтшпиль* деп аталған. Бұлар орта ғасырдан кейін туатын жаңа заман театрының басы сияқты, я болмаса дін театры мен дүниелік театрдың ортасындағы өткел, саты сияқты. Күлкі ойындарды жасаушы артистер шіркеуден біржолата алыстай бастады. Көбіне, дін атынан лағынет оқылып, қуғын да жасалады. Бірақ әрбір елде көпшілік солардың ойынынан өзінің өмірін көріп, әдет-салтын сезген соң, күлдіргі ойыншылардан айырылмайтын болды. Күлдіргілердің қолында жазылған арнаулы театр кітаптары болған жоқ. Көпке жайылған күлдіргі әңгімелерді алып, соларды көрсетуді салт қылған. Мәселен, немістің бір фастнахтшпильі – «Кэрзеңке» әңгімесі. Мұның қысқаша оқиғасы: бір мырза өзінің қызметкерін дүкенге арақ әкелуге

жібереді. Қызметкер көшеде келе жатса, бір ерлі-қатынды кісі ұрсысып тұр екен. Ұрсықан себебі – қатын қолына ұстап келе жатқан кәрзеңкені:

– Енді сен алып жүре бер, – деп байына береді. Байы алмайды.

Қатыны:

– Алмасаң қой, – деп тастап кетеді. Байы соған ашуланып қатынын ұрады.

Осы оқиғаны қараймын деп бағанағы қызметкер кешігіп қалып, үйге келгенде, мырзасы: «Неге кешіктің?» – дейді. Қызметкер көргенін айтады. Мырза сол арада: «Байыңкі дұрыс, мен де алмас едім», – дейді.

Мырзаның қатыны:

– Алар едің, мен алғызар едім, – дейді.

Байы:

– Иә, алғызар едің, өйтетін болсаң, мен де сені сойып салар едім.

Қатыны:

– Мені ме?

Байы:

– Сені.

Қатыны:

– Қайтіп ұрасың? Кәне, ұрып көрші, – дейді.

Сонда байы:

– Мә, олай болса, – деп қатынын сабайды.

Қызметкер өзінің қатынына келгенде, малшы қатын: «Бай мен бәйбіше неге ұрсысты?» – дейді. Қызметкер көргенін айтады. Бұл арада қызметкердің қатыны да әлгіні істейді. Сонан соң байы ұрады.

Мінеки, осындаймен басында шіркеуден шыққан театр ел өміріне қарай жылжи бастап, осыдан кейінгі сатысында Еуропа мемлекеттерінің барлығында жаңа заманның театрларын туғыза бастайды. Бұдан кейінгі театр әрбір елдің өзді-өзінің театры болады. Өзінің әдет-салтын, өзінің ұғым-сезімін өзгеден бөлек пішінде, өз бетімен қалыптайтын жолға түсе бастайды.

Еуропа театрының ұзын-ырға тарихына қарасаң, грек театрынан соңғы дәуірлерде екі түрлі ағым байқалады.

Мұның бірі – елдің өз әдет-салтынан туған емес, өзгеден алған үлгі сияқты, көпке бірдей ортақ болған ағымдар.

Екінші – әр елдің өзінің әдет-заңынан, өзінің дін сауығынан, өзінің ұрығынан өсіп шыққан ағым.

Орта ғасыр театрларын алсақ, алғашқы ағым шіркеу драмалары, шіркеуден шыққан өнер болады. Шіркеуден шыққан театр барлық христиан жұртына ортақ үлгі еді.

Сондықтан француз, неміс, ағылшын халқы – барлығы да сол өнерді көптің салты сияқты қылып қолданады. Бірақ осымен қатар орта ғасырлардың аяқ кездерінде жоғарыда айтылған әр елдің әдет-ғұрпынан туған театрдың белгісі көріне бастаған.

Орта ғасырдан соң жаңа заманда театрда тағы да жаңа ағым болды.

Мұның бірі – анық шеттен келген үлгі, грек театрының үлгісі. Ескі грек өнеріне еліктеуден туған түр.

Екіншісі – жоғарыдағы француздың фарсы, немістің фахнахтшпилі сияқты әр елдің өз әдетінен туған белгілерді ұлғайтып, кестелеп, соның бағытымен өскен бытовое театр. Өмірден туған, халықтың ұғымына жақын күндегі дін сауығынан дән алған.

Жаңа заман театрындағы алғашқы ағым *театр өнерінің сән-салтанат жағына* (гуманистическое классическое направление) *бет бұрған дәуірі* деп аталады.

Бұл бағыт дін сандырағынан айығып, таза өнер дегенге бас июден туған. Қайдан шықса да өнерді ғана қадірлеп, соны ғана ұстатпақ болған мақсаттан туған. Бірақ дін жұғынын жоғалтумен бірге салтанатты театр әр елдің өмірінен де алыстап кетіп, елдің әдет-заңына, ақыл-сезіміне жанаспайтындай болды. Сондықтан көпшіліктің, халықтың өнері болмай, санама жақсылардың, ақсүйектердің, білімділердің ғана өнері болуға айналды. Бұл заманға шейін қай түрде болса да қалың елдің қызығы болған театр енді көптен қол үзіп, сытылып шығуға айналды. Салтанатты театрды қызықтаушы қолдаушылар кім болғанын білсек, бұл түрдегі театрдың елмен қатынасы аз болғанын да білеміз: Жаңа замандағы салтанатты театр барлық Еуропа мемлекеттерінде ылғи ғана патшалар сарайында, ақсүйек алпауыттар сарайында жасалатын болды.

Әрине, ондай театр бұрынғы көп елдің ортақ өнері бола алмады. Ескі грек трагедиялары өз заманында, өз топырағында қаншалық жанды, қызықты өнер болса да, қаншалық халық елдің жан тамырына тиіп, көптің жүрегін бір мұздатып, бір ысытуға жараса да жаңа заман театрына келгенде, бұрынғы қолқа-бауыры араласқан түбірінен айырылып қалды. Салтанатты театр сарайдың ғана қызық сауығы, жақсылардың ғана салтанаты болып қалды.

Бірақ қалың елдің сезім-тілегі салтанатты театрдан қанағаттана алмаған қалпында шөгіп қалған жоқ. Бұл өзінен шығып, бірден жол қарап, әдет-заңынан, өз өмірінен жаңа түтуғызуға талаптанады. Сол ізденудің себебінен елдің бұрынғы дін сауығынан болсын яки өмір қалпынан болсын, жаңа театр қайта тууға айналды.

Бұл театр тағы да көптің, қалың елдің театры болды. Жаңа замандағы салт театрының басы фарс, фастнахтшпильде бар деп едік. Соларға туыс, жақын бір үлгі Италиядан шықты. Италияда да сарайдың салтанатты театры болған. Бірақ ол қаншалық көркейіп, гүлденіп тұрса да, жоғарғы ретпен, онан жем ала алмаған. Көпшілік жаңадан күлкі ойындар шығарады.

Италияның комедиясын ойнаушылар артистік өнерін кәсіп қылған, кәдүескі, қалыптанған ойыншылар болатын. Бұлар қаладан-қалаға қыдырып жүріп ойнайды. Әңгімелер елдің салтынан, әдет-ғұрпынан, сол замандағы өмірінен, әңгіменің ішіндегі адамдары сол замандағы көп халыққа тегіс белгілі болған күлкі адамдар болады. Бұл комедияның өзгеден ерекше жері – ойналатын оқиға туралы жазылған кітап жоқ. Оқиғаны құраушы кісі, белгілі адамдардың өміріндегі керекті халдерді алады да, солардың ортасындағы оқиға неден басталады, немен бітеді, сонысын ғана белгілейді. Әңгімеге қанша адам араласатынын, қашан кіріп, қашан шығатынын айтады. Содан соңғы іс пен сөздің барлығы ойнаушылардың өз өнеріне тапсырылады. Қалжың сөз, күлдіргі іс, ақыл өсиет, талас-тартыс болса, барлығына лайықты сөз, лайықты мінезді ойнаушылардың өздері сахнада жанынан шығаруға керек. Сондықтан ол комедияның ойыншысы өзі ақын, өзі жазушы сияқты болуға керек.

Комедиялардың екінші айырмасы – бұлардың қай түрдегі ойындары болса, барлығына бірдей үнемі араласып жүретін,

үнемі жоғалмайтын арнаулы типтер (алуаны бөлек адамдар) болады. Бұлардың бірі, мәселен, әйелқұмар, ішкілікқұмар, кәрі шал, өзі аңқау болады, бала-шағасы, малшы-қосшысы болса, түгелімен мұны алдап күлкі қылып жүреді.

Екінші, тағы бір шал, ол анадан оқымысты, құрғақ данышпан, ылғи керексіз, орынсыз жерде білмей, керек сөз айтамын деп күлкі болып жүретін адам. Сөзінің барлығы сырт қарап тұрған кісінің беті көрінбейді деген сияқты қырындық болады.

Бұдан соңғы бір алуан адамдары – қызметкер, мұның бірі – қалжыңқой, тапқыш қу, күлдіргі, екіншісі – аңқау, ақымақ. Комедияның ішінде осы адамдар үнемі болады. Әрбір ойында бұлардың өмірінде кездескен әртүрлі оқиға, әртүрлі жаңа әңгімелер ойналады.

Ойынның түпкі адамдары өзгермейтіні болған соң, әлгілердің әрқайсысына арналған белгілі киім және бір белгілі маска болады. Сондықтан бұл комедияны кейде *маскалар комедиясы* деп те атайтын. Италияның осы комедиясынан кейінгі замандардың театрында осы күнге шейін сақталып келе жатқан екі тип бар. Оның біреуі – Арлекин, екіншісі – Пьерд, бұл екеуі маскалар комедиясында жаңағы екі қызметкер болатын. Италияда Арлекин ақымақ қызметкер еді. Бірақ комедия де Льертенің үлгісі французға көшкенде, Арлекин өткір, сөз тапқыш, шешен болып кетті.

Италияның комедиясы артистік ақын сияқты өнерлі болуын керек қылушы еді. Сол шартты Италиядай зейінді, туысы өткір, шешен елдің орындауына әбден жараған. Комедияның негізі, көбінен, елдің өз аузында жүрген күлкі әңгімелерден туды. Қазақ өмірінен мұндай күлкі әңгімелердің мысалын іздесең, Алдар көсе, Жиренше шешен, я болмаса, бергі замандағы Торсықбай, Айдарбек сияқты көп күлдіргі қулардың әңгімелері әбден үйлесуге болады.

Жаңа заман театрының басы осы сияқты ел күлдіргісінен басталған. Осыдан кейінгі сатысында жаңа заман театры ғылым, өнердің үлкен жолына шыға бастады.

Күнбатыс Еуропаның ірі мемлекеттерінен атақты драматургтер, ірі жазушылар шықты. Бұлардың, драмалары сарайдың салтанатты театрының жолымен кеткен жоқ. Түгелімен бұрынғы ел

өнерінде белгі беріп келе жатқан, орныққан, өсіп-өніп барлығы да өз елдеріне салт театрын, халық театрын жасап беріп, елін өнерге жетектеп әкелгендей болды. Испанияда «ақындық негізі» деп аталған Лопе де Веганың салт театрын түзеді, ағылшында Шекспир, Германияда Ганс Ракт, Францияда Мольер – барлығы да өз елдерінің өмірімен, салт-санасымен, әдет-қалпымен нық байланысқан «Бытовой реалистический театрды» жасады. Осы айтылатын ірі ақындар, ірі жазушылар шыққан соң, театр өнерінің бет-бағыты нығайып, қалыптанып, енді іргесі мықты, өнер атын алып, дүние майданында бірден-бірге тарап жайыла бастады. Бұлар – театр өнерінің, драмашылдық өнерінің тарихында асқар тау сияқтанып тұратын ұлы тұрғылары. Кейінгінің көбі талай ғасырлар өтсе де, солар нұсқаған бет, солар көрсеткен жол, солар берген үлгіден шетке жайылған жоқ, адасқан жоқ. Бірақ Шекспир, Лопе де Вегалар заманы туралы айтылатын бір сөз бұлардың тұсында театрдың ішкі мағынасы сияқты болған пьесалар қалыптанғанмен, театрдың өзі олардың кезінде XVI ғасырда Англияның патшасы Елизавета деген әйел болатын. Ағылшын театры Шекспир мен Елизаветаның тұсында бұрынғыдан көп ілгерілеп, көп ірілеп кетті деп тарих айтады. Бірақ бүгінгі күнде Шекспирдің Гамлетін ойнап жүрген театр мен ол замандағы театрдың жайын салыстырып көрсек, ескі театрдың таңғалдыратын үлгісі көрінбейді. Ең әуелі мұнда да ойын күндіз болатын. Театр – төбесі ашық, түсетін жарық сәуле – күн сәулесі. Сахнада бүгінгі театрдағы шымылдық, декорация, кулиса деген болмайды. Оқиға күндіз болса, көк кілем ілінеді, түнде болса, қара кілем іліп қояды. Осы сияқты сахнада бір нәрсенің суретін көрсету керек болса, болымсыз белгісін қояды. Одан арғысын жұрт өзі ұғуы керек. Мәселен, бір түйір шымға екі ағашты шаншып әкеп қойса, оны бақша деп білу керек. Оқиға бақшаның ішінде болатынның белгісі. Патшаның сарайын көрсетудің орнына тақты әкеп қояды. Шіркеуді көрсетудің орнына, шіркеуде намаз оқитын орындықты қояды. Шекспир заманындағы театрдың табысы – бұрынғы бір сахна үстінен екінші бір сахна жасалған. Егер әңгіменің ішінде оқиға биік тау басында болатын болса, сол екінші сахнаға шығып ойнайтын. Шекспир театрының халқы да бүгінгіге ұқсамайтын.

Театрға жиылған елдің ішінде қадірлі кісілер көппен бірге залда отырмайды. Сахнаның екі жағында отырып қарайды. Және ірі кісілер дін басталмай тұрып келуді бойына лайық көрмей, орындарынан сахнада ойын ойналып жатқанда, артистердің арасынан өтіп баратын. Ақсүйектер ойынға жалғыз келмейді. Көп қызметкерлермен келеді. Қызметкерлер мырзаларына ойын үстінде темекі жасап әкеп беріп жүреді. Ойын үстінде темекі тарту, сусын ішу, алма, қияр жеу – бар халықтың әдеті болатын.

Театрда ойналатын әңгімелердің жайын жазып қоятын қара тақтай болады. Кейде сол тақтайға театрдың ішінде қолға түскен ұрыларды халықтың өзі апарып байлап қоятын әдет те болған. Шекспир заманындағы театрдың суреті осындай.

Бұған қарағанда, пьеса мен театрдың өсіп көркеюі біріне-бірі байланбайтын сияқты. Пьеса жақсы болғанмен, театрдың көңілдегідей жақсы болуы шарт емес.

Шекспир театрынан соңғы заманда жалпы Еуропа театры заман өткен сайын түр тауып көркейе берді. Бір елде шыққан жаңалық болса, екіншіге үлгі болып, жайыла бастайды. Сондықтан бұдан кейінгі дәуірлерде театрдың қалпы қандай болғанын айтудың орнына театрда ойналатын пьесалардың қандай өзгеріс, қандай жаңа бағыттары болды, сол жайынан біраз сөз айтпақшымыз.

Бұл турада XIX ғасырдың аяқ кезінен бері қарай соңғы заманда шыққан жазушыларды айту керек.

Театр өнері жалпыға бірдей өнер болған соң, пьесалар әдебиет пен театрдың ішіндегі ең қасиетті бұйымдары болған соң, соңғы замандағы жазушылар өз елінің өмірін суреттеуден басқа жалпы адам баласының көңіл күйін суреттеп, жалпының мінін, жалпының кемшілік, жақсылығын пьесаға кіргізетін болды.

Жазушының өнері өз елінің шеңберінен шығып, адам баласының ортақ қазынасына, көбіне бірдей мүлік болып қосылатын болды. Бұл түрдегі пьесалар адам баласының бәріне бірдей болған білім, мәдениеттің, толғаулы ақыл, терең сезімінің туындысы сияқты болып кетті. Сол үлгіні керсететін жаңа ағымды шығарған жазушының бірі – Норвегияның драмашылы Ибсен. Бұл бір елдің әдет-салтын көрсетудің орнына барлық пьесасында адам баласына тиісті болған жан сипатын, мінез бітімін тереңдетіп көрсете бастады. Мұның пьесалары

көбінесе адамның ішін сыртқа шығарғандай, іштегі пішінді көп мүсіндеп, сезім мен мінездің талай қараңғы бұрыштарын суреттейді.

Ибсеннен соң тағы бір жаңа үлгіні шығарған адам – Бельгияның жазушысы Метерлинк. Бұның адамы ұғымға Ибсеннің адамынан да қиынырақ. Метерлинктің әдебиеттегі беті – символизм. Бұл көпке ұғымды, жабайы жалпыға бірдей тілмен сөйлемейді. Сұлу белгімен, емеурінмен, күйімен сөйлейді. Сондықтан Метерлинк пьесасындағы адамдарда ақыл, сезім, қайрат бітімі түгел біткен, толық пішінді адам жоқ. Әдейі қансыз, денесіз қылып жаратқан сурет, көлеңке сияқты. Бұлар белгілі қауымның үлгі айнасы болатын типтер емес. Адам көңіліндегі сезім, кілең қиял мен халдің шеберлеп құраған кестесі сияқты. Метерлинк пьесаларында екі мағына болады. Біреуі – көзге көрінетін оқиға мен көз алдыңыздағы адамдардың әңгімесі. Екіншісі – сол оқиға, сол әңгімеден туатын терең-терең мағына. Метерлинк пьесасы құрғақ сөзбен айтқанда ұғымсыз болуға мүмкін. Сондықтан «Соқырлар» деген бір пьесасының қысқаша әңгімесін айтып өтейік.

Жаңбырлы күздің күнінде бейуақытта тоғай ішінде бірнеше соқырлар отырады. Күздің суық желі соғады. Құраған жапырақтар сылдырлайды. (Метерлинк пьесаларында табиғат үнемі араласып отырады.) Соқырлар бір приютта* жатқан кемкетіктер. Бұларды тоғайға әкелген – поп. Соқырлар поптан айырылып қалған, қайда кеткенін білмейді. Сол келгенше приютқа қайта алмай күтіп отырады. Соқырлар неше алуан: кейбірі туа соқыр, кейбірі жүре соқыр болған. Көпшілігі – қатын. Ішінде әрі соқыр, әрі жынды бір қатын бар. Мұның қолында кішкентай жас баласы бар. Жалғыз көзі сау – сол. Соқырлар поп қашан келеді деп сөйлесіп күтеді. Жынды қатын әр нәрсе айтып өз бетімен сөйлейді. Қолындағы бала шырылдап жылайды. Бір жаққа қарай талпынады. Соқырлар маңындағы жерді қолымен сипалап: «Жаңбыр жауып тұр, жел соғып тұр», – деп, әрқайсысы сезгенін айтады. Попты көп күтеді. Ақырында жердегі жапырақ сылдырлайды. Біреу келе жатқан сияқтанады. Отырғандар поп шығар дейді. Келген ит болады. Ит бір соқырдың қолын жаппап, қыңсылап, артынан ерткісі келеді. Соқыр ереді. Қолын созып сипалап келе жатып, соқырлардың ішінде отырған бір

* Приют – кембағалдар мекені, жетімхана.

адамның басына қолы тиеді. Бетін сипаса, үлкен сақалы бар беті мұздаған поп болады. Поп соқырлардың ортасында отырып өлген екен. Ылғи көзі жоқ кем-кетіктер басшы поп келеді деп бос күтіп отырған болады. Басшысы өздерінің ортасында отырып әлдеқашан өліп қалған. Өлгенін білдірген – ит.

Мінеки, «Соқырлар» деген пьесаның сыртқы әңгімесі мен көрінісінің барлығы осы. Бірақ ішкі мағынасын тексерсек, терең философия болады. Көп соқырлар – дүниедегі зор қиял, зор мақсұтынан айырылып, көңілі кер болып, жұтап отырған адам баласы. Дене тіршілігі болмаса, жаны әлдеқашан елік болып қалған адам қауымы. Бұлардың бұл күнге шейін басшы қылып, соңына еріп келгені – дін болатын. Поп – діннің белгісі, бірақ бұл заманда дін қартайды, өлді. Соқырлардың ортасында отырып өлді. Бірақ оны көретін көз ешқайсысында жоқ. Көп соқыр әлі де болса: «Поп келер, бастар» – дейді. Көптен бөлек жалғыз сөйлеп отыратын жынды қатын – ақындық өнері, поэзияның белгісі. Ол көптің жолына бағынбайды. Өз бетіне бірдеме тілеп, бірдеме іздейді. Үмітсіз халдің үстінде отырған бар соқырлардың ішінде жалғыз көзі сау жынды қатынның қолындағы кішкене бала. Ол – ақынның шабыты. Метерлинк жаратылыстың жарық сәулесін сезетін жалғыз ғана ақынның, есі жоқ бала сияқты шабыты деп есептейді. Пьесаның ішіне араласатын ит: адам баласының дүниедегі ұзақ тіршілігінің ішінде өзінен басқа мен иесінің ішінен тапқан жалғыз-ақ досы бар. Онысы – ит. Сол жаңағы соқырлар сарғайып жүдеген уақытта өзінің достығын көрсетеді.

Мінеки, «Соқырлар» пьесасындағы терең сыр, терең ой белгісі – осы. Метерлинктің жазуы қара халық үшін емес, оқыған, бойы өскен, сезімді, білімді қауымның тілегіне арналған, соңғы замандағы зорайған мәдениет, тереңдеген білім, етек алып жайылған кестелі өнер туғызған жазу. Сондықтан бұл – бір ұлттыкі, бір таптыкі емес, жалпы адам баласының жай-күйін білдірмек болған жалпыға ортақ өнердің бір саласы.

Ибсен, Метерлинк үлгісі – бұрынғы әр елде болған салт театрларының үстіне келіп қаланған үлгі. Бұлар – білім жолында жетіліп толған қауымға ғана ұғымды.

Біз Еуропа театрының қысқаша тарихын шолып өткен соң, қазақ жайына көшуден бұрын енді өзімізге жақын тұрған орыс театры туралы аз сөз айтып өтейік.

Орыс театры жоғарыда айтылған жалпы Еуропа театрлары басып өткен басқыштың барлығын да басынан атқарған. Сол дәуірлердің кейбірі толық күйде туылса, кейбірі шала-шарпы, жарым-жарты күйде туған. Қалайда болса, орыс топырағында да орта ғасырдың шіркеу театры, сарайдың салтанатты театры, өзгенің үлгісіне еліктеген театры – барлығы да болған.

Орыс қауымындағы қалың топтардың нағыз өзіне тиісті болған салт-санасын, мінез қалпын анық көрсетіп, ел тіршілігін ең алғашқы рет ашық қылып көрсете бастаған жазушы Островский деп саналады. Орыс елінің өзіне біткен заңы мен өзіне біткен мінез-әдетті Островский орыстың саудагер купецтерінің салтынан алып жаза бастады. Сондықтан нағыз орыс пішінін керсететін, орыс иісін танытатын, көп өміріне жанасатын атасы Островский болады. Содан кейінгі Толстой бастаған жазушылар орыстың көп елінің өмірін әлденеше жағынан алып, неше алуан салт пьесаларын туғыза бастады. Бұрынғы шеттен келген жат өнер осылардан кейін ғана орыс елінің өз өнерін құрауға айналды.

Орыс театрының Островскийден соңғы бір алуан үлгісі Чехов театры болған. Мұның драмалары да осы қауымның өз өмірінен алынған салт драмалары. Бірақ Чеховтың пьесаларында жаңалық – драма оқиғаларының барлығы көңіл күйінен құралады. Сол себепті Чехов театры – көңіл күйінің театры деп аталады. Бұның пьесаларында патша заманындағы орыс тіршілігінің бір орнынан қозғалмай қатып тұрған қалпы суреттелген. Сол сурет өте сұр пішінді, өте жансыз болғандықтан, жазушының көңілінде қайғы күйін күшейтеді. Барлық драмаларында қайғымен құлазып жүдеген жансыз ауыр күйлер шертіледі, тіршіліктің бейуағы сияқты тыныс бітіп, жан үзіліп бара жатқандай мұздап, жұтап тұрған халдер кеп болады. Адамдары белгілі мақсұт қуған, белгілі тілектің соңына салынған еті тірі адамдар емес. Көңіл мен Островскийдің адамдарындай ашық пішінді адамдар емес. Мінездерінің нобайы, ыңғайы ғана көрінетін адамдар. Сондықтан Чеховтың жасаған типтерін ойнаушы артистер жазушының әдейі тұлға қылып көрсетпей қойған мінезі мен күйлерін өз жанынан қоса толтыруға міндетті. Чеховтың пьесалары ойнаушының ең ірісін таңдайтын пьеса.

Сол шартты орындауға жараған артистер – Вера Комиссаржевская бастаған артистер болды.

Бұлардан соңғы жаңа заман театрлары болса, көпшілігі мәдениетті қаланың бойы аспанға шығып жатқан қызулы, шулы тіршіліктің айнасы болады. Сатырлап жатқан машина ағындап бара жатқан өнерлі тұрмыстың ағымына салынған жаңа үлгінің, жаңа өмірдің театры. Бұл театр шеберленген өмірдің биікке кеткен өнері сияқты. Сондықтан ол жайындағы сөзді ұзартпай, жалпы театрлар тарихын осы мағлұматтармен тоқтатып, енді қазақ театрының мәселесіне келеміз.

Жоғарыда саналған елдердің театрларына қарасақ, көпшілігі өз бастарынан екі түрлі күй кешірген: біреуі – шеттен келген, өзгеден алған үлгі сияқты ақсүйектер, сарайлар орнатқан өнер; екіншісі – ел тіршілігінің іргесінен шыққан, ел салтындағы ойыннан, ел аузындағы әңгімелерден, көп елдің той мейрамынан, ұлы жиында айтылатын өлең, ән-күйлерінен шыққан өнер. Өзге жұрттың тарихына қарағанда, кең өріс, даңғыл жолға ие болған соңғы түрі. Алғашқы түрдегі өнер көп елде азғана топтың ғана қызығы сияқты болып, көпшілікке жат күйінде қалды. Сондықтан бойы өсіп, өрістей алған жоқ. Көпке шейін жоғалмай, салт театрымен қатар жасасып келсе де, көптің сүйген, тілеген өнері сияқты болып өміріне жанасып кете алған жоқ.

Мұнымен қатар елдің болымсыз ойынынан, болымсыз күлдіргі әңгімелерінен, ертегі жырларынан шыққан кішкене театрларды алсақ, олар заман озған сайын буын-буын болып тұрған ірі жазушылардың тартуына ілініп, бәйгеге қосылған аттай ілгерілеп, алды ашыла берген, ел тіршілігінің дәл өз топырағынан туған кішкене театрлар кейінгі заманның ірі жазушыларына бет-бағыт белгілеп бергендей болды. Қай елдің жазушысы болса да, драмаларында алдымен өз елінің өмірін, өз жұртының салт-әдетін, мінез жаратылысын көрсетуді міндет деп санады. Барлығы да еліне салт театрын жасап берді. Басында елдің өз денесінен болымсыз ойын-сауықтан шыққан кішкене театрлар аяқ кезде салт театрына айналған уақытына шейін бір мезгіл елді тастаған емес. Бұл көптің қызығы, қалың елдің театры болудан айныған жоқ. Ел өмірі, ел қалпымен қол ұстасып қатар отырды. Барлық салт театрының бетімен жазылған пьесалар бұл сөздерге дәлел.

Енді осы жайды еске алып, қазақ қалпына келсек, бізде жасалып, қалыптанып тұрған театр жоқ. Театрдың орнында әзірше бірнеше сұрау тұр. Қазақтың өз театры бола ма? Өз театры

боларлық мүмкіндігі бар ма? Келешегі қандай? Болса қандай театр болмақ? Онан соңғы ақырғы сұрау: қазақ театрының бүгінгі күйін қандай деп білеміз? Бұл сұрау қазіргі театр мен қазірде көзге көрініп жүрген пьесалар, онан соң артистер жайына тиісті сұрау болады.

Мәселенің шешуін: «Қазақтың өз театры бола ма?»— деген сұрақтан бастайық. Бұған ұзақ жауап қажет емес; болуы керек, болады дейміз. Себебі, барлық ел мен қауым тіршілігінің үлкен шарты – өнер. Сымбатты өнер болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ. Қандай қауым, қандай тапты алсақ та, қаны мен жанының суретін өнер айнасына түсірмей отыра алмайды. Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді.

Күн шуақты, жылы күнді көрмей қуарып солған гүлдей болып семіп, суалады. Сондықтан театр өнер есебінде: «Керек-керек!» – дейміз.

Бұл сұрақтың екінші буыны: «Өз театры бола ма?» деген мәселе. Мұның жауабын да ойланбай-ақ беруге болады. Өз театры болуға керек. Себебі, өнер атаулының барлығында қай елде, қай түрде туса да, сол өз ортасының шартынан, өз топырағының қалпынан туады. Сол ортасының түйінін киіп, соның іші-бауырынан шыққан суреті сияқты болып туады.

Өнердің ғылымнан айырылатын жері де – осы. Ғылым арнайы топырақты білмейді, еркін, отансыз, анасыз зат. Бұған қарағанда, өнер қаны, жаны бар денелі зат сияқты. Бұл анасының ұрпағы болып қана туа алады. Солай болып туа алса ғана өсіп-өніп дәурен сүреді. Елінің тонын киіп, елінің өз ісімен шықпаса, өнер ерте күннен өрістен айырылып, тығырыққа қамалып, өлімге қарай бас иіді деу керек. Сондықтан қай ел болса да, өз өнері әлсіз, көріксіз болса да, өзгенікінен артық көреді; өзгенің алтынына өзінің қара темірін айырбастамайды. Расында ойланып көрсек, Бетховеннің сонаталарына қазақ «Саймақтың сары өзенін» сатар ма еді? Рафаэльдің Мадоннасы, Репиннің суреттері қазақ топырағына келсе, өз жеріндей ұғылып, өз еліндегідей көрген жұртты еліктірер ме еді? Не болмаса, Шекспирдің «Гамлетіне», Гетенің «Фаустына» қазақ өз елінде болған, заман шерін айтқан Асанқайғыны, толғау айтқан Бұқар жырауды айырбастар ма екен? Рас, бір заманда осының бәрін қазақ та өзгелердей ұғатын болар. Бірақ елді сол заманға жеткізетін, сол санаға шейін жетектеп апаратын өз өнері бола-

ды. Әзірше әлгінің бәріне қазақ өзінің қолындағысын айырба-стамайды дейміз. Себебі, оның бәрі – өнер. Өнер – елдің бел баласы. Қарға баласын аппағым десе, қазақ та өз өнерін аппағым, асылым, үміт, қуанышым дейді. Олай болса, театр өнеріне келгенде, біз өзге елден алсақ, сыртқы үлгіні ғана аламыз. Өз өнерімізді қалыптауға себеп болатын көпке бірдей заңын, өлшеуін ғана аламыз. Солардан басқа өнердің жаны мен денесі боларлық бұйымның барлығын өз елімізден, өз етімізден өз пішініміз сияқты қылып шығарамыз. Сол себепті қазақ театры, қазақ елінің өз театры болуға керек дейміз. Театр жайында бүгінгі күнде біздің алдымызда тұрған екінші сұрақ: «Қазақтың өз театры боларлық мүмкіндігі бар ма?» деген мәселе. Қазірде, театр әңгімесін жаңа қолға алып, отырған жерде біздің ең кеп қадалып қарайтын мәселеміз осы. Театрдың кіндік мәселесі осы болғандықтан біз енді бұл күнге шейін көп айтып келген «ел», «ел» деген еліміздің қандай жай-күйі барын тексеріп, сынап шығуымыз керек.

Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан. Өнердің іргесін қалайтын елдің өзі. Содан кейін мықты дүкен, сұлу күмбезді жасайтын – сол ел тірегіне иығын сүйеген өнершілер. Театр өнерін туғызатын негізгі шарт осы болғандықтан, біз қазақтың театрын жасауға кіріскенде, ең алдымен сол театр ел өмірімен жалғаса алатын бола ма? Келешек заманда дәурендеп көркейе ала ма? Қалай жасап, қандай бағыт берсек, келешегінен үміт қылуға болады? Осы жағының барлығын да ойланып, өлшеп, ұғынып алуымызға керек. Мүмкін болғанынша өзге кейбір елде болған жаңылыс, теріс жолға түсірмеуіміз керек. Біз өнер, мәдениеттің барынша толып, пісіп, шалқып тұрған заманында театр мәселесін қолға алып отырмыз. Сондықтан өзгелер жүріп өткен іздің ішіндегі ең керектісін, ең дұрысын алуымызға керек. Қазақтың театр өнері біздің заманымызда басталғанына біз қуанамыз. Бірақ сол қуанышпен бірге бұл сияқты ірі өнердің келешегі үшін жауапты екенімізді де ұмытпау керек. Сондықтан бұл мәселеге үлкен сақтықпен кірісіп, көп ойланып, ептеп бас-тау керек.

Өзге жұрттың өнімді театрының барлығы салт театры болған, елдің өмірі мен мінез-әдетін көрсететін, тіршілікке

пайдасы бар реалистический театр болған. Олай болса, солар сияқты салт театры туғызатын шарт, қазақ топырағында бар ма? Бұл сұраққа елдің ескілігі мен бүгінгі тұрған қалпы, онан соң бүгінгі көрініп жүрген пьесалары жауап беруге керек.

Алдымен, елдің ескілігін қарайық.

Қазақ елінің ескілігі әдебиет жағынан қарасақ, мейлінше бай. Бай болғанда, құр ғана саны көптігінен емес, түрі де, мағынасы да көп болғандықтан. Бірақ біздің қазіргі міндетіміз – жалпы әдебиетті қарастыру емес, ол әдебиет ескілігінің ішіндегі театрға ұрық болатын бұйымдарды қарау. Сондықтан Радловка «Күншығыстың французы» дегізген қазақ елі театр сияқты өнерге қандай бұйым қосуға жарайды екен, соны іздеуіміз керек.

Осы мақсұтпен заманның шаңы басқан ескіні тексеріп қарасақ, театр өнеріне елдің ескі салты, ескі өнері беретін жем өте көп дейміз. Біздің елде театр ерте күннен бар болатын.

Рас, ол замандағы өнер бүгінше театр деп аталған жоқ. Бүгінгідей мәдениет шеңберіне кірген жоқ. Бірақ бақытты ел театр деген шеңберді керек қылмайды. «Оның барлық ойын-жиын, қызық-сауығының өзі театр» деген сөзді біреудің айтқаны бар.

Сол сөз қазақ елінің ерте күніне әбден үйлеседі. Шынында, ерте күнде ас пен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар өз заманында театр жасамай, не жасады? Солар жасаған сауық елдің құр қуанып, құр көңілін көтергенінен басқа кәрі-жастың сай сүйегін босатып, аруағын шақыртып, барынша қыздырып, желіктірген жоқ па еді? Онан соң ұзататын қыздың тойында еркек пен әйел қарқарылып алып, айтысатын жар-жар, салт ойынын туғызған театрдың өзі емес пе? «Жар-жар» мен «Беташар» бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса, солай қоюға болады.

Бұл ескіліктердің тағы бір қасиеті – барлығы да арнаулы әнмен айтылатын. Сондықтан жалғыз ғана драмалық театр емес, әнмен ойналатын операларға да емін-еркін жарайды. Онан соңғы көзге түсетін бір жері: дәл осы күнге шейін не айтыс өлеңдері, не жар-жар, беташар болсын, – барлығы да қалың елдің ортасында ұмытылған жоқ. Әлі де бұрынғы шарықты, жанды өлеңдер болып келеді.

Осы күнге шейін ойын-тойда кездескен құда мен құдағи біріне-бірі «әрийдай, бойдай талайды» айтса да, айтыстың ырымын істеп, жол алып, жол беріседі. Осыларға бір азғантай ғана кесте қосылып, сахнаға қойылса, театр қалың қазақтың қанын қыздыруға жарайтын қадірлі өнер болып кетуінде дау жоқ. Себебі, жаңағы айтылған өлеңдерін ел осы күнге шейін сағынып көкसेп отырады. Егер бүгінгі театр жалғыз мұнымен қанағаттанбай, ел ескілігінен күлдіргі қызық бұйымдар алам десе, яки көп халыққа ой түсіріп, ақыл-сезімге татымдырақ дән беремін десе, ондайлар табылады.

Қазақтың көп күлдіргі әңгімесі белгілі қулардың айналасына жиналады. Мәселен, Семей аймағындағы атақты күлдіргілер: «Шаншардың» қулары, онан соң тапқыштық, шешендікпен аты шыққан Жиренше, Алдар көсе бар. Бұлардың барлық өмірі толып жатқан комедия.

Ел сауығына ақыл, өсиет сияқты ой-санаға дем беретін үлгіні кіргізу керек болса, ертеде заман шерін айтып сарнаған Асанқайғы, толғау айтқан Бұқар сияқты жырауларды тірілту керек. Такпақ айтқан билерді, естірту, жоқтау өлеңдерін айтқан ақындарды, қобызбен сарын айтатын бақсыны, сыбызғымен күй шығарған күйшілерді тірілту керек. Осылардың барлығының жайында толып жатқан сұлу әңгімелер бар. Соларға болымсыз ғана мәдениет исін сіндірсе әрі ел өнері тіріліп, әрі театрдың іргесі құрылады.

Онан соң бүгінгі күнде жаңа туғалы тұрған театр жалғыз ғана әдебиет ескілігін тірілтуді қанағат қылу керек емес, ескіліктің ән-күйін, қобыз, сыбызғысын да қайта ояту керек. Қазақтың өткен күндегі бір байлығы әдебиет болса, екіншісі – ән-күй. Біз қазірде мәдениет табалдырығына қазақтың әнін ғана апарып жүрміз. Нотаға салынса, ән ғана салынды. Париж бәйгесіне барған да – жалғыз ғана ән. Біз әлі күйді тірілте алмай, ескере алмай келеміз. Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы – күйі. Күйдің тіліндей бай тіл қазақтың әнінде жоқ. Бұл екеуінің қайсысы терең, қайсысы бағалы екенін елдің өзі әлдеқашан айырған болатын. Ел әңгімесінде күй тартатын сыбызғышыға есті қыздың бәрі ғашық болатын себебі – сол. Бұлай болса, бүгінгі театр ескілігіндегі күй мен әнді бір минут есінен шығармау керек.

Бұларды тіршілікте ескі заманның өз аспабымен тірілту қажет. Жалғыз ғана домбыраны қанағат қылмай, қобыз бен сыбызғыны қайта тауып алу керек. Елдің кәрі замандағы өнерін алсақ, домбыраны ескінің елі менсінбеген. Домбыра киіз үйдің ішіндегі бесті-онды кісінің ғана тыңдауына татиды. Егер қазақ даласындай сары даланың, сары өзеннің күйін түсіру керек болса, ол уақыттағы ұлы аспап – сыбызғы, қобыз болатын.

Сол себепті қазақтың барлық әнші, барлық өлеңшісі қолына алған домбырасын «екі шекті домбыра» деп қорашсынып, кемсініп сөйлейді.

Қазақтың ескі салты мен ойын, жиындағы өлең сауықтың барлығы ән мен өлеңді аралас жүргізетін, сондықтан ел театры қалың елдің өмірімен шын жанасамын десе, ескінің суретін толық пішінді қылып құрауға міндетті екені даусыз. Өлең мен әнді қатар тірілтіп, театр жасауға айналсақ, «Қозы Көрпеш – Баян» сияқты ел поэмалары, «Бекет батыр» сияқты тарихи өлеңдер, барлығы да театрдың ішіне оп-оңай сыйып кетеді.

Міне, қазақ ескілігінің бүгінгі жас театрға тартатын сыйсипаты осы. Егер біздің театр осы сияқты мол қордың ішінен тесік моншақ сияқты асыл бұйым, асыл ұрықты таңдап, танып алуға жараса, осы сияқты анайы топырақтың үстіне іргесін орнатып дүкен құрса, ол өнер әрі елдің өнері болып, әрі келешегін кең өріске беттеткен өнер болады. Егер соларды пайдалана алмай, ескерусіз тастап аттап кетсек, ол біздің мәдениет жолындағы балалығымызды, шикілігімізді білдіреді. Қайдан шығып, қайда баратынын білмейтін жолаушыға «жол болсынды» кім айтады?

Сол сияқты көбелек қуған баладай аспанға қарап қаңғалақтап жүрген театр болса, оның пішінін ұғу да жат болмайды. Бағыты мен мақсаты жоқ болып, жұрттың бәріне ұғымсыз жат нәрсе болып қалады.

Бірақ біздің театрдың бүгінгі белгілеріне қарағанда, бағытсыз, мақсатсыз болып адасатын сияқты емес. Мүмкін болғанынша, ескі күн мен бүгінгі күнін жалғастырып, өмірге жанасатын театр болуға ыңғайланатын сияқты. Театр, жоғарыда айтқан, ел іргесіне орнап, бүгінгі кішкене белгілерінің бетімен кетсе, біз де салт театры өмірге жанасатын театр болады деп есептеу керек.

Жоғарыда қойылған сұрақтың ендігі ақырғысы бүгінгі пьеса мен артист, бүгінгі театр туралы еді. Біздің білуімізше, қазіргі дәуірдің театры екі саламен өсетін сияқты; біреуі – қырдағы қалың елге ұғымды болатын елдің өз бұйымдарынан құралған ескіліктің белгілерін тірілкен ел театры, қырдағы театр. Мұндай театрдың ойнайтын нәрселері жоғарыда саналған ел әңгімелері, көпке белгілі өлеңдерден, ойын-сауықтардан құралатын елге ұғымды жеңіл пьесалар, жеңіл репертуар болуға тиіс. Осы сияқты негізгі құрылатын театр болса, ол, ең алдымен, көшпелі болу керек. Жаздыгүнгі жайлауда, жәрменкеде, айт пен тойда ойналатын театр болады. Мұны жасаушы қала театрының артистері болуға керек. Солар жаздыгүнгі мезгілге ерте бастан елдің нағыз өз денесінен шыққан жар-жар, айтыс сияқтылардан әлденеше пьеса құрап алу керек. Әрине, бұларды қала театрында да ойнауға болады.

Бірақ, көбінесе, арналатын халқы қалың елдің өзі болсын. Бүгінгі дәуірдегі театрдың бір сатысы, бір түрі осы болуға қисынды ғой дейміз. Осыдан бастасак, театр өнеріне қалың елдің өзін әкеліп қосуға да мүмкін болмас па екен?!

Бұдан соңғы екінші түрдегі театр – қала театры, аз да болса, оқыған сезімдірек, сыншырақ халықтың мәдениетті театры. Мәдениетті дегенге, бұл театр Шекспир, Шиллер, Метерлинкті ойнайды деп есептеу керек емес. Ең алдымен мұның да ірге тіреген негізі – жаңағы театр сияқты қалың елдің өзі болу керек. Бұл театр да ел денесінен туады. Елге ұғымды театр болады. Көрсететіні – қазақ елі, қазақ қауымдарының әдет-салты, мінез-құлқы болады. Солардың өмірін барлық тілек-мақсұтымен, жақсылық-жаманшылығымен толық суреттеп көрсететін болады. Қазіргі уақытты алсақ, қала театры осы қалыпты болып құралып келе жатыр. Бүгінгі шығып отырған пьесалардың барлығы беттеген бет – осы. Көпшілігі ел тұрмысын, ел салтын көрсетеді. Не болмаса, қазақ қауымының ішіндегі кемшілікті, әдет-мінезден туатын әртүрлі ауыр халдерді көрсетеді. «Алтын сақина* сияқтылар сондай пьесалардың мысалы. Бұдан соңғы бір алуан пьесалар елдің артқы өмірін суреттейді. Мысалы: хан заманын көрсететін «Арқалық»**. Бұл аталғандардың барлығы

* Қошке Кемеңгеровтің пьесасы.

** Жұмат Шаниннің пьесасы.

да қалың елмен байланысы күшті болған, ел тіршілігінің жанды суреті сияқты нағыз салт пьесалары.

Біздің бүгінгі театр бұлардан басқа жаңа алуанды пьесаларды туғызып келе жатқаны да бар. Ол пьесалар – оқығандар өмірінен алынған, одан соң пьеса болып құралған ретіне айтатын дауым көп болса да, алған ортасына қарап бір жікке шығаратын пьесамыз – «Қызыл сұңқарлар». Осы пьесалардың барлығы да ел өмірінен туған бүгінгі қазақ ортасының айнасы сияқты. Барлығы да салт театрының пішінін құрау үшін керекке жарайтын бұйымдар.

Бұдан кейінгі сатысында қазақ пьесалары қалың елдің өмірін көлемдей кең суретпен көрсетумен бірге, мәдениетті қауымның ақыл-сезіміне толғырақ жем беретік жаңа үлгіні де туғыза бастау керек. Әрине, мұның бәрі жазушының шеберлігіне байланады. Сөйтсе де сұлу әндей ескілік пен бүгінгі өмірді қосып, соның бәріне жарастықты жаңа үлгіні әдемі кесте сияқты қылып жамаса, қазақ театры алдынан да, артынан да кең өріс табар еді деймін.

Сондықтан бұдан бір-екі жыл бұрын «Қызыл Қазақстанның» бетінде қазақ пьесаларына баға берген сыншы: «Мұғалімнің қатын алып қашқанын көрсеткен пьеса – қазақ өмірі емес», – десе, біз ол сөзін өрескел қате деп білеміз. Мұғалімнің қатын алып қашқаны болсын, яки бүгінгі төңкеріс оқиғалары болсын – барлығы да сол оқиғаларды көрсетумен бірге елдің салт-санасын, өмір қалпын көрсететін болса, барлығы да қазақ пьесасы болады.

Енді бүгінгі артист пен бүгінгі театрға келсек, әзір қазақша қалыптанған артист жоқ. Артист болуды түбегейлі мақсұт қылып соңына түскен де кісі жоқ. Біздің білуімізше, қазақтан артист шығару үшін сол өнерге ыңғайлы кісілерді орыс артистерінің мектебінде оқыту керек. Онан соңғы бір үлкен шарт – бүгінгі театрдың басына кез келген кісіні қоймай, бір жағынан, артист боларлық ыңғайы бар, екінші жағынан, пьеса шығарып жүрген жазушыны қою керек. Бізде осы міндетті атқаруға жарайтын Жұмат сияқты бірен-саран кісілер бар. Бұдан соң Қызылорда сияқты жерде жасалатын театрда режиссер есебіне жақсы артистерін, яки театр артистерін алу керек. Осы сияқты істермен қатар қатты көңіл бөлетін бір мәселе – бүгінде қазақтың ән-күйін жиып нотаға салып жүрген Затаевич

сияқты күйшілер, онан соң әншілер туралы қазақ театрының жанында бұл адамдар не қылса да болу керек. Солардың өнері, еңбегін біздің театрдың толық пайдалануы қажет.

Ендігі бір ұсақ мәселе – театрдың іші, сахнасы туралы. Егер қазақтың өзіне арналған жаңа театры салынатын болса, менің ойымша, сахнасын бүгінгі орыс театрынан гөрі басқарақ істеу керек.

Біздің ел тұрмысынан алған пьесаларымыздың барлығындағы оқиға жерде отырып ойналады. Орыс сахнасында жерде отырған артист артта отырған халыққа көрінбейді. Сондықтан біздің театрда мойны ұзын кісі болмаса, қысқа мойынды кісі сорлы болады. Ойынның қызу жерінде түрегеп кету я болмаса орындыққа шығып алу, тәртіп бұзу – барлығы да бүгінгі сахнаның кемшілігінен туады.

Тағы бір ескертетін нәрсе – біздің театрдың декорациясы. Жаңа театр қазақ өмірінің декорациясына бай болу керек. Табиғат суретін алғанда: алыстағы тау, дала, жайылып жатқан мал, алыста отырған ауыл, желідегі құлын, өрістеп бара жатқан қой сияқтылар болу керек. Жаздыгүнгі киіз үй, қыстыгүнгі жер үйлердің де көп суреті болу керек. Тоғай суреті болса, қалың жиын тоғай керек емес, жартасты өзек, тоғай, қайың, тал керек. Сахнада төбешік, дөң жасаудың айласын табу керек.

Бұл сияқты шарттардың барлығы қазақтың өз театры боларлық салт театрын жасап, қыр пішінін толық көрсетуге зор себеп болады.

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫ

Әдетте, театр туралы сөз болғанда, ең алдымен сахна өнерінің жаны, көркі саналатын труппа жайынан сөйленеді. Труппада өзгеден бөлініп өзіне арнап белгілеп алған бағыт, түр, үлгі, арнаулы мінез бар.

Сахна өнерінің ең зор таянышы, ең бірінші қатардағы қымбатты қажет бұйымы труппа екені шексіз. Мұны екінші бірі түсінеді. Сондықтан Қазақстан өз жеріндегі сахна өнерінің іргетасы осы деп, өзге бұйымдары дайын болмаса да, ең алдымен Қазақстан мемлекет труппасын жасап отыр. Қазірде біздің труппамыздың екі жылдық тәжірибесі бар. Екі жасқа толғанда, басынан атқарған қилы-қилы заманы, жақсылық табысы бар. Сонымен бірге арыла алмай келе жатқан кемшілігі, олқысы да бар. Рас, театрдың жалпы кемшілігінің бәрін бірдей труппаға аударуға болмайды. Ойыншының шамасынан тысқары шығып кететін жағдайлар болса, оның бәрі үшін жас труппаны кінәлауға болмайды.

Бірақ сөз жалғыз ғана труппа жайында емес, қазақ елінің жалпы сахна өнері жайынан болса, ол күнде қайдан шықса, онан шықсын, кемістік болған нәрселерді атап өтпей болмайды.

Труппаның өзіне келсек, екі жылдық тәрбие арқылы тапқан табысы, бүгінгі қазақ елінің жас өнеріне сіңіріп отырған еңбегі, көруші халыққа беріп отырған қуанышты жақсы әсері өте көп. Бұның бәрін кейін толығырақ айтпақпыз.

Жалпы труппаның асылдығы хан қазынасындай болса да, өзге жағдайлардың тізесі оны шөктіріп, шірітіп жіберуге болады. Қысқасы, труппаның өсуі жалпы сахна өнеріне керек болған көп шарттардың түгел өсіп, түгел толық болуымен нық жалғасады.

Сондықтан мұндай шарттарды санамай, еске алмай, сынамай қоюға болмайды.

Екі жылдық тәжірибесінің соңында қазақ труппасы өзін кімге де болса елетіп ескертуге жарап қалған сияқты. Труппаның бүгінгі табысына қарап, бізге: «Сүйінші! Қазақтың сахна өнері туыпты», – деген қуанышты айтуға болады. Бүгінгі труппа көп кемшілігімен қатар осы сөзді айтуға жарайды.

Бірақ труппаны сөз қылудан бұрын сахна өнерін қос қанаттап тартып, жылжытып өрлетуге себеп болатын өзге шарттары не күйде? Ең әуелі соны шолып өту керек.

Бұл жайда, ең алдымен, әңгіме сол труппа ойнап жүрген театр турасында болады. Артистер ойнайтын сахна, көрушілер отыратын зал туралы.

Сахна әрі пьесаны көріктірек қылып қойғызатын декорация, киім, бұйым сияқты шартымен зал ойын көруге келген халыққа тыныш, кең, жайлы отыратын көңілді жағдайларда емес.

Қазақтың қазіргі сахнасында ойналып жүрген пьесаларына қарағанда, театрға сол пьесаларға керек бұйымдарды табу, дайындап алу қымбат та, қиын да сияқты емес. Бірақ бұл көңілге солай екен. Іс жүзінде байқасақ, бүгінгі театрға сол болымсыз жағдайлардың өзін де түгендей алмай отырмыз.

Бүгінгі біздің театрдың тарихи дәуірі де, пьесаларының арналған темалары да, көбінесе нағыз қазақ тұрмысын көтермей, бояуын қалыңдатпай, әшекейлемей, бүгінгі тұрған қалпында айнаға түсіргендей реалистік жолында. Бұлай болса, әрбір пьесаның сыртқы көрінісі (декорация, киім, салым) түгелімен өмірдің толық айнасы болуы шарт. Шынына тарту, өмірдегі ұлы керініске ұқсату керек. Осы жағынан қарағанда, қазір ойналатын қай пьесаны керсең де, ең әуелі киім-салым жағынан, сол киімдердің үлгісі жағынан қарағанда, көзге неше түрлі өрескел кемшілік, кедейшілік көрінеді.

Бір пьесаның бір бөлімінде қара киіп шыққан көк шапан екінші бөлімінде Көкеннің үстінде, үшінші бөлімде тағы біреуде, ертеңгі ойында тағы жазған көк шапан, сол сусар бөрік кеш бойында тағы да бірнеше кісінің иығына жабысып шығады. Осы сияқты бір-екі, екі-үш тымақ та бөлім басы сайын бір құлағын жымырып алып, бастан басқа секіріп, алшысынан түседі де отырады.

Бұл – бір сәрі жұмыс. Екінші, үлкен бір кемшілік – тағы да театрдың кедейлігінен туып отырған нәрсе – сахнада қазақ елінің әр жерінің әр алуан үлгісі де еске алынбайды. Қазақтың

әр жерінің тымағында, әйелінің баскиімінде орасан айырмалар бар. Бұл айырмыс Еуропа көзіне анық байқалмаса да, қазақ жайын білетін қазақ көзінде елеусіз, ескерусіз болмайды, бола алмайды.

Ақмола жағының тоқалы жаулығын салынып отырғанда, Аркалықтың женгесі бір ауылда, бір үйдің ішіндегі екі әйелдің бірі бола тұрып, Семей, Өскемен, Зайсанның кимешек пен шаршысын тартады; өмірде бұл еш уақытта болмайтын жұмыс. Қыз бөтен елге ұзатылып келген соң баскиімін сол елдің өз үлгісіне ауыстырады.

Осы сияқты бір үйдің ішінің еркектеріне де біріне бөрік, біріне тымақ кигізу мақұл емес. Ағайын деп көрсеткен киімнің бірін түркістанша, бірін семейше кигізсек, қайдан жақсы болады.

«Ревизордың» чиновниктерінің біреуіне француздың XVIII ғасырдағы ақ шалбар, көк фрагын кигізіп, басына парик қаптап шығарса, орыс театрына қандай ұят, маскара сияқты көрінер еді. Суреттілікке арналған сыншылдық (художеств. реализм) шарты оны істетпейді. Біз бұл уақытта жәрмеңкенің балағанына арнап ойыншық жасап отырғанымыз жоқ. Олай болса, бұл сияқты кемшілікті жою керек. Жоудың қажет екенін әрбір артист өз ішінде анық түсіну керек. Ойнауыңмен, сөйлеуіңмен ғана емес, жалпы сыртқы көріністерінің, үлгілерінің өзімен де пьесаның ішіндегі әңгімеге үйлесетін бірбеткейлік керек.

Жалғыз ауыз сөз айтпай, құр ғана сахнадан көп ішінде үндемей өтетін статист (мылқау ойыншы) болса, соның да киім үлгісі геройдың үлгісімен бірыңғай болу керек. Сахнаға сезгіштік, сыншылдық, жарастық үйлесімді талғай білетін мәдени үлгілік осындайдан туады. Бұл – үлкен негізді мәселе. Сондықтан сырт көзге, көпшілікке ұсақ нәрсе сияктанса да, біз әуелгі сөзді осыдан бастадық.

Осы сияқты жайды сахнаға декорация құру турасында да ескеру керек. Қазақтың кей жерінде үй ішіне Еуропа саймандары – шкаф, айна, темір төсек сияқтылардың кіргені бар. Ауқатты үйде осы болса, сол елдің ішіндегі кедей үйде кебеже, жұкаяқ, ағаш төсек сияқтылар болады.

Бұл сахна жайы болса, көрушілер отыратын залға қарағанда Еуропа театрының тарихындағы орта ғасырды көресің. Бүгінгі мемлекет театры ойынға келуші халыққа бір де қолайлы шартты

беріп отырған жоқ. Ең әуелі, сыртқы киімді шешетін жер жоқ. Зал толған бөрік, тымақ пен көмпиген қалың киім. Нөмірсіз орын, ойын басталғанша басылмайтын дабыр-дүбір, орынға таласқан шаң-шұң. Ыстық залда қалың киіммен отырып пысынап, тынышсызданған мазасыз халық. Сахна маңындағы бос орындарды жағалаған тентек балалар, кей уақытта емшек баласы да мемлекет театрының көруші халқының бірі болады. Ойын ортасында сықырлап есік ашылып, аяқтың сарт-сұрты басылмай жататын кездері бар. Кішкене тыныштық алып, енді сахнаға қарай бастағанында, артқа таман отырған кейбір ер жігіттің әмірлі дауыспен «қаттырақ» деп қойған айғайын да есітесің. Мінезсіз ел кейде дабырды өзі бастап алып, артынан көпке шейін өзін-өзі тоқтата алмай, жағалай «шышшыштап» шыжылдап, ысқырып та жатады.

Осының бәрі онсыз да тыныштығы кетіп отырған артиске өкшесінен сұққан біз сияқты әсер етпесіне шара жоқ.

Ретсіздігін өзіне шаққандай болып, сол залдың өзіне жалтақтап қарайды. Кейде жаның да ашиды. Бүгінгі артист баяғы рөл жаттамай шығатын, залға құр мағынасыз мақтана қарайтын санасыз седегей ойыншы емес. Бәрі де міндетін зор түсінген өнер қызметкері, саналы еңбекші.

Көп ойынын көрмесек те, азғана нәрселеріне қарап, қазіргі мемлекет труппасынан алған алғашқы жақсы әсер сол болды. Труппа екі жасқа толған шағында, өз ортасында өнер иелерінің әралуан түрлерін көрсетуге айналған сияқты.

Жай өмірде күнде көріп жүрген көп-көп жан, сыртқы жүріс-тұрысы, әдет-мінезбен біріне-бірі өте ұқсас сияқтанса да, шын-дап тексеріп, тесіле қарай келгенде, бірінен-бірінің айырмасы, жаттығы, шалғайлығы өте кеп боп шығады. Өнер пырағына мініп өмірге келем деген артист те сол сияқты. Ішінен шынымен қыздырып желістіріп, өршелендіріп айдап тұрған өнер болса, әрбір артисте әшейіндегі қалпынан, әдеттегі шегінен шығып кетіп, өзге шын бір адамға ұқсайтын өзіне хас әдет-мінезі бар, қайта туғандай алуаны бөлек адам болу керек. Бұл жолда артист әдеттегі өз қалпына ұқсамау керек. Танымастық болып құбыла білу керек. Құбылыс бетте, денеде ғана емес. Жүректен, тереңнен шыққан толқындай болып келсе, нағыз бойды жеңген шындығы және айғызымен айқынданып шығу керек. Артист те ақын. Артист жыны келген бақсы есепті. Ақынша жүрек

күйінен құбылып, бақсыша пішіні суып, шұғыл құбылыстарға тез ойнақтап ауысып шығып отыру шарт.

Осы күйлерді әрбір артист өзіне ғана қас болған ерекшелікпен шығару керек. Сонда ол ешкімге ұқсамайды да, оған ешкім ұқсай алмайтын болады. Бұл өзгешелік оның туыстан ала келген өзгешелігі сияқты – өнерінің өзгешелігі.

Осы шартқа үйлесуге шамасы жеткен артист болса, ол шын өнер иесі де, түр тапқан, қалыптанған артист болмақшы.

Егер артистің жекелік пішіні болмай, біріне-бірі ұқсап, я болмаса бәрі қиылып бір үйретушінің ғана қалпынан соғылып, сол қалыппен таңбасын жоғалта алмай тұрса, ол өспегені, иә болмаса артистің өнерсіздігі.

Біздің труппаның бүгінгі қалпына келгенде, осы екі жайдың қайсысы басымырақ?

Әрине, әдейі труппа деп сөйлегенде, бүгінгі сахнаға шығып жүргендердің бәрі бірдей бастан-аяқ таланты ашылған, қалыптанған артист деп айтуға болмайды. Араларында сахнаның оқшау қызметкерлері, қосалқы болып жүрген кірмелері де бар. Әңгіме бұлар жайында емес. Түбегейлі қазақ сахнасының қызметкерлері болуға дайындығы бар азғана топ бар. Сөз солар жайында болу керек. Бұлардың саны 7-8. Жаңағы айтылған екі саты басқышқа осыларды әкеп салыстырып байқасақ, төменгісінің шегінен бірен-сараны болмаса, көпшілігі өткен сияқты. Бірақ алдыңғыға толып жетіп болғаны да жоқ. Жаңа қалыптанып, өз орнын жаңада ғана дұрыстап тәрбиелей бастаған, мөлшеріне қарай көпшілігі бүгін болмаса ертең көңілдегідей шын мағыналы өнер иесінің үлгісін береді деген үміт зор.

Ең әуелі артистердің әрбір ойнап жүрген пьесаларынан өздеріне төл ат сияқты қып алған меншікті типтері туғызып алған маңдай ойыншылар бар. Жалпы жайлары осындай болғандықтан, жеке артистің өз атына мініп, өркештеніп шығатын ойындарын түгел көрмей, жеке-жеке сындарын толық айтуға болмайды.

Мен «Арқалықты», «Айшаны» ғана ойнағандарын барып көрдім. Бұл екі пьесаның ішінде, әсіресе «Арқалық» қазақ ойыншыларының күшін өзінше, өз қалпына қарай екшеп, бірнеше ойыншыны барынша ажарландырып көрсететін болыпты.

Осы ретте өзге көп ойыншы тобынан жеке-дара болып шығатын Қара шешен рөліндегі Серке, Арқалық рөлінде Абылқай, Әжіхан рөліндегі Қалыбек. Онан соң ұсақ рөлдермен шығатын, бірақ алғанының тағы қайсысын болса да біріне-бірін ұқсатпай, көңілдегідей құбылып ойнайтын Елубай. Бұл «Арқалық» ішіндегі көп рөлдерінің барлығынан диуананы әсіресе келістіріп ойнайды.

Осы айтылғандардың қайсысы болса да сыртқы ғана қозғалыс, бет құбылысымен ғана ойнамайды. Бәрін де шын толқынған жүреппен ойнайтыны даусыз сияқты.

Өз рөлінде әрқайсысы да сахнада сезім өмірін бастарынан толық кешіріп, көрушіге де солай түсіндіреді. Көрушіні еріксіз мойындатып, бағындырып алып, қошеметпен күлдіруге де, бас шұлғытуға да жарайды.

Әрқайсысының ойынында, пьесаның адамын өзінше емін-еркін түсінген қырағы зеректік бар. Әрбір ісі санаулы ерте күннен есептелген, бапталып дайындалған, барлық қозғалыстары мағыналы, маңызды, әсерлі. Осы сияқты белгілер әрбір артистің өнеріндегі негізгі бағытын іштей қалыптанған, айқын, ашық пішінді мінезін анықтап көрсеткендей болады.

Өнер құлағы көрінгендей, қай-қайсысының болса да туыстан алған өнер сыйы кім-кімге болса да бетін ашып, өзінің тесік моншақ екенін танытып тұр.

Осы ретте алған рөліндегі Қара шешеннің мінезін, онан соң Дүрбі ханының мінезін көрушіге өте айқын, сұлу бояумен өте ұғымды қылып, түрлендіріп көрсеткен бірінші қатардағы еңбек Серкенікі сияқты.

Бұл әншейіндегі қозғалысы жоқ, отырысы көп, салмағы ауыр, салбыр, еріншек, кең қолтық, балпаң қазақты сахнада жан беріп тірілтіп жылпың қылып жібере алады. Солай болмай, театр сахна өнері болмайды. Біраз бояу бермесе, сахнада өнерлік пішін болмайды. Мінез әсем болмайды. Тегінде, атүсті болмаса, жаяу күйінде, әсіресе жерде малдасын құрып отырған уақытта қазақ – кісендеулі тұрған ат. Күн өзінің бір керікті жылы шағын мына батырдың ақылды, жылы көзінен білдіріп, танытып тұрған сияқтанады. Теңбектеп алысқа шабатын жері қашық Қазақ жүйрігінің, кәрі қара қайратын Абылқай өзі де ұққан, ұқтыра да біледі.

Осының орайына заманының жыны сияқты таусылмайтын арамдық, сұмдық иесі Әжіханды Қалыбек те әдемі суреттейді. Көп жұрттан ұрланғандай, Арқалықтың бетіне тіктеп қарай алмай, сырт айнала беріп, сызданып суық қарайтын ала көз, бұл ханның бар жайын баян еткендей болады. Тура қарасқанда, төменшіктеп жерге қарай үзіліп, сүзіле береді де, мойын бұрылып Арқалықтың көзі тайғанда: «Алдадым, алдадым», – деп кетеді.

Көп күлмейтін, көп шешіліп ағытылмайтын суық бетінде «ақ-қара» дегенінді талғамай, қара кесекке майды астарлап асағандай жаманшылық пен жақсылықты бір жерге үйіріп, бітімдестіріп, өз керегіне түгел жарататын арсыздық, сезімсіздік сыры білінеді. Осымен қатар сыртқа өзін бояп, сылап, қылмитып, жылтыратып көрсететін жасама жарастық, машықтанған айдыны да бар. «Сен сонаны сүйт», – деп, сыр бермейтін зілменен салмақтайтын тасқағары анық, ашық әмірлер заманындағы хан билігін елестетеді. Таралған сымдай созылған, өзінше тәрбиелі маңызды хан. Қалыбек іштегі суық, арам ниетпен жалғасқан сырттың сыпайы жасама көріністерін әдемі бітімдестіреді. Мұнда мағынасы көп қалтарыс, бұлғағы мол ауыр мінезді трагедия геройларын әдемі ұғынатын қырағылық, тереңдік бар. Қай рөлді болса да бойлап кетіп, тереңдеп барып ерекше толық ұғынатын сезімділік бар. Ілгері өзін-өзі көп тәрбиелесе, істеп жүрген істерін өзінің жүрегіне, миына толық қондырып алып, іштей көбірек толғайтын болса, мұның алдындағы келешек тіпті зор сияқты. Мағыналы, іргелі, күшті суретшілік белгісі бар.

Өзінің таңдаулы рөліне тап келгенде, осылар қатарлы тірлік көрсететін – Елубай. Бұл көрсеткен диуана, жалпы диуаналық деген нәрсеге жасалған қатал сын, ең қатал жаза сияқты. Әрине, өмірдің үлкен жауыздығы диуаналық емес. Ол шын дегенін бұзып-жармайды. Көбінесе адам қауымында диуаналық сорлылықпен шектеседі. Бұл күнге шейін оның шала-пұла дәурені болса, бұдан былай ол жоғалады, өшеді. Сондықтан онымен үлкен құрал ұстап алу керек емес. Күлкі, мазақпен де пендені жерге жаныштап кетуге болады, Елубай осы құралды ұстанған. Ол диуаналықтың барлық диуанаша мағынасыздығын, жауырынын бүрістіріп жіберіп, қалшылдап қызарып, күре тамырын адырайтып қатып тұрып: «Ah!» – деп

жіберіп, қызыл көздерін қайшыландырып, қылиландырып жібергенде, зал тегіс шашу шашқандай қуанады. Күлмейтін кісі қалмаса керек.

Диуаналыққа сол күлкі – өлім күлкісі. Елубай Түркістанның бар диуанасына сабақ болады. Бірақ диуаналықтың жаназасын шығарушы да сол Елубайдың өзі.

Елубай – қызуқанды, ащы мысқыл иесі, ішінде сахна өнерінің қайнар көзі бар, жанды, отты ойыншы. Шынымен бабына келтіретін рөл болса, Елубайдың, іштен тасып шығатын қызуы өте мол. Мұнда өмір екпіні өнер оты тіпті күшті сияқты. Сондықтан залды баурап билеп, бағындырып алатын албастысы барға ұқсайды.

Бірақ мұның қаупі салақтығында бола ма деймін. Рөлдерін көбірек ойлап, іштей көбірек қорытып алмаса, үстірт кететін жерлері болатын сияқты. Бұл жайын кейін айтамыз.

Бұлардың соңғы мен көрген ойындарда өздерін көңілдегідей жақсы ұстаған – Жандарбекұлы мен Лагып. Бірақ екеуінің рөлі де өздерінің нағыз бойын түгел көрсететін рөлдер болмағандықтан, бұлар турасындағы сөзді кейінге қалдырдық. Әр артисті өркештендіретін өз рөлдері бар екен. Бұлар ойнайтын пьесалар мен барда ойналған жоқ. Сондықтан әзірге сөз ерте айтылатын, астын-үстің кететін сөз болуға болады.

Әзіргі санағандарымыздың барлығы – жігіттердің арасындағы ойыншылар.

Қазақ труппасында, саны аз болса да, әйел ойыншылар да бар. Бұлардың ішінен Жанбике, Зура, Оразке, Исаның келіншегінің ойындары жақсы әсер етеді.

Жанбикенің үлкен, жақсы белгісі – өзін-өзі көп тексеріп, көп еңбек қылатын сияқты. Мұнда ауырды жеңіл қылып, берілместі аламын деген талап көп. Осы жағынан қарағанда, жігіттердің болсын, яки басқа әйелдердің болсын, бәрінің арасында ерекше қажырлы, барынша ықыласын берген, еңбегі күшті, талабы зор ойыншы Жанбике екенінде дау жоқ.

Зура «Қаракөз» рөлінде қайта туғандай болады деп, көп көрген көп сыншылар куәлік береді. Бірақ мен оны ол рөлінде көргенім жоқ.

Қазақ труппасының пьеса, спектакльмен бірге жасап дәуірлеп келе жатқан сенімді жақсы күштері осы болса, осымен қатар баяғы кәрі қазақ өнерінің анайы топырағынан келе жат-

қан асыл бұйымдай қадірлі ірі күштері тағы да бар. Бұл – Иса мен Әміре.

Иса желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Бүгінгі Еуропа Исаның ақындығындай суырыпсалма, желермен, тұтқиыл ақындығын ақындық теңізі деп түсінер еді.

Осы күнгі Еуропаның сахна өнеріне мұндай сый жат болып, жоғалып кеткен. Бұл – сахна өнеріндегі таза қазақ тумасы. Құмды, желді даланың жан жаралған жайын төсті сыпырғысы сияқты молдан пішілген дала табиғатына үйлескен бір өнер. Бүгінгі қазақ сахнасында Иса әлденеше ғасырларды жиғандай, мәдениет тарихының әлденеше дәуірлерін бітімдестіргендей.

Мұның арты баяғы кәрі заманнан саналы толғау иесі жыраудан, ру бәсекесінде ат жарыстырғандай сөз жарыстыратын айтыс ақындарынан келе жатқан суырыпсалма. Бүгінгі тұрған орны – сахна. Айтылып қалған сөздері – әдебиет туындысы. Иса сахнадан үгіт айтады, сын айтады. Өзі түсінген мөлшерде сұлулықты, жарастықты жырлайды. Өлең жырмен әңгіме баяндайды. Табиғатты сипаттайды. Өлеңмен күлдіргі қалжың айтады. Жақсының сарынындай құбылып, бүктетіліп толқынған желдірменің әніне қосылғанда, шалқыған ақындық сезін ту қып ұстап, заманды қазып келе жатқан өнер желмаясының шабысы елестегендей болады...

Жалпы сахна өнеріне Исаның нөмірлері жаңадан қосылған жат бұйым сияқты. Мұның өрісі театр жолында емес, ақындық, әдебиет тарихының бағытында сияқты. Бірақ бұл алғашқы қараған көзге ғана солай көріну керек.

Әйтпесе қазақтың баяғы суырыпсалып айтатын айтыс ақындарының үлгісі бұл заманға ауысып келгенде, әдебиет тарихынан да сахнамен туысуына керек, сол қажет.

Баяғы тойда, топта жырлайтын қазақ ақыны сол заманының сахна өнерін жасаушылар деп танылу керек. Әдебиетке олардан сарқылып қалған сөз болса болды, болмаса жоқ. Олардың қызметі алдында қарсы қарап құлағын түріп, тыңдап отырған көруші мен тыңдаушысына арналған болатын.

Қазақ сахнасы ол күнде жанданған сөзбен күн көрген жоқ. Ақындық қоры мол болғандықтан, тың, жаңа сөзбен жасаған.

Ел бойына мол боп біткен өнер, сахнаның сондайлық өзгеге жат бір түрін тудырған.

Тегінде, жалпы суырыпсалма ақындық, әдебиет қорына, жалпы, мағыналы ақындық қазынасына өте үлкен мағыналы бұйым қосуы қиын. Онысы өлең шығарған реттерінен, заңынан да көрінеді.

Бірақ суырыпсалма өлең көп алдында ақынның өз аузынан сол арада ғана шығып, арнаулы сарынға түсіп, домбырамен бірге қанат қағып алып ұшып келе жатса, ең әуелі өте әсерлі жарастық, үлкен әсерлілік сол шабысының өзінде деп саналу керек.

Әдебиет, музыка, сахна – бәрінің бірдей бас қосқан жері – осы. Адамдағы салтанатты, сымбатты өнердің өзгеге жат, бізге таныс бір алуан түрі, үлгісі – осы.

Бұл әдеттегі қарындаш ұстап қағазға жазып, мағыналы болып түрленіп, үкілі маржанды болып шығамын дейтін ақындықтың анда-санда ойынға шығып бой жасағаны, балаша асыр салған ойнағы сияқты.

Ұғар болсаң, бағалай білсең, осы халінде, осы минутында бағала да, тамашала.

Және әдебиет болса, оның бәрін тасқа түсіріп таңбалап, ертеңгі тарих қолына тапсырған күнде ғана әдебиет деп бағалаймыз ба? Онан соң тасқа түскеннің де қаншасында қаншалық ұзақ өмір бар, оған кімнің көзі жетіпті. Бір-ақ күн үшін жазылып бір күнмен барлық өмірі таусылып бітетін сөз жоқ па екен?! Жалпы жазба өнерінің ішінде осы күнде дүниені сөзге толтырып шығып жататын көп газеттердің бар сөзі бір-бір-ақ күн өмір сүреді. Жаңа газет келді, оқылды. Сонан соң ұмытылды, өшті. Бүгінмен ғана өмір сүріп, ертеңгі күн дегенді білмейтін сөздер баспа жүзінде бір емес, әлденеше. Ақынның суырыпсалма өлеңінің тағдыры ең жаман болғанда сондай-ақ болар.

Бірақ сол айтылған сағатында оның қызығы, жарастығы, тыңдаушыны сүйсіндірген әсері қай сөзден кем? Сол бір сағаттағы үлкен жанықпен жанып өткен жарастығының өзі де суырыпсалма өлеңге талай-талай баспадағы сөзден сонағұрлым қымбат, сонағұрлым әсерлілік беретіні бар емес пе?

Сахнадағы пьеса – осындай жалынды, жанды сөздің иесі; бұл ғасырдың сахнасына жат болып кеткен кеннен шыққан өнердің иесі.

Рас, бұл өнер театр тарихымен ұзақ жасай бермейді. Мұны қолдан жасап ала алмайсың. Әр дәуірдің сахнасында Исалар туып отырса, осы түр қазақ сахнасының бір ерекше қызығы болып дәурен сүреді. Исасы жоқ болған заманда уақыт та үзіледі. Тағы бір Исаның келуін күтеді.

Бірақ Иса болған заманда театрдан қол үзуге, айырылуға керек емес. Мұның ісі арқылы қазақ сахнасына бір үлгілі жаңалық кірді. Сол салт традиция есебінде сақталу керек. Біз қазақ сахнасының Исасы бар заманын қызықты қымбат сыйы есепті түсінуіміз керек. Қолдан жасай алмайтын, оңайшылықпен қайта тумайтын сирек өнерді, біз, бүгінгі заманның адамдары, мәдениетті елше қадірлей, бағалай білуіміз керек.

Исадан соң өз жолында осы сияқты жайынан, қарапайымнан шыққан сұлу өнердің иесі – Әміре.

Әміренің әнінде ақындық тазалықтың шам-шырағы жанғандай. Жүрек тербетіп, қуантатын, аспандаған қуаныш белгісі, балалық жарастығы бар. Әміре – әншіліктің ақыны. Әрбір ырғағанына жанын салған шыншылдығы көрінеді. Жүрегінің түкпірінде жылтылдап жанған өнер оты сезіледі. Сондықтан қазақтың қай түкпіріндегі қай алуан адамы болса да, кәрі-жасы, әйел-еркегіне қарамай, түгелімен Әміренің әнін қуана, сүйсіне тыңдайды. Әміре мен Исаны күнде тыңдап, күнде көріп, бірде сөгіп, мінеп, бірде болымсыз сөзбен жұбатқан болып әрлі-берлі қақпайлап жүрген біз сияқты қала адамы, оқыған қазақ – олар туралы соңғы сөзді айтудан бұрын, қалың қазақ тыңдаушысы не айтатынын еске алуымыз керек. Егер олардың артында қошеметшісі, мақтаушысы болып, иін тірескен қалың елді көрсең, сол бізге тоқтау беру керек. Оны көре тұра өнерлі, сыншы кісімсігі, қыңыр кеудеге салып өрге сүйреу – ұят. Ол – надандық белгісі. Қалың қазақ мақтаған өнерші – сыннан өткен өнерші, заманының қауымы өнерін таныған, қабылдаған өнерші. Рас, бір түр ғана елдің мақтауымен тойып, тұрып қалуға болмайды. Түріне түр қосқызу, ілгері бастыру, нағыз мәдениетті өнерге ұқсату жағынан көмек істеуіміз керек. Бірақ осының бәрін мыналардың қадір-қасиетін танып бағалап отырып істеу керек.

Егер бүгінгі қазақ театры шынымен қазақтыкі болсын десек, осы істеп отырған істердің ішінде қалың елге әрі ұғымды болып, әрі көбірек сүйсіндіретін түрлерін көтеріп ұстап, зор

бағалау керек. Сахна өнеріне елді әкеліп кіргізетін, жаңа өнердің көпшілікке атын таныстырып, затын жат қылмайтын ел мен театрды бір-біріне жанастыратын сондай қызметкерлер болады. Және қазақ театрының ел іргесіне, қазақтың анайы топырағына қаланғандығына даусыз сияқты бұйымдар үлкен белгі болады. Мұны театрдың маңызын дұрыс ұғынатын кісінің қай-қайсысы болса да есінен шығармау керек. Қазақ топырағында жасалатын мәдениетті театрдың бұл үлкен шарты деп саналу керек.

Жә. Біз бұл күнге шейін қазақ театрындағы өнерлілердің жақсылық белгілерін, ерекше көрікті көрінген қасиеттерін ғана айттық.

Сынсыз мақтау құр қошемет сөз сияқты болып кетуге де мүмкін. Бірақ мен өз білген мөлшерімде бұл уақытқа шейін айтқан сөздерімді сынап айттым деп білемін. Әрбір дені сау сынның бір беті жақсылықты атау болса, екінші беті, астары кемшіліктерін айтуға да арналу керек.

Жаңағы мақталған труппа адамдарында сол жаңағы саналған жақсылықтармен қатар әзірше жетіспей келе жатқан кемшілік те бар. Енді соны айтайық.

Бұл жайда әуелгі сөзді соңғы тоқтаған кісім – Әміреден бастайық. Әміре Еуропа сахнасының оқымысты, білімді, мәдениетті әншісі емес. Ән салатын үлгісі, айтып жүрген сарыны барлығы да әзіргі Әміренің жалпы дайындық шамасына қарағанда, мін деп айтатын нәрсе емес. Біз білген, көпке танылған Әміре осы пішінде, осы күйімен қалар да.

Әнінде таза дала сарынынан гөрі бояу кестесі басқарак, жаңарак көрінсе, ол Әміренің біреуден алған үлгісі, жұғындысы емес. Өзінің талантынан ғана туған жаңалық. Бірақ бұл жаңалық еуропаша емес, қазақша. Әміренің айтуында дала әні жаңашалау сезімділікке боялған. Осынысын қазақ әнінің бір саты ілгері басқаны, көркеюге ұмтылғаны дейміз.

Әміре қай әнді болса да өзінше кестелеп, қошқар мүйіз салып, үкі, маржан тағып алады. Осы бағытын дұрыс, жақсы бағыт дейміз.

Бір-ақ кемшілігі – Әміре Семей әнін ғана айтады. Ән саны азғана. Тандауы көп емес. Біразына екіншісі ұқсай береді. Өзіне бір нық қалып соғып алып, содан әрі аспай, жылжымай, тұрып қалатын сияқты. Анығында, бүгінгі халінде ол жалпы қазақ әншісі емес, Семей әншісі болып отыр. Қазақтың кең даласын-

дай әр жерінің әні де кең қорлы, алуан, бөлек. Бірінен-бірінің кестесі қайшы, жат та болып шығатыны бар. Олай болса, қазақ сахнасының жалпыға бірдей әншісі сол Қазақстанның әр бұрышындағы әр үлгілерінің әрқайсысын да жақсы білу керек. Бір әнді Семей қалай салады, Ақмола, Қостанай, Түркістан қалай салады. Арқа әні мен Сыр бойының әні, Ұлы жүз бен Кіші жүз әндері, қазақтың романс сияқты ырғағы мол, сезімі зор Мұхит әні сияқты әндердің барлығы да Әміренің төл әні сияқты болу керек.

Әнді бір қалыппен үнемі созып айтпай, анда-санда желісін үзгендей, екшеп тастап, толқын артынан толқын соққандай сатырлатып айтатын құбылысы көп үлгі Атбасарда бар сияқты. Әміреге сол да жат болмау керек.

Әміреге тоғыз облыс Қазақстанның әрбір бұрышына барып, жақсы әншіден ән үйреніп, түр жиып алып қайтып жүрсе де обал емес. Болмаса, Затаевич, Ковалев жиған, нотаға түскен әндерді толық пайдалану керек. Онан соң бірен-саран күйлерді әнге айналдырып, жаңа үлгі сияқты қылып ұсынып байқауға да болады. Не қылса да, бір орында бір-ақ түрлі үлгімен, жалғыз Семей әндерімен қатып тұрып қалмай, кеңею, молаю, өсу керек. Өскенде жалпы Қазақстан әншісі боламын деген мақсатты қолдану шарт.

Тегінде, труппаның қай адамына болса да үнемі бір-ақ қана қалың жасап алып, содан озбай тұрып қалуға болмайды. Көпшілікке жаққан, сүйсіндірген, бір үлгі түрін болса, бір қозғалыс, бір бет құбылысы болсын, қай-қайсысын болса да орынды-орынсыз жердің бәрінде бірдей қолдана беруге жарамайды. Онымен сол қызық көрінген өнерлік үлгінің өзін де тудыруға болады. Өзінді тез торып, берік шағындап, ұзамай тарылып қалуға болады. Түр үстіне түр табу, үлгі үстіне үлгі табу қажет. Қазір қазақ труппасы ойнап жүрген пьеса да шағын. Елге көрсететін өнерлерінің саны, өрнегі де азғана. Сол азғананы жаңа ажар қоспай қайта-қайта ұсына берсек, аз заманда жаңалық, жарастық ісінен айырылып, белгілі кәрі даңғыл жол сияқты болып, сары жұрт болып қалуға болады. Осыдан қатты сақтану керек.

Шеттен оқып білім табуға, өрнек қосуға болмаса да, туа артист, туа өнерлі болып жаралған ойыншы өзін-өзі қатты тексеріп, қатты сынап отырса, жаңғырап, жасарып ілгері басу-

ына мүмкін. Біз бүгінгі күнгі табыстарын мақтасақ, ертеңгі күні мұндай болмайды. Тағы да ілгері жылжиды, тағы түр тауып көркейеді, ұлғая береді деп сеніп мақтаймыз. Егер ертең де, бүрсігүні де осы күйінде тұрса, ол кейінгінің белгісі болар еді. Алдына қарай адымдап баспаған өнер әрқашан кейіндей бермек. Сен бір орында тұрғанмен, уақыт озып, заман ілгерілей береді. Сол уақытта алдыңнан қала бастасаң, кейіндегенің.

Осы реттен қарағанда, Елубайдың дуана болған уақыттағы құбылыстары «Айшаны» ойнағанда тағы да сондағы сияқты көз қылиландыру араласқан соң, көрушіге «кешегісі» дегізгендей болды. Дуаналықтың мағынасыздығына, мағынасыз ажармен көз қылиландыру әдемі жарасса, ертеңінде ауруды бағатын молда соны істегенде, одан кейін «Еңлік – Кебектегі» Абыз соны істесе, онда жас иісті өнер емес, қатқақ жол, сары жұрт сияқты болып қалады. Әрқашан өзіңнің дағдылы қалпың, дағдылы түсіңнен ауысып, екінші күйге кеткенде, алдыңғы істегеніңе артқыңды ұқсатпауға керек.

Осы сөзді Қалыбекке де айтуға тура келеді. Қалыбектің көзі әсерлі, бірақ бет құбылысында мұның да нық ұстанып қалған бір мақсаты бар. Ол әрқашан жоғарғы ернін жиырыңқырап, мұрны біткен кемиек шал болып сөйлейді, түсін де, дауысын да танымастық қылып өзгерте алады. Өз жанынан оқыс күлкі сөздерді де көп шығара алады. Тапқыш, өткір жүйріктігі бар.

Бірақ, Ажы да, Айшаның күйеуі де, онан соң Қызылорда базарына өгіз сатқан шал да, бәрі де бір кемиек шал болып кеткен соң, ойыншының қайталағаны сезілгендей болады. Алдына қарамай, артына көбірек айналып қала ма деген қауіп туады.

Латыпқа да үнемі аузын толтырып сөйлейтін күмпілдек, бопылдақ шалды тастау керек. Ойнап жүрген шалының бәрі бір мінезді шал емес. Мынаның маска қылып алған шалы – ақ шелегі түсіп саусылдап жүрген адал, аңқау, ақ көйлек шалға көбірек меңзейді. Даусына да, құбылыс, ажарына да жаңалық керек.

Труппаның өзін көрген екі-үш ойынынан алған әсерім осы сияқты болды. Өзге артистерді көрнекті қылып шығаратын үйлескен, үйреніскен пьесаларының барлығын көргенім жоқ. Сондықтан өзгелері жайлы әзірше еш нәрсе айта алмадық.

Труппаның, жалпы қарағанда, беретін әсері күшті, қуанышты. Айналасындағы шарттары қолайсыз, көріксіз, на-

шар болса да, жаңа қазақ өнері жыбырлап, мәдениетті тіршілік белгісін көрсетіп, қаз тұрып келеді. Көркейсін, жасасын деген шын тілекті айтамыз.

Труппаға соңғы заманда қосылған бір зор жақсы жаңалық – қазақтың музыкасын, салт әндерін, сыбызғы, қобыз күйлерін сахнаға шығармаққа қам қылып Затаевич, Ковалев еңбектерімен толық пайдалануға беттегені көрінеді. Бұл істің де шығуы мезгілді. Бірақ оның бет-бағыты, бүгінгі қолданатын негізгі әдістері туралы музыка мәнін көбірек білетін біреудің сынына қалдырдық.

САКУ-ДІҢ ОҚУШЫЛАРЫ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫ

I. О қ ы т у ш ы л а р:

САКУ-де оқытатын мұғалімдер – 92. Оның 9-ы жұмысшы, 52-сі диқан, 4-уі батырақ, 2-уі шілінгір-ұста*, 21-уі қызметкер, 3-уі руханилар, 1-уі саудагерден шыққан.

Ұлтқа бөлгенде: қазақ – 9, татар – 25, орыс – 25, өзбек – 10, жөйіт (еврей) – 7, түрікмен – 3, тәжік – 2, қырғыз – 2, ұйғыр – 1, башқұрт – 1, түрік – 1, персиан – 1, ақ орыс (белорус) – 1, латыш – 1, поляк – 1, ағылшын – 1, неміс – 1.

Партия жағынан: партия мүшесі – 37. Кандидаты – 7. Комсомолы – 3. Партияда жоғы – 37.

II. О қ у ш ы л а р:

Оқушылардың барлық саны – 512. Оның еркегі – 454. Әйелдері – 85. Ұлтқа бөлгенде: өзбек – 165, қырғыз – 52, орыс – 61, тәжік – 47, қазақ – 46, түрікмен – 45, дұңған – 9, татар – 19, ұйғыр – 20, қарақалпақ – 12, персиан – 12, хахол – 7, түрік – 2, жергілікті жөйіт – 5, эзербайжан – 2, армян – 2, жөйіт – 1, поляк – 1, ақ орыс – 1, башқұрт – 1, чех – 1 грузин – 1.

П а р т и я л ы қ ж а ғ ы н а н:

Партия мүшесі – 332. Кандидат – 92. Комсомол – 82. Бипартия – 6.

Атаегі жағынан: жұмысшы – 112, батырақ – 92, диқан – 274, шілінгір-ұста – 26, қызметкер – 6, саудагер – 2.

Жасынан айырғанда: барлығы да 30 бен 19-дың арасында.

САКУ жанындағы университет пен курстар: сырттан оқитын университеттің барлық оқушылары – 358. Комсомол

* Шілінгір-ұста-нағыз ұста, білгір ұста.

университеттің¹ оқушылары – 29. Әйелдер курсында² – 16.
Баспа қызметкерлер курсында³ – 19.

САКУ-дің жанында аспирант оқушылар – 11.

Ұзын жазылған мақала екен, басқа мақалалар болғандықтан,
жалаң санын алып қана бастық.

Басқарма. 1928.

БӨЛІМ МАҚСАТЫ

Қазақ: «От пен су – тілсіз жау» дейді.

Бұл бір жағынан, дұрыс та, екінші жағынан, дұрыс емес. Жалғыз от пен су емес, жаратылыстың қайсысын алсақ та тілін білсек – құлымыз да, тілін білмесек – жауымыз. «Тілсіз» жау жаратылысты, тілін біліп, құл қылып алу – адам баласының тіршіліктегі негізгі мақсаты.

Алдымен жаратылыстың тілі бар ма?

Жаратылыстың тілі дегеніміз – «жаратылыстың заңы», олай десек, жаратылыстың тілі адам тілінен анық. Тілін тексере біліп, оны дұрыс ұғынсақ, жаратылыс еш уақытта заңынан айнауды білмейді. Айнитын болса, заңының анығына дұрыс толық қана алмағанымыз болғаны.

Сонымен жаратылыс заңынан айнамаушылығын адам баласының асқан тыңдаулы құлы, бірақ шексіз тыңдаулы болу үшін, оның заңын толық, анық білу керек, білмесек – бой бермейтін қарыспа «тілсіз жау» да, біле алсақ – тынбайтын құлымыз.

Өзі жаратылыстың бір мүшесі болғандықтан, адам баласының онсыз күні жоқ. Ішетін тамағымыз, киетін киіміміз – бәрі де жаратылыстан өнеді. Жаратылыс өз бетімен еш нәрсе өндірмейді, жаратылыстан еңбегінен өндіруші адам баласы тілін неғұрлым анық, толық білсек – соғұрлым жаратылыс оңай өндіртеді, неғұрлым білмесек – соғұрлым сараң өндіртеді.

Сараң өндіртудің мәнісі – адамның еңбегін көп керек қылады деген, сонымен жаратылыс заңын тексерудің негізгі мақсаты – адамды керексіз өндіріс мехнатынан құтқару.

Жаратылыс заңдарын тексеруді *білім* дейді, білімді тұрмыс жабдығына ұқсатуды *өнер* дейді. Қазақтың осы күнге шейін «от пен су тілсіз жау» деп келуі – өнер-білімнің жоқ болғаны.

Бұл қалып жалғыз ғана қазақтағы емес, жалпы жер үстіндегі еңбекші таптағы қалып, мұның мәнісі – өнер-білімнің жалпыланып орнына жұмсалмағаны. Түрлі тарихи себептермен өнер-білім жалпы өндірушілер қолында емес, өндіртушілер қолында болған. Бұдан өнер-білімнің жалпы еңбекшілер тұрмысының оңдалуына әсері болмаған, не кем болған, қатта зиянды болған. Бұл қалып өнер-білімнің толық дамуына да зор кесел боп келген. Енді тұрмыс жөндеу жолын жалпыландыруды негізге алып отырған Кеңес үкіметі өнер-білімді де жалпыландырып еңбекшінің тұрмыс жүзіндегі құралы қылмақ. Екінші түрде айтқанда, өнер-білімді өзінің негізгі жолына салмақ.

Осы мақсатпен журналымызға өнер-білім бөлімін кіргізбекпіз. Әрине, өнер-білімді қолданып кеткендей танудың жолы мектеп жолы, әсіресе жоғары дәрежелі мектеп. Бұл жағынан да шара қолданылмай жатқан жоқ. Алматыда арасына жыл салмай бірінің артынан бірі екі жоғары дәрежелі мектеп ашылып та отыр. Ол өзіне басқа журналдың мақсаты өнер-білімді мектепше жіпке тізгендей қылып тарту емес, тек негізгі жүйесімен, келе жатқан бағытымен кезінде таныстырып отырмақ. Жаратылыстың өзі қандай кең болса, құшағы сондай кең. Бір журнал арқылы оны тұтас шолу мүмкін де емес.

Сондықтан аса бір негіздісі болмаса, журналымызда өнер-білімнің қазақ тұрмысына өте ділгер жағынан ғана мағлұмат беріп отырмақпыз. Біздің ойлауымызша, қазақ тұрмысына ділгер ауыл шаруасы, денсаулықпен байланулы өнер-білімдер болу керек.

ЖАРАТЫЛЫСТАҒЫ DAҒДЫЛЫҚ

Жер үстіндегі жаратылыс негізіндегі дағдылық – жердің күнді айналу дағдылығы. Жер күнді үйіріліп отырып айналады. Жердің күнді айналып шығатын мезгілін *жыл* дейміз. Бір жылдың ішінде (күнді айналып шыққанша) жердің өзі 365 реттен бір аз артық ұршықша үйіріліп шығады. Әрбір үйірілгені күнге есептеледі. Сонымен жыл 365 күнге есептеледі. 365 реттен жыл сайын аз артық есептелмей отырылады да, 4 жылда бір күнге толар-толмас боп 366-ші күн февраль айына қосылып отырылады. 4 жылдың ішінде күн есебіне толмай қалғаны. Бірақ ол өте аз, мысалы, 400 жылда үш күн шамасы ғана бо-

лады. Осы күнгі қолданып отырған жаңа қалендарымыздың ескіден айырмасы – осыны жаңа календардың ескеріп есепке кіргізіп отырғаннан.

Бұдан басқа жылдың төрт мезгіл боп өзгеруі де жердің күнде айналған кезіндегі қалпынан. Жер Күнді айналғанда, тік тұрып айналмай, көлбеу күйінде айналады және осы бір көлбеген қалпын өзгертпейді. Бұдан барып Жер Күнге бір жылдың ішінде бір рет бір төбесін беріп, бір рет бір бүйірін қаратып, бір рет екінші төбесін беріп, бір рет екінші бүйірін қаратып өтпек. Жердің Күнге қараған жақ төбесі жағында жаз болмақ. Күннің көлеңке жағында қалған төбе жағында қыс болмақ. Қысқы қалпынан жазғы қалпына қарай айналған кезінде Күнге дәл бүйірі келіп, жазғытұрым 22 мартта Күн мен Түн теңеледі. Жазғыдан қысқы орнына қарай айналғанда, күнге 22 сентябрьде дәл бүйірі қарағаннан Күн мен Түн тағы бірдей болады.

Бұған қарағанда, күн, жыл райы дағдылығы жердің айналуындай дәл боп отыруы керек еді. Жаратылыстың тәжірибесіне қарасақ, жыл райында нақ бұл секілді дәлдік жоқ. Күн райына келсек, дәлділік одан да кем. Мысалы, бір жылы қыс ерте басталады, бір жылы кеш басталады. Бір жыл жаңбырлы, бір жыл жаңбырсыз болады. Бұған себептер толып жатыр. Көбі әлі тексеріліп жеткен де жоқ.

Жыл райының байланысымен өте күшті болғандықтан, жер-жүзінің мамандары бұл себептерді тексеруде бұлар арқылы жыл, күн райларын болжау жолын іздеуде.

Біздің бұл мақаламыздағы мақсатымыз – осы іздеу жолында табылған жаратылыстың бір заңын ескертпек.

Бір жылдың райы екінші жылдікіне нақ дәл келмегенмен де, бірнеше жылдың райы белгілі бір дағдылы шама маңайында болады.

Әрбір жеке жылдың райы сол шамадан көп айырылып кетпейді. Өсімдік, жәндік секілді тірі жаратылыстар өздерінің тіршіліктерінде дағдылы өзгерістерін әр жыл райына қарай емес, сол бірнеше жылдың дағдылы райына қарай бейімдейді. Мысалы, жарқанатты алайық. Жарқанаттың жаз ғана тіршілік етіп, қысқа қарай ұйқыға кіретіні белгілі.

Жарқанаттың ұйқыға кіретін дағдылы мезгілі бар. Жарқанат кезіндегі жылдың райына көп қарамай, сол дағдылы мезгілінде қысқы ұйқысына кіреді. Екінші мысалға ағашты алайық, ағаш

та өзінің дағдылы кезінде, үстіндегі жылдың райына қарамай, бұтақ жара бастайды.

Бұл секілді тірі жаратылыстың дағдылығы сол жердің жылдары дағдылығы байланысы мынадан болады:

Мысалы, бір рет алған ағашқа келсек, жылдардың дағдылы шамасынан бұрын жапырағын жарған болса, дағдылы кезден суығы кешігіп келетін жылға кез келгенде, ол ағаштың жарылған жапырақтары үсіп кетіп, өсуден қалып отырады. Кілең кезінде жапырақ жаратындар қалып отырады.

Жарқанатқа келсек, мұның тамақ қылатын көбелектері дағдылы раймен көбірек байланулы. Сонымен жаратылыстың қай тірі мүшесі болса да, не өзі, не тамағы арқылы бір жылдың ғана емес, бірнеше жылдың дағдылығымен байланысты. Сондықтан ол дағдылықты өзімен әбден сәйкестенген жергілікті тірі жаратылыстардың дағдылықтарынан тәжірибе қылып шамалауға болады. Жыл райының өзгеруінен гөрі, тірі табиғат тіршілігінің дағдылығы күштірек екенін жоғарыда көрдік. Сондықтан тірі жаратылыс дағдылығын жылдар райының белгісіне алып оны болжауға болады.

Мысалы, жаз белгісі оңтүстіктен солтүстікке қарай басталады. Мұның мәнісі жаз белгісі оңтүстікте бұрын басталып, солтүстікке қарай бірте-бірте жылжи бастайды.

Жердің белдеулік кезінде жаз (тірі жаратылыстар тіршілік белгісі) марттың 22-нен азғана бұрын басталып, 22 кезінде дәуір болса, ең теріс түстік төбе жақ шетте жаздың дәуірлеген кезі августтың бас кезі болады. Мұнда тіршілік толқыны сөніп, қысқы ұйқы толқыны бұдан оңтүстікке қарай кері жүрмек. Бұл толқындардың жайылу жылдамдығының шамасы күніне 43 километр шамасы болмақ. Мұның мәнісі бір жерден екінші жердің алыстығы 43 километр болса, сол оңтүстік жағындағы жердің ағаштары алғашқынікінен бір күн жапырақтарын соң жарады деген. Әрине, бұл жалпы алғандағы шама. Жолына, жеріне қарай бұл жылдамдық 10 километрден 80 километрге дейін өзгеріп кете береді.

Міне, бұл – бір жердің тірі жаратылысының өзгеруіне қарап екінші жерде осындай өзгерістер қашан болатынын болжау жолының бірі.

ӨЛКЕТАНУ ТУРАЛЫ

Әрбір мәдениетті қоғам өзінің жұмысын ғылым негізіне құрып жүргізуге ұмтылады.

Өлкетану дегеніміз не? Егер де бұл жөнмен жүргізген жұмысы жемісті болған сайын елдің мәдени тұрмысы көтерілмекші, бірақ ғылымға сүйеніп жұмыс жүргізу үшін, сол істейтін ісіңнің жайын жақсы білу шарт. Қоғам тұрмысын құру үшін алдымен сол қоғамның мән-жайын, айналасындағы табиғат мәдени қалпын жақсы білу керек. Басқа шартқа да жергілікті мәдениетке өлкені үзбестен ұдайымен арымай-талмай аудара қарап, актара тексеріп зерттеуге тура келеді. Міне, осы жұмыстардан барып *өлкетану* деген қозғалыс туады.

Өлкетану деген – қашаннан өлке құру жұмысының бір саласы, сондықтан ол шынында ертедегі мәдениет тарихында жуан орын тепкен жұмыстың бір саласы. Бұрын жұрт оған көп назар салмай келіп, осы соңғы кезде ғана етек жайып өрісін кеңейтіп, біздің тұрмысымызда ғана өлкетану мәселесі реттегі жұмыстың бірі болып қолға алынып отыр.

Осы күнгі өлкетану жұмысының ең маңыздысы сол өлкедегі халық шаруасын, өлкенің өндіріс күштерін зерттеумен байланысты.

Бұлай болудың жөні де бар.

Осы күнгі социалдық тұрмысқа көшіп жатқан кезеңде қаланың да, ауылдың да шаруашылық, саясаттық ниет құрылыстарын алдағы сатыға өткізу үшін айналадағы жағдайды өте жақсы білу шарт.

Сондықтан өндірістің түрлерін зерттеу, қалада да, ауылда да сол өндірістің жалпы жағдайларын зерттеп білу – осы кездегі екпінді мақсаттардың бірі; міні – сол мақсатты баянды шешіп тұрмыс жүзінде, іске асыру жөнінде өлкетанушылық өзінің тиісті орнын алып, мойындағы міндетін атқару керек.

Мұнымен қатар сөзде ғана емес, іс жүзінде де елдің шаруасы көтеріліп, ілгері қарай дамып, алдағы сатыға жетуді мақсат қылып, шаруаны зерттеу керек.

Олай болғанда, алдымен қажымай, талмай әр ауыл бірлестік шаруасын, кеңес шаруасын, кооперативті, фабриканы, зауытты, колөнерімен кәсіп қылатынды тағы тағыларды зерттеу керек.

Міні – осындай жолға қойылған өлкетану жұмысы ғана жалпақ еңбекші жұртты бауырыңа тартып, қалың еңбекшінің игілігіне айналдырып жіберіп, өлкетанушылық күшейіп, үлкен қоғамдық салмағы болып шықпақшы.

Көзі ашық азаматтарын өзінің бауырына тартып, жәрдем иесі қылып алуында сөз жоқ. Қазақстан өлкесі көп тексерілген.

Жерінің құйқасы, жәндіктері, өсімдігі, тұрғын халқы, кен байлықтары, жер-судың өзге жағдайлары жайынан жазылған талай адамдардың еңбектері бар. Бірақ бұлар қазақ жерінің байлығының, қазақ халқының ескі дәуірінің жүзден біріндей де болмайды. Қазақ кедей жалпы үстемдігі дәуірінде тыныс алып, өзінің өткендегі тарихты мәдениетін жаңада ғана қолы жетіп кірісіп отыр. Қазақ жұртшылығы жуық алдағы жылдардың ішінде ескіліктің сарқыншағынан тегіс айырылып, мәдениет қорғауға, социалдық шаруашылыққа аяқ басуға өжеттікпен кіріп отыр. Қазақ жерінен мақта, резеңке, түсті металл шығатыны табылып отыр. Қазақ кедей орташалары малын, егінін өнерлі жолмен жүргізіп, еңбегінің берекесін, өнімін молайтуға техника, пән табысын түгел қолдануға жол ашылып отыр. Қазақ кедейі жаңа дәуір бастап отыр. Елдің салты, шаруа реті, негізінен, өзгермек, қайта құрылмақ.

Бүкіл жаратылыс байлығы қайта тексеріліп, еңбекшілердің пайдаға асыратындай, жағдайға асыратындай жағдайларды іздемек. Бұл зерттеу білімінің, ірі мамандардың ғана жұмысы емес.

Өлкетанудың өндіріс жұмысында қолғанаты, жәрдемшісі алдымен жергілікті шаруа, өндіріс орындары қызметкерлер мен үнемшілер болуы тиіс.

Нақ осы кезде өлкетанудың өндіріс жұмысында бізде айқын белсеніп істеушілер – күн санап етек жайып, өрісін кеңейтіп келе жатқан жұмыскерлер мен ауылдардан шыққан тілшілер. Міне, жұмыскерлер мен ауылдан шыққан тілшіліктің ең жақсы жағы осы өлкетану жағын айыра білуде. Айналасындағы шаруалардың ұсақ-түйегіне шейін қалдырмай бейнелеп қарап, бақылап қоғам тұрмысына назарын салып, кемшіліктерін айқын көрсетіп, оларды жойып жаңғыртуға, жақсылауға күрес ашуда.

Бірақ шаруа жайын, қоғам тұрмысын зерттеу жалғыз білім үшін ғана керек болмауы тиіс, оның үстіне, жергілікті еңбекші елдің мұң-мұқтажын өтеу керек. Мынау осындай қоғам

тұрмысына бейімделген, еңбекші елдің өте керекті шаруа, мәдени, саяси құрылысына байланысқан жұмыстарына назарын салып, көңілін бөліп лайықты жәрдемін тигізген өлкетану жұмысы болса, оған қалың еңбекшілердің талапты, бұл зерттеу жұмысына бүкіл еңбекшілер, ауылдың белсенді азаматтары жедел қатынастырылып орындалмақ. Аймақтану съезі айрықша көңіл бөлетін жұмысы. Қазақ шаруашылық мәдениеті үстіміздегі дәуірде ең ірі міндеттерді жалпы елдің алдына салу, жеңіл тілмен айтып ірі ілім сөзін елге жеткізу, түсіндіру – оқытушылардың міндеті. Аймақтану съезінің бүкіл жұмысы – баспасөздегі мақалаларды көзден таса қылмай елге түсіндіре отыру. Аймақтану съезінің деректерінен пайдаланып өз бетімен аймақтану жұмысының қолынан келетіні – түрлі қолынан атқаруға үйренуі болады.

ӨЗ ЖАЙЫМНАН МАҒЛҰМАТ

Мен 1897 жылы сентябрьдің 15-інде туыппын. Туған жерім – Семей уезіне қараған Тобықты іші. Шыңғыс болысында. Менің аталарым – қожа¹, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді. Үлкен әкемнің үйінде сақталған қожалар шежіресінен бала кезімде бір көргенімде біздің қожалардың арғы атасын Бақсайыс дейді². Бұл Арқадағы қожа атаулының барлығының ұран қылатын ең қадірлі, атақты қожа(сы) болса керек. Тобықты ортасында, әлде қожалардың көп айтып құлағына сіңіргендіктен бе, болмаса елдің өзі де діндарлау заманында бірдеме-бірдеме естіген бе, әйтеуір Бақсайысты әншейін қара үй қазақтың да көбі біледі. Кейде баласын таба алмаған қатын сияқты қысылғандар Бақсайыстың аруағын айтқыш сияқты көрінеді. Сол Бақсайыс жаңағы айтқан шежіреде менің әкем Омарханға 18-ші ата болып келуші еді. Тым кәрірек көрінеді. Егер сол Бақсайыс қазақ ішінде тіршілік еткен адам болса, онда менің аталарым ерте күнде қазаққа келген болу керек. Жок Бақсайысты бергі қожалар айтып ұғындырған болса, ондағысын өздері біледі. Қайтсе де бұл қожалардың қазақпен араласып, қазақтан қыз алып, қыз беріп, қазақша тұра бастағанының өзіне де бірталай заман болған сияқты.

Тобықты ішіне менің үшінші атам Бердіқожа бірталай туысқандарын ертіп найман ішінен келген. Ол – Құнанбай заманы. Құнанбайдың шақыруымен келгенге ұқсайды. Ең әуелгі шыққан жерлері ол кезде Алматы жағы болса керек. Бердіқожа тобықты ішіне келген соң бірталай заман өмір сүрді. Артынан бір қызын Құнанбай тоқалдыққа алған. Сонымен бұл елмен құдандалы жақын болып, тобықты ішінен қоныс алып мекен етіп тұрып қалған.

Бердіқожа өзге қожаларша қожалық үгіт айтып, дінге үйретіп жүрді ме, жүрмеді ме мен оны білмеймін. Солай қылды деген

сөзді естігенім жоқ. Одан бері үлкен әкем Әуез, өз әкем Омархан, аты қожа дегені болмаса, қожалықтың жолында істеген өзге қара қазақтан бөтен ешбір ісі болған жоқ, бұлай болуына да қисыны жоқ. Өйткені тобықты іші ертеден соншалық діндар, соншалық надан да ел болмаған сияқты. Ішінен Құнанбай, Абай сияқты кісілер шыққан соң, бос фанатизм, қараңғы наным азайып, ақылға бой ұрғыш, көзі ашықтау ел сияқты болғанға ұқсайды. Сондықтан бұл елдегі қожа да көптің ауқымына түсіп, бұрынғы ата кәсібiнен жаңылып кеткен сияқты. Менің үлкен әкем 1918 жылы өтті. Өз әкем 1909 жылы өтіп еді. Бұлардың ішінде қайсысында да діндарлық, сопылық сияқты ерекше белгісі жоқ, қайта әр нәрсеге Абай үлгісімен, ақылымен қарауға тырысушы еді. Абайдың сондайлық ұстаздық, үгітшілік әсерін мен кішкентай бала кезімнен өз әкелерімнің қалпынан да анық көруіме болушы еді.

Ауылымыз да өздерін қожа деп көп айтпай, Құнанбайдың балаларымен, немерелерімен туысып араласып кеткен туысқан есепті санайтын. Осының барлығының салдарынан менің үлкен әкемнің жас шағынан бері қарай бұл қожалардың қиял қылған нәрсесі өзге қара қазақтың әдет салтынан ешбір айырлмағандай болады. Ауылдың үлкендері болса – бәйге ат ұстап, ас пен тойда ат қосуды салт қылып, жігіті балуан болып, күрескіштікті өнер көріп, бір алуаны мал баққыш, жауынгер, ұры түсіргіштікті салт қылып, кейбірі сауықты, аңшылықты әдет қылып, көп күндері сонымен өткендей. Өзім туып ес біле бастағанда, ауылымыздың қара қазақтығы, маңайындағы елдің қалпынан биттей де айырылмайтын сияқты еді. Сондықтан бала күнімнен қожалық деген нәрсенің салты, пішіні қайсы екенін өз ауылымнан көріп білген емеспін.

Осы күні көп жұрттың қолжаулық қылып жүрген «қожалығын» мен он жастың шамасына келгенімде ғана көрдім. Бір жылы күздігүні ауылымызға біздің қожалардың сыбан ішіндегі бір ағайындары екі қожа келеді. Бірі – әкесі, бірі – баласы еді. Бұлар келгеннен-ақ ауылымызға бір суық жат тәртіп ала келгендей болды. Бізді олардың үстіне ылғи тағзыммен сәлем бергізіп кіргізіп, жалаң аяқ кіргізбей, кемпір-шешеміз батасын ал деп, алдарында болымсыз қызмет істетіп, солар кеткенде қара қазақ болып кеткен біз сияқты бейбастық балалары үшін қысылғандай болып жүрді. Бала күнімде өз ауылымызға келіп

кетіп жататын қонақтардың ішінде солардай ауыр көрінген қонақ болмаған сияқты. Бұл екеуі нағыз қожа сияқты болатын. Бастарында сәлделері бар. Қайта-қайта намаз оқиды, намазды өте ұзақ оқиды. Ас артынан ылғи құран зулатады.

Біз екі-үш бала, бұлар отырған жерге көп жолағымыз келмей сырғаладап жүрсек те, таңертеңгі намазда қолдарына ұзын-ұзын тәсбиқ алып «зікір» салған уақыттарында ылғи есіктен қарап қатты қызық көруші едік. Жат та, қызық та көрінетін. Солардан соң толық қожаны көрген емеспіз.

Оқуды бес-алты жасқа келген соң өзімнің үлкен әкемнен оқи бастадым. Сол кісінің алдынан хат танып, түркі оқитын болған соң 9–10 жасымда әкеммен бір туысқан ағам Қасымбек³ қасына алып, басында бір жыл Семейдегі Камали деген қазіреттің медресесінде мұсылманша оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуына әуелі өзі дайындады. Содан кейін бір қыс ел ішіндегі ауылнай шkolдан Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учителінен оқып⁴, келесі жылы күз Семейдің «5 класный городской училищесіне» түстім. Содан әрі мектептегі оқу тәртіппен кетті.

Қалаға барып оқи бастағанға шейін ауылда өткен балалық уақытында әкелерімнің үнемі оқытатыны Абай өлеңдері болатын. Ол кезде Абай – жазба. Бірақ елдің басты адамдары балаларына оқыту үшін Абай кітабын, белгілі кітап көшіргіш молдаларға ақша беріп әдейі жазғызып алатын.

Мен бері келіп ес білген заманға шейін сондай көшірушілікпен күн кешкен кісі Мүрсейіт деген молда еді⁵. Ол соны кәсіп қылып алған. Абайдың қарасөзі мен өлеңін түгел көшіріп бергеніне бес теңге ақы алушы еді. Бір жыл жазғытұрым өз әкем: «Абай кітабы келеді», – деп өзімді көп уақыт, бір үлкен қызық сый беретіндей дәмелендіріп жүріп, аяғында қар кетіп, ақ шығып келе жатқанда сол кітапты әкелді.

Содан ел қыстаудан көшкенше күндіз-түні өзі үйде болған уақытта Абай өлеңдерін жаттатып, соны ылғи айтқызып, тыңдап жақсылап жаттап алмаған жерлерімді қайтадан отырғызып, қайта жаттатушы еді. Абайдың өлеңін жақсы көрдім. Бәрін ұқпасам да ұйқасының өзі де қызықтырғандай әсер ететін. Бірақ әкем ылғи жаттауға бергенде, қайдағы ұзақ, қиын сөздерін беретін. Соның ішінде «Ат сынынан» бастап, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңдерін жаттатқаны

есімде бар. Бір уақыт «Масғұтты», «Ескендірді» де жаттатты⁶. Сол жазғытұрымдай ауыр салмақ көрген уақытым жоқ еді. Бұрын шаруа істеп, мал бағып, тәртіпті еңбекке салынған жерім жоқ болатын. Өйткені бір шешеден жалғыз еркек бала болып, үлкен шешемнің қолында өскен еркелеу бала болдым. Өзіміздің дәулеті(міз) орта, яки ортадан кері де жоғарырақ болатын. Өз әкем де бір шешеден жалғыз болған, оның үстіне, еркек баланы қырыққа таман жақындаған кезінде, зарығыңқырап барып көрген. Соның бәрі маған бейнетсіз, тоғышар, қарақан, бурақан үй тентек бала болып өсуіме құрық бергендей болып еді.

Сонымен ең алғашқы «тізені» Абайдан көрдім. Өлеңін күндіз де, түнде де жаттадым. Әкем жаттатып тыңдағаннан басқа ештеңе қоспайды, көп мақтамайды да, бірақ білмесем ұрсып та қоятын болды. Анда-санда ғана аса үлкен өлеңді күн-түн жаттап, зорлықпен ғана бірдеме қылып айтып шығатын болғанда, сүйсініп мақтаған болатын. Кейде шын риза болғаны ғой деймін. Өзі құс атуға шыққанда қасына ертіп алып, атқан құстарын беріп үйге қайтарып: «Өзім келгенше пәлен өлеңді жаттап қой», – деп тағы да жүк артатын. Сонымен бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жақын жаттап шығып едім. Бері келіп, орыс оқуына келген соң Абай алыстап қалды. 1909 жылы әкем де өлді.

Бірақ әкемнен кейінгі әке сияқты болып тәрбиелеп баулитын – атам Қасымбек еді. Сонымен қыс-жазы бірге жүріп оқу оқыдым. 15-ші жыл(ы) городское училищені бітіріп, күз семинарияға түстім.

Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарпы бітірдім.

Бұл кездерде февраль төңкерісі болған. 1919 жылдың аяғында кеңес өзгерісі болды, әлеумет қызметіне араласып кеттік.

Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды. Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде(гі)⁷: «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе еді. Бұл, анығында менің жалғыз өзімдікі емес, Тұраш екеуміздікі болатын. Негізгі пікір сонікі еді, мен соның пікірінен жаздым. Мақаланы бергеніңізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Сәлімбеков пе біреуі⁸ мен әкеп берген соң, «семина-

рист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті. Содан кейінгі баспа сөзіне толығырақ араласқаным 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен байланысты⁹. Ондағы сөздерде сырлы әдебиет емес, жалпы мақалалар, балалықтың, жастықтың әр сайға басын соққан сандалысы, далбасалығы сияқты.

Сырлы әдебиетке кірісуді пьеса жазудан бастадым¹⁰ 1918 жылдың 1919 жылға қараған қысында сүзек болып ауырып, оқуды тастап қырға шығып тұрып едім. Сонда ең алғашқы пьесам «Ел ағасы» деген 4 перделі драма жаздым¹¹. Шүү дегеннен пьесадан, драмадан бастаудың өзі де белден шапқан сияқты орынсыз басталған құр кеуде болатын. Бұл да көп сандырақтың бірі – берекесіз кездер еді. Сол сорлы пьесам қайда екенін осы күнге шейін білмеймін. Өзімде қарасы да қалған жоқ.

Қыс бойы елде болып, жаз тағы елде болдым. Ондағы жазғаным «Бәйбіше – тоқал». Жиырмасыншы жыл мардымсыз өтті. Келесі қыста, 1920 жылдың аяғында, «Қорғансыздың күні» деген әңгімені жаздым. Сол қыста ең алғашқы рет «Еңлік – Кебекті» жаздым. Бұл Семейде ойналып, құлап шықты. Ойнауға ауыр, сахнаға қолайсыз болды. Соны келесі жылы 1921–1922 жылдың январында Оралға аштықпен күресеміз деп барғанда, Теке* қаласында тұрып түзеттім, Орынборға келіп баспаға бердім.

1922–1923 жылдардың қысында Ташкентте «Шолпан» журналын шығардық¹². Сонда біраз әңгімелер бастырдым. 1924 жыл(ы) қыс елде тұрып бір роман жазып едім, ол әлі баспадан шыққан жоқ. Ташкенде тұрған уақытта бір пьеса жаздым. Ол да әлі шыққан жоқ.

1925 жылы Семейде «Таң» журналын шығардық¹³. Сонда бірнеше әңгімелерім басылды. Сол қыста «Қаракөзді» жаздым.

1926–1927 жылдары «Сұғанақ сұр» деген повесть жазып едім¹⁴, баспаға шықпады. 1927 жылдың күзінен бері «Қараш-Қараш оқиғасы» деген бір повесть жазып, «Жаңа мектепке» жібердім¹⁵. Аяғында, жақында «Қилы заман» деген бір ұзақ әңгіме жазып, Госиздатқа жібердім. Ірі жазғандарым осы.

Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маған *Абай* деген сөз, *қазақ* де-

* Теке – қазіргі Орал қаласының ескі аты.

ген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар сияқты. Абайды сүюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен бара-бар болатыны бар.

Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қарақордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениетпен сұлулық сарайына оратылып барып жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп, сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып күндегі өмірдің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет – әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бойұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.

Орыс жазушыларында анық сүйетінім: Толстой, Достоевский¹⁶. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң, жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психологизм араласпаса, өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы. Мына екеуіне қарағанда өзің де ұяласың, өзің үшін де ұяласың. Жан құдайының алып жұртын көргендей болып кішірейіп, тапталып қаласың. Жазушылықтың асқары деп сүйемін.

Еуропаның жазушысында Анаголь Франсты жақсы көрем¹⁷. Бұның алуаны өзгелерден бөлек. Терең білімге, сыншы ақылға бойұрған данышпан жазушы. «Чтобы быть прекрасным, надо быть разумным», – деп Еврипид айтқандай, бұл ірі жазушылықтың екінші бір тұрғысы сияқтанады.

*Мұхтар.
Ленинград, гинуардың 29-ы.*

ҚАЗАҚ ЖАҢА ЕМЛЕСІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ

Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің қаулысы

Араб әліппесі қалың бұқараның хат тануына ауыр болды; техникаға үйлеспеді; қазақ тілінің дыбыстарын дұрыс таңбалай алмады және араб әліппесі дінмен астарлас болды. Сондықтан араб әліппесіне көпшіліктің қолы жетпейтін, азшылдықтың ғана әліппесі болды.

Араб әліппесінің бұл кемшіліктері қазақ тілінің емлесіне де шалығын тигізді. Араб әліппесі тұсында сезілмеген бұрынғы емленің бар кемшіліктері жаңа әліппеге көшкен соң көзге айқын түсті.

Октябрь төңкерісінен соң ұлы мәдениет-шаруашылық жұмысын өз қолымен істей бастаған қалың қазақ еңбекшілерінің мүддесі, жұрнақшыл-үндесшіл қазақ тілінің дыбыс заңдары, жаңа әліппенің айрықша қасиеттері – бәрі қосылып емлені өзгертуді амалсыз керек қылды. Онан соң емлені социалдық құрылыс жағдайына қарай, тілдің даму бағытына қарай өзгерту керек-ті.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытқанда, қазақ емлесін, емлелерінің ішінде ең оңай саналған дыбыс жүйелі емле негізіне құру керек; қазақтың төл сөзі үшін де, шеттен кірген сөздер үшін де бірыңғай емле жасау керек. Сондықтан Қазақстан Орталық Атқару Комитеті қаулы қылады:

1. Халық Ағарту Комиссариаты ұсынған, осы қаулыға қосылып отырған, жаңа әліппе жолымен түзелген емле жобасы бекітілсін, 1924 жылғы емле жойылсын¹.

2. Осы қаулы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған күннен бастап² Қазақстандағы барлық мемлекет мекемелері, әлеуметтік ұйымдар, барлық оқу жұрттары жаңа қазақ емлесін қолдансын.

3. Қазақ тіліндегі барлық кітап, газет-журнал, штемпель³, печать, кеңсе қағаздары, жарлық, этикет⁴, маңдайша қағаздары, тағысын тағылар мұнан бұлай тек жаңа емлемен ғана басылсын.

4. Халық Ағарту Комиссариаты мен Қазақ Кіндік жаңа әліп комитеті жаңа емлені таратуға шара қолдансын. Бұл үшін газет-журналға жазсын, кітапшалар, таблицалар, емле сөздігін шығарсын.

5. Халық Ағарту Қомиссариаты жаңа емле мен шет сөздер сөздігін шұғыл басып таратсын.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті төрағасы:

Әуезұлы.

Хатшы: Әндіжанұлы.

Алматы, 25 июль, 1929 ж.

ҚАЗАҚСТАН ШАРУАСЫНЫҢ ҚАЛПЫ МЕН БАЙЛАУЛЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

ЕЛ МЕН ЖЕР

Қазақ жастарының ел шаруашылығына қатысу жолдарын дұрыс шешу, ел шаруашылығының осы кездегі қалыптарын айқын танумен байлаулы. Сондықтан ел шаруашылығының осы күнгі қалыптарын тексере келе, мұнымен байланысты кезектегі шараларды анықтап кетуге тура келеді.

Қазақ елі шаруашылығының түріне қарап негізгі екі жікке бөлінеді: бірі – егінші жатақтар, екіншісі малшы көшпелілер (астын сызған – редакция).

Бұлардың қайсысының болса да шаруашылықтары күнкөргіш өзіндік ретінде ғана. Екінші түрде айтқанда – тамақтық.

Екінші жатақтардың бұл күйде болу мәнісі кедейлік. Кедейлік, қазақтың, бір жағынан, егін кәсібіне кенеттен жаттыға алмағандығынан, екінші жағынан, егінге болмағандығынан, егін кәсібінің өнімсіздігінен туып отыр.

Малшы көшпелілердің шаруашылықтарының күнкөргіш өзіндік болу мәнісі: малшының сырттан керек қылып қаларлық заттарының кем болып, үй шаруа¹ жабдықтарына керек заттары өз шаруашылығынан табылып отырғандықтан. Қанша малы көп бай болса да, малын сырттан алатын заттарға лайықтап қана сататындығы. Бұл секілді сырттан келетін заттарға мұқтаждығы, малының өсуімен байлаулы болмағандығы.

Сондықтан көшпелі шаруалардың байлығының көбі өлі байлық. Ел байлығына жатпайды. Бұл күйде тұрғанда қазақ шаруашылықтары жалпы ел шаруашылығына пәлендей әсер бере алмайды. Олай болса, қазақтың егін шаруашылығын нашар күйден көтеруге, мал шаруашылығын өлі күйде қатынасқа айналдыруға қам қылу керек. (ред.).

Қазақтың егін шаруашылығының елдік болуына бұл шаруашылықтың дамуы ғана қажет. Мал шаруашылығының дамуы үстіне шаруалардың сырттан керек қылатын заттарының түрлері көбеюі керек. Өйткені, алатыны көбейсе, ұстайтыны да көбеймек.

Егінші шаруалардың шаруашылығын дамыту, егін саймандарын жеткілікті қылу арқылы егін кәсібін өнімділікке айналдырумен табылады. Мұның жолдары кілең нашар шаруаларды ұйымдастырып, қазынаның ауыл шаруасына арнаған түрлі қарыздарына несібеге (несиеге) беретін машина құралдарына ортақтас қылу.

Малшы шаруалардың шаруашылықтары пәлендей төтен дағдарысқа душар болмағандықтан, өркендету жұмысына пәлендей шұғылданбай-ақ, тек малының өлі жағын қатынасқа айналдырып жіберуді мақсат қылу керек. Бір жағынан шаруалардың сырттан алатын заттарын уақытында түгелімен әзірлеп тұратын сауда ұйымдарын өркендету өте қажет.

Ұйымдардың қай түрлерінің де болса өркендеуі, бір жағынан, ұйымдасқан елдің ынталылығына, екінші жағынан, ұйымның ішкі жұмысының дұрыс апаруымен байлаулы.

Сондықтан жаратылысында жігерлі, жаңашыл жастардың бұл секілді ұйымдардың тууына, туғаннан кейін жұмысының жемісті болуына жолбасшылық етіп, ішкі мәдени жұмыстарын басқарып отырулары азаматтық борыштарына жатады. Сонда ғана жалпы мәдениетті ел шаруашылығымен қатынасы жоқ болса да, өте кем қазақ шаруаларын мәдениетті ел шаруашылығының толық мүшелігіне айналдырып, сол шаруалармен мұңдас қылуға болады.

Өйтпеген күнде үкіметтің шаруашылықты көтеру туралы, істеп жатқан шаралары жеміссіз болмақ.

Мұхтар Әуезов

Әңгімелер



ЖЕТИМ

Жаз ортасының қоңыр кеші. Ұлытаудың бөктерінде кештің қоңыр салқын желі еседі. Күн батып¹, ымырт жабылып барады. Күнбатысты қалың қара бұлт басқан, айналада күңгірт тартқан төбелер қоңырқай тартып, түн тыныштығына қарай бойсұнған сияқты. Сондай жүдеп сарылған төбелердің арасымен үш салт атты келе жатыр еді. Бұлардың беті – қалың таудың іші. Күнбатыста алыста жауын бар еді. Сол алыста күн күркіреп жатты. Анда-санда көкжиектің тұсында күн жарқылдап тұр. Бұлт қалың, жарқылдағы күшті еді. Қарабарқын тартып қараңғылана бастаған аспанда түксиген қатал қабақ, құлазып жүдеген иесіздік білінгендей. Үлкен жарықтың өшер алдында бір сөніп, бір лап етіп жанғанындай, күнбатыста жарқ еткен нажағай жарығымен күңгірт даланы әлденеге үміттендіріп тұрған сияқты². Тау бөктеріндегі қоңыр жел ақырындап бұралып соғып, салбыраған шерлі күйді қозғағандай болады. Табиғат салқын түсте болса да, сұлу тілді сүйгендей, іздегендей еді. Мәңгі мұңлы шермен үзіліп-үзіліп соққан желмен бірге жүректі ақырын-ақырын шымшығандай еді. Сол кезде иесіздікте жүдеу тартып, ұйқыға батып бара жатқан даланы әнші жігіттің зар-мұңлы даусы ұзақ толқынды ырғағымен тербеткендей болды. Ән салқын түсті табиғат ортасында желікті қызықты еске түсірмей, ұлы бір сабырды еске түсіргендей³. Ән салған жігіттер табиғатпен жалғасатын тіл тапқандай боп, кейде баяулап қоңырлатқан, кейде шырқыраған сұлу әнмен түн құшағына кіріп келе жатты... Бұл мүйнетте адамның әні де алыста күркіреген, күндей, үзіліп соққан бөктердің желіндей табиғаттың өзінен шыққан бір қуат сияқты еді. Бойды табиғат қуатындай болып тоңазытып, көңілді жүз толқытатын қуаты бар еді. Ән кейде батқан күн мен бейуаққа қоштастырған үн сияқты⁴.

Бұл жігіттер иесіз таудың ішімен түнде жүріп өтпек болып, тау сыртындағы елді бетіне алып, жалғызаяқ жолмен түн қатып келе жатыр еді. Осы кезде осы таудың сыртында жігіттер келе жатқан жақты бетіне алып, жалғыз жаяу бала келе жатты. Жол үстінде ымырт жабылып, қас қарайған шақта жалғыз келе жатқан баланың ойында үлкен мұң, қабағында қалың қайғы бар.

Табиғат балаға қатал, суық көрінеді. Жан-жақта жүдеу тартып, жұмырланған боз төбелер қайғылы сырымен, дүние шерімен сазарғандай. Бетіндегі ақ көде, сары селеуді сүйретіліп, сумандап соққан түн желі желпи қозғап сілкіктіп тұр. Қарауытқан көлеңкелі сайлар қара түннің қараңғы сырын бауырына жиып, әлденеге сақтап тұрғандай болады. Белгісіз тұңғыық жүрегін жаныштады⁵. Әрі салқын, әрі қорқынышты күйді есіне түсіргендей болады. Жүрегін қорқыныш басып, жалғыздық жеп келе жатқан баланы не бастап келеді? Жеті түнде айдап шыққан айдаушы кім? Айдаушы – сол баланың тағдыры еді.

Он жасар Қасымның бұдан бір жыл бұрын кәрі анасы өліп еді. Одан жарты жыл бұрын өзі туған әке-шешесі өлген... Өз әке-шешесі өлгенде Қасымның сүйеніші болып қалған кәрі әжесі бар еді. Қасымның кішкентай әлсіз басы тағдырдың бұның басына келерлік барлық соққысын түгелімен көріп шыққан. Алдыңғы өлімнен кейін жарты жыл өткенде кәрі әжесі өліп еді. Бұрынғы бала – бұрын еркелікпен жылайтын Қасым әжесі өлген күні шын қайғымен жылап еді. Басына аспан құлағандай уайымды сол күні көріп еді⁶.

Жақын, жанашыр туысқаны жоқ болса да, маңайындағы ел әжесінің өлігін үйден алып шығарда, кішкентай Қасым үлкейген кексе кісі айтатын зардың бәрін айтып, шешесінің үстіне жығылып, айырылғысы келмей құшақтап⁷:

– Әжетай, мені кімге тастап кеттің?! Мені неге ала кетпедің, менің қаңғып қалғаным ба? Менің шынымен сорлы, шынымен жетім болғаным ба? – деп зарлағанда, елдің сай-сүйегін босатып, кәрі-жастың жүрегін еріткен болатын.

Қасымға өзге өліктің бәрінен⁸ әжесінің өлігі батып еді. Әжесі демі үзілген мүйнетіне шейін қарсы алдында, аяқ жағына Қасымды отырғызып қойып, содан көзін алмай жатып үзілген. Кәрі кеудесінен жаны шыққанша Қасымға ендігі қайғының қаншалық ауыр болатынын біліп, бұның сорлы болған пішінін

көруге өзінің көзі шыдамай, есіркеп, барлық күшін жиып, езу тартып күлген сияқтанып жатып еді. Сонда өмірді тілесе – Қасым ержеткенше деп тілеген. «Құлынымның бұғанасы қатқанша, рақым ет. Сорлы қылып қақсатпа, зарлатпа, көрде мені күңдірентпе!» – деп тілеп еді.

Әжесі осы тілектің үстінде өліп еді⁹. Қасым сол күнгі жылауынан бастап, үлкен кісідей қайғыға, қаралы күйге түсті. Шешесін жоқтап жылағанда, елжіреп сүйген атасы, өз әкешесі түгелімен көз алдына келіп елестеп, кешегі жылы ұяны көз алдына әкеп тұрғандай болушы еді¹⁰. Қасым бәрінің де атын атап шақырып, кішкене ақ таяққа сүйеніп тұрып, жалғыз өзі оңашаға кетіп, зарланып жылаушы еді.

Қасым ұйықтаса, бақытқа жеткендей болып, өзін алдына алып сүйіп, уатып, көзін сүртіп жүрген әке-шешелерін көруші еді.

Бәрі де: «Біз тіріліп келдік, енді өлмейміз... Сен қорғансыз емессің, сен жыламайсың, сенің көз жасың бізді қайта алып келді...» – деуші еді. Қасым түсінде еркелеп, әжесінің төсін иіскеп: «Мені неге жылаттың?» – деп өкпе айтатын. Ояна келсе – көргені түс болса да, Қасымның көңілі солардың өлгеніне көпке шейін сенбей жүрді. Белгісізден солардан хабар әкелуші бардай, не болмаса біреуі келетіндей, көңіл қиялын сол ой билейді.

Бірақ күндер өтті. Қасым жетім болды. Жетімдік бұған өзін барлық суық пішінінде емін-еркін танытты. Қатал тағдыр мықты қолымен қатты ұстады.

Күннен-күнге өткен сайын әжесі келмейтін болып, алыстай бастады. Оның бейіті Ұлытаудың бөктерінде алыста қалды. Ауыл тау асып көшіп кетті. Әжесі тірі болған күн Қасымның көңілінен сұлу сағымдай, жазғытұрғы мамық түсті бұлттай болып, қайта оралмастай боп жоғала бастады. Әжесінің мұны уатып айтатын ертегісі, кешкі мезгілде алдына алып күпісіне орап отырып тербетіп айтатын сезімді қоңыр әні де жоғалды. Өшті. Қасымның үмітті жарық күні де батты¹¹.

Әжесі өткен соң «жақынымын» деп, жаны ашыған ие болып шығып, Иса деген ағайыны Қасымды қолына алды. Қасымның әке-шешесінен отыз шақты қой, он шақты қара қалып еді.

Исаға Қасымның малын берерде жұрт: «Жетімнің малына қиянат қылма! Өзін адам қыл, күт, асыра, жылатпа!» – деп тапсырған болып беріп еді.

Исаның балалары көп, малы жоққа жақын кедей болатын. Ұрысқақ долы қатыны Қадиша мен Иса Қасымды алғашқы қолына кіргізіп алысымен, малды өз малындай, өз мүлкіндей баурай бастады¹².

Түнде ел жатқанда жетім қозыдай тас бауыр болып қалған Қасым¹³ жат ұяда ұйықтай алмай, көрпенің астында үндемей жылап жатқанда, Иса мен Қадишаның әңгімесін есітіп еді. Сонда олар Қасыммен бірге келген малдың санын азсынып, әрқайсысының түсін атап: «Әне бір көк саулық пен қарабас қойды соғымға жібереміз, қасқа сиырды сатып, үй-ішіне, бала-шағаға саудагерден бұл аламыз», – деп, ашыққа салып, кеңесіп жатты¹⁴.

Қасымның көрпе астында жылап жатып, мұрнын тартып дыбыс бергені де оларды бұрынғы әңгімеден тыйған жоқ еді¹⁵.

Қасым осы түннен бастап бар қайғыны ішіне жия бастады. Маңайындағы көрші қатындар, сенімсіз¹⁶ топас шалдар:

– Бала, малыңа ие болуға жарамайсың?..¹⁷ Әй, сені Иса жейді ғой. Сенің малыңды құртады ғой. Ие бол! – деген сөздерді айтқыштап қоятын.

Қасым сөйлеп, орынды сөз айтып жеңе алмайды. Бірақ көңіліне жетімдік, әлсіздік қайғысы зіл қара тастай орнап қалды. Аз заман өткенде бұрынғы толық ажарлы Қасым аппақ болып қуарып жүдеп, ылғи қабағы түйіліп, қайғы сызымен түксініп алды. Жалғыздық, сорлылық кебін барлық пішінімен білдіретін болып еді¹⁸.

Бұрынғы кішкене әлсіз ойымен нобайын сезіп, қорқып күткен суық күн Қасымның басын күннен-күнге суық қолын созып, жақындап келе жатты. Қасымның малы ұстала бастады.

– Мен жетім емес пе? Менің малыма тигенің обал емес пе? – деп жылап айтқан, жұрттан ұғынған сөзі әсер бермейтін болды. Көк саулықтың мойнынан құшақтап жабысқан жолында Иса мен Қадишадан қабат таяқ жеді. Жылаған сайын тамақ бермейтін болды. Алғашқы қайғылы күндегі Қасымның қадірі де ұзақ болған жоқ еді. Екі-үш күннен соң Иса мен Қадишаның сезім дегенді білмейтін – кен болған көңілдері бұрынғы таз қалпына келіп еді.

Олардың балалары бірінен-бірі ерке болып шығып, Қасым қағаберісте қалатын болды. Қасымға таласа-тармаса күнкөру керек болды. Мал ұсталғалы басында қайғыртып жылатып,

кішкене сорлы жетімнің ішіне у болып жиналып жүрсе де, әрі-беріден соң ол қайғы бір бөлек қалды. Енді Қасым тамақты да жөндеп іше алмайтын болды. Жыламаса, әке-шешесі бар балалардан кезек тимейді. Оның үстіне, олардың ересегінен таяқта жей бастады¹⁹. Қасымға бұдан соңғы бір қайғы болып малды қарастыру, қозы бағу шықты. Аздан соң өзге балалар «тілазар, кәпір, бармайды» деген атпен құтылып қалатын болып, Иса мен Қадишаның бейілді қабағына ырза болатын күйге келген Қасым тезек теретін болды. Малдан кешке келіп сүрініп-жығылғанда болмаса, Қасымға бостандық, еркіншілік жоқ еді. Кейде Иса өз балаларын: «Олардың малы жоқ, малдың иесі – Қасым», – деп қойып, олардың еріншектігіне өзі құрық беріп, Қасымның бейшаралығын ашық арамдықпен қақпай қылып та қояды²⁰. Бұл халдің барлығы сорлы жетім көңілінде күннен-күнге өткен сайын арылмастай үлкен у болып жиналып жүрді. Қасым енді барлық өзіне қарсы арналған арамдық, өгейлік құлық пен кәпірстан мінезді қабақтан, жарты сөзден ұғатын болды. Тұрған ауылында бір адамнан мейірімді мінез көрмеген соң, ешбір жанмен сөйлеспейді. Күз күніндей жабырқап, жүдеп, қабағы қатқан қайғыда. Сырт пішіні момын сияқтанады. Бірақ ішіне ылғи жетімсіреген жалғыздықпен бірге, дүниеге сенімсіздік, ешкімге жуымайтын жатбауырлық нығайып орнай бастады.

Бұл мінез өсіп, күшейіп²¹, ішіне мұздай болып қатқан сайын, Қасым ашулы болып, қаны бұзыла бастады. Оның үстіне, үнемі аштық, күтімсіздік, ауыр жұмыс қосылып, ойын шатастыра берді. Әжесі өлген соң көңілінде бір күн тіршілігіне сүйсінгендей ашық күн болған жоқ. Кішкентай Қасымның түсі де, көңілі де қартайып, жүдеп барады. Бұл уақытта Қадишаның қолы үйреніп алған таяғы күннен-күнге: «Жетім ит», «Жаман неме?» – деп көзге шұқып, жиі-жиі тие бастады²².

Бүгінгі Қасым жалғыз келе жатқан түннің алдында танертеңнен кешке шейін Иса мен Қадиша, бұны үйіне жолатпай, ауылдан қуып жүріп сабап еді²³.

Ақырғы рет кеш алдында күні бойы жылаумен үздігіп, әлі біткен Қасым жетімектің барлық сорлылығына бойсұнған пішінімен Исаның үйін жағалап келе жатыр еді. Жаутаңдаған көзімен жылы шырай іздеп келе жатқанда, алдында бұрынғыдай зәрленіп тұрған Исаны көрді. Иса бұған «сен қарсы келдің» де-

ген зілмен тағы да ұрмақшы болып қарсы жүгірді. Сол уақытта Қасым жаны күйіп шыдай алмай жылап жүріп сөйлеп:²⁴

– Мені мұндай сорлы қылғандай не жазып едім?.. Ненді жеп едім?! Жазығым – қуарып қалған жетімдігім бе? – деп жерде жатқан үлкен тасты ала салып, төніп келіп қалған Исаны тізесінен періп кеп жіберіп, далаға қарай қаша жөнеліп еді.

Иса аузына келгенін айтып боқтап, аяғы мертігіп, «бақ» етіп отырып қалды. Қасым сол бетімен тас лақтырып қуған балаларға жеткізбей, үлкен тауға қарай жөнеліп еді²⁵.

Ауылға енді қайта бара алмайтынын біліп, зарлап еңіреп, әжесі мен атасының атын атап шақырып келе жатқанда, бұрыннан ойлап жүрген бір көмескі ниеті есіне түсті, ол ниеті – ел жайлаудан қайта оралып, қыстауға таман жақындаған соң, сол қыстау маңында зираты бар әке-шешелерінің басына бармақшы еді. Олардың басына мал сойып апарып, Құран оқытамын дегенде, алдында Иса мен Қадиша ұрсып, қабыл алмай, малды сойғызбай қойған.

Қазіргі Қасымның ойы – енді баратын қорған жоқ болғандықтан сол қораға барып, сол маңайда қалған жатақтарға жетіп, тау бөктеріндегі әке-шешелерінің басына барып, қабірін құшақтап жылау еді. Тау асатын жолда жалғыз келе жатқан зар еңіреген жетім бала Қасымды алып келе жатқан хал осы.

Қасым жүгіре бастады. Шошынған қабақпен алды-артына қарай береді. Жетім көзі белгісіз бірдемені күткендей болады. Пайдасыз күту. Ішінен қатты қорқып келе жатса да, көзіне көрінер тірі жан жоқ. Қап-қараңғы түн болды. Қасым тау ішінде келе жатыр²⁶. Бұдан кішірек күнінде көп естіген қараңғы сырлы әңгімелер болушы еді. Түнде кездесетін жын-шайтандар, қара түндей жалмауыздар... сау адамды қағып кететін перілер. Бұлардың талай рет түн жүргіншілерін шошытқан, жындандырған, көзіне көрініп елестеген әңгімелері кішкентай Қасымның көңіліне әбден қонып, онсыз да науқасты әлсіз қиялында мықты орын алып қалған...

Бұл уақытқа шейін Қасымды қайғы, жазықсыздық, ашу жетелеп дедектетіп келіп еді. Бұдан бұрын қайта қайту, Исаның пішінін көруден де өлімді таңдап алатындай еді. Сол күй қорқынышты ойлатпай алып кетіп еді²⁷. Қазіргі уақытта қараңғы түннің қара желі қатайып, түн түсі суи бастаған сайын Қасымның жүрегі қалтырап, шошынып, өлеңдеп келе жатты.

Оның үстіне, алыстағы бұлт жиі-жиі күркіреп, күн жарқылдайды. Түнгі тау, қара жартас алыстан перілер мекеніндей болып жарқ етіп, қайта қараңғылыққа батып жоғалады. Түн қараңғылығы жалт еткен жарықты тездетіп, жалмауыздай басып қалады. Таудың қараңғы сырлы сайлары жартастың қалың көлеңке басқан қара күйедей тұңғық қап-қара беттері түндегі таудың қараңғы пәлелерін²⁸ ішіне бүгіп жиып тұрғандай көрінеді... Тоғайда да қалың жапырақтың арасында қара бірдеме жасырынып, әлденені күтіп тұрғандай. Әрбір түптің астынан қара түннің тұңғық, суық, терең, қара көздері мың сан болып қадалып қарап тұрғандай... Биік тау, мықты қара жартас, бұралған тоғай мен майысқан шалғын – барлығы да түн мезгілінде Қасымның көзіне жат болып кеткендей көрінеді. Тас қабақты, жұлдыз көзді, түндей қара түсті қара кемпір тау ішін құйындай құтырып, кезіп жүргендей. Қара желімен «әпсін» оқып үшкіріп тұрғандай. Дүниені тас қып қатырып, тылсым буғандай²⁹. Түн тыныштығын ұйқылы қанатын жалпылдатып қағып ұшқан жалғыз ғана қарақұс бұзады. Сондықтан оның атын «жынды құс» қойған. Осы сияқты ауыр мезгілде Қасымды тау ішінде жетімдік қайғысы жанұшыртып алып келе жатты... Бір мезгілде, Қасым қорқып, дірілдеген жүрекпен маңайына жалтандап әр нәрседен үркіп келе жатқанда, күн жарқ етті. Сол уақытта жол жиегіндегі бір кішкене тоғайға келіп қалып еді. Оқыста көзін жұмдырып, шошытып қалған жарықтың ішінде Қасым көз алдынан елбеңдеп жөнелген бір нәрсенің түсін шалып қалды. Шошынып, өне бойы мұздап, жүрегі лүпілдеп соғып кетті. Бұл кеткен – сол тоғай ішінен ұшқан жынды құс еді.

Бірақ Қасымға ол көптен күткен қараңғы сырлы күшті қуаттың бірі болып көрінді. Сол кезде Қасымды шешесінің қабіріне қарай тартқан жетім жүрек өзге денесінің іркілейін дегеніне ерік бермей, ілгері дедектетіп алып жүріп кетті. Бірақ бұл уақыттағы серігі кім? Періште дегені осы ма? Әлде жын ба? Әйтеуір енді алдында бұлдырлап, елестеп жүгіргендей болып, елбеңдеген бір нәрсе жолын бастап келе жатқан сияқты. Қасым бір уақыт кісі екен деп ес көргендей болып еді, артынан шоши бастады. Жүрегі сенімсіздік қаупімен тағы лүпілдеп соқты. Ақырын жүріп, кейіндегісі келді... Бір мезгілде бетіне құтырып, ысқырып келіп ұйтқыған бір құйын соққандай бол-

ды. Жасқанып көзін жұмды. Қайта ашса – қараңғы түнде оттай жанған алакөз ашумен түксиіп қарап тұр...

Алдында тісі ақсиган, ұзын бойлы, қолында ұзын қара пышағы бар қара кісі тұр екен. Даланың жыны осы ғой деп ойлай беріп еді, анау Қасымға әмірлі дауыспен ақырын.³⁰

– Артымнан еріп жүр, әлсіз денеңнің шаршап талғанына қарама! Аяғыңа кірген тікенге, жырған тасқа қарама! Өліп қалсаң да артымнан еріп отыр! – деп жүріп кетті. Әлсіз жетім:

– Ағатай, жетіммін... – дей беріп еді, алакөз қайта жарқ еткенде, артынан жүгіріп кетті.

Қасым өкпесі үзілгенше ентігіп жүгіріп отырды. Көз ұшына жоғалып кетті.

Түн ортасы болған кезде, таудың осы мөлшеріне бөктерде келе жатқан үш жігіт жетті. Бұлар аяңшыл аттардың екпінімен тастақ жолды тықырлатып, таудың сала-саласын бір құлап, бір өрлеп, жолды қуалап келе жатыр еді³¹. Ұзақ жол жалықтырып, түн ұйқысы жеңе бастаған жүргіншілер бірінің артына бірі түсіп, тізіліп келе жатқан. Бір уақытта бір тоғайдың тұсына келгенде, аттары оскырып, ішін тартып, тоғайға қадалып жүрмей, үркіп тұрып алды.

Сол уақытта жаңбыр бұлты тауға таман жақындап, жел қатаңдап, күннің күркірегені жиілеп тұр еді. Күн әдетінше жарқ етті. Сонда үш жолаушы³² алдарындағы ағашқа сүйеніп жығылып, қатып тұрған баланы көрді. Басында бұлар шошып, аттары да үркіп атып кетсе де, артынан оралып дабыстап, әлгі жерге қайта келді. Бұлардың көп айқайына ешкім дыбыс бермеді. Аздан соң аттан түсіп, қасына келіп қараса – жыртық киімді, өңі құп-қу болып, қаннан айырылып жүдеген он, он бір жасар бала екен. Ол – өлік. Бірақ денесі әлі түгел мұздап та болған жоқ екен³⁴...

Мұхтар

БАРЫМТА

Жарық айлы түн еді. Аспан бұлтсыз ашық. Мың сан жұлдыз тұңғыықтанған түн аспанында алыстағы оттай тала-сып жылтылдап тұр. Июль жұлдызының аяғы болғандықтан, жайлаудағы шеткі қоныстарға өрістеп барған ел енді күзекке таман қайта көшуге айналып бір-бір қоныс кейін шегініп келіп отырған. Қайтадан елдің бес-алты ауылы Кеңөзекке кешелер қонған болатын. Кеңөзек жайлаудағы шалқар қоныстың бірі еді. Бұның жері биік, кең төскей болатын. Терісаққанның елі жиылып көшкенде, кей кездерде Кеңөзекте он бес-жиырма ауылдай ел сыйып кететін қоныс бар еді. Қойнын ашып, төсін кереген жалпақ шалғынды өзектің ортасында Кеңөзектің жіңішке суы ағатын. Бұл қоныстың өзге жайлаулардағы қоныстардың ішінде ең ерекше жері – жаздың қандай ыстық күн болса да, өзге жерден ерекше бір салқыны болатын. Солтүстіктегі биік таулардан асып келіп, үзіліп-үзіліп майысып соғып тұратын қоңыр салқын желі болушы еді. Өзектің айналасындағы төбелер ылғи жасыл шөпке оранып, мәңгі жастық түсінен айырылмайтын сияктанушы еді.

Қазіргі жарық түннің тыныштығының ортасында Кеңөзек ұйқыға кеткен сұлудай болымсыз дымқыл тұманмен бусанып, тыныс алған сияқты¹. Өзек бойына шашырап қонған ақ шұбар ауылдар әр жерде, тарғақтың, үйрек-қаздың ұядағы жұмыртқасындай болып, өзінше бір жарастықпен дөңгеленіп, үймелей отыр еді. Ауылдардың көпшілігі жатқан. Түңліктері жабылған ақ үйлер ай сәулесі түсіп маңқиып, қара үйлер тұнжырай қарауытып, түн тыныштығына бойсұнып қалғығандай. Қотандағы мал тегіс жатқан – тегіс қалғытқан ұйқыда. Өзек бойында бір-біріне сүйеу болғандай болып, анда-санда даланы жаңғыртып айқайлаған күзетшілердің айтағы естіледі. Әр жерде бірен-саран иттер үреді. Күзетші сарылған

дауыспен дағдылы айғайын созып, зорайтып айтады. Ұйқы түніндегі күзетші айқайы тұманды түс көргендей болып калғыған Кеңөзекті әлдилеп тербеткендей еді². Күзетшінің айтағы ұйқыға, тыныштыққа, демалысқа шақырғандай болады.

Ауылдардың көпшілігі жатқан болса да, кейбірінде бірен-саран үйлердің оты бар еді. Кей жер ошақтарда бірде үзіліп, бірде қайта қозданып, жалпылдап жанған оттар көрінеді. Түңлігі жабылмаған үйлердің шаңырағынан қызғылттанған сәуле көрінеді. Қызғылт жарық тіршілік белгісіндей болып көзді тартады³. Әр ауылда жатпаған үйлер – кешірек жататын байлар үйі еді. Ел жататын мезгіл болса да, бүгін бұл үйлер жата қойған жоқ-ты. Үлкен үйлердің арасындағы кермеде әрбір ауылда суып тұрған ерттеулі аттар бар. Араларында жарау бәйгелер, дәмелі жүйрік айғырлар да көрінеді. Бүгінгі күн бұл ауылдардың қалың жылқысындағы сәйгүліктің бәрі де кермеде болатын. Аттар әлдеқалай дыбыс шықса, сарылып тұрған тыныштықты ауырлағандай болып тықыршып, пысқырып, кейбірі жер тартып өлендейді. Бұл аттар түстен бері тегіс мініліп, бусанып келіп, жаңадан байланған болатын.

Кеңөзектегі ауылдың кермеге ат-айғырын байлап, бүгінгі күн әбігер болуына себеп не болып еді?⁴ Енді соған келейік. Терісаққанның елі жыл сайын жайлауына келгенде, бұның жайлауы мен жайлауы жапсарлас болып аралас отыратын Қарағанды болысы болатын. Қарағанды, Терісаққан – екі дуанға қарайтын. Екі елдің руы да екі басқа, бір-біріне алыс болатын. Бұларды бір-біріне жақындастыратын жазғы жайлау ғана еді. Екеуі де малды, кісілі, жуансынған соқтыққыш ел болатын. Осы екі ел ру басы жуандарының бір-біріне сыз өткізсем деген басталасы, бақкүндестігінен және солардың екі елді бүлдірген мінезінен барып, ақыры, бір-біріне қатты уыққан, қатты аңдысып шатасқан ел болатын. Соңғы екі жылдан бері екі ел бір-біріне әбден өштесіп ап, қолдарынан келген қастықтарын аяспайтын болып еді⁵. Жаулықта аралары ұзасқан болатын. Екі жағы да қарсы елдің басты кісілерін ұлыққа шағысып, талай-талай арыздар берісіп, адвокатпен де қуысқан. Бірақ бірін-бірі мендетіп жеңіскен жоқ-ты. Ұлық бұлардың арасындағы дау-шарды жете тексерген жоқ.

Дуаны екі басқа болған соң, араларындағы шатасқан түйінді шешу қиын да болған. Сансыз көп қып берген арыздарынан кей

уақыттарда, айлар өтсе де, жауаптар келмей қалатын⁶. Бірақ бұл елдердің адамдары қыс болып, аралары алыстаған уақытта ғана арызбен іс қылушы еді.

Жаз болып бір-біріне еріксіз жақындап, қоян-қолтық келгенде, қолмен іс қылып: не ұрласып, не барымталасып, кей уақытта жасақ жиып шабыспақ та болып, дөңайбаг жасасып қалатын. Осы сияқты халдер бірталай жылдан бері келе жатқандықтан бұлардың арасында ел ортасының жесір дауы, қоныс дауы, күн дауы сияқтылардай іргелі даулары да болатын.

Сондаймен⁷ көптен кижінісіп келген елдер биылғы жылдың жазында бір-біріне қолдарын батырмақ болып, қыза қимылдасып еді. Ала жаздай жайлауда екі ел жақын отырған уақытта ел азаматтары түгелімен ат үстінде болған. Жаздай неше қилы әңгімелер болып өтті⁸. Бір күні «пәленше таптан барымта алынып қалып, пәлен ауылдың жылқысына жау тиіп, айырып қалыпты» десіп, кейде «пәленнің екі-үш жылқысы өткен түнде жоқ болып шығыпты» десіп, тағы бір уақытта қораға ұры кіріп азан-қазан болып қалған ауылдардың түрлі-түрлі әңгімелері естіліп жататын. Екі елдің жаулығындағы бір дағдылы жұмыс: алғашқы көрші келіскен кезде бұлар көп алыспай, көп соқтықпай, бірін-бірі барлағандай болып келіп, жаз ортасы ауғанда, әсіресе айырыла көшетін мезгіл жеткенде қызысып алысатын. Кей уақытта айырылып көшіп, арасы әбден елсіз болып алыстап кеткенше, түн асқан сайын бір оқиға болып қалып отырушы еді. Бүгін түнде Кеңөзекте отырған ауылдар – сол оқиғаның⁹ нағыз қайнаған ортасында болатын ауылдардың бірі еді.

Өйткені бұл ауылда Терісаққаның ең жуан жері – Досбол ауылы болатын. Терісаққан Қарағандымен алысқанда, Досболдың нұсқаған бетімен барып соқтығып қағысады. Биылғыдай жаугершілік болған жылдар барымташылардың топтары аттанса да, айтыс-тартыс болса да – барлығы Досболға мәлім-деліп отыратын. Кейде көп сөз, көп кеңес Досболдың өз алдында болатын. Кеңөзекте отырған бес-алты ауылдың ортадағысы сол Досболдың ауылы еді. Бұлар жайлаудан қайта көшкен. Қарағанды да кейін серпіле бастаған. Сондықтан енді түн болған сайын жүдеу тартқан кемпір-шал: «Тағы не болар екен, тағы қандай пәлесі сап етеді?» – десіп, күрсініп налығандай. Желікті бозбала, ер-азамат аты мен сойылын сайлап, елең қағып

әбігерлене бастайтын¹⁰. Биылғы жыл Досбол Қарағандыны жуасытамын деп бата кимыл қылып, сол елдің өзіндей басты ауылы – Айдардан жақында отыз жылқы барымта алған. Бүгінгі түннен бес-алты күн бұрын олардың қуғыншылары келіп, сөз ала алмай қайтқан болатын. Сондықтан барлық Терісаққан болып, әсіресе Досболдың дәл өз маңайындағы жақын ел болып, енді Айдардан іс күтіп отыр еді. Досболдың тілеуіндегі жуан ауылдың көбі бұның ыстығына күйіп, суығына тоңбақ болып, өзді-өз ауқымындағы кедей-кепшіктерін де қолтығынан шығармай сойыл соғар қылып әзірлеп жүрген¹¹. Екі елдің арасы алыстағанша бұның ауылы мен сол ниеттес жақын атқамінерлерінің ауылдары бірге қонып, бірге көшпекші еді. Бірақ ылғи малды бай ауылдар жақын отырса, қой-қозысы араласып, былығы беріп, түгендеуі қиын болған соң, Кеңөзекке алты-ақ ауыл қонып, өзгелері сол маңайдағы жақын-жақын қонысқа үйіліп-үйіліп, тығыздалып қонған болатын. Осы сияқты мазасыз болған халдің ішінде бүгінгі күн бір үлкен оқиғаны күткен күн еді. Андысып алған ел бұл соңғы уақытта бір-біріне соқтығуға бекінген соң, барлық сойыл ұстауға жарайтын жігіттеріне, барлық дәмелі жүйріктерін мінгізіп, күндіз-түні бірдей жер шолғызушы еді. Бұл сияқты сақтыққа келгенде Досбол өзге жауларының бәрінен айлалы, шебер, әккі болатын. Ол сойыл ұстатып, атқа мінгізген көрші-қолаң, кедей-кепшіктерге өз балаларын, туысқандарын да қосып, көбінесе өзі де қоса атқа мініп, дамыл алмай жер шолғызып, маңайды сүздіріп алып отыратын. Сондай шолғыншылары Қарағандының жалғызаяқ болып жүрген жауларынан талай жортуылшыны бекініп жатқан жерлерінен басып қалып, түсіріп алып жүретін. Ел жайлауға келгенде, Досбол өз жылқысына көп жылқышы салатын. Ылғи жаумен соғысуға жарайтын сенімді мықты жігіттер Досболдың жылқысында болатын. Сондықтан Айдардың бестен, оннан аттандырған кісісінің көбі талай келіп, жолы болмай, бос қайтқан. Кейбір соқтыққан топтары ұрысқыш жылқышылардың қолына бірен-сарандаған кісілерін де қалдырып кеткен. Досбол Айдардан соңғы барымтаны алдырғаннан бері сақтық пен пысықтықты бұрынғысынан да асырып еді.

Маңайдағы елдің «соғысады» деген ірі жігіттерінің көбінің астына сенімді ат беріп, сойыл-шокпарларын ыңғайлап, кейбіреулеріне мылтық та беріп, өз ауылында сақтайтын.

Күндіз-түні соларға жер шалғызатын. Бірақ осылардың бәрінің ішінде Досболдың ең нық сенетін бір жігіті бар еді. Ол – өзінің жылқышысы, бір жесір кемпірдің жалғыз баласы Қалбағай болатын. Қалбағай отыз жастардың шамасына келген кең жауырынды, дөңгелек денелі, өзгеден ерекше біткен қайраты мен жүрегі бар, шоқша сақалды қара жігіт еді. Бұны «Қарағандыдан шыққан жаудың албастысы» деген атақ Терісаққанға түгел жайылған болатын¹².

Соғыстағы шапшаңдық, мықтылықтың үстіне, бұл қыстыгүні ат құлағы көрінбейтін боранда, айсыз қараңғы түнде жылқының ішінен бірде-бір күн қалмайтын. Қапысы жоқ. Жалығары, қажуы жоқ ерекше біткен жан еді. Қар төсеніп, мұз жастанып, дамыл алмай жүріп, жылқыға шүйгін болатын жерді ерте бастан есептеп білетін. Қосты ылғи өзі бастап жүріп көшіріп, алдындағы малын қыстың жұтынан, қасқыры мен жауынан, жаздыгүні барымташыдан ылғи аман алып қалатын. Қалбағай жылқының құты, өзіне тиген малдың берекесі еді. Жылқы да Қалбағайды танығандай еді: нелер шу асаулар Қалбағай боз айғырмен қуғанда, қалтырап, қаша алмайтын¹³. Дөнен-бестісіне шейін жүген-құрық тимеген асаулар Қалбағай не бұғалық тастап, не құрық салғанда, тақымын қозғауға жарамай, шыңғырып барып жығылып, не темір қолдың күшіне бағынып, буынып жуасып, бойсұнып тұрып қалатын. Қарағанды жауларын айтқанда Қалбағай мазақ қылып: «Жаман жігітті кім жықпаушы еді: жауды көрсе, буыны босап кететін жігітке жауға шауып не керек?» – дейтін¹⁴. Бүгін сол Қалбағай жылқыда еді. Досбол Қалбағайдың қасына жеті-сегіз жігітті қосып беріп, өзге азаматты ауылында сақтап, аттарын байлатып отырған. Бүгінгі күннің өзгеден ерекше қаупі бар. Өйткені далада жүрген түйеші түстен кейін Қарағанды жақтан шыққан бір топ жауды көрген. Түйешінің айтуынша, алыстан көрінсе де, жау қарасы мол, жүрісі қатты, беті – Кеңөзек айналасындағы ел болғандай. Бұлар Кеңөзектен құнан шаптырымдай жердегі Қызылтасты бетіне алып келе жатқан сияқты деген. Осы хабарды ауылға түйеші екінді кезінде келіп айтқан еді¹⁵. Шолғыншылар түн боп кететін болған соң, ұзап шығып, жер шала алмай: «Қапыда айырылып қалармыз, енді жауды ауылда жылқыдан тосайық, не болса да өздері келгенде қақтығып көрейік», – дескен. Қазіргі уақытта ел жатқанша жылқыда жүріп күткен шолғыншылар

енді: «Ол жау соқтықса, таң ата жылқы иіруінде соқтығады; оған шекті тамақ ішіп келеміз», – деп ауылға келген. Бұлар тамаққа келерде жылқыны ауылдан өткізіп, ел жаққа шығарып, ауылға жақындатып әкеп салып, жылқының ішінде бұрынғы жылқышылардан басқа тағы алты-жеті кісіні қалдырып келген болатын.

Көпшіліктің айтуынша да, Досбол мен Қалбағайдың болжауынша да бұл жолы Қарағанды¹⁶ мықтап сайланып соқтығуға лайық еді. Соңғы уақытта Қарағанды жақтан жансыздан келген хабар: «Айдар Қалбағайдың да атын естіп, Қарағандыдағы мықты ұрыларды жиып жатыр, үлкен қолмен келіп, бір мықтап соқтықпақшы», – деген. Айдардың қолының ішінде бұл жолы Қонақай, Жоламан да болады деген сөз бар еді. Қонақай, Жоламан – бір туысқан ұрылар болатын. Бұлар жалғыз екі болыс ел емес, осы маңайдағы жапсарлас елдің бәріне аты шыққан әрі әккі, әрі мықты жауынгерлер еді. Бұлар талайды зар қақсатқан жайлаудың қасқырындай ұрының көк бөрісі еді. Малды, белді ауылдардың сазайын көп бергендіктен, бұларды көрсетуші көбейіп, аяғында, ояз бен маңайдағы приставтарға аттары белгілі болып, бұларды қуып жүретін. Қазірде бұның екеуі де аты шыққан «қашқын» еді. Соңғы кезде ұлық әлденеше рет қуып келіп ұстай алмай, ала алмай қайтқан. Ұлық қолына түспеген соң, бұлар қазақ қолына тіпті түспейміз деп бұрынғысынан да асқан болатын. «Өздері үнемі қарумен – мылтық, қанжармен жүреді», – деп жұрт шошына аңыз қылатын.

«Осы Қонақай мен Жоламанды Айдар бауырына тартып, қашқындық халдерін пайдаланып, ұлықтан бүркеген боп, өзіне пенде қып ап, Досболға қарсы салмақ болып жүр», – деген хабар болған. Сондықтан бүгінгі жаудың ішінде олар да болуға мүмкін еді.

Ауылға келген жігіттер Досболдың үйінде ас ішіп, екі елдің арасын, Қалбағайдың мықтылығын, Қонақайдың жүрістерін әңгіме қылып отырғанда, Досбол ауылының солтүстік жағында, өзеннің ар жағында отырған ауылдан шуылдаған дауыс естілді... Үйдегі жұрт тегіс тына қалып: «Бұ не?» – десіп, елендеп, кейбіреуі жүгірісіп тысқа шыққанда, түн ортасында айқын шыққан: «Аттан! Аттан!» – деген көптен күткен суық сөз саңқ-саңқ етіп естіліп қалды. Үйдегі жұрттың бәрі алай-түлей боп тысқа қарай ақтарылды. Бұл кезде жылқы жақтан да

түн тыныштығын қақ жарып шыққан шошынған шулар естіліп жатыр еді.

Сол дауыспен аралас тасты жерде тарсылдап шапқан көп аттың тасыр-тұсыры мен сатырлап қатты қағысып жатқан сойыл дауысы да естілгендей болды¹⁷. Шеткі ауыл жылқыдан шыққан «аттанды» естіп шу еткен екен. Тысқа шыққан ер-азамат қарбаласып, ерсілі-қарсылы жүгіріп қақтығып жүріп, сойыл-қаруларын табысып алып, бірі ілгері, бірі кейін сарт-сарт етіп аттарына мініп жатты. Алғашқы шу мен жылқы жақтан шыққан «аттанды», сатыр-сұтырды естіген ат-айғырлар тықыршық атып шыдай алмай, басы байлаулы болса да, кермені сүзіп жөнеліп, еліріп, тынышсызданып тұр еді. Бұлардың кейбірі асығып келген жігіттер мінгенше болмай шыр айналып, сабырсызданып алып жөнеліп жатты. Көп қарбаластың ішінде түгелімен тысқа шығып қалған ауылдың кәрілерінің: «А, Құдай, сақтай гөр!.. А, Құдай, жаманшылығыңнан сақта!» – деген шын жалбарынып, шын тіленген зарлары естіледі¹⁸... Біреулері оларды ұрсып тоқтатып: «Қайтушы еді!» – деп қайрат береді. Үлкендердің араларында бала-шаға, қыз-келіншек бір жағынан жүрегі қалтырап тоңазып қорыққандай болса да, сонымен бірге дірілдеп қызық күтіп, біріне-бірі тығылып топтанып жүр.

Аттарына ілгері-кейінді мінген жігіттер біріне-бірі қарамастан сүзіп жөнелген ат екпінімен желдетіп, аспанды қақ жарғандай болып: «Қайда, қайда?» – десіп, үздік-создық шауып кетіп жатыр. Аздан соң ауылда еркек қалған жоқ. Досболдың өзі де кетті. Үйіліп қалған әйелдердің, бала-шағаның ортасында Қалбағайдың жалғыз кәрі шешесі Ұмсындық та бар еді.

Ол жүрегі белгісіз қауіптен қорыққандай болып: «А, Құдай, ақсарбас!.. Кеселділердің отына күйгізе көрме қарағымды! Жалғыздың жары – Құдай!» – деп тілеу тілеп жүрді¹⁹...

Бұның жалғыз сүйеніші, жалғыз медеу қылғаны – аға, бауыры жоқ – жалғыз Қалбағай еді. Керек десе, жасы отызға жетсе де, әлі күнге кедейліктен қалың малын жеткізе төлеп қалыңдығын да алған жоқ еді. Кемпірдің бұндай қауіп үстінде көкірегінің қарс айыра ойлайтын арманының бірі сол да болатын²⁰.

Ауылдағылар шыдамнан айырылған сабырсыздықпен жылқы жақтың хабарын асығып күтті. Аттанған шабушылар бірталай уақыт бірін-бірі демеп: «Қайда, қайда?» – деп айқайласып, сол «аттан» шыққан бетке қарай қисая шауып кетіп қалды.

Бірталай уақыт өткендей болды, Бұл кездегі айғай үзіліп-үзіліп, алыстан ғана естілген сияқты. Жау да, қуғыншылар да әлденеше белден, қырқалардан асып ұзап кеткендей болды. Жылқышылардан басқа ел кісілерінен, ауылдардан шапқан жалғыз Кеңөзектегі ел емес еді. Өзге маңайдағы ауылдардың бәрінен де, Досболдар шапқан уақытта, осылардың топтарындай болып, әлденеше топтар шуласып, ізденіп шапқан болатын. Әуелгі «аттан» даусы естілгенде, бар ауылдардан жеті қараңғы түнде²¹ шулап шапқан көп аттылар жайлаудың даласы мен белін азан-қазан қылып еді. Кеңөзектегі ауылдардың үсті көп уақытқа шейін у-шуынан басылған жоқ-ты. Түн оқиғасынан сергіп қалған күзетші айтақтары да жиілеп, құшырланып шығып, иттердің үруі де үлкен шу жасағандай болып, молайып кеткен. Оның үстіне, далада шауып жүргендердің айғайынан басқа жақын ауылдардың қатын-қалашы бір ауыл ішіндегі әңгімеге қанағаттанбай, біріне-бірі барысып қалып, топтарын көбейтіп, у-шу әңгімені молайтып жүрді. Бұлар анда-санда өзара әңгімелерін үзіп, бірін-бірі: «Токта, тоқтай тұршы әрі», – деп тоқтатып тастап, құлағын тігіп, алыстағы алысқан жаулардың сөзін естіп, белгі білмекші болады...

Бұл кезде жау да, қуғыншы да әуелгі жылқы жатқан жақта емес, Кеңөзектің басын айналып, елсізге тартып, Қарағандыны бетке алып, оңтүстікке таман ойысып бара жатқан сияқты еді. Ауылдағы жанға²² жау Қарағандының жауы екені анықталғандай болды. Алыстағы көп сарынның ішінде кейде көп аттың тұяғының дауыстары, кейде сойыл даусы, кейде үзіліп, кейде шулап шыққан айғайлар естілгендей болады. Сол көп сарынның ішінде екі-үш рет алыстан атылған мылтық даусы да гүрс-гүрс етіп естіліп қалды²³. Ауылды осы сияқты белгісіздік халінде қалдыра тұрып, біз Кеңөзектің аяғында жатқан жылқышыға келейік.

Досболдың көрші ауылдары мен өзінде жеті-сегіз жүзге тарта жылқы бар еді. Күндізгі түйешінің хабарын тегіс естіген жылқышылар бүгін жылқыға тиетін жауды түн бола бастаған сайын асығып күткендей еді. Қалбағай ымырт жабылған соң, күндіз бірталай мініліп қоя берілген боз айғырды ұстап мініп алған²⁴.

Өмірінде талай жау, талай барымташымен соқтығысып, қағысып көрген жырынды жылқышы бүгін қапысыздық пен

сақтыққа түгелімен берілгендей еді. Ол өзге жылқышының бәрін анда-санда күлдіргі, көңілді әңгіме айтып сергітіп кетіп, ұйқыларын келтірмей еліртіп, өзі дамыл алмай жылқыны шыр айналып шығып отыратын. Жылқы күндегі дағдысынша тырағайлап, шашылып жайылуға айналып, айғыр үйірлері оқшау шыға бастаса, Қалбағай қайырттып, көп жылқыны топтап жайып келе жатты. Жылқы жатқан жер адырлы қабаты көп, жасырыны мол жер болатын. Сондықтан көп ендетіп жаюға болмап еді. Жылқының шеті биікшелеу адырлардың тұсына келгенде, Қалбағай жылқыны тастай беріп, сыдыртып, ай сәулесінің астында қылаңмен жер шалатын. Ел жатар мезгілге тақалғаннан бері қарай Қалбағай бұрынғыдан да күшті сақтыққа салып, ширап алып еді. Ол тыным алмай, жылқы құлап келе жатқан өзектің айналасын кезек-кезек сүзіп, жауды барлап жүрді. Жылқыдан кейде жарты шақырым, кейде бір шақырымдай да шығып кетіп, қалғып тұрған сайларға келіп, жым-жырт болған түнмен бірге демін ішіне тартып, тымағын қолына алып, қатып қадалып тұрып қалатын. Бұл кезде боз айғыр да ұрлыққа көп мінілген дағдылы аттай болып, не бір пысқырып, не ер-тұрманын сылдырлатпай, Қалбағайдың тілін ұққандай болып мелшиіп, сарын тындап тұрып қалатын. Осымен ел жататын мезгіл әбден болғанда, Қалбағай жылқының күншығыс жағына шығып жер шалып, енді жылқыға қайта келгелі тақап қалғанда, күнбатыс жақтағы ай сәулесі түсіп тұрған бозтөбеден самаладай болып жаудың көп шоғыры шыға келді²⁵. Бұлар жеті түнде үркіп қиқулап ұшқан қаздардай болып, төбе басында бөгелместен сатырлатып сойыл қағып, қалың жылқыны үркіте қиқулап, өзекке қарай құлай шапты²⁶. Жау қарасы көп еді. Алғашқы төбе басына қарай бұлттай, шоқтай болып үйіліп, жау шыға келгенде-ақ Қалбағай жүрегі селт етпестен жаудың санына көз салған. Бұлардың қарасы 30–40-тан кем емес екен. Жылқыдағы кісі 15 шамасында болатын. Сайды басына көшіріп сатырлап шулап шапқан жауды көргенде, қалың жылқы «шұр» етіп үркіп, қатты жел күнгі дүрілдеп жанған өрттей болып Қалбағай жаққа қарай жосып женелді. Жылқышылардың бірен-сараны шошынып үркіп кеткен жүрекпен жылқымен бірге кетті. Жау қарсысына бір 12 кісі: «Қайт! қайт!» – деп қарсы шапты. Аралары жақын болып қоян-қолтық келіп қалған жаулар ай сәулесімен шағылысқан ақ сойылдарды айдынмен көтерісіп,

шапыр-шұпыр араласып, ұрысып қалды²⁷. Бірақ жылқышы саны аз. Жаудың жартысынан артығы жылқышымен ұрысқа, бөгеуілге қалып, өзгелері жылқының соңынан түре қуып жосылтып әкетпек болып бөліне шапты. Бұларды қуып үш-төрт жылқышы да шауып кетті. Жылқышылар екі-үш рет ұрысып, қағысып, байқасып шықты. Бұл жолғы жау бұрынғылардан гөрі бата қимылдайтындай түсі суық, екпінді еді.

Жылқышылар алғашқы жау қарасын көргеннен-ақ шуласып «аттан» салып еді. Әлі де сол дауыстары басылған жоқ. Жылқы жосылып, өзектен шығып, адырға қарай асып кетті. Алғашқы кезде кездесіп қалған топтар екі-үш айналысып ұрысқан соң, қалған жау да жылқының артынан салды. Жылқышылар шұбатылып қуды. Жау ішінде өзгелерден гөрі бөлекше болып, бата қимылдап екіленіп келіп ұрысатын және ұрған қолдары асығыс ұрып жүрсе де қатты-қатты тиетін екеуі бар. Бұның бірі теңбіл көкке мінген, біреуінің астында құйрығы төгілген есік пен төрдей тор қаскасы бар. Бұлардың қолынан жылқышының үш кісісі түсіп қалды. Қашып ұрыс салып келе жатқанда да артымен, алдынан келгендей табандап ұрады. Әлдеқалай көп сойылдың арасына түссе, сойылдарын шыр айналдырып, бірен-саран болмаса, көп ағаштарды тигізбей шығады²⁸. Екеуі бір емес, барлық жылқышыға да көзге түсіп көрініп, өздерін танытып қалды, бұлар соғысқанда да алғашқы келгеннен-ақ: «Мен – Қонақай», «Мен – Жоламан», – деп келіп салысқан болатын. Қазірде Қонақай мен Жоламан өзгелерден бөгеліп қала беріп, жылқышылардың бірталайын бөгеп ұрысып келе жатты. Сатырласқан ұрыс ішінде тістеніп егескен: «Я, шіркін-ай!.. Уа, кәпір-ай!..» дескен, шолақ-шолақ қылып айтып, бір-біріне ызалы болып, тұжырған сөздер естіледі. Осы сияқты ұрыспен жау мен жылқышылар жылқының көбінен өтіп, алдыңғы тобына жетіп қалды. Бұл топ – жүз қаралы жылқы еді. Жаудың он бес шамалы кісісі бұл жылқыны өзгеден жырып алып, алдына төсеп салғандай болып сойылдап, шаңын бұрқыратып²⁹ қуып барады екен. Кейінгі ұрыс салып, жаумен жағаласып келе жатқан жылқышылардың ішіне әлі күнге шейін Қалбағай келген жоқ еді. Ол өзінің үстіне қарай жылқы алғашқы дүркіреп жөнелгенде, қалың жылқыға қақтығып шыға алмай қалып³⁰, сонда да тебініп, қамшыланып, ызамен қаны қайнап, жылқыдан сытылып алып, ұрысып жатқан қалың топқа боз айғырға

қамшы басып, айғайды салып, жаңа шапқанда, жау тобынан жылқыны бетке алып шапқан бір шоғырды көріп, соны түре қуған. Қалбағай жылқыға шапқан он-он бес кісінің тобына араласқанда, бұған өз кісілерінен төрт-бес кісі қосылып еді. Бұлар қасындағы он беспен тізе қосып, қатты ұрыс салып келе жатты.

Бұл кезде Қалбағайдың қасындағы жігіттердің де жүректері орнына түсіп, ұрысқа төселіп алғандай еді. Қалбағай жау тобымен екі-үш рет араласып, салысып қалғанда, бір жау аттың жалын құшып барып, өзгеден оқшау шығып кетіп, ауытқып³¹ барып түсіп қалып еді. Бұдан соң тағы бір айналысқанда, алдынан қасқиып келіп табандасып ұрысқан жирен қасқа атты Қалбағайдың сойылымен бірге шаншылып түсті. Қалбағай бұл арада кара шокпарды сүйсінгендей болып бір салмақтап алды. Жылқыны көздеп шапқан топ бұлармен ұрысқа бөгелмей, жылқыны жарып жөнелмекші болды. Бірақ Қалбағай бұл жылқыны оңтайлықпен беретін сияқты емес еді³². Жау мен жылқышының артқы тобы жақындап, сатырлап, жанталасып тақап қалғанда, Қалбағай жанындағы жолдастарының тізесін қосып алып: «Менен жырылмай, жылқының ортасын қақ жарындар!» – деп, боз айғырға қамшыны басып-басып келіп, жолшыбай сермелген сойылдарын қағып ұшырып, алдыңғы жаудан тобымен өтіп шықты. Сол бетімен жылқыны жан-жағына кезек-кезек машинаша жылдамдықпен сойылдап, айғайды салып ұрып отырып, қақ жарып шықты. Дәл осы кезде³³ топтанып, шоғырланып келе жатқан жылқы жан-жағына тоз-тоз болып бытырап женелді. Көбі кісінеп үркіп, кейінгі көп жылқыға қарай қайта жөнелді. Артқы жау шашырап жөнелгендерге ие бола алмай қалып еді. Алдыңғы жарылып жөнелген жылқының артынан өзге қалғаны да шашырап жан-жағына жөнеле бастады. Әрі-беріден соң жау сойылы да бөгет бола алмады. Өзге көп жылқыдан бұл кезде жау ұзап кетіп еді. Басында алдарына түскен жылқыдан жартысынан артығы қашып кетті. – Қалбағай айырып алды.

Қазірде жаудың алдында жиырма бес, отыздай-ақ жылқы қалды. Қалбағай бұл уақытқа шейін жаумен ұрысқа көп алданбай, ылғи бестен, оннан жылқыны айырып келе жатқан. Ұрысты жылқыны айырып болған соң бастамақшы еді. Әрі-беріден соң жылқыдан жау алдында он бестей ірі жылқы қалды. Бұларды қалың жау ортасына қоршап алып, енді шетке

шығармауға айналды... Жау бұл он бес жылқыға қанағаттанса да, қанағаттанбаса да, енді осыдан басқа жылқыны қайта оралып ала алмайтын болды. Өйткені жылқыдан ұзағаннан басқа сол кезде ауыл жақтан да шулап шапқан дауыстар естіліп қалып еді. Сондықтан олар енді жылқышыға өктемдік істеп кетпек болып, он шақты кісіге жылқыны қаматып қуғызып отырып, қалғандары бөгеуіл соғысқа шықты. Жау бұл уақытта ел қуғыншысынан бетін алыстатып, оларға тез жеткізбейтін болып, Кеңөзектің басымен күншығысқа қарай тартып еді. Енді қуғыншы жаудың өкпе тұсынан төтеден қосыла алмайды. Олар да астына түсіп қуатын болды. Қашқан жауға бұл бір тыныс еді. Олардың кіжініп келе жатқанын жылқышылардың қалыспағаны үшін соғысып жазалап кетуіне орын кең болды³⁴. Сондықтан жылқы қуғандарды алдарына сала беріп, өзге қалың тобы аттарының басын іркіп, жылқышыны тосуға айналды. Бұл кезде жау саны отызға толар-толмас еді. Өйткені бұлардың ішінен алғашқыдан бергі ұрыста Қалбағай төртті түсірген. Өзге жылқышылар екеуін түсірген екен. Оларды арттағы жылқышылар басып қалып, аттарын іліп алып, жолдастарына құтқартпай қойған. Бірақ оның есесіне, жылқышылардың да саны кеміп еді³⁵. Анықтап төселіп ұрыспаса да, қашып ұрысып жүріп-ақ, Қонақай мен Жоламан бес жылқышыны түсіріп кетіп еді. Бірақ Қалбағай қалған жылқышылардың тобын маңына тартып алып, ел кісісі артта қалғанын біліп: «Енді тізені жазбаңдар», – деп, шауып келе жатып басшылық бұйрық айтып, жұртты желпінтіп қиқулап қыздырып келіп, тосқауылға бөгелеңдеп қалған топқа артына ерген шоғырымен тұтас келіп араласып кетті. Бұл арадағы қақтығыс бүгінгі түндегі асығыс қарбаластағы ұрыстардың бәрінен бөлек, ең ірі ұрыс еді. Соғыс қызбастан бұрын жылқышыны жасқантпақ болып³⁶, Жоламан «қайт-қайттап» тұрып, алты аттарды екі атып жіберіп еді. Оған соғысқа бойы үйреніп қызып алған жылқышылар бөгелмеді. Содан кейін сатыр-сұтыр тиіскен сойыл, бұрқылдаған шаң, бір жерде ұйлығып таласқан топ иттей жанталасқан, үймелеген үлкен топыр болып кетті... Екі жақ та секонт сайын жапыр-жұпыр көтеріліскен сойылдарын жауларына жиі-жиі тигізіп, соғысты қыздырып бара жатты.

Аз уақытта³⁷ екі жақтың қолынан тағы да иесі жығылған төрт-бес ат ойнап шықты. Бұлар Қонақай, Жоламан мен

Қалбағай қолынан босатылған аттар еді. Бұл түнгі соғыс Терісаққан мен Қарағанды жаулығында бұл күнге шейін көрмеген соғыс. Мұның ерекше қызулы болуына себепші болған – Қалбағай мен Қонақайлар. Осы қызу ұрыстың кезінде Қонақай бір жылқышыны құлатқан бетімен өз қолына өзі сүйсініп: «Мен – Қонақай... мен – Қонақай», – деп тағы да құлшынып шықты. Қалбағай көптен Жоламан мен Қонақайды басқалардың ішінен анықтап айыра алмай жүр еді. Бұл Қонақайдың даусын естігенде, жолдағыларды тастай беріп, боз айғырдың жылдамдаған бетімен қарсы алдынан ойқастап кеп: «Олай болса, мен – Қалбағай», – дегенде, екеуі де ежелден кекті болып кіжініскен жауларша қарсы қарасып келіп, сойылдарын жұлып көтерісіп алысты. Бір-бірінен жалтарған жоқ. Табандап тұрысып салысып қалды. Екеуінің армансыз сынасатын жері осы еді. Қалбағай соны ойлағандай болды. Қонақай өзіне біткен шапшандықпен жылдам ұрдым десе де, ол екі ұрғанда, Қалбағай үсті-үстіне төрт ұрып жіберді. Бұл уақытта жыбырласып ұрысып жатқан қолдар бұлардың маңайында қалмаған екен. Қонақай соны аңғарып, байқай бергенде, құлағы тағы бір нәрсені шалып қалды. Ауылдан шапқан қалың жау³⁸ қазір бұларға жақындап қалыпты. Мұның жолдастары соны естіп жөнелген екен. Олардың артында төрт-бес жылқышы қалмай кетіп бара жатыр еді. Қонақай бұл халді сезген соң теңбіл атты бұрып ала женелді. Кейінгі елдің айғайы жақындап келеді... Бұл ұрысып жүріп бұрылуға айналғанда, Қалбағайдың сойылы дымыр-ақ көп тиіп жіберді. Атының бетін түзеп жөнелгенде, Қонақайдың басы шыр айналғандай болып зеңіп қалған екен...

Қонақай қашып келе жатып ұрысқан болса да, бұның атын боз айғыр жібермейтін болды да, Қалбағай мұны меңдететін көрінді. Оның үстіне, ұрысып келе жатып артына бұрылып қарағанда, жақын кезеңнен асып келе жатқан ел қуғыншысының алдыңғы тобын көрді. Бұл топты көрген соң сасқандай болып тебіне бастады. Қалбағайға қазіргі уақытта Қонақай есі кеткен кісі сияқтанды. Бұрын омыраулы, үлкен денелі, айбатты жауы қазірде жауырыны бүрісіңкіреп, еңкеюге айналғандай болды... Қалбағай мұны көрген соң тепсініп келіп, күшін жиып алып, екі ұрып жіберіп, айдыны аса бастаған жау даусымен: «Түс!.. Түс!.. Өлесің!» – деді.

Соңғы екі ұрғанда Қонақай аттың жалын құшып теңселіп қалды. Боз айғыр барлығыуға айналса да, теңбілді көп ұзатпайтын сияқтанды. Дақ сол уақытта Қонақайдың кейін қалып, әлі күнге жете алмай келе жатқанын біліп, Жоламан қайта оралып келіп қалып еді...

Жоламанның араға түсіп кететінін біліп, Қалбағай емін-еркін жетіп алып, меңдетіп алған жауын ақырғы рет табандатып бір ұрып түсірмекші еді. Сондықтан айғырына қамшы басып, Қонақайға тағы да сойыл салым жерге келіп қалды. Сол уақытта Қонақай Жоламанды танып, әлсіреп асыққан дауыспен: «Мен қалуға айналдым, әлсіреп кеттім!.. Ат!..» – деді. Сол сөз айтылғанша Қалбағайдың шокпары қара құстан тап басып, зілдей болып ұрып жіберді. Қонақай қатты теңселіп кетіп, атының оң жақ қабырғасына түсіп барып, қайта әлін жиып көтерілем дегенде, екінші қабырғасына түсті. Сол уақытта Жоламан да араласып қалып еді. Қалбағай шокпарды Қонақайға тиген бетінен жұлып алып, енді Жоламанды ұрмақшы болғанда, мылтықпен созылған қол, боз айғырдың басын көздеп тұрғанда жасқанып барып, атылып кетті. Дәл осы секөнтте теңселіп бара жатқан Қонақай боз айғырдың алдына құлап еді³⁹...

Жасқанып атқан оқ, дәл жүрегінен тиген Қалбағай да мылтықтың түтіні айыққанша ат үстінде жоқ болып, Қонақайдың қасына бүктетіліп түсті. Жоламан Қонақайдың аты мен боз айғырды іліп алып жүріп кетті. Одан әрі айналуға уақыт тығыз еді. Өйткені қуғыншы тобы шулап келіп қалып еді. Боз айғыр жау қолында кете барып, Қалбағай жоқ болған соң, ұрысып жүрген жылқышының бәрі: «Ой, бауырым!» – салып, Қалбағайдың басына жиылып қалды... Жау кете барды. Кейінгі қуғыншы да Қалбағайдың басында шулап жылап, үйіліп қала берді.

Жарық айлы бүгінгі түн қаралы қанды түн болды. Өз намысы оянбаған екі бейбақ, асығы түгел әлдекімнің намысына итаршылық жасады да, жайрап түсті қос арыс!⁴⁰

Мұхтар

ҚАРАЛЫ СҰЛУ

(1-н ү с қ а)

Алты жыл. Қаралы, кайғылы алты жыл өтті. Әрбірі бір-бір өмірдей сарылған ұзақ. Қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған жүдеу жылдар... Содан бері Қаракөз – қаралы тор бұлбұлындай тұл төсектің иесі. Сансыз көп күндер өтіп жатса да, небір жаңа үміт әкеліп сергіткен не болмаса жүдеу көңілді бір сағатқа болса да селт еткізіп алаңдатқан мезгіл болған емес. Қаракөз бұл өмірге әбден мойындап болған. Көп жыл бойына созылған қаралы күй Қаракөз өмірінің қалпы болған. Күндегі дағдысы, салты болып кеткен... Күздің айсыз қараңғы түнінде, түн қатып жүрген жолаушы ұзақ қараңғылыққа қалай мойындап бағынса, Қаракөз де сондай мойындап көніп болған... Қайғылы әйелдің өз басына ендігі өмірден күтетін ешбір жаңалық жоқ. Жарқылдап көз тартып, біреу болмаса біреуді қызықтыратын шақ бұнда енді болмақшы емес. Қаракөз ондай күннің болуын тілемейді де... Сондай халді көксететін әлсіз ой келсе, оны да көңіліне дарытпай, өшіріп жоқ қылатын.

Сол Қаракөздің ауылы бүгін қалың таудың ішімен жайлаудағы көк шалғынды, салқын сулы, шалқар қонысқа көшіп келе жатыр. Таң қылаңдап келе жатқаннан жүгін арта бастаған ауыл, жаздыгүні жақын белден жаңа қызарып шығып келе жатқанда ескі жұрттан жөнелген.

Қазірде кеш жарым жолға келіп қалды. Бүгін тау аса қонбақшы болған ауыл қалың таудың ішімен жартасты, тоғайлы, шалғынды өзекпен шұбатылған шұбар топ болып дабырлап, шулап келе жатты...

Көш алдында айдап келе жатқан төрт-бес жүздей жылқысы бар, басқа ірі қарасы да мол бай ауылдың қалың көші бір жыл-

дай иесіз тұрған таудың ішінде тусып кеткен қалың шөпті жапырып, қызулы тіршілікті көшіріп келе жатқандай болады.

Көштегі көңілді қатын-қалаш, желікті қыз-келіншек маңайласқан жігіттермен қалжыңдасып, күлісіп ойнайды. Арқыраған семіз сұлу асауларды мінген жас жігіттер, үйіріне қарай жұлқынып, аласұрып жер сүзген айғырларды құтыртып ойнақшытып келіп, қалың жылқыны дүрілдетіп, желдіріп айдайды...

Көрікті дүние қызықты мастық тойындай болып, буы аспанға шығып құтырынып желігеді. Шулаған желікті көш таңертеңгі көлеңке басқан қара жартас қалғыған өзекті де оятып сергіткендей. Бұл көшке табиғат та жылдық ұйқысынан оянып, көңілденіп қошемет білдіргендей...

Көшке қарсы өзек, шалғынның таңертеңгі көлеңкеден шыққан салқын самалы да соғады...

Қаралы жылдай тұл болып тұрған жайлау бүгінгі күн жыл құсындай еркін елін жаңа көріп көтеріліп сергігендей.

Қазіргі барлық сурет, барлық дүние, баршалық қызулы жанды өмір адамды қызыққа, думанға, сағымды түс пен зор тілекке қолын бұлғап шақырып тұрғандай. Бұл қызуға желікпеген жан жоқ... Серпіліп, сергіп, күліп қарамаған жан иесі көрінбейді. Ең аяғы шал қойшы Болат та үстінен көш етіп бара жатқанда, құла шалақ биені тойтыраңдатып шауып келіп, көш жанында келе жатқан қыз-келіншектің арасынан келіп килігіп, жауырынын қикақтатып қалжыңдаған болып кетеді...

Әрқайсысына көзін қысып, иек қағып, ізденіп соқтығады. Қызыл шырайлы келіншектің құла биені қамшылап ұрып, ойнағанына мастанып, мәз болып жігітімсініп шіренеді...

Үш ат жеккен пәуескенің ішінде келе жатқан Қаракөз Болаттың қасынан арбасы өтіп бара жатқанда, аз сергіп күліп: «Болат-ау, сенің де базарың тарқамағаны ма, жаным-ау?!» – дейді...

Болат қарқылдап шіреніп күліп: «Несін айтасың, қарағым... Қыз-келіншек тал бойымды ұйытып келеді... Ішімдегі жанған от қыз-қыз қайнайды...» Бұл көште жалғыз жүдеу, жалғыз жабырқаған қайғының тұсауында келе жатқан – Қаракөз... Осы көп мал мен бай ауылдың иесі болған, салтанатты кештің басшысы болған жалғыз жесір қатын – Қаракөз...

Қаракөз қазір отыз екі-ақ жаста. Қаралы жаулық салып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды... Одан бұрын

Қаракөз де тіршіліктің қызығында жүзіп жүрген ерке еді. Бұның өмірінің үстінде тұнжырап күлімсіреп тұрған күн шуақты ашық көк аспан бар еді. Сол бақыт күннің ортасында бір-ақ сағат ішінде түсі суық шоқ қара бұлт ойнап шыққан. Асатыннан келген қаза бір-ақ күннің ішінде Қаракөзді қаралы қылып, қаңғыртып кеткен... Содан бері алыстағы сағымдай болған жар жеткізбей... белгісіздікке батып жоғалған... Оған дәл алты жыл болды.

Қаракөздің күйеуі Әзімқан ол кезде жиырма сегіз жаста еді. Әзімқан бір атадан жалғыз жігіт болатын. Басқа аталас ағайындары болса, барлығы да белек ауыл болып, бөтен сияқтанып, өз тілегі, өз өмірімен бұлардан алыстап кеткен. Ағайындарының кейбірі қартаң тартқан адамдар. Кейбірі көп балалы, жеке шаруалы нашар адамдар болған. Әзімқанның туысқаны, жалғыз сүйеніші – 70 жасқа келген кәрі әкесі Үсен қажы еді. Бірақ Әзімқан жалғыз жігіт болса да, өз ортасының басты кісісі болған. Екі ауылнай Жоламанның бас көтерген ретті адамы болып, бір болыс Ырғайлыға белгілі еді.

Бір жыл дәл осы жайлауға көшіп келе жатқан кезде бүгінгі көш келе жатқан өзектермен Үсен қажының ауылы көшіп келіп Қайыңдыға қонып еді. Қайыңды – тау ішіндегі шалғынды, тоғайлы өзен болатын... Жыпырлап қонған ақ ауыл маңайындағы шұбартқан көп малмен, Қаракөздің бақытты күндерінің көркі сияқты еді.

Ырғайлы көп жылдан келе жатқан дағды бойынша Қоңыртау болысымен қатты жұлысқан араз еді. Сол жылы да жаз шыққаннан бері қарай күнде қиқу, күнде аттан, жағалай шабыс болатын...

Ырғайлының намысын өзге ел басшыларымен бірге жоқтап жүрген Әзімқан артына ерген елі мен Қоңыртауға кейде өзгелерден жырылып барып та соқтығушы еді. Қоңыртау бір кезде өзгеден ерекше Үсен қажыға кіжінулі дескен. Бұл хабар бір емес, әлденеше рет келген болатын.

Бірақ онымен Әзімқанды да, барлық Жоламанды да тоқтата алған жоқ. Қоңыртау бір алса, бұлар кейде екі-үш алып жіберетін... Қоңыртаудың Әзімқанмен ерекше жауығуына бір себеп Қаракөздің басы еді. Басында Қаракөз Қоңыртау елінің жесірі болған, сол елдің бір бай ауылы Сыбанбай еді. Жас кезінде Қаракөзді Сыбанбайдың немересіне айттырған.

Бері келгенде, Қаракөздің күйеуі аяғы ақсақ, бір қолы шолақ, кем бала болған. Оның үстіне, өзге балаларының ішіндегі қадірсізі болатын.

Сондықтан бойжетуге айналған кезде сұлу Қаракөзден наразылық сөздер шыға бастаған.

Қаракөздің әкесі жас кезінде өліп еді. Жесір қалған шешесі Үсен қажының немере қарындасы болатын. Ол Үсен ауылын төркін қылып ылғи араласып жүруші еді. Қаракөз де кішкене күннен Үсен ауылын нағашы қылып, көңіліне ерекше жақын тартып, кейде шешесімен, кейде жалғыз өзі де келіп, көп уақыттар жатып қайтып жүретін. Сол халмен жүргенде, Әзімқанның бұрынғы алған қатыны қайтыс болған. Қаракөздің Сыбанбай ауылына барғысы келмей жүретіні көп жұртқа паш болып қалған. Басында Қаракөздің сөздерін елеусіз көріп: «Кезінде көрерміз», – деп іштегі нық байлаумен жүрген шешесі Әзімқанның келіншегі өлген соң, баласының наразылығына тұзу қарап, ойлана бастап еді.

Сол халдің үстінде, белгісіздікте жүрген уақытта бір күні Қаракөздің ауылына амандасып қайтқалы Әзімқан келген. Әзімқанның не оймен келгені бұл ауылға да, апасына да белгісіз еді. Әзімқан өзі де белгілі бір байлаумен келген жоқ еді. Бірақ үйге келіп кірген жерде бұрынғыдан көп өзгеріп кеткен Қаракөзді көріп еді.

Бұл уақытқа шейін бала қалпында жүрген жиені ширатылған нәзік, ұзын бойлы, қынай белді, толқынды ұзын қара шашы бар, тұңғиық сұлу қара көзді бойжеткен болыпты. Көрмегеніне біраз жылдың шамасы өтіп еді. Әзімқан алғашқы келген жерде-ақ жүрегі белгісіз лүпілдеп соғып, көз алдында сәулелі сұлу жарды көріп қалғандай болып еді. Әлденеден екені белгісіз, бұрын бұл жайдан біраз сөз естімесе де, қазіргі халде Әзімқанның жүрегін соқтырған белгісіз сезім Қаракөзге де сол секундта білінгендей болып еді. Әзімқан апасына амандасып, енді Қаракөзге қарап: «Есен-саумысың, қалқам», – дегенде... ұялып қараған Қаракөздің жүзінде әлдеқандай ыстық қан ойнағандай болып еді.

Бұл күнге шейін кінәлі болып көрмеген ашық бала жүзі өмірінде алғашқы рет әлдеқандай көмескі түс сияқты ойменен қызарып, төменшіктеп қысылғандай болып еді...

Екі жас тілсіз сөзбен сөйлесіп қалғандай болды... Екі жүрек бір-біріне ұялып, бұғып тұрып ым қақты. Басы осы еді.

Аздан соң арада сөз жүрді. Сүйек жаңғырту Қаракөздің басқа ағайындарына да теріс көрінбеді. Әсіресе, бұл күнге шейін өзінің жесірлігінде ерекше сүйеніші сияктанып отырған. Үсен қажымен қайтадан үй ішінен үй тігіп жақын болу Қаракөздің шешесіне керекті, қызықты сияктанды. Сондықтан аз күннің ішінде астыртын құдалық сөзін байлап қойды...

Бірақ бұл алыстағы тілеу қиын асу мен биік асқардың ар жағында жатқан асыл ниет еді. Сыбанбай бөгет шығармай қоймайды. Қоңыртау жұлқыспай жесірін жібермейді... Үсен жақтың хабары жансыздап Сыбанбайға барып қалғанда, олар күпілдеп кіжіне бастап еді. Бірақ ашық сөз, ашық байлауға екі жағы да жете алмай, енді жақындап келе жатқанда, енді жаман аттары шығар деген мезгілде бірін-бірі сүйіп табысып қойған екі жастың тілеуін тағдырдың өзі қостағандай болып, Сыбанбайдың немересі өліп қалып еді. Бұдан кейінгі араларындағы сөз ұзаққа бара алған жоқ. Сыбанбайдың өзге балаларының барлығында не айттырған, не алып отырған қатын бар. Бұрынғы ұстанған сөз бойынша Сыбанбай басында: «Кейінгі балаларға қаратамын... құдамнан қол үзбеймін», – деген болып еді.

Бірақ бұл сөз ұзаққа бармады. Үсен қажы Сыбанбайдан алған барлық малды түгендеп қайыртып, өзі Қаракөзге құда түсіп, арада бір жыл өткен соң ырғап-жырғап келінін алған...

Бұл уақиға өз кезінде Ырғайлы мен Қоңыртаудың арасына көп салқындық салған. Алудың өзі де көп ырғасып тартысумен барып зорға тынған. Үсен көбінесе мал күшімен жеңіп алды деген сөз ел ортасына жайылған сайын Сыбанбай Ырғайлымен болымсызды сылтау қылып соқтыға беретін болған.

Бірақ арада бірер жыл өткен соң жесір дауының қызуы солғындап келіп басылып еді. Сөйтсе де басында бір шиеленісіп қалған елдер енді жаңа дау, жаңа араздыққа жол тауып алып, кезек алысып, ұстасып жүрді.

Бері келген соң Сыбанбай Үсен қажының басындағы кекті өзгертіп, Ырғайлының басқа елімен, басқа жақсыларымен көбірек ұстасып кетті. Араздық себебі жаңадан туып, жаңа сөз, жаңа істермен қайта қозданған соң Жоламан да көп елінен қалыспай, Ырғайлының басқа елімен бірге Қоңыртаумен анда-

санда алысып қалып, ұстасып жүрген. Осы халмен Қаракөзбен Әзімқанның қосылғанына жеті жыл толғанда, Үсен қажының ауылы жайлауына көшіп келе жатып Қайыңдыға қонып еді...

Жаңа қонысқа қонған күні түнде ауыл маңында жатқан жылқыға жау тиген. Көптен сақтанып Қоңыртаудан кезек күтіп жүрген Үсен ауылы күнде кешке екі-үш сенімді ат-айғырды ауылда ұстаушы еді. Бүгін көшіп келген ел қирай жығылып шырт ұйқының ішінде жатқанда тауды қақ жарып шыққан аттан дауысына өзгеден бұрын оянып, асығып қамданған Әзімқан еді.

Әзімқан арқандаулы тұрған бәйге жиренді алып келіп асығын өрттеп жатқанда, Қаракөз жүрегі дірілдеп тұрып үріккен пішінмен қасына келіп: «Басқаларды жіберсеңізші, тау іші шабуға жаман», – деп еді. Бірақ жарық айлы тыныштық түні жас жігіттің тұла бойын ысытып бір қызға тартқандай болды. Ауылдан Әзімқаннан басқа да үш-төрт жігіт шапты, бұлар тастақ төбелермен сатырлатып шулап жөнелді. Ауылда бұл кезде азан-қазан болып, атсыз қалған жаяулар босқа дырду жасап, айғайласып әрі-бері жүгірісіп жүрді. Әзімқандар сол бетте барып жылқыны әкетіп бара жатқан жауға жетіп араласқан... Жылқышылар көп жаудан қаймығып, батып ұрыса алмай кейін келе жатыр екен... Көп жылқыны қалың жау ұзын өзеппен дүрілдетіп қиқулап әкетіп бара жатқан.

Осы кезде қуғыншының алдымен жеткен Әзімқан тосқауылға қалған төрт жаудың арасына келіп кіріп еді... Әзімқан қорықпайтын ер жігіт еді... Бірақ бұрын көп соғыста болып төселген емес. Оның үстіне, бір кісіге әлі жетерлік мықты да емес еді. Жирен атты қуғыншы екіленіп келіп, екі-үш рет арасына кіріп шығып, алдын орай берген соң, жау ішінен соғысқа ыңғайланып қалған екі мықты барымташы артын айналып келе жатқан Әзімқанды көргенде: «Күрең атты тағы келеді... Ортаға ала бер... Ортаға ал», – деген. Әзімқан екі жаудың ортасына солардың тілегінше еркіндеп келіп кірген... Бұл кіре берген бетінде оң жағындағы боз атты еңгезердей жауды желкеден қаға ұрып жіберді... Бірақ дәл сол секундта өзінің де желкесінен сол жағындағы сары айғырлы жаудың қарасойылы мықтап тиіп еді... Бұл сойыл Әзімқанға дене тауып меңдеп тиіпті. Алғашқы сойыл тиіп жіберген жерде қолындағы ағашы ұшып түсіп, өзі екпіндеп құлауға айналып, атының жалын құшып қалды... Дәл

сол уақытта бұрынғы ағынмен келе жатқан бәйге жирен боз атты жаудан қиыс өтіп бара жатыр еді.

Оған Әзімқанның сойылы тисе де әлсіреткен жоқ екен. Жанынан қиыс өтіп бара жатқан Әзімқанды аттың жалын құшып қалғанда-ақ сойылды шыр айналдырып келіп, маңдай тұсынан қағып ұрып жіберді... Әзімқан бір-ақ секундтың ішінде жүрегінен оқ тигендей болып аттын артынан ұшып түсті. Маңдайды меңзеп ұрған күшті сойыл дәл құндыздықтан тиіп, басты айырып кеткен екен...

Әзімқан аттан тұмақша ұшып түскенде, бұрын талай соғыста болып, қолы ауырлығынан талайды сорлы қылған боз атты жау артына бұрылып қарап: «Қап, жығылуы тым жаман болды... Жазым болмаса еді», – деді. Жазым болғаны шын еді...

Әзімқанның басы төрт елідей айырылып кеткен екен, кейінгі жұрт шулап жылап үстіне келіп үйілген уақытта Әзімқан үзіліп жүре берді. Бақытты, қызықты дәуренге, сұлу жарға ақырғы рет «Қош!» деуге де тілі келмеді...

Әзімқандар ат қойып жөнелген жерден шошынып жылап, тілеу тілеп, қалтырап тұрған Қаракөз үйіне кіріп жете алмай, жылқы жақтан хабар күтіп тұрғанда, қайғыға толған мұңлы түннің ортасында ауылға қарай шулап келе жатқан қаралы айғайды естіп еді. Бұл – шулаған ауылға ат қойып «ой, бауырымдап» келе жатқан жылқышылар мен қуғыншылар еді. Алғашқы жылау, алғашқы қаралы қайғы осы түннен осындай халдің ортасында басталып еді...

Бүгінгі көш, сол адыра қалған Қайыңдыға тағы қонғалы келе жатқанда, Қаракөз пәуескенің ішінде келе жатып алғашқы қаза түнін есіне алғанда, көзінен ыстық жас ағып-ағып кетті...

Әзімқанның өлімін Бірғайлы жоқтаусыз қалдырған жоқ. Ол жақтан жылқы аламыз деп барып кісі де өлтірді, кегін де алды... Әзімқан басына жүз түйенің құнын да алды... Қоңыртауды жасытып ықтырды... Бірақ оның бәрі сүйген жар мен бір ауыз сөзге келе алмай, арманда қалған қайғылы сұлуға түк жұбаныш болған жоқ, алғашқы жылдай бір күн ойына тиянақ болуға жараған жоқ...

Иесіз қалған мол дүние, ауыр дәулеттің ортасында жетпіс жастағы кәрі атасы мен Қаракөз қалды. Онан соң бұл екеуінің де, барлық ағайынның да үміті сияқтанып екі жасқа келген кішкентай Мұқаш қалды...

Қаракөз бен Әзімқанның алғашқы көрген баласы осы еді, бұдан басқа бала жоқ... Әкесі өлген соң кішкентай да болса Мұқаш «өлі арыстан да тірі тышқан» дегізіп, Әзімқанның артындағы қаралылардың сүйеніш тілегі болды. Әзімқанның қырқы өткен соң, жалғыздың қайғысын көтере алмай, бұрын кәріліктің өзі де женуге айналған қажы да қайтыс болды...

Маңайы тұлдыр болып құлазыған жалғыздық, сорлы болған жас сұлудың бір өзінің басында ғана қалды... Күнде таңертең тіршілігіне риза болған жұрт ұйқыда жатқан құлқын сәріде, онан соң мұңайып кеш батқан уақытта Қаракөз қаралы жаулығымен бетін жауып отырып зарланып дауыс айтатын.

«Жалғыз біткен бәйтеректей арманда өткен алғаным, қайғылы сұлу «алтын терек арысым!» – деп аңырап жоқтайтын... Көзінен тамшылап аққан жаспен бірге шынымен егілген қайғының сөздерін айтып, тыңдаған адамның сай сүйегін босататын... Қаракөз қайғы ішінде кексе тартып, ұлғайып кеткендей болды. Іштегі жалын мен күрсінген жүзі Қаракөздің басқа тіршілікті талақ қылып, ұмытқанын анық білдірді... Қаралы тор тұтқыны сүйген жарын жоқтай білді. Қаракөздің жоқтауымен айтқан дауысын барлық Ырғайлы жаттап алып... Зарланған жасқа жаны ашып, әнге салып айтып та жүрді. Барлық басалқа айтарлық үлкендер тоқтау айтамын деп келгенде, Қаракөздің ыстық зарына шыдай алмай қоса жылап кететін болды... Бір болыс ел түгелімен Қаракөзді аузынан тастамай мақтап, байының артын мұндай жақсы қылып күткен әйел болған емес деп аңыз қылды.

Бірақ Қаракөз мақтан іздеген жоқ еді. Оныкі шын зар, шын жетімдіктің қайғысы еді.

Жылау мен жоқтау ішінде Қаракөз барлық үмітті, жастық дүниесін көрге көмді. Ол Мұқаштың тілеуін тілеп, енді ерге тимейтінін, тұл қатын болып отырып қалуға өзіне-өзі серт берді...

Дүниесін билеп, ауылына атасы мен жарының орнына ие болып отырып қалды... Ендігі жалғыз үміт, жалғыз жұбанышы Мұқаш болды. Сүйеуі мен ермегі бір соның тәрбиесі болды.

Жоламан ортасы бұл күнге шейін Қаракөзді қадірлеп күтуден, алақанға салып аялаудан қалған жоқ...

Ұзақ қайғы өмірін өзінің мәңгілік зар-күйі қылып сақтап, Қаракөз әлі күнге келеді...

Бүгінгі кешті бастап келе жатқан қаралы сұлудың жайы осы еді... Әлі күнге Қаракөзді тіршілік аздырып, нық ұстанған жолынан тайғыза алған жоқ...

Бірақ бұл күндерде Әзімқанның қайғысы жалғыз-ақ Қаракөздің көңілінде ғана қалған, өзге маңайдағы адамдар мен желікті дүние, бұрынғы Әзімқан өлмеген күндей әлі күнгі қызықты, желікті... Бұл күнде сегіз жасқа келген Мұқаш Қаракөздің жанында келеді. Оның да көңілі қазіргі тіршілікке мас болған. Айғайлап қуанады... Арбаның ішінде іші пысып, секіріп, дауыстап күліп, маңайласқан кісілермен ойнайды... Бұ да буыны бекіп, дені сау болып ержетуге Қаракөздің қаралы алты жылы өтті. Бұл жылдардың ішінде сырттан қараған көз қаншалық қадалса да, Қаракөздің сыртына шыққан, не әлсіздік, не қобалжуды көре алған жоқ.

Бірақ сол уақыттарда Қаракөз көрген азапты білсе еді жұрт. Дүниеде жастай қалған қаралылар аз емес шығар, ежелден қайғылы қара мезгіл таңдап көрген емес. Өмір қызығына түсіп болдым, қызулы базар(ды) жаптым деген күндегі не қайғы келетін болса, дүниеде бақытсыздар болмас та еді.

Көп жас қыршынынан қиылады. Тіршілігін қарғат етеді... Көпшілігінің сынығы жамалып, қайта түзеліп, ел санына қайта қосылады... Бірақ солардың бәрінің ішінде Қаракөз қайғысы бір алуан ұзақ мұңлы жыр еді...

Бұл – ерекше сұлу. Тұңғыық қара көздерінде сұлу ажар кеткен жоқ. Жас денесі әлі де уыздай аппақ толық, сау, бірақ барлық ойы, барлық тілегі бір-ақ жерге шегеленді... Аясы азғантай орынға бұл өзін-өзі сыйғызды. Қаралы күнге шейін тасқындап келген сезімді тұсады, буды... Сонымен бірнеше жыл өтті...

Қаракөз күйеуі бар, бала тауып отырған әйел еді...

Ақ денесі сау, таза. Қызу қанды, қайратты, тіршілік үшін жаралған жас денемен тілек үшін қайнаған қан, шойын есікті тұтқын орнына қанағаттану қиын еді. Қаракөз ол қиындықты тістеніп шыдап, басып жеңіп жүрсе де, кейбір кездерде таңды таңға ұрғызатын азаптар болушы еді.

Жас әйелдің бұл түндері көр азабындай қинау түні болатын. Үйіші қараңғыланып, тұл төсекке жатқанда әлдеқандай қара жыланша иірілген, қараңғы сезім ойлары ене бойын билеп кететін. Тістеніп шыдап құтылар ма екемін деп дұға оқыса да, қара жыландар ауыр басып, ақырындап жылжып келіп ақ

төсіне оралып, ақ тамағынан сүйіп, барлық денесін шыдамнан айырып, ысытып, дірілдетіп жіберуші еді.

Шошынып қабағы түйіліп, дір-дір етіп жатып, көрпені шиыршықтап қысып құшақтаушы еді. Шоқтай ыстық-ыстық ойы таң ағарып атқанша, бір минут те босатпай, жанын жеп, тозаққа салынып шығатын... Талай түндер Қаракөз шыдай алмай, қасына қызметкер кемпірді шақырып алып, денесін сипатып, жарық жағып қойып, күрсініп жүдеп отыратын.

Қаракөзді бұл қинауға салып жүрген өз байлауының әлсірегені емес. Қызықты тілеген қанағатсыздық емес... Ол – ішінде тіршілікті тілеген жаңа өмір ұрығының жарық дүниеге шыққысы келіп қозғалып тіленгені еді.

Бұл көп заман Қаракөзді қинап жүрді... Әлі күнге шейін мезгіл-мезгіл жын бұғандай болып, асау соқыр сезім құтырынып келіп, бір тоңдырып, бір ысытып, қаралы Қаракөзді отқа салатын... Барлық ұзақ қаралы күндер де ойлап өткен қайғы мен әлгі сияқты азаптар Қаракөздің мінезін де өзгертті... Ол ерекше сезімділіктің есебінен дертті сияқтанды, бұрынғыға қарағанда қаны бұзылғандай, тез ашуланып, тез жылап, тез күліп жіберетін өткір сезімділік пайда болды... Қайғылы қабағы қазір шытынып, түйіліп, болымсыз нәрсеге киналып кететін, өкініп қайғырып кететін шыдамсыз қылды...

Түндей тұңғыық көздері ыстық жас үшін жаралғандай болды. Бірақ сонда да Қаракөз бір байлауына тастай мықты болып шыдап келе жатты. Өзге дүниеде өз көңілінен азғандай теріс шыққан нәрсе қинап жібергендей болса, өміріндегі ең ауыр, ең қайғылы түйінге келгенде, Қаракөз өзін аямастан қатты ұстап, қандай қиын азапқа болса да көндіріп келеді.

Бүгінгі көш келе жатқан уақытта бірталайдан ұмытылып кеткен азап Қаракөзді қайта қинап, толқытып келе жатыр еді...

Ораза күнде еткерме ұстап, аштыққа шыдаған такуадай Қаракөз өз көңіліне сенімді болса да, дене қинауын бар ауырлығымен көтеріп келе жатты...

Жас Қаракөздің сопылығы, дүниеде сирек кез келетін сопылық еді. Өзге жұртта өмірден суынған, түңілген адам болса, өзін-өзі тоқтатып, нәпсі тілегін басу үшін өзге қызулы топтың ішінен аулақ кетеді... Тіршіліктен күдер үзбеген елдің ортасында олар өмір сүрмейді. Жүдеу көңілдің күйіне күй қосатын сопылық үйіне кетеді. Өмірден түңілгендердің тобына кіреді...

Маңында ескі қызық күнін, сезім күйін ескертетін белгісі болмайды... Денені өлтіретін ауыр еңбек пен сезімді жоғалтатын сұр дүниеге кіреді.

Ондағы сопылық, ол жүдеулік іздесек те көңілді алаң қылатын суретті көрсетпейді... Әйел сопының көретіні – ылғи әйел, еркек сопының керетіні – ылғи еркек... Қаракөз сопылығы ол емес... Бұл бұрынғы молшылық, бұрынғы қызық дүние ортасында, бұрынғыдай қуанып елітуші еді... Бұрынғыдай қуаныш күні туып, сезім күндері өтеді... Жазғытұрымғы жасарған табиғат та желігіп еліреді... Жан кіргендей қызулы тіршілікті көксегенден масаттанады... Жүз бұралады...

Бозбала асауменен теңселіп, құтырып шабады... Қыз-келіншек назданып күледі... Өзгенің бәрі өз бетінде сал қойшы болады да, Қаракөздің есіне қара жыландай ойларды салғандай болып, құтырынып масаттанады...

Ыстық сезім бұған Қаракөз көштен озып келіп, жылдағы ауылдары қонатын Қайыңды өзеніне жетті... Өзен бойы қайыңды тоғай... Сылдырлап су ағады. Таңертеңгі көлеңкеден шыққан тоғай салқыны Қаракөздің бетіне ширатылып келіп соғады...

Іште ыстық сезім, сыртта қарсы сокқан салқын леп... Қаракөз пәуескесі иесіз жұртқа келіп тоқтағанда, өз үйін жылдағы қонып жүрген жұртына тіккізбекші болып, арбадан түсіп, сол жерді іздемекші болғанда, төменгі жакта, өзен бойында бір тоғайдың көлеңкесінде доғарулы тұрған трашпенкені көрді.

О да осы жерге көшіп келетін бір ауылдың алдынан келген адамдары болуы керек.

Қаракөз ұйықтап жатқан Мұқашты оятпай, жалғыз өзі аяндап жұрт қарады... Аяғы әлсіз... Денесін ауыр өмір басқандай зорға алып жүреді. Бірақ белгісіз тілек қинаған көңіл тоқталмай жіңішкелеп шаншады. Ескі жұртты көріп, енді арбаға қарай жүруге айналғанда, Қаракөз арт жағындағы тоғай арасында сақылдап күлген жас дауысты есітті. Бұрылып біраз тұрып тоғайға қарай жүрді...

Көлеңкелі биік тоғайдың іші ертегінің күмбезіндей рақаты... Сұлу... Жас тоғайдың салқыны жайлы тыныштығымен денені мас қылып, сенделткендей... Тоғайдың шетіне кіргенде, Қаракөз жылда осы қонысқа келгенде естіп жүретін дағдылы бұлбұл дауысын есітті...

Елсіз таудың ішінде иесіз қоныста мәңгі жастық... Мәңгі жарастық, ыстық жыршысы кішкене бұлбұл сайрайды...

Жаратылыстың қызығына қошемет айтумен бірге жайын тау, жаралы жартастың жалғыздық күйін де шерлендіріп қосады. Кей кезде иесіздік пен құлазыған тыныштық күйі сияқтанады. Кейде өзек бойында күрсініп соққан желдей, жібек жібі сияқты жіңішке дауысын жүз бұралтып, суылдап ысқырады... Тілсіз табиғаттың жүрегін үзгендей болып шаншылып қадалады... Кейде жарық айлы түн ішінде қалың таудың ішінде алыстан естілген көп кішкене қоңырлардай болып жартаспен жаңғырығып дірілдейді, тағы бір кезде Қаракөз жүрегінің қайғысын айтқандай болып ұзақ мұңмен ырғалып, шұбатылып тамылжиды... Елсізде жалғыз өзі жүз толғанып, жырлаған бұл-бұл Қаракөздің ұзақ жылғы қайғысы мен жайын, табиғаттың ессіздігін жыр қылғандай болады...

Қаралы сұлудың сұлулығын қошеметтеп, беріктігін мақтағандай болады.

Бірақ бұ да сезім күйін шертеді... Онсыз да қинап жүрген қанды бір тоңдырып, бір ысытып, Қаракөздің жүрегін қысып ендіктіреді.

Өттең, қара жыландай нәпсі... Не күйге ұшыратасың? Қайда апарасың? Қаракөз бұлбұлды тындап, тоғайдың ішіне кіріп қалып еді... Бір мезгілде бағанағы естілген ашық күлкі тағы естілді... Бұл уақытта жақыннан шықты... Екі күлкі... Бірі жас әйел... Бірі жігіт болуға керек.

Қаракөз жаңылған жоқ. Алдында қалың ағаштың саясында, жіңішке өзектің жағасында Қаракөзге сыртын беріп бір қыз, бір жігіт құшақтасып ойнап отыр... Бұлар қатты даурығып күледі... Құшақтасқан қалпында қатар жығыла кетіп, құмарлықпен сүйіседі. Қаракөздің екі көзі тұнжырап, жасқа толып, екі бетін ерекше ыстық қан басып кетті. Тамағы кеберсіп, қылғынып жұтынады...

Таза аппақ көйлектің сыртынан қара желетке киген жас жігіттің ұзын бұйра шашы бар. Сондай жарастықты киінген құмар жас қыз екеуі құшақтасып жантайғанда, жалаңаш аяқтары өзен суына малынып, салқын сумен шалпылдатып ойнайды... Бұлар – Қаракөздің ағайыны Смағұл ауылының жастары. Жас жігіт қыздың қайындап келіп жатқан күйеуі... Оқыған, сұлу жігіт... Жаздай осы елде болатын... Бұларды аталары еркімен жіберіп, жалғыз қыздың қызығын еркін қызықтайтын...

Қаракөз таныды. Бірақ өмірінде бұл күнге шейін болмаған асаулық пен іштегі қара жылан жүз толғанып иіріледі... Бойы ұйып кетеді. Қалың жапырақтың арасында үндемей көзін ала алмай қатып тұрғанда, ыстық жас ағып-ағып барады...

Бірталай тұрды. Денені ерекше ыстық сенделтіп дүние қарауытып айналып бара жатқандай болды. Бірақ құлаған жоқ, зорға есін жиып, қайта түзелгенде, ішінде күшті намыс пен жігер қайнағандай болып, әлсіреп ұйып кеткен денесін қайта жиып билеп алды...

Көздің құрты сияқтанған мас жастарды сол орнында қалдырып, қайта айналып жүріп кетті...

Ауыл қонды бұрынғысынша, жаңа қонысқа қонған ел көп әбігердің арты тыныштық алып жайланды. Жарық айлы түн болды...

Күндізгі толқынтқан ой бір басылып, бір көтеріліп түнге жетті... Басылған уақытында Қаракөз бұл екі жылдан бері бүйтіп қиналған жоқ еді... Әлде қайта айналып соққан шығар... Өлейін, өлсем де шыдайын... деп көп күрсінген қайғы ішінде шын бекініп еді. Төсекке жатысымен қараңғылық тағы ойнады... Қаралы күңгірт көңілде, күндізгі көрген сурет неше түрлі қызылды-жасылды пішінге мініп, күліп мазақтап қинай бастады. Әрбір жаңа сурет, жаңа келген азаптай, қатты қысып, жүректі инемен шабақтағандай болды.

Сағымды тілектің қара жыландай жат болып кеткен сезімі, біресе белгісіз сұлу жігітке Қаракөзді қатты қысып құшақтатқандай болады. Мас болып елтініп, тамағынан сүйгізгендей болады... Біресе үстіне барлық денесіне ауыр салмағын әкеп салғандай, біресе дірілдеген демді, тәтті сұлу сыбырды естірткендей.

Шыдам біткендей... Жүрегі үзіліп бара жатқандай... Қаракөз көрпесін сілкіп тастап, қатты күрсініп, дауыстап: «Алла-ай, тұншықтым ғой, Құдай-ау мұнша неге сорлы еттің?!» – деп, қайнап қызған қанмен, қайда барарын білмесе де, үйден асығып шығып кетті...

Ауыл ұйқыда, жарық айдың қалқытқан сәулесінде жеңіл күрсініп дем алады. Ішіндегі жанды жеген азаппен қиналып шыққан Қаракөзді білген де жоқ.

Ол жалаң аяқ қалпында үстіндегі жалғыз көйлегімен, тарқатылған қара шашы арқасына жайылған қалпынша тоғайға

қарай жүрді. Бұл уақытта Қаракөз ерекше сұлу еді. Қаракөз жалғыз ғана жүзінің келістігімен сұлу емес, қазіргі сағатта көңіліндегі тазалық пен құмарлыққа бойұрғысы келмеген ниетпен ерекше сұлуланғандай еді... Бұл уақытта қаралы әйелдің шын жүрегін өзіне қаратқан жан болса, жарық түнде бақыт құсын ұстағандай мұратына жетер еді. Қаракөзді қинаған дерт әлі де басылмай қайнап келеді... Жүректен шыққан жауыз дұшпаннан құтылу үшін жас әйел белгісіз ем іздейді... Бүгінгі түн салқыны ыстықтап күйген денесіне азғантай да сезілмейді. Қаракөз күрсініп жылап келіп, екі аяғын тізесіне шейін жалаңаштап суық суға матырып, жиекте жылап отырды...

Қаралы сұлу шын қайғымен жыласа да, жүректе белгісіз құмарлық қарауытып шығып, жүз толқынып кетеді...

Әлдеқайдан шығып жатқан ыстық қан бойын сабырсыздықпен дірілдеткен сайын, соның уытын баспақ болып судағы екі аяғын өзеннің екі ернеуіне қатты-қатты соғады... Екі аяғы шаншып, солкылдап ауырғанға шейін өткір тасқа соққанда, іштің белгісіз дерті бәсеңдеп басылғандай болады.

Қаракөз талай жылдан таппаған емін жаңа тапты. Іштегі дертті басу үшін сол қара жыланды туғызып тұрған денені қинау, жаншу керек екен, Қаракөз бүгін ғана білді... Таң атқанша аяғын алмай отырғанда, тілім-тілім болып қалған дененің ауырғанын сезді... Аяғын суырып алып қарағанда, әлденеше жара түскенін көрді... Бұлардан тоқталмай қан ағып тұр еді...

Ақ етті құмарлық қаны былғап ағып жатты...

Қаракөз биттей де өкінген жоқ; кеселді арам қан... кете бер, – деп күліп отырып еді...

Осымен таң ағарып атқанда, денесі әбден салқындап, барлық асау қан басылды. Бұл заманға шейін қысып келген мастық тілегі біржолата өшті. Баяғы қайғыға бекінген таза көңілі, өмірінше алысқан қара жыланды жеңіп шықты. Қараңғы қайғы күннің іші болса да бұл минуттар Қаракөздің бақытты болған уақыты сияқтанып еді. Ол әбден ағарып тыныштық алған жүреппен ауыр күрсініп үйіне қайтты...

Бұның арт жағынан тоғай ішінде таң бұлбұлы, қаралы жалғыздық күйін қошеметтеп, дұғадай сезімді тазалық жырын жырлап тұрды... Қаракөз үйге кіріп, Мұқашты сүйіп-сүйіп жатып, қатты ұйықтап қалды.

Жаяу сал

ҚАРАЛЫ СҰЛУ

Алты жыл – қаралы, қайғылы алты жыл өтті. Әрбірі бір-бір өмірдей сарылған ұзақ. Қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған жүдеу жылдар... Содан бері Қарагөз қаралы тор бұлбұлындай бұл¹ төсектің иесі. Сансыз көп күндер өтіп жатса да, не бір жаңа үміт әкеліп сергіткен, не болмаса жүдеу көңілді бір сағатқа болса да селт өткізіп алаңдатқан мезгіл болған емес. Қарагөз бұл өмірді әбден мойындап болған. Көп жыл бойына созылған қаралы күй Қарагөз өмірінің қалпы болған. Күндегі дағдысы, салты болып кеткен... Күздің айсыз қараңғы түнінде түн қатып жүрген жолаушы ұзақ қараңғылыққа қалай мойындап бағынса, Қарагөз де сондай мойындап, көніп болған... Содан бөлек халді көксететін өзге түрлі ой келсе, оны көңіліне дарытпай, өшіруге асығады².

Сол Қарагөздің ауылы бүгін қалың таудың ішімен жайлаудағы көк шалғынды, салқын сулы шалқар қонысқа көшіп келе жатыр. Таң қылаңдап келе жатқаннан жүгін арта бастаған ауыл жаздыгүні жақын белден жаңа қызарып шығып келе жатқанда ескі жұртынан жөнелген...³

Қазірде кеш жарым жолға келіп қалды. Бүгін тау аса қонбақшы болған ауыл қалың таудың ішімен жартасты, тоғайлы, шалғынды өзекпен шұбатылған шұбар топ болып... дабырлап, шулап келе жатты...

Көш алдында айдап келе жатқан төрт-бес жүзден жылқысы бар, басқа ірі қарасы да мол бай ауылдың көші жыл бойы иесіз тұрған таудың тусып кеткен шөбін жапырып, қызуы мол тіршілікті көшіріп келе жатқандай болады⁴.

Көштегі көңілді қатын-қалаш, желікті қыз-келіншек маңайласқан жігіттермен қалжыңдасып, күлісіп ойнайды. Арқыраған семіз, сұлу асауларды мінген жас жігіттер үйіріне қарай жұлқынып, аласұрып жер сүзген айғырларын құтыртып-

ойнақшытып келіп, қалың жылқыны дүрілдетіп, желдіріп айдайды... Дүн-дүние мастық тойындай буы аспанға шығып, құтырынып желігеді⁵. Шулаған желікті көш, таңертеңгі көлеңке басқан қара жаргас пен қалғыған өзекті де оята сергіткендей. Бұл кешке табиғат та жылдық ұйқысына оянып, өлең білдіргендей.

Таңертеңгі көлеңкелі өзектен шыққан салқын самал соғады.

Жыл бойы тұл болып тұрған жайлау бүгінгі күн жыл құсындай боп қиқулап, жөңкіліп келе жатқан елді жаңа көріп сергігендей.

Қазіргі барлық сурет, барлық дүние адамды қызық думанға, сағымды түспен зор тілекке қол бұлғап шақырып тұрғандай. Бұл қызуға желікпеген жан жоқ...⁶ Ең аяғы шал қойшы Болат та үстінен көш өтіп бара жатқанда, құла шолақ биені тыраңдатып шауып келіп, көш жанында келе жатқан тұрғылас әйелдер арасынан⁷ келіп килігіп, жауырынын қиқандатып, қалжыңдаса күледі. Әрқайсысына көзін қысып, иек қағып, ізденіп соқтығады. Қызыл шырайлы келіншектің құла биені қамшылап ойнағанына емексіп, жігітімсіп шіренеді⁸.

Үш ат жеккен пәуескенің ішінде келе жатқан Қарагөз Болаттың қасынан арбасы кетіп бара жатқанда аз сергіп күліп:

– Болат-ау, сенің де базарың тарқамағаны ма, жаным-ау! – дейді...

Болат бұл сөздің түкпірін түсінеді. Қарагөз не десе о десін, үзеңгісіне шіреніп күліп:⁹

– Несін айтасың, қарағым!.. Қыз-келіншек тал бойымды ұйытып келеді... Ішімдегі жанған от қыз-қыз қайнайды, – деді.

Бұл көште жалғыз жүдеу, жалғыз жабырқаған қайғының тұсауында келе жатқан – сол Қарагөз... Осы көп мал мен бай ауылдың иесі болған, мына дырдулы кештің басшысы болған жалғыз жесір әйел – Қарагөз.

Қарагөз 32-ақ жаста. Қаралы жаулық салынып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды... Одан бұрын Қарагөз тіршілік базарында еркін жүзіп жүрген еркемін дейтін. Бұның өмірінің үстінде күлімсіреп тұрған күншуақты, бұлтсыз ашық кек аспан бар-ды. Сондай ашық күннің ортасында бір-ақ сағат ішінде түсі суық, шоқ қара бұлт ойнап шыққан. Аяқ астынан келген бір қаза бір-ақ күннің ішінде Қарагөзді қаралы қылып, қаңғыртып кеткен...¹⁰ Содан бері алыстағы сағымдай болған

жар жеткізбей, белгісіздікке батып жоғалған... Оған дәл алты жыл болды...

Қарагөздің күйеуі Әзімхан ол кезде 28 жаста, өзі бір атадан жалғыз жігіт болатын¹¹. Басқа аталас ағайындадары болса – барлығы да бөлек ауыл болып, бөтен сияктанып, өз тілегі, өз өмірімен бұлардан алыстап кеткен. Ағайындарының кейбірі қартаң тартқан адамдар болған. Әзімханның туысқаны, жалғыз сүйеніші жетпіс жасқа келген кәрі әкесі – Үсен. Әзімхан жалғыз жігіт болса да, аз атаның басқөтерері атанып, Ырғайлы болысындағы әдеуір елге белгілі болған¹².

Бір жыл дәл осы жайлауға көшіп келе жатқан кезде бүгінгі кеш келе жатқан өзектермен Үсен ауылы көшіп келіп, Қайыңдыға қонды... Қайыңды – тау аралаған шалғынды, тоғайлы өзен. Жалпырап қонған көп ауыл маңайындағы шұбыртқан көп малымен Қарагөздің ол күндерінің көркі сияктанатын¹³.

Ырғайлы көп жылдан келе жатқан дағды бойынша Қоңыртау болысымен қатты жұлысқан араз болатын. Сол жылы да жаз шыққаннан бері қарай күнде қиқу, күнде «аттан», жағалай шабыс болған.

Ырғайлының үстемдігін өзге ел жуандарымен бірге жоқтап жүрген Әзімхан сол жуандардың желіктіруімен Қоңыртауға кейде өзгелерден жырылып барып та соқтығатын. Қоңыртау бір кезде өзгеден ерекше Үсенге кіжінулі дескен. Бұл хабар бір емес, әлденеше рет келген-ді.

Бірақ онымен Әзімханды да, барлық Ырғайлыны да¹⁴ тоқтата алған жоқ. Қоңыртау бір алса, бұлар кейде екі-үштен алып жіберетін. Қоңыртаудың Әзімханмен ерекше жауығуына бір себеп Қарагөздің басы еді. Әуелде¹⁵ Қарагөз Қоңыртау елінің жесірі болған. Сол елдің бір бай ауылы – Сыбанбай. Жас кезінде Қарагөзді Сыбанбайдың немересіне айттырысқан.

Бері келгенде Қарагөздің күйеуі аяғы ақсап, кем болып кетті. Оның үстіне, өзге балаларының ішінде әке-шешеге қадірсіз бала болады екен.

Бойжетуге¹⁶ айналған кезде сұлу Қарагөзден наразылық сөздер шыға бастаған.

Қарагөздің әкесі жас кезінде өліп еді. Жесір қалған шешесі Үсеннің немере қарындасы болатын. Ол Үсен ауылын төркін қылып ылғи араласып жүретін. Қарагөз де кішкене күнінен Үсен ауылын нағашы етіп, көңіліне ерекше жақын тартып,

кейде шешесімен, жалғыз өзі де келіп, көп уақыттар жатып қайтып жүретін. Сол халмен жүргенде Әзімханның бұрынғы алған келіншегі¹⁷ қайтыс болған. Қарагөздің Сыбанбай ауылына барғысы келмей жүретіні көп жұртқа паш болып қалған. Басында Қарагөздің сөздеріне елеусіз қарап¹⁸, «кезінде көрерміз» деп, іштегі нық байлаумен жүрген шешесі Әзімханның келіншегі өлген соң, баласының наразылығына түзу қарап, ойлана бастаған¹⁹.

Сол халдің үстінде дәрғуманда жүргенде²⁰ бір күні Қарагөздің ауылына амандасып қайтқалы Әзімхан келген. Әзімханның не оймен келгені бұл ауылға да, апасына да белгісіз. Әзімхан өзі де анық, ашық байлаумен келген жоқ-ты. Бірақ үйге келіп кірген жерде ол бұрынғыдан көп өзгеріп кеткен Қарагөзді көрген.

Бұл уақытқа шейін бала қалпында жүрген Қарагөз енді²¹ ширатылған нәзік, ұзын бойлы, қынай белді, толқынды қара шашы бар тұңғыық сұлу қара көзді бойжеткен болыпты. Көрмегеніне бір-ақ жыл шамасы өткен Әзімханның енді алғаш келген сәтте жүрегі лүпілдеп соғып²², көз алдында сәулелі сұлу жарды көріп қалғандай болған. Әлденеден екені белгісіз, бұрын бұл жайдан бір ауыз сөз естімесе де, қазіргі халде Әзімханның жүрегін соқтырған белгісіз сезім Қарагөзге де сол секөнтте білінгендей. Әзімхан апасына амандасып, енді Қарагөзге қарап:

– Есен-саумысың, қалқам? – дегенде, ұялып қараған Қарагөздің жүзінде ыстық қан ойнады²³.

Бұл күнге шейін жүріс көрмеген²⁴ бала жүзі өмірінде алғаш рет әлдеқандай көмескі түс сияқты оймен қызарып, төменшіктеп қысылғандай болды.

Екі жас үнсіз белгі беріскендей. Екі көңіл бір-біріне ұялып бұғып тұрып ым қақты. Басы осы²⁵.

Аздан соң арада сөз жүрді. Сүйек жаңғырту Қарагөздің басқа ағайындарына да теріс көрінбеді. Әсіресе бұл күнге шейін өзінің жесірлігінде ерекше сүйеніші сияктанып отырған Үсенмен қайтадан үй ішінен үй тігіп, жақын болуы Қарагөздің шешесіне керек көрінді. Сөйтіп, аз күн ішінде астыртын құдалық сөзін байласып қойды...

Бірақ бұл – алыстағы тілеу. Ол қиын асу, биік асқардың ар жағында жатқан қиын түйін²⁶. Сыбанбай бөгет шығармай қоймады. Қоңыртау жұлқыспай жесірін жібермейді... Үсен жақтың хабары жансызданып, Сыбанбайға барып қалғанда,

олар күпілдеп, кіжіне бастады. Бірақ ашық сөз, анық байлауға екі жағы да жете алмай, енді жақындап келе жатқанда, Сыбанбайдың немересі өліп қалды. Бұдан кейінгі сөз ұзаққа бара алған жоқ. Сыбанбайдың өзге балаларының барлығында да не айттырған, не алып отырған әйел бар. Бұрын ұстанған сөз бойынша Сыбанбай: «Қарагөзді кейінгі балаларға қаратамын... Құдамнан қол үзбеймін!» – деген болды²⁷.

Бірақ бұл сөз ұзаққа бармады. Үсен Сыбанбайдан алған барлық малды түгендеп қайыртып, өзі Қарагөзге құда түсіп, арада бір жыл өткен соң ырғап-жырғап келінін алған...

Бұл оқиға өз кезінде Ырғайлы мен Қоңыртаудың арасына көп салқындық салды. Көп ырғасып тартысумен барып, екі жақ зорға тынған. «Үсен көбінше мал күшімен жеңіп алды», – деген сөз ел ортасына жайылған сайын Сыбанбай болымсызды сылтау қылып Ырғайлыға соқтыға беретін болған.

Бірақ арада бірер жыл өткен соң, жесір дауының қызуы солғындап келіп басылды. Сөйтсе де басында бір шиеленісіп қалған елдер енді жаңа дау, жаңа араздыққа жол тауып алып, кезек алысып ұстасып жүрді.

Бері келген соң Сыбанбай Үсен басындағы кекті өзгертіп, өзі Ырғайлының басқа елімен, басқа жуандарымен²⁸ көбірек ұстасып кетті. Араздық себебі жаңадан туып, жаңа сөз, жаңа істермен қайта қозған соң, Үсен²⁹ көп елінен қалыспай, Ырғайлының басқа елімен бірге Қоңыртаумен анда-санда алысып қалып, ұстасып жүрген. Осы халде Қарагөзбен Әзімханның қосылғанына жеті жыл толғанда, Үсеннің ауылы жайлауына көшіп келе жатып, Қайыңдыға қонды.

Жаңа қонысқа жайғасқан күні түнде ауыл маңында жатқан жылқыға жау тиген. Көптен сақтанып, Қоңыртаудан кезек күтіп жүрген Үсен ауылы күнде кешке екі-үш сенімді ат-айғырды ауылда ұстайтын. Бүгін көшіп келген ел қирай жағылып, шырт ұйқының ішінде жатқанда, тауды қақ жарып шыққан: «Аттан!» даусына өзгеден бұрын оянып, асығып қамданған Әзімхан болды.

Әзімхан арқандаулы тұрған бәйге жиренді алып келіп, асығып ерттеп жатқанда, Қарагөз жүрегі дірілдеп тұрып, үріккен пішінмен қасына келіп:

– Басқаларды жіберсеңізіші! Тау іші шабуға жаман, – деп еді. Бірақ жарық айлы тыныштық түні жас жігіттің тұла бойын ысытып, бір қызу қан алыпұшты³⁰.

Ауылдан Әзімханнан басқа да үш-төрт жігіт шапты. Бұлардың бәрі тастақ төбелермен сатырлатып шулап жөнелді... Бұл кезде ауыл да азан-қазан болған. Атсыз қалған жаяулар босқа дырду жасап айғайласып, әрлі-берлі жүгірісіп жүрді³¹.

Әзімхандар сол бетте барып жылқыны әкетіп бара жатқан жауға жетіп араласқан... Жылқышылар көп жаудан қаймығып, батып ұрыса алмай, кейін келе жатыр екен. Көп жылқыны қалың жау ұзын өзекпен дүрілдетіп, қиқулап әкетіп бара жатыр.

Сол кезде қуғыншының алдымен жеткен Әзімхан тосқауыл қылған көп жаудың ортасына келіп кіріп кетті. Әзімхан қорықпайтын ер жігіт еді. Бірақ бұрын көп соғыста болып төселген емес. Оның үстіне, бір кісіге әлі жетерлік мықты да емес-ті.

Жирен атты қуғыншы екіленіп келіп екі-үш рет арасына кіріп шығып, алдын орай берген соң, жау ішінен соғысқа ыңғайланып алған екі мықты барымташы артын айналып келе жатқан Әзімханды көргенде:

– Күрең атты тағы келеді... Ортаға ала бер... ортаға ал! – дескен³².

Әзімхан екі жаудың ортасына солардың тілегінше екпіндеп келіп кірген... Бұл кіре берген бетінде оң жағындағы боз атты енгезердей жауды желкеден қаға ұрып жіберді... Бірақ дәл сол секөнтте өзінің де желкесінен сол жағындағы сары айғырлы жаудың қара сойылы мықтап тиді. Бұл сойыл Әзімханға дене тауып, қатты соғылды³³. Алғашқы сойыл тиіп кеткенде, қолындағы ағашы ұшып түсіп, өзі еңкейіп³⁴, атының жалын құшып қалды. Дәл осы уақытта бұрынғы ағынмен келе жатқан бәйгі жирен боз атты жаудан қиыс өтіп бара жатыр еді. Оған Әзімханның сойылы тисе де әлсіреткен жоқ екен. Жанынан қиыс өтіп бара жатқан Әзімхан аттың жалын құшып қалғанда, анау ақ сойылды шыр айналдырып келіп, маңдай тұсынан қағып-ұрып жіберді... Әзімхан бір-ақ секөнттің ішінде жүрегінен оқ тигендей болып аттың артына ұшып түсті. Маңдайды меңзеп ұрған күшті сойыл дәл құндыздықтан тиіп, басты³⁵ айырып кеткен екен...

Әзімхан аттан тымақша ұшып түскенде, бұрын талай соғыста болып, қолы ауырлығынан талайды сорлы қылған боз атты жау артына бұрылып қарап:

– Қап, жығылуы тым жаман болды-ау!.. Жазым болмаса игі еді!.. – деді.

Жазым болғаны шын! Әзімханның басы төрт елідей айырылып кеткен екен. Кейінгі жұрт шулап жылап, үстіне келіп үйілген уақытта Әзімхан үзіліп жүре берді. Сұлу жарға ақырғы рет «қош» деуге де тілі келмеді...

Әзімхандар аттан салып жөнелгенде³⁶, шошынып жылап, тілеу тілеп қалтырап тұрған Қарагөз үйіне кіріп жата алмай, жылқы жақтан хабар күтіп тұрғанда, жұмбаққа толған мұңлы түннің ортасында ауылға қарай шулап келе жатқан қаралы айғайды естіген. Бұл шу – ауылға қарай ат қойып, «ой бауырымдап» келе жатқан жылқышылар мен қуғыншылар шуы³⁷.

Алғашқы жылау, алғашқы қаралы қайғы осы түннен, осындай халдің ортасында басталған-ды.

Бүгінгі көш сол адыра қалған Қайыңдыға тағы қонғалы келе жатқан пәуескенің ішіндегі Қарагөз алғашқы қаза түнін есіне алып, ыстық жалынмен жиі күрсінеді³⁸.

Әзімханның өлімін Ырғайлы жоқтаусыз қалдырған жоқ. Ол жақтан жылқы аламыз деп барып, кісі де өлтірді... Кегін де алды... Әзімхан басына жүз түйенің құнын да алды. Қоңыртауды жасытып ықтырды. Бірақ оның бәрі сүйген жармен бір ауыз сөзге келмей, арманда қалған қайғылы сұлуға түк жұбаныш болған жоқ. Алғашқы бір жыл бойында ойына еш нәрсе тиянақ болуға жараған жоқ...

Иесіз қалған мол дүние, ауыр дәулеттің ортасында жетпіс жастағы кәрі атасы мен Қарагөз қалды. Онан соң бұл екеуінің де, барлық ағайынның да үміті сияқтанып екі жасқа келген кішкентай Мұқаш қалды. Қарагөз бен Әзімханның алғашқы көрген баласы осы. Бұдан басқа бала жоқ... Әкесі өлген соң, кішкентай да болса, Мұқаш «өлі арыстаннан тірі тышқан» дегізіп, Әзімханның артындағы қаралылардың сүйеніш тілегі болды.

Әзімханның қырқы өткен соң жалғыздың қайғысын көтере алмай, бұрын кәріліктің өзі де жеңуге айналған Үсен³⁹ де қайтыс болды.

Маңайы тұлдыр болып, құлазыған жалғыздық жас сұлудың бір өзінің басында ғана қалды. Күнде тіршілігіне ырза болған жұрт ұйқыда жатқан құлқын-сәріде, мұнайып батқан бейуақта⁴⁰ Қарагөз қаралы жаулығымен бетін жауып отырып зарланып дауыс айтатын.

– «Жалғыз біткен бәйтеректей» арманда өткен «алғанын» қайғылы сұлу «алтын терек – арысым» деп аңырап жоқтайтын. Қөзінен тамшылап аққан жаспен бірге шынымен егілген қайғының сөздерін айтып, тыңдаған адамның сай-сүйегін босататын. Қарагөз қайғы ішінде кексе тартып ұлғайып кеткендей болды. Іштегі жалын мен күрсінген жүзі Қарагөздің басқа тіршілікті талақ қылып ұмытқанын білдірді. Қаралы тор тұтқанын жұрт: «Жарын жоқтай білді», – десті. Қарагөздің жоқтауы мен даусын барлық Ырғайлы жаттап алып, әнге салып айтып та жүрді. Кемпір-шал Қарагөзді аузынан тастамай мақтап: «Байының артын бұндай жақсы қылып күткен әйел болған емес», – деп аңыз қылды.

Сондай жылау, жоқтау⁴¹ ішінде Қарагөз барлық үмітті, жастық дүниесін көрге көмді. Ол Мұқаштың тілеуін тілеп, енді ерге тимейтін тұл қатын болып отырып қалуға өзіне-өзі серт берді.

Дүниесін билеп ауылына, атасы мен жарының орнына ие болып отырып қалды... Ендігі жалғыз үміті, жалғыз жұбанышы – кішкентай Мұқаш. Сүйеніші мен ермегі⁴² бір соның тәрбиесі болды.

Ағайын ортасы⁴³ бұл күнге шейін Қарагөзді қадірлеп күтуден қалған жоқ... Ұзақ қайғыны өмірінің мәңгілік шер күйі қылып сақтап, Қарагөз әлі күнге келеді...

Бүгінгі кешті бастап келе жатқан қаралы сұлудың жайы осы⁴⁴.

Бірақ бұл күндерде Әзімханның қайғысы жалғыз Қарагөздің ғана көңілінде қалған. Өзге маңайдағы адамдар мен желікті дүние Әзімхан өлмеген күндегідей әлі де қызықты, желікті. Бұл күнде сегіз жасқа келген Мұқаш Қарагөздің жанында келеді. Оның да көңілі қазіргі тіршілікке мәз!⁴⁵ Айғайлап қуанады. Арбаның ішінде іші пысып секіріп, дауыстап күліп, маңайласқан кісілермен ойнайды. Бұл да буыны бекіп, дені сау болып, ержетуге тақады. Қарагөздің қаралы алты жылы өтті. Сол жылдардың ішінде көлденең қараған көз қаншалық қадалса да, Қарагөздің сыртына шыққан не әлсіздік, не қобалжуды көре алған жоқ. Бірақ сол уақыттарда Қарагөз көрген азапты білсе еді жұрт!... (...)⁴⁶

Көп жас қыршынынан қиылады. Тіршілігін қарғап өтеді. Көпшілігінің сынығы жамалып, қайта түзеліп, ел қатарына

қайта қосылады... Ал Қарагөз қайғысы бір алуан ұзақ мұңлы жыр болып, әлі кетіп барады⁴⁷.

Тұңғық қара көздерінен сұлу ажар кеткен жоқ. Жас денесі әлі де уыздай аппақ, толық, сау. Бірақ не керек⁴⁸, барлық ойы, барлық тілегі бір-ақ жерге шегеленді. Аясы азғантай орынға бұл өзін-өзі сыйғызды. Қаралы күнге шейін тасқындап келген сезімді тұсады, буды... Сонымен бірнеше жыл өтті.

Қарагөз күйеуі бар, бала тауып отырған әйел еді...

Қайратты тіршілік үшін жаралған жас дене мен тілек үшін қайнаған ыстық қан, шойын есікті тұтқын орнына қанағаттану қиын болады⁴⁹.

Қарагөз ол қиындықты тістеніп шыдап, басын жеңіп жүрсе де, кейбір көздерде таңды-таңға ұрғызатын азаптар болатын.

Жас әйелдің бұл түндері көр азабындай қинау түні... Үй іші қараңғыланып, бұл төсекке жатқанда, әлдеқандай жыланша иірілген сезім толқындары тамыр-тамырын қуалап, өне бойын билеп кететін⁵⁰. Тістеніп, шыдап, «құтылар ма екем» деп дұға оқыса да, сол жыландар ауыр басып, ақырындап жылжып келіп, ақ төсіне оралып, ақ тамағынан сүйіп, барлық денесін шыдамынан айырып ысытып, дірілдетіп жіберуші еді.

Шошынып, қабағы түйіліп, дір-дір етіп жатып, көрпені шиыршықтап қысып құшақтайтын. Шоқтай ыстық-ыстық ойы таң ағарып атқанша бір минутқа босатпай, жанын жей, дозаққа салып шығатын...

Талай түндер Қарагөз шыдай алмай, қасына қызметкер кемпірді шақырып алып, денесін сипатып, жарық жағып қойып, күрсініп, жүдеп отыратын. Ол бұның ішінде тіршілікке ұмтылған жаңа өмір ұрығының жарық дүниеге шыққысы келіп қозана тілегені еді.

Сол күш Қарагөзді көп заман қинап жүрді... Әлі күнге шейін мезгіл-мезгіл асау сезім құтыртып келіп, бір тоңдырып, бір қыздырып, ысытып, қаралы Қарагөзді отқа салатын⁵².

Барлық ұзақ қаралы күндерде ойлап өткен қайғы мен әлгі сияқты азаптар Қарагөздің мінезін де өзгертті... Ол ерекше сезімділіктің себебінен дертті сияқтанды. Бұрынғыға қарағанда қаны бұзылғандай: тез ашуланып, тез жылап, тез күліп жіберетін күйіп-жанғыштық пайда болды... Кейде жадырап отырған қабағы қазір шытынап түйіліп, болымсыз нәрсеге

қиналып кетеді. Өкініп қайғырып, шыдамсыздықпен тұтанып, ұйқы-тұйқы боп қалады⁵³.

Түндей тұңғық көздері енді ыстық жас үшін жаралғандай болды. Бірақ сонда да Қарагөз бір байлауына жабысып, тастай мықты болып келе жатыр. Өзге дүниеде өз көңлінен азғантай теріс шыққан нәрсе қинап жібергендей болса, өміріндегі ең ауыр, ең қайғылы түйінге келгенде, Қарагөз өзін аямастан қатты ұстап, қандай қиын азапқа болса да көндіріп келді.

Бүгінгі кеш бойында бірталайдан ұмытылып кеткен азап Қарагөзді қайта қинап, толқытып келе жатыр еді...

Қарагөздің сопылығы бұрынғы молшылық, бұрынғы қызықты дүние ортасында өтіп келеді. Күндегідей ыстық жарық күні туып, сезім түндері өтеді... Жаз жасарған табиғат та, мінеки, желігіп еліреді... Жан кіргендей боп, қызуы тіршілікті көксегендей мастанады... Жүз бұралады⁵⁴.

Бозбала асаумен теңселіп, құтырып шабады. Қыз-келіншек назданып күледі... Өзгенің бәрі де өз бетінде, алпыстағы қойшы Болат та Қарагөздің есіне жыландай сумаңдаған сезімдерді келтіріп, желіге мастанады...⁵⁵.

Ыстық сезім бұған Қарагөз көштен озып келіп, жылда ауыл қонатын Қайыңдының өзегіне жетті. Өзен бойы қайыңды, мойылды жас тоғай... Сылдырап су ағады... Таңертеңгі көлеңкеден шыққан тоғай салқыны, самалы Қарагөздің бетіне ширатылып келіп соғып өтеді.

Іште – ыстық сезім, қарсы соққан салқын леп... Пәуеске иесіз жұртқа келіп тоқтағанда, Қарагөз өз үйін жылдағы қонып жүрген жұртына тіккізбекші болып арбадан түсіп, сол жерді іздеді. Ақыры тауып тоқтап, айналаға қарағанда, төменгі жақта – өзен бойында бір тоғайдың көлеңкесінде доғарулы тұрған трашпеңкені көрді⁵⁶. О да осы жерге көшіп келетін бір ауылдың алдын озып келген адамдары болу керек. Қарагөз ұйықтап жатқан Мұқашты оятпай, жалғыз өзі аяңдап әрлі-берлі жүріңкірей түсті; аяғы әлсіз... Денесін зорға алып жүреді. Белгісіз тілек қинаған көңіл тоқталмай, жіңішкелеп шаншады. Ескі жұртты өзен жағасына жақындай барып, тегіс керіп, енді арбаға қарай жүруге айналғанда, Қарагөз арт жағында, тоғай арасында сақылдап күлген жас дауысты естіді. Бұрылып біраз тұрып, тоғайға қарай жүрді.

Көленкелі биік тоғайдың іші рақат-ты... Сұлу...⁵⁷ Жас тоғайдың салқыны жайлы тыныштығымен денені мас қылып сенделткендей. Тоғайдың шетіне кіргенде, Қарагөз жылда осы қонысқа келгенде естіп жүретін дағдылы бұлбұл даусын естіді... Бұған шейін жіңішкелеп естілсе де, өлең қыла қойған жоқ еді. Енді тыңдады: елсіз таудың ішінде⁵⁸, иесіз қоныста мәңгі жастық, мәңгі жарастық жыршысы – кішкене бұлбұл сайрайды... Жаратылыстың қызығына қошемет айтумен бірге, жайын тау, жаралы жартастың жалғыздық күйін де шерлендіріп қосады. Кей кезде иесіздік пен құлазыған тыныштықтың күйі сияктанады. Кейде өзек бойында күрсініп соққан желдей, жібек жібі сияқты жіңішке даусын жүз бұралтып суылдап, ысқырады... Тілсіз табиғаттың жүрегін үзгендей болып шаншылып қадалады. Бір кезек жарық айлы түн ортасында⁵⁹ қалың таудың ішінде алыстан естілген көп кішкене қоңыраулардай болып, жартаспен жаңғырығып дірілдейді. Тағы бір сәтте Қарагөз жүрегіннің қайғысын айтқандай болып, ұзақ мұңмен ырғалып, шұбатылып тамылжиды. Елсізде жалғыз өзі жүз толғанып жырлаған бұлбұл Қарагөздің ұзақ жылғы қайғысы мен жайын, табиғаттың иесіздігін жыр қылғандай. Қаралы әйелдің сұлулығын қошеметтегендей. Бұл да сезім күйін шертеді⁶⁰. Онсыз да қайнап жүрген қанды бір тондырып, бір ысытып, Қарагөздің жүрегін қысып ендіктіреді.

«Әттең, кара жыландай нәпсі!.. Не күйге ұшыратасың? Қайда апарасың?» – дей түсіп, Қарагөз бұлбұлды тыңдап, тоғайдың ішіне кіріп қалыпты. Бір мезгілде бағанағы естілген ашық күлкі тағы естілді... Бұл уақытта жақыннан шықты... Екі күлкі... Бірі – жас әйел, бірі жігіт болуға керек.

Қарагөз жаңылған жоқ. Алдында – қалың ағаштың саясында, жіңішке өзектің қасында⁶¹ Қарагөзге сыртын беріп, бір қыз, бір жігіт құшақтасып ойнап отыр... Бұлар қатты даурығып күледі. Құшақтасқан қалпында қатар жығыла кетіп, құмарлықпен сүйіседі. Қарагөздің екі көзі тұнжырап, жасқа толып, екі бетін ерекше ыстық қан басып кетті. Тамағы кебірсіп, қылғынып жұтынады.

Таза аппақ көйлектің сыртынан кара желетке киген жас жігіттің ұзын бұйра шашы бар. Сондай жарастықпен киінген құмар жас қыз. Екеуі құшақтасып жантайғанда, жалаңаш аяқтары өзен суына малынып, салқын сумен шалпылдатып ойнай-

ды... Бұлар – Қарагөздің ағайыны Ысмағұл ауылының жастары. Жас жігіт қыздың қайындап келіп жатқан күйеуі... Оқыған сұлу жігіт. Жаздай осы елде болатын... Бұларды аталары еркімен жіберіп, жалғыз қыздың қызығын еркінше қызықтайтын.

Қарагөз таныды. Бірақ іштегі қара жылан (Қарагөз бұл сезіміне осындай ат қойған) өмірінде бұл күнге шейін болмаған асаулықпен жүз толғанып иіріледі...⁶² Бойы ұйып кетті. Қалың жапырақтың арасында үндемей, көзін ала алмай қатып тұрғанда, ыстық жас ағып-ағып барады... Бірталай тұрды. Денені ерекше ыстық сенделтіп кеткенде⁶³, дүние қарауытып, айналып бара жатқандай болды... Бірақ құлаған жоқ. Зорға есін жиып, қайта түзелгенде, ішінде күшті намыс пен жігер қайнағандай болып, әлсіреп ұйып кеткен денесін қайта жиып, билеп алды. Көздің құрты сияқтанған мас жастарды сол орнында қалдырып, қайта айналып жүріп кетті.

Ауыл қонды. Бұрынғысынша жаңа қонған ел⁶⁴ көп әбігердің артынан тыныштық алып жайланды. Жарық айлы түн жылжып келді⁶⁵.

Күндізгі толқынтқан ой бір басылып, бір көтеріліп түнге кеткен. Басылған уақытында Қарагөз: «Бұл екі жылдан бері бүйтіп қинаған жоқ-ты... Әлі де қайта айналып соққаны шығар. Өлейін – өлсем де шыдайын!..» – деп күрсінген қайғы ішінде тағы бекінді⁶⁶.

Төсекке жатысымен қараңғылық қайта ойнады⁶⁷. Қаралы күңгірт көңілді, күндізгі көрген сурет неше түрлі қызылды-жасылды пішінге мініп келіп, мазақтап⁶⁸ қинай бастады. Әрбір жаңа сурет жаңа келген азаптай жанды қысып, жүректі инемен шабақтағандай болады. Сағымды тілектің қара жыландай жат болып кеткен сезімі біресе белгісіз сұлу жігітке Қарагөзді қатты қысып құшақтатқандай болады. Мас қылып елтітіп, тамағынан сүйгізгендей. Біресе үстіне, барлық денесіне ауыр салмағын әкеп салғандай. Біресе дірілдеген дәмді, тәтті сұлу сыбырды естірткендей. Шыдам біткендей... жүрек езіліп⁶⁹ бара жатқандай... Қарагөз көрпесін сілкіп тастап, қатты күрсініп, дауыстап:

– Аллай, тұншықтым ғой!.. Құдай-ау, мұнша неге сорлы еттің? – деп, қайнап қызған қанмен қайда барарын білмесе де, үйден атқып шығып кетті⁷⁰.

Ауыл ұйқыда. Жарық айдың қалғытқан сәулесінде жеңіл күрсініп, тыныс алады. Жанды⁷¹ жеген азаппен қиналып шыққан Қарагөзді білген жан жоқ... Ол жалаң аяқ қалпында үстіндегі жалғыз көйлегімен, тарқатылған қара шашы арқасына жайылған қалпынша тоғайға қарай жүреді. Бұл уақытта Қарагөз ерекше сұлу. Оны қинаған дерт әлі де басылмай, қайнап келеді. Жүректен шыққан жауыз дұспаннан құтылу үшін жас әйел белгісіз ем іздейді... Қазіргі түн салқыны ыстықтап күйген денесіне азғантай да сезілмейді. Қарагөз күрсініп жылап келіп, екі аяғын тізесіне шейін жалаңаштап, суық суға батырып, жиекке жарым денесімен құлай кетті. Ақ денесі ашылып, қара шашы төгіле жайылып жатыр. Жүректе белгісіз құмарлық қарауытып шығып жүз толқытып барады. Сол минутта бас жағынан:

– Қарағым, Қарагөз, немене? – деген үн шықты. Сөзін ұққан жоқ, кімнің үні екенін де аңғарған жоқ. Бетіне де қарамастан, қолын шалқасынан созып бұлғағандай болып: «Келші бері!» – деді. Келе берген кісіні өзіне қарай жыға құшақтап, құшырлана тістеп сүйе бастады...

Дүние құмарлық мастығына батып, көзден өшіп барады...

Денедегі жыландар енді қуана ойнақ салады. Бұл күйдің кінәлісі Болат еді...⁷²

КІНӘМШІЛ БОЙЖЕТКЕН

Май айының іші. Гүбірнелік қаланың бақшасы мейрам күніне күндізден әзірленген. Күн батуға тақағаннан бері қарай қаланың қызықты көкसेген жастары әлденеше көңілді топ болып, күлісіп-әзілдесіп келіп бақшаға кіріп жатқан. Бүгін күн ыстық болған. Сондықтан мынау бақшаның көлеңкесінен шыққан салқын леп майысып қана тербете сокқанда, денені тез көтеріп, сергіткендей болушы еді.

Мейрам күннің түс мезгілінен бері қарай бақшаға барамыз деп әзірленген бозбала мен әйелдер күн батардан-ақ бөлек-бөлек жайраңдаған² топ болып, үзілместен келіп жатыр. Қала халқына көптен белгілі болған бақша оркестрі күндізден құтырып ойнап, дәмелі жастың көңіліне қозғау салып шақырып тұрған.

Құмы мен шаңы көп ыстық қалада майдың қоңыр салқын кеші кішкене сұлу бақшаның ішіне³ жанар оты сөнбеген жастарды еркін демалысқа, түстей сұлу сезімге шақырып, күтіп тұрғандай. Бақшаның сәнді шұбар тобы көрініске шыққан сахна сұлуларындай болып неше алуан тілімен былдырлап, желікті күлкі, сезімді қалжыңмен оркестр күйінің ішінде толқынып, бұралып өтіп жатты⁴. Күн батып, қас қараюға айналған кезде бақша мезгіл сайын жанданып, ыстық лепті тіршілік қызуымен ажарланып келе жатқан. Бақша, тіршілік күнінше, жылытатын ұяша талай меңіреу ойды да оятып сергіткендей⁵.

Кейбір шеткі аллея ұзақ қоңыр, қараңғы болып келіп, қараңғы түн сырымен қосылып, ыстық демалыс, үзілген жүрек күйін ескерткендей болатын. Екі жақтағы қараңғы қалың тоғай ішінде тұңғиық қара көзді түн сыры оркестрдің сезімді күйіне тіл қосқандай. Қалқып тұрып иек қағып, жұмсақ жел сілкінткен жапырақтарын тілші қылып, сол күймен сыбырласып сырласқандай болушы еді.

Бұл бақша – өмір базары. Кейде құлаштап, кейде кезі келсе – топтап, кейде жекелеп сатылатын сезім базары.

Бақшада жаздың түні болды. Ашық аспанның көп жарық⁶ жұлдыздары бақшаның төбесінен төніп, таласа қарағандай.

Бақшаның халқы әр алуан болушы еді. Көпшілігі – орыс жастары; бұлардың арасында анда-санда татар, қазақ жастары да кездесетін⁷.

Әзірше көп халық үлкен аллеяда мың тілмен сөйлеген қалың селдей болып тынымсыз ағылып, толқынып өтіп жатты.

Гүбірне бақшасының үлкен аллеясында екі-үш жерде дөңгелек фонтан бар еді. Олардың тұсында сейілшілер екі жарылып, жарығы мол алаңда бірін-бірі көріп, ерсілі-қарсылы өтетін.

Сағат 8 мөлшерінен осы аллеядағы топқа келіп араласқан үш қазақ жігіті өзара анда-санда күлісіп-әңгімелесіп, ажары тәуір әйелдерге телміре қарап: «Осы сұлу, осы сүйкімді», – деп, құмарланған пішінмен қызыққан сөздерін айтып жүрді. Бұлардың ортадағысы аласа бойлы, жұғымды, кішілеу денелі, қызыл шырайлы қараша жігіт еді. Тұңғыықтанып, сұлу ажармен қарайтын пенсне киген қара көзді, қыр мұрынды, қысқалау қара бұйра шашты жігіт. Бұл – гүбірнелік қалаға шет жерден жаңадан келген Ғаббас болатын. Жанындағы екі жігіт – соның осы қаладағы бұрын басқа жерде бірге оқыған жолдастары.

Бұл қалаға келгеніне көп болмаса да, Ғаббастың өзге таныстары да көбейіп қалып еді. Сол көп таныстың ішінде Ғаббасқа әсіресе әсер берген Ғайша бар⁸. Бүгінгі бақша ішінде сейілде келе жатқанда, Ғаббастың қасындағы бір жолдасы: «Келуші ме еді?» – дегенде, Ғаббас келуін күткен кісідей: «Сөзіне жетсе келмекші еді, қайта ойланса өзі біледі!» – деп күлген болатын.

Ғайша мен Ғаббастың танысқанына аз уақыт болып еді, бірақ гүбірнелік қаланың соңғы кездерінде болған сауықтары мен тағы бір-екі жерде қонақта болған жиылыста бұл екеуі бір-біріне қайта-қайта ұшырай берген.

Ғайша гүбірнелік қаладағы қазақтың тәуір қызы⁹ болады. Ғаббас – қазақтың басқа облыстан келген тәуір жігіті. Бұлар бір-бірінің атын бұрын да естіген екен. Оның үстіне, екеуі де балалық, бұйығылық шақтан өткен¹⁰. Сондықтан екеуіне де жақындап сөйлесіп, ұзақ әңгімелесіп, жеңіл түрде қалжыңдасуға да көп қиыншылық болмаған. Бүгінгі кештің

алдында бұлардың ақырғы көрісуі алдыңғы өткен түнде татар театрында болған.

Сол кеште Ғаббас көп төселген дағды бойынша, ептеп шырға тартқанда, Ғайша қарындас аса көп сыр білдірмесе де, созалаңдап, әнтек иіліп келе жатқан тәрізденіп еді¹¹. Сондықтан Ғайшамен қоштасып, айырылар жерде жас жігіт: «Жақында үйден шықпақ ниетің бар ма? Жоқ, әлде бүгінгі сауық тойдырды ма?» – деп, күлімсіреп сұрағанда, бұл өзі «көрісейік» деген сөзді айтпаған кісі сияқтанып, шын ниетін ішіне бүгіп отырған болып сөйлеп еді.

Ғайша да ол сөздің түбірін байқамаған кісіше: «Жазғы-тұрымғы уақыт қой, үнемі сарылып үйде отыра беру ауырырақ тиеді. Оның үстіне, ертең бақшада жақсы сейіл болмақшы дейді, соған барармын!» – деген.

Ғаббас бақшада сейіл болатынын бұрын естімесе де: «Мен де соған бармақшы едім. Олай болса, ертең кездесерміз...» – деп еді.

Ғайша үндемей ырзалық білдіргендей болды. Әзірге тұспал сөзбен, емеурінмен ұғысқан жастар осы сөзбен бірін-бірі ертеңгі бақшада көретіндеріне нық сеніп айырылысқан болатын. Бүгін Ғаббастың бақшаға келудегі мақсаты – сол Ғайшаны кездестіру еді.

Ғаббасқа қасындағы жолдастары Ғайша жайын көптен баян еткен гүбірнелік қаладағы қазақ оқығандары бұдан екі-үш жыл бұрын Ғайша жайын сөйлеп-сөйлеп, аяғында, атын тоздырып болған соң тоқтаған-ды. Қазақтан шыққан бірен-саран әйелдің жеріне жетпей тоқтамайтын ел аузы Ғайшаның басына өз бағасын әлдеқашан беріп болып, нық байлауын жасаған. Бір замандар Ғайшаның атына бірінің артынан бірі тізбектеп келетін әлденеше жігіттің атын қосақтаған болатын. Сол әңгімелердің шет-жағасын Ғаббас та естіген еді. Бірақ Ғаббас жаңа таныс болған құлықты әйел туралы өзгелер келген байлауға келген жоқ-ты. Ол Ғайшамен таныстығын, онымен жүрген жүрісі мен әңгімесін әзірше ешкімге сыртқа шығарған жоқ. Бірақ сырттан қарап, көлеңкеге тон пішетін көзден өз істері үшін қысылған да жоқ-ты.

Ғайшаның келуін тосып жүрген мезгілде, жанындағы жолдастары:

– Сен бұны жаңа көрдің, алғашқы көрінісінде әйелдің

жақсы-жаманы айырылмай да қалатын. Оның үстіне, Ғайша жақсы актриса десетін. Бірақ, есіңе салғанымыз, бұл үлкен романға героиня болуға татымайды. Одан бергінді, қазақтың баласысың ғой, өзін де білерсің, – дескен.

Бұл сөз күлкі мен қалжың есебінде айтылып еді. Сондықтан парыз-қарызы жоқ бір әңгіме болып қала берді. Осындай сөздермен үш жігіт үлкен аллеяның орта фонтанына шыққанда, қарсы топтың ішінде әңгімелесіп келе жатқан екі жас әйелді көрді. Бұның бірі – Ғайша, екіншісі соның жолдасы – татар қызы Мәдина тоташ еді.

Ғаббасты екі жағындағы жолдасы да түртіп қалды. Бір-бірін алыстан көрген жастар көріскен жерден алыс та болса бас изесіп амандасып, біріне-бірі қарсы жүрді.

Жастар жақындасып келіп амандасып, енді жүруге айналғанда, бесеуі бірдей қатар жүру қалың кісі келе жатқан аллеяда ыңғайсыз, икемсіз болды. Ғаббас пен Ғайша екеуі бір бөлініп, ана екі жігіт Мәдина тоташпен бірге қалды. Алғашқы жерден-ақ кешегі жақынырақ таныс болып қалған қалыпқа екі жас оңай келе кетті. Әбден үйір болыспаған адамдарда мұндай кездескен уақытта ең болмаса бас кезінде тосандық болушы еді. Ғаббас пен Ғайша ол халді жазып жіберді¹². Алғашқы сөзден-ақ бұлар күлісіп, дамылсыз әңгімеге кірісіп кетті.

Ғаббастың алғашқы сөзі:

– Бақшаға кешендеп келдіңіз, әлде бұрынғы келулер жалықтырған ба? Екі ойлы болып барып келгеннен амансыз ба? – деді.

Ғайша кесектеу даусымен күле сөйлеп:

– Жоқ, мені бақшаның жалықтыратын орны жоқ, өйткені осы бақшаға менен сирек келетін адам жоқ! – деді.

– Олай болса, кешірек келуіңіздің себебі не? Әлде кеш барсақ та құр қалмаспыз дедіңіз бе?

Ғайша бұл сөзге майысыңқырап күліп:

– Рас, бақшаның қызу кезі де осы уақытта басталады. Оның үстіне, қазақ табиғатының өзі осы сияқты үнемі шу мен дырдуды сүйе бермейді¹³ ғой. Қызық шығар деп келсең, жалықтырып жіберетін де уақыты болады. Сондықтан кісі үнемі асығып жүрмейтін болыпты! – деді.

Ғайша қазақ табиғатын сөз қылғанда, артындағы екі қазақ жігіті Мәдинаның көзінше еш нәрсені ашып айта алмай,

біріне-бірі қарап, көзбен табысты. Екеуі де ауыздарына дым тәттілігімен жайсыз тиетін бір зат түскендей болып, езу тартып күлісті. Іштей: «Мұның аты – «шырға!» – десті. Тегінде Ғайшаны гүбірнедегі оқығандар: «Шешесі татар болса¹⁴ керек, толық қазақ емес», – дейтін де сөздері болатын. Бірақ Ғайша қазақтың өз қаны екенін білдірмек болып, қазақ әйеліндегі табиғатты жаңа көрген танысының бәріне дағдылы бір машығы сияқтанып айта беруші еді. Мақтанушы еді. Әркімге әртүрлі сөйлеп¹⁵ көрген Ғайшаның бұл, шынында, бір әдісі еді.

Ғаббас әлі күнге Ғайша сөзіне өзге жолдастарындай суық сынмен қараған жоқ-ты. Сондықтан әлгі сөзіне орай қылып:

– Олай болса, менің долбарым теріске кеткен жоқ екен. Расында, екі ойлы болып келген екенсіз ғой. Бірақ бүгінгі күн өзге күндердей болмас. Жалықтырмас деп сенейік! – деді.

Ғайша түбі көрініп жатқан саяз судың жайдақтап аққан ағысы сияқтанып, жеріне жетіп қалған кісіше, Ғаббасқа ұғымды боларлық күлкімен бетіне қарап ұзақ күлді¹⁶. Бұл кезде Ғаббас та қоса күліп, Ғайшаның күлген пішініне ерігендей көзбен көп қарады. Ғайша пішінді әйел еді. Бұнда, ең алдымен, қазақ әйелінің көбінде кездеспейтін биік, сұлу дене бар. Толық етті, ақ жүзді әйел болатын. Ашық мойны бұғақты, жұмыр сұлу еді. Бет тұлғасы аздап кесектеу келсе де, сүйкімді сұлу болатын. Көзі қой көздеу, бұйраланған қара шашты еді. Сәнділіктің орынды шартын білген әйел майдың ақ жібек киімін кигенде, қара шашы мен ақ денесіне қай қазақ жігітінің болса да көзі еріксіз тоқтайтынын білген-ді. Әйелді сыртқы көрінісі мен жарастық жағынан бағалайтын Ғаббасқа Ғайшаның ендігі пішіні тез әсер еткендей болды¹⁷. Ғайшамен күлкілі қалжыңға араласқан сайын Ғаббас қазақ жігіттерінің бұрынғы барлық сөзін естен шығарып, ұмытуға айналды. «Кім біледі, әлде ол қазақтың өсекшіл табиғатынан шыққан бір сөздер шығар. Ол үшін мына сияқты қазақ қызынан тартынудың орны жоқ», – дегендей болды. Осы қалыпта бірер сағаттай екі жасты жалықтырмаған қызықты қалжың, көңілді әңгіменің мезгілі өтті.

Бұл уақытта Мәдинаның қасында қалған екі жігіт Мәдинадан айырылып, өз беттерімен біразырақ әңгімелесіп жүріп, аяғында: «Ғайша мен Ғаббасты табыстырдық; Мәдина бізді тастап кетті. Ендігі жүрісімізде не мағына бар? Бүгінгі бақша бізге ырза шығар, енді қайтайық», – десіп кетіп қалды.

Мәдинаның бұлардың қасынан кетуіне себеп болған нәрсе – бұл жігіттер компаниясының көңілсіздігі еді.

Мұның екеуінің де үйінде қазақ қатыны болатын. Және онсыз да татар әйелімен бұрын үйлесіп, жақындасып көрген адамдар емес еді. Екеуінде де әйелмен оңай үйлесетін, әсіресе бақша ішінде үйлесетін мінез жоқ-ты. Табиғаты ауыр адамдар¹⁸.

Оның үстіне, Мәдина қастарында қалғанда, бұлар бозбала міндетін атқарып, оны көңілдендіріп, күлдіріп отырудың орнына, өзара тұспалмен сөйлесіп, әркім-әркімді қағытқандай болып күлісе берген соң, Мәдина қарсы келе жатқан бір ташты көріп: «Райхан!» – деп, қазақтың екі көңілсіз жігітінен құтылғанына қуанғандай, бөлініп жүгіріңкіреп, күліп кетіп қалды.

Екі жігітке кетерінде «қош» деген сөзді де айтқан жоқ. Шешесін көріп талпынып жүгірген жас баладай кетіп қалған. Мыналар сын тақпай-ақ қала берген¹⁹.

Арттарында ауыр көзбен қадалып келе жатқан екі қазақ жігітінен құтылған соң, Ғайша мен Ғаббас та бұрынғысынан гөрі жазылыңқырап қалып еді. Бұлар біраз жүрген соң, бақшаның буфетіне кіріп, кешкі тамақты жеп, азырақ жеңіл арақты ішіп шықты. Бұл кезде бақша тіршілігі бүгінгі кеште боларлық барлық қызудың төріне жетіп еді. Әншейінде кең көрінетін аллеяға жұрт зорға сыйып,²⁰ сендей болып сіресіптұтасып, қалың толқын болып ырғалып өтіп жатты. Сансыз көп тілмен әр алуан күлкі бақша ішін жазғытұрымғы жыршы құстар мекеніндей көрсетеді. Бірде екпіндеп, бірде құмарлықпен үзіліп, кейде ерекше сезімділікпен ырғалып, толқынып, бақша музыкасы ойнайды.

Буфеттен шыққанда, көп уақыт өтіп жатқан жұртқа қарап отырған Ғайша Ғаббастың екі жолдасының кетіп қалғанын айтып күліп: «Біздің келісе алмайтын жігіттеріміздің бірі – осы екеуі», – деді.

Ғаббас себебін сұрағанда, Ғайша азырақ қолдан жасаған мұңлы пішінмен:

– Маған әртүрлі болымсыз себеппен сырттан жүріп наразы болатын жігіттер бар. Әйтеуір тіршілік дегеннің өзі де бірге жағып, екіншіге жаққызбайтын бір дерт қой. Жазықсыз болса да жала, өсек, орынсыз қиянат деген нәрсе қазақ баласының

көңілінен табыла береді. Не қылған таусылмайтын жаулық екенін білмеймін! – деді.

Бұл сөз бұрынғы күлкі-қалжыңнан гөрі, әңгімені енді аз мұң мен наз араласқан нәзік жылы сырға қарай ауыстыруға себеп болды²¹. Сондықтан екі жас буфеттен шыққан бетімен көңілдің қазіргі күйі мен сезімді әңгіме жетектеп, үлкен аллеядан тарайтын бір қараңғы аллеяға түсті. Бұл кезде екеуі қолтықтасып алған еді. Буфеттің басқышынан түсерде, Ғаббас жас әйелдің нәзіктігін қошеметтеп қадірлеген пішінмен қолтығынан сүйеп түсірген. Сол бетпен қолдарын алыспай, ақырын сүйенісіп жүріп кеткен.

Қараңғы, қоңыр көлеңкелі, мұңға батқан сыбыр мен сыр аллеясы бұлардың көңіл күйіне күй қосты. Ғайша сөйлеген өмір жүдеулігін Ғаббас та бірталай уақыт қостаған түспен мақұлдап әңгіме қылып²² келіп, аяғында Ғайшаның жұмсақ білегін қолтығына қысыңқырай күрсініп:

– Рас, өмір жүдеу, кімді де болса мәз қылар қызығы жоқ. Бірақ оның толқыны бойды билеп жеңе берсе, біржолата тұқыртып әкетеді. Сондықтан анда-санда сұлу сезім отына берілгендей бір ұмыту болмаса, үнемі уайым-қайғы тіршілік емес. Сұр өмірдің ішінде күншуаққа шыққандай боп, анда-санда сезім күніне жылыну да керек емес пе? – деген.

Бұл сөз Ғайшаны күлдіріп, бұрынғы көтеріңкі көңілді күйіне қайта әкелді²³. Ғайша басындағы сөзін «жоқ, ол орынсыз» деп дауласатын кісіше бастаса да, аяғында, өзін-өзі әдейі ату жерге әкелген аңғал андай болып, Ғаббас бір сөз айтса – жеңіліп қалатын жерге келді. Алғашқы қарсы болмақ болып айтқан сөзі дәлелсіз, мағынасыз, оңай ғана ұтылатын сөз болды...

Содан кейін бір сатыда:

– Рас, адамның өмірі жылынатын күншуақ іздейтіні рас, – деді.

Ғаббастың көптен күтіп, нысанаға алған жеріне Ғайша күлкі, қалжың, күрсіну арасында созылып келіп, жаңа ғана жеткендей. Жас жігіт²⁴ енді бір қараңғы тоғайдың түбіне келіп тоқтап, Ғайшаның екі қолын көтеріңкіреп ұстап, қарсы алдында тұрып, көптен дайындаған анық тілек, шын мақсатын айтты.

Басы мен аяғы анықтап дәлелді болып құралмаса да, анда-санда арасында шешен сөздер араласып келіп, шын сезімнің тілі сияқты айтылды. Аз дірілдеңкіреген дауыспен бірге буынды алған ыстық сезім лебі де білінгендей болды.

Жазушы жігіт өз сөзіне, бір минутқа болса да, шыным деп сенген жүрекпен сөйледі. Даусына діріл кірді.

Ол ішкі сырын «сүйемін... құмармын... тілегім, үмітім...» деген сияқты ыстық сезім тілімен бітірді²⁵.

Сол сөздер Ғайшаны өзгертер, толқындар деген сеніммен айтылған. Ғайша бірталай нәзік сөзді естісе де, бұрынғы қалпынан көп өзгермеді. Ғаббастан да бұрынғы көп естіген сөздерінің бірін ғана қайта естігендей болып тағы күлді. Бірақ ендігі күлкісі: «Олай болса – несі бар, бөгет не?» – деген сияқты.

Ғаббас алдыңғы сөзі болса егіліп елжіреген сөздер екенін сонда байқағандай болса да, таскындаған құмарлықпен қыздың екі қолын өз иығына артып, мойнын құшақтатып, өзі де көптен асыққан құмарлықпен қатты қысып құшақтап, Ғайшаның күліп тұрған аузынан ұзақ уақыт сүйіп тұрды. Бұлар көпке шейін тілге келмей, құмартып қызған денемен, ыстық демалыс, асау ашық сезіммен көп сүйісті.

Жастар бойын буған құмарлықтың толқынынан босағанда, түн ортасынан ауып қалып еді. Сол көлеңкелі күнгірт аллеядан әлі де шыққан жоқ. Музыка Ғаббас жеңген майданды құттықтағандай болып құмарлық күйін ойнап жатты.

Қыз бен жігіт ашық сөз бен айқын сырға беті ашылған қалыппен ендігі қалған уақытты дамылсыз сүйіспен, ақырын сыбыр, тәтті сөзбен өткізді.

Бұлар бұрынғы перделеп, бүркеп сөйлейтін сөздің бәрін енді атын атап, ашық сөйлеседі. Ендігі сыбырдың ішінде құшақтасып, иықтарымен сүйенісіп келе жатып, бір кезде өмірдің қызық шағы – махаббат күншуағын сөз қылды. Кейде «сүйіскен өмір – тіршіліктің барлық мағынасы» деген де сөз болды. Кейде жай өмірдің қоңыр жүдеу болып, көңілдерін жүдетіп құлазытатыны да айтылды. Қазақ қауымының «қиянатшы өсекшілдігі» де сөйленді. Бұл сөздердің барлығы да Ғайшаның бастауымен, соның әңгімесінен туып отырып еді. Барлығына Ғаббас түр қосып, дәлел тауып, Ғайшаның барлық сөздерін түгелімен мақұлдап, қостап жүрді.

Осы сияқты шын сезімге байланып, құмарлық уытымен боялған ұзақ әңгіменің ішінде бір уақыт Ғайша ендігі достық түбегейлі байлаулы достық болуын тілегендей болды. Есті әйел бұл тілегін олақ қылып айтқан жоқ. Олақтық бұл сөздің дәл

бүгінгі түнде шұғыл туып қалғандығында болмаса, айтуында орынды болды, келістірген еппен сөйленді.

Басында Ғаббас әртүрлі көмескі сөздермен бүркей жауап берсе де, артынан бір ашық сөз сөйлеу қажет болғандықтан, бұл сөздің шұғыл келгендігін айтып ойланбақшы болды. Ғаббастың бүгінгі сезіміне Ғайшаның соңғы сөзі тәттіге ащыны араластырғандай тиіп еді. Бірақ әлі Ғайша бұған қымбат, әлі де сұлу, жақсы әйел, сондықтан жас жігіттің көңіліндегі сүю мен құмарлық мынадай аз бөгетке қарап кеміген жоқ.

Ғайша көпті көрсе, Ғаббастың да бұл алғаш көрген әйелі емес. Талаймен талай түрде кездесе де, көпшілігінен осы сөзді естіген. Бірақ олардың көбі Ғайшадан епті, орынды қылып айтқан емес. Ғайша әншейіндегі көп әйелдей айтса, Ғаббас та дағдылы бір жауапты бере салар еді. Кейде Ғаббас: «Бір көрген жерден «ал» деп айта қоятын қалтада дайын тұрған неғылған байлау? Олай болса, маған да сонша жауап парыз-қарызы жоқ», – деп, «аламын» деген сөзді де айтып салып, бірталай жерге әйел де, өзі де сүйретіліп барып қалушы еді²⁶. Бірақ бүгін Ғайшаға оны істеген жоқ. Бұл Ғайшадан тілегі бітіп, құмарына қанып болғандықтан емес, Ғайшаны шындап байқап, ойланып көріп, дәл баға бермек болған мақсатынан туып еді. Ғайша есті сөз, сұлу пішін, сезімді сұлу дене, ыстық құшақ, ұзақ сүйісімен Ғаббастың бұрынғы жеңіл бағалайтын әйелдерінен кең артық, көп маңызды сияқтанып еді.

Бұлардың әңгімесі алғашқы сүйіс уақытынан бастап, бір уақыт қызулы сыбыр күйінен солғындаған жоқ еді. Кейде біріне-бірін тартқан сезім бұлардың әңгімесін үзіп-үзіп те кетеді. Онда жас жігіт қыздың бет-аузы мен көзінен сүйгенді қанағат қылмай, барлық толық сұлу денесін құмар құшақпен сыймай қысып, ашық мойны, кеудесінен, білегінен де жабысын, ұзақ-ұзақ күйдіре сүюші еді²⁷.

Осы сияқты халдің ортасында таң ағарып атуға айналғанда бірін-бірі шынымен құмарланып сүйгендей күйге жеткен жігіт пен қыз тоғайда жаңа оянған торғайлардың алғашқы жырларын естіп келе жатып, бақшадан шықты. Таңның ақырындап соққан салқын желі бар еді. Жібек киімнің етегімен бұралып-ойнап келеді. Кейде алдынан қарсы келген жел Ғайшаның толық жұмыр кеудесі мен сұлу етті сандарын жіктендіріп, білгізіп қояды²⁸.

Бұл Ғаббастың көзіне ілінбей қалған жоқ. Ғайшаны жұмыр белінен қысып құшақтап, жүрісіне бөгет қылып тоқтатыңқырап келіп бір тілек айтты.

Жастар Ғайша тұратын үйдің алдына келіп қоштасуға айналғанда, екеуі де бүгінгі түнге толық ырза болған пішінмен ертең осы үйде көріспекші болып айырылып еді.

Арада бес күн өтті. Бақшада болған күннен соң, үш күндей Ғаббас Ғайшаның пәтеріне айтқан уағынан қалмай келіп тұрған. Ол соңғы келгенінде ертең тағы келмек болып кетіп еді. Бірақ ол күні келген жоқ.

Кеше болмаса, бүгін келуіне қисынды еді. Ғайша кеш болуға айналғаннан бері қарай өз бөлмесінде жақсы көрген жігітін күтіп отырды. Бүгін де бұрынғы келетін мезгілінен өтіп барады. Кеш батқанына бірталай болды. Жақсы жиылған кішкене үйдің іші қараңғыланып келеді. Шам жағатын мезгіл де әлдеқашан болып еді...

Бірақ Ғайша сәнді жиылған төсегінің үстінде қоңыр тартқан бейуақытта мұңлы оймен сарылған кісідей болып Ғаббасты күтіп жатты.

Мұның көңілі Ғаббасты жар қылуға әлдеқашан-ақ ұйғарып, қабылдап еді. Бірақ сұлу сезім, ыстық құшақ иесі сұлу жігіт әлі күнге келмейді. Келсе, төсектегі Ғайша жатқан қалпынан тұрмай-ақ, аз көтеріліп қарсы алар еді. Қазіргі кішкене үйдің ала көлеңкесінде қасына отырғызып сүйер еді, қысар еді; жібектей жүз бұралып, кешегі, алдыңғы күндердей сүйген жігіттің ыстық демін сезіп, тал бойы игендей болып жатып, тәтті түс көре, көзін жұмып қалғыр еді²⁹.

Кішкене сүйкімді бөлме... Қыздың төсегі... Алакөлеңке кеш... Сүйгенін күтіп сарылғандықтан жастығын құшақтап жатқан қыз... Жұмсақ ақ дене... Толқынды қара шаш мынау... Осының бәрі рас болса, жас жігіт қайтіп қана кешігеді? Та- ныс болғаны анада ғана... Неге ол тынымсыз келіп, мазасын кетірмейді? Әлде бұ да суынған жансыз ба? Әлде бұл да қызыл гүлді жұлып алғанша ғана қызығып, алған соң, бір-ақ иіскеп тастай ма?.. Әттең, қазақтың салқын көңіл суық жігіті-ай!.. Жүрегінде от сезімнің лапылы жоқ³⁰. Бәрі де жанға сөлекет тиетін тарамыс-ау! Болсаң еттің басқалардай!.. деген ой келген- де, Ғайшаның көз алдынан ұзынды-қысқалы денелерімен тоғыз жігіттің суреті елестеп өтті.

Бұл ұзын саны еді. Бұлардың ішінде естен қалмастай қымбаттары да бар. Басында Ғайшаға екеу-үшеудің суреті таласа келді. Өткен күннің елесі қазіргі көңілін әбден жеңіп болмаған жас әйел қайсысына тоқтарын³¹ анықтап таңдай алмай тұрғанда, олардың бәрін кейін шегергендей болып бір салқын ой келді.

Ол ой: «Әлде сол күнә сұмдығымнан ба? Солар үшін бұл күйге ұшырадым ғой. Әйтпесе қазақтың талай қара қызы теңін тауып кетіп жатыр. Мен әрі оқығанмын, әрі бәрінен артықпын. Неге әлі күнге менде күйеу жоқ? Өң ескіріп барады. Жылдан-жылға өтіп келеді. Әлдеқашан мен үй иесі болуым керек. Мен қартаймақпын ба? Кәрі қыз болам ба?» – дегенде Ғайша бұл ойдың пішінінен шошып кеткендей болды. Көзінің алдына, бетіне әжім түскен, екі жағы солған... Шашына ақ кірген, кейбір тістері кетіген, туғаннан шашының ағына шейін қурап, жалғыз өзі сүйретіліп келе жатқан сар далада, елсізде құлазыған моладай жалғыздық көрінді. Ғайша бұл ойға тегінде бүйтіп көп тереңдеп бара алмаушы еді. Өзін аяйтын. Сондықтан қазіргі жүдеу көңілді үдетпей басып тастап, бұрынғы кездерде көңілін тербеткен адамдарға қарай ойын жылжытып, ауып кетті.

Әуелі ең алғашқысы... Ол кезде Ғайша гимназияның үшінші я төртінші класында еді. Жасы 14–15 шамасында болатын. Онда бүгінгіден әлдеқайда сұлу, әлдеқайда ажарлы еді.

Жас жүректің қомағайлығымен өмір сусынын қана жұта алмай, асығып діріл қағып, алдынан белгісіз қызық күтетін. Ондағы қиялы мен бітімсіз зор тілегі келешектегі күндерден ертегінің алтынды сарайларын, күміс бәйтерек, күміс бұлақтарын тілейтін. Сұлулығы жаздыгүнгі сағымдай, алтын айдарлы жақсы жарды ойы суреттеуші еді. Ғайшаның ондағы сұлу жүзі мен жас денесінің уыздай аппақ, толық, нәзік көріктілігі өмірдің болымсыз аз сыйына қанағаттанбайтын сияқты. Ол күнде ақ жүзінде махаббат күн шуағындай болып, қызулы тіршілік белгісін білдіріп, қызыл қан ойнайтын.

Тұрған пәтері бай татардың үйі еді. Ғайша тұрған үйде ол үйдің жақыны – татардың бір бала жігіті болатын. Оның жасы 16-17-де. Ол да гимназияда оқиды, жасына қарай Ғайшадан бірер класс ілгері болатын. Өзі сұлу денелі, қызыл жүзді, қара бұйра шашты, қара көзді, өте сүйкімді жас жігіт еді.

Бұлар бірер айдай бірге тұрған; сабаққа бірге барып, қайтарда бірге қайтып жүретін. Жас жігіттің аты Ғазиз еді. Ол сезімді нәзік жігіт. Аз ұялшақтығы болатын. Көп замандай Ғазиз ішіне мұңлы сұлу сыр жасырғандай болып, үндемей қорғанып, күрсініп жүрген-ді.

Бір күні бүгінгідей бір қоңыр кеште, алакөленкеде екі жас Ғайшаның бөлмесінде көңілді әңгімелесіп отырып, аяғында, ойын арасында бір нәрсеге таласып алысқан-ды... Екеуі оңаша үйдің ішінде жүгіріп: бірі қашып, бірі қуып, дауыстап ойнап жүріп, аяғында Ғазиз әлділігін қылып, Ғайшаны төсегінің жанына келгенде белінен құшақтап әкеліп жыққан. Ғайша жіңішке дауыспен шыңғырып, сақылдап күліп жүргенде, ыстық леппеп күлген сулу еріндері Ғазиздың сол беті мен мойнынан қанды қайнатып, сырғанап өткен. Бұл қозғалысты Ғайша алыс үстінде байқамай істеп еді. Бірақ жас жігітке мастық уын ішкізгендей тиді. Ғайша сол күлген бетінде түрегелемін дегенде, көптен құмарлық жеңген Ғазиз сұлу қызды қатты қысып құшақтап тұрып, ып-ыстық бетінен сүйіп-сүйіп алған. Мастық жеңіп сүйіп алса да, бұл іс қазіргі секунтта өлім халімен бірдей боларлық, ауыр уақыт еді. Екеуі де келесі секунтты «енді не болар екен?» дегендей күдікпен, қалтыраған жүрекпен күтіп еді.

Ыстық бетіне сұлу жігіттің дірілдеген ерні тиген уақытта ғана барлық ойынның мағынасын ұққан Ғайша басында үні өшіп тына қалып, ешбір қарсылық көрсетпеп еді. Сонымен бір сәтте Ғазизді мойнынан қатты құшақтап қысып, бұл күнге шейін күнәлі болып көрмеген екі таза еріндерін асығып келіп табыстыруға Ғайшаның өзі басшы болып еді³². Көлеңкелі қоңыр кеште ұзақ сүйіс, оттай ыстық демалыс... үнді өшіріп, бойды ұйытқан құйындай құтырған жастық... жалындаған ыстық құшақ... Үзіліп-үзіліп қана шығатын бір ауыз, жарым ауыз болса да көп мағыналы сөздер... «ыстықтадым... ауыртып сүйесің... у-у...» деп күрсінген сияқты қысқа-қысқа белгілер... басы осы еді... «Тотынаманың» алғашқы бір бұтағы осымен басталатын. Арғысы онан да... онан да әрі ұзақ қызық еді.

Бұдан кейін екі-үш жыл өтті... Арада Ғазизден басқа екі нөмір өтті... Бұлар қазақ жігіттері еді. Біреуі босаң, олақтау шәкірт еді, ол биші болатын. Бірақ Ғайшаны күннің көзінен де қызғанатын болды. Өзінде өткір қылық аз болса да, сүйісуі мен құмарлығы тым мол болып, таусылмайтын ұзақ ертегі

тәрізденіп жалықтырып еді... Екіншісі қызметте жүрген, кексе тартып қалған, жақсы киініп, жақсы майланатын, қулығы, орамы мол күлдіргілеу жігіт еді. Оның алдауы мен шырғасы көбейе берді... Сондықтан Ғайша одан да жалықты. Бұл екі жігіттің алғашқысын Ғайша дертті қылып тастап еді. Соңғы айырылғанына қиналмаған сияқтанды. Бұлай болғаны жас қызды бұрынғылардан гөрі аз өкіндіріп кетті.

Бұдан соң тағы бір жыл өткенде 17-жылдың өзгерісі болды... Өзгерістен бір жыл бұрын сабағын бітірмесе де, Ғайша оқудан шығып, салт бойжеткен болып жүр еді. Оған бұл кездерде үнемі досты іздейтін, түбегейлі жарды керек қылатын мезгіл жетіп еді... Ғайша бұдан бір жыл бұрын соңғы қазақ жігітімен жүргенде-ақ күйеуге тию әңгімесін ойлап еді. Сабақтан шығуына, бір жағынан, сол да себеп болып еді.

Бірақ соңғы жігітпен үйлесе алмады. Сондықтан келешектен одан гөрі артығырақ қызық күтіп қала берген...

Февраль төңкерісінің алғашқы жиыны, дырдуы көп күндері болып жатқанда, Ғайша да қазақ жиындарында болып жүрді. Тілмаш пен шолақ төрені тұлпар санап, жауырды жаба тоқығандай боп иісі оқыған қазақтың бәрін бірдей керегіне жаратпақ болған бұл төңкеріс Ғайшаны бірталай аспандатып көтергендей болды. Ғайша облыс жиналысында әйел атынан құрметті өкіл болды...

Әрбір жерден келген ел жуандары болса да³³, шеттен келген қазақ оқығандары болса да Ғайшаны «оқыған қазақ қызы» деп қадірлеп, көркі мен сыртқы қалпын тамашалағандай еді... Бірақ сол күнде де Ғайша әлеумет қызметкерінің орнынан да, ақ жағалы, иісмайлы бозбаланың құшағына көп қолайлы боп шықты.

Ғайша өмірінің бұл бір өзінше жанды, қызулы кезі болған. Гүбірненің съезіне бұны өзі туған уезі өкіл қылып сайлаған. Сондықтан үндемей жүрсе де, съезд жиынынан Ғайша қалған жоқ. Бұл кез қалаға қазақ оқығанының әр алуаны жиылған кез еді. Оқуда жүрген бірен-саран студенттер келген. Үлкен оқу бітірген доктор, адвокаттар, тағы сондай ірі деп саналған қазақ азаматтары келген. Белгілі газет жазушылары да болатын.

Ғайша съезд мәжілістерінде болғанда, осылардың бәрін де ұнатқандай болып, ішінен өзіне жақсы пар болар дегендерін іріктей, таңдай жүрді. Әрқайсысының әртүрді қолайлы қасиеті

бар. Кейбірі сөзге шешен, мәжілісте қадірлі, мақтаулы жігіт. Кейбірі пішінді және көрнекті сұлу киінген; тағы біреулері елдің болыс, би, қажыларына ертеде өткен әлдеқандай еңбегімен аты шыққан, солардың мақтап көтерген адамы.

Басында Ғайшаның өзі көңілімен ұнатқандай болып қадірлегені осы съезде көзге көрініп, ерекше шешен, білімді деп аталған бір студент еді. Бұл – суырылған, жалынды жігіт Қасым болатын.

Қасым трибунаға шығып, лапылдата сөйлейтін, ағын судай көзді алдағыш шапшаңдығынан басқа жай өмірде де күлдіргі, сүйкімді бозбала еді³⁴. Басында бұл Ғайшаны қадірлеп, алдандырып жүретін кісі сияқтанды. Әрқашан мәжіліс арасында көп ішінде Ғайшаға ерекше ықылас бөлгендей болып, күліп келіп қалжыңдап, әртүрлі жайдан әңгімелесіп қоятын. Ғайшаның бұрынғы көріп жүрген жігіттерінің бәрінен Қасым бөлек еді. Олардан бұның атағы да, орны да артық. Оның үстіне, қалжыңшыл, анық, орамды. Жас қыздың өз көңілінде қиял қылғандай болып жүретін, өнерлі қауымның бір ірі адамы сияқтанып еді. Сондықтан Ғайша «менің іздегенім осы шығар» деп, бұған жабыса жақындасып еді. «Қасым аға» деп өзгеден бөлек қадірлегендей болып, әрқашан Қасым сөйлеген сөзді өзгенің бар сөзінен орынды, дәлелді көріп, дауысқа салған даулы сөз болса да – соның жобасын қуаттап, Қасымның әсерімен бірталай жерге шейін әлеумет жұмысының ағымына да төселіп қалғандай болып еді.

Бірақ Қасымның бұған жақындаған қалжыңы мен әңгімесі ұзаққа бармайтын сияқтанды. Ең алдымен оның алмақ болып жүрген қалыңдығы бар болып шықты. Оның үстіне, Ғайша күннен-күн өткен сайын, әншейін жолдастық жүрістен гөрі істі ұлғайтып, Қасымның баурына кіріп бара жатқан сияқтанды. Бұл Ғайшаның еркекке ең алғашқы рет өзі жабысып көргенінің басы еді. Онысы, ақырында, жолсыз талап болды.

Аздан соң Қасым өз бетімен кетті. Ғайша үзілген үмітпен аз уақыт ыңғайсыздау халде жүріп барып, артынан тез оналды.

Үміт көзі екінші, үшінші қатардағы жігіттерге қарай ауысты. Олардан да көңіл сусыны қана алған жоқ. Сонымен өзгерістің алғашқы бір жылы өтті.

Бұл әредікте Ғайшаның екі досы болды. Біреуі жасы 35 шамасына келген, үлкен оқыған жігіт еді. Мұнымен Ғайшаның

жүрісі жарты жылға созылған ұзақ жүріс болды. Бұлар біріне-бірі түбегейлі жақындықпен қосылмақшы да болды. Бұл халді гүбірне қазағының бәрі құлақтанып, екеуіне де «қайырлы болсын» айтып жүргені де болған. Ғайшаның бұл жігітінің аты Мұқан болатын. Бірақ ол үлкен оқыған деген аты ғана болмаса, өлгенше өнерсіз, жабайы көптің бірі болды. Оның үстіне, қызғаншақтық сияқты неше түрлі дертті әдеттері білінді. Мұқан мен Ғайша бірталай уақыт бірі алып, бірі тиетін кісі сияқты болып барып, аяғында, болымсыздан ашуланысып ұрыс шығып, екі айырылып кетті. Бұл уақытқа шейін Ғайшаның көңілінде қызықты жарды таңдау әдеті жоғалған жоқ еді. Ол өмірден де әлі де бұрынғы қалпынша көп тілеуші еді. Сондықтан Мұқаннан айырылып кетсе де, бұл оқиға алдыңғы бағына ешбір кесір тигізбейтіндей көрініп еді³⁵.

Ғайша мен Мұқан айырылысып кетті. Бірақ бұл айырылысу жас қыздың абыройына елеусіз болып, әсер етпей текке кеткен жоқ. Ғайшаның айырылысардағы есебі тәжірибесіздік болып шықты. Қазақ қауымының дағдысы мен әдетін білмегендік болды. Бұл күнге шейін де Ғайша жайын сырттан сөз қылушы қызыл ауыздар бар еді. Ғайша өз көңілінде ешкім бөтен сөз айтып сынамас, білмес деп жүруші еді. Мұқаннан айырылған күні гүбірнелік қаланы Ғайшаның алғашқы жаманаты басып кетті.

Жалғыз Мұқан емес, бұның алдындағы сырлар да неше алуан болып сөйленіп, ашылып қалды. Кейбір жерлерде Мұқаннан өз ықтиярымен айырылысса да, оны білген соң, оқыған жігіттің өзі тастап кетті деген сөздер болды³⁶. Бұл оқиғаның тұсында Ғайша өмірінің ең әділ сыншысы болғандар: «Ғайша әзірше күйеуге тимей, еркін жүріспен өмір қызығын көре түсемін деп айтады екен», – деген сөздерді шығарды.

Қалай да болса, ел аузына аты ілініп қалған әйел қасында еркек қорғаушысы жоқ болған соң, өсекшіл қауымнан оңды-солды соққыны көре бастады. Басында намыстанып жылап, әркімге шағып ақтығын айтып көріп еді; оның да паналығы болған жоқ. Ендігі жұрт Ғайшаға белгілі сынмен қарайтын болып, өзінің нық байлауын жасағандай суық қарай бастады. Ғайшаның бағасы өзгерістің алғашқы күндеріне қарағанда күннен-күнге төмендеп, түсіп бара жатқан сияқтанды. Бұл хал сырттағы жұртқа бұрын көптен мәлім болса, аз заманның ішінде Ғайшаның өзіне де анық сезілді. Бұдан соңғы: екі-үш

жыл сол бетпен күннен-күнге қадірін түсіріп, басын кеміткен жылдар болды. Ғайша расында жылдан-жыл өткен сайын төмендеп бара жатқандай болды.

Соңғы жылдар ішінде тағы да үш-төрт жақсы танысы болды³⁷. Бұлардың ішінде қазақ болса, Ғайшамен қызығы тез басылып қалатын жанарсыз жандар болып, орыс, ноғай болса, қызығы әлдеқайда ұзаққа баратын еді. Осы соңғы санның ішінде Ғайшаның әуелі жақындарындай толқынтып қозғау салып, көп қуантып, көп қыздырғаны да болып еді. Бірақ әлденеден екені бойжеткен қызға мәлім емес, әйтеуір солардың бәрі де баянсыз болып, өткен дәурендей қайтып оралмай, жылжып өтіп кетіп жатты. Бір кезде тәтті болған жақындары сол күйін көксеп кеп ыстық, қызу, қуанышты жүрекпен бұны қайта айналып, тапқан емес³⁸.

Бүгінгі қоңыр кеште сол өткен күннің әртүрлі шағын есіне алып, мезгілі кеткен дәуреннің қызыл-жасылды суреттерін аралап жатқанда, Ғайшаның көңілі соңғы санның ішіндегі бір адамға тоқтады. Ол сыртқа шығарып айтып, жырдай қылып суреттеуге қолайлы да адам емес еді. Бірақ жалынды оты басылуға айналып, солғындау тартқан жүрекке дене қызығындай ашық қызықты мол қылып берген сол адам еді.

Ол гүбірнелік қалаға келген бір цирктің балуаны болатын. Мұқанмен аз жүрісінің уақытында Ғайша өнерлі қауымның кесілген молдығы мен қызықты желігін де көп көрді. Сонымен бірге жалаңаш құмарлықтың да бетін ашып, соның барлық мауыққыш, елтігіш тұлғасын көріп шыққандай болды³⁹.

Толық, жуан ақ денелі, сұлу келген бас балуан Ғайшамен таныс болғанына екі-үш күн өткен соң, бір түнде қызды арбакешке отырғызып, гүбірнелік қаланың өздері жатқан жақсы нөміріне алып келген. Екеуі түн бойы ұйықтамай отырып, неше түрлі жақсы арақты мол мастыққа шейін ішкен. Ғайша бұл сыр-ын өлгенше жасырын қылып ұстамақ болса да, артынан білініп қалып еді. Ол түн Ғайшаның онсыз да осал жібін біржолата еркінше көсіліп босатқан түні еді. Ол цирк ойыншыларының баяғыдан танысы болып, бірге болып ойнап келе жатқан қыздарындай ашылып кетті.

Мас балуанның жұрттан бөлек денесі мен өскелең қылықтарының бәрі де бұрын нәзіксініп жүрген қызға ерекше бір қызық сияқтанды. Алып денелі балуан өзі де жалаңаштанып

алып, мұны да еркіне қоймай, ойнап-күліп жүріп жалаңаштап, екі қолына кішкене балаша көтеріп алып қысып, сүйіп, ойына келгенін істеп, жүгіріп-ойнап жүрген уақытта Ғайша бұрын өзі көрмеген үлкен сұлу аңмен таңсықтық қылып, еркелеп ойнап жүргендей болып еді.

Ол түндер асау мастық... жалаңаш құмарлықты мейлінше қандырған бір түндер болып еді. Өзге көптің ішінде оның да мезгілі өтті. Бұл күнде ол да бір алысқа кеткен шақ болып жоғалды... бітті... Ол түндердің арты қазақ қауымы жағынан Ғайшаға тағы да теңіз толқынындай үлкен соққындарды алып келді. Бұл нөмірдің арты Ғайшаны ел көзінде біржолата басып, төмендетіп тастағандай болды. Ол қызығы үшін Ғайша өзгені қойып, өзінше жүретін баста таныс әйелдерінен де көп ренжітерілік сөз естіді⁴⁰.

Кейбір қазақ жігіттері елде жоқ қаталдықпен Ғайшаның қылығын бетіне айтып, ұялтуға айналды. Сондықтан ол соңғы қылығының ізін бастыру үшін, бір уездік қалаға кетіп қалып, бір жылдан аса сонда жүріп еді. Бұл уақытта күйеусіз тіршіліктің күні қараң екеніне әбден көзі жетті. Өзінше көп ойланып, көп толғанған кісі сияқтанды. Сондықтан енді күйеу дегенді ерекше дерттілікпен іздейтін күйге жетіп еді. Бұл замандағы Ғайшаның күндіз-түні ойлайтын бар арманы, бар қайғысы сол еді. Сонымен «көк етікті кез келмей, көн етіктіні көзге ілмей» жүрген хал Ғайшаның басына бүгіннен көп бұрын туып еді. Қайда барса да, бір басын өткізе алмағандай, барлық адам баласының қауымында жалғыз басы сыртқа қағылып, керексіз болып қалған адамдай еді⁴¹. Гүбірнелік қаладан екінші уезге кетіп бірталай уақыт өткізгенде, Ғайша осы халдің ауырлығы мен қайғылы жүдеулігін көп сарылып ойлап шыққан. Енді көкейді тескен арманға жету үшін, бұрынғы өзгемен тең бағалы болған дәуренді қайта табу керек⁴². Гүбірнелік қалаға барып жаңғырып келген кісі болып, бұрынғы қалыптан өзгергенін білдіру керек. Кім біледі, әлде бақыт жүзі бұған да қайтадан бір бұрылар... Ағарып жүдеп атқан таңдай, қызарып балқып батқан алтын шапақтай бұрынғыша тәтті сұлу жыр, қалғытатын ертегідей болмаса да, екінші түстегі бір қызық шақ қайтадан оралар...

Осы сияқты үміттермен Ғайшаның гүбірнелік қалаға келгеніне үш ай болып еді. Гүбірнелік қала басында үндемей, жыбырламай, сынау үшін іштен тынған жандай болып,

Ғайшаны жақсы момын пішінмен қарсы алды. Ғайшаның да енді гүбірнелік қалаға келген әркімге өзінің ендігі жайын сездіріп, түзелгенін білдіргісі келді... Сондықтан да ол сауық кештерде қазақ сахнасына екі-үш рет шығып көрді. Ғайша ойыншы жастарға бастық бола жүріп⁴³, ағарту жолына қызмет ете жүріп, мүмкін болғанынша қызы жақсы болып шығатын пьесаларды таңдап қоятын. Неғұрлым қызының рөлі ұзынырақ болып, нәзік сезімді қыз героиня болып шығатын пьеса болса, соны жақсы деп есептеп, қазақ жиынына соларды қойып, өзі бас героиня болып екі-үш жол ойнап шықты. Ғайша сахнаға шығарда киімді пьесаның шартынан сонағұрлым артық киіп, грим-бояуларын да баса жаққызатын.

Екі-үш рет ойын болды. Ғайшаға әркім босаң сөзбен рақмет айтады. Бірақ ұлы өзгеріс сезілмегендей, көп білінбейді. Әттең, қазақ қауымы тұнық күні болмайтын лай су ғой; әйтпесе, тым болмаса өнерге бас иіп, серпілмес пе еді?..

Ғайша бұл жолы бұл қалада бойын тартып, дәл ұстаған болып жүрді. Ешкіммен жалпылдап ойнап кеткен жоқ. Бұрынғыша көзге түсіп жарқылдап, әлдекіммен⁴⁴ көп күліскен де жоқ. Бірақ сонда да гүбірнелік қала жігіттен жұтағандай. Бар еркегі өмір қызығын тауысып бітіріп, жәрмеңкесін таратқандай... Күйеу болар жігіттің құлағы да көрінбейді.

Осымен Ғайшаны сарылтып қажытқан жылдай ұзақ үш ай өтіп еді... Осы соңғы айдың ақырғы күндерінде гүбірнелік қалаға Ғаббас келген. Бұрын атын естіп жүрген Ғаббасты өзі тұрған қалаға келді дегенде, Ғайша соңғы тәуір ойналған сауық кешінің өтіп кеткеніне өкініп еді.

Бірақ ол өтіп кетті. Енді тағы бірдеме ойнатуға қазақ артистерінің құралуы қиын. Сонымен жүргенде Ғаббаспен таныс та болып, барынша жақындасып, бүгінгі кештегі халге келіп еді.

Енді Ғаббас қалай болса, Ғайшаның қазақ жігітіне жасаған ақырғы шабуылы. Бұрынғы жақсы иісті, саялы көп бұтаққа қонақтамай келгендегі ақырғы қонысы осы болу керек. Ғаббас та тұрақтамай, ескі Дағдыша жылжып кетсе, Ғайшаның тағы да тауы шағылғаны...⁴⁵ Ақырғы жігер, ақырғы жанды үміттің үзіліп, өшіп, сөнгені. Сондықтан бұған бойда қалған өнерді салу керек еді.

Осыны Ғаббастың келгенінен бері қарай жүз қайтара ойлап шыққан Ғайша кешегі күн сүйген жігітіне хат жазып жіберіп еді. Хатты Ғаббас алған.

Бұл қағазда Ғайша жүрегінің қайғысы мен өз өмірінің өкінішті арманын түгендеп, тізіп жазып еді. Ғайша хатындағы өз өмірінің жүдеулігін, өз басының сүйеу көрмеген жалғыздығын айтқан жерлері шын өкінген жүрекпен жазылған сөз еді. Бірақ соның арасында мағынасыз өмірдің жұлдызы, махаббаттың көптен шөлдеп тапқан жалғыз суаты Ғаббас болып, онсыз тіршілік қанағат емес болып жазылған сөздері машық болып кеткен дағдылы өтірік еді. Әсіресе орынсыз кеткен – Татьянаның Онегинге айтқан:

«... Шыныңды айт – кімсің тербеткен,
Иембісің сақтаушы?
Әлде азғырып әуре еткен,
Жаумысың теуіп таптаушы?
Шеш көңілімнің жұмбағын:
Әлде бәрі алданыш,
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс?..» –

деген сөздері еді.

Бұл жерге келгенде⁴⁶ өлеусіреген жүрекпен ақырын ғана иек қағудың орнына, Ғаббас хатты бір жолдасына лақтырып тастап, сақылдап күліп еді. Бұл сұлу жыр мына жерде сиырға ертоқым ерттегендей үйлеспейтін, жадағай күй болып сезіліп еді.

Ғайша бұл хатына жауап алған жоқ-ты. Келем деген хабарын да ала алған жоқ. Сондықтан сеністен айырылып қалған көңілі кейде келуіне сенсе де, кейде сене алмай дал болып, қобалжып қояды... Шыдамы таусылып, қайрат біткен әлсіздіктен кейде жастықты бауырына басып қатты құшақтайды⁴⁷. Бұл уақытта үйдің ішінен ала көлеңке кетіп, қараңғы болып еді. Түн болып қалған екен. Ғайша күрсініп, енді түрегеліп, от жағайын деген уақытта⁴⁷ үйіне жақындап келе жатқан аяқ дыбысы естілді. Ғайша төсегіне қайта шалқайып, жастыққа басы тигенде, есік ашылды. Қараңғы бөлмеден қомағай көз қадала қарағанда, жалғыз келген жігіттің ақ жағасын көріп, жүрегі лүпілдеп соғып кетті.

Бұл жаңылған жоқ еді. Келген Ғаббас екен. Ол қараңғы бөлмеге кіріп, біраз аңырып қалғанда, Ғайша төсегінен аз көтеріліп:

– Әйтеуір келдің-ау! – деп күрсінді.

Ғаббас Ғайшаның барына қуанғандай болып:

– Ғайшамысың, барсың ба? – деп есікке қайта айналып бөгеліп: – Ғайша, есік жабуға рұқсат па? – деді.

Қыз бұл сөздің артындағы бар мағынаны ұғып, намыстанып күйгендей болып:

– Неге? Не себепті? – деді.

Жігіт сасқан жоқ. Салмақпен:

– Екеуміз бірдей бармыз, бізге үшінші кісінің керегі жоқ. Сондықтан жауып қоймасам?.. – деп жауап күтіп тұрды.

Ғайша:

– Оның бер жағында не дегелі тұрғаның мәлім ғой. Маған жалғыз сол мақсатпен келгенше, келмесең етті! – деді.

Бұл сөздің ішінде шынымен күйгеннің де, наздың да белгісі бар еді. Бірақ Ғаббас Ғайшаның басына сенген көңілмен жауап бермей-ақ, есіктің шаппасын іліп алып, Ғайшаның қасына келді. Келген жерден Ғайшаға: «Тұрма, жат! – деп қойып, өзі сыртқы киімін тастап, бірге жатып қалды. Әртүрлі қысқа-қысқа сөз болып, құмартқан құшақ, ыстық демалыстың ішінде бірталай уақыт өткен соң, келелі әңгіме басталды.

Бұл әңгімеге келгенде, Ғайшаның даусы да өзгеріп, сөйлер сөзі де шын сияқтанып көбейіп кетіп еді. Ол Ғаббастан көптен күткен жауабын тіледі. Кешегі жазылған хат, оның алдында әлденеше рет айтылған сөз, бос айта салған нәрсе емес. Оның тиісті жауабы болуға керек еді. Бұл орынды тілек, шын әңгіме еді. Әсіресе ішінде сол дерттен тыным алғызбайтын жалынды шок жатқанда, Ғайшаның сөз қылуы әбден дұрыс емес пе?

Сондықтан әр нәрсеге алаңдап, мына сөздің желісін бұза берген Ғаббасқа ол қадала сөйлеп:

– Неге байладың? Маған не айтасың? – деген сұрақты ашық қойды...

Ғаббас басын қасыды. Сорына келгенде, ол бұл әңгімені ойланамын десе де, әлі тіпті де ойланған жоқ еді. Ол тегінде алу-алмау әңгімесін ойламақшы да емес еді. «Ғайшаға не жауап беріп, осы халді соза тұру керек; қадалғыш қызды не дәлелмен бөгей тұруға болар еді?» Соны да ойлаған жоқ еді. Сонда да қарманып көріп, бұрыннан қиналып жүрген кісіше күрсініп алып:

– Ғайшажан! Мен осы сауалға жауап беруге тіпті әлсізбін. Әлсіздігім сенің басыңды біле алмай, екі ойлы болуда емес; өз өмірімнің бір шешілмеген түйіні болғандықтан. Өзіңе белгілі, менің қырдан алған қатыным бар. Мен әлі оны тастаған жоқпын, – деп, жүдеген қайғылы пішінмен бірталай өзінше дәмді себептерді айтып шықты. Бұның да айтқан сөзі ұзақ еді. Бірақ Ғайшаға бұл сөздің шын емес екендігі белгілі болатын. Өйткені «Ғаббас осы жолы қазақ қатынын тастап келді» деген хабарды да астыртын естіп еді. Сондықтан Ғайша жігіт жауабына қанағаттанған жоқ. Ғаббас қатынындай қатын, шын көңілі болса, бұларға бөгет болмайтындығын айтып келіп:

– Аяғыңда, маған бүгінгі күн байлаулы жауабыңды бер. Бөгет қатынымда десең, тіпті содан айырылған күнде мендікпін десең де тоқтаймын, – деді.

Бұл сөздер бұрыннан Ғайшадан шет жағалап көрініп жүрген сөлекет мінездің анық бетін ашты. Ғаббасты Ғайшадан алыстатып, суытқандай болды. Сондықтан ол бекінген пішінмен:

– Сені аламын деген уәдені бүгін бере алмаймын, – деді. Бұл сөзді естіген жерде Ғайша алданып қор болғанын жаңа естіген таза әйелдей болып, Ғаббастан құшағын алып, жүрегі үзілгендей өксіп-өксіп жылап жіберді.

Ғаббасқа бұл жылау ыңғайсыз тиіп еді. Басында тоқтатамын деп айтқан сөзінің әсері болмады. Ғайша бір ауыз сөз айтуға шамасы келмей, іші-бауыры езілгендей болып, өксіп-өксіп жылап жатты. Ғаббас басқаның бабын таба алмай, Ғайшаны құшақтап бетінен сүймек болып келді де, оқыстан бір ой келіп, жылап жатқан қыздың беті мен екі көзін сипады. Ғайша бұл қылыққа ашуланғандай болып, Ғаббастың қолын тартып тастады. Бірақ өртенгендей болып егіліп жылап жатқан қыздың көзінде бір тамшы жас жоқ екен...

Ғаббас қолын тартып алып, теріс айнала берді:

– Түу, сарамас, көзінде бір тамшы жас жоқ қой! – деді.

Ғайшаның өзі-өз болып, жаман ұсталған жері осы еді. Ол даусы қолдан жасағандай өзгеріп:

– Мен жылағанда, көзімнен жас шықпайтын әдетім! – деді.

Ғаббас тұрып, киініп жатып:

– Рас айтасың, қайғың үлкен болғасын сөйтесің ғой! – деді.

Бұдан әрі екеуінде де сөз болған жоқ. Жас жігіт киініп болған соң: «қош!» – деп шығып кетті. Не дерін білмей, төсегіне жабысып, тас болып қатқан қалпында Ғайша қала берді.

Ғаббастың бүгінгі мінездері Ғайшаны әбден торықтырды⁴⁸. Енді Ғаббастың қайта айналып келуі екіталай. Жас жігіт есікті жауып шығып кетіп бара жатқан уақытта Ғайша ішінен ақырғы рет: «Сенен де айырылдым ба, қош!» – дегендей болып қала берді. Бұл ақырғы үміт болатын. Ең соңғы сенген адамы осы еді. Ғаббас біржолата Ғайшаны көрмей кетпес-ау? Өз тілегі үшін әлі де талай рет соғар; әй, бірақ ол енді Ғайшаның тілегіне табылмайтын болды ғой! Оның өз құмарлығы үшін келгені Ғайшаны жұбатуға жарай ма?

Ғаббас Ғайшаға ол үшін тіпті аз керек еді. Барлық жүрістің мақсаты ол болатын болса, талай Ғаббас табылуы қиын емес. Ғаббастың бүгінгі кетуі Ғайшаның зор үмітін жоқ қылды ғой.

Шынымен-ақ барлық қызық, күткен өмірі осындай дал болып, қаңғып қалумен өткені ме? Өмір бойы кімге кездесе де, ылғи тарқап кеткен базардың соңына ілінумен өткені ме? Өмір базарында Ғайшаның сыбағасы ылғи ақырғы перденің, қайғылы халдің ойыншысы болып өту ме?..

«Тіршіліктен барлық аларым осы ма? Осы мазақ, осы қорлыққа үнемі көніп, иленіп өткенім бе? Бұйткенше... қор болғанша бұл тіршілік жоқ-ақ болсын!» – деп, Ғайша ұшып тұрып, жылдам киініп, өңі қашып, жақын жердегі әптекке келіп, бұрын бір таныс дәрігерден алып қойған рецептпен бір кішкене сауытқа құйған апиын сатып алып, үйіне қайтты. Жолшыбай Ғайша гүбірнелік қаланың көшесіне, барлық тіршілік иелеріне көзімен, көңілімен қоштасып келді.

Қазіргі халде тіршілік шынымен-ақ керексіз сияктанып еді.

Үйге келген соң әлі күнге қараңғы болып тұрған бөлмесіне шам жағып, бір-екі хат жазды. Бұның бірін үйіндегі шешесіне арнады. Біреуін қайғылы қысқа сөзбен Ғаббасқа жазды.

Көңілі бұл уақытта өлімді оңай көргендей, тіршіліктен қазір-ақ «қош» деген бір-ақ сөзбен жылжып жүре беретіндей болып еді.

Хатты жазып болған соң, кішілеу сауыттың ішіндегі кара түсті уға біраз қарап отырды.

Бір-ақ секөнтте ішіп салу, көзді жұмып бір-ақ бекіну. Қазір түбін ағартып жоқ қылу... Содан арғысына Ғайша өлемін деп

тіленбей-ақ қояды. Күшті у өз жұмысын өзі бітіреді. Әуелі басын айналдырады. Аяғын шалыс басқызып, сенделтеді. Содан әрі сұр өмірге «қош» деп жығылады. Ар жағы – мәңгі ұйқы, мәңгі жоқтық. Арғындағы ел Ғайшаның жүрегінде қандай дерттің жүргенін, бұның басы қаншалық қайғылы, мұңлы екенін сонда ғана біледі. Өкініп басын шайқап, таңдайын қағады.

– Асылдың қадірін білмеппіз-ау! – деп қынжылады... Сөйте ме? Жоқ, әлде бұл жерде де бірдеме деп өлген жүзіне қарап тұрып күле ме?.. Жарайды, не болса да ... – деп улың аузын ашып, қолына алып, аузына көтеріп алып келді. Ақырғы рет айнасына қарап тұрып ішпекші болды. Ғайша айнаның алдында келгенде, үстел айнасының екі жағында тұрған белгілі балуан мен Ғазиздің суретіне көзі түсті...

Оларға да ойымен «қош» деп, балуанның жуан сандарына көзінің қырымен қарап тұрып, у сауытын аузына әкеліп төңкеріп қалды... Апиын иегінің үстінен жерге сырылдап тамып жатты. Ғайша сауыттың түбі ағарғанша⁴⁹ төңкеріп тұрып, бар у біткен жерде сауытты жерге бір салып сындырып тастап, өзін-өзі өлім жазасынан қайтадан азат қылып күрсініп, тиыштық алып отыра кетті.

– Менің күнәма осы жаза да жетер... Тәуір-ақ өзімді аямадым ғой. Тіпті шын өлу керек болса, өле алады екем... Жарайды, әзірше бара тұр, Ғайша!.. Бұл жолы ақталып шықтың!.. – деп бұрынғы қалпында тіршілік күндерін тағы да күтіп қала берді. (...)⁵⁰

Мұхтар

БҮРКІТ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ СУРЕТТЕРІ

(Басылмаған романның)

Аңшы өмірінде кімді болсын қызықтырып, қолға түспейтін ерекше жері – алаңсыз бостандығы. Өзге дүниенің ащы-тұщысын түгел ұмыттыратын жанды қызуы – аңшының әңгімесі, құсы, тілегі мен қуанышы, томағалы батыры, қыран серігі болады. Анда-санда алмағаны қажытпайды. Өйткені алдыңғы күн қызыл түлкінің құйрығын бұлаңдатып, алдыңнан көрсетіп тұрғандай болады.

Бір тасты қағып шығып, екіншіден томаға тартқанда, жыл-пос қағушының алдындағы қорымға томағасы алынған жалаң бас қыран белсеніп, кірпік қақпай қалады. Жымдай қатқан жартастың жарық-жарығына от көзімен шаншылады. Сол кезде аңшы да қиялмен еріксіз алдын ала шауып: «Қазір ана жарықтан шығады, болмаса анау алаңнан, қағушының алдынан, бұлаңдап жөнеледі», – деп, аш қыранмен бірге еріксіз жалақтайды. Ұзақ күнді сол сияқты жанды үмітпен өткізіп, үйге келгенде бел шешіп жайланғаны, ас ішіп тыныққаны, алдыңғы күнге үміт артып, өткен күнгі көргенді айтып, ақын тіліндей шешен тілмен әңгіме қылғаны – қызуы мол толық өмір екеніне дау жоқ. Онымен салыстырғанда әншейін жүрген өмір шала-жансар, оты жоқ, гүлі жоқ сұр өмір сияқтанады.

Аңшылықтың үміт қуанышы көп. Ыстық оттай қызулы минуты көп, мағыналы өмір. Аңшылықта кісіні ақын күйіне жеткізетін сезім күйі көп. Бұл салқындап кеткен кәрі ақылдың өмірі емес, сүйген ғашығыңды сағынып келіп, күліп-ойнап өткізген күндіз-түніндей ыстық сезім өмірі. Өйткені бір минуттың ішінде қуантатын да, жүдететін де күйлер кешеді. Соның бәрін айтып жүргендіктен аңшының тілі шешен, қиялы жүйрік. Бүркіттің ұшқанына, түлкінің құтылмақ болған айла-

сына, құсшының ебіне арналған талай шешен сөздері бар. Аңшылық өмірінен ілгері-соңғыдан қалған талай қызықты, жанды, сұлу әңгімелері бар. Тауда жүрген аңшыда амалсыздан екі түрлі мінез болады. Бұлар ішкі сезімінде құбылу көп болғандықтан сахнаның артистеріне ұқсайды. Көргенінің бәрін не шапшаң сөйлеп қуанып, не күйініп жіберетін күйгелектік, сөйлегіштік, қызулық болады. Бұндай аңшы азын-аулақ өтіріктен де аман болмайды. Бұл болмаса екінші бір түрлі аңшыда көргені тіпті көп болып, бәрін әңгіме қыла беруді лайықсыз көрген, сезімінің бәрін ішіне жиған, қуаныш-күйінішін сыртына шығармайтын тастай салқын сабырлылық болады.

Аңшылықтың қызығы мен өкініші сияқты жанды өмірінен басқа биік шың таудың азын-аулақ қар басқан салқын пішінін көріп жүргеннің өзіне де көңіл сезімі әлденеше өзгеріске түспей отыра алмайды.

Қарлы таудың ішінде кейде кездесетін қара бұжыр қой таспен меңіреуленіп, мәңгілік тыныштыққа қатқан құз-қиялар көңіл күйін көп тербетеді. Бұлар кей жерде үлкен-үлкен теңдерше сүйеніскен, әлдеқашанғы алыптың қолымен қаланып қалған сияқты. Кей жерде ұзатылатын қыздың үйіне жиылған сандықтай қатарланып қойылған. Кейбір уақытта ұзақ жылдардың жел-боранымен тозған қатпарлы тастар көрі молданың ескі құранының шетіндей жемтірленген. Кейде тіксиген қара жартас пен кеуделі биік таулар қара қошқыл пішінімен ақшыл тартқан сам жақта, кеш мезгілінде қатал, суық тағдырды еске түсіреді. Кей күні түс мезгілінде жарқыраған ашық күнде тау басына шықсаң, ысқырып соғып тұрған жел даусын есітесің. Бұл кейде жынданғандай ұйытқып соғып, кейде биіктің басына қарай төсін төсеп, екпіндеп түзу есіп, қысты-гүнгі тау ішінің ұзақ жарындай жүректі жүз² толқынттып, шаншады.

Тау басында, бүркітшінің қолында, томағасы тартылған қыран етектегі жарық тас³ жырық қорымға тығылып жүрген түлкінің түйіліп тұрған қараңғы тағдырындай көрінеді.

Осы сияқты Сыздық көрген жалпы суреттің ішінде ерекше көрікті⁴ болып есінде қалғаны да бар еді.

Бір күні бес-алты аңшы тау ішіндегі ауылдан атқа мінді. Ерте шыққан бүркітшілер тас-тастың басына тарап, ұрымтал тұрғыларды алып, қағушыларды етекке жіберіп, қашатын

түлкіні тосып отырды. Жана көтерілген күн сәулесінің астында тұрған қызыл жартас. Бір жағы көлеңкеленіп, әжімді кәрі жүзімен аңшылардың қарсы алдында тұр. Бөлек-бөлек жарығымен түлкі жатарлық қорымы көп тас. Қатпарлы кәрі пішінімен қалың сырлы сияқтанады. Жартас мұңлы. Кәрі көңілдің қайғылы түріндей жүдеу – қайғылы. Күндер, жылдар тоздырған беттері терең әжімді. Дүние қатқан, жым-жырт. Өңкіген тік жартас. Таңертеңгі кезде-ақ қардың үстіне түскен қаралы көлеңкесін көріп, айнадан жүзін көрген дәудей, кәрі алыптай үңіліп, түксіп қарап тұр. Етекте жатқан⁵ қазандай жұмыр тастар салақ қолмен тәртіпсіз үйілген теңдей болып бірінің үстіне бірі үйіліп жатыр. Кәрі аңшы Ақшегірдің томағасын тартып, үндемей тасқа түйіліп⁶ отыр еді. Бір мезгілде алыстағы қағушының айғайы естілді. Ақшегір өлең етіп, барлық үлкен денесі екі ғана отты шегір көз болғандай болып, қызыл тасқа шаншылып қадалып қалды. Артынан аз уақытта аңшының қолынан атып жөнелді. Сол кезде қызыл тастың аңшыларға қараған қарсы бетінен⁷ бір жарықтан түлкі етекке қарай шұбатыла берді. Ақшегір аңшылардан бұрын қабат тастың арасынан қылп еткен жанын көрген екен. Денесі ыстық оттай қайнаған шыдамсыз қыран жай отындай жарқ етіп аспанға шықты. Етекке түсе алмай асығып, қарбаласып қалған түлкі ежелгі көкті жауын кең жерге шығып тоса алмай, қызыл тастың қия бегіне құйрығын шаншып, керіп тұрып қалды. Майданға шығып, қызықтырып тұрған жемін⁸ көрген қыран айналып, аспандап көтеріле берді. Аспандаған сайын жынын шақырған қара бақсының қабағындай төңкеріліп, қайта-қайта түйіліп, көтеріліп, күші мен ызасын жиып жүрді. Аяғында желге қарсы қасқарып, төсін төсеп, бір екпіндеп көтеріліп алып, бетін бұра сала түлкіге қарай шаншылып жөнелді. Құсының бар әдісін, бар ерке мінезін жаттап алған кәрі аңшы қасындағы Сыздыққа: «Боздады енді, қолыңда өледі. Бұйырса, істікке шанышқандай қылып-ақ алар. Шап!» – деді. Атын ойға тастап жаяу отырған Сыздық биік тастың басынан құлай жүгірді.

Бұл кезде биіктен тасқабақтай түйіліп аққан Ақшегір қия бетте сідігін атып, қаржындап тұрған ақ шуланға тас жағынан келіп, сарт етіп түсіп, есін жиғанша екпінімен етекке қарай қағып алып жөнелді. Аңшылар: «А құдайлап!» – бірінің артынан бірі жығылып, бір тас, бір омбының арасында малтығып⁹

келе жатқанда, Ақшегір түлкіні жазықтағы қалың қардың үстіне әкеп салып, аямай бүктеп, мықтап басып алып еді. Қан майданның еркесі ақ мартулы қыранның ашулы көзінде жай отындай от ойнайды. Ертегінің жез тырнағындай сатырлаған көк болат тұяқтары түлкінің өкпесінен жанын суырып алуға асығып, кезек-кезек сығымдап қысады. Қалың қардың үстінде алыса алмай қалған түлкі салмағынан жаншылып, қайрат қылмай бос жатыр екен.

Аңшылар келіп түлкінің сирағынан ұстап, белін сындырып, құсқа өлтіртіп, аздан соң айырып алды. Бұлар түлкіні Ақшегірдің тұяғынан босатып алған кезде мұнда болып жатқан уақиғадан хабарсыз жүрген қағушылар келді. Қағушылар қызықтан кешігіп қалғанына өкініп, бұларды көре салып, атын бұрын байлап келіп¹⁰, жанталасып: «Қалай алды, қалай түсті?» – десіп сұрасып жатты. Қыранның майданын көрген бүркітшілер де бір-ақ түрлі уақиғаны көрсе де, неше түрлі қылып жан-жақтан айтысып еді.

Қыранның түлкіні көргенде аспандап шығып, қағынып келіп түскені бір аңшыға биіктен сорғалағандай көрініпті, екіншісіне шаншылғандай, тағы біріне боздағандай, кейбіреулеріне ағылып еңірегендей көрініпті.

Мұхтар

ЕСКІЛІК КӨЛЕҢКЕСİNДЕ

I

Жаз ортасының жарық түні. Маңдайға таман көтеріліп келген ай мұңлы сәулесін мәңгілік сабырмен таратып тұр. Теңгедей бұлты жоқ таза аспанда таласып жымыңдаған қызғылт, жасыл, сарғыш түсті жұлдыздар тұңғыық аспанның елбіреп қараған от көздеріндей. Түн аспаны сансыз жұлдыздай көздерімен сезімді көңілге ым қаққандай болады. Жұлдызды аспанға анда-санда айтылатын жер жырын, тіршілік ертегісін тыңдағысы келеді¹.

Қоңыр сезімді сұлу аспан әсіресе Қаражалдың тоғайлы өзегінен әңгіме күтіп, телміріп төнгендей. Қаражал жайлаудағы елдің бір жақсы қонысы болатын. Арасынан бір созылып, бір иіріліп аққап тоғайлы өзен жарып өтеді. Өзен жағасы көп ауылдың жылда келіп қонатын қонысы еді.

Өзен түн тыныштығының ортасында қоңыр салқын лебіне оранып, түс көргендей қалғиды².

Бір мезгілде өлкенің орта кезіндегі бір тұмсық тастан асып, төмен қарай құдилап келе жатқан екі атты көрінді.

Бұлар қатар келе жатса да, араларында алдандырған әңгіме жоқ. Аяңшыл аттың екпіні мен түн рақатына бойсұнып келе жатқандай. Бұның бірі – аяңшыл ақжал шабдарға мінген жас бозбала, екіншісі – шоқша сақалы бар, қылаң мінген жолдасы. Екі жігіт те жасыл киінген, ақжалдағы жігіт ақ көйлекті, қара желеткелі болу керек. Қара ала болған омырауы көрінеді.. Сыртында қара барқыттан жаға салған жұқа сұр шапаны бар. Екеуі де жұқа шапандарын желбегей салыпты. Өзек бойындағы жақын ауылды бетіне алып келе жатқандай. Бұлар пысқырып³ қалған аттарын шаужайлап, тізгінін жұлқа тартып, басын төмен салғызбайды. Тасты жермен жүрмей, шалғынды жерді бастырып, тықырын білдіргісі келмегендей болып сақтық

етеді⁴. Семіздікпен еріккен жарау аттары түн салқыны мен тыныштығына қызғандай. Бастарын шұлғып, қамшы салдырмай ығысады⁵. Тақымнан шыққандай болып желігіп аяңдайды. Бұлар жоғары ауылдан шығып, төменде өзек бойындағы Жақып ауылын беттеп келе жатқан бозбалалар еді.

Шабдар мінген жігіт жартасты⁶ биіктің көлеңкесінен шығып айдың қызықтырған жарығын көргенде, тымағын бір құлағынан басып, төмен сыпырып алып, айға қарап, кеудесін толтырып күрсініп-күрсініп алды. Жарық айдың сәулесі бетіне түскенде, ерекше ағарып жүдеген сұлу жігіттің пішіні анық көрінді. Ұзын қара шашы тымақты сыпырып алғанда, салақтықтан шыққан жарастықпен маңдайына бұйраланып түсіп тұр. Пісте мұрын толық бетті ақ жігіт ай сәулесінің астында әрі оқыған, әрі сұлу жүзімен шынымен-ақ ыстық сезім іздеген таулы даланың өзінше бір геройы сияқты еді. Жол бойында бұл жігіт не күрсініп, не біреп ауыз сөз сөйлегенде, өңі сұрланып, етіне тоңазыған діріл кіргендей болатын⁷.

Бұл орта дәрежелі оқу бітіріп, биыл жаз елге келген Қабыш деген жігіт еді. Қасындағы жігіт – Қабыш елде жүргенде ұдайы қасында жүретін пысық жолдасы Жұматай.

Қабыш – Мойылды болысындағы тәуір оқыған жігіттердің бірі болатын. Бұл ел маңайдағы өзге болыстардың ішінде көзі қарақты азаматтары – оқығандары көп, «басты» дейтіні елдің бірі еді. Оқығандардың ішінде Қабыш көзге толымды, көрнекті деп саналатын. Биылғы жылы елге шығуда Қабыштың ішіне жиған бір сыры бар-ды.

Ай астында қалқыған өзектің ішімен аяңшыл аттың екпініне бой беріп келе жатқанда, Қабыштың денесі сергігендей болса да, көңілде жатқан сенімсіздік, күптілік те бар⁸.

Жас жігіт алыстағы қалада жүргенде Жәмештің ұзын бойлы жіңішке денесі мен сұлу қара көзді қызыл жүзі есінен кеткен емес. Кішкене күннен балалық ұясынан алып шыққандай ертегілі қиялы осы пішінге біржолата жабысып өскендей. Сол нәзік сұлу пішін көп жылдық арманы, жасырын мұңы еді.

Әсіресе қалада алыста жүргенде, сұлу қыздың жүзі сағымдана тартатын. Алыстан көксеген сезімі қар үстіне қан тамғандай бусанған ыстық сезім еді. Бұл күйдің ерекше күшті болатын себебі – Қабыш көп жылдай хат жазып, жауап ала алмай, арманмен жүрген⁹. Былтырғы өткен күзде де Қабыш

қуанышпен қайтқан жоқ еді. Бірақ төрт-бес жылдан бергі көп хат, көп сөзіне бір-екі ауыз жылы жауапты сонда ғана алғанды. Бір жылдық ұзақ сапарға бара жатқанда талып жығылған көңілге¹⁰ екі ауыз сөз дым әлсіз сүйеу болатынын Қабыш біліп еді. Бірақ Жәмештен содан басқа жауап болмаған. Ол жауапты да «көрерміз күнілгері» деп, Жұматайға ауызша ғана айтқан. Хат жаза білсе де, сол азғана сөзді айтып хат жазуды Жәмеш өзінің беріктігіне қиғаш істеп қалатындай болып, қағазбен айтпаған. Бұл да Қабышқа істеген қаттылықтың бір белгісі-тін. Бірақ алғашқы өз атына арналған жауапты естігенде, тіршілігінің мағынасын сол күні тапқандай болып еді¹¹. Содан кейін арада бір қыс өтті. Жәмеш бұрын жастықпен өзінің даусыз бақытына сенгендікпен паң болып тәкаппар болып, маңына үміт қылған бозбаланы дарытпай келсе де, енді мұның алдыңғы өмірін ойлайтын мезгіл жетіп еді. Жұматай да, Қабыш та күнілгері өткен сайын Жәмешке ой түсер, шырғаға келер деп үміт қылатын¹².

Жәмешке биылғы өткен қыста ой түсуін түсті. Бірақ бұның келешек өмірден өзіне тандап алған орны ешбір жан күтпегендей жат жұмыс болды. Жәмештің бүгінгі халі бұрынғыға қарағанда көп өзгерген. Бұл күнде оның басы бос емес, ол қазір де күйеуі келіп жатқан қалыңдық. Күйеуі Мойылдының ең басты адамы¹³; әрі бай, әрі ертеден келе жатқан бір болыс елдің жуаны – Кенжехан. Биылғы жылдың жазына шейін Қабыш Жәмештің басында қандай ой, не түрлі ниет барын білген жоқ-ты. Жазғытұрым еліне келген жерде «Жәмешті Кенжехан алатын болды» дегенде, өзін мазақ қылған сөзді естігендей болды. Басында сене алмады. Бірақ Жәмештің Кенжеханға тиетіні рас еді. Рас болғанда, ең ауыр жері – жас қыз елудегі шалға өз ықтиярымен тимекші. Аға-жеңгесінің наразылығына қарамастан, достық ойлайтын жақындарына ақылдаспастан, үлкен шешесі мен әкесі айтқан сөз бойынша Кенжеханға ырзалығын өзі айтқан¹⁴, соның тоқалы болуға бекінген.

Кенжехан бұрын да Жақып ауылының күйеуі еді. Бұның осыдан бес жыл бұрын алған тоқалы – Қадиша осы Жақып қажының үлкен қызы болатын.

Биылғы жыл жазға салым Қадиша қайтыс болғанда, артында бір еркек, бір әйел баласы қалған. Қадиша көзі тірісінде Кенжеханның ерке тоқалы болған. Жуан ауылдың¹⁵ барлық ісін өз қолынан басқарған. Сондықтан өлерінде күйеуіне де,

төркініне де бір тілек айтыпты. Тілегі: «Менің төсегімді бөтен кісінің басқанына ырза емеспін, артымда қалған жас балалар да бар. Мен дейтін болса, менің төркінім Жәмешті менің орныма берсін» деген. Апасының өлер алдында айтып кеткен сәлемі бұл күнге шейін күйеуге тию әңгімесін анықтап ойлап алмай жүрген Жәмешке кенеттен келіп еді¹⁶. Бірақ Жәмеш бұның шешуін көпке созған жоқ. Алғаш ауылына Қадишаның өтерде айтқан сөзімен Кенжеханның сұрата жіберген кісісі келгенде, жас қыздың оқып жүрген ағасы Қасым¹⁷: «Бұл сөзді Жәмешке айтудың қажеті жоқ, Жәмеш үшін мен жауап беремін. Алдыңғы Қадишаның обалына қалғандарың да жетер. Кенжехан әулие болса да Жәмеш әрі қатын үстіне, әрі шалға бармайды»¹⁸, – деп, үй ішіне ұрыс салып, бермеу жағына ашық шығып еді. Бірақ Жәмештің өзінің құлағына тиіп, өз жайын өзі ойлай бастағанда, Қасым айтқандай өрескелдіктің ешбірін көрген жоқ. Қасымның ара түсіп, артық сөз сөйлеп, Кенжеханның басын кеміткен сөзінің бәріне намыстанып келіп: «Мен сол кісіге ырзамын», – деген байлауын бір-ақ естірткен.

Сонымен аға-жеңге сияқты жеңіл-желпілердің айтқан сөзінің бәрі бос қалып, Жәмеш Кенжеханның қалыңдығы деп саналып еді¹⁹.

Қаражалға Жақып ауылы қонбай тұрып, құдалық жолында істелетін шарттың бәрі орындалып болған. Енді осы қоныста Жәмешті береміз деп ата-апасы хабар айтқан соң, Кенжехан алып қайтқалы келіп жатқан.

Сол күйеуі келіп жатқан Жәмешті әлі де бұрынғыша сүйіп, бұрынғыша сағынып қиял қылған Қабыш бүгін болымсыз бір үмітпен іздеп келе жатыр.

Соңғы уақытта Қабыштың көңілінде қолына түспей алыстап кеткен сұлуды арманмен сүюмен бірге, үлкен намыспен жек көру де бар еді. Бір көңілде бір адамды әрі сүю, әрі жек көру үнемі бола беретін күй емес. Қабыш дәл бүгінгі күйге шейін Жәмештің мінезін түсіне алған жоқ. Жәмеш бұрын қол жетпестей алыста сағымданып тұрған сүйгені болса, қазірде шешуі қиын, туысы жат, дағдысы бөлек бір ауыр жұмбақ та болды.

Сүюі де бұрынғы қалпында күшті. Жәмеш өмір бойы ұсынса – қол жетпестей тәкаппар биік болып тұрып, сол тәкаппар салқын күйінде Қабыштай талай жас жігітті арманда қылып кетіп барады. Қабышта бір көрініп ұзап бара жатқан сұлуға

қадалып, жабысып қалған ықтиярсыздық бар. Сол хал көңілін қара тас басқандай. Бұған қарсы шығарлық түзу ойға бұл ауырлық жеңгізбейді²⁰.

Жәмеш Мойылдының ішіндегі басқа қыздың бәрі нені ойлап, нені арман қылатынын көріп-біліп жүрсе де, солардың үлгісін ұққысы келмеді. Ол қыздардың бәрінің арманы – оқыған жігітке тию. Жас білімді жігіттерден сүйікті жар табу болса, сол үшін ата-ананың батасын бұзып, алғалы жүрген күйеуден, ие болып отырған мал-мүліктен – барлығынан безіп қашып жатса, сондағы іздегені – ылғи таза киініп, жақсы аталып жүрген өздерімен басы тең, жасы да құрбы жігіттер болса²¹, Жәмеш соның бәрінен аяғына бас ұрып келіп тұрған уақытта қашады.

Бұл ықтиярлы, еркін, ерке күйінде отырып, өзін-өзі қорлағандай болып шалға бергізеді. Қатын үстіне тоқалдыққа барады. Барлық өмір, барлық мінезімен бүгінгі бар жастың тілек-үміт, қиял деген таза нәрселерінің барлығын мазақ етеді.

Неге Жәмеш осындай болды? Не себепті осыған кәрі Кенжехан Қабыштан артық көрініп, ыстық болды?

Осы сияқты түйіндер Қабыштың қызғанып, құмарланып сүйген көңіліне жуырда (шешілмейтін жұмбақ болған. Ол ыза да болды. Сөйте жүріп, жабыса арман етуден де бой тарта алмайды²².

Сол күйімен жүргенде, бүгін таңертең баяғы ескі далбасалықпен Жақып аулына Жұматай барғанда, қыздың жеңгесі Бибіш: «Бүгін кешке ауылдың сыртындағы тоғайдан табылыңдар. Жолдарың болар, болмаса – оны ашып айта алмаймын, бірақ сол арада біздің баланы бір көріп қалуларыңа болады. Ең болмаса Қабышты оңашада бір көріп, көңіліне бір қобалжу түсіп кетсін, неғылса да келіп кетіңдер. Мен тоғай ішіне ел жатқан соң, ертіп барамын», – деген. Бүгінгі түнде Қабыштарды Жақып ауылына қарай әкеле жатқан осы сөздер еді.

Өзектің бойын Жақып ауылы отырған оң жағамен құлдилап келе жатып²³ бір-екі қалтарыста қыз ауылының түндегі нобайын көргенде, Қабыштың көңілі ерекше қуаныш пен үлкен күдік араласқандай болып ауырлап кетті. Қуаныш – бұл күнге шейін бір ауыз жылы сөзбен бетпе-бет келіп сөйлеспеген тәкаппар сүйгенін көру.

Күдігі – әлі де бойын бермей, түсін суыққа салып, будан қашып жүрген сұлу қыз бүгінгі кеште бұны біржолата түңіл-

тіп, шалын мақтан етіп, бұған қыр көрсеге ме деген ескі сенімсіздік²⁴. Қалай да болса, Жәмеш жарық айлы түнде, оңаша тоғайдың ішінде алғашқы рет Қабышпен көрісетін болса, соның өзі де жас жігіттің бұл күнге шейін басынан атқармаған рақаты болмақ. Жәмешке оңашада жолықпақ болып алғашқы рет аттанып шығу – жас жігіттің өз өмірінде көп жылдан бері қалмай келе жатқан арманы²⁵.

Жол бойында бір үміт пен бір қауіп кезек жеңісіп келе жатқандықтан, бір мезгілде Жұматайға қарап: «Япыр-ау, Жұматай-ау, біз осы шынымен-ақ Жәмешке келеміз бе? Осы Бибіштің алдаған, мазақтаған сөзі емес пе? Менің ақылыма кешегі суық Жәмештің осылайша шұғыл өзгеруі мүмкін емес сияқтанады. Мен Жәмешті біржолата жат әйел қылып қойғандаймын. Сондықтан бүгінгі мінезі де баяғыдай жаттың бірі сияқты. Осы да баяғыша бір жұбата салып, бір ойнай салған сөз емес пе? Түн ішінде бізді көргісі келгені шын ба? Мына тұрған ауыл әлі күнге бұрынғысындай суық, бұрынғысындай дарытпайтын жат сияқты. Мені бірдеме етіп күдіксіз қылып сендірші!» – деді²⁶.

Жұматайға Қабыштың қазіргі күйі ұғымсыз емес еді. Қабыш пен Жәмештің арасындағы сырдың бәрі түгелімен Жұматайдың көз алдында бастан-аяқ белгілі болып өтіп келе жатқандықтан, ол жолдасының ойында қандай толқын болса да білетін. Оның үстіне, Жұматай ел жастарының арасында көп жүріп, мінез-күйіне жетік болған жырынды, сезімді жігіт болатын. Сондықтан Қабыштың сөзіне мұртынан күліп жымылып: «Жәмеш бүгінге дейін сандалып адасудан айыққан жоқ. Сені таңдамай, Кенжеханды алып сандырағаны рас болса, бүгін бізге келетіні де рас. Мен білген қыз болса, бұл бүгін пұшпағынан ілінеді. Жалғыз-ақ бұрын көріспегендігіңді қылып төменшіктеме. Неғұрлым асқақтап, баса қимылдашы!²⁷. Ең болмаса бүгін осыны бір өкіндіріп кетеміз. Содан кейін оқ тиген киіктей жаралы боп кете барсын. Бұл әлі күнге жастық қызығы дегенді көрген жоқ. Өзінің теңі болған жас жігітпен сүйісу дегеннің қаншалық қызық рақаты барын білмейді. Дақ бүгін оңашада, түн ішінде сені көрген соң қыз екінші күйге түседі. Осы сөзімді ұмытпа», – деді. Қабышты бұл сөз көтеріп, сергіткендей болып:

– Қойшы-ей! Осылай болуға әбден қисынады. Осының тіпті рас! – деді.

Жұматай өз біліміне сенген маман пішінмен:

– Менің таңертеңгі Бибіш сөзін естіген жерде ойлағаным осы. Қазір көрерсің, осы сөзім рас болады. Әуелі десең ²⁸, сол қыз осы күнде сені көргелі асығып отыр. Енді әңгімені қойып, осы-арада атты қайда тастап, қай жерден тосатынымызды ²⁹ болжап алайық, – деді.

Бұл сөздің тұсында жігіттер өзеннің сол жағына шығып, ауылға көрінбейтін болып жіңішке тоғайдың тасасымен келе жатыр еді.

Жұматайдың соңғы сөзінен соң екеуі де тоқтап, ағаштың қара көлеңкесіне аттарымен жасырынып алып, селдір тоғайдың арасынан ауылға қарап тұрып жерді болжады.

Түн әуелгісіндей тып-тыныш. Жұматайдың дәлелді сөздері бұрынғы сенімсіздік жеңген көңілін азырақ орнықтырғандай болса да, қазіргі жымдай қатқан сезім сағаты құмар жігіттің көңілін қайта лүпілдетіп соққызып жіберді. Жарық айға ұзақ тыныштықпен түн табынып тұрғанда, әлі де құрметпен³⁰ сүйген сұлуының жүзіне жас жігіттің қиялы да кінәлі сөздер үшін кешірім сұрап, бас иіп табысып тұрғандай болды.

Ауылдың иті үрмейді. Күзетшінің де дыбысы жоқ. Қызарып от та көрінбейді. Елдің ұйықтағаны рас. Қабыш өз көңілінің балдыр күйін әдейі тереңдете сезінеді. Ендігі халді тіршілік иесінің барлығы да әдейі тыныс алып, үндемей сабыр қылып күткендей. Қабыштың көңіліне еріксіз діріл кірді. Жүрегі лүпілдеп, буынынан сүлдер кетіп, Жұматайдың не бұйрығына болса да көне бергендей ³¹.

Жұматай жолдасы сияқтанып үздіккен жоқ. Оның ақылы еш нәрсенің тұтқыны болған жоқ еді. Баяғыдай сау. Салқын қырағы күйінде. Ол ауыл жаққа қадалып тыңдап, атты қай жерде тастап, өздері қай жерде отыратынын ойлап тұр. Бұлар қазір ауылдың қасында. Байдың шеткі ақ үйлері тоғайдың арасынан қарағанда жап-жақын болып көрініп тұр. Бұдан әрі атпен жақындауға болмайды.

Сол күймен алғашқы тоқтаған орындарында біраз тұрғанда, Қабыш енді істейтін істің барлық ықтиярын сенімді жолдасына тапсырып, өзі бір ғана Жәмештің сұлу жүзін көз алдына әкеліп, кара көздеріне қиялмен телміріп қадалып тұрғанда, тізгіні

босап кеткен шабдар ат³² тығылып тұрған қара көлеңкеден шығып, ілгері жүріп кетті. Қабыш есін жиып, тізгінін жиғанша ауылға көрінерлік алаңға еріксіз шығып қалды. Түннің жым-жырттығына еріккен ат сулығын салдыратып шайнап, басын төмен салып жіберіп, жер тартып, қатты пысқырып қалды³³.

Қабыш жұлып алғандай сергіп кетіп, тізгінін жұлқып тартып қалып, атын бастан қамшының сабымен салып қалды. Бұл алғашқыға қосылған тағы бір епсіздік еді. Еркеленіп еріккен семіз ат басына оқыс қамшы тигенде, маңындағы ағаш пен ер-тұрманын салдыратып кейін қарай ортқып секіріп кетіп, ішін тартып оскырып жіберді. Осының бәрі бірер-ақ секөнттің ішінде болып³⁴ қалып еді. Жұматай Қабыштың аты ілгері жүруге айналғанда-ақ жолдасының олақтығына шыдамсызданып: «Өй, тарт!.. Баламысың, ауылдың қасында тұрғамыз жоқ па?»... – дегенше, ақжал ат пысқырып, оскырып та қойды³⁵. Жасқанып секіргенде, аттың салмағымен сынған ағаштың сытыры³⁶ да түн ортасында үлкен шудай болып естіліп қалды³⁷.

Дәл осы секөнттің артынан ұйықтап жатқан ауылдың иттері шу етіп үріп қоя берді. Иттер ауылда үргенімен қоймай, бұларға таман жүгіріп келе жатқандай да болды. Ит даусымен күзетші де оянып, сарылған дағдылы айғаймен³⁸ жым-жырт дүниені жанғырықтырып айтақ салды. Иттер бұрынғыдан да екіленіп, арсылдай жүгіріп келеді.

Бұл хал Қабышты қатты састырды. Енді ауыл оянып кетіп, тысқа шығушылар да болуы мүмкін. Дабыр басылып, енді ел ұйқыға кеткенше³⁹ жаздың қысқа таңы атып қалуға да болады.

Соны ойлап, басында Қабыш кейін кетіп қала тұруды қажет көргендей болып еді, бірақ мұның ендігі қатесіне Жұматай көнбейтін болды. Ол ақжал аттың шаужайынан ұстап алып, бұрынғы қалың қара көлеңкенің ішінде Қабышты жасырып қойып:⁴⁰ «Осы арада тапжылмай тұру керек. Саспа, иттер мына тасадан көрмейді. Өзеннің бұл жағына өтпейді. Қазір басылады. Бірақ ендігәрі сақ бол!» – деп еді...⁴¹

Қабыш үндемей бағынды. Ит басында шабалап⁴² үрсе де, өзеннің, жігіттер тұрған жағына жүгіріп шыққан жоқ. Бұлардың тұсына көп ит келген де жоқ. Жалғыз-ақ өзгелерден ұзап шыққан Жақып ауылының қара ала төбеті тұстарына таман келіп, жаңа шыққан дыбысты іздеп тұрғандай болып, жым-жырт түнді тындап-тындап алып үріп қояды. Күзетшінің айтағы

басында қатты үріккендей болып оқыстан шықса да, аздан соң басылып қалды. Бірер айтағының аяғы өзіне-өзі: «Ештеңе жоқ, жата бер!» – деген сияқты болып, иттерді шығарып салумен ғана басылып қалды.

Сарылып, созып, әнге ұқсатып айтқан айтағы бір нәрсенің барын сезген дауыс сияқты емес, көбінше «ұйқы келді-ау» дегендей⁴³.

Қазірде жалғыз-ақ қара ала төбет тынышталып бола алған жоқ. Бай ауылының қадірлейтін сақ маң төбеті «сақ» дегізген атақ⁴⁴ үшін емес, ауыл қотанға иелік ынтасымен үргендей болады. Өзге тынышталса да, көпке шейін ол тынышталмайды. Өзгеден гөрі өз міндетінің зорырақ екенін ол сезгендей. «Жақыптың малы түгіл, адамы да менің міндетімде. Жат оймен келгендерге біздің ауылда иен жатқан нәрсе жоқ», – демек болғандай.

Қабышқа қара төбет Кенжехан мен Жақыптың әдейі жас жігітке Жәмешті жуытпасқа арнап қойған андушысы сияқтанды. Барлық осы ауылдағы Қабышқа арналған жаттық пен қарсы көңіл қажымай үріп тұрған қара ала төбеттің дауысынан айқын білініп тұрғандай болды. Суық пішінді ашулы төбет Жәмеш пен Қабыштың ортасындағы бөгет пен кедергінің бір жерге жиылған тірі пішіні тәрізденеді⁴⁵. Бір уақыт шынымен осы төбеттен өтіп Жәмеш бүгін келсе, ондайлық өз басына келетін қатерге нәзік⁴⁶ денесімен шыдап қалған сұлуға Қабыштың айтарлық кінәсі қалмайтын да сияқтанады. Бұл жаңағы болған дырдудың үстінде Қабыш көңілінен жорытып өткен үзік сезімдер еді⁴⁷.

Аздан соң иттің үргені басылып кейін қайтқанда, Қабыш Жұматайға қарап: «Осы ауылдың бар пішіні баяғы қалпында қол жетпейтін биікте тұрғандай. Маған суық, жат сияқты. Бүгінгі күн бір жылы шырай болатын шығар деп едім, мына қара ала төбеттің үргені сол жатсынған қарсылықтың бірін⁴⁸ айтып кеткен сияқтанады. Қалай ойлайсың?» – дегенде, Жұматай жаңағы болған дырдуға титтей өзгермеген пішінмен тұрып Қабыштың сөзіне күліп: «Қорқақсың!» – деді.

Аздан соң Қабыштың аты мен өз атын алып, әлгі тұрған қалың қара көлеңкеге тізгіндерін қаңтарып бастарын мықтап байлап болды да, сыбдырларын білдірмеске тырысып,⁴⁹ Қабышты қолынан жетектеп отырып, тоғайдың тасасымен

бұғып жүріп келіп, дәл қыз бен жеңгесі жататын Қасымның отауының тұсына келді⁵⁰. Бір топ ағаштың көлеңкесіне мықтап бекініп, ауылға қадалып қарап отырып қалды.

II

Жәмештің Кенжеханға өз ықтиярымен тимек болғаны рас еді. Қадиша өліп, Кенжехан Жәмешті сұратып кісі жіберген күнге шейін жас қыз өзінің алдыңғы күні қалай болатынын қадалып ойлаған жоқ-ты. Оны кішкентай күнінен үй ішінің мінезі бір ерекше қуатпен әсер етіп, билеп алған болатын.

Бұл жағына келгенде, Жәмешке ұқсаған қыз Мойылды болысында жоқ еді. Жәмеш барлық дүние, барлық келешек тіршілікті, қызық пен қуанышты өзінің үлкен шешесі Мәкен бәйбішенің ұғындыруы бойынша түсінетін.

Жәмешті әжесі кішкентай күнінен өз қолына алып, өз ақылымен тәрбиелеп өсірген. Мәкен ауыл-ауданға әмірі толық жүретін ақылды, еркек мінезді жуан бәйбіше⁵¹ еді. Бұл кісі әлі күнге дейін тұғырдан тайған жоқ.

Жәмештің ес біле бастаған күнінен дәл осы күнге шейін үлкен бәйбішенің алдында барлық келіндері именіп, қарсы келмей, құрдай жорғалайтын. Жәмештің өз шешесі ұлғайып, қырықтың ішіне кіріп, кексе тартып қалса да, әлі күнге жаңа түскен келіншектей боп енесінің алдында именіп отыратын. Бір жұмыста енесінің ақылынан шығып, өз бетімен кетіп іс қыла алмайтын. Сол сияқты Жәмештің әжесі Жақып та ауыл-ауданнан ел ортасының сөздеріне шейін түгелімен шешесіне баян етіп, өзі істеген істерін де айтып, ақыл қосып отырушы еді. Жақыптың үй іші мен ауылы болып түгел қадірлегендіктен, бұл ауылға келіп кететін ел кісісі де, атқамінер ақсақал-қарасақалы да Жақыпты жоқтамай, бәйбішемен әңгімелесіп, өздері білген жай-жапсардың барлығын мәлімдеп отыратын. Мәкен бәйбіше кіммен сөйлесе де, қай жайдан сөз болса да, өзі естіген сөзді сынап, салмақтап, не ұнатып, не ұнатпаған пікірін ашық айтып отырушы еді. Ерте күннен бұның ауылы жуан ауыл атанып, ерке бәйбіше болып ерленіп⁵² сөйлеп әдет қылғандықтан, Мәкеннің асқақ тәкаппар сөздері көп болатын. Бұрынғы өз заманының адамын жоқтап, бүгінгі «жақсымын» деген кісілерді көбінесе менсінбейді⁵³.

Ежелден бойға сіңген өзімшілдікпен біреудің не мінезін, не істеген ісін, не басын бағалап сөйлегенде, бәйбіше, өз ауылы мен өз ұрпағынан шыққандар болмаса, жаттың ешбір жақсы жерін көре алмаушы еді.

Жәмештің кішкене күнінен Мәкен бәйбішенің алдында өскенде ұғынып, бағынып, қабылдап алған үлгісінің көпшілігі осы әжесінің үйретіндісі еді. Екеуінің ортасындағы айырмасы – бірі жаңа өсіп қалыптанып келе жатқан жас, бірі – қалыптанып тоқтап қалған кәрі. Сондықтан шеше мінезінен алған үлгі Жәмеште ашығырақ көрініп, қатаң болып білінетін. Ұсақ мінезде әжесінен жұққан дағды бойынша біреуді темендете сынау, тәкаппарлықпен бойына теңгермеу, өзінің билігіне нық көңілмен сену Жәмештің мінезінен күнде бір көрініп отырғандай болатын. Әсіресе бір ауылға қыдырып барып қайтқанда, әжесіне көрген-білгенін әңгіме қылған уақытта, қонақ күтуге олақтық, үй ішінің ретсіздігі, киім-салымның не таза болмай, не үлгісі нашар болғандығы – барлығы да Жәмештің алдымен сөйлейтін сөздері еді.

Бәйбіше⁵⁴ өз тұстасына қатаң бәйбішелер мен ауыл несі болған қатындардың олақтық, білімсіздігін сөз қылса, Жәмеш жаңа түскен келіндер мен замандас қыздардың кемшіліктерін сондай теруші еді.

Осы әдетпен Жәмеш әжесінен алған үлгі мен содан ұғынған сөзінен басқа бөтеннің ешбір үлгісіне бағынған жоқ. Бөтен адамдардың «анау жақсы, мынау жақсы» деген сөзінің ешбірі де көңіліне әсер етіп тыңдалған жоқ⁵⁵.

Соңғы жылдарда Мойылдының ішіне тарап келе жатқан бір жаңалық – жас қыздың күйеу таңдап, жігіттің қатын тастап, сүйген қызды алып қашуы көбейген еді. Осы сияқты оқиғаларды естігенде, Мәкен басқаларға айтумен бірге, әсіресе Жәмешке көп өсиет сөйлеп⁵⁶, қашатын қыздарды «бұзылған қыз» деп «ата-анасының туысы кемдігінен» деп мінейтін.

Елге жайылып келе жатқан «жаман» салттың себепшісі көбінше⁵⁷ осы елдегі жас «оқығандар» болғандықтан, Жәмештің әжесі барлық оқыған дегендерді тұрақсыз, ойсыз бұзылған адамдар деп сөйлейтін. Сол көптің ішінде өзінің немересі, Жәмештің бірге туған ағасы⁵⁸ Қасым да бар еді. Қасым оқып, ержетіп, мінездің шет жағасын көрсете бастағаннан-ақ, Мәкен қолын сілтеп, тыржиып: ⁵⁹ «Оқу түзеткен бала көргем жоқ.

Әйтеуір тірі болсын! Бұ да осы елдегі жын қуғандардың бірі. Құмары да, тілегі де сол көрінеді. Ынта, бейілімен соған қарай ауып кетіпті. Бізге жоқ болып, қолымыздан шығып кеткен бала. Тек бетінен жарылғасын! Жалғыз-ақ қалай кетсе де, өз басымен кетсе екен, өзге балама осының жыны жұқпаса екен деп тілеймін»,– дейтін. Жәмешті қасына алып отырып осы сөзді талай айтқан-ды. Көп жастың ішінде Қабыш та талай рет Мәкеннің қатал сынына ілінген. Қабыштың өз басынан әзірше көптің көзіне көрінген үлкен мін табылмаса да, нашарлау ағайын-ауданы мен әке-шешесінің ескі кемшіліктерін кекетіп, кемітіп сөйлеп, паңдықпен жиреніп отырушы еді.

Әжесінің қасынан ұзап шықпаған Жәмеш үй іші мен ауыл арасында өзі естіп ұғынып жүрген сөздердің бір уақыт қарсы жағын естіген жоқ. Бір күні бір кісінің аузынан әжең «теріс сөйлейді, білмейді, адасады» дегенді құлағы шалған емес.

Өзі туған әке-шешесі Жәмешті әжесінің баласы қылып қойып, әрқашан ақыл айтса: «Әжейді ренжітпе, әжеңнің сөзін ұқ. Үнемі саған жолдас болмайды, аздан соң өліп те қалады. Сенен басқа әйел баланың әжендей үйретушісі жоқ, сондықтан сен олардан артық бол. Оларға ұқсама!» – дейтін.

Сонымен кәрі әженің ықтиярынан бір күн шет жайлап көрмеген Жәмеш алдыңғы күнін өз бетімен ойлаған да жоқты. Ол жайдан әжесі үндемеген соң, о да үндемей, ойланбай-ақ жүре беру керек деп түсінген-ді. Ескі сенім, ескі көзқарастар Жәмештің ойы мен мінезіне негіз болып әсер етуден басқа күндегі жүріс-тұрыс әдетіне де сондайлық айқын таңба салған.

Жәмештің жұрт мақтаған жақсылығы – ауыл-ауданға ие болып, шаруа жөнін жақсы білгендігі. Көрші-қолаңшы, қатын-қалаш, малшы-қосшыға араласа біліп орынды сөз сөйлеп, үлкен кісіше салмақпен жүріп-тұрып, кейде үй түгіл, ауыл иесі болып әке-шешесін жоқтатпай кететін мінездері бар. Бұл мінез елдегі көпшіліктің түсінуінше, Жәмештің барлық жаңа өспірім әйелдерден ерекше біткен жақсылығы сияқтанушы еді. Мәкен бәйбішенің тәрбиесімен өскен жас қыз қатын-қалаш пен үлкендерге бұрынғының жақсы қыздарын еске түсіргендей болушы еді.

Жәмешке ескілік үлгісі әбден жұққандықтан, кейде киім пішіп, іс тіккенде де, өзі айтқандай, «бүгінгі қылтың-сылтыңмен» жүрген жастарша істемей, кең қолтық, кең етек,

мол киімді жақсы дейтін. Өзі де бүгінгі қыздардың ұғымынша, ескіріп қалған үлгімен тігілген киімдер киетін.

Жәмештің көшкенде жорға ат мініп, үкі таққан кәмшат бөрік киіп, тірсек жең қамзолдың сыртынан белін қынай буынып, шапан киетіні де, түгелімен кем болса, қырық-отыз жыл бұрын болған бойжеткендердің үлгісі.

Ел ішінің еркесін күндегі көпшіліктен өзгеше күйде көруге ынтық «оқығандар»⁶⁰ кейде Жәмештің осы қылықтарына, әсіресе құмарланып, өліп түсетін. Бірақ Жәмеш бұл мінез, бұл әдеттің барлығын сырт көрініс үшін емес, шынымен лайығы осы деп түсінеді. Сондан Жәмеш қазіргі уақытқа шейін жас болып желігіп жүрген қыз-бозбаланы, әжесі мен екеуінің біріккен сыны бойынша, қызықтырар қызығын көре алған жоқ⁶¹. Біреуі қашады, біреуі алып қашады. Ел ішіне лаң салады. Жаманаты әбден шығып, тамам елден қарғыс алып болған соң, дегендеріне жетіп, бірге тұрғандарын да көріп жүр. Бірақ солар талайдан қолына түспей жүрген армандарына жеткендей болған соң, енді елден ерекше жүріс-тұрысы болар десе, барлығы баяғыша көппен бірге, сол көптің бірі болып қала береді. Қашқанның елден асып, төбесі көкке жетіп, қашпағанның қор болып жерде қалғанын көрген жоқ. Қашып барып күйеуге тиген қыз да өзгелердей айтқанға көніп, айдағанға жүре беретін әншейін ғана қатынның бірі болады. Қайта қашқанның қырсыққа ұшырайтыны көп. Бір қашқанмен тұрмай, әлденеше қашамын деп, ел жүзін көре алмайтындай маскара болып қалғандары да аз емес. Қашқанның оқығанға тигені болса, оның да елден асып қарық болғаны көрінбейді. Оқыған жігітпен ерекше тұрамын деген қыр қызының барлығы да бойына лайығы жоқ мінез бен әдеттер тауып алып, шошандап жеңілейіп, ақылсыз, мінезсіз болып кеткен сияқты. Осы сындарды әжесімен бірге талдап, әңгіме қылып отырып, Жәмеш нығыздана береді. Көбінің жарастықты жақсы өміріне құмар болып ынтығудың орнына, жиреніп, паңсына қарап, торыққандай болады⁶².

Солардың бәрінің ішінде Мәкен бәйбіше мен Жәмештің толық ырза болып, көп уақыт әңгіме қылатын бір ғана үлгілі өмір бар еді. Бір-ақ адамның мінезі мен өмірі «шын тілейтін өмір» дегізіп, екеуінің бастарын шұлғытушы еді. Ол Жәмештің биылғы өткен әпкесі Қадишаның өмірі болатын. Қадиша Жәмештен төрт-ақ жас үлкен еді. Күйеуге тигеніне алты жыл

болған. Басында Кенжехан тоқалдыққа сұрағанда Қадишаның барғысы келмеген. «Тимеймін» деп бірталай уақыт бұлқынған. Бірақ Мәкен бәйбішенің ұғындыруы мен өсиеті бара-бара Қадишаның үркектігін жеңді. Үйде жүрген уақытта Кенжехан келіп кеткен сайын бұралаңдап, айныңқырап қалып жүрсе де, Кенжехан ауылына барып орныққан соң, бір жылдай уақыт өткенде Қадиша танымастық болып біртүрлі өзгеріп кетті.

Ең әуелі Кенжеханды қадірлей күтетін болды. Үйден шықса, аузынан тастамай: мінездерін, сөздерін айтып әңгіме қылып отырып, үйге келсе, көңілінің барлық тілегін айтқызбай орындайтын⁶³. Сол үшін Кенжехан да барлық мал-мүліктің иелігінен шығып, басын да, дүниесін де, алдынан шықпай, Қадишаға билететін сияқты. Қадишаның онысын Жәмешке үлгі қып мақтағанда, Мәкеннің қайта-қайта айтатын бір жайы осы болатын⁶⁴.

Қартаң тартқан бәйбіше, жаратылысындағы момындықтан басқа, күйеуі түгелімен Қадишаға ауып кеткен соң бұлардың дәуреніне бөгет қыла алмайтын болып, сыртта қала берді.

Сансыз көп мал мен үлкен ауыл-ауданның даусыз иесі Қадиша болды. Не түрлі еркелік жасағысы келсе – барлығы да бір өзінің ықтиярында. Маңайындағы көрші ауылдары мен Кенжеханды жағалаған бар елдің үлкен адамдарына ойына келген сөзін айтып, істегісі келген істің бәрін бөгетсіз істететін еркелігі бар сияқты⁶⁵. Еріккен уақытта тәуір ауылдардың қыз-келіншектері мен кәрі-жасын түгел жиып, қыдырып жүріп ойын жасатып, көңілін көтеретін. Сәнді киім, салтанатты жүрісті түгелдеп⁶⁶ нағыз сері, ерке бәйбішенің дәуренін сүретін.

Кенжехан Қадишаны алғаннан кейін үйінен шыға алмайтын болып, шықса – асығып, сағынып келетіндей болып жүрген.

Елдің үлкен кісілері мен⁶⁷ шет қонақтар келгенде, Қадиша Кенжеханға бірауыз сөз айтқызбай күліп, қалжыңдап, еркін жүріп, өзі күтіп шығатын. Және әрқашан Қадишаның күтімі өзге ешбір ауылдан, ешбір елден табылмайтын жайлы күтім болатын. Мәкен Жәмешке бұл жайдың мағынасын түсіндіре келіп: «Басыңдағы үйің алтын сарай болды», – деген осы дейтін⁶⁸.

Жәмеш әжесімен жыл сайын Қадишаның шақыртуы бойынша сонда барып, бір ай, екі ай жатып қайтушы еді. Сол барғанның бәрінде Қадишаның өмірі бұның көзіне бірқалыпты күйінен өзгерген емес⁶⁹. Қыс болсын, жаз болсын – барлық уақытта да

мезгіліне арнаулы жарастығы бар бірқалыпты жылы, жайлы үй – Қадишаның үйі болып елестейді. Мәкен екі қызына бірдей: «Бақ деген осы», – дейді. Әр мезгілдің өзіне арналған қамы бар. Мезгіліне жарасатын не сәнді қоңыр күйі бар. Кенжеханның қыс пен жазда елден босаған уақытта ермек қылатын бәйге ат, жүйрік ит, қыран құсы болса, солардың маңында жүретін күтушілері мен байдың сауықтағы жолдастарының барлығы да Қадиша тіршілігінің маңындағы үнемі айнымай жүретін қошеметшілері сияқты. Мәкен оны Кенжеханның қызығы емес, Қадишаның сауық-салтанаты деп көтереді.

Қадишадай әпкесі сондайлық еркін тіршіліктің иесі болып тұрған шақта әжесі бір мақтаса, ауыл-ауданның үлкені және түгел қадірлейтін Кенжехан сол әпкесінің жолдасы болғандықтан, Жәмеш кәрі жездесін іші-сыртымен түгел құрметтейтін болған.

Кейде ауылға қырық-елу атты жиынның ортасында тамам ел жуандары дегендерді аузына қаратып, қалың топтың қадірлісі болып Кенжехан келе жатқанда, Жәмеш әпкесінің өмірінен ешбір мін таба алмайтын. Сондайлық көп тұрғыластары қадірлеген атқамінердің ең жақсы көрген жолдасы өзінің әпкесі екенін ойлағанда, Жәмештің көңіліне бірер уақыт мақтан пайда болғаны да бар-ды⁷⁰.

Жездесінің бір кезде сұлу болған пішіні бүгінде де жақсы ажарынан айырылып, тозып қалған сияқты емес. Сақал-мұртына кірген бурыл мен екі-үш тісі түскен кетігі болса, ол мін дерлік емес, қайта Кенжехандай кісінің ерекше бір жақсы белгісі сияктанып та көрінді. Жәмеш отырған жерде Мәкен бәйбіше Қадишаға Кенжеханның бітім тұлғасын мақтаудан да тартынбайтын⁷¹.

Әпкесі тірі күнінде не бір күнге, не бір сағатқа қабағын шытып ренжіген, өкінген пішінін Жәмешке көрсеткен емес. Сондықтан әжесімен бірге жездесінікіне барып тұрған уақытта Жәмеш күннің қалай өткенін білмей де қалатын⁷². Қайтар кезде қонақшыл, көпшіл, көңілді ауылды – жылы ұяны қимағандай да болатын.

Міне, осы хал бір емес, талай рет қызық шақтай елестеп өткендіктен, Кенжехан сұрата жібергенде, Жәмеш көп ойланбай-ақ Кенжеханның жары болуға көніп қойған. Кәрі шешенің өмір бойы құлағына құйып келе жатқан үгіті Жәмешті

өкпесінен оқ тиген киіктей бір-ақ топ өткізді. Ағасы Қасымның: «Қадишаның бақытсыздығы да жетер, Жәмеш бармайды, берілмейді», деген сөздерінің барлығы да Жәмештің шынымен намысын келтіріп, ызаландырғандай болды. Өйткені Қасым түсінгендей түсінік, ондай сезім әлі бұның басына келіп көрген нәрсе емес⁷³.

Қасым әдейілеп кісі салып: «Ырза болмасын, адаспасын. Қадишада бақыт жоқ-ты, бәрі жалған, құр сырт бояу болатын. Қадиша өз күйігін маған айтқан-ды. Жәмеш Қадиша өмірінің сыртын ғана көрді, іштегі уын сезген жоқ. Оны Жәмештің әжесі де білмейді. Жауабып ойланып, ақылдасып алып, берсін», – дегенде, Жәмеш сол арада бөгелместен әжесіне ақылдасып алып: «Қасым өз басын білсін, менде жұмысы болмасын, шын туысқан болса, мені айнытам демесін», – деген.

Осы сөз Жәмештің келешек тағдырының нық байлауы болды. Бұдан әрі Кенжеханға бару-бармау әңгімесі қайтадан жаңғырған жоқ.

Ендігі болымсыз бөгет құда түсіп, мал беру, алу-берудің уақытын байлауда ғана қалды.

Бұл хал жазғытұрым бүгінгі күннен екі ай бұрын болған хал еді. Содан бері не сыртқы оқиғаларда, не ішкі көңіл күйінде ешбір өзгеріс болған жоқ. Күйеулердің келгеніне екі күн өтті. Кешегі күн тойы болып, қызық салтанатпен өткен. Жайлаудағы ел қалың топ болып келіп жиылып, қызулы ойын-сауығын істеп, күйеу мен қалыңдыққа қошемет-құрмет көрсетіп тарасқан. Бүгінгі өткен түнде Жәмеш күйеуінің қасында болып шықты. Бұрын жезде болып, не аға, не әкедей үлкендікпен жүрсе, дәл бүгінгі кеште Жәмеш алғашқы рет жар өмірінің шетін, шын пішінін көрді⁷⁴.

Бұл түнде Жәмештің көңілінен қандай хал кешті? Басынан қандай ойлар етті?⁷⁵ Оның бәрі мәлімсіз. Қалыңдық сырын ешкімге айтқан жоқ. Бар жақыны дерлік замандас, сырлас Қасымның келіншегі Бибіш болса, соған да көңіліндегі жайынан бір ауыз сөз айтып, сыр берген жоқ.

Күйеудің үйінен ел тұрар кезде ғана шығып, Жәмеш әжесінің төсегіне келіп жатып қалған. Бірақ ұйқы көрген жоқ. Үндемей күрсінеді, іші у жұтып жібергендей пәре-пәре. Әлдекімнің қолы қастықпен ішкізген зәр сияқты. Бір мезгілде тұрып, қасына

Бибишті алып, бел асып кетті. Еш сөз айтпастан өксіп-өксіп жылап алды. Сөйтті де шұғылынан: «Қабышты көргім келеді», – деді.

Бұл сөздің турасында Бибиш сыр тартпақ болып, мәнін сұрағанда, Жәмеш ешбір жауап қатқан жоқ. Бұрыннан жеңгесіне әмір жүргізіп дағдыланған әдетпен:

– Бұл жайын қудалап сұрамай-ақ қой. Бүгін саған ештеңе де айтпаймын. Қабыштың талай жылдық зарлаған қарызы бар еді. Бір көрсем, ештеңе етпес деп тұрмын, тек соған хабар айт!.. – деген⁷⁶.

Сол сөздің бәрін өзінше жорыған Бибиш: «Қыз бен жігіттің арасына осы да жетерлік белгі ғой», – деп ішінен ойлады да, Қабышқа хабар беруге уәде қылды.

Сонымен күн өтіп, түн де болды. Бүгін кешке Кенжеханды: «Ылғи күйеу дағдысымен отырғызғанымыз лайық емес», – деп, маңайындағы малды ауылдың бірі⁷⁷ барлық жолдасымен қонаққа шақырып кетіп еді. Түн болғаннан бері Қасымның оңаша отауын өздерінің жатуына ыңғайлап алған қыз бен келіншек Қабыштар ауыл сыртына келген сағатта сол отаудың ішінде ұйықтамай әңгімелесіп ояу жатқан. Ауыл ұйықтап, келер кезі болды-ау дегенде, үйдің сыртындағы тоғайға қарап ит үргені екі жас әйелге белгі болды⁷⁸. Бибиш Жәмештің білегін қысып:

– Келді. Солар... Жалғыз-ақ олақ келді-ақ бейшаралар! Асығып-сасып, ұшып келемін деп итке білініп қалды ма екен? Мұнша у-шу қылып келгені несі? – деді.

Жәмеш таңертеңнен бері өз ойында не күйлер болып жатса да, Бибиштің мына сияқты мінездеріне ырза емес. Ол ылғи Жәмешті Қабышқа тели сөйлеген сияқтанады. Өзі Қабыштың тілеулесі болып, бұны соған апарып табыс қылғысы келеді. Жаңағы сөз де сондайдың белгісі сияқтанды. Жәмеш көңілі ұйқы-тұйқы. Бірақ сонда дәл мынадай мінезге үрке қарайды. Сондықтан Жәмеш бойын салқын ұстап:⁷⁹

– Солар үшін жаныңды салғандай болып, елжірей бергеніңді қойшы осы! Алғашқы жүрген жүрісі осы деймісің? – деді.

Бұл сөз Қабышқа арналған қарсылық сияқты емес, көбінесе Бибиштің бергі мінезінен туған сәл қырбай қабақ тәрізді. Сондықтан талай жылдан бері құмар болып жүрген жігітті іздеп тоғайға барудан Жәмеш әлі айныған жоқ.

Ауылдың дырдуы басылып, иттер тыныштық алған соң, Жәмештің өзі түртіп⁸⁰:

– Кәне, талай жылдан бері осы болса екен деп тілеп жүрген жұмысың ғой, енді баста, – деп, қара шапанын басына көтеріп бүркеніп алып, жеңгесінің артына түсті.

Қараңғы үйдің ішінде ақырын жүріп келе жатқан сұлудың шолпысы сылдырады. Шолпының сылдырымен бірге жүрегі де лүпілдеп келеді. Күндізгі дерт сейіліп бара жатқан сияқты.

Екеуі де ақ отаудың есігін жамылыңқырап тысқа шыққанда, Жәмештің жүзі дағдылы күйінен өзгеріп жүдеп, сұрланып тұр еді⁸¹. Ол күрсінді де, Бибіштің білегін қысып: «Тез жүр, тез!» – деді...

Мұхтар

ЖУАНДЫҚ

I

Ақөзектің егіні биылғы жылы бұл атыраптың алды боп тұр. Бір болыс Қараадыр: «Ақөзек озды», – десіп аңыз қылысты.

Әр рудан жиылған жиырма-отыз үйлі кедей-кепшік осы өзекке екі-үш жылдан бері егін салуды машық қылған. Жаз ортасы ауғаннан бері солар егін жайын байқап, іштен қуанып, үмітті болатын.

Ел іші әңгімесіз отырмайды. Кейде ананы, кейде мынаны аңыз қылады. Мезгіл-мезгіл тыңнан хабарлар шығарып, ұзынкұлақ арқылы көпке жайып, таратып отырады. Көп ел егіншілікке айналып, адал еңбекке салынған соң, кей-кейдегі әңгімесі егін болатын. Қазірде жаз ортасы ауғаннан бері ел аузындағы әңгіме – сол биылғы егін жайы. Сонда ананы-мынаны мақтасып келгенде, ең аяғы Ақөзекке тоқтаушы еді. «Төрт түлігі сай. Төмен егін жоқ, қызыл бидайдың өзі көк найзадай», кейбір көтеріп айтқан айтушының сөзіне қарағанда, «ақ бидай, қара бас бидай аттың бойын жасырады, құдай Ақөзекке беріпті» десіп келіп, онда егін салған кім-кім еді, шаруасы қандай еді, қыстауы қайда болушы еді? Қой, түйе, сиыр сияқты төрт түліктің саны қанша? Ауылдарында қанша қатын, қанша қыз бар? Неше жігіттің әйелі бұзылды? Қандайлық жігіт қатын бұзып алды? Жақында кіммен дау-шар, ұрыс-төбелес болды? Осының бәр-бәрінің егжей-тегжейіне дейін қағып сұрасатын. Кей ауылда қымыз бен ет сағалауды кәсіп қылған, қолы бос кәрілерге хабар әкелген қыдырмашы қызмет әнкетінен сонағұрлым көп сұрақтарға кездесетін.

Ақөзек осылайша көп елдің аңызы болды. Жерінен пәлен бау баулап, пәлен пұт алатынына шейін қымыз басындағы әңгімешілер кесіп, пішіп өлшеп жатты. Сонда алыстағы ел

жалпақ Ақөзек деген атты білсе, жақындағы көрші елдер өте-мөте кімнің егіні жақсы екенін де білген. Олардың айтуынша, «биыл бір болыс Қараадырдың алды Жақсылық» болатын.

Жақсылық он бес-жиырма ірі қарасы бар, қырық-отыз тұяғы бар еңбекшіл, қарекет иесі адам. Үй ішіндегі топты жанды қыстай-жаздай тыным таппай еңбек қып, жанын жалдап асырап жүретін. Қолындағы азғана малды соңғы үш-төрт жылдың ішінде егінге айналған соң құрап алған. Әуелгі жылда екі жер егін салып, содан ішермендік, тұқымдық алған соң, жер емшегін емуден дәндей берді.

«Баяғыдан бері арамтер болып жүріппіз, мал жерде көмулі жатыпты. Еңбек қылсаң – бермесі жоқ екен. Енді барымызды егінге салып күнелтсек деген ниетіміз бар», – дейтін.

«Егінің тәуір шығыпты», – деген кісілерге:

«Не берсе еңбекке өлшеп береді. Жыртуы жақсы, маласы тегіс, майда болса, құр тастамайды», – деп жауап беретін.

Егін тегіс басқа отырды. Осы кезде бір жауын жауса деп жүруші еді, тілеген жауыны да жауды. Екі күн, үш күнде барып бір аралайды. Ақ бидай әлі де бойлап келе жатыр. Қызыл бидайдың бірен-сарандап сары құлақтанған уақыты да жетті. Әзір ұшықтан, торғай-тышқаннан – пәле-қазаның барлығынан да аман. Ертеңді-кеш егінің аمانдығын тілеп Жақсылық жүр.

Аз заманда егінге орақ салатын уақыт та жетіп қалды. Жақсылықтың ендігі қаупі өзге пәле емес, шынға келгенде, ішінара қорқатыны – адамның қастығы.

Ақөзекке егін салған азғана елдің ортасындағы бас көтерген тәуірі – Жақсылық. Сол Жақсылық бұрын нашар, кедей күнінде маңындағы малды жуан ауылдарға жалтанғез болатын. Ол кезде өзінің бетімен жүріп, ойына сыйғанын істеп, ықтиярлы еркін адам болып көрген емес. Жаз болса, көші-қон, егін, пішен қарекет, кәсіп; қыс болса – қыстайтын орын, соятын соғым, жүретін қала-дала – барлығына да байдың әмірі көлденең келіп килігіп, тағдыр бұйрығындай өз айтқанын істетіп отыратын. Көгін шабамын деген қонысқа бай ауыл қонып қойса, пішенсіз қалатын. Бір жаққа барып, еңбек қылып, мал табамын десе, бай өз шаруасының бір керегіне жаратам деп босатпай қоятын. Өзінде жер жоқ; ертеден іргелі, аталы жуан байдың қоңсысы болған соң, қыстыгүнгі қыстайтын орнын да бай білетін. Кейде өз қасына алып, кейде Жақсылықтың өзі сияқты бір келімсе-

гінің жанына, көп қыстаушының біріне уақытша қыстатып қоятын.

Қашан болса да бай-бәйбіше, келін-кепшік, бала-шағадан Жақсылық қаққы, соққы көретін. Боқтық-қиянат еститін. Бірақ бұндайдың көбі Әбіштің қоғамында жүрген кедей-кепшіктің барлығының да үйренген нәрсесі. Сыбағалы сыйы болатын.

Ер орта жасқа келгенше Жақсылық бар өмірін осымен өткізіп келіп, осы соңғы төрт-бес жылдың ішінде ғана Ақөзекті мекен қылып, бір жерге ірге теуіп орнығып отыратын болған. Ол кезде Қараадыр егін дегенді білмейтін. Ақөзектің қандай қасиеті бар екенін Әбіш те, ағайын да білген жоқ. Қыстаулыққа жақсы емес. Қыстығүні қары қалың болатын, панасы жоқ жер. Оның үстіне, суы тапшы, әрі ащы болатын. Әбішке мұндай жер дәрі емес. Күздігүні бес-он күн отырып көшіп кететін, күзектегі көңілсіз бір қоныс. Жақсылық бір жерге орнығып, ірге көмсем деп айта берген соң, бір күні Әбіш шүленсіп, мырзасып отырып: «Ақөзекке өзгелермен сен де егін сал», – деген. Бұл өзек түгелімен Әбішке тиісті емес болатын. Өзге кедейлер осы сияқты әрбір байдан рұқсат алып келіп отырған. Сол ретте Жақсылық та Әбішке тиісті жерінен келіп қора салып алған.

Сонымен арада төртті-бесті жыл өткенде Жақсылық бұрынғы Жақсылық емес, ешкімге жалынбайтын, ел қатарлы кісі болды. Шаруасы жыл санап артып, өз қолы өз аузына жеткен соң, маңындағы көршілерінің кем-кетігіне қарайласып, солардың кепшілігін өзіне дос қылып алды.

Басында Жақсылыққа жер берсе де, артынан өз бетімен күн көретін болып, Әбішке бұрынғыдай жалынышты болмаған соң, бай барлық маңайымен, ағайын-туысқанымен Жақсылықты түртпектей бастады. Орайы келіп, қоңы тәуір аты болса, сұрап, түсі тәуір сайманы болса, алғысы келе берді.

Бұл орайда советтің кедейге есе беріп, теңшілік әперуге айналғанын өзге елмен бірге Жақсылық та сезе бастаған. Сыртына шығарып ешкімге айтпаса да, ішінен: «Сенің табаныңда езілуім жеткен жоқ па? Ендігі жуандығыңа құдай ақта», – дейтін ойлар ойлай бастады.

Жақсылықтың қыбыр еткен қабағын аңдып жүрген Әбіш бұл жайды ішінен түсіне жүрді. Сонымен іштей күрең қабақтау болып жүргенде, биыл бір старшын Қоңырдың арасында шолақ партия болып, Жақсылық Ақөзектің өзге елімен бірге Әбіштің

қарсысына шығып қалды. Бұл оқиға елдің жайлауға шығар кезінде болған. Жайлауда отырғанда сайлау болды. Әбіш жағы жеңіп шықты.

Жақсылық жаздан бері Әбіштің бетін көрген жоқ. Енді күзекке байдың аулы маңындағы екі-үш көрші аулымен келе жатыр.

Жақсылық іштей қауіп қылғанда, осы жайлардың барлығын ойлап келіп: жуан ауыл бұрынғы өктемдігін істеп келіп, бір қастығын тигізіп кетер ме деп қорқатын.

II

Байдың ауылдары жылдағы дағдылары бойынша Ақезектің желкесіндегі Дөңқияққа келіп қонып алды. Келген ауылдар – Әбіштікі, онан соң інісі Құрман аулы, тағы бір-екі көрші кедей ауыл.

Бұл қонысқа жылда қонбаса да, анда-санда Жақсылықтың бір қылығы ұнамай қалғанда, Әбіштің өз аулы келіп қонып кетеді. Бірақ «көршілік хақын», «пәлен-түген» дегенді айтқан болып, Жақсылықты «құдайын ұмытпасын» дегендей жалтаңғоз қылып жасытып алып, егін, пішеніне малын түсіртпей көшіп кететін. Биыл не қылары мәлімсіз. «Не істесе де – істейтіні биыл», – деп күтті Жақсылық.

Дөңқияқта ауыл отырғанда, Ақезектегі ең жақын қыстау Жақсылықтікі болады. Егіні өзектің күн шығыс жағындағы жотада. Ауылдан егін мойны қашандау, бірақ аяқты малды аңдып отырмаса, түсіп кетуі де мүмкін. Әбіш қырына алса, осы жақпен келеді ғой деп қауіп етеді Жақсылық.

Ауыл көшіп-қонғанына екі күн болды. Егін пісетін уақыт тақап қалған соң, қолғанаты аз Жақсылық асығыс қимылдап, пішенін шауып алайын деп тырбанып жатыр. Сонымен қолы босамай, бай аулына барып амандаса алмай жүрді. Бірақ сөйтсе де, жайы өзіне мәлім болған соң, үшінші күн бармақшы болып атқа мінді.

Егін жолдан бұрыс болса да көре кету керек. Ел келгенде, ертеңді-кеш көздеп, тықтап тұрмаса – болмайды. Баяғыдан жер қорып, күндіз-түні ұйқы көрмей жүрсе ғана егін, пішен алатын. Сол дағды бойынша аулынан егінге қарай беттеп келе жатып, бір жотаға шықты.

Шыға бере Жақсылықтың есі шығып кетті. Іштей қауіп қылғанда, қастық қылса – түнде жібереді ғой деуші еді. Бірақ мынадай сұмдықты бір күн ойлап есіне алмаған.

Тапа-тал түсте жүз қаралы жылқы шеттегі бір аңызак бидайына емін-еркін кіріп алып, бырт-бырт үзіп, талқандап жүр. Жылқы пыр-пыр пысқырып, басын алмай жұлып жатыр. Адал еңбек, маңдай тері, қызыл қарын жас баланың көз сүзіп отырған егіні күл-талқан болып жоғалып барады. Жаздайғы үміт пен тілектің өшкені, өшіргені осы!

Ауыздан ащы зар мен қарғыс араласып айғай шықты. Көзден бұла болып жас ытқыды. «Қорлық-ай, қорлық-ай! Әй, өлейін, өлмесем, сенен келген керді көрейін!» – деп айғайды салып жылқыға келіп араласып, дүркірете Әбіш аулына қарай қуып жөнелді. Жағында тыным жоқ, айғай салады, қарғайды. Оңаша жуан ауылды жетпіс жеті атасынан бері қарай құлдिलाп боқтайды да, көзінен ыршып-ыршып жасы кетіп жылайды да.

Бірталай жерге шейін жылқыны жосылтып қуып тастап, ақырында есін жиды да, ішінен іріктеп жүріп, екі семіз атты ұстап алып, үйіне келді. Бұл барымтасы емес, егін жегеніне бай аулы бет бақтырмай дау айтуына болады. Соған көрсету үшін ұстап алған айғағы.

Дүркіреп үріккен жылқы аулына барды. Бұл Құрманның жылқысы екен. Алдынан кесірлі жылқышы шығып, егінге түскенін білсе де, түгі кетпей сүйсінгендей болып, малын түгендеді. Түгендесе, Құрманның аңға мінемін деп қоя берген іріңдей екі семіз аты жоқ. Жотаға шығып қарағанда, өзекті құлдап, аулына екі атты жетектеп шауып бара жатқан біреуді көрді. Дәу де болса Жақсылық шығарсың деп, ауылға қайта келіп, байына көрген-білгенін айтты. «Жылқыны қара сорпа қылып қуалап, құла ат пен қозыгерді барымталап алып кетіпті. Егінге түскен-түспегенін құдай білсін!» – деп келді.

Мұны естіген соң-ақ Құрман егін сыртына теуіп, зәрін шашып, Жақсылықты жер-көкке сыйғызбайтын болып, әке-бабасынан бері қарай боқтай бастады. Шауып алмақ, байлап алмақ, қырмақ, жоймақ болды...

Бұл хабарды Әбіш те естіді. Жақсылық келер деп тісін басып, сабыры кетіп отыр. Екі атты аулына апарып тастай сала,

Жақсылық та жылқы Құрмандікі екенін біліп, бұл ауылға тура келді. Өлі де нақақтығын ойлап, ызамен күйіп жүрген. «Мұны көргенше, өлгенім артық, не аянар жан қалды?» – деп, өртеніп, түтігіп келді.

Есіктен кіріп келгенде, Әбіш пен Құрман бір жерде отыр екен. Болымсыз күбір етіп сәлем берді. Екі бай қатар сұрланып, оқты көздерімен атты. Бір болыс елді партияда жеңіп, бүктеп алған Әбішке шүйкедей Жақсылық бұйым ба? Жерге қағып жібермесе – несі кісі?!

Жақсылық келіп төрге шығуы-ақ мұң екен. Құрман амандықтың орнына әке-бабадан жіберіп келіп:

– Есігімде жүрген есесіз құл, құдайыңды ұмытқан екенсің! Бес қара бітті деп теріңе сыймай жүр екенсің ғой сен! Қаңғыртып, қоңыз тергізіп жіберейін. Жылқымды қан сорпа қылып қуып, атымды барымта қылып ұстайтын сен қандай әулиесің?! – дегенде, Жақсылық өзінің кінәсіздігін ойлап, бұрынғысынан да ашынып:

– Жазығым болса, қоңыз тергізерсіз. Жазықсыз болсам, зәрің шашқанмен, түк қылмайсың! Құлдануың жеткен! Мен қусам, ақы-адал малымды қуып келіп... – дей бергенде, Құрман жанында жатқан қамшыны жұлып алып, атып тұрып Жақсылықты отырған жерінен тұрғызбай батырлатып жөнелді. Басқа тиген қамшымен бірге, дүреден сонауғрлым ауыр сөздер боқтықпен араласып, Жақсылықтың ар-намысын да тілгілеп жатыр.

Басында кішкене тырбанып қарсылық көрсетіп, бас қорғайын деп орнынан тұра беріп еді, отырған екі-үш қонақ Жақсылықтың екі қолынан ұстай алды. Содан соң Құрман қолындағы қамшыны басы үзілгенше Жақсылықтың бауыр сыртынан бірдей дүре соғып, ойына келген жауыздығын істеді. Ашулы інісі Жақсылықтың керекті сыбағасын беріп болған кезде ғана Әбіш: «Қой енді, қой. Тоқтат!» – деген болды.

Өзі де ызалы, өзі де соны істемекші болған Әбіш бұған бұрын «қой» демекші емес-ті. Өйткені астыртын жылқыны егініне түсіріп отырған, ұрғызып отырған, бәр-бәрін істеп, отты Құрманның қолымен көсеп отырған – Әбіш байдың өзі.

Әбіштің ел мінезінде көптен жақтаған тәсілінің бірі осы. Тартыста әркімге әртүрлі мінез істеу керек. Біреуді әліне қарай сөзбен, малмен, бейілмен алдасаң, біреуді ызғармен, қорқыту,

зілмен алу керек. Тағы бір алуан Жақсылық сияқты қорғаны жоқ кедей-кепшік болса, оларды осылай дүре, жазамен ықтырып, бауырыңа тығып алу шарт. Мынау – сол ел ішінде талайдан бері, талай жерде сыналған айла. Жақсылыққа жаздан бері екі байдың арнап жүрген емі осы. Қазірде сонысын ғана істеді.

Сыбағалы таяғын жеп алған Жақсылық енді мұнда отырап орны қалмады. «Не көрсе де, бұл ауылдан сырт жерден күтпесе, мұнда рақым жоқ. Шағатын Әбіш көзбе-көз бұны істеткен соң, не үміт қылсын!»

Жылай, зарлай үйден шығып, атына мініп, басы ауған жаққа жүріп кетті.

Есінен адасып, не қыларын білмей, қайда баратынына ақылы жетпей, үйіне келсе, Құрманның жылқышылары ауылда қатынын сабап, екі атты алып кетіпті. Үйде бала-шағасы мен қатыны зарлап отыр.

Әйелі алдынан шығып, көгеріп жылап, Құрманды қарғап-сілеп жүргенде: «Ұлыққа шақ, ұлыққа бар!», «Өл, өлмесең, өшіңді ал!» – деген сөзді айтып, жылап жүр. Жақсылықтың ақылы осы сезді естіген соң ғана орнына түсті. Дертіне жаңа ғана ем тапқандай.

Қатын-баланың не көргенін сұрап, уату керек болса да, оның бірін де ескерместен, бет-аузының қанын да жумастан, үйінің сыртында арқандаулы тұрған торы атын әкеп ерттеп алды.

Ақөзектен қырық шақырым жерде, Ақтаста начальник бар деп еститін. Бар қорлығын соған айтпақ болып шауып жөнелді. Жақсылық үйден шыққанда, түс бола бастаған. Екіндіде начальникке келіп жетті. Милиция начальнигі жас жігіт екен. Пішіні қара – қазақ жігіті. Көзі үлкендеу, сөзі сыпайы, түсі жылы. Есіктен кірген жерден Жақсылық жылап, зарланып бетінің қанын көрсетіп, барлық көріп келген қорлық-зорлығын айтты.

Өне бойындағы жараны көрсетті. Ата-бабасынан бері қарай көріп келе жатқан іске шейін бәрі де ақтарылды. Ақырында тағы да жылады.

– Шағарым жоқ, барар жерім жоқ. Жалғыз сіздің панаңыз болмаса, қорғалар, тығыларым жоқ. Мені енді Ақөзекте де отырғызбайды. Елдің бар жуанының сөзі бір. Менің намысымды, менің жоғымды жоқтайтын бір мұсылман табылар деп білмеймін. Есімді әпер, қолымды теңдікке жеткіз, совет! – деді.

Тағы да осы сияқты көп сөздер айтты. Барлығы да жуандығы қалмаған елдің ішінде кедей көпшіліктің айтатын шын зары. Жуанмен ұстасқан кедей тентек болатыны, оның сөзі тыңдалмайтыны, есесі тимейтіні, ылғи ғана алдауға түсіп, көптің талқысынан шыға алмай, жуанға жем болатыны, сол көргенін ұлыққа да жеткізе алмайтыны – барлығы да айтылды.

Начальник басында арызшыға шала сенетін дағдысы бойынша, бұған да сене алмай төрт бес сұрақ берді. Бірақ басындағы ажары сенімсіздеу Қараса да, Жақсылық көрген-білгенін күдіксіз қылып орнықты етіп, әлденеше айтқан соң, шын сенді.

Орнынан атып тұрып, үш милицияны шақырып алып:

– Әбіш пен Құрманды қазір барып ұстап әкеліңдер! – деп бұйрық айтты.

Жақсылық төбесі көкке тигендей қуанды.

Аздан соң үш милиция қылыштарын сартылдатып, мылтықтары асынып алып, сатырлатып желіп жөнелді.

Жақсылық арттарынан қарап тұрып – үш жігітті өз кегін қуып бара жатқан ең жақын досы деп білді. Айдынды, алапатты пішіндеріне сырттан сүйсініп, соларды туғызған ата-аналарынан айналды.

Ертеңінде екі байды алып келген соң, начальник жерге кіргізгендей қылып ұрсып-ұрсып, Жақсылықтың айызын қандырып келіп жауып қойды. Оларды жатқызып тастап, Жақсылық үйіне қайтты.

Талайдан ыза көрген сорлы бүгін Әбіш пен Құрманға не қылса да аямайтын сияқты еді. Алған кегіне ырза болған көңлінен анда-санда қуанышты жалын шығады.

– Енді сол екеуінен не көрсем де арманым жоқ! Әйтеуір кегімді бір алдым, Ырзамын–ырзамын... Советім! Баяғыдан білсемші! – деп, Жолшыбай келе жатып жүз қайырып айтты.

III

Бүгін Әбіш аулында жиын бар. Жиын Қараадырдың барлық атқамінер пысығы, нелер ызғарлы жуан, нелер сұрқия партияқор, нелер пәле іздегіш қулар сақалдарын сипап, әркім-әркімді қолға алып мысқылдап, кейбірі жымия күлісіп, кейбірі сұрланып томсарып, ақ үйлердің сыртында әр жерде топ-топ

болып, күңкіл-күңкіл сөздер сөйлеседі. Бір болыс елдің жуан аталы мықтылары өздерінің ежелден келе жатқан әмірін сақтап қалмақшы. Бұрынғы уақытта, ешбір заманда көрмеген құқайы, естімеген пәлесі келді. Бір болыс елдің, бір беттің бұрынғы күннен бастығы болып келе жатқан жуан белі Әбіш болатын. Бүгін сол Жақсылықтай құнсыз-бұлсыз келімсектен көрмегенді көріп отыр. «Иттің ұлы-итақай» тең түсіп, қарсы сөйлеп, аз күн болса да жатқызып, жаза тартқызып отыр.

Бүгінгі күн асауларға нокта киіліп, тоңмойынның сынған күні сияқты. Іштегі барлық қарсылық неше түрлі еппен, айламен жол тауып, өз дегенін істеу керек. Көптің миын қатырып отырған – сол сергелдең.

Бір жолда ұлыққа шағып, тең түстім деп отырған Жақсылықты әлде болса қорқытып, ықтырып, ендігері мұндай істі істемейтін қылып алу керек. Құдайын ұмытпайтын, байына қарсы келмейтін болуға керек. «Ұлыққа қазақ баяғыдан да шағысатын, ұлықтың жеңгені түбінде жеңген емес, онымен әбүйір алмайды.

Әлде болса неғылса да осы қарсылықты істеген Жақсылықтарды осы істі машық қылмайтын етіп бұқтырып, шошытып жіберу керек! Ниет осы.

Әбіш пен Құрман екеуі Жақсылық жаптырып қайтқаннан кейін он күннен артық начальниктің қолында тұрған. Жақсылықтың жанжалынан соң екеуі жабылды дегенде, елдің барлық жуандары атқа мініп, Әбішті қуысатын болған. Әлде болса алыстан «жуан» деп дабырайтқан сөздер көп болса да, бұл күнге шейін бұл елдің ішінде ешбір жуанға жүген-құрық тиген жоқ. Сондықтан бұрыннан көп сөйлесіп, көп жүріп, көпті көріп кіріп-шығатын тесіктің жөнін көп байқағандықтан, елдің пысықтары Әбіш пен Құрманды іздеудің жолдарын тауып алды. Ел ішінде қызмет қылып тұрған қайсыбір «оқығандардан» начальникке хат алды. Қаладағы таныстарына шауып, солар арқылы қағаздар түсіртті. Өздері барып кепілге сұрады. Не қылса да «жатып қалды» деген атты шығармаймыз деп, көптің намысы келетін істей көріп, жұмыла қуысты.

Бұл істің турасында Қараадырдың атқамінерлерінің ынтымағы бір. Себебі, биылғы сайлауда Әбіш жағы жеңіп шыққаннан

кейін, екі жақ: «Енді партияны қояйық, берекелесейік, заман бізге жаман болып барады, тоқтасайық!..» деп табысқан. Сайлау үстінде сайлаушыдан да бұл адамдар бірталай қатты сөздер естіп, қаққы көрген. Көпшілігін жуан деп, қара тізімге тіркеп, сайлау басына жуытпаған. Бұған шейін баяғы бір желікпен еш нәрсенің нарқын байқамай, қызыл кеңірдек болып жүрсе де, нақ биылғы сайлауда арамтер болғанмен, игілігін өздері көрмейтініне көздері жеткен-ді. Содан кейін сыртқа: «Енді не болса да тыныш отырып, тыныш жүріп байқайық. Үндемей момын болып отырсақ, кім басымызға ойнайды?» деген дақпырттарын өзара табысқан-ды. Енді бірін-бірі қорғауға жұмылғанда, «ел берекесі» деген боп бірінің басына төнген қауіпті қалғандары бірігіп жеңілдету қарыз саналған. Оның ішінде, Әбіш сияқты топ басы жуанын мықты қылып ұстау мақұл. Ол сыртқа айдын үшін керек. Мұны ойласа, Әбіштерді әсіресе барлық ынта-пейілмен іздеу міндет.

Осындай көп себептер қамшы болып, көп ел соңына түсіп іздеген соң, байларды босатып алған. Бірақ босатарда начальник Құрманның қолынан «Жақсылықтың шығынын төлеймін» дегізіп қолхат алып қалды. Ол Жақсылықтың тілегі бойынша істелген іс.

Сонымен бүгінгі күнде мына жиылысты шақырып отырған Әбіш пен Құрман елге келген соң, қолхат бойынша Жақсылықтың пұлын бермек керек еді. Құрман оны берген жоқ, сұрайын деген Жақсылыққа тағы да бұрынғыша зәрін шашып, маңына дарытпаған. Бұл төлеу былай тұрсын, енді Жақсылықты біразырақ көп жуанның талқысына салып, тәубесін есіне түсіру керек. Әбіш пен Құрман өз жақындарымен бұл жайдан ақылдасқанда: «Жақсылықты қайта ұлыққа бармайтын қылу керек», – дескен.

Сол ретпен Жақсылықтың ісін биылғы партияда Жақсылықты өздеріне тартып алған Алатай аулынан көрген. «Солар қолтығына дым бүріккен соң барды, әйгесе Жақсылыққа бұл қайрат қайдан келді?» – дескен.

Бір болыс елдің атқа мінерін жиюдағы мақсұт: бүгін «ел жақсыларының» берекесі шын болса, Әбіш пен Құрманның басын жоқтауларын тілемек. Бұлардың аулына милиция әкеліп

ат ойнатып, байлатып отырған жауы – Жақсылық болса, соны сүйеп отырған – Алатай аулы. Содан арылып беруін сұрамақ. «Алатай аулы ұстап жүрген Жақсылық бізді жаралап отыр. Енді мынаған иелігі бар ма, жоқ па? «Иемін», – десе мынаның істеген ісі үшін, ағайын ауқымынан шығып, шеңбер бұзғаны үшін жауап берсін! «Жоқ, ие емеспін», – десе – Жақсылықтан былай шықсын, ие еместігін айтсын! Бұдан соң өз білгенімізді өзіміз істейміз», – деседі. Бүгінгі жиынның ортасындағы сөздің бір ұшығы – сол.

Жиын ішіндегі тілді-ауызды шешендер Алатай аулының адамдарымен сөйлесіп, арылып шықты. Олардың жауабы: «Біз Жақсылықтың бұл жұмысын білмейміз. Ақылдасып істеген іс емес. Өз бетімен істеген тентектігі. Мынау елдің береке-бірлігінің үстінде сау басымызға сақина тілейік деген ниетіміз жоқ. Әбіш бізден көргенді қойсын! Араздық үсті болса бір басқа, сонда да біз ұлыққа шағып, дуанға шауып көргеміз жоқ. Өзі біледі!» – дескен.

Сонымен бұл арадағы қауымның түйінді сөзі бітіп қалды. Жуандардың бұрынғы бірлігі – бірлік, берекесі – береке болды. Сол ынтымаққа арнап сойған ақсарбас түгі қалмай желінді.

Бұл жолғы іс бір жерден шыққан соң, енді тамам елдің атқамінері бірігіп, Әбіш пен Құрманның құнын жоқтамақ болды. Сөз сөйлене келе: «Жақсылықтың қылығы кісі өліміндей қылмысты жұмыс» болуға айналды. Ел ұйытқысын бұзып, ұлыққа шапқаны үшін не жаза істесе де рауа», – десті. Бұл Әбіштің басын жоймақ болған іс деп те танылды.

Сонымен барлық жиын көп сөздің артынан байлауын қылып, баталасып алды. Батаның серті – Жақсылықты ел болып жауламақ. Мына шырық бұзған қылығы үшін кезі келгенде кегін алмақ болысты.

Бұл ызғар, бұл доң-айбат ежелден дегеніне жететін – «көп қорқытады, терең батырады». Заңмен табан тіресіп қарсы тұрып, бүгінде қолмен іс қылмаса да, Жақсылықтың емі осы десіп еді.

Шынында Жақсылыққа осының өзі де жеткілікті болды.

Күнде милицияға шауып, арқасын ертеңді-кеш соған тіреп отырса – бір жөн.

Сондықтан батаның артынан көптің байлауын айтып тілдескелі келген қу-пысықтар айтқанын істетті.

Желінген егіннің шығынын алмақ болып отырған Жақсылық енді бұрынғы егіндігінің бәрінен айырылды. «Бермесе қайта кел», – деген начальникке енді бара алмады. Шығын алу былай тұрсын, егінін жиып алған соң Ақөзектегі қорасын тастап, Әбіштің жерінен көшетін болды.

«Ұрысы жуан болса – иесі өледінің» аяғын құшып, егінін жиып алған соң, боқыраудың басында қызыл қарын жас баласын шұбыртып, Жақсылық Ақөзекті ықтиярсыз тастап көшіп кетті.

Ауқармапар



ЧУСОВОЙДАҒЫ БУРЛАКТАР

(Мамин-Сибиряктан)

Чусовой бір тамаша орын¹. Оның сұлулығы – өшпейтін, сөнбейтін, жылдың әр уақытына қарай құбылып, өзгеріп отыратын сұлулық.

Жазғытұрым Чусовой екі жақтан ентелеп тұрған биік қия жартастарға соғылып, секіріп ойнап, өкіріп-бақырып жататын асау, долы тағы сияқты. Күздігүні ол қайғылы сұр пішінге еніп, таудан жайылымға тасты далаңмен бірқалыпты жайлап ағып, құбылып жататын, қой аузынан шөп алмас салқын, сабырлы, мұңлы жуас өзен. Қыстыгүні мұз көрпесін оранып, қанды ұйқыда қатып жатқан айдын жарық сұлудай.

Жаз келді. Чусовой шың таулардың тарау-тарау қия жандарымен жас келіншектей бұралып, қаппарлы үшкір тұмсық мүйістерімен жыланша иіріліп, жүз құбылып ағады. Тек кейбір тасты құламаларға келгенде ғана көбігін сайға шашып, қатты гүрілдеп сотқарланады.

Айнала жым-жырт. Оралдың әуе айналған ыстық күні жеркөкті рақымсыз өртеп тұр. Анда-санда қатты ұйқыда жатқан ауылдар ғана көзге түседі. Кең шалғыннан жоны ғана қылтылдап, еркімен жайылып жүрген бірнеше күзетсіз аттар байқалады.

Бәрінен де біздің қайығымыз ойдан төмен жұлдыздай ағып өте шығады. Жайылып жатқан көк жасыл дала өзінің тыныштық рақатымен бойыңды билеп, басыңды айналдырып мас етеді. Түсте көрген таң-тамаша, қызықты бір патшалықтың ішін аралап ағып келе жатқан сықылды сезесің.

Мінеки, мына жерден бекерге емес, Чусовойдың атын шығарып, даңқын зорайтқан тамаша биік құздары басталады. Кейбірінің биіктігі алпыс саржан шамасы болып² ұзындығы өзен бойымен жүргенде әлденеше шақырымға созылып жатыр.

Қалың тау, жақпар тастарды қақ жарып, астын тесіп, қабырғасын бұзып Чусовойдың тентек суы өзіне еркін жол салып алған. Бұл жерде ол қия тастардың қысып, тынысын тарылтқанына, еркімен құлауға ерік бермеуіне қатты назаланғандай долданып, кеудесінен шыққан саңырау үнмен күңіреніп, күрсініп ағады. Ойнақшып келіп соғылған сулар күміс тырнағымен қия тастардың жалтыр бетін тырнап, шешек шыққан кісінің бетіндей бұжырлаған. Алып таудың зор кеудесін ақ көбікті толқынымен минут сайын, сағат сайын неше күн, неше жыл тынбай жалап, қайтсе әлсіретіп, жайын таппақ.

Сол жерде біздің қайығымыз бір зор қаланың астымен ағып келе жатқан сықылды. Терең үңгірдің астынан гүрілдеп аққан ағынды судың үні саңыраулаанып жөнді естілмейді. Толқынды судың беті таудың көлеңкесімен қап-қарайып көрінеді. Жылтыраған болымсыз күннің сәулесі терезеден білінген жарықтай көмескіленіп, биік таудың төбесінен ғана түседі. Тұс-тұстан ентелеп тұрған жалаңаш жартастар дыбыссыз күңіреніп, тырс еткен тықырды өзеннің ұзын бойына жаңғырықтырып тұр.

Бір уақыт қарт бурлак³ Ильия басын қайырып, шалқайып, маған:

– Міне, басына қарасаң тақия түседі дейтін биік жартасың осы, – деді.

Қарасам, шын бас айналып, тақия түсерлік биік екен. Басына көз әзер жетеді. Ең үлкен ұшар басында, көз ұшында, қараңғыда түбі босап қисайған ағаш кереш көрінеді. Ішімнен: «Бұл кереш дәуде болса анау тырбиып әр жақтан қарсы бетке көмілген, уақытсыз қаза таппақ бір сорлы бурлактан қалған жалғыз белгі ғой. Бұл жерден өткен бурлактардың мыңнан біреуі-ақ ол байқұс жолдасына дұға қылмай өтетін шығар», – деймін.

Менің:

– Осы ағаш ағызып жүріп көбіне бурлактар суға кетеді, – дегеніме Ильия томсарып. – Кім білсін, әртүрлі болады. Кейбір ағаш ағызушы аман өтеді, бірақ ондай сирек болады. Әркімнің бақытына қарай. Біздің бурлак жолдастардың талайын бұл Чусовой жалмады ғой, – деп ауыр күрсініп, жауап қайтарды.

Жаңа ғана бір ауылдан өтіп, енді бір жақпар тасты мүйістен бұрыла бергенде, қайық үстінде отырған адамдар бір дауыспен:

– Ойбай, қайық батты! Жарылған қайық! – деп шулап қоя берді.

Байқасам, Илья бір қолымен күн тасалап, қадалып су бетіне қарап тұр. «Бірден жарты шақырымдай жерде тақтайлары шошайып, үстінде қарбандасып жүгіріп жүрген бірнеше адамдары бар қайық», – деп боларлық емес. Түссіз, түрсіз бір зор нәрсе ағып келе жатыр екен. Ол Чусовойдың тасына соғылып, талқаны шығып, кісілері тоғытқан қойдай суға батып бара жатқан үлкен бір қайық екен. Илья аянышты қайықтан көзін алмай тесірейіп қарап тұр.

– Уай, сорлы-ай! Оң иығымен соғылған екен ғой. Өне, кісілерін қара! Алда байғұстар-ай! Балықша терлеулері-ай, – дейді өзіне-өзі күбірлеп. – Япыр-ай, жолымызды қамап алып жүрмесе игі еді. Қарашы, арам қатқан сиырдай сұлқ ағып, тұп-тура бізге таман келе жатуын, – дейді.

Бір уақыт бір нәрседен қатты шошынғандай ащы дауыспен жылдам-жылдам:

– Уай, жолдастар! Қарақтарым, тарта көріңдер. Тарт-тарт! Барыңды сал, тұмсығын оңға сала тарт, – деп әбігерленді де қалды.

Қарасам, біздің қайығымыз жал болып өзенге тірелген бір шокпар тастың үшкір тұмсығына таман тұп-тура садақтың оғындай зуылдап ағып келе жатыр екен.

Илья құлындағы даусын құраққа шығарып, күрекшілерге* қарап:

– Масқара болдық. Соғылдық, ал тарт! Тарт! Бұра тартыңдар – деді. Сол күздегі дұғалы ауыр минутты сипаттап болмайды. Қайық үсті өлік шыққандай жым-жырт болды. Күрекшілер Ильяның айтқанын екі қылмай, екі иықтан дем алып барын салып, тартып келеді.

Күректер ұшқан құстың қанат қаққанындай сермеледі. Мөлдір суды күмістей жарқыратып маңайға бүркеді.

Қия жартасқа шейін бірнеше-ақ саржан жер қалды. Жұрттың жаны аузында, тін алмай демін ішіне тартқан. Екі көздері тұнжырап жартасқа қадалған. Өлім жазасына бұйырылған адамдарша үн жоқ, түн жоқ болашағын сабырмен күтіп тұрғандай.

Міне, жартастың қырлы үшкір ирек тастары анық байқала бастады. Міне, оның тұсына келіп, құтырған қасқырдай көбігі бұрқырап тулап келіп соғылған судың гүр-гүр еткен дүрілдегі

* Күрекшілер — ескекшілер.

ашық естіледі. Міне, сол қия тасқа таман зымырап біздің қайығымыз келеді.

«Ал жартасқа жарты-ақ кез жер қалды. Ал соғылды, ал талқан болдық, көз жұмылды». Бір уақыт зымырап келе жатқан қайық құйрығын шалдырған түлкідей бұлаң етіп, бұлт берді. Кірпік қаққанша қылыштың жүзіндей қырлы жартасқа тиер-тимес болып өте шыққанда, қайық үстіндегі адамдар ауыр күрсініп: «Уһ!» – деп тін алғандай болды.

Илья куанышты дауыспен:

– Құтылдық қой. Көрме, босат. Уһ, – деп бұршақтап шыққан терін сыпырып тастап, бұрынғы орнына отыра кетті.

Қайық ашық судың ортасымен жылжып ағып, теңселіп жүре берді. Біраздан есімізді жиып артымызға қарасақ, өзеннің жағасында бірнеше адам иіріліп тұр екен. Үсті-бастары сорағытқан су, бастары жалаңбас, дірдектеп бізге айқайлаған сияқты. Бірақ не айқай екенін біз ести алмадық. Біреулерін шешіндіріп, шайқап, жұтылған суын құстырып жатқандай болады. Біз аман-есен өтіп кете бердік.

Бір заман судың жағасындағы бір талды бұтаққа оралып, су бетінде қалқып тұрған жыртқы киімді екі адамның өлігіне ұшырастық. Дәу де болса Чусовойдың рақымсыз долы толқынымен ақырғы минуттарына дейін алысып, ақыры жеңіліп зор толқынға бас иген. Бағанағы жарылған қайықтардың адамдары болса керек. Бұларды көріп, Илья салқын қанмен қыпқысқа:

– Екеуі марқұм, – деді.

Қанды Чусовойдың уақытсыз құрбаны болған бұл екі сорлылар кім екен? Қай ауылда, қай жерде, қандай үйдің іштері көзінің жасын көл қылып күңіренер екен? Қандай қызыл қарын, жас балалар шуласып, қандай үй ақырғы асыраушысынан айырылып, қорғансыз жетім қалып сорлады екен?

Күнде көріп, Чусовойға дағдылы болған бұл аянышты ауыр суреттер көңілге ащы ой түсіргендей, жүрекке терең жара салғандай болды.

(Арқалық)

Пьесапар





ҚАРАКӨЗ

1-нұсқа

3 ПЕРДЕЛІ, 6 СУРЕТТІ ДРАМА

**Ескі ақын-салдар, жастар өмірінен
(Қазақстан білім ордасы жариялаған пьесалар бәйгесіне)**

Суретті салт пьесасы



ПРОЛОГ

Ескі пішінді шал. Үлкен ақсақалды. Үстіне кигені – кестелі тон. Барлық киімі үкілі, сәнді. Бір қолында кобыз, бір қолында сыбызғы.

– Қазақтың ұлы, қызы!!!

Алдыңа Қарауылдың ардагері, кер маралы шығады. Сарыарқадай сары жайын даланың кешегі бір кезде еркін ескен желіндей, айдынның көліндей шалқып өскен сері жігіт, ерке қыз шығады. Хан мен қара, би мен бек, ана мен баланың қиялын тербеткен жыршысы шығады. Заманның бұлаң жігіт ерке тотысы келеді... Танырмысың?!! (*Аз тым-тырыстан соң*) Танымассың. (*Өлеңдетін*):

Ол аса бір соққан желдей,
Алыстағы сары белдей,
Арқаның ақ төсінде, ақ айналы көлдей,
Толықсып аққан селдей,
Шырқап кеткен келмей алыстағы асқардай,
Алқынсаң да келмейтін арындап өткен заман ғой.

(*Суық түспен жымиып, бәсеңдеп.*) Сол күн сенің есінде қалды ма екен? Із қалдырмай жоғалды ма екен?.. Жасыл бел басына тіккен ала туды ұмытты ма екен?!. Қайғылы сары өзен сыбызғы үнін ойлай ма екен?!! Бүгінгі қаралы жартас жарық түнде кездескен асықтардың әніне қосқан жаңғырығынан жаңылды ма екен?.. Арқаның қоңыр желі садақ оғына жыртылған жүрегін жалғады ма екен?.. Үзілген күй жаңғырықты ма екен?.. Сері жігіт, ерке қыз бұрынғыдай айтыса ма екен? Ащы дауыс шырқай ма екен? Қарауылдың аңқып ұшқан алғыр құсы Сырымдай бұ күнгі жігіт қияннан тоят тілей ме екен?.. Мұның бәрі ескілік... Бүгінгі дала жай болып сарылған... Бүгінгі ән мұңайған, жүдеу, қаралы... Жел шалқып еспей күрсінеді... Домбыра күй тартпайды... Жылайды... Қыз

ән шырқатпайды, сыбырайды... Сондықтан... сондықтан!!! Көрінде тоқсан толқып, жүз күңіренген Сырым мен Қаракөз, заманының салтанатты серілігін сендерге әкелді... Тербеуге көнсең – тербетпекші... Сергимін десең – сергітпекші... Сypайы жігіт, үлгілі қыз! (*Суық түспен жымыып.*) Мені кім деп сұрасаң? ... Мен – кәрі қазақпын!... Мен – сері Сырым, ерке Қаракөздің замандасымын... Мынау үкілі домбыра, мынау адыра қалған сыбызғыны сендерге жеткізуге қалған елшімін. Менің шын атымды сұрасаң... (*Жымыып күліп, басын иіп*) ескі әңгіме, кәрі күймін... Алдына әлі де әлденеше рет келермін. (*Басын иіп шығып кетеді.*)

УАҚИҒАҒА АРАЛАСАТЫНДАР:

1. Қ а р а к ө з – бойжеткен қыз.
2. А қ б а л а – жеңгесі.
3. С ы р ы м – немере ағасы. Ақын-сал. 25 жастарда.
4. Ж а р ы л ғ а п – Қаракөздің әкесі.
5. Ж а б а й – Сырымның әкесі. Жарылғаптың інісі.
6. М ө р ж а н – (семіз бәйбіше) Жарылғап, Жабайдың шешесі. 65 жаста.
7. Н а р ш а – Қаракөздің күйеуі.
8. А с а н – ақын-сал. Наршаның күйеу жолдасы.
9. М а т а й – о да Наршаның жолдасы.
10. Д у л а т
11. Қ о с к е л д і Сырымның жолдастары.
12. Д ә у л е т к е л д і
13. Т ұ р с ы н – Наршаның әкесі.
14. Қ о й с а р ы – би. Бас құда.
15. Т е к т і – құдағи. Наршаның шешесі.
16. К ә м ш а т – қызметкер қыз, Қаракөздің қасында жүреді. Он шақты қыз-келіншек. Табақшылар. Тойға жиылған қатындар, еркектер.

Уақиға мұнан 50–60 жыл бұрын болған.

1-ПЕРДЕ, 1-СУРЕТ

І көрініс

Жарылғап ауылының сырты, дөң асты... Кешкі мезгіл: жартас, өзен, қайыңды тоғай, алыста тау, ауыл, шашырап жайылған мал көрінеді. Перде ашылғанда, сахнада тыныштық. Аздан соң ауылдан қоңырлатып айтып келе жатқан ән естіледі.

Ән. («*Баянауыл*»)

Ұшады кешке жақын көк көбелек,
Дертінді сөндірейін су себелеп.
Түскенде сен есіме, ой, қарағым,
Жортайын аш бөрідей тау жебелеп.

Ойын бөлмесіне үш жігіт шығады, алдында – домбыра тартып, ән салып келе жатқан Асан сал.

Асан (салдарша сәнді киінген, үсті-басы қызылды жасылды, қолында үкілі домбыра).

Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсым жетпес.
Ақбоз үйдің сыртынан аттандырып,
«Қош, ағатай!» дегенің естен кетпес.

Артына айналып қарайды. Нарша мен Матай үндемей салбырап келе жатады. (*Асан көтеріліп*): Уһ... Кең дүниеге шығып сергіп қалдым ғой (*Жолдастарына қарап*): Ой, шіркін!

Теңселе басқан тең жігіт,
Бейілі мырза кең жігіт.
Бірің – жаға болғанда,
Бірің – берен жең жігіт.
Күйеумін деп сызылған,
Жеңгелерге жем жігіт.
Неге мұнша налыдың,
Қайыспас деген, ер жігіт!

(Жолдастарына қарап тұрады.)

Нарша. Асан, сен бұл күнде еркесің. Сен тұнығы бұзылмайтын айдын судың ақ құсы емеспісің. Көңілге жақса, отырдың, жақпаса – ұштың, кеттің. Сүт үстінде қаймақсың, қыз-келіншектің алдындасың. Бір қайғыны айтып жүдетіп жүрмесең.

Асан. Жарқыным, бас алып, құлақ, тігісінді ұнатпадым. Сөз сарында бір кейіс бар ғой, мәнісін айтшы.

Нарша. Біздей жанның қайғысын не бөлу керек? Сезбейсің? Арғы атам Досаннан бері қарай дәулет қоры үзілген емес. Қол-аяғым сау, басым аман. Өзім жас. Ағайынның аялаған баласымын. Тоқпақ жалды торының үйіріндей қалың Досанның ардақтысымын. Өзімдей салтанатты қайынға келіп жатырмын. Қыз... Қызық... Айт пен той. Бірақ сонда да менің арманым бар... саған соны айтпақшымын... Менің дертім – Қаракөз!!!

Асан. Қаракөз??!... Қаракөздің төркіні олқы ма? Сән-салтанаты олқы ма? Не болмаса ақ жүзінде мін бар ма, Қаракөзді хор жігіті олқысынбаса, кім олқысынады? Жас жігіттің алтын тақ пен тәжі Қаракөздей-ақ болады да, не мін таптың?

Нарша. Қаракөзде мін жоқ. Қаракөздің ақылы мен көркі мен түгілі менен зор хан-қара, би-төренің қайсысына болса да олқы келмейді. Оны білемін. Қаракөздің мені сыртымен күтуінде, жар есебінде қадірлеуінде мін жоқ.

Асан. Енді не жетпейді? Тойымсыз көңілің енді не тілейді? Қарауылдың асылы, күміс бәйтерегі, бұлбұлы Қаракөз екен. Сен оның алған жары екенсің, өзіңді жар деп қадірлейді екен* енді не тілейсің? Мен ұқпадым.

Нарша. Рас айтасың. Қаракөздей асыл жоқ. Бірақ Қаракөз кара түнде жанған от болды. Мен сенделіп ұшып қанаты шарпылған көбелек болдым. Қаракөз мені тақымына толтырмады... Жүрегінде жалын бар. Сұлу Қаракөзің мені жатқа балады. Жаным деген жақыны бар... Менің қайғым сол. Асылдың екі бірдей сүйгені бола ма екен? Мен нені місе қыламын? Алған жардың көңілінде бірдің өзі болмасаң, маған тіршіліктің несі сән.

Асан (*аңырып ойланып*). Не дейді?... Кім ол? Осы елдің сенімен бақталас жарыстыратын жақсысы кім? Соны айтшы маған.

Нарша. Кім екенін білмеймін.

Матай. Кім екені белгісіз. Бірақ соны білу керек. Біздің біле алмай ынтығымыз құриды... Сен таппасаң, табар кісі жоқ.

Нарша. Аты-түсі белгісіз болса да, бақ талай асқан дұспаным бар. Қаракөзге менің құмарым күн сайын асқан сияқты. Бірақ Қаракөздің түсі суық. Маған жат.

Асан (*ойланып*). Қаракөздің елінде атағы шыққан жас пері Сырым бар. Ол жаланған батыр! Жалындаған ақын, салтанат-

ты сал Сырым... Еліне тентек деген аты шықса да, ол сұлудың албастысы.

М а т а й . Сырымың не, оны не деп айтасың?

А с а н (*жарыса*). Рас... Сырым болуға қисын жоқ. Ол қыздың ағасы... (*Ойланып*). Бұл елде Қаракөздің теңі жоқ. Сұңқарың қарға шықпаса, арғымақ жабы болмаса, Қаракөздей бәйтеректің басын шалар ұл жоқ... Мен мәнісін білмедім.

М а т а й . Өзге жігітті айтпасаң, Сырым деудің орны жоқ.

Н а р ш а . Сырым демеймін... Бірақ мен деген дос! Сендерден тілейтінім: менің жарамның атын айтып..., түсін танып беріңдер. Бәріңнен де сұрайтыным сол... Қаракөзде ашық күшті. Көшкен елдің жұртына қонған мен жолсызда арман күшті. Мен Қаракөздей тектіге кез болсам етті, кез болған соң оңынан келсем етті. Мына қайғыны зіл қара тастай алып жүргенше, шыққыр жаным шықса етті (*Басын төмен салбыратып, өңі бұзылады.*) Абиырым өшкенше, аруағым сынғанша, жанбай жатып сөнгенше, бұл күйге жеткенше, қарабет болып кез келген Қаракөз сынды аяулы қайғысынан өлсе етті.

А с а н (*қасына келіп*). Ару жігіт аз ба? Қайғыңа біз ортақ, жасағыңда біз болсақ, жасырынған жау жатағы табылар. Сүйегінді жасытпа. Қыз қайғысын елеме. Асқақ қызды басынтпа, сыр ұшын берік ұста. Аруағың әлі-ақ басады. (*Жігімтер жүріп кетеді.*)

II көрініс

Аздан соң сахнаға сәнді киінген қыз бен келіншек шығады. Екеуі де қара шапан жамылған.

А қ б а л а . Ұшығыңа жеткізбеген бір баласың ғой, әйтеуір. Наршаны менсінбейді дегенді жұртқа не деп айтарды білмеймін. Осы елдегі бас көтерген жақ жігіттің талай тоғызтоғыздан жолын алып, сенен бір ауыз жылы жауап әпер дегенде, жалғыз сөзге зар болып едік. Аяғыңа бір күн отыртқан жоқ едің. Қашаннан іс еді? Сені жолдан тайғызған кім, соны айтшы?

Қ а р а к ө з . Кім екенін айтпаймын. Бірақ осы жерде түсін көресің. Бұл істің басталғанына көп болған жоқ. Қара түнді жамылып, құдай атын айтып екі-үш-ақ ай болды. Содан бері аз-ақ көрістік (*Тым-тырыс.*) Бізді қосқан желік пен құмарлық емес. Бізді қайғы қосты. Апам өлгеннен бері көңілімде болған жетімдік, күйік қосты. Саған айтатын үлкен сырым осы.

А қ б а л а . Атын айтшы, ол кім? Таңдап тапқапың қандай жан? Айтшы, төрем! Бұл күнге шейінгі мықтылығың да жетпей ме?

Қ а р а к ө з . Айтуға болмайды, *(қиналып)* аузым бармайды. Атын атамасқа уәде қылғанмын. Сырттағы жанға сыр білдірмеуге уәдеміз берік еді *(Ойланып.)* Білдіруге боларлық та нәрсе емес еді. Зор күнә ғой ол. Бір Құдай өзі кешер...

А қ б а л а . Маған көрсетемін деп алып келгенде, атын атауға болмай ма екен? Аты аталмайтын кім ол? Буыны қатқан кәрі, бұғанасы қатпаған жас емес шығар. Теңіз шығар, неге соны жасырдың? Көрсеткелі тұрып атын неге атамайсың?

Қ а р а к ө з . Ол менің өмірде беті ашылмай кететін сырым... Айтқанымды ұқ, соған тоқта. Саған көруге болады, тілмен айтуға жол жоқ... Осы, көңілге тоқы. Бар күйігін көріп қана білу керек... Жайым осылай болған соң, сенен алатын уәдем бар.

А қ б а л а . Айт, не уәде аласың? Қандай уәде бер дейсің? Жасыңнан сырың басқа болып өсіп, қатыбас болған баласың ғой. Мені шегелемей айтады деп отырғаным жоқ өзім де.

Қ а р а к ө з . Сенен алмақ сөзім: бүгін көретін кісің мен екеуміздің арамыздағы іс жел сөз болып аузыңнан шығып кетпейтініне маған сенім бер. Не сұмдықты көрсең де ішінде сақта... Ұзақ сапарға аттанарда жеңгелік қарызыңды өте дейтін бір-ақ жерім бар. Ол осы жер. Қойныңдағы күйеуің менің ағам болса, сыр шашпайтын жақыным сол десең, соған да айтпа, осыған уәде қыл...

А қ б а л а *(тоқтап тұрып)*. Сол айтқаныңның бәрін де атадым. Уәде... Сендің бе?

Қ а р а к ө з . Сендім. Жалғыз-ақ не көрсең де шыда... Осы жерде де, кейінгі уақытта да сыр берме... Атын сұрама – көзің көреді. Қазір келеді. Сабыр қыл. Күте тұр. *(Тым-тырыс. Қыз ақырын ән салады. Сыбдыр естіледі. Бес-алты салдар келе жатады. Ортасында – Сырым.)*

А қ б а л а . Төрем-ау, мырза жігіт келе жатыр ғой! Бұлар бірдене сезген бе, не ғып жүр? Әлгі келетіндерді аңдып жүрмесін.

Қ а р а к ө з *(Жүзі сұрланып)*. Шыдай тұр... Бұлар жаулық қылмайды. Сырым бізге жау емес

А қ б а л а . Не дейді?.. О да біле ме? Бұл тентек еді бірдеме деп ұрсып жүрмесін.

III көрініс

Салдар бұларға тура жүреді. Сырым аяғын асығып басып Қаракөзге тура келе жатады. Салдар тегіс сәнді киінген, үкілі домбыра.

Қ а р а к ө з (*Сұрланған жүзбен қолын Сырымға қарай созып*). Сырым, ... жүрегім.

С а л С ы р ы м. (*Кұшағын жайып Қаракөзге таман келе жатып*). Қара түндей күнәнің ортасында жанған шамдай жарығым, маңдайдағы жұлдызым... Торға түскен ақ тотым... Келші күнім... (*Екеуі асығып келіп құшақтасып, сүйіседі, салдар күлісіп қарап, қосылып домбыра тартып тұрады.*)

А қ б а л а (*Шошып жағасын ұстап*). Астапыралла, мынау не деген сұмдық! Бір туысқан әкелердің балалары: көздері тіріде... Құдай-ай, кәріңнен сақта. Төрем! Сені қара басқан екен ғой (*жағасын ұстап, жүдеп кейін шегінеді.*)

С ы р ы м (*Қаракөздің құшағынан босанып, Ақбалаға*). Тоқтат сөзіңді... кекселенбей. Сен сынамайсың бізді, ол – Қаракөз, мен – Сырым... Қаракөздің Сырымнан артық жері болушы ма еді. Бізді Құдайыңның өзі қосқан. Сәулемнің менен өзге теңі кім, мен жылап жүріп тілеп алғамын.

Қ а р а к ө з. Жеңеше, мен саған бәрін айтқанда, атын неге айтпады дейсің, айтуға аузым бармағандық – көзі көрсін дегенмін. Сүйгенім Сырым болмаса, мен жалғыз дер ме едім... Сенен көмек сұрап ма едім?!

А қ б а л а (*төмен қарап жуасып*). Мейлің шырағым... Тек құдай бетіңнен жарылқасын. Құдай атын айттым, уәде бердім. Менен шашау сөз шықпайды, өзің біле бер.

С ы р ы м (*Қаракөзге*). Ақбала да біздік болды, сәулесім. Енді қобалжыма, салдарым, жұрт бізді айырам десе де, біз қосақталып өлейік, айтыңдар Қаракөздің әнін. (*Салдар қоңырлатып ән салады, Ақбала жерде тұрады. Сырым мен Қаракөз құшақтасып бір тастың үстінде отырады.*)

Ән (*салдыр-күлдір домбыраны қосып, бәрі қосылып ән салады*).

Күзетші біз отырған жауды барлап,
Сыртғында дұсландар жүр жындай сарнап.
Екі асық, ынтық болған мұратқа жет,
Жау жатсын іші күйіп онда зарлап.
Қошемет сөз айтамыз сендерге арнап,

Қостайды салдар сізді асық жарлап,
Мақұлдар теріс десе, жолын алсын,
Береміз қалы кілем, қара нарлап.
(*Сырым күрсінеді.*)
Асықты Құдай өзі жаратыпты,
Асық кып бір-біріне қаратыпты.
Адам да Хауа анаға болған асық,
Солардан асықтарды таратыпты.
Қуаныш ұзақ болсын, сүйіскен жас!
Жаманға асыл, жасық бәрі бір бас.
Асылды асыл ғана таңдайтұғын,
Асыл жас бірігіңдер, бір бас – бір тас.

Бұл уақытта Сырым, Қаракөз қоштасып, сөйлесіп отырады. Салдар бұлақтап, кербезденіп жүріп айтады, Салдар Ақбаланың айналасына ақырындап жиналады, ақырындап ән салып отырады.

С ы р ы м . (*Қаракөзге*). Күннен күн өтіп келеді. Көрмесем деген күнге тақап келеміз. Бүгінгі ақ күн, бүгінгі ақ кеш, онан соң қоштасу... Көз тіріде айырылу. Сен жат елдің жесірі, жат ауылдың келіні боласың. Ерке тотым Қаракөз!

Сен бүгіннен соң маған бөтен боласың. Әлдекімнің жары боласың. Көрмесем деген күнді мен шынымен көремін бе? Мен сонда не боламын? Кімді іздеп өмір сүремін... Жұртта қалған жетім қозыдай осы сайды күзетіп қалғаным ба?

Қ а р а к ө з (*мойнынан құшақтап отырып*). Қайтейін, күнім?! Мен құтты орныма қондыра көр деп кімді асықтырдым? Менде не ерік бар, мен жатқа кеткенде қызық іздеп кетемін бе? Не қызық іздеп барамын?

С ы р ы м . Ендеше неге кетесің? (*Қаракөз үндемей қалады.*)

Д у л а т (*Салдың бірі қолында домбырасы Ақбалаға жақындап келіп*). Жаным-ау, әлі осы мен ай қарап отырмын ба? (*Өлеңдетіп.*)

Күндіз-түні ел шарлап,
«Қыз-қыз-ай» деп жас парлап,
«Ақтамақ» деп жыл сарнап,—
Жүргендегі іздегенім осы тұрған Ақбала...

Бәйтеректей жапанда жалғыз біткен тақ бала емес пе еді? (*Құшақтайды.*)

А қ б а л а . Адасып жүріп айға бата қылғандай, аяқсыз жүріп кез келгеніңді мен қайтейін. (*Құшағынан босанады.*) Біз десең бұрын көрмеді пе едің... Мазағыңа жоқпын жаным. (*Күледі. Бәрі де сейіл қып, құшақтасып сахнадан кетіп қалады.*)

Сырым. Мені тойымсыз қылып жүрген құмарлық болса, Қараылдың өзге қызы мен қызығы жетпеп пе еді? Сені қара түнде қауіп үстінде ажалдан айырғанда, ақ боранда даладан тапқанда, енді айырылмастай болып табыстық деген жоқ па едік?

Қара көз. Оның несін айтасың, мен мұның бәрін өтірік деп тұрмын ба? Мен сол уәдені, сол түнді ұмыттым ба? Маған да сен болмасаң, өзге кісінің басы қайғы болар ма еді? Сен болғандықтан менің қайғым жанымды жеп жүрген жоқ па?

Сырым. Сырым сені жалықтырған шығар әлде? Сырым сал... Оның қонарын сай біледі, көшерін жел біледі. Оны сүйетін туысқан жоқ. Ағайыны жатша қуып жау санайды. Ол – жал-құйрығы келте біткен тұлдыр. Ол – жаманатты тентек. Ол шешесінің теріс батасын алған. Теріс батаға кездескен жолсыз... Сондықтан оны тастаса да түк етпейтін шығар... Әлде осыны ойлаймысың? Маған барыңды айтып кет. Өмір бойы осы қинау жеткен жоқ па? Неге келдің? Мені неге келтірдің? Баяғы қорғаншақтық болса, мені неге шақырдың?..

Қара көз. Сағындым, көргім келді, сондықтан шақырттым. Әйтпесе менен бір ой шығады дедің бе?..

IV көрініс

Салдар кіреді.
Дәулет келді
Қоскелді
Дулат

(Бәрі қосылып)

Ақбала! Мен қайтейін қабағыңды? *(Толқыма)*
Әлі де ұмытқам жоқ баяғыңды.
Келген сайын ұрысып дарытпайсың,
Қашан түзу басасың аяғыңды?
Ақбала! Мен кенейін тамағымды,
Сендей қайтіп ұмытам қарағымды.
Елжіреттің, еріттің, қызықтырдың,
Кәнеки, көтере бер тамағыңды.

Үш сал жан-жағынан құшақтап келіп сүйіп, ойнап, сырласып өтіп кетеді.

Сырым. Сені көзім көріп тұрғанда, мен зорлыққа көне алмаймын. Сен мен үшін, мен сен үшін жаралғанмын. Еркем, мен жатқа бере алмаймын. Сен менен кетсең, құшағым бірге кетеді.

Менің серіліктен айырылғаным – тірідей өлгенім, шала жанып сөнгенім, сенсіз маған дүние тұл, өрттен қалған денем күл... Өртеймін десең, өзің біл. Болмаса, сенсіз қалған Қарауылдың жайлауы көр емес пе?.. Сен кеткен соң жарық айлы түн, жұлдызды жарық кеш неге керек?.. Қалған дүние, қалған өмірді көргенімше – екі көзім көр болсын... (*Салдар кіреді.*)

V көрініс

Д у л а т (*Каракөз бен Сырымға*).

Жас өмір, сылдыр-күлдір әлі-ақ өтер,
Қызығың бірі қалмай, бәрі кетер.
Бүгінгі алмадайын Қаракөзім,
Сол күнде күйің не боп, күнің нетер?
Қарағым, көп күрсінбей, сөзің бітір,
Күткен көп үйге қайтар уақыт жетер.

Салдар мен Ақбала күліседі, ақырын ән айтып, сахнадан шығады.

VI көрініс

Сырттан салдардың әні естіліп тұрады.

Қ а р а к ө з (*күрсініп, қайғы пішінімен отырған Сырымға*).
Күнім, сенің бұл сөзіңді мен ойламай жүр ме едім? Мен кеткенде не болам десең, сенен қалғанда менің де күнім қараң екенін білмей жүр дейсің бе?.. Бірақ екеуміздің басымызға осы күнә да жетпей ме?.. Әке-шеше қарғысын қайтеміз, аруакты қайтіп сындырамыз... Сен ойламаған сөзді мен ойлап жүдетейін деп отырғаным жоқ.

С ы р ы м . Бұл мені елмен бірге тентек дегенің ғой... Сен де маған теріс қарағаның ғой... Мені ағайын сөккенде, аруаққа қылған шет жұмысым қайсы еді?.. Мен Қарауылдың жылаған қызын теңіне қостым. Елге тентектігім сол – сері жігіт ерке қыздың көңілін жабы қылмай сергітемін деп сауықшыл, ойыншыл болдым. Мен жаспын, менің бұзықтығым со ма? Ер жігіттің жолы болсын деп көмек қылдым... Терістігім со ма?..

Қ а р а к ө з . Айтқаныңның бәрі рас. Ел кінәласа да, мен кінәлап па едім, мен жолың болсын дегенім қайда... Мен сол үшін сені сүйгенім қайда? Бірақ мынау жат іс қой, бұл ұлы аруакты жүдететін іс қой.

Сырым (*түрегелін*). Олай болса, сені жылатқан әкешешем менің бітімім жоқ. Қарғамаса, атып жықсын. Қара басым қара жерге кіргенше менің ешкіммен елдігім жоқ. Енді, қош бол... Сенің күйігіңді көзіммен көрер шамам жоқ. Құдай қосса, көрермін, әйтпесе түз құсы болып кеткенім осы. Мені Қарауылдың елі-белі көрмей-ақ қойсын, ұры болам ба, қары болам ба, қаңғығанның алды осы түннен басталсын.

Қ а р а к ө з . Жоқ.., жаным.., оны істесең, мен риза емен... Сен мені ертең ұзатқан жеріме келесің. Мені барар еліме апарасың... Әйтпесе бір емес, екі өлгенім... Мені осы жерге өлтіріп кет! (*Сырым жүруге айналғанда қолынан ұстайды.*)

С ы р ы м . Жоқ.., жоқ... Мен енді сенің бетіңе шіркеу келтіретін іс істемеймін.., менің болмағаным артық... Мен елдің қызығын бұзып кетермін. Жаралы жас аюдай дұспан атаулының бетін тырнармын... Мені босат.

Қ а р а к ө з . Сен – алғыр құс ақ тұйғын, өзгелер – қара қарға... Сенің күндегі алатын жеміңді аяймын ба? Сыртыңнан жырлаған жау алдында шыдай алмай, именіп кететінін көріп кетемін, мені сен апарып салмасаң, көзімнің жасын кім тыяды? Қайғылы басымды кім сүйейді?.. (*Тым-тырыс.*)

С ы р ы м (*ойланып тұрып*). Олай болса, жарайды... біз келерміз. (*Құшақтасып, сүйісіп, айырылуға айналып.*) Қарағым-ай бір атадан неге тудың? Тумағыр басым, неге тудым Жабайдан. Сондайлық қарғыспен тудырғанша, бұл туысты бір қылмасаң не етуші еді? (*Қайғырып тұрады. Біраздан соң Ақбала салдармен бірге сахнаға келіп шығып, Қаракөзді ертіп шығып кетеді.*)

VII көрініс

Ақбала, салдар.

Салдар Сырымның қасына келеді.

Д у л а т . Жарықтығым, қабағыңды қарс жауып не қып тұрсың. Не деп жүдетіп кетті... қол ұстасып бел асуға шыдамады-ау Қаракөз...

С ы р ы м . Қаракөз шыдамады... Біздің енді не боларымызды Құдай білсін... Бірақ Қаракөзді Тұрсындікіне апарып салатын болдық. Ертең той. Айтылатын жар-жар бар... Қаракөздің кетер күні Қарауылдың елі мен белін күңіретіп кетсін. Біз ертең

қыздар тобында болып, жар айтармыз. Жарылғап пен Жабайға қоштасқан сөзді қоса айтамыз...

Дулат (*бекініп*). Дұрыс осы. Қаракөзімізді әкететін жауларға тым болмаса бір оқ атып қалайық. Ең болмаса барып-барып жығылмас па екен... Әкетсе де соққы жеп кетсін. Несіне біз сері болып жүрміз? Неге қарап қаламыз?..

Сырым. Рас айтасың...

Қоскелді. Бәрекелді! Жақсы болды, тілді безеп бір байқалық... Өзіміз Қаракөз кетеді дегелі жабы болып барамыз.

Дәулеткелді (*әндепін, домбыраны соқтырып*).

Мен айтайын жар-жарым,
Ақ отауды тіккен жер,
Майдан болсын, жар-жар!
Ақ жүзімді көруге айнап болсын, жар-жар!
Қандай жақсы болса да қайын атам, жар-жар,
Қайран менің әкемдей қайдан болсын, жар-жар?!

Сырым (*тоқтап*). Жоқ, біздің жар-жар бұл болмайды. (*Көтеріліп, сергін.*) Біздің өлең:

Қаракөздің жанына,
Жара салған жарына,
Күніренткен зарына...

Дулат.

Қайғылы болған халына,
Айырбас болған малына.

Қоскелді.

Артта қалған ағайын,
Туғаны мен барына.

Сырым (*басын изеп*).

Назаланып налына,
Бетін ашып тарыла.

Айтқан сөзін жыр қылармыз, осыған тіл беріңдер! (*Өзгелер күліседі. Аз тым-тырыстан соң.*) Күнә болса күнә... Мен Қаракөзден қалмаймын..., күдерімді әлі үзбеймін. Бұның күнә болатынын білсе, әлгі бір немесі мені еркек, оны ұрғашы қылып неге жаратты? Мені алғыр түйғын, оны айдынның ақ құсы қылып неге жаратты? Мені жігіттің ардагері қылып, оны Арқаның аруы қылып неге жаратты?

Дулат
Қоскелді (қосылып).
Дәулеткелді

Бәрекелді, сал Сырым,
Көрсетсеңші сән түрін.
Тарқатсаңшы ой кірін,
Айтушы едін сен бұрын,
Шырқатсаңшы ән бірін.

Сырым. Баста, олай болса, Қаракөзге. (Бәрі қосылып, ән салып кетіп бара жатады.)

Ән (Қаракөз).

Серінің қыз құтылмас талабынан,
Қалқатай, бір сүйгізсең тамағыңнан.
Жеңгетай, тоғыз торқа толып жатыр,
Сілкіп ал шалбарының балағынан.

(Сахнадан шығады, кетіп бара жатып):

Қаракөз айым,
Қалдың кейін.
Кеткенде сен алысқа,
Зар еңірейін.

VIII көрініс

Асан сал кіреді.

Асан (ойланып, әндетіп).

Қара шапан жамылып,
Қыз кетеді бір жаққа.
Ән шырқатып қағынып,
Сал кетеді бір жаққа.
Салқын кеште сейіл қып,
Кім келеді бұл тасқа?
Жолығуға ыңғайлы,
Болғандай-ақ жолдасқа,
Сонда да мұнда сыр басқа.

Ойланып тұрып, ақырын ысқырып жүріп кетеді.

Шымалдық

2-СУРЕТ

І көрініс

Той күні. Сахнада үш-төрт бөлек қатындар, қыздар, келіншектер тобы өтеді. Тойға жиылған әйелдер, сәнді киінген күлкіші желекті бір топ қатын оқшау тігілген отаудың сыртын көріп:

1-қ а т ы н . Қыздың отауы осы ғой... Күйеулер осында ма екен?

2-қ а т ы н . Қой бұл емес шығар... Ана жақта бір ақ үйлер тұр ғой...

1-қ а т ы н . Жоқ, осы. Анау дәдегелерінен танып тұрмын. Біздің ауылдағы ұзынтұра қайнағаның бәйбішесі істеген осыны. Іші қандай екен, кірсек қайтеді? *(Қатындар келіп кіреді.)*

3-қ а т ы н . Алған малын түгел жасаймын деп отыр деп еді семіз бәйбіше, пәлен-бәтіре еш нәрсесі көрінбейді ғой өзінің.

1-қ а т ы н . Бұл жолы бермейміз, жасау-жабдығымыз дайын емес дескен екен... Қыздың бозалаңдап жүргенін сезіп тоқтатпай беретін болыпты ғой. Сондықтан шала-шарпы ісі бар шығар.

2-қ а т ы н . Қаракөзді бұзып жүрген кім екен, ей? Сұлу-сұлу дегенге босқа асқақтап жүр ме? Әлде күйеуі жаман ба екен?

1-қ а т ы н . Кіммен бұзылғанын білген жан жоқ дейді, әйтеуір мына күйеуіне риза емес болса керек. Бірақ күйеуі кем емес, кім біледі...

3-қ а т ы н . Қойыңдар, күйеуді көрейік *(шығады.)*. Мынау үйді жар-жарға дайындап қойған ғой, тегі.

2-қ а т ы н . Жар-жарды кім айтады екен?

1-қ а т ы н . Жүр ғой осында салдар... солар айтады да. Сырым да жүр екен... бұл жолы қайтер екен?.. Өзгенің қызын ұзатқанда күйеуіне риза емес деп, қайдағы сұмдықты айтушы еді. Айтқыш болса, өз қарындасының наразылығын айтсыншы, көрейік.

2-қ а т ы н . Сырым айтпас деймісің, оны да айтады. Бұл күнге шейін ой-қырына қарап көрген жоқ, іркілер деймісің *(тамсанып)*, осы біртүрлі-ау өзі, бетің бар, жүзің бар демейді.

3-қ а т ы н . Өзінің жүзіне қарауға шыдай алмаймын! Осы бір алмасы бар сияқты.

2-қ а т ы н *(күліп)*. Құрып қалғыр, қызығып жүр екенсің ғой *(Күліседі.)*

1-қ а т ы н . Қызықса неменесі бар? Жас болмап па жұрт? Бір қатынға Сырымның басы татитын шығар... *(Табақшылар өтіп жатады, үлкен-үлкен табақ ет көтеріп.)*

II көрініс

А л ғ а ш қ ы т а б а қ ш ы . Ой, қатындар, құр кісі жоқ үйді айналдырғанша, ана ізденіп отырған жігіттерге, күйеулердің үйіне барсаңдаршы... Бар жігіт атаулы, ізденген қатын-қызбен салы бар, бозбаласы бар.

2-т а б а қ ш ы *(жүріп келе жатып)*. Ізденер де түр жоқ қой өздерінде... Өңшең бір лақса, бұларды кім керек қылсын.

2-қ а т ы н . Одан да етінді тасы жөндеп, саған жігіт тауып бер, басымды өткізе алмадық деген кісі бар ма? Осы ауылдың мал-қойшысы бейбастақ келеді өстіп.

3-т а б а қ ш ы . Қой, бұларға бөгелме, алып жүріңдер табақты, ана құдалардың үйіне астарыңды тез бер деп жатыр.

2-т а б а қ ш ы *(кетіп бара жатып)*. Бәлем, сен қатындармен ісім түссін, жігіт пысқырып қарамаған соң, ызалы болып ширығып отыр екенсіңдер, сендер ашулансаңдар – дүние ойран болады ғой.

2-қ а т ы н . Жігіт қарамады деп саған жалынамыз ғой, сұқсырдай неме?.. *(Күліседі.)*

3-т а б а қ ш ы . Бүлінбей-ақ қойыңдар... сендерге де өліп-талып тұрған кісі жоқ әзірше... Ашамайдай қылып не қылсын сені арса-арса қылып. *(Күліседі. Табақшылар кетеді артынан қатындар жүреді.)*

III көрініс

Аздан соң Ақбала, екі келіншекпен бірге қолдарына жасау алып отауға келіп кіреді.

А қ б а л а . Ол жібекті мына шымылдыққа іл, оңайға қой, жаршы қыздардың жамылатын жібегі ғой.

1-к е л і н ш е к *(үйді жасап жүріп)*. Жігіттерден жар-жар айтатын Асан болады, ол бір самар көрінеді, қыздар ештеңе айта алар ма екен?

2-к е л і н ш е к . Е, айтпай!! Олар да естімей жүр деймісің, бүгін туып па?.. Жар-жарды еркемнің өзіне айтқызса, Асаннан асып түспесе, кем түспес еді. Ұзатылатын қыз болған соң иба

қылады ғой, әйтпесе Сырымнан екі елі айырылмаған, ылғи өлеңмен ән үйреніп алып, ойын-тойда тамам қыз-келіншектің алдына түсуші еді.

А қ б а л а . Олар үшін айтатын кісі табылар, мырза жігіт бұрынғы әдетінен жаңылмаса, жігіттерге қосылар деймісің.

1-к е л і н ш е к . Кім біледі? Әжемнен қаймықпаса, ұрсады деп.

А қ б а л а . Бәрекелді, қаймығатын кісіні тапқан екенсің! Әжем қарғағаннан басқа оған не қылады? Айтар қарғысын айта берер, теріс батасын беріп болған. Оған тыылса, мырза жігіт ай карап жүр деймісің, ол өз бетінен қайтпайтын тентек емес пе?

2-к е л і н ш е к . Япырым-ай, әжемді әкелері осы күнге шейін сыйлап қорқып тұрады, Сырым неге соларша қадірлемейді.

А қ б а л а . Жас күнінде, шешесі өлгеннен бері, әкені әке демей, шешені шеше демей, жат бауыр болып кетті дейді ғой.

1-к е л і н ш е к . Болса болар-ау өзі, мына шешесінен өгейлік те көріпті ғой бала кезінде.

IV көрініс

Қолында таяғы бар, жуан семіз бәйбіше Мөржан шығады. Жанында Кәмшат сүйемелеп келе жатыр.

М ө р ж а н (*Отрудың есігіне қарап тұрып*). Болдыңдар ма түге, Ақбала мұндамысың?

А қ б а л а . Болдық, әже! Енді құда-құдағилар осында келеді ғой?

М ө р ж а н . Тысқа кілем әкеліп жайыңдар. Жұрттың бәрі үйге сыя ма? Қаракөз аттанғанша құда-құдағиды төбеңмен тік тұрып күт. Қаракөз қайда өзі? Ол үйінде неге отырмайды? (*Тым-тырыстан соң Ақбалаға оңашарақ.*) Мен бүгін бір суық сөз естідім, осындағы қатын-қалаштың бәрі сөйлеп жүр дейді, ол тағы не сұмдық?! Сен білуші ма едің? Ауылға, аруаққа нұқсан келтіретінін білем деймісің сен. Сезгеніңді айтпай жа-сырып жүрсің ғой дәу де болса.

А қ б а л а . Жалғыз мен емес, осындағы жұрттың бәрі біліпті. Төремнің риза еместігі Наршаға да мәлім болыпты. Білгенмен жұрт қайтушы еді, мен қайтейін?

М ө р ж а н . Нарша да біліпті дейді? Шынымен-ақ менің асыраған балам жаманатты болғаны ма? Үлде мен бүлдеге

орап, алтындай сақтап келгенімді бір-ақ күнде шайғаны ма? Бұның не білген ойы бар, шақыр мұнда Қаракөзді (*Кәмишат кетеді. Табақшылар ет алып өтеді.*)

3-т а б а қ ш ы (*асығып келе жатып*). Болындар қазір ойын болады, тойға жиылған жұрт енді ойын болсын деп асығып отыр. Қаракөзден аяйтын не жан бар, сал шыбыныңды.

2-т а б а қ ш ы . Қаракөз келетін болса жарар еді, кететін болған соң қиналдың не, қиналмадың не? (*Кетіп қалады.*)

М ө р ж а н (*ойланып тұрып, ашулы*). Жетім қозы тас бауыр деп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, туған шешесін жоқтатпайын деп келсем де, барлық қадір-қасиетімді басқа тепкені ме? (*Тым-тырыстан соң, Ақбалаға.*) Мұны бұзып жүрген кім? Наршадан асып тапқаны кім, менсінбегенде?

А қ б а л а . Әже, Наршаны жақтыртпадым дегені болмаса, басқа кісі бар деп ешкім ешбір сөз айтпайды, бар болса да, ол кісіні білген тірі жан жоқ, мен де түк білмеймін.

М ө р ж а н . Иә, сенгенім-ақ (*кекетін*), соның сенен жасырын сыры бар шығар, баламның ойын бұзатын әзірейілді иіскемей-ақ білемін. Жеңгемін деп қас істемейтін сен сияқтылар істейтінін сезбейтін шығармын, тек қонақ аттансын, сенің ініңе су құярмын, білдің бе?

Көп келіншек нөкерімен сәукеле киген Қаракөз келе жатады. Қаракөз мұңлы. Алыстан шуылдап ойнап жатқан дауыстар, ән естіледі. Сахнадан Сырымның жолдастары үш-төрт салдар, бес-алты қыз-келіншек құшақтасып ән салып өтеді.

V көрініс

М ө р ж а н . Қарағым! Неге жүдеусің? Мынау отауыңа: «ұзағынан сүйіндір», – деп оң аяғыңмен аттап кір... Атаң күйеу, енең келін боп тілеу тілеп кірген, ақ күмбезі осы болар, әлде кімнің қызынша орынсызға именіп, жасқанбай, бойыңды дәл ұста... (*Қаракөз кірмей, үндемей тұрады.*) Кір, жарығым, жасық боламысың, шіркін, әлде немене!..

Қ а р а к ө з . Әже-ай! Шығармыз да, кірерміз..., оның несін ырым қылдың... Қай қыз сапарымды онда деп тілеу тілемеді дейсің? Соған қарап бағы ашылатын болса кім тілемес дейсің? Жылы ұядан шығып, жат ұяға кетіп барамыз, одан да батаңды берсеңші.

М ө р ж а н . Менің бата бермей жүрген балам ба едің сен?! Ана сүтім, ақ батамды ақтамасаң – саған серт, тілеуіңді тілемесең – маған серт дегенім қайда? Қайдан білейін, туысқаның Сырымша ата-ананың теріс батасын арқалап, аруақты күңіретіп жүрмесең. *(Тым-тырыстан соң.)* Басқан ізіңнен сынайтын жаттың ортасына барасың, сақ бол. «Басқа пәле қызыл тілден» деген сөз бар. Ата сақал аузына біткен сенің әкең Жарылғапты қағып отырсам да, сені бір күн алдыңнан шығып, көлденең келген жоқ едім. Өркөкірек қылып өсірген өзім едім, өлшеуіңнен аума, жаным.

Қ а р а к ө з . Әже, мені бір шаруаға шақырттың ба, әлде бір айтпағың бар ма еді?

М ө р ж а н . Қарағым, айтпағым бар екені рас. *(Аздан соң.)* Сенде ішке жиған бір наразылық бар сияқты, қызығын қызықтағысы келмеген бір жараулық бар дейді. Сенің қызығыңа қараған шешең мен үстінде жаным шықсын деген анаңмын. Саған жаман ат тағылғанша, менің қартайған басыма ол қайғыны салғанша, құдайдың алғаны артық деп жүрген адаммын...

Қ а р а к ө з . Мен сонша жаманатты болыппын ба? Не істеппін?

М ө р ж а н . Сенің қабағыңа қарап, Нарша да жүдеп отыр дейді... оның да қабағы сынық сияқты маған. Одан артық сұмдық бола ма, бұл менің көрер күнім бе еді? Осыны бір емес, көп жұрт айтты. Қарағым, мен сенен мұның жай-жапсарын сұрамаймын.

Қ а р а к ө з . Неге сұрамайсың? Сұрағаның лайық емес пе? Бітеу жара қылып ішіңе сақтасаң, дерт болмай ма? Мені бұл болмаса, күл болсын дегенің бе... Әйтпесе қызының күйін шеше сұрап білсе мін бола ма екен?

М ө р ж а н . Жоқ... жаным... маған сұратпа, маған ол күйіңді білдірме... Айтпағым сол, осы білгенім де жетер, менің кәрілігімді ұмытпа. Шешеңнің ауыр салмақ көтерер сиқы жоғын байқа..., мына тойынды қуанышпен өткіз..., жабы болып жолдасыңды жасытпа. Ондағы баратын ауылыңның, мұндағы ата-анаңның жүрегін мұздатпа...

Қ а р а к ө з . Кім болса да қолынан келгенін істер...

М ө р ж а н . Балам, жоқ сұмдықты бастама... жұрттан естіп жатқан сөзім де жетер. Салғыласпа енді меніменен... *(Жақындан келе жатқан ән естіледі.)* Болды, енді үйге кір...

Қыздар үйге кіреді. Ақбала мен Қаракөз сырласып сөйлеседі, өзге қыздар бір жақта күлісіп, сөйлесіп тұрады. Бұл уақытта сахнаға күйеулер тобы шығады. Ішінде Асан сияқты салдары бар... бір бөлек болып құда-құдағилар шығады. Құдалардың ішінде Тұрсын, Қойсары би бар. Текті бәйбіше қасында, Жарылғап ауылының қатындары, құда-құдағилар, бұлар салулы кілемге отырады. Тойға жиылған ел, күйеулер тобының жанында болады, Асан сал әндетіп шығады. Маңайындағы жұрт қамалып, күлісіп, қуанысып келе жатады.

VI көрініс

Мөржан (*Наршаның алдынан*). Қарағым, ұзағынан сүйіндірсін. «Қыз алғанша қайын жуан, қыз алған соң күйеу жуан» деген. (*Бұл уақытта Нарша, Асан барлық жолдастарымен Мөржан бәйбішенің алдынан сызылып тәжім етеді.*) Енді Қаракөзім де бір, сен де бірсің. Екеуің қара өзегімді қақ жарып шыққан баламсың. Келші бермен (*Нарша қасына келеді, Мөржан маңдайынан сүйеді.*) Өмір жастарың ұзақ болсын, қарағым.

Текті. Құдағидың мейірімі түскен баласы еді Қаракөз. Нарша екеуі тек ақ батанды ақтайтын болсын, біздің де содан басқа тілейтін тілегіміз жоқ.

Жарылғап. Кемпір шешенің содан артық не тілегі болады, тек балалар бақытты болсын, ұзағынан сүйіндірсін, бәріміздің де тілегіміз сол.

Тұрсын. Не нәрсе де ұзағынан берсін, біздің анау-мынау сөзіміз жолда қалатын сөз ғой, тек әке едің, үлкен едің деп айтқан болмаса, өздерінің түз еңбегі жарасса, әке-шеше былай қалады ғой.

Қойсары. Ақ батаны беріп, адал тілеуді тілеу – атананың міндеті, көл болған көп тілеуін орындау – адал туған үл мен қыздың міндеті.

Мөржан. Балаларым, жақсы болсаң, кеуденде санаң болса, үлкеннің тілеуі де, батасы да осы болар. Жаман болам десеңдер, бізді өмір бойы бөктеріп жүрмесіңдер, өз күндеріңді өздерің көрерсің, әйтпесе іріген-шірігеннің бірі болып жүрерсің (*Бұл сөзді тыстағылар мен үйдің ішіндегі жұрттың бәрі тыңдап тұрады.*)

Жарылғап. Кәне, ойындарыңды бастандар.

Дауыстар. Иә, енді ойын басталсын, ойын басталсын, кәрінің ақылы айтылмай қалмас, кейін де айтылар. Жаршылар!

Шығындар енді, қыз-келіншек күтіп тұр (*Күліседі, салдар мен ел жігіттері бөлініп шығады.*)

А с а н .

Жар-жар болса, жаршы біз,
Айтысам деген ақын қыз
Бой көрсетсін тығылмай,
Айтысатын ақынбыз (*аз тым-тырыс.*)
Тәтті ауыздан дәм кетпей,
Қиналып маңдай терлетпей,
Айтысам десең, бастаймыз
Тындаушыны шөлдетпей.

Қыздар сыбырласып, ақырын күлісіп, жібек шәлі жамылып, төрт-бесеу топтанып, босағаға таман келеді, бұл уақытта Сырым көп жолдасымен сахнаға шығады – бәрі де сәнді салдар.

К ө п ж ұ р т . Салдар-салдар келеді (*Жол беріседі.*)

А с а н (*Сырымға*). Қай топқа қосыласың?

Ж а р ы л ғ а п . Қай топқа қосылғаны несі – бұл еркек емес пе, еркекке қосылады да.

М ө р ж а н . Оны істесе Сырым бола ма (*Кекетін күліседі.*)

С ы р ы м (*Құдалар жаққа қарап*)

Күлген кісі күлер,
Күлмегенің түнер.
Тіл орамды ілер,
Мұндайда ақын бір түлер.
Түлегенде не дер –
Оны Сырым білер.
Жалғыз-ақ топтан тілек бар –
Тентек атты Сырым ғой,
Не сөз айтса албытқа
Қайнамасын жігер!

(*Көп жұрт күліседі.*)

Д а у ы с . Әй, байғұсым, жүрек шерін тарқатар көсем серкем осы дағы. (*Сырым жолдастарын ертіп үйдің ішіне кіріп кетеді. Үлкендер ұнатпаған пішінмен қарасады.*)

М ө р ж а н (*Жарылғанға*). Осы сияқты ібіліс жынның жүрісін көрмесем деп едім, бүгінгі күн тағы кез келтірді ме?

Ж а р ы л ғ а п . Оның дағы жүргені аруақтың арқасы шығар, қайтушы едік, соншалық жатша қуып, жат бауыр қылып қайтесің.

М ө р ж а н . Мен қойдым, бірақ бұл жүрген жерден береке шықпайды: айттым да қойдым.

Бұл уақытта әр жердегі топ сыбырласып, күлісіп тұрады, Сырым үйге кіргенде Қаракөздің қасына келіп.

С ы р ы м (*Қаракөзге*). Қалқам, мен бүгін текке келіп, текке кетем деп келгенім жоқ, мен баласы жауға тұтқын боп, өзіне оқ тиген жанмын, сені қамаған топты жараламай кетпеймін.

Қ а р а к ө з. Мен сөзімді айтқанмын. Менің еш нәрседен именерім жоқ, өзің біл.

Еркектер тобы, бастығы Асан әндетіп, қосылып жар-жар айтады.

Ж а р - ж а р (*бастаушы Асан*):

Жар-жар біз келдік, еркем, сізге, жар-жар,
Айттың сөз жарасын сіз бен бізге, жар-жар!
Қуаныш тойыңды құттықтаймыз, жар-жар,
Тілеу тілеп алдыңнан үй мен түзде, жар-жар!
Жиылған жұрт, ағайын, тілеуің де, жар-жар,
Еш күмән жоқ оң сапар тілеуіңде, жар-жар!
Екі асылдың сынығы қосылыпсың, жар-жар,
Міні бар деп айтпаймыз, біреуінді, жар-жар!
Еркелетіп өсірген бегің қақпай, жар-жар,
Жар атын да айтпаған зорын таппай, жар-жар!
Көп тілеулес ағайын ортасында,
Бетін аштық сол сөздің келген ашпай, жар-жар!

Әр жердегі әйелдер ақырын жыласады. Еркек тобында ақырын күлкі, жыбырласқан әңгіме.

Ә й е л д е р т о б ы (*бастығы Сырым болып, Асан тоқтай салысымен бастайды*):

Жар жақсы деп жаршылар көп айтады, жар-жар,
Өмір көркі жарменен деп айтады, жар-жар!
Жігіт айтса күлкімен айтар сөзін, жар-жар,
Қыз жыласа уайым жеп айтады, жар-жар!
Сал жігітке шырқаған әні қызық, жар-жар.
Ағайынға той қылған сәні қызық, жар-жар!
Қыз не десе де о десін атанарда, жар-жар,
Тізіп алған атаға малы қызық, жар-жар.
Мен жыласам жылаймын қайғымды айтып, жар-жар,
Іштегі өртті тығамын айтпай қайтып, жар-жар!
Ұрыссаң дағы ата-анам естісең де, жар-жар
Мен бекіндім кетуге барымды айтып, жар-жар!

Аз тым-тырыс. Тыстағы құда-құдағилар қозғалып қобалжығандай болады.

М ө р ж а н. «Кері кеткеннің аузынан кеселді сөз шығады» деп, Сырым айтып тұрған сөз ғой мынаның бәрі.

Қ о й с а р ы . Ұрыспаңыз, бұдан бір алуан сөз шығар, тіпті айтылғаны теріс емес. Жар-жарда әйел бала риза болдым деген сөз сөйлеуші ме еді! Бұнысы тіпті жолды сөз.

Т ұ р с ы н . Рас айтасың, (*Асанға*) кәне сендер неге тұрсыңдар, айтыңдар!

А с а н (*Салдарды бастан*):

Жыласын деп айтпаймыз саған жарды, жар-жар,
Білдірмекші ағайын көңіл барды, жар-жар!
Есік аштың бүгін күн жаңа өмірге, жар-жар,
Еркелікпен балалық кейін қалды, жар-жар!
Лайық шығар айтқаның ойда барды, жар-жар,
Не күйдірді, не жақты көңіліңде алдың, жар-жар!
Нені сүйіп, не нәрсе қайғы салды, жар-жар!
Сөйтсе дағы бүгінгі күн тілеу күні, жар-жар!
Қызық қыл деп тілейтін күндіз-түні
Қуанышы туысқанның ортасында
Шығуына орны жоқ зардың үні, жар-жар.
Қуанышты күн болса – тілеу болар
Тілететін тілекті тіреу болар.

Ә й е л д е р т о б ы :

Қуаныштың орнында қайғы болса,
Көңіл баяу, көз мұңды, жылау болар.
Қуанар ем мен дағы бойым еріп,
Осы қызық бола алса өмірсерік.
Қазір тарап кететін ойын-жиын,
Адым жерге кім барар жаным еріп, жар-жар.
Бүгінгі күн түрленген кинаулымын,
Айналамда көз де көп сынаулымын.
Іштегі дерт сонда да шықсын сыртқа,
Бірзалық жоқ мен зарлы жылаулымын, жар-жар!

Ұлкендер бір-біріне қарайды, Нарша жүдеп тұрады.

М ө р ж а н . Мынау менің баламның сөзі емес, а Құдай, оң сапарыңды бер, жолымды қыл деп тілек тілеудің орнына. Менің балам мұны айтпайды, бүйтіп азбайды. Мынау сөз Сырым сияқты жынның сөзі, оның адал ниет ақ батамен жұмысы бар ма? Шығаршы өзін қарағымның жанынан – ойын деп тұр ма, баланың тілек тілейтін сапарын, нені көкіп тұр өзі?!

Н а р ш а (*өз тобына*). Шығар сөз шығып қалған соң, бүркегенмен бола ма, қайғылы жалғыз Қаракөз емес, Сырым да қостайды екен. Екеуі қосылып айтқан соң тыңдамауға бола ма..., бола ма, Асан! Айтқыза бер, арманымыздан шығып тыңдап қалайық. (*Бұл сөздерді үйдегі Сырымдар естін тұрады.*)

Сырым (*Қаракөзге*). Атқан оғым тиетін жерлеріне тиіп жатыр. Менің ендігі жұбанышым осы дағы. (*Жолдастары мен әйелдерге қарап, ақырын өлеңдетіп*):

Жаралауға жарасам, –
Мұратыңа жеткенің!
Сайрап жүрген ол бұлбұл
Ерігі жоқ болды құл.
Ойланып артқа қарасам –
Енді болдың сен де тұл.
Ерке тоты кеткенің
Аза салып қайғы қыл!
Жырла да жыла соны біл...

Асан (*айқайлап шырқатып алып*).

Күлдер-ай мен қыз белін қынайтуғын, жар-жар,
Ұзатарда егіліп жылайтуғын.
Риза емен деп бай таңдап, қыз алмайды,
Бәрі дағы көз жасын бұлайтуғын.
Сөйтсе дағы жылаудың орны бар-ды.
Жар үстінде шығармас іште зарын.
Ару асыл болғанда ойламас па,
Уақыт тығыз болғанда орын-тарды, жар-жар.

Сырым тобы.

Бүркегенге етекпен өрт тұра ма,
Тыққанменен білінбей дерт тұра ма?
Бәлсінбеймін айтпағым шыны зарым,
Қайғы жексе бойдағы ерік тұра ма?
Ата-ананың малымен ұстап жастан
Ноқта тағып бөтенге таңба басқан.
Кім алса да кім бөтен мүлкімін мен, –
Жұбанарлық орын жоқ ерте бастан.
Басалқы сөз – өсиет кеңшілікте,
Ежелден менің басым кемшілікте.
Жиылыс бәрімізге бірдей болса,
Мен де ортақ қолға тиген теңшілікке.

Мөржан. Жә! Токтат, енді?! Бүйтіп айтқан жар-жарың құрысын. Осы арсызға қосылып айтып тұрған ұрғашы кім? Соны айтыңдаршы жалғыз-ақ маған?!

Текті. Қой, енді мынадан арғыны тыңдар жайым жоқ. Шыдайын десем де шыдатар емес қой, мен жалғыз баламның қызығын бүйтіп қызықтаймын деп келгенім жоқ. Қаракөз айтса да, Сырым айтса да осы сыйымыз жетер. (*Тұрады.*)

Қойсары. Тек, балаларға сөйле деп ерік беріп, артынан әзіл сияқты сөзін жіпке тізгеннің орны болмайды, оны ашу қылып, зіл қылғаның лайық емес. Мұндай-мұндайды айтпаса жас бола ма, ұзатыларда осы ретгі сөзді айтқаны жөн...

Тұрсын. Ендігі ойының балалар мен жастар өзі ойнай берсін, біз енді үй жағымызға барайық... (*Үлкендер тұрады, Асан бірге шығады.*)

Мөржан. Сырым жүрген жерден береке күткен жан емес едім. Әке-шешеге күйініштен басқа берері жоқ, не деген азып туған жан болды... Тілеген баласы осы ма еді? Бүйткенше өзі берген құдайдың өзі алса еді, бүгінгі тойға келмесін деп едім, Жарылғап пен Жабай, әйтеуір қылдыңдар маған... (*Еркектер күліседі.*)

Жарылғап. Апам жар-жарды естімеген-ау деймін осы? Бұрын Сырым айтты дегенің болмаса, кім айтпаушы еді осылай деп? (*Жүруге ыңғайланады.*)

Мөржан (*Еркектермен кетіп бара жатып*). Жарайды, өсиет айтатын әке сенбісің? Заманыңа да болайын, әке болмыс сен болсаң, саған да болайын. Ой-сана жоқ дей ме екен өзге елде. (*Отаудың сыртында тұрған елге.*) Қарақтарым, тоқтатындар да, тараңдар енді. Сырымнан қай басты сөз естимін деп тұрсындар, мұны істемесе, ол аты шулы болып елден шыға ма... (*Сырымға айғайлап.*) Қуарған ұл, кет енді ауылымнан... қарамды көрме, жолама дегенім қайда... мен саған. Сенің күйігіңнен өлер болдым-ау, жер жұтқыр..., көрінбе көзіме, арам туған неме. (*Шығып бара жатады.*)

Сырым (*Үйден сақылдап күліп*). Шеше! Мен өтірік сөз айтқаным жоқ. Айтылған сөздің бәрі рас.

Қаракөз (*Қасына келіп*). Қойсаңшы енді. Әжеммен са-лыспашы осы, қарғысы жаман, аямайды.

Сырым (*айғайлап*). Әже! Өтірік десең, кәне, тыңда... Енді сыңсып қоштасатын өлең айтылады. (*Ән шырқатады.*)

Багагөй әжем де бар көзі тірі,
Тұғырдан тайғаны жоқ ақыл ірі.
Шешем өлігі жетім боп қалғанымда,
Зорлаушы сатушының өзі бірі.
Сүймеген келін бопты шешем менің
Қалыпты соған деген көңіл кірі.

Қаракөз жылайды, өзге үлкендер кеткенде, жалғыз Жабай қалады.

VII көрініс

Сырым жолдастарымен сыртқа шығады. Мұның алдында Нарша өз жолдастарымен сөйлесіп тұрады. Сырым сыртқа шыққанда, Нарша қасына келеді. Бұл уақытта Асан Қаракөздің қасына келіп, ақырын сөйлеседі.

Н а р ш а (*Сырымға*). Сырым, сен жалындаған асыл сөздің иесісің. Сенің сөзіңді ажалдыға кез келсін деуші еді жұрт, бірақ шырай топтың көзінше пұшпағынан ілінген ажалды киік мен болам ба? Азалы, қайғылы жалғыз Қаракөз емес, сен де арман көрінесің. Қаракөздің күйігін жыр қылу үшін басы сен болған соң, қарындасыңда не арман болсын, жалғыз-ақ керегі жоқ... бұ да кезі келген заман шығар.

С ы р ы м (*салқын*). Қарағым! Мені жерлеп қайтесің, мен жол мен жөннен адасқан әуре жанмын... Менің елім – жылаған қыз бен жырлаған жігіт... одан басқа елдің бәріне мен де жатпын, маған ел де жат. Тіл алсаң, мені қажама... Сенімен шиленіспей-ақ қояйын.

Ж а б а й . Ей, Сырым! Бер кел... (*Сырым таңырқап келеді.*)

С ы р ы м . Не айтасың?

Ж а б а й (*Ашулы*). Не айтатыным сол: әке-шеше болып айтқан сөзім даритын болса, сен мына бейбастақтықты істемес едің ғой. Сені не дейді, бізді не дейді, қымсынудан кеткен екенсің; жатқа істеген ісің белгілі еді. Бүгін күйінген кісі болып келіп, Қаракөзге де мынаны істедің бе? (*Ашуланып.*) Басқан із көрінбейді екен деме... Әйтеуір ізденген бір бәлеңе ұрынғалы келе жатырсың., алдыңнан шықпайым... Жететін өрісіңе жібердім... бірақ аяғыңды байқап бас... (*Жүріп бара жатады.*)

С ы р ы м (*салқын түспен*). Сол ма?

Ж а б а й (*кетіп бара жатып*). Сол... айттым... болды. Ұғарлық болсаң... Ұғарсың...

С ы р ы м (*әндеткен сөзбен*):

Қаракөз асыл аяулы,
Қайғы басқан қаяулы.
Жарасын ашсам жақпайды,
Ұрсады маған бай ауылы.
Шер жесе де шығар ма,
Болмаса жаза таяулы.
Маған да күн қарап
Аттысы атпен шапқанда,
Жаяуы қуды жаяулы.

Жолдастарымен сахнадан шығады.

Ш ы м ы л д ы қ

2-ПЕРДЕ, 3-СУРЕТ

I көрініс

Тұрсын ауылы, келінді тосып отырған ел, келін келген жоқ, бірақ күйеу, құдалар ауылға келген. Сахнада қыздың отауының жартысы тігілген, отау сәнді, жасаулы, сырты кестелі, сахнаның жартысы ашық дала. Алыста тау, көл суреті бар, түтіні будақтап шығып жатқан ауылдар көрінеді. Тыста келінді күтіп тұрған жиын. Тұрсын ауылының үлкендері арасында Қаракөздің жақындары мен Нарша, Асан сал бар.

Асан. Келін келе жатыр, жақындап қалды... Атасы мен енесі, қайнаға мен абысын, қатарыңды түзей бер.

Текті. Қатарымды түзеймін деп Қаракөздің алдында мен сызылушы ма едім?.. Асау бастың жуасып, ақ ноктаның киілгені осы; енді Қаракөз бізге сызылсын. Алдынан біз сызылғандай Қаракөз бізді қадірлеп пе еді? Жар-жар айтамын деп, өлеңші ағасына ойындағы бар арманын айтқызыған жоқ па еді?

Қойсары. Ол үшін кекті болсаң, келінің қолыңа келе жатыр ғой – жазығын мойнына алып жаяулап. (*Тұрсын мен Жарылғанға қарап күліп.*) Бұл бір әмірі жүріп алған соң үлкендік деген бір пәле-ау, өзінен кішіні иментіп алып, қатал болып зілденеді де тұрады... (*Күліседі.*)

Текті. Қалай күлгеніңмен Сырым айтқан сөзді неғып ұмытайын. Құдағимен екеуіміздің көңілімізге ол әлдеқашан түйін болып байланған. Құдай-ау ұзағынан сүйіндір! Игілігін көрсет деп жүрген баламнан мен «менсінбеймін, риза емеспін» деген сөзді естіп алып, енді мен немен жұбатайын өзімді?! Тіпті, сол емексіткендеріңе риза емеспін әуелі.

Нарша. Олай болса, Асан сенің наразылығыңды қазір-ақ алдынан өлеңмен білдірейін деп тұр, оны қалай көресің?

Текті. Ол қай өлең? Беташар ма, немеңе?

Асан. Тіпті беташарды да қазір айтам. Қаракөзден ақылы асқан жақсы келіннің бетін ашып, келген жерде бір көрмей, қашанғы шыдап тұрады жұрт.

Қойсары. Айтам десең, айт. Бала-шағаның шымылдықпен мына келе жатқан сәніне, беташардың өзі де осы жерде жарастықты болады. Қаракөздің жанына еріп Сырым да салдарымен келе жатқан шығар. Еркек басымен әйел тобынан шықпағаны үшін о да бір қысылсын. (*Күліседі.*) Шымылдықтың ішінде бар болса, оның да бетін ашу керек.

Н а р ш а . Сырымның ежелгі елі: ұзатылып сыңсыған қызбен күйеушілеген бозбала, оның туған-туысқаны, елі-жұрты қызығы да сол. Ол өзге жұрттың жақсы-жаман дегенін ескерген емес, мен білген Сырым болса, осы шымылдық ішінде солар да бар...

II көрініс

Үлкен шымылдықты екі жағынан екі қатын ұстап әкеле жатады. Шымылдықтың артында сәукелелі келін, қасында қыз-келіншектің үлкен тобы. Қаракөздің жанында Сырым құшақтап келеді. Өзге қыз-келіншектермен салдар құшақтасқан.

Н а р ш а (*Асанға*). Сырым ойын-сауықтың перісі болып кетсе де, осы мына шымылдықтың ішінде келе жатқаны тым сыпайы емес шығар. Әнеугі тойдағы тілі үшін, бүгін бір кезегін алар орның келді. Енді бір қаруын алып қал...

С ы р ы м (*Шымылдыңтың ішінде Қаракөзге*):

Өз елім дер елім жоқ,
Туысқан-туған менде жоқ.
Осы сені қуантқан жерде қуанып,
Сені уатқан жерде уанып,

Жүрсем маған со да жетпей ме... Сен көргенді мен көрмейтін не қасиетім бар... Жұрт не десе о десін, мен де осы шымылдықтың ішінде сенімен бірге кеттім... (*Қыз-келіншек күледі.*) Тек осы шымылдық осы күйінде алдымда желбіреп отырсын, ақыретке апарса да соның жетегімен ере берем.

Д у л а т (*Қасындағы келіншегін сүйіп алып*). Мына қалқалармен қайда барсақ та арман емес..., шұбата бер шымылдықты... (*Үлкендер жиынының алдына келіп, шымылдық тоқтайды.*)

А с а н (*шырқатып, әндетіп*):

Қызыл жібек шымылдық пен пердеңіз!
Асыл келін олжалы, жек көрменіз.
Қасында жігіт болса, бас жақсысы,
Бөтенсіп әлдекім деп жат көрменіз.

(*Жұрт күліседі.*)

Бет пердең толқытады майда желдей,
Қуанттың ел-жұртыңды келер-келмей.
Болғанда жасау басы – басты жігіт,
Ел жоқ-ау Қаракөзді берген елдей!

Қаракөз (*Сырымға*). Қанша кіштімтайлы болсақ та, мынадайда бой жасырғаны ер жігіттің өлгені де... Сөзін жесір жібермей, жауап бер.

Сырым (*Домбырамен ән шырқайды*):

Қызыл гүл дауыл ұрып жерге соқты,
Ақ тоты бүгін саған тұтқын бопты.
Айдынның ақ құсындай қарағыма
Кез қыпты құзғындайын бассыз топты.
Асаусып алыпұшып аспай сөйле!
Қаракөз бір басы да саған көпті.
Қаракөз Қарауылда ерке болған,
Мың қойдан иығы асқан серке болған.
Таңдаулы мекенім деп сені алған жоқ,
Байлаған бата шығар ерте болған.
Қаракөз Қарауылдың ақ маралы,
Болғанда бетке сұлу, ой саналы.
Жеңбесе бойын тежеп өз көңілін,
Ешкімнің әкелген жоқ айла-амалы.
Кісі түгіл жасаусыз келсе дағы,
Сендерде сырт беретін күш шамалы!

Қойсары. Сырым сөйлесе шеттігіне іліндіріп сөйлейді. Жуан ауылдың баласы өрге айдамаса көңілі көнши ме, Асан! Сырым екеуің әлі де талай шекісерсің. Енді мына қуанышын күтіп тұрған ата-ананың алдында Қаракөздің бетін ашып, ауыл көркі келінді көптен күткен игілік қой, қызығының түсін көріп көңілдері көншісін...

Тұрсын. Кәне, енді көптей тіл-жағынды безеп алатындай болдың ғой, жақсы сөзбен қарағымның бетін аш...

Жарылғап. Елдің баяғыдан жол қылып айтып жүрген сөзін айт. Осы шығарма өлеңдерің мірдің оғындай болып құлағымызға жат тиіп жүр. Тіпті, біз елемесек те, құдағиларыңызды жүдететін көрінеді. (*Күліседі*.)

Асан (*Беташарды бастайды*):

Келіннен енді сөйлейін,
Көп дабырлап шуламай,
Құлағыңды саласың.
Қатесі болса сөзімнің,
Осы отырған әлеумет,
Сынға салып қарасын.
Құлағыңды салып тыңдап тұр,
Келінжан, менің тілімді.
Әдет жолын үйренбек,

Жас кісіге білімді,
Ақылсызға айтқан сөз,
Далаға кеткен шығын-ды.
Бәрі саған керек іс,
Тыңдасаң, келін, жырымды.
Жырға қосып айтамын,
Бар есиет сырымды.
Бұрынғы күнің – балалық,
Ержеткен күнің – бүгін-ді.
Өзім айтқан сөз емес,
Осылайша деген бұрынғы.
Келін боп келмек оң жаққа,
Ата-ананың мұрасы.
Бұрынғы үйің бекер-ді,
Мекенің осы – тұрасың,
Өз үйіңде тұрмақ жок,
Ұл боп тумай әуелде.
Қыз болған соң туысы,
Келін боп келген қиын іс.
Жаңа өспірім балаға,
Қызмет қыл иіліп.
Ата менен анаға,
Өзіңнен үлкен адамның
Бетіне тікке қарама.
Үлкен кісі келгенде,
Қағарласып отырмай,
Кейін отыр панада.
Лажы болса шығып тұр,
Қайтқанынша далаға.
Бар айтқаным бұл емес,
Құлағың салып тыңдап тұр,
Сөзім бар айтар және де.
Тұратын болса ата-анаң,
Отырып қалма орнында.
Тұрып барып есік аш,
Еріп шықпа соңынан.
Дәрет суды көтеріп,
Қарап та тұр жолына.
Орамалын алып бер,
Ұмытып кетпе оны да.
Бұрынғыдай ойламай,
Сабыр етіп шыдам қыл,
Аштық пенен тоғына.
Ұзын сөздің қысқасы.
«Жақсы болып іс қылып»,
Жұрттыңа жақ еліңмен.
Бар айтқаным бұл емес,

Құлағың салып тыңдап тұр,
Айтылар кейін қалғаны.
Отырған адам көзінше,
Әр жеріңді қасыма.
Жаулығыңды шуатпай,
Дұрыстап ора басыңа.
Астынан шығып тұрмасын,
Ие боп жүр шашыңа.
Қолын ұстап, бетін сүй,
Отырса бала қасыңа.
Қайынды сыйлап, қадірле,
Қарама үлкен-жасыңа.
Жасы құрбы екен деп,
Жаманға болма ашына.
Ойынның жөні осы деп,
Біреуге тұрма асыла.
Мырза келін десін деп,
Әркімге берме шашыла.
Біреу жаман айтты деп,
Болымсыз іске жасыма!
Пәленше бүйдеп айтты деп,
Жарыңа сөзді тасыма.
Естісең де жаман сөз,
Жүргенің жақсы жасыра.
Көңілге келіп жүрмесін,
Айтты деп сөздің қисынын.
Бүгінде жаман көргенмен,
Көңілге теріс келгенмен,
Бәрі де саған пайдалы
Ағанның айтқан жырының.
Сендерге енді келейін,
Қарт-қария, аталар,
Жапсардағы отырған –
Жастары үлкен аналар,
Ақылы артық, даналар.
Біздерге енді қуаныш,
Жасы кіші, балалар.
Бұрынғының бір жолы,
Келінді көрген адамнан
Көрімдікке мал алар.
Қайын атаға бір сәлем!

Бұл уақытта шымылдық көтеріледі. Қаракөз қасындағы Тұрсын ауылының үш-төрт келіншегімен иіліп сәлем етеді. Өзге әйелдермен жігіттер кейін тұрады. Шымылдық түрілгенде, Сырымның жолдастары салдар қыз-келіншектермен құшақтасып тұрады. Сәлем еткен соң, шымылдық орнына түседі.

Т ұ р с ы н . Тәңірі жарылғасын, абыройлы бақытты бол, балам!

А с а н (*келін сәлем еткенде Тұрсынға*). Көрімдігін айтыңыз! Балаларыңның ішінде көрімдігі көп, ақылы артық келінің, жалғыз қара болмасын; түйе болса боталы, бие болса тайлысы.

Т ұ р с ы н . Қалағаның болсын. (*Жұрты қошемет қылысын күліседі.*)

А с а н . Қайын енеңізге бір сәлем (*Тоқтайды, шымылдық көтеріледі, келіндер әуелгідей сәлем етеді.*)

Т е к т і . Өмір жасың ұзақ болсын, қарағым, Құдай ұзағынан сүйіндірсін.

А с а н . Келінің, балаң бір теңлі қосылыпты сайына, осындай жақсы келінді көрімдігін атамай, көресіндер ме жайына. Түйе берсең ақтан бер, өсеріне бақтан бер.

Т е к т і . Бас-басымызға шұбыртып ала берейін деп пе едің? Алдың ғой байдан.

А с а н . Тым болмаса ен салдыр, түйенің кенже ботасы, биенің кіші тайына, малға шамаң келмесе (*жұрт күліседі*) берсең де риза боламыз қаптағы құрт пен майыңа. Қайын ағаға бір сәлем (*Бұрынғы ретпен шымылдық көтеріліп, сәлем етеді.*)

Қ о й с а р ы . Ауданыңа атағы, ағайынға қадірлі, ауылының көркі бол, қарағым! Қосағыңмен қартаятын күнге жеткізсін, үбірлі-шүбірлі бол.

К ө п д а у ы с ы . Бәрекедді! Айтқаның келсін... Айтқаны келсін.

Т ұ р с ы н . Қысылғанымыз ба – неден? Біздікі тіпті бата сияқты болмап еді, бата жаңа келісті ғой.

А с а н (*бұрынғысыниша әндетіп, Қойсарыға*).

Келін, келін, келіңіз,

Көрімдігін беріңіз.

Ала-құла деменіз,

Түсін айтып беріңіз.

Қ о й с а р ы . Ентелеткеніңмен саған ақша беремін деп өлең айтқызығаным жоқ. Тілеуіммен Қаракөзді риза қылсам болады. Атын айтпай-ақ айта бер қалған сөзіңді.

А с а н (*күліп*):

Қойды берсең қоңырдан;

Өсеріне оңынан,

Абысынға бір сәлем.

(*Бұрынғыдай сәлем етеді.*)

Ешкі берсең сарыдан,
Мол қолда бол жарыған.
Түсін атап, енін айт,
Асып кет те бәрінен.
Беремін деген қай қатын,
Шығарып беріп жанынан.
Бергенім осы менің дер,
Алыстан келген кей қатын?
Берер едім аямай,
Жақын емес елім дер,
Бермеймін деген кей қатын?
Дүниенің билігін,
Үйдегі білер ерім дер.
Сылтау қылып кейбірі:
«Өкпелімін бұл тойдан,
Беретін жоқ жерім» дер.
Желдірітпелеп кейбірі,
Сабыр қылып тұратын.
Берейін саған кейін деп.
Кейін барып сұрасаң:
«Ойнамай жүр менімен,
Мен емес сенің теңін» дер.

(Жұрт күліседі) Жалпы жұртқа бір сәлем. (Келін сәлем етеді.)

Т ұ р с ы н . Асан! Енді балаларды шаршаттың ғой деймін, өлеңің бітті ғой... Енді рұқсат қылайық. Үйге кірсін. *(Бұл уақытта Мөржан бәйбіше де нөкерімен келеді.)*

III көрініс

А с а н *(жұлып алғандай)*. Өлең біткеннен Құдай сақтасын. Біздің өлең бітпейді, әншейін өздерің үйге кірсін демесеңдер. Мен ала қаптың аузын жаңа ғана ағыттым! *(Бұл уақытта үлкендер шетке таман шығып жол береді. Келіндер үйге таман жүреді.)*

А с а н *(шырқатып әндетін)*:

Сал бар ма бұл Арқада Асан салдай,
Алдына келе жатыр ақын салмай.
Асанның Қаракөзге сөзі көпті,
Шығарсақ қырмызыдай талдай-талдай.
(Келіндер отауға таман келгенінде):
Жаңа өмір мына туды атқан таңдай,
Балалық дәурен өтті, кетті шалғай.
Қызыл жібек шымылдық мұнда әкелді,

Ақ үйің алтын сарай енді болғай.
Ағайын тілеуінде бірі қалмай,
Көп тілеуі қалған жоқ, сірә, болмай.
Атта да оң аяқпен босағанды,
Тілеп кір: «Бере гөр деп өмір балдай».

Қ о й с а р ы . Бәрекелді... Жақсы айтасың, айтқаның келсін, қарағым. Келін! Осының тілегін сен де тілек қыл... Артыңды онда көгертіп, алдыңды мұнда жасартсын; «келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» деген; келген ауылың түгіл, еліңнің құт берекесі бол (*Келіндер үйге кіреді, салдар бірге кіріп кетеді.*)

М ө р ж а н . Қарағым, ақылымен толғанса кімнен кем болар дейсің. Қойнымдағы алтынымдай сақтаған асылым емес пе? Құдай бұйырып, аруақ қолдаса, әлі ауылыңның баласы болар.

Т ұ р с ы н . Кәне, енді біз де үй жағымызға барайық, балалар тынықсын; өз ойындарын ойнап жатсын, қысылып, иментіп қайтеміз.

Ж а р ы л ғ а п . Жарайды, дұрыс айтасыз (*Барлық үлкендер сахнадан шығады. Бұл кезде үйдегі жастар күліп-ойнап отырады.*)

IV көрініс

Сахнада Нарша, Асан, Матай қалады.

Н а р ш а (*төмен қарап, салбырап отырған қалпынан көтеріліп, маңайға қарап*). Жұрт тарқаған ба? (*Асанға*) Асан! Менің жайымды сұраймысың, жоқ па? Мен саған тағы жабысқалы отырмын. Мені жазар күнің бола ма осы? (*Күрсініп*). Менен де жынды жан болар ма екен?

А с а н . Неғыл дейсің?! Тағы не болды? Тыныштық таба алмай қойдың-ау сен де!

Н а р ш а . Бүгін таңда тыныштық табатын түрім жоқ. Мені қызғаныш деген кесел өртеп барады. Бұл қалыптан құтылмасам, жынданармын деймін. Күткен қызықтың бәрі қайда кеткенін білмеймін. Қызықтаймын деген ойын-сауықта басыма тас тигендей боламын. Еңсемді көтере алмай құлап бара жатқан сияқтымын. Мен не пәлеге душар болдым? Жүрегімнің түбінде ауыр тас басып жатқандай күдік, қайғы бар.

А с а н . Жаным-ау, не керек енді өзіңе? Қаракөзге енді кімнің ортағы бар. Өтер күн өтті, қызық шағың жетті. Қарауыл Қаракөзін ұзатты, енді қайғының не орны бар? Не айтпақсың?

Н а р ш а . Маған Қаракөз бір қайғы болса, Сырым тағы бір қайғы болды. Мені найзалағанын қоя ма, жоқ па осы? Қаракөз менің қасыма келгенде, барынша күтіп қадірлейді, мені жұбатқысы келе ме, қиналып жүргенімді сезе ме, бір жағынан қинап жүрсе, бір жағынан сол мінезімен еркімді алып билеп барады. Сырым менің жайымды ескеру былай тұрсын, тіпті күннен-күнге жау болып барады ғой. Қаракөздің сырын сол біледі. Маған соның білгенін біліп бер. Жасырса, менімен жау болғаны, досым ба, жауым ба соны айырып бер.

А с а н . Қазір осыны не деп айтамыз оған? Қонақ емес пе? Келмей жатып дүрсе қоя бергеннің лайығы бола ма?

Н а р ш а . Мен осы шыдап-ақ жүргем жоқ па? Үндеме дедің, ауылында үндемедім. Тіпті, не онда, не мұнда мені тірі адам деп ойлау керек емес пе? Сөзіме нансаң, бүгінгі күйігім ішімді жарып барады. Сырымға ой-қыры бар ма? Кеше келдім, бүгін келдім дей ме екен ол. Осыны сенен тілеймін... Қазып сөйлесіп бер. Ойында не барын өзіме айтсыншы. Өзің көріп жүрсің, мені ылғи шабақтап келе жатқан жоқ па? Енді осыдан әрі шыдай алатын емеспін.

А с а н (*ойланыңқырап отырып*). Жарайды. Мен сөз тартып көрейін. (*Нарша түрегеліп жүріп кетеді. Асан Сырымдар отырған үйге есіктен келіп*). Сырым құда! Бері шығып кетші. Жалғыз ауыз сөзім болып тұр.

С ы р ы м (*бұған шейін үйдегі жолдастарымен ақырын әңгімелесіп отырады. Асан келгенде жай қозғалып*):

Асан сал, сал ішінде бір алуаны,
Тозған заң, азған заман палуаны.
Сал болмай, көбінесе жеңге болып,
Жүрген түрі, мінеки, калып әні.
Жеткіз деп қандай сөздің тасымалын,
Қандай жан жіберді екен бозбаланы?

А с а н . Уай Сырым, қой, жаным... Сен менің соқтықпайтын кісімсің. Сенің сөзің асау қандай басқа шапшитын болған соң, сенен жырақ жүремін. Мен саған жол бердім ғой. Көп таласпаймын... Бірақ сөйтсе де, сөз барымтасы жаман болады.

Ү й д е г і с а л д а р . Олай болса, айтып жібер.., айтып жібер. Ер шекіспей бекіспейді.

А с а н . Жоқ, мен Сырыммен шайқаспай-ақ тыныш жүрем. (*Сырым шығады. Үйдегі салдар бұрынғыдай ән салып, қыздармен сүйісіп, күліп-ойнап отырады.*)

V көрініс

А с а н . Сырым, саған белгісіз жай жоқ қой деймін, осы. Сен дағдыңнан жаңылмайсың, турашылсың.

С ы р ы м (*Тәкаппарлықпен қарап*). Иә, Сырымға сый істеп жатырсың, ұқтық!

А с а н . Сен Қаракөзді жылаған қыз деп шашбауын көтердің, наразылық мұңын айттың. Жүзі жүдеу, көңілі жадау күйінде айттың, бұл сөзің екі жүзді қылыштай болды. Екі басы бірдей ыстық темір болды. Бір жағы Қаракөздің қайғысын шығарса, тағы бір жағы Наршаны күйдіріп жатыр. «Әнеугі сөз анау, бүгінгі сөз мынау. Сірә, Қаракөздің қайғысы Сырымнан жасырын емес. Қаракөз өзі айтпайды. Сырымның мен де туысканымын ғой, сезген, білгенін маған айтса қайтеді! Көптеп, көмектеп Қаракөздің көңілін жазсақ не етер еді», – дейді. Бұған не айтасың?

С ы р ы м . Мен айтсам, Қаракөздің жұртқа білінген наразы көңілін айттым; ол Наршаға да белгілі болса менен несін сұрайды? Жігіт сияқты жігітке сол білгені де жетпей ме? Менің де білгенім сол шығар, одан әрі бірде-біреудің атын сұраймын десе, менен оны біле алмайсыңдар. Мен Қаракөздің басын бұлғап бұлдық сатып алмаймын; мен бүгін туып отырғаным жоқ, өйтіп саған кішіреймеймін.

А с а н . Сырым-ай, маңайыңды бастырмайсың, ешбір жанға құрбы болмағандай жат тұрасың-ау! Өзгені тілемесең де, қарындасыңның бағын тілемеймісің? Наршаның басы бір әйелге тең емес пе? Екеуінің тұз еңбегін жарастырып жіберсең, аз еңбек қылармысың.

С ы р ы м . Сырым жат адам болып туған. Жанның бәріне жат болып келе жатыр. Сенің еліңе келгенде қайта тудым деп келген жоқ. Қаракөздің ақылы ешқайсымыздан олқы емес. Өз қызығын өзі ойлап, өлмесін өзі білер. Жат елдің адамы болған күнде жолға салып, жөнін түзеймін деп, мен балуан шығатын орным жоқ. Бұл сөздерді өздерің ақылдас, мені ішке алғанды енді тоқтат. (*Түреселеді. Қаракөз, Ақбала, Қәмшат далаға шығады. Бастарына шапан бүркенген.*)

VI көрініс

Қаракөз Сырымның қасына келеді. Бұл уақытта Ақбала, Қәмшат Асанмен күлісіп сөйлесіп отырады.

Қ а р а к ө з (*Сырымға*). Мені тұншықтырып барады мынауыл... Бір өзің болмасаң тынысым біткен сияқты. Шатасып ба-

рамын. Есімнен айырыламын ғой деймін. Қайтермін, жаным. (Жыламсырап.) Айтармысың бірдеме.

С ы р ы м (сазарып). Мен не айтайын? Мені сөзден тыйған жоқпысың? Әлдеқашан қалған кісі емеспін бе мен...

Қ а р а к ө з . Қазір жер тар. Сөйлескім келеді... (Көзін басып жылап.) Мені тастама!.. Шыдауға дәрменім жоқ. Ақбаламен сөйлесіп, жақында оңаша кездесетін орын байландар. (Журуге ыңғайланады.)

С ы р ы м . Рас па? Тағы да айнитың болсаң, өзіңді де, бізді де әурелеме.

Қ а р а к ө з (әлсіреп бұрылып бара жатып). Айттым ғой... (Сырым артынан қарап тұрып қалады. Асан, Ақбала, Қаракөз, Кәмишатпен кетіп бара жатып, артта тұрған Сырымға қарап таңданып әндетеді.)

А с а н . Сұлу қыз бен келіншек – елдің сәні,
Сұлу кеткен елдің де болмас мәні.
Сұлу қыз тоғайлы өзен бұлбұлдай,
Бұлбұл кетсе тоғайдың жоғалды әні.

(Артына бұрылып қарайды.)

С ы р ы м . (Өз-өзіне). Рас... рас...

Жүректің жатқа кетсе қалағаны,
Үміттің қайта үзілсе жамағаны.
Бетінен жат болып кеткен оралмаса,
Жас төгіп егілмекке шара кәны!

(Күрсінеді.)

А с а н (теріс қарап). Ай, кәпір, түрің жаман екен (басын шайқап), білмеймін...

Шымылдық.

4-СУРЕТ

Жарық айлы түн. Тұрсын ауылының сырты, тоғай, өзен; алысырақта күзетшінің әні естіледі.

Ә н :

Көл жағалай бітеді көкше құрақ,
Ән салмағың қайда еді, қалқа шырақ.
Үйінде Әкімбайдың жиылыс боп,
Біржан салған ән еді жайма-шуақ.

Аяғын шырақп қайырып тоқтайды, айтақтап ысқырып қояды. Тым-тырыстан соң сахнаға жақындап, мұнайып айтылып келе жатқан ән естіледі, бұл қойшы әнінен бөлек.

I көрініс

Сырым шығады. Сырымның әні.

Ә н :

Мен қандай, осы күнге шалшы қандай?
Жүруші ем жас күнімде қаршығадай.
Егер де осы аурудан жаным қалса,
Болар ем ескі апанды аршығандай.

(Жүдеп келіп үндемей отырады, әндетіп ысқырады.)

II көрініс

Аздан соң Дулат шығады.

С ы р ы м *(Дулатқа қаран)*. Өзгелер қайда жүр, аттар дайын ба екен?

Д у л а т. Дәулеткелді мен Қоскелді аттарды дайындатып, кешегі ақ қайыңның түбінде тосып отырамыз деп кетті *(Тым-тырыс)*. Бірақ бұл күнге дейін бір жұмысты бұл қалай деп сұрап көрген жоқ едім, осы жолы осы жұмыстың лайығын сұрайын деп тұрмын, өзге болған жүрістің жолы бір басқа, мынау өмірді жұрт не дейді осы?

С ы р ы м. Осыны шын айтып тұрмысың? *(Қадалып қарайды.)*

Д у л а т. Шын айтам... Сен істеген істен бой тартып қалмаймын; істеймін, бірақ жөнін ұғындыршы!

С ы р ы м. Қоскелді мен Дәулеткелді сұрамай-ақ істеп жүр ғой, соларда ең болмаса сұрау білетін ақыл бар ғой. Сен олардан тартымды, сақ кісі болғаның ба? Неменесіне бүліндің *(Тым-тырыс)*, сұрасаң айтайын... Сен жұрт айтқан лайығын іздесең, менің бір ісімнің лайығы жоқ. Қарындасыма құмар болудың не лайығы болушы еді. Естуге құлақ, көруге көз ұялатын іс деп үрікпейтін кісі болар ма?

Д у л а т. Өсектеймін, жаман атқа ұшыратамын деген жұрт аузына келгенін айта береді ғой. Мен оны айтпаймын. Өзімізше не деп жориық – соны сұраймын.

С ы р ы м. Менің ісімді бұл жүрген елде ақтайтын ешбір жан жоқ. Бірақ сонда да мен адам емеспін, мен Қаракөзге жаулық, жаттық қылып жүргенім жоқ. Жолында жаным шықсын деп сүйгеннен басқа жазығым жоқ.

Дулат. Білемін.., ол жайды білемін ғой, біз осы жасқа келгенше талайдың талаймен жақындасқанын көрдік; өз басымыздан да көпті атқардық. Бірақ сен екеуіңдей жалындап үзіліп тұрған жандарды көргенім жоқ. Болар деп ойлаған да жоқпыз.

Сырым. Біздің осы көңілімізде не арамдық бар? Не жаттық бар? Қаракөздің басын мен сияқты болып әкесі сүйді ме екен, Мөржан мендей болып сүйе ме екен? Жасында жетім болып еді, жүрегі қаяулы, көзі жасты еді. Осының риза, наразылығын білейік, ренжітпейік демес пе еді олар; жан ашығаным, жақсы көргенім осы дейтін шығар. Олай болса, Қаракөзге тыңдатшы? Солардың әкелігін сүйе ме екен, менің жанашыр достығымды сүйе ме екен? Бұл күндегі әке-шешесінен менің көңілім әлдеқайда ақ, әлдеқайда таза.

Мен бұл күнде Қаракөздің дүниеде таппаған досымын... Арамдық қай жерде, арамдық қай жерде?.. Қаракөзбен жақын болғанда, басқа жақынға жат болдың, арам болдың десе, міне, Құдай, міне, аруақ; осы арқылы бір туысқанымды жек көріп, әлі ешбіріне жат болмағаны ма... (*Күрсініп.*) Бірақ керегі не? Бұған сенетін де кісі жоқ; шынымен осылай болар-ау деп ойлайтын да жан жоқ. Мен ел-жұртқа жатпын. (*Тым-тырыс.*) Маған енді екі-ақ жол қалды. (*Бұл уақытта Ақбала мен Қаракөз шығады.*)

Сырым (*алдына құшағын жайып*). Жаным-ай, мұнша неге жүдедің, өңің қалай еді?! Не болған? (*Құшақтап, құмарлықпен сүйіп жатып.*) Ауырып тұрмысың әлде?

Қаракөз (*Сырымның мойнына білегін арта салып*). Ауру емеспін, бірақ менің бұл күнгі саулығымда нендей қасиет бар? (*Жылап Сырымды құшақтап.*) Сәулем, мен қорқақ болуға айналдым, жүрегім бір жаманшылықты сезгендей болады.

Сырым. Не сездің айтшы? Білдірші маған?..

Қаракөз. Білмеймін... Не осы қайғыны көтере алмай өлемін, не жұртқа сыр білініп, соның ұятынан өлемін... Ішкен кісідей маспын... Сенің кететініңді ойлаған сайын қайраттан айырылып езіліп барамын.., қуатым! Біз ор жағалап жүрміз ғой.., құлаймыз ғой бір осыған (*тым-тырыс*), мен не боламын.., қайтіп адам боламын? (*Тым-тырыс.*) Әттең, бірге туған туыс.

Сырым. Қалқам, сенің қайғың айтпаса да белгілі. Тіліңмен сөйлемесең де жүзіңнен, көзіңнен ұғамын; жүзіңді көрмесем, өз көңілімнің қайғысынан ұғамын. Бірақ енді бұл қалыпта қалудың өзі өлімнен артық азап болады. Оны ерте бастан білу

керек. (*Қаракөз құшақтап жылайды.*) Осыны ойлайық; жыламай ойланып, жол тап! Мен әуелі сен ойлансын деп отырмын. (*Екеуі де үндемей сүйісіп, сахнадан шығып кетеді. Бұл уақытта Ақбала мен Дулат әндетіп сахнаға шығады.*)

III көрініс

А қ б а л а . Құдай-ау, өмір бойы маңына ешбір жанды дарытпай, ешкімге көзін салмай, жұрттың бәрін менсінбей келгенде, мұны мырза жігітке кез қылып, көз тұнжырататын күнәға душар қыларсың ба? Жұрт естісе не дейді? Әке-шешесі білсе не дейтін болады?

Д у л а т . Ақбала! Қаракөз бен Сырым ақыл-ойға ешкімнен кем емес, кінәластырсаң, осы халінде де ешкімнен жеңілмейді. Біз ол жағын қояйық, бірақ жаңа сезіктеніп жүрген кісі бар дедің, сол кім? Соны айтшы!

А қ б а л а . Бірдемені білген кісі сияктанып жүрген біренсаран кісі бар. Бәрінен де маған сезікті көрінетін – Асан мен Мағай. Әсіресе, Асан. Соның көңілінде, көзқарасында, андасанда қуланып сөйлеген тұспалында бір нәрсені сезіп, ішіне тығып жүрген кісі сияқты.

Д у л а т . Талай шытырманның ішінен бойымызды көрсетпей аман шығушы едік. Бұ күнде білінсе, кім біледі? Салдың жүрісінің ой-қыры жоқ, елеусіз жақсы жүруші еді. Талай-талай сорақы боларлық істер сезілмей жүре беруші еді.

А қ б а л а . Әншейін кісі сезбегенімен, Асандар алаяқ жырынды ғой. Өз басынан талайды атқарған, жер танып алған қу ғой.

Д у л а т (*күліп*). Ақбала-ай, қарағым-ай! Ақылшы болуға тіпті жақсысың-ау. Осы өзіңнің қызығыңды көрмедім-ау!..

А қ б а л а (*күліп*). Бізді қыз болмады, жас болмады деймісің? Өзің сияқты жөн-жобаны үйреткен жандар болған шығар. (*Күліп.*) Оны ғой қой, жайларыңды айтсаңшы!

Д у л а т . Менің білуімше, Асан да басқадан қырағылығынан, жырындылығынан еш нәрсені біліп жүрген жоқ. Осы тұста біздің бозбаламыз мен бойжеткеніміз олақ болып кетті.

А қ б а л а . Айтсын, құмарлығы күшті болған соң, бұлардікі әншейін емес, шын ашықтық қой, баяғының ашықтары осылар ғой. Қалқам-ау, жамандайын деп айтқаным емес, төрем, мырза жігіт жоқта жады болған кісі сияқты болып, ешбір сөзді ұқпайды, есінен шатасқандай болып кетеді ғой.

Дулат. Рас айтасың, сезіктенген жұрт сондайдан сезініп жүр; әйтпесе жүріс-тұрысы олақ болып жүрген жоқ. Дулаттар талай қияндағы асылдардың мойнын бұрап, астына келтірген болатын, андуы, айғағы көп болып; жасанып жүрген елдің қыз-келіншегімен де титтей жүрісті сездірмей, айлар-жылдар ойын-сауық құрып едік, мынаның бәрі сол құмарлық күшті болып, балалардың бойын билеп, иығы түсіп құлап кеткендіктен.

Ақбала. Осы сен мырза жігіт пен төреме айтсаң қайтеді?

Дулат. Оған қалған күнде айтармыз, қазір тұра тұр. Сырым басқа сөзді сөйлескелі келді Қаракөзбен...

Ақбала. О, не сөз? (*Қаракөз бен Сырым құшақтасып шығады.*)

Сырым. Мен сенімен ақылдасып сөйлескенім жоқ. Бірақ қазір осы уақытта бізді Дәулеткелді, Қоскелді ат ұстап күтіп тұр. Мен сені әкетемін деп келіп тұрмын.

Қаракөз. Не дейді?.. Қайда??.

Сырым. Қаракөзке, менің нағашыма. Бұл ел саған ел болмайды. Сен мені сүйгелі мен тыныштықтан айырылғанмын. Мен сені ұзатарда көрмеймін, енді мен қаңғып кетемін, бұрынғы күн маған жоқ деп едім; мені елге тастамадың, мен сонда енді екі-ақ жол қалды деп едім; бірі – көз көрмес, бірі құлақ естімес жерге сені әкету, сенің жолыңда өлу; енді біреуі – ол болмаса керуен талап, ел шауып жыңды болып кету; бүгін сенің кете алмайтыныңа көзім жетті. Бұдан әрі тосуға әл жоқ. Саған да, маған да ендігі өмір – азап-қайғы; бүгін сол екеуінің бірінен басқа таңдау қалған жоқ, қайсысын істе дейсің, өзің айт!

Қаракөз (*ойланып*). Не деймін? Не айтамын, сонан басқа істер істің қалмағаны да рас, не бүгінгі күн жат болу, бір-бірімізден айырылу керек. Өлемін, үзілемін десем де бүгін «саған ере алмаймын» деген жауабымды беру керек, не болмаса беттің арын белбеуге түйіп еруге керек, етегіңнен ұстау керек; мезгілдің жеткені рас. (*Күрсініп ойланады.*)

Сырым (*құшақтап тұрып*). Ойлан осыны, ойла да, қазір бекін, екеуімізге берген құдайдың дерті ешкімнің басына келмеген дерт (*Бұл уақытта Матай ақырын бұғып келіп, бір тоғайдың түбінен басбақылап тұрады.*) Сыр ашылған күні бізге лағнет айтқаннан басқа есіркейтін, аяйтын, жайды ұғатын жан жоқ... Бүйтіп бітеу жара қылып сақтап жүруге шама жоқ. Айында-жылында бір жолыққанды медеу қылып жүре алмай-

мыз, бізде жалын күшті. Біз жасырын жүрсек, тоқтау қылып, бойды жеңе алмайтын болдық... Не мені босат! Бетіңмен кет те..., болмаса ер маған! (*Тым-тырыс.*)

V көрініс

М а т а й (*Сыбырлап өзіне*). Ә! Ә! Сұмдық мұнда ма еді? Бәсе... Салдық-серілік жөні бір басқа... Асанның айтқаны келді ме?... Сендердің шырайыңнан өзім де әлдеқашан сезіктенуші едім... Бәріміз де жас болған шығармыз... Бірақ мынаны көргенім жоқ... Енді мұны жалғыз мен білмеймін..., көрерлік кісінің бәрі де көрсін... (*Қыз бен жігіттерге қарап.*) Оған шекті сөздерінді пісіре беріңдер! (*Жүріп кетеді.*)

Қ а р а к ө з . Мені сен жеңдің, сен биледің, дүниеге тоқтауы жоқ, тойымсыз қылдың, екеуміз де жолдан тайдық, адастық, енді адасқанды бетінен жарылқасын, өз берген қайғысын Құдай өзі жеңілтер алда...

Алда бізге де жарық күн бар шығар..., екеуміз де жетімдіктің үстінде зар жылап, қалған күнде бір-біріңді уат деп, әуелі бауыр қылып, үйір қылып, артынан жан дескен дос қылып қосып еді ғой. Бізді арам ниет қосқан жоқ еді... Басында адал бауырлық пен туысқандық ажзүрек қосып еді ғой. Мен саған еремін..., ермеске жолым тар..., тыным бітті... Құдай бетімізден жарылқасын.

С ы р ы м (*Құшақтап, қатты қысып, сүйіп тұрып*). Олай болса, бүгін кетеміз. Біз дүниенің барлығынан тығылып, келін болып жасырынып жүретін қараңғылық күйінен құтыламыз... Біз қызықты, жанды жар өмірін сүретін боламыз; енді сөзді тез байла! Қазір кетейік! Аттар тосып тұр.

Қ а р а к ө з . Сырым, Құдай қосса, бұл байлау – нық байлау, енді көңілге күдік кірмес; бірақ шыдау керек... Бұл бүгін істелмейді.

С ы р ы м . Енді қашан? Неге бүгін істелмейді?

Қ а р а к ө з . Бізді аяйтын әке-шеше, туған-туысқан болмаса да, аруаққа ерегесеміз бе? Аруақты өзіміз ойлайық, мына ауылда, біздің ауылдың барлық үлкені жатқанда, кеткеніміз лайық болмас; солар кеткен соң болсын, болар іс.

С ы р ы м . Ауылдың үлкені демесем, бізді қуса, жаулық қылса, солардан үлкен жау, солардан әрі кегісетін жат жоқ. Бірақ елдің елдігін ойламағандай, аруақты кішірейтіп, Қарауыл-

дың елін еңіретіп, белін сындырғандай боламыз, сондықтан бұл сөзінді теріс дей алмаймын... Солар кеткен соң-ақ, бетті түзерміз. Келші енді, кел, сәулем, құшақпен бірге тілекті біріктірейік! (*Құшақтасып ұзақ сүйіседі.*)

Бұл уақытта сахнаға әнетіп Ақбала мен Дулат шығады.

VI көрініс

Дулат. Уа, шіркін, шерменделер!! Дүниеден осы құшақтарың айырылмай өтіңдер!

Қаракөз (*Сырымды құшақтап тұрып*). Айтқаның келсін, осы құшақ айырылмай әр күнде өлсең де арман жоқ... Тек тәңірі сол тілекке жеткізсін. Көңілімдегі бар тілекті сен айттың, тілеуің дұрыс достығың-ау... Дулат.

Дулат. Қарағым Дулат, сенің жолыңнан не аяйын деп жүр дейсің. Тек бетімізден жарылқасын дейік. Ұзақ сапарды қайырлы қылса, бізде арман болар ма еді?

Қаракөз. Құдайдан сол тілек орындалса, азды-көпті өмір сүрдім деп өкінбес едім.

Сырым (*күліп тұрып*). Сен бізді жолдан тайғызып, жаңадан туғызып жібердің ғой, сенің құшағыңды тапқаннан бері мен де, Дулат та – бәріміз маңдайына тас тиген кәрідей болдық. Біз серіліктен де, еркелік, қызық, желіктен де айырылдық қой.

Дулат. Рас айтады. Осы күнде сақал-шаш ағарып, қан тамыры суалған кәрі-құртаң бірдеңе болдық та қалдық. (*Күліседі.*) Рас айтам-ау, тіпті, енді неде болса, бір нәрсеге келіңдер! Бірдеме істеддер, тіпті, мына жүрістен өлетін болдық. Құр күрсініп, құр жылап, құр иығымыз түсіп қаралы қатын болып кеттік, тіпті.

Қаракөз. Мен кім болдым? Менің бойым әлі оңалған жоқ, осында келгелі мен жынданамын ғой деп едім, келгелі жеті күн өтті. Сонан бері әлі бір түн де ұйықтағаным жоқ. Маған батып жүрген дерт қандай екенін түгел білген жоқсындар ғой.

Ақбала. Неге білмейік, біліп-ақ жүрміз; анықтап қараған кісі байқайтын іс емес, сөнуге айналған шамдай еріп, жанып бітіп барарсың, өңің қандай болғанын байқамайсың өзің.

Дулат. Оны айтпай-ақ қоялық, кәпір қайғы деген қудың атын атамандаршы осы! Қаракөз күрсінгенде, өз өзегім өртенгеннен бір кем болмайды. Мына шырайыңды көріп, бір жасап қалып тұрмын. Шіркін, өлең құрғыр да ауызға түспейтін болыпты осында келгелі!

Сырым. Кәне, енді жаңа ниетке бір тілеу тілеп басып жібер, біз емін-еркін екеуіңнің батанды алып тұрып сөйлесейік. (*Құшақтап тұрады.*)

Дулат (*әндепін*):

Жолды оңғар, тілекті бер, о, жасаған!
Қашсақ та қусақ тағы сендік саған.
Болғанда дұшпандар көп, біз әлсізбіз,
Сондықтан жүрек – қорқақ, үміт – шабан.
Сактай көр, қара күннен аты жаман!
Дегендей тілек бітті, қызық тамам!
Екі жас тілеуіне жолды оңғарып,
Мақсатқа енді жеткіз есен-аман.

Қаракөз (*жылап, Сырымды құшақтап*). А, құдай, осы тілек – шын тілегім, жолымды оңғармайтын болсаң, осы тілеудің үстінде ал!!

Бұл уақытта сахнаға Асан, Нарша, Матай, Жарылғап, Жабай, Мөржан, тағы екі-үш жігіт шығады.

VII көрініс

Нарша (*сахнаға шығарда сөйлеп келе жатады*).

Аргымақ жабы шыққаны:
Тұлпар тұғыл болғаны,
Аталы ұлдың азғаны, мінеки!

(*Сахнаға шығып.*) Мынау осалдық, серілік емес, бұл жасырынның ашылып, абыройдың шашылғаны... Міне, әкелері! Адал туған балаларың... (*Еңіреп жылайды.*)

Сырым (*Қайраттанып*). Рас... шынды айттың..., жалғыз-ақ бүгін емес, көптен солай.

Жабай (*ақырып*). Құдайдың қарғысы тиген жүзқаралар, неғып тұрсың? Құдай мынаны көргенше көзім неге шықпайды?! (*Сырымға.*) Арам туған ит... Не істедің, неге ұшыраттың? (*Жарылғапты көрсетіп.*) Мынау кім? (*Мөржанды көрсетіп.*) Мынау кім? Байла, ойбай, тез мына иттерді... Сал қол-аяғына кісенді. Сырым, өрісіңе жет деп ем, бұған жеттің бе?

Сені өлтірмесем қатыным талақ, өзім кәпір болайын. Байла екеуін де! (*Қасындағылары ұмтылады.*)

Мөржан (*Қаракөзді ұстан*). Жүзіқара, жерге кір... Жүзің неге күймей тұр – арсыз, ал Құдай!.. Мені бұл күнге шейін

алмағанда сақтағаның осы екен ғой... Өлтір, екеуін де... (*Жұрт Сырымға жүгіріп келгенде, Сырым қанжарын суырып алып, жуытпайды, жасқайды.*)

С ы р ы м . Тарт., мен өлсем өз бетіммен өлемін...

Ж а б а й . Ұста... Ұста арсызды... кәпір болып діннен шыққан қаражүздіні ұста! (*Көп жұрт жабылғысы келеді, Сырым әрқайсысын қағып-ұшырып ұстай сахнадан шығуға айналып.*)

С ы р ы м . Қалқам, қош!!!

Ж а р ы л ғ а п . Мылтық әкел... Ат итті... Өлтір осы жерде (*Сахнадан шығып кетеді. Бірталай жұрт шулап артынан қуады.*)

С ы р ы м (*сахнадан шығып бара жатып*). Өлтірерсің...

VIII көрініс

М ө р ж а н (*Қаракөзді екі кісіге ұстатып*). Сал кісенді! Табанын тіліп күң қылыңдар, бұл арам туған итті... Бетің тіліңгір..., қайтіп шыдап тұр мына бетің...

Қ а р а к ө з (*есі шыққан, өңі қашып жүдеген, әлсіз*). Мен..., мен жазықтымын... өлтірт мені... мені тірі қойма... мен бәрібір өлем... (*Айғайлап, жылап жығылып.*) Ал... Құдай!... Ал мені ақ өліміңмен... (*Екі жігіт қолына кісен салып жатады.*)

Б і р і н ш і ж і г і т . Мұндай да маскара болады екен... кәпір мыналардың қылығы қандай жаман еді... Өлсең, өліп-ақ кет енді.

М ө р ж а н (*жылап*). Кеселді өл енді... Құдай қайда!? Қайда аруақ? Неге атпайсың мына жүзіқараларды? Не еттім, не дейін енді ел-жұртқа? (*Өзгелер қайтып келеді.*)

IX көрініс

Ж а б а й . Жерге кірсең қоймаспын, Сырым! Жаратқан мұндай итті бергенше кубас қылып, сорлы қылып неге қоймадың? (*Наршаға.*) Мін тегіс аттарыңа, алғыз жылдам ат пен мылтықты. Жерге кірсе қоймаймын, қуамын. Қолымнан бауыздап өлтіремін.

А с а н . Япыр-ай, мынау не деген сұмдық?!

Ж а б а й . Мына қызды кісендеп, босағаға таңыңдар. Екеуін бірге өлтіреміз... Қайда ат... Қайда мылтық? (*Жүгіріп кетеді.*)

Н а р ш а . Өзіне не болған? Не ғып жатыр?

Ж а р ы л ғ а п . Не болғанын қайтушы едің? Енді бұл өлсін, кәпірдің қарасы өшсін... Қара жерге қара басым кіргенше кетпейтін қара таңба болды ма?.. (*Жылап.*) Мендей де сорлы әке болар ма екен?..

М ө р ж а н (*Талықсып отырған жерінен*). Жердің үстімен келіп, астымен қайтқаным ба? Менің көзім тіріде менен туған арамдар мұны істеді ме? Құдай әлдекімнің қарғысына ұшыраттың... Әкет Жарылғап мені таң атпай... Қара түнді жамылып күңіреніп кетейін...

(*Сахнадан бәрі кетуге айналады. Қаракөзді сүйемелдеп, сүйретіңкіреп екі жігіт пен Нарша әкетіп бара жатады.*)

Қ а р а к ө з (*өңінен айырылған, көзі үлкейіп, жүзі есінен айырылғандай бұзылып, шашы дудырап шатасып*). Мен өлдім... өзім де өлдім... шуламаса да өлдім... Ә-ә-ә!?!? Не боп қалды осы?.. Дулат неге ән салмай қойды?.. Сырым неге қанжар ұстады... Мені өлгірді... Өлім... өлім...

Н а р ш а . Мынау не дейді? Жынданған кісіше. (*Шошынып.*) Не болған жаным, өзіне? (*Сахнадан шығады.*)

Ш ы м ы л д ы қ

3-ПЕРДЕ, 5-СУРЕТ

I көрініс

Тұрсын ауылы, соңғы уақиғадан соң бір жыл уақыт өткен. Наршаның отауы... Оң жақта шымылдығы құрылған биік төсек. Үстінде Нарша науқас, биік төсектің бас жағында жер төсек бар. Қаракөздің төсегі. Үйде Нарша, Қойсары, Асан. Шымылдық ашылғанда Асан домбыра тартып отырады.

Қ о й с а р ы . Шіркін-ай!!! «Елу жылда ел жаңа, қырық жылда қазан жаңа» дейді... Елу жыл емес, дәл биыл мен былтырдың арасында осы ауылда қандайлық қилы-қилы дүние болды?

А с а н . Дүние-ай десеңізші! Аумалы-төкпелі дүние деген осы да – былтырғы жылдар Қаракөздер қандай еді; аспандағы жұлдыздай, әлемге аты шыққан ару еді... Ақыл қандай, көрік қандай еді... Аяғы өздерімен тоқталмай, Наршаны қоса науқас қылып қойғаны мынау. Сырым ол анау... Көшерін жел біліп, қонарын сай біліп, жолдан тайып бұзылып кеткені...

Қойсары. Дүние сол... Бұл өмір шіркінге сенім бар ма? Сырым сонан бері өз елінің бетін көрмей-ақ кетті ме осы?

Асан. Өз елі дейтін ел қалды ма Сырымда... Күні осы күнге шейін Сырым пәлен жерде жүр десе, Жабай мен Жарылғап қол жиып, аттанып барып бір шарлап қайтады дейді... Әлі күнге: «Көзімізге көрінсе өлтіреміз», – дейді.

Қойсары. Қарауылдың бай-бай жерлерінде шауып жүр ғой. Сол неғып қолға түсіре алмай қойды соны.

Асан. Осы кезде ұстауға жақындап жүрсе керек. Үш айдан бері қарай Қарауыл орысқа шағып, «ұры, қашқын, бұзық» деп жақын дуандардан орыс шығарып қуғызып жүр дейді.

Қойсары. Солай ма екен, ой мұны кім айтты?

Асан. Кешегі Сырымды шақыра барған кісі айтып келді, осы күнде барар жер, басар тау қалмады... Мен де өлер кезіме жеткендей болып ем... Басында мені қаңғытқан Қаракөздің дерті еді... Есінен адасса да, әлі де болса көріп өлсем арғаным жоқ деп жүруші едім. Енді көрейін деп келмекші болыпты.

Қойсары. Өзі соңынан орыс түсіп жүрсе, бұл жаққа қайтіп сеніп келе алады? Ерлік-ау сорлының, әйтпесе бір кезде оның алдымен жасқанатын ең үлкен жауы біз емес пе едік.

Асан. Ер екені ер ғой. «Наршаның менен алатын кегі бар еді, жазығым үлкен еді, соның өзі істесін; мен өлсем, баяғы асыл Қаракөзімнің маңайында өлейін», – депті.

Қойсары. Осының жаралысы тіпті бөлек еді. Құр ғана ұры-қары қып, жаманатты қылып, қаңғытып жіберетін адам емес еді. Өр боп біткен кеудесі мен жалындаған жүрегінде бір ерекше туыс бар еді. Көптен бір алуан от бар сияқты еді.

Нарша (Оянып). Уһ-уһ! Сырымнан хабар бар ма? Неге кешігіп жүр? Келуге сенбей жүр ме, әлде?

Қойсары. Келетін болыпты ғой, қарағым... Жеткенше сол болып жүрген шығар.

Нарша. Кім біледі... Келгісі келмей, бұл жақтағы сарғайған дерт, сарылған қайғыны көргісі келсе керек еді. (Тым-тырыс.) Бұ да бір далбасалық та... Ол ем-дем істеп бақсы, құшынаш болып жүрген жан емес, соңғы Қаракөзді баққан молда: «Жазса, Сырымның өзі ғана жазады» деген соң, алғызып отырмыз да. Уһ.., неге душар қылдың, не болдық?

Қойсары. Молданың сөзі қисынсыз сөз емес қой, Құдай бері қарасын десе, құдіретіне не қиын, барлығы Сырымнан басталған дерт, әлі де болса Сырымнан жазылар да.

Н а р ш а . Қаракөз жазылмаса, маған жазылу жоқ... Қаракөз есінен шатасқан күннен бері мен де есімнен айырылдым, мен де қайғылы қара болдым.

Қ о й с а р ы . Қайтесің қарағым, уақыт солай болған соң не амал бар, не шара. Сені де күйзелткен жар жолдасың шығар... Ағайын: «Қаракөзді төркініне жібер, өмірінді жаңғырт, бойыңды көтер», – деді. Ол қолдан келмейтін болды.

Н а р ш а . Оған өкінбеймін... Қаракөз мені жатқа балап, бір Сырым деп зарлап жүргенде де мен Қаракөзден айырылар шамам жоқ еді. Үйткені маған өзге әйелден Қаракөз табылады... Өзгені алсам қуанышты, бақытты боламын деп сене алмадым... Қаракөздей асылды беріп, оның тұсында мені сондай сорлы қылған соң, ендігінің қандай болып кездесеріне кімнің көзі жетеді?

Қаракөз кіреді, өлгенше жүдеу. Зорға жүреді, әлсіз, шашы тал-тал болып бетін жапқан... Ақырын ән салып жүреді, жүзінде мағына жоқ... Көзі белгісіз қыдырып қарайды... Қаракөз жынданған, қолында жапырағы бар ағаштың бұтағы.

II көрініс

Қ а р а к ө з (*Айнала қарап тұрып, өз-өзінен*). Тоғайға бардым... Тағы барам ба?! ... Тоғайды қуалап кете барып... азынаған көрге барам ба?? (*Күліп.*) Тоғайда ән салады екен, жібек шапаны бар... Біресе жел боп кетеді. Торғай болып кетеді... шөп боп кете ме, әлде немене боп кетеді... ұйқым кеп кетеді... тоғай... жапырақ... тоғай... түн... (*Шошып.*) Ойбай!!! Пышақ, кісен... әже!!

Н а р ш а (*Күрсініп*). Қаракөз қиналмасаңшы, бейшара... Әлің біткен жоқ па енді? Не шамаң қалды... Жүруге де жарамайсың!.. Жатсаңшы!..

Қ а р а к ө з (*Селт етіп сергігендей*). Жат деймісің, тіліңді алайын ба?..

Н а р ш а . Ал тілімді.., байғұс, сенің менен басқа да жанашырың бар ма? Керек десең, менің әке-шешем, мені де жынданды деп, екеуімізден енді құтылғанға асық болып отыр. Жазығым – сені қимағаным, сені қаңғытып жібергенді обалсынғаным... Жазылармысың бейшара?!

Қ о й с а р ы . Олай деме, қарағым... Әке-шешеңе ой түсті ғой... олар да тоқтады ғой... Керек қылған кісінді солар шақыртып отырған жоқ па?..

Н а р ш а . Аты аталмасын... Бірақ келсе бірдеңе бола ма деп отырмыз ғой.

Қ о й с а р ы . Ұғып отырмын, аталмайды. Әке-шешен сені қарғап-сілеп, сенен кетіп не мұратқа жетпекші. Сені тастағанда медеуі, қуаты кім, қарағым?.. Сен жалғыз болған соң олардың сенен кетер өрісі қайсы? Олардың да дымын құртып қойған жоқпысың.

Н а р ш а (*Қаракөзге*). Қаракөз... шаршадың, шамаң бітті, жат енді.

Қ а р а к ө з (*Ақырын иіліп жүріп*). Қазір... қазір... (*бетіне жапырақты ұстап*) тоғайдың ішінде көрге жатқалы келем. (*Төсегіне отырып.*) Ақыретке оранайын ба.., ән салайын ба? (*Өз бетімен ыңырсып ән салып отырады; аздан соң қайта шығып кетеді.*)

Н а р ш а . Құданың құдіреті, ауырғаннан бері аузынан «тоғай, көр» деген сөз бір түспейді (*Қойсары күрсінеді.*) Бетінді суыққа салып, жүрегің мұздай суық болып, жат болып тұрғанда, ибамен «сіз» деп сөйлеп, иіліп күткеніңнің өзі-ақ мең ұйытып еді. Ерекше болып туып... ерекше болып сөнгенің бе? Шыныңмен жарық күндей болып басталған өмірің қара түндей болып құлазып жүдеп біткені ме?

Қ о й с а р ы . Бәрі рас, жалғаны жоқ сөз. Сенің басың қайтып сау тұрсын, қарағым... Осы жайды ойлап тұрсақ, өмірімізде естімеген, білмеген бір іс екен. Өзіміздің ойымыз тоқсан толқып, қинап кетеді, бәрі арманды дүние. Қарағым, түбінде жең бойынды, тоқтау қыл (*Тым-тырыс.*)

Н а р ш а . Ә-ә-әй болмайды... шама жоқ, мен де ұзамайтын жанмын. Жазылса – Қаракөз мені де жазар, ол жазылмаса – тілер тілек, етер үміт жоқ, тыныс бітіп келеді... (*Күрсінеді.*)

III көрініс

Қ а р а к ө з (*Қайта кіріп, әлсіреп, өз бетімен*). Жығылып барам... Ұйықтайын ба, өлем бе... құлап кетем, тау басынан ұшып келем, жерде тоғай... тоғай... көп тоғай (*Сыбырлап, көзін төрге қадап, ақырын жүріп, қолмен ишарат қып.*) Шақырады... иә-иә... барамыз, келе жатырмын... тоғай (*Асанның үстіне келеді*) А-а-а?! Қайда кетті?..

А с а н (*шегіне*). О не, қарағым?.. Қаракөз. Шатасқан ғой...

Қаракөз. Солай ма?! Солай шығар... Шақырған жоқ қой.
(Қойсарыға қарап.) Ұят-ай! (Бетін басып Асанға.) Асан!!!

Асан. Жаңа кісі таныдың... Кей уақытта танымай қоясың,
танып жүрсеңші, қарағым.

Нарша. Кісіні таниды... бірақ елемейді... танығанын
білдірмейді... әйтпесе оңашада: «Кім келді, кімді көрдің?»
десең, бәрін айтады. Бір алуан қылып берген дерт қой құдайдың.

Қаракөз (Асанға). Асан!.. Маған (Наршаны көрсетіп)
кісіге ән салып беріңізші... ән... ән!!.. (Әлсіреп, төсегіне барып,
жығылыңқырап, әлсіреп барып сүйеніп жантаяды.)

Нарша. Асанды көрген сайын «ән сал» дейді... Ескі
күннен бұлдыр болып есінде қалған нәрсе осы (Асан домбыра-
сын күйлейді.)

Қойсары (Асанға). Салып бер бір әнді... аз да болса
көңілдері сергісін... Шіркін, бұл басы ертегідей-ақ, қызық күн
болып басталып еді-ау...

Нарша. Уһ-уһ... Көрер көзге мен жұбанар ештеңе болмаса
да, соның бір күні келсе де, мың күн қайғыны ұмытар едім-ау...
(Аз тым-тырыс.) Асан, айтшы бір ескі әнінді.

Асан. Қай әнді айтамын... айт дегенмен, көбі тыңдалмай
қала беретін... сонда да көңіл аулайық.

Нарша. Сен болмасаң маңайымыз тұлдыр болған жоқ па?
Біздің басымызда жалғыз сен-ақ қалдың ғой... Біз кім болдық
бұл күнде?

Асан (ән шырқатады, Қаракөз селк етіп, қалғызандай бо-
лып отырып қалады).

Жігіттің падишасы, Әмір-Темір,
Бозбала әнге салсаң қайғың кемір,
Құданың бергеніне сансыз шүкір,
Көңілім бұрынғыдан биыл тәуір.

Нарша. Былтырғыдан тәуір болған көңіл әдіра қалсын да,
не деп айтқан өлеңің.

Асан. Олай болса (ән):

Шүкіршілік бергеніне зұлжалалым,
Ойында еш нәрсе жоқ бозбаланың.
Қайтейін жас дәуреннің жәрмеңкесін,
Шетіне шығып қалдық ду базардың.

(Қаракөз ақырын ыңырсып отырады. Текті кіреді.)

Текті. Сен не деп ән салып отырсың, бұл үйге ендігі
жетпегені ән бе еді?!

Қ о й с а р ы . Бәйбіше, әдейі айтқызып отыр.

Н а р ш а (*Асанға*). Дәурен өткен соң, ән де ажарыңнан айырылады екен-ау, тіпті, бұрынғы ән сияқты болып селт еткізбейді.

Т е к т і . Ән еститін бізде не көңіл қалды? Уһ-уһ. (*Тымтырыс.*)

Н а р ш а . Жаратқан ие айығар ма? Бұл тұман сергітін күн болар ма? Мен де адам санатына қосыламын ба? Жоқ па? (*Күрсініп аунап.*) Неге келмей жүр... Келмей ме әлде?..

Т е к т і . Қарағым тыныштық ал... Жаңа бір-екі атты келе жатыр еді... Асан, білші кім екен?

Қ о й с а р ы . Асан, білші кім екен? (*Асан шығады.*)

IV көрініс

Асаннан басқалар.

Т е к т і . Қаракөзге істемеген ем жоқ. Бақсы-балгер, қожамолдалардан келгені, бақпағаны жоқ. Біз де тоздық. Бейшара бұ да тозбай ма? Шошитыным, нағашы шешесі осындай науқастан өліпті ғой. Бір жағы қай десеңдер де, шошығаннан болса да, бір жағы сол ана жағынан келген дерт бар ғой.

Н а р ш а (*Күрсініп, қайғырып*). Апа!! Қойсаңшы... Мен ауыраймын. Әдейі айтамысың, бейшара? Онсыз да тынысым тарылып, үміттен айырылып болғаным жоқ па? Әл-қуаттан да ажырадық. Намыс пен қайғы, өкініш пен арман бір жесе... қалған қуатын өзім тауысайын деймісің?

Асан, Сырым, Дулат кіреді. Бұлар сал киімін тастаған; белдерінде қанжары бар, Сырым жүдеу, өні сұрланған. Үйдегілер кісіге орын береді, амандасады.

V көрініс

С ы р ы м (*Қаракөзді көріп басын төмен салбыратып, жылап*). Жалғызым, сені бұл күйде көргенше шыққыр көзім, шықса етті... Нені күтіп жүргенмін мен (*Қаракөз ыңырсып ән салғандай болады, әлсіз.*) Мен арсыз жетеріме жеттім ғой... Ел-жұрттан безетін күннен соң, жеті күн осы ауылдың маңайынан кете алмай, төбесін көріп қана қаңғып жүргенде неге өлмедім.

Қ а р а к ө з (*Шошып, жылап отырған Сырымды көріп*). Жылайды екен!! (*Сырым қарайды.*) Иә... иә... (*Қадалып қарап.*) мені сені көргемін... тоғайда өлең айтқан... тоғайда осы кісі көп... қызыл шапан қайда?? Тоғайда... торғай...

Ду л а т (*Қойсарыға*). Оңалайын дегені бар ма?

Қ о й с а р ы . Осы қалпы ғой басынан... Осы күнде төмендеп бара жатқан сияқты.

Н а р ш а . Сырым... Заманын бір кұрбымсың... Құдай кеше, мен кештім..., кешпейтін не шарам бар. Бұ күнде қайғылы дертті, жалғыз Қаракөз емес, мен де осының ауруынан екіталайдың үстіндемін. Естіп те жатқан шығарсың, сен екеуің өзге жаннан бөлек жаралып едің... ел ұқпады... біз де ұқпадық... екеуіндегі желік емес... дерт еді. Өмірің қызық емес, қайғы еді... Қаракөздің сау күйінде өзі айтқан сөздерінен сезуші едім.

С ы р ы м . Рас айтасың, ол күнгі жүрісте мұқыл дүние білмеген, әке-шеше білмеген сыр, қайғы екеуіміздің ғана ішімізде болушы еді. Жас күнімізде екеуіміздің де бір аурудан шешеміз өлді. Өлген анамызды іздеп, екеуіміз оңаша жер болса, ән қосып жылаушы едік. Сол күймен ересек болдық, ержеттік. Бір күні Қаракөз қыстыгүні ауыл қыдырамын деп қатты суық боранға кез болып, адасты, іздеген кісі таппады... Бір күн, бір түн боран айықпады... Қаракөзден ел күдерін үзді. Әке-шешесі іздеуден қалды. Сонда сол күндер, күні-түні тыным алмай мен іздедім... Үсіндім... Таптым..., аман алып қалдым... өлім аузынан алып келдім. Сол жолы мен Қаракөзді, Қаракөз мені тапты... Ол жыл былтырғы өткен жылдың қысы еді... Бірақ өзімнің ешкімге мойынсынбаған көңіліммен, бізді құдайдың өзі табыстырды... біз ақыреттен табысып келдік дедім. Мен асылық істедім... Ақырында ұшырадым... Ұшыраттым (*Күрсініп тоқтайды*.)

Н а р ш а . Сол Қаракөзді бір жағы сенің қайғың шатастырса, бір жағы біздің шошытқанамыз, біздің қорлауымыз... кісен мен ұрысымыз болды. Бұ күндегі Қаракөз мынау... (*Күрсініп*.) Естісің. Сарғайған жүздей, сарылған қайғылы мен де тұлыпқа мөңіреген сиырдай сол дерттің ұшығын ұстаған ауру болдым... қор болдым... сен келсе, Қаракөз әлде айығар, әлде жазылар деп едім... Екеуің бір-біріңе қайғы үстінде сүйеу болып едің. Өзіңді танытып көр! Ескіні есіңе түсіріп көр!

Қ о й с а р ы . Иә, ескіні қозғап есіне салса бірдеме болар ма еді?! Қарағым Сырым..., сен Құдайдан да, адамнан да жасырған жоқсың ғой; өзіміздің сезбестігіміз болмаса, сен бойынды бұрын да тасалаған жоқ едің, енді бауырыңа тартып, ой салып көр... (*Сырым басын төмен салып, жылап отырады*.)

А с а н (*Сырымға*). Сырым, шақырып көрсең қайтеді?

Т е к т і . Иә, шақырып, қасыңа алып көрсен, атыңды айтсаң... есі кіріп бірдеме дер ме еді, әлде?

Д у л а т . Есіл алмадай перизат... Жүзіне қарауға жан шыдамайтын болған-ай!! Сырым, «Қаракөздің моласын көріп өлсем, армансыз болам» деп едің, енді тірі көзін көріп отырсың ғой... Бірдеме десенші.

С ы р ы м (*Күрсініп*). Не дермін!!! Қаракөз есінен шата-сып, мен тентіреп құшнаш болам деп, бой сергек кісі болып, тірі қалып өмір етемін деп ойлап па едім... Жаратқан ие, неге ұшыраттың мені... Не қылдың? (*Тоқтап отырып Қаракөзге қарап.*) Қалқам, Қаракөз мені танимысың? Мен қасыңа барайын ба? Мен – Сырым!!! Ұмытқан жоқпысың?? (*Жұрттың бәрі үңіліп қарайды. Қасына келіп қолын ұстап.*) Ән салсам мені есіңе аламысың? Мені танып сөйлесемісің?

Қ а р а к ө з (*Мағынасыздау*). Иә-иә ән салшы... Мен сені білем.

С ы р ы м . Сәулем... Көлеңкем. Қайғылы дертті қарлығашым (*Жылап.*) Сен кеткен соң, менен өлең мен ән де кетіп еді... Өлең айтсам жылау үшін айтушы едім... (*Жылап ән салады. Әні жоқтаған дауыс сияқты.*)

Ә н :

Дариға, дәурен өтті, күнім бітті,
Оқ тиіп ұшырадым – қарғыс жетті.
Бұл күнде сор қамаған қаралы боп,
Көңілді қайғы басып зар еңіретті.
Лашын ем құйқылжыған – дерт күйзелтті,
Айырылдым ашық жардан күн сәулетті.
Семген гүл, өлген бұлбұл қайғысынан
Қайырылып қос қанатым, ажар кетті.

Қаракөз аңырып, өңі қатты, қашып, есі кеткендей болып қарап отырады.

Мен келдім зарға тойып, күнім, саған,
Бір ауыз сөзің бар ма айтар маған?
Жылайын, жырлайын да тілейін мен,
Көзімде жас қалмасын жыламаған.
Бұлбұлдай сайрауменен өлейін мен,
Қайғы өсіп айықпаса қара тұман.
Бір кезде сері болсам еркебұлан,
Бұл күнде қайғы оралды қара жылан.

(Қаракөз шошынады, үні әлсіреп, Сырымға төніп қадалады.)

Қ а р а к ө з . Иә... иә... осылай.... осылай болатын.

С ы р ы м (*Қаракөздің қолын сүйін*):

Боялсын омырауым етек толып,
Қайғыдан мен де өртендім, міне, солып.
Тілеймін маған дағы сол күн келсін,
Тоғайда сондай қара түні болып.

Қ а р а к ө з (*Қатты шошып айғайлап*). А-а-а?.. тоғай... түн...
Сырым... Әне әжем... шақырады... шақырады... (*Шалқасынан
сіресіп жығылады, Сырым шошып отырып қалады.*)

Қ о й с а р ы . Өңі бұзылып кетті ғой... Қаракөз бейшараның
әлі құрыды ғой деймін. Енді қинамасақ та болатын ба еді. Не-
мене?

Н а р ш а (*Төсегінен басын көтеріп*). Құдай-ау, үзіліп бара-
ды ғой. (*Жылап.*) Бір ауыз жылы сөз... Бір ауыз ғана «кештім»
деген сөзді естімей қалғаным ба? Мен кім болдым? Не боп
қалдым? Шынымен-ақ бөтен жанның тойын тойлап қалғаным
ба? Жұртта қалған күшіктей құлазып жалғыздықтан өткенім
бе? Менен қашып бетін шоққа салған жанның қайғысын маған
арқалауға ғана жазғаның ба? (*Талықсып жығылады. Қаракөз
үзіліп бара жатады; Қойсары иман айтып отырады.*)

Т е к т і (*Ақырын жылап отырып*). Сорлы, сорың қалың
сор маңдай екенсің ғой... Маңайыңда жыламаған жан қалдыр-
мағаның не? Құдай, әлде осының қарғысына ұшырадым ба?

Қ о й с а р ы . Үзілді... Қаракөз қайтпас жолға сапар етті.
Байқұсқа құдайдың бұл уақытта жібергені де тілегін бергені
шығар. Енді бұл сорлыға не үміт, не өмір қалып еді.

С ы р ы м . (*Үндемей түнеріп отырған қалпынан қозғалып
келіп Қаракөздің басын құшақтап*). Сәулем... Есіңнен айырыл-
ған күнде де тілеуің менде екен ғой..., өлуге мені күтіп отыр
екенсің ғой..., шыбын жаныңды қорлықпен осы жерге сүйреп
келгенде, басымда Сырым отыратын күнге жеткіз деп тілеген
екенсің ғой... Мен енді ақтайын тілеуіңді... өмірімде мен де бір
сен деген тілеумен өтейін... Дулат! Сен менің қару-сайманымды
ал да, елге қайт... Әуелгі Қарауылға қайт!.. Бар жолдасты тарат!..
Мені қуған барлық жау өлтіремін, өртеймін десе де бас тарт-
паймын. Издегені мені Қаракөздің кабірінің басынан табады.

Енді Қаракөзде ешкімнің ортағы жоқ... Қаракөз менікі
(*Еңіреп жылап үстіне жығылады.*)

Шымылдық.

6-СУРЕТ

Кеш батқан. Бейуақ. Алыста батқан күннің қызыл шапағы көрінеді. Анда-санда алыстан күн жаркылдайды, құлазыған ессіз дала, елсіз жерде жалғыз мола – төрт құлақты бейіт. Бейіт сахнаның жартысын алып тұрады. Үш қабырғасы көрінеді. Артқы қабырғада кішкене есік. Бейіттің ішінде жалғыз кабір. Қаракөздің кабірі. Сахна ашылғанда, біраз жым-жырт. Артынан аз-дан соң ақырын қоңыраулатып дауыс айтып біреу келе жатады. Дауыс әуелі алысырақтан шығады. Мұнды, қайғылы, жоқтау әні.

Дауыс :

Жасымда шешемді алдың қуат берген,
Өмірде бір жетімдік – барым көрген.
Қуанышым, жансерігім, Қаракөзім,
Сүйенішім – оны алдың қасыма ерген.
Жаратқан, бірге алмадың сүйген жармен.
Жыладым, тентіредім, кеттім елден.
Қараңғы көрдей болды көрген күнім.
Тілерлік тілегім жоқ ендігіден.
Армандап күнім өтті қайғы, зармен.
Қалған жоқ, жанда қуат, бойда дәрмен.
Бейуақытта түн жамылып тілейтінім, –
Өлейін орын берші қара жерден.

I көрініс

Ән бітуге айналғанда бейіттің есігі ашылады, келген – Сырым.

Сырым (*Жүдеп, сарғайған, жалаң бас, есіктен қарап бірталай тұрып*). Қырық күн!!.. Қаралы қайғы мен жылаумен қырық күн өтті. Әлдеқашан өлетін шығармын... Ит өмірден кетермін деп едім; әлі күнге мен арсыз тірімін... Кімді күтем? Нені медеу қылам? Не тілеймін?! (*Бейіттің ішіне кіреді.*)

Баяғы кабір әлі де меңіреу... Баяғыдай нық басып бітеуленіп жатырсың, бір топырағың шашылған жоқ; бір жеріңе жік түсіп, жалғызыңның бір тырнағын көрсеткен жоқсың, өткеніне жеті күн толғанда түсімде көріп едім, «шыда, күт тапсыратын сөзім бар» деп еді, ендігі бір белгі беретін күні бүгін шығар. Қырқы толған күні бір рет ескермес пе екем? (*Тым-тырыс.*) Бейуақытта бүгінгі күн бір белгіңді күтемін, жалғызым. Мен саған жазалы едім. Ақ жүзіңе кір салып, алма бетінді суалтып едім; әлемге жаманатты масқара қылдым; сені жолдан тайғызған мен болдым. Мен – жүзіқара... Ағаң екенімді ұмыттым, суға кетіп бара

жатқанда сүйенетін туысканың бола тұрып, су түбіне өзім кетірдім. (*Тым-тырыс.*) Өтті дәурен, тарқады той... бітті тыныс... қуаныштың, тойдың арты қайғы болды. Той үстіндегі ән арты қаралы дауысқа айналды; тіршілік тозақ болды... Сен көтере алмадың, көштің. Мен дүние толған лағынет, қарғыс, жаманаттың ортасында жалғыз қалдым. Жазалы мен едім..., жазамды тарттым. Мен қимайтын не қалды?! Баяғы қызықтырған, желіктірген дәуреннің барлығын талақ еткен жоқпын ба? Астымда жалғыз ат та жоқ, үстімде лыпа қылар киім де жоқ, өлі ме, тірі ме деп бір уақыт келіп халымды біліп, сұрайтын жан иесі де жоқ. Мені дүниеде тірі жанның санынан шығарған. Сенің тірі шағыңда бес күндік дәурен болса да көрікті болсын деп мен барымды салғаным қайда? Сонда арттағы күнге қайтатын жолды тастап па едім? Сенің басың дертке ұшырап, дүние толған дұшпанның торына шырмалған күнде мен бірге дертті болмап па едім? Ауру болса да көремін, қолымнан күтемін, қасыңда өлемін дегенде, көп дұшпан тағы да дұшпандық етті. Мені сенің қасына жолатпай, көруге кеңшілік етпеді. Оның үстіне, әке болып, туысқан болып соңыма түсті, қуғынға ұшыратты. Сонда сені жаралаған қылықтары үшін мен де жау болғаным қайда, алысып, араздық жаулыққа шыдасқаным қайда? Оның бәрін дұрыс іс демеймін, сен солардың кесірінен дертке ұшыраған соң, мен сенің жолыңда өлуді мақсат қылмап па едім? Пайда үшін, батырлық атағы үшін, мақтан үшін емес, сені мен өзімнің жазықсыздығым үшін, бір сенің дертің үшін, ол жүрістің бәрінде де есіннен тансаң да бір жерде сені көзің тірі деген қуат, сену бар еді. Сен үзілген жерде денемнің тірілігі болмаса, менің де күнім қараң болып, өмірім суалған жоқ па еді? (*Қабірді құшақтап жығылып.*) Жалғызым, енді мен қайтейін? Қайтейін... бірдеме десеңші. Жаралы болдым; әлім бітті. Тұншықтым ғой. Бір күнде түсімде өлме дедің, неге айттың? Мен сындым ғой... Міне, екі үзіліп, бүктетіліп жатқан жатысым. Бүгін таңда бір нәрсе айтпасаң, осы қалыпта қабіріңді құшақтап жатып аштан қатып өлемін... бар тілегім – өлім... өшемін (*Еңіреп жылап, қабірді құшақтап, жабысып жатып қалады. Тым-тырыс. Аздан соң күн күркіреп, найзағай шартылдайды, бейіттің есігі тарс етіп шалқасынан ашылып қалады. Ақ кебінге оранған Қаракөздің аруағы есіктің сыртына келіп көрініп тұрады.*)

II көрініс

А р у а қ. Ей, Сырым, (*Сырым шошығандай басын көтеріп, аруаққа қарап қатып отырып қалады, аруақ баяғы сау, сұлу Қаракөз пішінде*). Бүгін саған келгенде жалғыз-ақ сөз тапсырамын. Сен еркексің. Ер бол да, екеуміздің басымызды ақта! Сенің қолыңда соған жарайтын қуат бар. Сен – жалындаған жанды сөздің иесісің, көңіліңді тоқтатып күйге түссең, сенің аузыңнан өрттей сөз шыққалы тұр. Бұл күнде сен қуатыңды буып, өзінді-өзің тұншықтырып жүрсің. Енді сен бойыңды жи, беліңді бекем буын!! Күрмелген тіліңді шеш, кеудеңе құдай құйған өнерді өзен қылып ағыз! Елді жылат, егілт. Мені де, өзінді де ақта... Еркек болсаң, мені ойласаң, тапсыратыным осы, сынған ер жамалады, сынып біткен көңіл қайғысын сөзбен шаяды. Сен көреген боласың. Сен жақсы кәрі. Жақсы болып жазыласың. Ескі ақынша оян да толған!! Сенің даусың биік, қалың тоғайдың басын теңселткен қатты желдей аңқып еседі. Сенің бетіңе тура қарайтын жау болмайды, дауыл менен жауында жай ұшырған жапырақтай болып ұшады, жоғалады. Өлі бойға жан бересің... шеш тіліңді... екеуміз тартқан күйікті жыр қылып күңіретіп өт. (*Кетіп бара жатып.*) Оян... Серпіл..., сөйле... сөйле...! (*деп жоғалып кетеді. Аруақ жоғалып бара жатқанда, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды.*)

III көрініс

С ы р ы м (*Ұйқыдан ояғандай біраз ыңыранып отырып*). Рас па?! Күнім!! Рас па, жалғызым... (*Көтеріліңкіреп*) айтқан сөзің ем болар ма?? Күздің суық қара түнінде ішімде күн туғандай болғаны қалай?? Жаз исі шығып, қара тастай қатып-семген көңілдің жібигені қалай? Бойым балқып иігендей, жүрегімнің қайғысы қаралы жүзімнен ағарғандай... Діріл қағып елбіреген домбыраның ішегіне ілінген күйдей болып ішімде қайғылы, мұңлы күй оянғаны қалай?.. Қара түнде қара жыландай қайғы оралып, қараңғы көрді тілегенімде, алды-артымда шам жанып, басыма кеп сөз қатты. (*Өлеңмен сөйлей бастайды*):

Көк сөгіліп от төкті,
Жай отымен нұсқар ма?
Баратұғын пір бетті, сен жарық ең,
Мен – көлеңкен, құдірет қуып сорлы етті.

(Серпілін түрегеліп.)

Құйыл сөзім... құйыл енді қысылмай,
Таудан аққан тас бұлақтың суындай.
Өрт қып ойнап, көбіктен де аспанда,
Ішін тартып аласұрған құйындай.
Жалынындай түндегі оттың жаланшы,
Жансыз жаным, ақсын қаным тыйылмай.

(Қабырға қарап.)

Қара түнде қабіріңнің басында
Ант етемін бұлт басқан айыма.
Оқ нөсері құйып тұрсын жолыма,
Уәдем осы – куә болшы, суық көр!
Енді өлмеймін тіпті қарап жайыма
Кепілім бол, кереметті қуанышым!!
Қару ұстап аттанамын жауыңа.
Менің қамшым оқ жыланнан өрілген,
Қолда найзам жай отымен үштелген.
Кесілгенше кесілгір тіл сөйлесін,
Қүдіретім, қылығыма куә бол!!

Есеңгіреп, құлаңқырап, шалқайып барып бейіттің қабырғасына сүйеніп аз тұрып қалады. Аз тым-тырыстан соң шығып кетеді.

Шымьлдық.

ЖАЛҒАУ СӨЗ

(Эпиграмма)

Алдыңғы шал шығады. Бұрынғы пішіні, қолында бұрынғы қобыз сыбызғы.
Тым-тырыстан соң. Сонан соң сері Сырым сынығынан жамалып, тірлік етті.
Ардақты жұрт!! Ақын жайын өлеңмен айтқанымды ұғарсың, айтайын:

Моладағы соңғы түн аруактан соң,
Төгіліп ағыл-тегіл өлең кетті.
Сырымға ұшан-теңіз сөз дарыды,
Ашығы бата беріп қол сермеді.
Аздан соң дәурендеді ақын тілі...
Іркілмей жақ сарнады күні-түні.
Қайғы мен шерден туған ақын болып,
Шерменен аспанға өрлеп жалын шықты.
Біресе бүктетілген селдей болып,
Екпіні тау теңселтіп, тасты жықты.
Құба жон ордай жол осылып қап,
Шары өрде шабынғанды інге тықты.
Қолына сыбызғы мен қобыз ұстап,
Сайқалдап сар даланы шарпып өтті.
Кескекпен шапшып тұрған ашулы жау,
Бегінен шошығандай жасып ықты.
Әуелде ызаланған жауын қуды,
Зарын төгіп көзінің жасыменен,
Қаралы қайғы басқан бетін жуды.
Бір кезде ашуменен тас боратты.



ҚАРАГӨЗ

2-нұсқа

Төрт актілі, жеті суретті трагедия



БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Жарылғап ауылының сырты, дөң асты. Кешкі мезгіл. Жартас, өзен, қайыңды тоғай. Қоңырлатып айтып келе жатқан ән естіледі. Үш жігіт шығады. Алдында домбыра тартып келе жатқан Асан бұлғақ.

Асан.

Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы түлкіге құсым жетпес.
Ақбоз үйдің сыртынан атандырып,
«Қош ағатай!» дегенің естен кетпес.

(Артына айналып қарайды. Нарша мен Матай үндемей салбырап келеді. Асан көтеріліп.)

– Уһ... кең дүниеге шығып сергіп қалдым ғой!.. *(Жолдастарына.)* Ой, шіркін!.. *(Өлеңдете сөйлейді.)*

Теңселе басқан тең жігіт,
Бейілі мырза кең жігіт!
Уа, бірің – жаға болғанда,
Бірің – берен жең жігіт!
Күйеуім деп сызылған
Жеңгелерге жем жігіт.
Неге мұнша налыдың,
Қайыспас деген, ер жігіт?

Нарша. Асан, сен бұл күнде еркесің. Тұнығы бұзылмас айдын судың ақ құсы емеспісің; көңілге жақса – отырдың, жақпаса – ұштың, кеттің. Біз уайым айтып жүдетіп жүрмесек?

Асан. Жарқыным, бас алып, құлақ тігісіңді ұнатпадым. Сөз сарыныңда кейіс бар ғой, мәнін айтшы!

Нарша. Біздей жанның кейісі не болу керек, сезбеймісің? Қол-аяғым сау, басым аман, өзім жас. Ағайынның аялаған баласымын. Топпақ жалды торының үйіріндей қалың Досан бірімін. Өзімдей салтанатты қайныма келіп жатырмын. Қыз...

қызық... думан, той. Тек сонда да менде арман бар. Саған соны айтпақпын. Менің дертім – Қарагөз...

А с а н . Қарагөз! Қарагөздің ақ жүзінде мін бар ма? Оны хор жігіт олқысынбаса, кім кемсінеді? Ер жігіт арман етер алтын тақ, иран бақ Қарагөздей-ақ болмас па? Не мін таптың?

Н а р ш а . Рас, Қарагөзде мін жоқ. Қарагөздің ақылы мен көркі мен түгілі менен зор хан-қара, би-төренің қайсысына болса да олқы келмес.

А с а н . Енді не жетпейді? Қарауылдың асылы, күміс бәйтеректегі бұлбұлы Қарагөз болғанда, сен оның алған жары екенсің, не тілейсің? Мен ұқпадым.

Н а р ш а . Қарагөз ақылымен, мінезімен тұсау салып тұр ғой маған.

А с а н . Ой, тәңірі-ай, ақ батамен қосылған, ақ адал малы төленген, күйеуі ұрын келген қалыңдық қайтып қапа, не деп қана тұсаушы еді сендей – нардай жігіт күйеуін?!

Н а р ш а . Өзге кебін айтып ие қылайын. «Көңілімді ала алмасаң, қарамасаң қабағыма, мені құшпайсың, маған берген малыңды құшасың», – деді ғой.

А с а н .

М а т а й .

Бұл қалай дегені! Қандай сөз бұл?

Н а р ш а . Бәсе қай қалыңдық аузынан шығатын сөз еді? Бірақ сол сөз шықты ғой Қарагөздің аузынан.

А с а н . Е, салмайсың ба тыйымды? Тартқызбайсың ба ондай қырсық мінез сазайын?!

Н а р ш а . Қара күш пе, зорлық па?.. Зорлап құшам деп келдім бе мен өз жарымды.

М а т а й . Е, ата-баба жолы, кәне? Тіпті не деп тұрғанын түсінбедім-ау осы мырзаның! Сазайын тарттырып, жазасын беріп салмаушы ма еді тұзу жолға?

Н а р ш а . Оған қалса – ашудан, қамшыдан оңай не болушы еді! Бірақ Қарагөз ол құралды алып тұр ғой қолымнан.

А с а н . Қалайша? Бұл қалай болғаны?

Н а р ш а . Ол сондай мінезді, биязы, нәзік. Бір ауыз қатқыл мінез қатаң сөз қатпастан, үзіліп-талған, өзек жарған асыл сөзбен, әйел баласынан өз басым көріп-білмеген сыпайылық әдеппен жүйкемді құртып тұрған жоқ па?.. Тек бірақ... әттең, бірақ сөйте тұрып сұлу Қарагөздің өзі және мені жатқа балады ғой. Жаңылмасам, жаным деген жақыны бар. Менің қайғым

сол ғой. Алған жардың көңілінде, талассыз, зорлықсыз еркін көңілінде бірдің өзі болмасам, маған тірліктің несі сән?! Бұл келген, күйеушілеген келістің несіне қуанайын?!

А с а н . Осы елдің сенімен бақ-талайын таластырар асылы кім? Соны айтшы маған?

Н а р ш а . Кім екенін білмеймін.

М а т а й . Кім екені белгісіз. Бірақ соны білу керек. Сен таппасаң табар жан жоқ.

Н а р ш а . Аты-түсі белгісіз болса да, бақ-талайы асқан дұшпаным бар.

А с а н . Қарагөздің елінде атағы шыққан жас пері – Сырым бар. Ол жаланған ер, жалындаған ақын, салтанатты сал Сырым... Өз ауылы «тентек» десе де, ол сұлудың албастысы.

М а т а й . Сырымық не? Оны не деп айтасың?! Ол да Өсердің бірі емес пе?

А с а н (*жарыса*). Рас, Сырым болуға қисын жоқ. Ол қыздың ағайыны. Аралары неше ата екен осылардың? Тым жақын емес те ғой өздері.

М а т а й . Неше ата болса да, Өсер ауылы бір-бірінен қыз алысқан емес қой.

Н а р ш а . Және шоқтай тұтас бір үйір емес пе бұл ауыл?

А с а н . Солай... Жеті атаға жетпей, қыз алысар бұлар емес. Оған жеткенде де құда болыспайды ғой мұндай ауыл. Ал тегі (*ойланып*), бұл елде Қарагөздің сол Сырымнан басқа теңі жоқ. Сұңқарын қарға шықпаса, арғымақ жабы болмаса, Қарагөздей бәйтеректің басын шалар қанат-қияқ жоқ. Мен мәнісін білмедім.

М а т а й . Өзге біреуді айтпасаң, Сырым деудің орны жоқ.

Н а р ш а . Сырым демеймін. Бірақ «мен» деген дос – сендерден тілейтінім – осы жарамның атын атап, тегін танып беріңдер! Қарагөздей тектіге кез болмасам етті? Кез болған соң, оңынан келсем етті! Мына шерді зіл-қара тастай көтеріп жүргенше, шыққыр жаным шықса етті!

А с а н . Асыл жігіт, азба! Жасырынған жау жатағы табылар! Тек қана сыр ұшығын берік ұста! Аруағың әлі-ақ басады.

Жүріп кетіседі. Аздан соң сахнаға сәнді киінген бір қыз, бір келіншек шығады. Екеу де жұқа қара жібек шапан жамылған. Қарагөз бен Ақбала.

А қ б а л а . Ұшығыңа жеткізбеген бір баласың ғой, әйтеуір. Наршаны менсінбейді дегенді жұртқа не деп айтарды білмей-

мін. Осы елдегі бас көтерген жас жігіттің талайы тоғыз-тоғыздан жолын алып, сенен бір ауыл жылы жауап әпер дегенде, жалғыз сөзге зар болып едік. Аяғыңа бір күн отыртқан жоқ едің. Қашаннан келе жатқан іс еді мұның? Сені жолдан тайғызған кім? Соны айтшы.

Қ а р а г ө з . Кім екенін айтпаймын. Осы жерде бүгін түсін көресің. Бұл істің басталғаны кеше ғана... Қара түнді жамылып, жан сырын ашысқанға бір-ақ жұма. Содан бері екі-ақ көрістік... (Пауза.) Бізді қосқан жай желік пен құмарлық емес! Саған айтар ең үлкен шыным осы.

А қ б а л а . Атын аташы, ол кім?

Қ а р а г ө з . Ұзақ сапарға аттанарда өмірбойға, біржолға жеңгелік қарыз өте дейтін тілегім болса, сол осы!

А қ б а л а (тоқтап тұрып). Жасыңнан сырың өзге жансың ғой, Көзжақсым! Мені шегелемей қоясың ба!..

Бес-алты сал келе жатады. Ортасында – Сырым.

Көзжақсым-ау, мынау Жуас қайнағаның баласы ғой. Молда жігіт келе жатыр, ойбай! Бұлар бірдеңе сезген бе? Аңдып жүрмесін бізді? Әлде әлгі келетіндерді аңдып жүр ме?

Қ а р а г ө з . Шыдай тұр... Бұлар жаулық қылмайды... Сырым бізге жау емес.

А қ б а л а . Не дейді? О да біле ме? Бұл тентек еді ғой, бірдеме деп, пәле бастап жүрмесін?

Салдар бұларға тура жүреді... Тегіс сәнді киінген. Қарагөз Сырымға қарсы жүріп.

Қ а р а г ө з . Сырым... Жүрегім!..

С ы р ы м (құшағын жайып қарсы келе жатып). Қара түндей қасірет ортасында жалғыз шырақ-жарығым, маңдайдағы жұлдызым! Торға түскен ақ тотым... келші, күнім! (Екеуі құшақтасады. Салдар күле қарасып, қосыла домбыра тартып қалады.)

А қ б а л а . Көзжақсым, мынау ойының ба, шының ба?! Алыстан тапқан ба десем, жаңа көрдің бе осы тентекті?

С ы р ы м . Ақбала, айыбыңды ал, жаным, тек жазғырма! Ол – Қарагөз, мен – Сырым. Қарагөздің Сырымнан артық жары болушы ма еді? Сәулемнің менен өзге теңі кім? Мен жылап жүріп тілеп алған.

Қарагөз. Жеңеше, Ақбала... сүйгенім Сырым болмаса, мен жалғызбын дер ме едім? Сенен көмек сұрар ма едім?

Ақбала (төмен қарап). Білмедім, шырағым... Тек әжең мұны қарғағаны қайда?

Қарагөз. Әжемнің қарғағаны жетістіріп пе еді мені?

Ақбала. Тек түбін өзің біл, Көзжақсым!..

Сырым (Қарагөзге). Ақбала да біздік екен ғой, сәулесім! Сен жалғыз емессің! Салдарым, Қарагөз әні кәне?!

Ақбала төменде, Сырым мен Қарагөз құшақтасып тас басына өрлейді.

Дулат (өлеңдете сөйлеп).

Күзетші біз отырған сыртта барлап,
Маңайда дұшпандар жүр жындай сарнап.
Екі асық, ынтық болған мұратқа жет,
Жау жатсын іші күйіп онда зарлап!
Қошемет сөз айтамыз сендерге арнап,
Қостайды салдар сізді асық жарлап.
Мақұлдар теріс десе, жолын алсын,
Береміз қалы кілем, кара нарлап!

Сырым күрсінеді. Салдар Ақбаланың айналасына жиналып, ақырындап ән салып отырады.

Сырым (Қарагөзге). Көрмесем деген зауал шаққа жетем бе? Не боламын сонда мен?

Қарагөз. Қайран, Сырым, жан Сырым!.. Жат тағдыр жат ететін шаққа жеткізді ғой мені саған.

Сырым. Не дейсің сен, Қарагөз? Арыздаса келіп пе ең менімен? Айрылысар шақ жетті деп тұрсың ба?

Қарагөз. Менде ерік қалды ма?

Сырым. Солай деп көнбіс боласың ба? Өртегелі келдің бе мені?

Қарагөз. Бірге өртенгелі келсем ше?.. Бізден аяған от бар ма?

Сырым. Соның үстіне өзің де көнермен боп, менің көңіліме тағы бір от тастап тұрған жоқсың ба?

Қарагөз. Жаным, Сырым қызғанышың балалықтай ғой.

Сырым. Я, мен қызғанамын. Мал қызғанбаймын, жер қызғанбаймын, жанып кетсін дүние-мүлік, барлық тірлік – бірін де қызғанбаймын! Бірақ бір сені бар әлемнен қызғанамын, бар дүние көзінен қызғанамын! Қорғағым, қоршағым келеді

канатым астында. Бөтеннің көзінен де қызғанамын. Бұл қызғаныш – табынатын тәңірім бүгін дәл менің! Сен не деп тұрсың? Менен сені айыратын жанның жазығы жоқ – Наршада айып жоқ демексің бе?

Қ а р а г ө з . Ол жанның дәл өз басында, шынымды айтам, әлі мен айыптар сұм-сұмдық мінез көргенім жоқ.

С ы р ы м . Не дейсің, Қарагөз?! Қайтіп қана, қандай ғана отқа өртеп тұрғаныңды білемісің сен мені? Одан да салсаңшы мына сапыны менің жүрегіме!

Қ а р а г ө з . Олай деме, жаным Сырым!.. Менің бар дүниеден бөліп-жарып алғаным – бір ғана сен өзіңсің? Қандай азап көрсем де, қай қайғыда тебіренумен жүрсем де, жүрегімнің түбінде құпия боп тығылған жалғыз бір сәулем бар. Өз ішімде жанған сол күнім, сөнбес жарығым бар. Әр қайғыда, қауіпте, әртүрлі қыспақта «сол жарығым, сәулем бар ғой» деп күйінген жаныма жұбаныш табам... Соным – өзіңсің, сен ғанасың! Бірақ Наршаны кінәламаймын дегенім – айтқаным айтқан. Ол топас болса, озбырлық, зорлық, қара күш иесі болса, оңай еді барлық емі. Ол мені өзгеше бір момындық, жуастық майдалығымен тұсағандай болады (*Екеуі айналып кетіп қалады.*)

Д у л а т (*Ақбалаға иіле беріп*). Жаным-ау, әлі осы мен ай қарап тұрмын ба? (*Өлеңдетіп.*)

Күндіз-түні шарлап,
«Қыз-кыр-ай» деп жас парлап,
«Ақтамақ» деп жыл сарнап!» –

жүргендегі іздегенім – осы отырған Ақбала... Бәйтеректей жапанда, жалғыз біткен тақбала... емес пе еді? (*Аймалайды.*)

А қ б а л а . Адасып жүріп айға бата қылғандай, аяқсыз жүріп кез келгенінді мен қайтейін. (*Құшағынан босанады.*) Біз десең, бұрын көрмеп пе ең! (*Күледі. Бұл топ сейіл қып құшақтасып өтіп кетеді.*)

С ы р ы м . Мен бұл шаққа дейін сағым қуған Сырым едім. Тек сені ғана тапқаным өмір таңым атқанын, ашық арай алтын күнім туғанын аңғартпап па еді маған? Кеше ғана сәтке ғана адасып жүрген жанымның бағы ашылып, күні туыпты. Сен емес пе ең сол жаным тапқан жаннатым? Содан бері мен түк дүниені көрмеймін де сезбеймін. Бар-бар айналадан бір сені, сені ғана көремін. Мен сені үнемі көрем – далада, ауылда, қара түнде, иесізде, айдалада, елсізде, әрбір салған әнімде, тартқан

күйімде ұдайы көз алдымда өзіңсің! Қарайсың да тұрасың...
Солайсың сен, ару Қарагөз! Қарагөз ару асығым!..

Қ а р а г ө з . Есіл Сырым!.. Сен осындай болмасаң, мен мұндай зарлық болар ма ем?! Жаңағы бар сөзің – менің аузымнан шықпаса да, жаныммен күнде құпия сыбырлап, жалбарына айтып жүрген жайларым ғой! Кеше ғана сыр ашысқан сорымыз да!

С ы р ы м . Сені кара түнде, ақ боранда, қатер үстінде ажалдан айырғанда, адасқан далаңнан тапқанда, «енді айырылмас боп табыстық» демеп пе ем мен ішімнен!

Қ а р а г ө з . Маған да сен болмасаң, өзге кісінің басы қайғы болар ма еді?

С ы р ы м . Маған барынды айтып кет. Мені неге келтірдің? Кешегі қорғаншақтық болса, неге шақырдың бүгін мұнда?

Қ а р а г ө з . Сағындым, көргім келді, ынтыға сағынамын. Есім кете сағынамын, жан құштарым! Сол үшін шақырттым... Әйтпесе менен бір ой шығады дедің бе?

Салдар қайта келеді.

Дулат (өлеңдете сөйлейді).
Ақбала, мен қайтейін қабағынды?
Әлі де ұмытқам жоқ баяғыңды.
Ұрысып келген сайын дарытпайсың,
Басасың қашан түзу аяғыңды?
Ақбала, мен кенейін тамағымды,
Ұмытам сендей қайтіп қарағымды?
Еріттің, елжіреттің, қызықтырдың,
Жан жанан, өзіндей жан жананымды.

Өтіп кетіседі.

С ы р ы м :

Сен менен кетсең, –
Антым болсын осы сөз
Жас тілегім, құшағым,
Бірге кетсін сенімен!
Сол тірідей өлгенім,
Шала жанып сөнгенім.
Сенсіз маған дүние тұл,
Өрттен қалған денем құл,
Өртеймін десең өзін біл!

Сенсіз қалған Қарауылдың жайлауы көр. Жарық айлы түн,
жұлдызды жарық кеш неге керек сенен соң?!

Салдар оралады.

Дулат (*Қарагөз бен, Сырымға сөйлейді*).

Жас өмір сылдыр-күлдір әлі-ақ өтер,
Қызығын бірі қалмай, бәрі кетер.
Бүгінгі алмадайын Қаракөзім,
Сол күнде күйің не боп, күнің не етер?
Қарағым, көп күрсінбей сөзін бітір,
Күткен көп үйге қайтар көзің жетер.

Өмір кетіседі.

Қарагөз. Мал бергеннің жетегінде кетіп, іші өргеніп зармен өткен қазақ қызы аз ба?.. Малға балап, батамен матап, мені де осылай көп қыздың бірі етіп қор етер деп ойласамшы осы шаққа дейін сорлы басым? Маңдайыма кеп тас тигенде – енді ғана бар қазасын, шер жарасын аңдаппын. Бүгін ғана сенің жаныңда, аяулы асық жарым жаныңда осы дүние сұмдығынан үркіп тұрған жүрекпен бауырыңа тығыла тұра айтарым: лағынет, лағынет болсын сол қызықсымақ, сауықсымағына!

Сырым. Қостадым, жаным, жаныңмен үріккен зарыңды!.. Лағынет, лағынет болсын сені тұтқын етем деген қаралық малы, арам малы, қалыңмалына! Қаңғыманың алды осы түннен басталсын!..

Қарагөз. Жоқ жаным... Атама оны!.. Сен ертең мені ұзатқан жерге келесің. Тіпті, мені барар жеріме де апарып саласың. Әйтпесе бір емес, екі өлгенім...

Сырым. Жоқ... жоқ!.. Менің бармағаным артық! Мен елдің қызығын бұзып кетермін. Жаралы жас аюдай, дұшпан атаулының беті-басын жаралармын, мені босат!

Қарагөз. Мені сен апарып салмасаң, көзім жасын кім тыйар? Қайғылы басым кім сүйер? Тілеймін, жаным!..

Сырым (*ойланып тұрып*). Олай болса, жарайды! Біз келерміз. (*Қарагөзді сүйіп айырылуға айналып.*) Қарағым-ай, Өсерден неге тудың? Тумағыр басым неге тудым алтыншы атам Өсерден?! (*Қайғырып тұрады.*)

Салдар шығады. Ақбала мен Қарагөз кете барады.

Дулат (*Сырымға*). Не деп жүдетіп кетті Қарагөз?!

Сырым. Қарагөз шыдамады. Біздің енді не боларымызды құдай білсін. Бірақ Қарагөзді Досан ауылына апарып салатын болдық. Ертең – той, айтылатын «жар-жар» бар. Қарагөздің тер күні Қарауылдық елі мен белін күңдірентіп неге кетпейді?

Дулат (*бекініп*). Бәсе, Қарагөзімізді әкететін жауларға, тым болмаса бір оқ атып қалайық. Барып-барып жығылмас па екен? Әкетсе де, соққы жеп кетсін. Неге қарап қаламыз?

Сырым. Рас айтасың.

Қоскелді. Бәрекелді, жақсы болды. Тілді безеп бір бағайын!

Дәулеткелді. Өзіміз Қарагөз кетеді дегелі жабы болып бара жатыр ек. Сілкінейікші бір!

Сырым. Жә, біздің жар тек болмайды. (*Көтеріле серпіліп.*) Біздің өлең:

Қарагөздің жанына
Жара салған жарына,
Күңгіренткен зарына...

Дулат (*іле*).

Қайғылы болған халына,
Айырбас болған малына.

Қоскелді.

Артта қалған ағайын –
Туғаны мен барына...

Сырым (*басын изеп*).

Назалана, налына,
Бетін ашып тарыла.

Сөйлеген сөзін жыр қыламыз. Осыған тіл безендер (*Аз тым-тырыс.*) Егес болса – егес. Мен Қарагөзден қалмаймын. Күдерімді үзбеймін әлі де. (*Салдар қосылып, ақырын әндете.*)

Бәрекелді, сал Сырым,
Көрсетсеңші сән түрін,
Тарқатсаңшы ой кірін;
Айтушы едің сен бұрын,
Шырқатсаңшы ән бірің!

Сырым. Баста олай болса, «Қарагөзге»!

Бәрі қосылып ән салады.

Серінің қыз құтылмас талабынан,
Қалкағай, бір сүйгізсең тамағыңнан.
Жеңгетай, тоғыз торқа толып жатыр.
Сілкіп ал шалбарының балағынан!
Қарагөз айым!
Қалдың кейін!

Кеткенде сен алысқа
Зар еңірейін!

Кетіседі.

А с а н (*жалғыз шығып, өлеңмен сөйлеп*).

Қара шапан жамылып,
Қыз кетеді бір жаққа.
Ән шырқатып қағынып,
Сал кетеді сол шақта.
Салқын кеште сейіл ғып,
Кім келеді бұл тасқа?
Жолығуға ыңғайлы
Болғандай-ақ мұңдасқа.

(Таңданып.)

Мәні-жөнін ұқпадым,
Сонда да мұнда сыр басқа.

Ойланып тұрып, ақырын ысқырып жүріп кетеді.

Шымылдық.

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Той күні. Бір топ әйел оқшау тігілген отауды көріп жүр.

1-ә й е л . Қыздың отауы осы ғой. Анау дәдегелерінен танып тұрмын. Ұзынтұра қайнағаның бәйбішесі істеген. Іші қандай екен, кірсек қайтеді? (*Үйге кіріседі.*)

3-ә й е л . Алған малын түгел жұмсайым деп отыр десіп еді семіз бәйбішені.

2-ә й е л . Түгел жұмсап құтырып па? Онда қыздан олжа қылғаны қайсы?

1-ә й е л . Бәсе, «бұл ауыл қыз сатумен байыған ауыл» деп сөйлейтін қауесет бар ғой.

3-ә й е л . Бәсе, тегін болмас сол сөз. Пәлен-батыр мол жасауы көрінбейді ғой.

1-ә й е л . «Бұл жолы бермеймін, жасау-жабдығы дайын емес», – дескен екен. Қарагөздің наразы боп жүргенін сезіп, тоқтатпай беретін болыпты ғой.

2-ә й е л . Қарагөзді жолдан аздырып жүрген кім екен, ей?

1-әй е л . Досы кім екенін білген жан жоқ дейді. Әйтеуір мына күйеуге ырза емес деседі.

3-әй е л . Көрейікші күйеуін! Бұл үйді «жар-жарға» дайындап қойған-ау, тегі.

2-әй е л . Қыздың «жар-жарын» кім айтар екен?

1-әй е л . Жүр ғой осында салдар. Сырым да жүр екен. Бұл жолы қайтер екен? Өзгенің қызын ұзатарда «күйеуіне ырза емес» деп қайдағыны айтушы еді. Айтқыш болса, Қарагөздің наразылығын айтсыншы, көрейік!

2-әй е л . Сырым тайсалар деймісің? Бұл күйге шейін ойқырына қарап көрген жоқ. *(Тамсанып.)* Осы біртүрлі-ау өзі. Бетің бар, жүзің бар демейді.

3-әй е л . Мен тіпті жүзіне қарауға шыдай алмаймын кейде. Тек бір алмасы бар сияқты.

2-әй е л *(күліп)*. Құрып қалғыр, қызығып жүр екенсің-ау!

1-әй е л . Қызықса несі бар. Жас болмап па жұрт?

Табакшылар өтіп жатады.

1-т а б а қ ш ы . Ей, қатындар, кісісі жоқ үйді айналдырғанша, ана ізденіп отырған жігіттерге – күйеулер үйіне барсаңдаршы!

2-т а б а қ ш ы . Тым-ақ мөлдіреп тұр екен. Бұларды кім керек қыла қойсын?

2-әй е л . Етіңді тасы жөндеп. Саған «жігіт тауып бер, басымызды өткізе алмадық» дедік пе?

1-әй е л . «Жігіт қарамады» деп саған жалындық па? Сұқсырдай неме! *(Күліседі.)*

3-т а б а қ ш ы . Бүлінбей-ақ қойындар. Сендерге де өліпталып тұрған кісі жоқ. Не қылсын өңшең ашамайдай қып арса-арса кәріні!

Бұл топ кетіседі. Екі келіншек ерткен Ақбала келеді.

А қ б а л а . Ол жібекті мына шымылдыққа іл, оңайға қой, жар-жаршы қыздар жамылады.

1-к е л і н ш е к . Жігіт жағынан «жар-жар» айтатып Асан болады. Ол бір самар көрінеді. Қыздар ештеңе айта алар ма екен?

2-к е л і н ш е к . Е, айтпай, бүгін туып па? «Жар-жарды» Еркемнің өзіне айтқызса, Асанның әдібін қолына берер едіі Ұзатылатын қыз болған соң, иба қылады ғой. Болмаса, Сырымнан екі елі айырылмай, өлең мен ән үйреніп, ойын-тойда тамам қыздың алдына түсуші еді.

Ақбала. Олар үшін айтатын кісі табылар. Молда жігіт дағдысынан жаңылмаса, жігіттерге қосылар деймісің!

1-келіншек. Әжемнен қаймықпаса, ұрсады деп!

Ақбала. Қаймығатын кісіні тапқан екенсің!

2-келіншек. Япыр-ай, әжемнен бай ауылының бар еркегі осы күнге шейін қорқып, сыйлап тұрады. Сырым неге соларша именбейді?

Ақбала. Жас күнінде өз шешесі өлгеннен бері жатбауыр болып кетті дейді ғой.

1-келіншек. Болса болар-ау! Өзі мына шешесінен өгейлік те көріпті ғой бала кезінде.

Қолында таяғы бар, жуан, семіз бәйбіше – Мөржан шығады. Жанында күтуші қыз.

Мөржан (*отаудың есігінен қаран*). Болдыңдар ма, түге? Ақбала, мұндамысың?

Ақбала. Болдық, әже!

Мөржан. Тысқа кілем әкеліп жайыңдар! Жұрттың бәрі үйге сыя ма? Қарагөз аттанғанша, күйеулерді төбеңнен тік жүріп күт! Қарагөз қайда өзі? Ол үйінде неге отырмайды? (*Ақбалаға оңашалап.*) Мен бір суық естідім. Осындағы қатын-қалаштың аузына да жайылыпты. Ол тағы не сұмдық? Сен білуші ме едің? Ауылға, аруаққа нұқсан келтіретінін ойлаймын деймісің сен? Сезгеніңді айтпай, ішіңе тығып жүрсің-ау, дәу де болса!

Ақбала. Несіне тығайын. Көзжақсымның ырза еместігі Наршаға да мәлім болыпты. Білгенмен, мен қайтейін?

Мөржан. Нарша да біліпті дейді? Шынымен-ақ менің асыраған балам жаманатты болғаны ма? Мұның не білген ойы бар? Шақыр мұнда Қарагөзді! (*Қыз кетеді.*) «Жетім қозы – тас бауыр» деп, қанаттыға қақтырмай, туған шешесін жоқтатпаймын деп келсем де, бар қадір-қасиетімді басқа тепкені ме?! (*Ақбалаға.*) Мұны бұзып жүрген кім? Наршадан асып тапқаны қайсы, менсінбегенде?

Ақбала. Әже, «Наршаны жақтырмады» дегені болмаса, басқа бір кісі бар деп ешкім ешбір сөз айтпайды. Мен де түк білмеймін.

Мөржан. Я, сенгенім-ақ!.. Соның сенен жасырын қоймасы бар шығар! Баламның ойын бұзатын эззілді иіскемей-ақ білемін. Жеңгемін деп қас істемейтін істі сен сияқтылар

істейтінін сезбейтін шығармын!? Тек қонақ аттансын, тап сенің ініңе су құярмын, бәлем! Білдің бе?!

Көп қыз-келіншек нөкерімен сәукеле киген Қарағөз келе жатады.

Қарағым, неге жүдеусің? Мынау отауыңа «ұзағынан сүйіндір» деп оң аяғыңмен аттап кір. Атаң – күйеу, анаң – келін боп тілеу тілеп кірген ақ күмбезі осы болар!

Қарағөз кірмей, үндемей тұрады.

Кір, жарығым, жасық боламысың, шіркін, әлде немене?

Қ а р а г ө з . Әже-ай, кірерміз де, шығармыз да. Оның несін ырым қылдың? Қай қыз «сапарымды онда» деп тілеу тілемейді дейсің? Соған қарап бағы ашылар болса, кім тілемес? Жылы ұядан шығып, жат қияға кетіп барам, одан да батанды берсеңші!

М ө р ж а н . Менің бата бермей жүрген балам ба едің сен?.. «Ана сүтті, ақ батамды ақтамасаң – саған серт, тілеуінді тілемесем – маған серт!» дегенім қайда? (*Пауза.*) Басқан ізіңнен сынайтын жаттың ортасына барасың, сақ бол! Өркөкірек қып өсірген өзім едім, өлшеуіңнен аума, жаным!

Қ а р а г ө з . Әже, мені бір шаруаға шақырттың ба? Әлде бір айтпағың бар ма еді?

М ө р ж а н . Иә, қарағым, айтпағым бар екені рас. Сенде осы қызығын қызықтағысы келмеген жадаулық бар дейді. Мен сенің жолыңда жаным шықсын деген анаңмын. Саған жаманат тағылғанша, менің кәрі басыма ол қайғыны салғанша құдайдың алғаны артық деп жүрген адаммын.

Қ а р а г ө з . Мен сонша жаманатты болыппын ба? Не істеппін?

М ө р ж а н . Сенің қабағыңа қарап, Нарша да жүдеп отыр дейді. Оның да көңілі сынық сияқты маған. Осыдан артық сұмдық бола ма? Бұл ма еді менің күткен күнім? Осыны тойға жиылған өсекші қатындар тобы сусылдап, ордалы жыландай ысқырып өсекке таңып, жұртқа жайып барды дейді. Қарағым, мен сенен мұның жай-жапсарын сұрамаймын.

Қ а р а г ө з . Неге сұрамайсыз? Мені бұл болмаса – күл болсын дегеніңіз бе? Әйтпесе қызының күйін шеше сұрап білсе, мін болар ма еді?

М ө р ж а н . Жоқ, жаным, маған сұратпа! Маған ол күйігінді тарттырма! Осы білгенім де жетер. Шешеннің ауыр салмақ көтерер сиқы жоғын ойла! Мына тойынды қуанышпен өткіз!

Жабығып, жасытпа жолдасыңды. Ондағы мен мұндағы еліңнің жүрегін мұздатпа!

Қ а р а г ө з . Кім болса да қолынан келгенін істер...

М ө р ж а н . Балам, жоқ сұмдықты бастама! Жұрттан естіп жатқан суық сөз де жетер! Салғыласпа енді менімен! Болды енді, үйге кір!

Қыздар үйге кіреді. Күйеулер тобы шығады. Бір бөлек құда-құдағилар.

(*Мөржан Наршаның алдынан.*) Қарағым Нарша, ұзағынан сүйіндірсін! «Қыз алғанша – қайын жуан, қыз алған соң – күйеу жуан» деген! (*Күйеулер тәжім етеді.*) Енді Қарагөзім де бір, сен де бірсің. Екеуің де қара өзегімді қақ жарып шыққан баламсың. Келші бермен! (*Наршаның маңдайынан сүйеді.*) Өмір-жастарың ұзақ болсын, қарағым!

Т е к т і . Құдағидың мейірімі түскен бала еді Қарагөз. Нарша екеуі тек ақ батанды ақтайтын болсын!

Ж а р ы л ғ а п . Кемпір шешенің содан артық не тілегі болады? Бәріміздің де тілегіміз сол болсын!

Т о й с а р ы . Ақ батасын беріп, адал тілеуін тілеу – ата-ананың міндеті. Көл болған көп тілеуін тілеу, орындау – адал туған ұл мен қыздың борышы.

М ө р ж а н . Балаларым, кеудеңде санаң болса, үлкеннің тілеуі де, батасы да осы болар!

Ж а р ы л ғ а п . Кәне, ойындарыңды бастандар!

Д а у ы с т а р . Иә, енді ойын басталсын!

– Ойын басталсын!

– Жаршылар, шығыңдар, кәне!

– Қыз-келіншек күтіп тұр!

Күлкі. Салдар мен ел жігіттері бөлініп шығады.

Жар-жар болса, жаршы біз,
Айтысам деген, ақын қыз,
Бой көрсетсін тығылмай,
Сауығына мақұлмыз.

Тәтті ауыздан дем кетпей,
Қысылып маңдай терлетпей,
Айтысам десең, бастаймыз.
Тыңдаушыны шөлдетпей!...

Қыздар сыбырласып, жібек шәлі жамылып, төртеу-бесеуі топтанып, босағаға таман келеді. Сахнаға көп жолдасымен Сырым шығады. Бәрі сәнді салдар.

Асан (өлеңдете сөйлеп).

Дауыстар. Салдар, салдар келеді! (Жол беріседі.)

Асан (Сырымға). Қай топқа қосыласың?

Жарылғап. Қай топқа қосылғаны несі? Бұл еркек емес пе, еркекке қосылады да.

Мөржан. Оны істесе, Сырым бола ма?

Сырым (өлеңмен сөйлейді).

Күлген кісі күлер,
Күлмегенің түнер.
Тілі орамды ілер,
Мұндайда ақын бір түлер.
Түлегенде не дер –
Оны Сырым білер.

Жалғыз-ақ топтан тілек бар:
Тентек атты Сырым ғой,
Не сөз айтса албырта
Қайнамасын жігер!

Дауыс. Әй, байғұсым-ай! Жүрек шерін тарқатар көсем-серкем осы да!

Сырым жолдастарымен үйге кіреді. Үлкендер ұнатпайды.

Мөржан (Жарылғанға). Осы сияқты ыбылыс-жынның жүрісін көрмесем деп ем! Бүгінгі күн тағы кез келтірді ме?

Жарылғап. Оның дағы жүргені аруақтың арқасы шығар. Қайтуші едің жатша қуып, жатбауыр қып қайтесің?

Мөржан. Мен қойдым... Бірақ бұл жүрген жерден береке шықпайды. Айтпадың деме!

Сырым (Қарагөзге). Қалқашым, мен бүгін текке қалам деп келгем жоқ. Баласы жауға тұтқын боп, өзіне оқ тиген жаралы жыртқышың – мен бүгін. Сені қамаған топты қуанта алмасам, ұрыспа!

Қарагөз. Мен сөзімді айтқанмын, Сырым. Именерім жоқ. Өзің біл!

Асан (тобымен «жар-жар» бастайды).

Жар-жар айта біз келдік, еркем, сізге, жар-жар!
Айтқасқан сөз жарассын сіз бен бізге.
Қуанышты тойынды құттықтаймын,
Тілеу тілеп алдыннан үй мен түзге, жар-жар!
Еркелетіп өсірген бетін қақпай,
Жар атын да айтпаған зорын таппай,

Көп тілеулес ағайын ортасында
Бетін аштық сол сөздің келген ашпай, жар-жар!

С ы р ы м (өз тобымен).

Жар жақсы деп жаршылар көп айтады, жар-жар!
Өмір көркі жарменен деп айтады.
Жігіт айтса – күлкімен айтар сөзін,
Қыз жыласа уайым жеп айтады, жар-жар!
Мен жырласам – жылаймын қайғымды айтып, жар-жар!
Іштегі өртті тығамын айтпай қайтіп?..

М ө р ж а н (*шыдамай айқайлап*). «Кер кеткеннің аузынан кеселді сөз шығады» деп, Сырым айтып тұрған сөз ғой мына-ның бәрі...

Т о й с а р ы . Ұрыспаңыз, бәйбіше, бұ да біралуан сөз шығар. «Жар-жарда» әйел, бала «ырза болдым» деген сөз сөйлеуші ме еді, тәйірі? (*Асанға.*) Кәне, сендер неге тұрсындар? Айтындар!

А с а н (*тобымен*).

Лайық шығар айтқаның ойда барды, жар-жар!
Не күйдірді, не жақты, көңілді алды?
Қандай шермен жас жүрек қапаланды,
Нені сүйіп, не нәрсе қайғы салды, жар-жар!
Сөйтсе дағы мына күн – тілеу күні, жар-жар!
Қызық ет деп тосады ендігіні,
Қуанышты халайық арасында,
Шығуына орын жоқ зардың үні, жар-жар!

С ы р ы м (*тобымен*).

Қуанышты күн болса – тілеу болар,
Тілететін тілекті тіреу болар.
Қуаныштың орнында қайғы болса,
Көңіл баяу, көз мұнды жүдеу болар, жар-жар!
Бүгінгі күн түрленген қынаулымын,
Айналамда көз де көп сынаулымын.
Іштегі дерт сонда да шықсын сыртқа,
Ырзалық жоқ мен зарлы жылаулымын, жар-жар!

Үлкендер қобалжиды.

М ө р ж а н . Уа, мынау менің баламның сөзі емес! «А, Құдай, оң сапарын бер, жолымды қыл!» – деп тілек тілеудің орнына, менің балам мұны айтпайды, бүйтіп азбайды. Жаңағы сөз – Сырым сияқты жынның сөзі. Оның адал ниет ақ батамен жұмысы бар ма? Шығарт бүлікті қарағымның қасынан! Ойын деп тұр ма, баламның тілек тілейтін сапарын?! Нені көкіп тұр өзі?!

Н а р ш а (*өз тобына*). Шығар сөз шығып қалған соң, бүркенгенмен бола ма? Қайғылы – жалғыз Қарагөз емес, Сырым да қостайды екен. Екеуі қосылып айтқай соң, тыңдамасқа бола ма? Асан, айтқыза бер, арманымыздан шығып тыңдап қалайық.

С ы р ы м (*Қарагөзге*). Атқан оғым тиетін жерлеріне тиіп жатыр. Менің ендігі жұбанышым осы дағы (*Өлеңмен сөйлейді.*)

Жаралауға жарасаң, –
Мұратыңа жеткенің!
Сайрап жүрген ол бұлбұл
Ерігі жоқ болды құл.
Ойланып артқа қарасаң –
Енді болдың сен де тұл!
Ерке тоты кеткенін
Аза салып қайғы қыл!
Жырла да жыла соны біл!..

А с а н (*жалғыз сөйлейді*).

Тағы айтамын жылаудың орны бар-ды:
«Жар» үстінде шығармас іште зарды.
Ауру асыл болғанда, ойламас па,
Уақыт тығыз болғанда, орын тар-ды, жар-жар!

С ы р ы м .

Басалқа сөз, өсиет кеңшілікте, жар-жар!
Ежелден менің басым кемшілікте.
Жиын-той бәрімізге бірдей болса, –
Мен де ортақ қолға тиген теңшілікке, жар-жар!

М ө р ж а н . Жә, тоқтат енді, бүйтіп айтқан «жар-жарың» құрысын! Сол Сырымға қосылып тұрған әйел кім? Соны айтыңдаршы жалғыз-ақ маған?

Т е к т і . Қой енді, мұнан арғыны тыңдар менің де жайым жоқ! Қарагөз айтса да, Сырым айтса да – жетер осы сыйымыз.

Т о й с а р ы . Ендігі ойынын балалар мен жастар өздері ойнай берсін. Біз үй жағымызға барайық.

Бұлар Асанмен бірге шыға береді. Сахнада, Мөржан, Жарылғап, Жабай, Сырым қалады.

М ө р ж а н . Ей, Сырым, бермен кел! Кел алдыма! Жөнінді айтшы осы сен! Көзіме айт! Мына Жабай – сенің екең, Жарылғап – Қарагөздің әкесі. Мен Қарагөз бен Жарылғаптың шешесімін. Сенің өзің түгіл, әкеде де шеше орнындамын. Исі,

садағаң кетейін, Өсер аулында – Құдай кешсін айыбымды, аруағымның атын атап отырмын келін басыммен, – арылайын деп отырмын, – сенің ішінде жүрген қандай шер-шеменің бар осы? Атап берші сол арманыңды?

С ы р ы м . Менен не тілейсіз, бәйбіше? Нені айтқызбақ боласыз?

М ө р ж а н . Барыңды айт деймін! Сен кім? Саған осы Қарагөз кім, соны айтшы?

С ы р ы м . Мен – Қарауылдың жігіті, Қарагөз – Қарауылдың қызы, ардагері де аяулы сұлуы.

М ө р ж а н . Сол-ақ па айтарың? Одан бергі атаң – Өсердің атын ұмытып тұрсың ба?

С ы р ы м . Уа, ұмытқам жоқ, өлсем – ұмытармын ба, шеше! Отыз ауыл Өсердің он қос жылқысы бар, соның, кем қойса, бес қосын осы Қарагөздей асыл ару, балапан балаларын сатудан жиған! Соны айтайын ба?

М ө р ж а н . Тілің кесілсін сенің! Малды ауыл бопты, со да жаман боп па?

С ы р ы м . Жаман деуге кімнің аузы барыпты? Осы отырған семіз бәйбіше – дәл өзің жылатып берген қыздың саны да Қарагөзбен тоғыз бопты. Соны айтайын ба?

М ө р ж а н . Бар Өсерден танығаның, тапқаның солақ па? Өзің қайдан шықтың, көргенсіз?!

С ы р ы м . Ә... аталас дейсіз ғой! Арғы баба Өсерден бері Қарагөз екеуіміздің арамыз алты ата. Санап берейін бе оны да әлде?..

М ө р ж а н (*Жарылған пен Жабайға*). Естідіндер ме мынаның сөзін, бұл заманның сұмдық бастар ұлының тілін?!

Ж а р ы л ғ а п . Апа-ау, алты ата екені рас емес пе? Соны айтқаны да сұмдық па?

М ө р ж а н . Сұмдық!.. Мен мынау Жабайдың шешесін «Ақжеңеше» дейтұғым. Әкесін «Момын қайнаға» дел келем... Төрі түгіл, отының басынан ұзап көргем жоқ олардың. Бес ата, алты ата айырушы ма еді сендерді?!

С ы р ы м . Аталас болса қайтеді? Алты атада қыз алып, қыз да беріспеуші ме еді?

М ө р ж а н . Жеті атадан бері қай қазақ қыз алысып еді. Сұмдық қой мынау! Не пәле, не қаза көрдім мен бүгін! Кірsemші мен қара жерге!

Сырым. Ой, жарықтық бәйбіше, мұсылмандық шарифа-тыңыз алты ата түгіл, немерені де қосады. Арада малмен шырмап, «бата» деп матап отырмасаңдар, Қарагөз маған, мен Қарагөзге бұйырған болсақ та кәпір қауымында өтпес ек қой!

Мөржан. Тілің құрсын, жолың құрсын сенің!

Сырым. Менің жолым ендеше ол да емес. Сол қырсық бата, қарғыс қалың мал жылатып зарлатқан Қарауыл қызының тегіс қара өзегін қақ жарған қам-қайғысын жыр еткен, жар еткен Сырыммын мен! Қарагөз тұсында да солай еттім, солай еттім, міне!

Мөржан. Жабай, Жарылғап, көрдіндер ме мынаның сұмдық тілін, сорақы тілін?! Осы тілін кеспесең, аруақ атсын екеуіндіі бірдей! Мен тіріде жанағы Сырым аузынан шыққан сұмдықты енді қайтып Өсер баласы естімейтін, білмейтін етіп жерге тық! Тыйылмаса, тартынбаса – мына тұрған Сырымды бірге тық, бірге көм!

Жарылғап. Сырым, естір сөзді сен де естідің, біз де естідік. Исі Өсердің асқар таудай ақ шашты, аруақты анасының аузынан естідік. Жабай, сен екеуімізге де бұл сөз жеткен болар, не дейсің?

Жабай. Мені тірі отыр деп отырсың ба осы күйде? Сырымның тағы бір өлтіргені десеңші мені! Кәрі әже, айтқаныңнан, аузыңнан садаға кетейін! Лебізіңмен өлейін. Міне, менің қос қолымның еркі өзіңде, құлдық, ана!..

Мөржан (*Сырымға*). Қуарған ұл, кет енді аулымнан! Қарамды көрме, жолама! (*Тұрып кетуге айналады.*)

Сырым. Бәйбіше, мен жалған сөз айтқам жоқ. Жарылсаң да және айтам: айтылған сөздің бәрі рас!

Нарша шығады.

Нарша (*Сырымға*). Сырым, сенің жалынды сөзінді ажалдыға кез келсін деуші еді жұрт. Бірақ шарай топтың көзінше пұшпағынан ілінген ажалды киік мен болам ба? Азалы, қайғылы – жалғыз Қарагөз емес, сен де арманда дейім бе, мен не дейін?

Сырым (*салқын*). Шырағым, мені шенеп қайтесің? Жол мен жөннен адасқан әуре жанмын мен. Менің елім – жылаған қыз бен соның көз жасын жырлаған жігіт; тіл алсаң – мені қажама! Сенімен шиеленіспей-ақ қояйын.

Нарша кетеді. Жабай шығады.

Ж а б а й . Әй, Сырым, бері кел!

С ы р ы м (*тақап*). Не айтасың?

Ж а б а й (*ашулы*). Не айтатыным сол: әке-шеше болып айтқан сөзім даритын болса, сен мына бейбастықты істемес едің ғой! «Әке не дейді?» деп қымсынудан кеткен екенсің. Жатқа істеген ісің белгілі еді. Бүгін күйінген кісі боп келіп, Қарагөзге де мынаны істедің бе? Басқан із көрінбейді екен деме!

С ы р ы м . Әке, атаң Өсер болғанмен, бұл ауылдың малды-сы да, әлдісі де емес ең. Қайта сол Жарылғаптан «қонысымды ап қойды, пішенімді жеп қойды» деп өзін де тізе көріп, опық жеуші ең неше рет! Тек Өсердің Жарылғаптай жуанының шылауында, ығында кеткен басың бар ғой, сорлы әке! Соныңды істеп тұрсың ғой!

Ж а б а й . Керегі жоқ ондай әреке сөзіңнің! Мен Өсер намысын айтам, осы жөнінде тағы айтам: әйтеуір ізденген бір пәлеңе ұрынғалы бара жатырсың! Тек бірақ аяғыңды байқап бас! Аяйды екен деп ойлама! Біліп қой осыны!

С ы р ы м . Сол ма?

Ж а б а й . Сол... Сол, айттым – болды! Жеткен жерің – сол, ұғар болсаң! (*Кетеді.*)

С ы р ы м (*өлеңмен сөйлейді. Толғау*).

Қайғы басқан қаяулы
Жарасын ашсам, жақпайды.
Ұрсады маған бай аулы,
Шер жесе де шығарма,
Болмаса жаза таяулы,
Маған да қалған күн қараң.
Аттысы аппен шапқанда
Жаяуы қуды жаяулы.

Шымылдық.

ҮШІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Наршаның ауылы. Келінді тосып отырған жиын.

А с а н . Келін келе жатыр, жақындап қалды. Енесі мен абысын, қайнаға, қатарыңды түзей бер!

Текті. Қатарымды түзеймін деп Қарагөздің алдында мен сызылушы ма едім? Енді Қарагөз бізге сызылсын! «Жар-жар» айтамын деп өлеңші ағасына ойындағы бар арманын айтқызыған жоқ па еді?

Тойсары. Ол үшін кекті болсаң, келінің қолыңа келе жатыр ғой, жазығын мойнына алып жаяулап (*Күледі.*)

Текті. Қалай емексіткеніңмен, Сырым айтқан сөзді не қып ұмытайын! «Е, тәңір, игілігін көрсет!» деп жүрген баламнан, «Мен менсінбеймін, ырза емеспін!» деген сөзді есітіп алып, енді мен немен жұбатайын өзімді? Тіпті сол жұқалағандарыңа ырза емеспін әуелі.

Нарша. Олай болса, Асан сенің өкпенді қазір-ақ алдыңнан өлеңмен білдірейін деп тұр. Оны қалай көресің?

Текті. Ол қай өлең? Беташар ма?

Асан. Тіпті беташарды да қазір айтамын.

Тойсары. Айтам десең – айт. Қарагөздің жанына еріп Сырым да салдарымен келе жатқан шығар. Шымылдық ішінде бар болса, оның да бетін аш! (*Күлкі.*)

Нарша. Мен білген Сырым болса, осы шымылдық ішінде сол да бар.

Үлкен шымылдықты екі жағынан екі келіншек ұстап әкеле жатады. Шымылдықтың ар жағында, Қарагөздің қасында Сырым да келеді.

(*Асанға.*) Сырым ойын-сауықтың перісі болып кетсе де, өткеннің қаруын бір қайырып қалшы.

Сырым (*Қарагөзге*). Өз елім дер елім жоқ, туысқан-туған менде жоқ; осы сені қуантқан жерде қуанып, сені уатқан жерде уанып жүрсем, жетпей ме? Тек мына шымылдық осы күйінде алдымда желбіреп отырсын да! Ақыретке апарса да соның жетегімен өте берем.

Дулат (*қасындағы келіншекті сүйіп*). Мына қалқалармен қайда барсақ та арман емес. Шұбата бер шымылдықты.

Асан (*өлеңдете сөйлейді*).

Уа, қызыл жібек шымылдық бет перденіз,
Асыл келін олжалы, жек көрмеңіз!
Қасында жігіт болса, бас жақсысы,
Бөтенсіп әлдекім деп шет көрмеңіз!

(*Күлкі.*)

Бет пердең толқынады майда желдей,
Қуанттың ел-жұртыңды келер-келмей.

Болғанда жасау басы – басты жігіт
Ел жоқ-ау Қарагөзді берген елдей!

Қарагөз (*Сырымға*). Сөзін жесір жібермей жауап бер!
Сырым (*өлеңдете сөйлейді*).

Қызыл гүл дауыл ұрып жерге соқты,
Ақ тоты бүгін саған тұтқын бопты.
Айдынның ақ құсындай қарағыма
Кез қыпты құзғындайын бассыз топты!
Қарагөз Қарауылдың ақ маралы
Болғанда бетке сұлу, ой саналы.
Жеңбесе бойын тежеп өз көңілін,
Ешкімнің әкелген жоқ айла-амалы.
Кісі түгіл жасаусыз келсе дағы
Сендерде сырт беретін күш шамалы!

Тойсары. Сырым сөйлесе, шеттігіне іліндіріп сөйлейді-
ау! Өрге айдамаса, көңілі көнши ме! Асан, Сырым екеуің әлі
де талай шекісерсің! Енді мына қуанышын күтіп отырған ата-
ененің алдында Қарагөздің бетін аш!

Жарылғап. Елдің баяғыдан жол қып айтып жүрген сөзін
айтшы! Осы қоспа сөздерің мірдің оғындай болып, құлағымызға
жат тиіп жүр. Тіпті біз елемесек те, мына құдағиларыңды
жүдететін көрінеді.

Асан (*беташарды бастайды*).

Келіннен енді сөйлейін,
Көп дабырлап шуламай.
Құлағыңды саласың,
Қатесі болса сөзімнің,
Осы отырған әлеумет
Сынға салып қарасын.
Құлағың сап тыңдап тұр,
Келінжан, менің тілімді!
Әдет жолын үйренбек,
Жас кісіге білімді,
Ақылсызға айтқан сөз
Дала кеткен шығын-ды.
Бәрі саған керек іс
Тыңдасаң, келін, жырымды.
Жырға қосып айтамын
Бар өсиет сырымды.
Бұрынғы күнің – балалық,
Ержеткен күнің – бүгін-ді.
Келін боп келген қиын іс

Жаңа өспірім балаға.
Қызмет қыл іліп
Ата менен анаға.
Өзіңнен үлкен адамның
Бетіне тікке қарама!
Үлкен кісі келгенде
Қатарласып отырмай,
Кейін отыр панада.
Лажы болса шығып тұр,
Қайтқанынша далаға.
Бұрынғыдай ойламай,
Сабыр етіп шыдам қыл
Аштық пенен тоғына;
Отырған адам көзінше
Әр жерінді қасыма.
Жаулығыңды шұбатпай,
Дұрыстап ора басыңа.
Астынан шығып жүрмесін,
Ие боп жүр шашына,
Біреу жаман айтты деп,
Болымсыз іске жасыма.
«Пәлен сүйдеп айтты» деп
Жарыңа сөзді тасыма.
Естісең де жаман сөз
Жүргенің жақсы жасыра.
Сендерге енді келейін:
Қарт-қария, аталар,
Жапсарласа отырған
Жастары үлкен аналар –
Ақылы артық даналар,
Біздерге енді қуаныш –
Жасы кіші балалар.
Бұрынғының бір жолы –
Келінді көрген адамнан
Көрімдікке мал алар,
Қайын енеге бір сәлем!

Шымылдық төмендейді. Қарагөз қасындағы үш-төрт келіншегімен бірге іліп сәлем етеді. Шымылдық түрілгенде, Сырым жолдастарының қасында. Келін сәлем еткен соң, шымылдық қайта құрылады.

Текті. Тәңір жарылғасын, абыройлы, бақытты бол, балам!

Асан (*келін сәлем еткенде, Тектіге*). Көрімдігін айтыңыз!
Балаларыңның ішінде көркемдігі көп, ақылы артық келінің!
Жалғыз қара болмасын. Түйе болса – боталы, бие болса – тай-лысы.

Текті. Қалағаның болсын! (*Жұрт күледі.*)

А с а н .

Тым болмаса ен салдыр,
Түйенің кенже ботасы,
Биенің кіші тайына.
Малға шамаң келмесе

(Күлкі.)

Берсең де ырза боламыз
Қаптағы құрт пен майыңа.
Қайнағаға бір сәлем!

Шымылдық түріліп, сәлем етіледі.

Т о й с а р ы . Ауданыңа атақты, ағайынға қадірлі, аулыңның көркі бол, қарағым! Қосағыңмен қартаятын күнге жеткізсін! Үбірлі-шүбірлі бол!

К ө п д а у с ы . Бәрекелді, айтқаның келсін! Айтқаның келсін!

А с а н (Тойсарыға).

Келін-келін, келіңіз,
Көрімдігін беріңіз.
Ала-құла деменіз,
Түсін айтып беріңіз!

Т о й с а р ы . Ентелеткеніңмен, саған мал берем деп өлең айтқызғаным жоқ. Ақ тілеуіммен Қарагөзді ырза қылсам болғаны. Атын айтпай-ақ айта бер қалған сөзіңді!

А с а н .

Қойды берсең – қоңырдан,
Өсеріне оңынан.
Абысынға бір сәлем.

Бұрынғыдай сәлем етіледі.

Т е к т і . Асан, балаларды шаршаттың ғой деймін. Өлеңің де бітті ғой. Енді рұқсат қылайық, үйге кірсін.

Бұл уақытта сахнаға Мөржан бәйбіше де нөкерімен келеді.

А с а н . Өлең біткеннен Құдай сақтасын! Әншейін өздерің үйге кірсін демесеңдер, мен ала қаптың аузын жаңа ғана аш-тым.

Келіндер үйге қарай жүреді. Асан өлеңдете сөйлеп:

Жаңа өмір, міне, туды атқан таңдай,
Балалық дәурен өтті, кетті шалғай.

Қызыл жібек шымылдық мұнда әкелді,
Ақ үйің алтын сарай енді болғай.
Ағайын тілеуінде бірі қалмай,
Көп тілеуі қалған жоқ, сірә, болмай.
Атта да оң аяқпен босағанды,
Тілеп кір «бере гөр» деп өмір балдай!

Т о й с а р ы . Бәрекелді, жақсы айтасың, айтқаның келсін!
Қарағым, келін, осының тілегін сен де тілек қыл. Артыңды
онда көгертіп, алдынды мұнда жасартсын!

Келіндер мен салдар үйге кіреді.

М ө р ж а н . Қарагөзім ақылымен толғанса, кімнен кем бо-
лар дейсің. Қойнымдағы алтынымдай сақтаған асылым емес
пе? Құдай бұйырып, аруақ қолдаса, әлі-ақ аулыңның басы бо-
лар! (*Кетіседі.*)

Н а р ш а (*төмен салбыраған қалпынан көтеріліп, Қарагөзді
оңаша ертіп бері шығады*). Қарагөз, ондағы – ол еді, бүгін
міне – мұнда келіп көріп тұрғаным тағы мынау! Осындай от-
тай шарпыған ұят тегі жалғыз мені ғана ұялта ма, әлде саған да
шарпи соғары бар ма? Шынымен-ақ осының бәрі үшін мен ғана
күйіп-жанып жерге кірейін бе?

Қ а р а г ө з . Рас, сіз шын қиналыпсыз! Сізге солай батқаны
маған да батады.

Н а р ш а . Бәсе, біз ерлі-зайып, ер мен жар болсақ, ортақ
емес ие еді мұндайлық жара-жаза дерттері!

Қ а р а г ө з . Тек жазықты сіз де емессіз, мен де емеспін!
Дерттің шыны сонда ғой...

Н а р ш а . Сырымның аузынан шыққан ащы сөзді мен
айтқызғам жоқ қой. Айтқызбақ түгіл, өзіме сермелген сон-
дай қанжар сөзді жатқа да тілемес едім, Қарагөз!.. Бірақ сенің
ықтиярыңнан тыс, сен тілемеген, сенің рұқсатың болмаған жай
болса, оны айтуға қай ауыздың жөні бар еді?!

Қ а р а г ө з . Оныңыз рас болғанмен... жөні-шыны, мәні-
сыры басқа күй тағы бар ғой! Мен тұсаулы болғандығым үшін
күйікті болсам қайтейін!..

Н а р ш а . Ойпыр-ай, Қарагөз-ай, не дедің? Бұлай болғанда,
біз ақ тілеу, ақ бата, жазықсыз ата-ана қосқан жас зайыптар
емес, тұсау мен бұғаудағы, айдау-жазадағы сорлылар екеміз
ғой!.. Осы ма еді айтпағың?

Қарагөз. Сол айтқаныңыздың бәрі болмастан, туу бастан тек өзіңізбен өзім болып ұшырассам... басқа болар ма еді менің жұлдызым! Жаңағы атағанның бәрінің аты, жиын аты, еріксіздік болса, менің бүгін үріккенім, жатырқаған қарсылығым, сізден де тігіркене тартынуым – бәрі сол зорлықтан болып жатса – не дейін? Сіздің адамшылығыңыз, маған сонша ерік беріп, осындай сөйлетіп тұрғаныңыз да мені өлердей ұялтады. Жанымды жегендей қапа-қайғыға салады. Міне, мен өз алдыңызда... бар шыным, бар сырыммен аян боп тұрғаным осы. Сұрадыңыз – айтпасқа амалым жоқ. Мен шын дерттімін!..

Нарша. Қарагөз, аяулы ару Қарагөз!.. Сені мен мендей шермендені қазақ баласы білмеген-көрмеген де болар. Бірақ енді мен жетер жеріме жеттім! Сен менің, адал тілеу, ақ бата қосқан жарымсың! Сол жетті, болды! Енді шектен аспайық. Бұдан арғыға Наршаны сынама! Осыдан әрі майысар мұршам қалған жоқ, енді тек сынарым ғана қалды. Естідің бе – сол-ақ! *(Қарагөзді қоя беріп, Асанды шақырып алады.)* Жұрт тарқаған ба? Асан, менің жайымды сұраймысың, жоқ па?

Асан. Не дейсің, не қыл дейсің? Тыныштық таба алмай-ақ қойдың-ау, сен де!

Нарша. Бүгін таңда тыныштық табар түрім жоқ. Жүрегімнің түбінде зіл қара тас басып жатқандай.

Асан. Қарагөзге енді кімнің ортағы бар? Өтер күн өтті. Қарауыл Қарагөзін ұзатты. Қайғының не орны бар?

Нарша. Маған Қарагөз бір қайғы болса, Сырым тағы екі қайғы болды. Мені найзалағанын қоя ма, жоқ па осы? Сырым менің жайымды ескеруі былай тұрсын, тіпті күннен-күнге жау болып барады ғой. Қарагөздің бар сырын осы біледі. Маған соның білгенін біліп бер. Жасырса – менімен жау болғаны. Досым ба, жауым ба, соны айырып берші!

Асан. Қазір осыны не деп айтамыз оған? Келмей жатып кінәласу лайық бола ма?

Нарша. Тәйірі, Сырымға ой-қыры бар ма? «Кеше келдім, бүгін кеттім» дей ме екен ол? Сөйлесіп бер! *(Нарша кетеді.)*

Асан *(отаудың есігінен қаран)*. Сырым құда, бері шығып кетші: жалғыз ауыз сөзім боп тұр.

Сырым *(өлеңдете сөйлейді)*.

Асан сал, сал ішінде бір алуаны,
Тозған заң, азған заман балуаны.

Сал болмай, көбінесе жеңге болып,
Жүрген түрі, мінекей, қалып әні!
Жеткіз деп қандай сөздің тасымалын,
Қандай жан жіберді екен бозбаланы?

А с а н . Уай, Сырым, қой, жаным! Сен менің соқтықпайтын кісімсің. Сенің сөзің асау қандай, басқа шапшитын болған соң, мен жырақ жүремін. Саған мен жол бердім ғой, көп таласпаймын. Бірақ сөйтсе де, сөз барымтасы жаман, жаман болады.

Ү й д е г і с а л д а р . Олай болса, айтып жібер: ер шекіспей – бекіспейді!

А с а н . Жоқ, мен Сырыммен шайқаспай-ақ, тыныш жүрем. (*Сырым шығады.*) Сырым, саған белгісіз жай жоқ. Сен дағдыңнан жаңылмайсың, бірбетсің ғой.

С ы р ы м (*салқын қаран*). Иә, Сырымға сый істеп-ақ жатырсың. Аңдадық.

А с а н . Сен Қарагөзді жылаған қыз деп шашпауын көтердің, наразылық мұнын да айттың. Жүзі жүдеу, көңілі жадау күйінде жырлап келесің. Бірақ бұл сөзің екі жүзді семсердей болды. Екі басы бірдей ыстық темір болды. Бір жағы Қарагөздің қайғысын шығарса, тағы бір жағы Наршаны күйдіріп жатыр. «Әнеугі сөз – анау, бүгінгі сөз – мынау. Сірә Қарагөздің қайғысы Сырымнан жасырын емес, Қарагөз өзі айтпайды. Сырымның мен де туысқанымын ғой, сезген-білгенін айтса қайтеді? Көптеп-көмектеп Қарагөздің көңілін жазсақ не етеді?»– дейді. Бұған не дейсің?

С ы р ы м . Мен айтсам, Қарагөздің жұртқа білінген наразы көңілін айттым. Ол Наршаға да белгілі болса, менен несін сұрайды. Жігіт сияқты жігітке сол білгені жетпей ме? Одан әрі бірде-біреудің атын сұраймын десе, менен оны біле алмайсыңдар. Мен Қарагөздің басын былғап, бұлдық сатып алмаймын.

А с а н . Сырым-ай, маңайыңды бастырмайсың. Бірде-бір жанға құрбы болмағандай жат тұрасың-ау! Наршаның басы бір әйелге тең емес пе? Екеуінің түз-еңбегін жарастырып жіберсең, аз көмек етемісің?

С ы р ы м . Сырым – теріс біткен бір бұтақ. Қалай өсіп, қалай басып бара жатқанымды мен өзім де білмеймін. Алдымда менің не күтіп тұр! Қайда-қайда тартып бара жатқан тағдырым бар?.. Бұл сәтте оны да білген, аңдаған мен емеспін. Сол Сырым сенің еліңе келгенде, қайта туам деп келген жоқ. Жат елдің адамы

болғанда, Қарагөзді жолға салып, жөнін түзеймін деп, мен ба-
луан шығатын орын жоқ. Бұл сөзді өздерің ақылдас.

Жүре береді. Қарагөз, Ақбала шығады. Қарагөз Сырымның қасына келеді.

Қ а р а г ө з . Мені тұншықтырып барады мынау ауыл. Тыны-
сым біткен сияқты. Шатасып барамын. Есімнен айырыламын
ғой деймін. Қайтермін, жаным, айтармысың бірдеме?!

С ы р ы м . Мені сөзден тыйған жоқпысың? Арман айтардан
қалған кісі емеспін бе мен!

Қ а р а г ө з . Рас, рас, жаным!.. Сенің жүдеген жүзің,
шытынған қабағың менің үзілмес уайымым боп барады. Жаңа
Нарша келіп тіл қатып еді, оның да іші толғап азап, шер...

С ы р ы м . Сен енді соны қорғамақ боласың ба? Оны да
түсінбек, аямақ болғаның ба? Жанашыр, мейірбан Қарагөз
жүрегі енді барды кешірет әулие-жүрек болғалы тұрғаны ма?

Қ а р а г ө з . Ол емес, олай емес, жаным Сырым! Ол жан
қатаң болсашы! Бүйткенше топас, тоңмойын болса етті! Өз
ойында жазықсыз ғой, сонысы қинайды. Оның басындағы
уайымның қаншалық көп екенін білмейсің бе? Бір жағынан на-
мыс... намыс... «Қалыңдығы менсінбеді» дегенді намыс көріп,
ішіне бар дертін тықпақ болады. Ол от өн бойын шарпиды;
оның үстіне, беріп қойған малы, «алам, алдым» деген жесірі...
бата... қырсық бата!..

С ы р ы м . Лағынет болғыр арамның малы! Лағынет
болғыр сор бата!.. Ендеше, соның бәрін айта кеп, арылғалы,
айырылғалы тұрсың ба тағы менен?

Қ а р а г ө з . Жоқ, мен айырыла алмаспын сенен... Осы сәтте,
әсіресе бар жан-тәніммен сезіп тұрмын. Сенен айырылу менің
сол жан-тәніме бірдей түскен жарадай... Дәл бір ауыр терең
жара – қаны сорғалап тұрған жарадай! Тек «айырыламын-ау»
деген ойдың ғана өз жарасы... Қазір жер тар! Сөйлескім келеді.
Мені тастама, шыдауға дәрменім жоқ... Ақбаламен ақылдасып,
жақында оңаша кездесетін орын байландар.

С ы р ы м . Рас па? Тағы да айнитын болсаң, өзінді де, бізді
де әурелеме!

Қ а р а г ө з (*әлсіреп бұрылып бара жатып*). Айттым ғой!

Асан Қарагөзбен бірге кетіп бара жатып, артта тұрған Сырымға қарап
өлендетеді.

Асан.

Сұлу қыз бен келіншек – елдің сәні,
Сұлу кеткен елдің де болмас мәні.
Сұлу қыз тоғайлы өзен бұлбұлындай,
Бұлбұл кетсе тоғайдың жоғалды әні.

Сырым. Рас... рас...

Жүректің жатқа кетсе – қалағаны,
Үміттің қайта үзілсе – жамағаны.
Бетінен жат боп кеткен оралмаса,
Жас төгіп егілмеске шама кәне!

(Аһ ұрады.)

Асан. Әй, азамат, мына түрің тегін емес-ау?! (Басын шайқап.) Білмедім... білмедім!..

Шымылдық.

Төртінші сурет

Жарық айлы түн. Нарша ауылының сырты. Өзен, тоғай. Алысырақта күзетшінің әні естіледі. Сырым, Дулат шығады.

Сырым. Өзгелер қайда? Аттар дайын ба екен?

Дулат. Дәулеткелді мен Қоскелді аттарды дайындатып, кешегі ақ қайыңның түбінде тосып тұрамыз деп кетті (Пауза.) Бірақ бұл күнге дейін бір жұмысты бұл қалай деп сұрап көрген жоқ едім. Ал осы жолы дәл осы істің лайығын сұрайын деп тұрмын. Өзге болған жүрістің жолы – бір басқа. Мынауымызды жұрт не дейді осы?

Сырым. Осы сөзді шын айтып тұрмысың?

Дулат. Шын айтам. Сен істеген істен бойым тартып қалмаймын. Істеймін. Бірақ мәнін ұғындыр.

Сырым. Қоскелді мен Дәулеткелді сұрамай-ақ еріп жүр ғой. Соларда ең болмаса сұрай білетін ақыл бар емес пе? Сен олардан тартымды, сақ кісі болғаның ба? Неменеге қобалжыдың? (Пауза.) Бірақ сұрадың – айтайын. Сен жұрт құптайтын лайығы десең, «ол қандай жұрт?» деп мен сұрасам қайтесің? Жұрттың да жұрты бар емес пе? «Жұрт» деп менің аталасым – Өсер ауылын айтсаң, менің бұл ісімнің де лайығы жоқ.

Д у л а т . Өсектеймін, жаманатқа ұшыратамын деген Өсердің жау жандары аузына келгенін айта береді ғой. Мен оны өзіндей-ақ елемеймін. Тек өзімізше не деп жорыық? Соны білдір деген едім.

С ы р ы м . Ендеше, мен Қарагөз жоқ жерде өз басыма тірлік жоқ дейтін күйге жеттім. Жолында жаным шықсын деп сүйгемін... Бүгінгі бар тірлігім де, тынысым да – сол!.. Жаның құрбы жассың, досымсың. Жазығым болса – осыным ғана.

Д у л а т . Осы жасқа келгенше, талайдың талаймен жақын-дасқанын көрген ек. Өз басымыздан да көпті атқардық, бірақ дәл сен екеуіндегі жалындап, үзіліп тұрған жандарды көрген жоқ ем. Бұл дүниеде болар деп ойлаған да емес екем. Жаңағы сұрағаным – сондай бір сыпатыңды сезгендей болған ем. Өзің де өзек жарған барды айттың.

С ы р ы м . Жә, біздің осы күйімізде, осындай жалын атқан шағымызда не жазық бар? Не сұмдық бар?! Қарагөздің басын мен сияктанып қандай әке сүйеді екен... Олардың «жанашығаным», «жақсы көргенім осы», деген сөзінің бәрі жалған. Ол – бітпес жараны тілмен жалау. Маған айтқызбай, Қарагөздің өзіне айтқызып көрші! Бірақ керегі не? Бұған қарайтын дүние жоқ. Мен сондықтан да ондағы-мұндағы ауылдың бар әлеміне жатпын. Көріп тұрсың, ендеше, міне – жалғыз осы-ақ жол қалды.

Қарагөз бен Ақбала шығады. Сырым қарсы қозғалып:

Күнім-ай, мұнша неге жүдедің?.. Аппақ шөлмектей өңің қалай еді, не болған?! Ауырып тұрмысың әлде?

Қ а р а г ө з (*Сырымның мойнына білегін арта салып*). Ауру емеспін... Бірақ менің бұл күнгі саулығымда не баға бар? (*Жылап, Сырымды құшақтап*.) Сәулем!.. Мен сужүрек болуға айналдым. Өне бойым, жаныммен бір жаманшылықты сезгендей боламын.

С ы р ы м . Не сездің – айтшы, күнім, айым?! Білдірші маған!

Қ а р а г ө з . Білмеймін... Өзім де білмеймін. Не осы қайғыны көтере алмай өлемін. Не жұртқа бар сырымды өзім ашып, соның ұятынан өртенемін. Уланып елтіген кісідей маспын. Сенің кететініңді ойлаған сайын ақылестен айырылып, езіліп барам, қуатым! Біз ор жағалап жүрміз ғой, құлаймыз ғой бір күні осыған. Не боламын, қайтіп адам боламын? (*Пауза*.) Өттең, мына тор!..

Сырым. Сен тіліңмен айтпасаң да, тек жүзің мен көзіңнен ұқпаймын ба, оқымаймын ба барыңды. Жүзіңді көрмесем, өз көңілімнің қайғысынан және де сенің жан сырынды жаттай оқимын. Енді, міне, бұл қалыпта қалудың өзі өлімнен артық азап болды екеуімізге де. Осыны ойлайық (*Қарагөз құшақтан жылайды.*) Жыламай, ойланып жол табайық. Мен әуелі сен ойлансын деп тұрмын.

Екеуі үндемей сүйісіп, сахнадан шығып кетеді. Сахнаға Ақбала мен Дулат шығады.

Ақбала. Құдай-ау, өмір бойы маңына ешбір жанды дарытпай, ешкімге көзін салмай, жұрттың бәрін менсінбей келгенде, мұны Молда жігітке кез қылып, мұндайлық қасіретке душар етер ме!

Дулат. Ақбала, Қарагөз бен Сырым ақыл-ойға ешкімнен кем емес. Кінәластырсаң, осы күнде де ешкімнен жеңілмейді. Біз бұл жағын қойыық. Өздеріне берейік те, ерейік. Шын асықтың адамнан жауы ғана болмасын, досы да болсын. Ол біз болайық. Бұл өз алдына. Ал жаңа сен «сезіктеніп жүрген кісі бар» дедің, сол кім? Соны айтшы?

Ақбала. Бірдемені білген кісі сияктанып жүрген біренсаран кісі бар. Бәрінен де маған сезікті көрінетін – Асан мен Мағай. Әсіресе Асан! Соның құйқылжыған тұспалында бір нәрсені ішіне тығып жүрген жан сияқты.

Дулат. Талай шытырманның ішінен бойымызды көрсетпей аман шығушы едік. Бүгінде білініп бүлінсе, кім біледі?

Ақбала. Жай кісі сезбегенмен, Асандар алаяқ сырқынды ғой. Өз басынан да талайды атқарған, жер танып алған жырынды қу емес пе?

Дулат (*күліп*). Ақбала-ай, айналайын-ай, ақылшы болуға қандай жақсысың?

Ақбала (*күліп*). Е... бізді қыз болмады, жас болмады деймісің! Өзің сияқты жол-жобаны үйреткен жандар да болған шығар (*Күліп*.) Жә, оны қой, мына жайларыңды айтсаңшы!

Дулат. Мен білсем, Асан да басқадан жырындылығы асып бірдеме сезіп жүрген жоқ. Осы тұста біздің бозбала мен бойжеткеніміз өздері олақ боп кетті.

Ақбала. Қайтсін!.. Күні бітіп, құмарлығы асқан сайын сұлдер құрымас па?! Бұл екеуінікі әншейін емес, шын асықтық қой. Баяғының асықтары дейтін осылар екен ғой. Қалқам-ау,

сынайын деп айтқаным емес, осы соңғы бір жұманың ішінде Көзжақсым Молда жігіт жоқ жерде жады болған кісідей есінен, сөзінен жаңылып, жай сөзімнің өзін ұқпай кетеді. Мүлде ақылынан шатасқандай боп та отырады.

Д у л а т . Рас айтасың. Сезіктенген жұрт сондайдан сезініп жүр.

А қ б а л а . Осыны сен Молда жігіт пен Көзжақсыма айтсаң, сақтандырсаң не етеді?

Д у л а т . Жай-күй оған қалса айтармыз. Тек қазір тұра тұр. Сырым Қарагөзбен осы кеш басқа сөз сөйлескелі келді.

А қ б а л а . О не сөз?

Қарагөз бен Сырым шығады.

С ы р ы м . Мен сенімен уәделесіп сөйлескенім жоқ. Бірақ қазір осы уақытта Дәулеткелді, Қоскелді бізді ат ерттеп тосып тұр. Мен сені алып кетемін деп келіп тұрмын.

Қ а р а г ө з . Не дейсің?.. Қайда, жаным-ау?

С ы р ы м . Қаракесекке – менің нағашыма. Бұл ел саған да ел болмайды. Сен мені сүйгелі, арысдағы арманыма жеткелі мен тыныштықтан айырылғам. Сені ұзатарда: «Қайтып көрмейін, енді мен қаңғып кетейін. Бұрынғы маған жоқ болсын!» – деп едім. Мені елге тастамадың. Мен сонда енді өзіме екі-ақ жол қалды дегем. Бірі – көз көрмес, құлақ естімеске сені әкету. Сенің жолыңда, сенімен бірге құшағымды айырмай өлу. Бір қабірге бірге түсу. Енді біреуі – бөтендігім бөрідей болып, жұлысып-жұлқысып кету жау жұртпен. Бүгінде, міне, сол екеуінің бірінен басқа таңдау қалған жоқ. Қай жолыма түс дейсің – өзің биле, өзің нұсқа! Құдірет әміріндей күтем мен сенен!..

Қ а р а г ө з (*ойланып*). Не деймін?.. Не айтармын?.. Содан басқа істер шара қалмағаны да рас! Не бүгінгі күн бір-бірімізден айырылу, жат болысу... өлемін, үзілемін десем де, бүгін саған «ере алмаймын» деген жауабымды беру керек. Не болмаса – етегіңнен ұстау, еру!.. Мезгілдің өлім сағатындай бұйрық сағатына жеткені рас.

С ы р ы м (*құшақтап тұрып*). Ойлан!.. Ойла да қазір бекін, байла! Екеуімізге берген тағдыр таңдауы ешкімнің басына берілмеген. Қадірлей білейік қасиетін!

Осы шақта Матай ақырын бұғып келіп бір ағаштың түбіне баспалап тұрады.

Осы сырымыз ашылмаған бетте бізге лағынет, қарғыс айтқаннан басқа, бүгінгі айналамызда аяйтын, есіркейтін, жай ұғатын жан жоқ. Ал іштегі сәулені, қос кеудедегі күн-сәулені бітеу жара қып сақтап жүрер шама жоқ. Біз жасырын жүрсек, жалын үдеп тағат қылуға, бойды жеңуге ырық бермес болды. Не маған «бетіңмен кет!» де, болмаса ер маған!.. *(Тым-тырыс.)*

М а т а й *(сыбырлап, өзіне)*. Ә... сұмдық мұнда ма еді?! Бәсе, сал-серілік жөні бір басқа. Асанның айтқаны келді ме? Енді мұны жалғыз мен білмеймін... *(Сырымдарға қарап.)* Сендер сөздерінді пісіре беріңдер! *(Жүгіріп кетеді.)*

Қ а р а г ө з . Мені сен жеңдің. Сен биледің! Дүниеге тоқтауы жоқ, тойымсыз еттің! Енді адасқанды бетінен жарылғасын! Өзі берген қасіретін Құдай өзі жеңілдетер әлде. Әлде бізге де жарық күн бар шығар? Екеумізді де жетімдіктің үстінде, аналарымыз қатар өліп жылап қалған күнде бір-бірінді уат деп, әуелі бауыр етіп үйір қылып, артынан асық деп, жан дескен асық етіп қосып еді ғой. Бізді жаман ниет қосқан жоқ-ты. Мен саған еремін, Сырым! Ермеске жолым тар. Тыным бітті. Тәңір бетімізден жарылқасын!

С ы р ы м *(қатты құшып сүйіп тұрып)*. Олай болса, бүгін кетеміз. Біз жалынды ыстық жар өмірін сүретін боламыз. Қазір кетейік, сәулем!.. Аттар тосып тұр.

Қ а р а г ө з . Сырым, Құдай қосса – бұл байлау нық байлау. Енді көңілге күдік кірмес. Бірақ шыдау керек. Бұл ниет бүгін орындалмайды.

С ы р ы м . Енді қашан? Неге орындалмайды?

Қ а р а г ө з . Бізді аяйтын туған-туысқан болмаса да, мына ауылда біздің ауылдың бар үлкені жатқанда кеткеніміз лайық емес. Солар кеткен соң болсын болар іс!

С ы р ы м . Бізді қуса, жаулық қылса, солардан үлкен жау, солардан әрі кететін жат жоқ. Бірақ Қарауылдың елін елемей, белін сындырғандай болармыз. Бұл сөзінді теріс дей алмаймын. Солар кеткен соң-ақ бетті түзерміз. Келші енді, кел, сәулешім!.. Құшақпен қоса тілек қосайықшы мәңгіге!

Қ а р а г ө з . Мәңгіге!..

Дулат пен Ақбала шығады.

Д у л а т . Уа, шіркін шерменделер... Дүниеден осы құшақтарың айырылмай өтіндер.

Сырым. Кәне, Дулат, енді жаңа ниетке бір тілеу тілеп, сөйлеп жібер! Біз емін-еркін екеуіңнің батаңды алып тұрып сүйсейік. (*Қарагөзді құшақтап тұрады. Дулат өлеңмен сөйлейді.*)

Дулат.

Жолды оңғар, тілекті бер, о, жасаған!
Қашсақта, қусақтағы сендік саған.
Болғанда дұшпандар көп, біз әлсізбіз,
Сол үшін жүрек қорқақ, үміт шабан.
Сақтай гөр қара күннен аты жаман,
Дегендей тілек бітті, қызық тамам.
Екі жас арманына жолды оңғарып,
Максатқа енді жеткіз есен-аман!

Қарагөз (*жылап, Сырымды құшақтап*). А, Құдай, осы тілек – шын тілегім! Жолымды оңғармайтын болсаң, осы тілеудің үстінде ал!

Бұл сәтте сахнаға жылдам басып Нарша, Асан, Матай, Жарылғап, Мержан, Жабайлар шығады.

Нарша (*шыға бере сөйлеп келеді*). Аталы ұлдың азғаны, мінекей... Мынау серілік емес, осалдық! Бұл жасырынның ашылып, абыройдың шашылғаны. Міне, әкелері – балаларың! (*Еңіреп жылайды.*)

Жабай (*ақырып*). Құдайдың қарғысы тиген жүзікаралар!.. Не қып тұрсың?! Құдай-ау, мынаны көргенше, көр көзім неге шықпайды менің?! (*Сырымға.*) Сені өлтірмесем, кәпір болайын! Байла екеуін де!

Сырым (*ұмтылғандарға қарсы қанжар суырып алады. Жасқап жуытпайды*). Тарт! Мен өлсем, өз бетіммен өлем!

Мөржан (*Қарагөзді ұстап алып*). Жүзікара, жерге кір! Жүзің неге күймей тұр, арсыз! Өлтір, өлтір екеуін де!

Жабай. Ұста! Ұста арсызды!

Көп жұрт жабылғысы келеді. Сырым әрқайсысын қағып ұшырып, сахнадан шыға жөнеледі.

Жарылғап. Мылтық әкел, ат итті! Өлтір осы жерде.

Көп жұрт шулап қуып кетеді.

Мөржан (*Қарагөзді екі кісіге ұстатып*). Сал кісенді! Табанын тіліп, күң қылыңдар! Бетің тіліңгір, қайтіп шыдап тұрмайсың?! Бетің?!
мына бетің?!

Қарагөз (*есі шығып жүдеген, өңі қашқан, әлсіз*). Мен... мен... өлтірт мені, тірі қойма! Мен... бәрібір өлім... Ал... Құдай!.. Ал мені ақ өліміңмен!

Екі жігіт қолын байлайды.

Мөржан. Кеселді, өл енді! Не бетім, не дейім енді ел-жұртқа!?

Кеткендер қайтып келеді.

Жабай. Жерге кірсең қоймаспын, Сырым! Жаратқан, мұндай итті бергенше, кубас қып, сорлы қып неге қоймадың? Жерге кірсе – қоймаймын. Қуамын, қолымнан бауыздап өлтіремін!

Асан. Ойпыр-ай, мынау не пәле боп кетті?

Жабай. Мына қызды кісенмен босағаға таңындар! Екеуін бірге өлтіреміз. Қайда, қайда мылтық?..

Жүріп кетеді.

Нарша (*жерге құлаған Қарагөзге тақан*). Өзіне не болған мынаның? (*Қарагөзге қадалып*.) Неғып жатыр?

Жарылғап. Не болғанын қайтуші едің? Енді бұл өлсін, қарасы өшсін! Қара жерге қара басым кіргенше кетпес таңба болды ма?! (*Жылап*.) Мендей де сорлы әке болар ма екен?

Мөржан (*талықсып отырған жерінен*). Жердің үстімен келіп, астымен қайттым ба? Менің көзім тіріде менен туған арам қыз мұны істеді ме? Әкет, Жарылғап, мені таң атпай. Қара түнді жамылып, қара тұтып күңіреніп кетейін!

Бәрі кетуге беттейді. Қарагөзді сүйемелдеп, сүйретіңкіреп екі жігіт пен Нарша әкетуге айналады.

Қарагөз (*көйлегінің омырауы жыртық, көзі аларып, жүзі есінен шатасқандай бұзылып, шашы дудырап*), Мен өлдім... өзім де өлдім... Шуламаса да өлдім... Ә... о? Не боп қалды осы?.. Дулат неге ән салмай қойды? Сырым неге қанжар ұстады?.. Мені өлтірді. Өлім... Өлім...

Нарша (*тоқтап, шошыған күйде*). Мынау не дейді?.. Жынданған кісіше не дейді?.. Құдай-ау, не болған мынаның өзіне?..

Кетіседі.

Пауза

Қоскелді, Дәулеткелді шығады. Қарбалас. Қарсы алдынан Дулат келе береді.

Дулат. Не болды, жандарым? Не деп шуласып жатыр?
Қоскелді. Не болсын? Өрт... Артымыз қалың шу, өрт дерсің!

Дәулеткелді. Келді ғой бұл дүниенің асты үстіне!
Бәрінен жаманы – Қарагөз! Есіл Қарагөз!..

Дулат. Не бопты Қарагөз? Оны не деп аяп жатыр?

Қоскелді. Сорлы Қарагөз... Жынданып кетіпті жаңа.

Дулат. Не дейсің... Сұмдық... Жап-жаңа ма?

Дәулеткелді. Жынданыпты, қайран асыл Қарагөз!

Сырым шыға бере естіп қалады.

Сырым. Қарагөз айым!.. Ай сәулелі Қарагөзім! Не дейді, ойбай, мыналар?.. Сәулем, сәулешім Қарагөз!.. *(Еңіреп жылап жібереді. Өзгелер үнсіз ұзақ жылап, өксіп-өксіп зар етіп алып, ұзақ тым-тырыстан соң.)* Лағынет! Лағынет, лағынет болсын саған – Өсер ауылы! Лағынет сұм қадам жұрағатыңа сенің!.. *(Кекете.)* Өсер... Өсер... не өсер? Тек зұлымдық өсер нөсер болып сенен! Сор өсер, ар өшер!.. Өскенде тек зар өсер сенің лағынет табаның астында *(Пауза)*. Алдың ба тартып барымды? Аяулы сәулем, күн сәулелі сәнімді? Өшірдің бе әнімді? Жә-жә... кетістік те кешпеске! Кешпес кекке кеттім мен де келмеске! Білем, сенің де шымбайыңа батады. Алам, шашам, Өсер, сенің қалтырай құшқан малыңды!.. Судай төгем өзгені зорлау-қорлау үшін құрал еткен барыңды!.. Айрандай төгем «ақты-бозды» дейтұғын, Өсер таңбалы құтыңды! Құртам мен де, аузы қанды бөрің болам! Шайқаймын, қарғыс атқыр мүлкінді. Кегім... кегім... Қарагөзім! Аяулы ару ардақтарым! Арнадым саған сол әділ ашу-кегімді!..

Сахнадан жөнеліседі.

Шымылдық.

ТӨРТІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Сырымның ендігі мекені. Қатарласа тігілген бірнеше қос ұранқайлар. Бел-деулерде айбалта, шоқпар, найза. Сырым шығады. Қасында Дулат, егінші шал, балықшы шал. Сырым мен Дулат қару асынған.

Е г і н ш і ш а л . Қарағым Сырым! Уа, Сырымжан!

С ы р ы м . Е, немене, қартым?

Е г і н ш і ш а л . Уа, бір нәрсенің мәнін сұраймын, жөнін айт!

С ы р ы м . Ненің жөні, қария?

Е г і н ш і ш а л . Жә, осы сен беріп жатырсың, төгіп жатырсың? Мені «Егінші шал» деп, мынаны «Балықшы шал» деп, беріп-беріп келесің. Ал енді осы ненің орайы, өтесіні не болмақ? Өзің айтшы, мүлдем сұрамасқа мұшам бар ма осыны?

С ы р ы м . Е, балаң сұрамай-ақ алатыны кәне? Соны жіберсең не етті?

Е г і н ш і ш а л . Бәсе сол, соны айт... Сонада кеп бір алды сенен, анада кеп тағы алды... Бүгін тағы шақырыпты. Жөнін сұрасам: «Ол неге берді? Сен неге алдың?» – десем, балам жауап айтпайды. Содан соң бүгін: «Тәйт былай, өзім барам, өзім сұраймын», – деп келмедім бе?

Б а л ы қ ш ы ш а л . «Күйі бірдің – күні бір» деген-ау... Мына егінші шалдың сөзі – тас-түйін менің сөзім. Топа-торсақ болса да, тура сөз – осы. Мен де соны сұрап қалдым, Сырымжан! Уа, неге шашасың, неге бере бересің осы қыруар мал-мүлкінді? Бізден не қайыр күтесің?

Е г і н ш і ш а л . Бәсе-бәсе, міне, бәсе, осы деймін! Біз бір өңшең қатқан кедей емеспіз бе мына теңізді сағалаған? Титығы құрығаннан кеп паналап сағалаған өңшең бір шыр бітпеген ашарық емеспіз бе?

Д у л а т . Уа, сол үшін, сендер сондай болғаныңнан «ал» деп жүрген жоқ па Сырым.

Е г і н ш і ш а л . Бірақ менің берерім, қолқаға жарарым жоқ қой. Мынау балықшы шал болса, түп жоқ тұңғиыққа қармақ салады. Көрінген көзі, кесілген ізі жоқ көлеңкедей балықтан бұл тілейді. Қара жерге тарыны көміп-тығып, ертеңі не болары белгісіз, түп-тұңғиықсыз бір меңіреуден мен тілеймін.

Балықшы шал. Айтса-айтпады, қайыптан қайран күткен біз емес пе? Неге шашып жүрсің деймін дүниені біздер үшін?

Сырым. Ой, тәңір-ай, мен дүние қуып жүрмін бе? Уа, дүние мені қуып жүрген жоқ, па, қартым-ау?

Егінші шал. Ал бізді айтсаңшы! Біз тегіс «кедейліктің уын жесек те, арам жемейік» деген кер кедейміз. Имандай сырымыз бұл. Әлде шашып-төгіп жүргенің кісінікі ме, жаттың дүниесі ме?

Сырым. Қоймадың ғой мүлдем, қайран адал бақырларым! Енді жөнімді айтпай болмас! Шашып-төгіп жүрген дүнием өзімдікі болмаса да, жаттікі емес.

Егінші шал. Ол қалай?

Балықшы шал. Мәні қалай мұның?

Сырым. Нәсілі жеті-сегіз атаға жеткен Өсердің бір жұрағаты – менмін. «Отыз ауыл Өсер дейді...» Содан менің алмаған үлесім, ортағым, еншім бар.

Егінші шал. Ендеше, ақы-адал мүлік екен, неге оны алмай шашасың?

Сырым. Адал деп ақтамаймын.

Балықшы шал. Уа, неге? Ата-мүлкің адал емей немене?

Сырым. Арғы атадан бүгінгі балаға дейін жинағандары он қос жылқы болған. Санын атасам – он бес мыңға тартады. Соның көбі, бағып тұрсам, жылаған нәсілдің көз жасы дедім де, жирендім.

Егінші шал. Кімнің көз жасы дейсің?

Сырым. Өңшең қыршын жас – қор болған қыз көз жасы... Бұл ауылда қызды «қырық жылқы» деп атады. Менің көзіме де көңіліме сол он қос жылқыда күңіреніп кеткен көп қыздың қайғы-қасіреті шұркырап, шер күңіrentіп жүргендей. Қысқасы, осындай сан жайдан өртендім де, өшіктім. Өсер мүлкіне... Сендерге адал бұл дүние, ала беріңдер!.. Көңілің соқса – көлік ет, қарның ашса – азық ет, түге!

Балықшы шал. Несін айтайын, Сырымжан, бұл теңіздің мынау өңірінде аты жоққа – ат, асы жоққа – ас болдың ғой, қайран жас! Бірақ бәр-бәріңнен сенің әнің, өнерің бізге қандай сый болды! Үйлеріміздегі бала-бақырларымыз боп сенен естіген ән мен сөзге имандай ұйып отырғанымыз жоқ па?

Сырым. Ой, қадірлі қартың-ай!.. Оның да менде бүгін қалып жүргені – тек тамтығы ғой.

Дулат. Бәсе, бізде бүгін ән қалып па еді?

Егінші шал. Неге? Неден опық жегенсің осы сен? Қыршын жас! «Дос» дедің, «елім» дедің бізді, «Ерім» дедім мен дағы, міне. Енді сол сыр-шеріңді айтып бер бізге, шерлі жас.

Сырым. Не деп айтам онымды... О-о-о! Жарам бар, ата-аналар. Жазылмас жарам жатыр. Сырт жарасы емес, іш жарасы. Найза жарасы жазылады, жан жарасы жазылмас... Жалғызым, жарым жарасы. Жарымды алма, жанымды ал дедім! Оны алмай, жарымды алсаң, есімді қоса ал дедім тым құрыса... Бірақ бұл тілекті менен бұрын ол тілепті, жарығым... Қарагөзім!.. Қарагөзім!.. Дариға-ай!.. *(Еңіреп жібереді. Пауза.)*

Дулат *(шалдарға)*. Ал естімегеніңді естідің бе, екі қарт?

Шалдар. Естідік... естідік...

Егінші шал. Бөлекше туған да бөлек шер буған-ау деуші ем... Жүрейік, шал, жүрейік...

Шалдар кетеді.

Дулат. Жә, тағы да бейнетпен алған мол жылқыны бейнетсіз таратып беріп шықтық де?

Сырым. Алсын, алсын... Біз мал жиямыз деп жүр ме ек?

Дулат. Демесек те, өлісіп, қырқысып жүріп зорға аламыз да, мұнда әкеліп бере-бере саламыз...

Сырым. Я, сөйтеміз. Өсердің жанына батса, мұндағының аш-арығына сеп болса – бізге одан артық не керек?

Дулат. Сол үшін жаннан кешсек те түк емес пе?

Сырым. Не қып жаннан кештік?

Дулат. Дәл осы соңғы сапарда көп жылқышы қуғыншының ортасына, соққысына түсіп зорға құтылмадық па? Өзің болсаң, жан мұрынның ұшына келген кезді көрдің. Қандайлық көз жоқ ер боп кеткенсің осы?

Сырым. Ой, қойшы, тәйір, не қылған ерлік?

Дулат. Жоға рас, Сырым!.. Оса жолы бір кесел қуғыншы Қарасақал қатты қыспады ма бәрімізді? Қолында мылтық, өзі дамылсыз атады. Тіпті, тіпті арсылдаған арыстан аузындай ажал оққа қалай қарсы бардың? Бетпе-бет, құр қол бардың да, тартып алдың ғой қаруын! Ерлік емей, осы не? Жә, қайдан ғана туды осы ерлік?

С ы р ы м . Ой, ол ерлігім сыры сәл-ақ та! Кімде-кім өлімнен қорықпаса, тірліктегі басқаның бәрінен қорықпайды! Мен болсам, осы өмір бітсеші деп, өлімді өзім шақырып жүргем жоқ па? Ерлік емес, өлермендік те мені жетелеп жүрген. Сен мені айтпа, қайта Дәулеткелді, Қоскелдіні айтсаңшы, өзінді айтсаңшы! Төртеу-ақ бола тұрып, он бес кісі жаудан жылқы тартып алдық кой. Сендер неткен ерсіндер?

Д у л а т . Уа, біздікін қоя-ақ қой! Оның сырын ескі бір нақылдан аңдадым мен. Айтыпты ғой баяғыда: «Арыстан тобын ит бастаса – бар арыстан ит болады» деп. (*Kulicedi.*) Бәрін айт та, бірін айт, күні-түні таңырқайтыным ол емес-ау. Осы кешегі ән мен сән, ойын-сауық, сыңқыл-сылтың, сәкәкумен жүрген біз кәне?.. Қару асынып, айдынды жортуыл, атүсті азамат боп қалай кеттік?.. Ән қайда? Ән қайда?..

С ы р ы м . Бәсе, ән қайда? Қайда қалды сонау, сол? Бізді теңіз елі «әнші, өнерпаз» дейді осы күні. Ән мен жыр қалды ма бізде?

Д у л а т . Әттең десеңші! Күні туар ма екен бір сол сорлы саздың бір кезек?.. Әлде кеткені ме, Сырымжан, осымен?!

С ы р ы м . Қайдан... қайдан білейін, қайран Дулат-ау?.. Сол түннен, Қарагөзден мені айырған, сұмдық түннен бастап, ыстық асау жүрегімді тастай суық мұз боп қатқан бір қатал қол уыстап қысып, бүріп алды да қойды. Жүрегім мұз, жаным мылқау болмады ма сол суық қолдан?..

Д у л а т . Айналайын аузыңнан, лебізіңнеп, есіл Сырым-ай! Асыл жаның, ақын жаның үн салып тұр ғой, мінеки! Кішкентай көзеп-көзеп қана жіберсе, көзін құм басқан тас бұлақтай қайнар сөз кернеп тұр ғой көмейді!.. Әттең, әттең!.. Бар қайғы-шер – бір Қарагөз. Қайран, Қарагөз ару!.. Ару Қарагөз! Ол – ару, сен арыс ең! Әттең, ару – арыс қам көңілдер, армандылар. Қарғыс атсын, сендердің шерлерің атсын, қарғыс атқыр қалың мал, қу бұғау атаулыны!

Қару асынған Дәулеткелді, Қоскелді қолы байлаулы Матайды алып келеді.

С ы р ы м . Матай? Бұл не?

Д у л а т . Матай?.. Бұл қайдан?..

Қ о с к е л д і . Тұрғыда отырсам, қасында өзіндей бір жансызын ертіп келе жатыр тағы да.

Дәулеткелді. Тағы кепті, тағы дұшпан көзімен көздес-тіргелі, үстімізден тағы бір мол жауды түсіргелі кеп жүр ғой!

Дулат. Олай болса, былтырғы түн жоқ титығымызды құртқан. Түбімізге тағы жеткенше, мұны тізерлеп кісендеп тұрып байлап салындар.

Сырым. Айтары бар ма? Шынын айтқызындар әуелі.

Матай. Уа, бәсе, шынымды біл! Тілге келтірші әуелі!

Дулат. Не шының бар еді сенің?

Матай. Ендеше, Сырым, сөзім сенде, өзінде.

Сырым. Айт, менде болса!

Матай. Мені саған Нарша жіберді.

Қоскелді. Бәсе, «ұстап бер ұлыққа», «Өсер ауылына ұстап бер!» деп жіберді ғой?

Матай. Жоқ. «Ауылыма келсін. Шақырып кел, жауға бермеймін! Азамат сертім – сол. Тек ауылыма бір ғана келіп, көрініп қана кетсін. Айтар арыз-мұң бар», – деді.

Дулат. Мынау тор-шырға ғой тастап отырған. Өзі ұстай алмаған соң, осылай шақыртып отырған Өсер ауылы ғой.

Сырым (*Матайға жақындан*). Қарагөз тірі ме? Бар ма Қарагөз?

Матай. Бар, тірі Қарагөз. Сол үшін, соның науқасына сен көрінсе, шипа бола ма деп шақырамын. Менің де жазығым жоқ еді Сырымға. Бірақ мен үшін келмесін. Қарагөз үшін бір келсін.

Дулат (*жарыса*). Жалған ғой мұның бәрі. Құрулы тор, қанды қақпан ғой, Сырым-ау, мынау!

Сырым (*Матайға*). Қарагөздің көзі тірі ме?

Матай. Тірі... Қарагөз үшін шақырам деді Нарша!

Сырым. Қарагөз мені көрмек пе? Әлі де көрем бе Қарагөзді?

Матай. Көресің, еріп жүр. Бастап әкел деді маған!

Дулат. Қастық... дұшпандық, алдамшы аяр мына тұрған антұрған.

Сырым. Жаның кепіл, апарасың ба алдамай Қарагөзге?

Дулат. Сенбе, Сырым, алданба!

Матай. Қыршын жасым садаға болсын, апарам.

Дәулеткелді

Жалған, алдайды!..

Қоскелді

Сырым. Жоқ, жоқ... Қарагөз атымен қастық келсе де қарсы алдым! Қарагөз – айым, менің әміршім! Әр зауалда табы-

нар тәңірім. Менің бар өмірім – сол, бар махаббатым – өзі ғана. Ажал келсе де қабыл алдым барыммен. Босат! Босат!

Матайды босаттырады.

Шымылдық.

Алтыншы сурет

Наршаның отауы. Нарша науқас. Оның бас жағында жертөсек. Қарагөздің төсегі. Үйде: Нарша, Тойсары, Асан.

Т о й с а р ы . Шіркін-ай, елу жылда – ел жаңа, қырық жыл – қазан...

А с а н . Дүние-ай десеңші... Былтырғы жылдар Қарагөз қандай еді? Аяғы, Наршаны қоса науқас қып қойғаны мынау! Сырым – ол анау!

Т о й с а р ы . Сырым содан бері өз ауылының бетін көрмей-ақ кетті ме екен?

А с а н . Өз ауылы дейтін ауыл қалды ма Сырымда? Күні осы күнге шейін «Сырым нәлен жерде жүр» десе, Жабай мен Жарылғап иісі Өсерді бастап, қол жиып аттанып барып, бір шарлап қайтады дейді.

Т о й с а р ы . Осының жаралысы тіпті бөлек-ау өзі! Жама-натты қылып қаңғыртып жіберетін жас емес пе еді. Өр боп біткен кеудесі мен жалындаған жүрегінде көптен біралуан от, өнер бар еді-ау!

Н а р ш а (*оянып*). Уһ... Сырымнан хабар бар ма? Неге кешігіп жатыр? Келуге сенбей жүр ме, әлде?

Т о й с а р ы . Әлде жеткенше сол болып жүр ме, кім білсін?

Н а р ш а . Келгісі келмей, бұл жақтағы сарғайған дерт, сарылған уайымды көргісі келмей жүрмесе... (*Пауза.*) Бұ да бір далбасалық та. Ол ем-дом істеп, бақсы-күшнаш боп жүрген жан емес. Уүһ... неге душар қылдың, не болдық?..

Т о й с а р ы . Басы Сырымнан басталған дерт әлде болса Сырымнан жазылар да!..

Н а р ш а . Қарагөз жазылмаса, маған да жазылу жоқ...

Т о й с а р ы . Қайтесің, қарағым... Сені де күйзелткен жар жолдасың шығар. Ағайын: «Қарагөзді төркініне жібер, төсек жаңғырт, еңсеңді көтер», – деді. Ол қолдан келмейтін болды.

Н а р ш а . Қарагөзден айырылар шамам жоқ еді. Әруағымды, бағымды аман сақтаймын деп шыдап көрмедім бе, отты бүркеп етегіммен?.. Оның бәрінің үстіне, қандай ынтық ем мен өзім де Қарагөзге. Ол сұлулық гауһары емес пе еді?! Қа-а-ай-тейін?!

Қарагөз кіреді. Өлердей жүдеу, зорға қозғалады. Шашы тал-тал боп бетін жапқан. Ыңырсып ән салып келеді. Жүзінде мағына жоқ. Көзі белгісіз қыдырып қарайды. Қолында – жапырағы бар ағаштың бұтағы. Қарагөз жынданған.

Қ а р а г ө з (*айнала қарап тұрып, өз-өзінен*). Тоғайға бардым... Тағы барам ба?.. Тоғайды қуалап кете-кете барып... азынаған көрге барам ба?! (*Күліп.*) Тоғай да ән салады екен. Жібек шапаны бар... Біресе жел боп кетеді. Торғай болып кетеді. Жоқ-жоқ... шөп боп кете ме?.. Әлденеме боп кетеді. Ұйқым кеп кетеді... Тоғай... жапырақ... тоғай түн... (*Шошып.*) Ойбай... пышақ... кісен... әже!

Н а р ш а . Қарагөз, қиналмасаңшы, бейшара!.. Әлің біткен жоқ па еді? Не шамаң қалды?.. Жүруге де жарамайсың... жатсаңшы!..

Қ а р а г ө з (*сәл селт етін*). Жат деймісің, тіліңді алайын ба?

Н а р ш а . Ал тілімді! Байғұс, сенің менен басқа жанашырың бар ма? Керек десе, менің шешем де мені де жынданды деп, екеумізден құтылғанша асық болып отыр.

Т о й с а р ы . Шешеңе ой түсті ғой.

Н а р ш а (*Қарагөзге*). Қарагөз... шаршадың, шамаң бітті. Жат енді!

Қ а р а г ө з (*ақырын ілбін жүріп*). Қазір... қазір... (*Бетіне жапырақты ұстап.*) Тоғай ішінде көрге жатқалы келем. (*Төсегіне отырып*). Ақыретке оранайын ба? Ән салайын ба?

Өз бетімен ыңырсып ән салып отырады. Аздан соң қайта шығып кетеді.

Н а р ш а . Құданың құдіреті, ауырғаннан бері аузынан «тоғай, көр» деген сөз бір түспейді. Бетіңді суыққа салып, жүрегің мұздай жат болып жүргенде де ибамен «сіз» деп сөйлеп, иіліп күткеніңнің өзі-ақ мені ұйытып еді. Ерекше болып туып, ерекше болып сөнгенің бе? Шынымен жарық күндей болып басталған өмірің қара түндей болып құлазып, жүдеп біткені ме?!

Т о й с а р ы . Бәрі рас... Жалғаны жоқ сөз. Бәрі арманды дүние!..

Н а р ш а . Әй... болмайды! Шама жоқ. Мен де ұзамайтын жанмын. Жазылса, Қарагөз мені де жазар. Ол жазылмаса, тілер тілек, егер үміт жоқ. Тыныс бітіп келеді.

Қ а р а г ө з (*қайта кіріп*). Жығылып барам... Ұйықтайын ба? Өлсем бе?.. Құлап кетсем, тау басынан ұшып келем... жерде тоғай... тоғай... көп тоғай?.. (*Сыбырлап, төрге қарап ақырын жүріп, қолымен ишарат қып.*) Шақырады... иә, иә, барам... Келе жатырмын... тоғай... (*Асанның үстіне келеді.*) Ә... қайда кетті?..

А с а н . О не, қарағым, Қарагөз? Шатасқаның ғой.

Қ а р а г ө з . Солай ма? Шақырған жоқ қой... (*Тойсарыға қарап.*) Ұят-ай! (*Бетін басып. Асанға.*) Асан?..

А с а н . Жаңа кісі таныдың. Кей уақытта танымай қоясың. Танып жүрсеңші осылай!

Н а р ш а . Кісіні таниды, бірақ елемейді. Танығанын білдірмейді. Әйтпесе оңашада «кім келді, кімді көрдің» десең, бәрін айтады. Біралуан қылып берген дерті ғой.

Қ а р а г ө з (*Асанға*) Асан... маған... (*Наршаны көрсетіп.*) Ана кісіге ән салып берші. Ән... ән... (*Төсегіне сүйенеді.*)

Н а р ш а . Асанды көрген сайын «ән сал» дейді. Ескі күннің бұлдыр бір ұшқыны да.

Т о й с а р ы (*Асанға*). Көңілдері сергісін, салып бер бір әнді.

Н а р ш а . Уһ... Асан, айтшы бір ескі әніңді?

А с а н (*ән салады*).

Жігіттің бар тілегі – алдағы өмір,
Бозбала, әнге салсаң – қайғың кемір.
Құданың бергеніне сансыз шүкір,
Көңілім былтырғыдан биыл тәуір.

Н а р ш а . Былтырғыдан тәуір болған көңіл адыра қалсын да!

А с а н . А... Олай болса, мынаны тыңда!

Шүкірлік бергеніне зұлжалалым,
Ойында еш нәрсе жоқ бозбаланың.
Тарқатып жас дәуреннің жәрмеңкесін,
Шетіне шығып қалдық ду базардың.

Текті кіреді.

Т е к т і . Сен не деп ән салып отырсың? Бұл үйге ендігі жетпегені ән бе еді?

Т о й с а р ы . Бәйбіше, әдейі айтқызып отыр.

Н а р ш а (*Асанға*). Дәурен өткен соң, ән де ажарынан айыр-
рылады екен-ау! Тіпті бұрынғы тәтті ән сияқты болып селт
еткізбейді.

Т е к т і . Ән еститін бізде не көңіл қалды? (*Күрсінеді*.)

Н а р ш а . Жаратқан ие, айыңар ма, бұл тұман сергитін
күн болар ма? Мен де, адам санатына қосылам ба? Жоқ па?
(*Күрсініп*.) Неге келмей жүр, келмей ме, әлде?

Т е к т і . Қарағым, тыныштық ал. Жаңа бір-екі атты келе жа-
тыр еді. Асан, білші, кім екен?

Т о й с а р ы . Асан, білші, кім екен?

Асан шығады.

Т е к т і . Қарагөзге істемеген ем жоқ. Баксы-балгер, кожа-
молдалардан келмегені, бакпағаны жоқ. Біз де тоздық. Бей-
шара, бұ да тозбай ма? Шошитыным – нағашы шешесі осын-
дай науқастан өліпті ғой... Бір жағы, – қайғы десеңдер, шо-
шынғанынан болса да, сол ана жағынан келген дерт те бар ғой...

Н а р ш а . Апа, қойсаңшы! Мен ауырлаймын. Осындай-
ды әдейі айтамысың, бейшара? Онсыз да тынысым тарылып,
үміттен арылып болғам жоқ па?!

Сырым, Асан, Дулат, кіреді.

С ы р ы м (*Қарагөзді көріп*). Жалғызым!.. Сені бұл күйде
көргенше, шыққыр көзім шықса етті!.. Нені күтіп жүргемін
мен! (*Қарагөз ыңырсып ән салғандай болады*.)

Қ а р а г ө з (*Сырымды көріп*). Жылайды екен... Иә, иә...
(*Қадалып қарап*.) Қызыл шапан қайда? Тоғайда... тоғай!..

Д у л а т (*Тойсарыға*). Оңалайын дегені бар ма?

Т о й с а р ы . Осы қалпы ғой басынан. Ендігі күнде төмендеп
бара ма, қалай?

Н а р ш а . Сырым, заманың бір құрбысың. Құдай кешсе, мен
кештім... Кешпейтін не шамам бар? Бұл күнде қайғылы, дертті –
жалғыз Қарагөз емес, мен де осының ауруынан екіталайдың
үстіндемін. Естіп жатқан шығарсың. Сен екеуің өзге жаннан
бөлек жаралып ең. Қарагөздің сау күнінде айтқан сөздерінен
сезуші ем.

С ы р ы м . Жас күнімізде бір аурудан екеуіміздің де шешеміз
өлді. Өлген анамызды жоқтап, екеуіміз оңаша жер болса, үн
қосып жылаушы едік. Сол күймен ересек болдық, ержеттік.

Бір жылы қыстыгүні Қарагөз ауыл қыдырамын деп, қатты суық боранға кез болып, адасты. Іздеген жұрт таппады. Боран үш күн, үш түні айықпады, Қарагөзден ел күдерін үзді. Ауыл іздеуден қалды. Сонда сол күндер күні-түні тыным алмай мен ғана іздедім. Үсіндім, таптым. Аман алып қалдым. Өлім аузынан алып келдім. Сол жолы мен ішімнен Қарагөзді өзім үшін таптым деп ем. Ол жыл былтырғы өткен жылдың қысы еді. Бірақ өзімнің ешкімге мойынсынбаған көңіліммен: «Біз ақыреттен табысып келдік», – дедім. Ақырында, ұшырадым, ұшыраттым!

Нарша. Бұл күнде Қарагөз – мынау! Екеуің бір-біріне қайғы үстінде сүйеу болып едің. Өзіңді танытып көр. Ескіні есіне түсіріп көрші!

Тойсары. Иә, есіне салса, бірдеме болар ма еді? Енді бауырыңа тартып, ой салып көрші!

Асан. Сырым, шақырып көрсең қайтеді?

Текті. Иә, шақырып, қасыңа алып көрсең... Атыңды айтсаң, бірдеме дер ме еді әлде?

Дулат. Есіл алмадай перизат! Жүзіне қарауға жан шыдамайтын болғаны-ай! Сырым! Қарагөздің көзін көріп отырсың ғой!.. Бірдеме десеңші!

Сырым. Не дермін?.. Қарагөз есінен шатасып, мен тентіреп құшнаш болам деп, бойы сергек кісі болып, тірі қалып өмір етем деп ойлап па ем? Жаратқан ие, неге ұшыраттың мені? Не қылдың? *(Тоқтап отырып.)* Сәулем Қарагөз, мені танимысың? Мен қасыңа барайын ба? Мен – Сырым... ұмытқан жоқпысың?

Қарагөз *(қолындағы бұтағын бетіне ұстап)*. Тоғай... мынау әжем... сен Сырым... ән салшы! *(Қадалады.)*

Сырым *(қасына келіп, қолын ұстап)*. Ән салсам, мені есіңе аламысың? Сөйлесемісің менімен?

Қарагөз *(мағынасыздау)*. Иә, иә... Ән салшы. Мен сені білем.

Сырым. Сәулем, көлеңкем!.. Қайғылы, дертті қарлығашым!.. *(Жылап.)* Сен кеткен соң, менен өлең мен ән де кетіп еді... Айтсам – жылау үшін айтушы едім... *(Жылай отырып, өлеңмен сөйлейді.)*

Дариға дәурен өтті, күнім бітті,
Оқ тиді, ұшырадық – қарғыс жетті,
Бұл күнде сор қамаған қаралы боп,
Көңілді қайғы басып зар еңіретті.

Лашын ем құйқылжыған, дерт күйзелтті,
Айырылдым асық жардан күн сәулетті.
Семген гүл, өлген бұлбұл қайғысынан
Қайырылып қос қанатым, ажар кетті.

Қарагөз аңырып, өңі қашып, қарап қалған.

Мен келдім зарға толып, күнім, саған,
Бір ауыз сөзің бар ма айтар маған?
Жылайын, жырлайын да тілейін мен,
Көзімде жас қалмасын ағызбаған.
Бұлбұлдай сайрауменен өтейін мен,
Сор басып, айықпаса қара тұман.
Бір кезде сері болсам ерке бұлан,
Бұл күнде қайғы оралды қара жылан.

Қарагөз (*Сырымға төніп, үні әлсіреп қалады*). Иә, иә...
Осылай... осылай болатын.

Сырым (*Қарагөздің қолын сүйіп, көзіне басып*).

Боялсын омырауым етек толып,
Қайғыдан мен де өртендім, міне, солып.
Тілеймін маған дағы сол күн келсін,
Тоғайда сондай қара түні болып!

Қарагөз (*қатты шошынып, айқайлап*). А... тоғай,
Сырым... Түн... ән... әне – әжем шақырады... шақырады...
(*Шалқасынан сіресіп жығылады. Сырым шошып отырып қалады.*)

Тойсары. Өңі бұзылып кетті ғой. Қарагөз бейшараның
әлі құрыды ғой деймін. Енді қинамасақ та болатын ба, немене?..

Нарша (*төсегінен басын көтеріп*). Құдай-ау, үзіліп ба-
рады ғой! (*Жылап.*) Бір ауыз жылы сөз... жалғыз ауыз ғана
«кештім» деген сөзді естімей қалғаным ба?

Талықсып жығылады. Қарагөз үзіліп бара жатады. Тойсары иман айтады.

Текті (*ақырын жылап*). Сорлы, шын-ақ сорың қалың, сор
маңдай екенсің ғой. Маңайыңда жыламаған жан қалдырмағаның
не? Я, Құдай, әлде осының қарғысына ұшырадым ба?

Тойсары. Үзілді... Қарагөз қайтпас жолға сапар шекті.

Сырым (*үндемей түнеріп отырған қалпынан қозғалып келіп, Қарагөздің басын құшақтап*). Сәулем, есіңнен айырылған
күнде де тілеуің менде екен ғой. «Басымда Сырым отыратын
күнге жеткіз!» деп тілек тілеген бе едің? Мен де ақтайын енді

тілегінді. Өмір бақи мен де «бір сен» деген тілеумен өтейін! Дулат, сен менің қару-сайманымды ал да, теңіздегі елге қайт! Үміт үзіліп, тілеу кесіліп, белім сынған күйімді айт! Әлде тірінің қатарында жоқ болармын. Ал егер адам боп қатарға қосылсам – табар елім сол болар! Бүгін мені қуған жау енді мені Қарагөз қабірінің басынан табады. Енді Қарагөзде ешкімнің ортағы жоқ, Қарагөз менікі! (*Еңіреп жылап, үстіне жығылады.*)

Н а р ш а (*шұғыл түршігіп, қозғала беріп*). Неге?! Неге?! Неге олайша дедің сен, Сырым!? Ортағы жоқ! Бәсе, ортағы жоқ ешкімнің? Тек саған ба, маған ба? Жетпеп пе еді?.. Енді де менен бөлмек пе ең? Жетті!.. Же... (*Ұмтыла беріп, булығып жастыққа сұлқ құлайды.*)

Шымылдық.

Жетінші сурет

Кеш батқан бейуақ, Анда-санда алыста күн жарқылдайды. Елсізде жалғыз мола – терт құлақты бейіт. Бейіт ішінде жалғыз қабір.

С ы р т т а н д а у ы с :

Жасымда шешемді алдың қуат берген,
Өмірде бір жетімдік – барым көрген.
Қуанышым, жан серігім, Қарагөзім,
Сүйенішім оны да алдың жанымға ерген.
Арманда күнім өтті қайғы-зармен,
Қалған жоқ жанда қуат, бойда дәрмен.
Бейуақытта түн жамылып тілейтінім –
Өлейін, орын берші кара жерден!

Бейіттің есігі ашылады, Келген – Сырым.

С ы р ы м (*жүдеп сарғайған, жалаң бас, есіктен қарап бірталай тұрып*). Қырық күн!.. Қаралы қайғымен, жылаумен қырық күн өтті. Әлдеқашан өлермін... ит өмірден кетермін деп едім, әлі күнге мен арсыз тірімін... Кімді күтем, нені медеу қылам, не тілеймін? (*Бейіттің ішіне кіреді.*) Баяғы қабір, әлі де баяғыдай нық басып бітеуленіп жатырсың. Бір топырағың шашылған жоқ. Бір жеріңе жік түсіп, жалғызымның бір тырнағын көрсеткен жоқсың. Өткеніне жеті күн толғанда түсімде көріп ем. Енді белгі беретін күні бүгін шығар... Қырқы толған күні бір рет ескермес пе екен! Өтті дәурен... Тарқады той. Той

үстіндегі әннің арты қаралы дауысқа айналды. Сен көтере алмадың, кештің! *(Қабірді құшақтап жығылып.)* Жарығым, енді мен қайтейін?.. Қайтейін, бірдеме десеңші! Міне, екі үзіліп бүктеліп жатқан жатысым. Бүгін таңда бірдеме айтпасаң, осы қалыпта қабіріңді құшақтап жатып аштан қатып өлемін. Бар тілегім – өшемін!

Қабірді құшақтап жабысып жатып қалады. Ұйықтап кетеді. Түсіне Қарагөз кіреді.

Қарагөз *(баяғы сау, сұлу қалпында. Нажағай, күн күркірейді)*. Ей, Сырым!.. Жалғыз-ақ сөз тапсырамын. Сен еркексің. Еркек бол да, екеуміздің басымызды ақта! Сенің бойыңда оған жетер қуат бар. Сен жалындаған жанды сөздің иесісің. Көңіліңді бекітіп, күйіңе түссең, сенің аузыңнан өрттей ыстық сөз шыққалы тұр. Бу беліңді бекемірек!.. Шеш күрмелген тіліңді! Мені де, өзіңді де ақта! Тапсырамын осыны! Сынған ер жамалады, сыны біткен көңіл қайғысын сөзбен жазады. Сенің дауысың биік қалың тоғайдың басын теңселткен қатты дауылдай аңқып ессін! Сенің бетіңе тура қарар жау болмас. Дауыл мен жауында жай ұшырған жапырақтай болып өшеді, жоғалады. Шеш тіліңді! Оян, серпіл! Сөйле!.. Сөйле!.. *(Жоғалып кетеді. Сырым ұйқыдан оянган. Түс айыққан. Бірақ күңірене толқып отырып.)*

Сырым. Рас па, күнім, рас па? Жалғызым!... *(Көтеріліп.)* Айтқан сөзің ем болар ма? Күздің суық қара түнінде ішімде күн туғандай болғаны қалай? Жаз исі шығып, қара тастай қатып-семген көңлім, мұз боп қатқан жүрегім жібігені қалай?.. Бойым балқып игендей, жас жанымның қайғысы қаралы жүзімен ағарғандай! Діріл қағып, елбіреген домбыраның шегіне ілінген күйдей болып, ішімде қайғылы, мұңды күй оянғаны қалай?.. Қара түнде қара жыландай қайғы оралып, қара көрді тілегенімде, алды-артымда шам жанып, басыма кеп сөз қатты. *(Өлеңмен сөйлей бастайды.)*

Көк сөгіліп от төкті,
Жай отымен нұсқар ма
Баратұғын сол бетті?
Сен жарық ең, мен – көлеңке,
Күдірет қуып сорлы етті!

(Серпіліп түрегеліп.)

Құйыл сөзім, құйыл сөзім, қиылмай,
Таудан аққан тас бұлақтың суындай.
Ортқып ойнап, көбіктен де аспанда,
Ішін тартып аласұрған құйындай.
Жалынындай түндегі өрттің жаланшы,
Жансың жаным, ақсын қаным тыйылмай.

(Қабірге қаран).

Қара түнде қабіріңнің басында
Ант етемін бұлт басқан айыма.
Сертім осы, куә болшы, суық көр,
Енді өлмеймін тіпті қарап жайыма!
Кепілім бол, кереметті қуанышым,
Қару ұстап аттанамын жауыңа!!
... Менің қамшым оқ жыланнан өрілген,
Қолда найзам жай отымен үштелген,
Кесілгенше, кесілгір тіл, сөйлеп бақ!
Қүдіретім, қылығыма куә болшы, суық көр.
Енді өлмеймін тіпті қарап жайыма!
Кепілім бол, кереметті қуанышым,
Қару ұстап аттанамын жауыңа!!
... Менің қамшым оқ жыланнан өрілген,
Қолда найзам жай отымен үштелген.
Кесілгенше, кесілгір тіл, сөйлеп бақ!
Қүдіретім, қылығыма куә бол!!!

Есеңгіреп, шалқайып барып бейіттің қабырғасына сүйеніп, сәл тұрып
қалады. Аз тым-тырыстан соң шығып кетеді.

Шымылдық.

Соңы

**ҒЫЛЫМИ
ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР**



«ҚАЗАҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАЗАҚСЫЗ ҚАЛАДЫ...»

Бұл мақала Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивінен алынып, тұңғыш рет жазушының шығармалар жинағына енгізіліп отыр. Басылымға ұсынылып отырған хаттамадағы бұл сөздің М. Әуезовтің өмірінде алатын маңызы ерекше. 1921 жылы қараша айынан бастап қазақ даласында жаппай ашаршылықтың белгісі біліне бастайды. Қазақ атқару комитетінің жауапты хатшысы міндетін атқарып жүрген М. Әуезов үкіметтің алдына шұғыл шара қолдану туралы арнайы мәселе қояды. Жергілікті жердегі жағдаймен толық танысып шығу мақсатымен ол Орал облысына аттанады. Ондағы ашаршылықтың өте кең жайылып, халықтың жаппай қырылып қалуы қауіп төнгендігіне көзі жетеді. Облыстық партия комитеті мен Қазаткомның төтенше жиналысын шақыру жөнінде ұсыныс жасайды. Бұл мәселе бойынша 1921 жылдың 10 желтоқсан күні Өлкелік облыстық партия комитеті мен Қазаткомның мәжілісі өтеді. М. Әуезов сонда баяндама жасап: 1. Ашаршылықты жою және оның зардаптарын шешу үшін қазақ қызметкерлерін өкімет ісіне белсенді түрде тартуды; 2. Жергілікті жерлерге арнайы адамдар жіберіп, нақты көмек көрсетуді жүзеге асыруды; 3. Ашаршылық орнаған аудандарды анықтап, оған үкімет тұрғысынан азық-түлік жіберуді ұйымдастыруды ұсынды. Ашаршылықтың түпкі себептерін ашып, Ресейдегі ашаршылыққа ұшыраған аудандардың халі бұдан гөрі тәуір екендігін, соған қарамастан Қазақстаннан жиылған азық-түлікті, малды ішкеріге жіберу науқаны тыйылмай отырғандығын әшкереледі. Осы кездегі оның қайраткерлігі кейіннен ұлтшыл-контрреволюционерлік қастандық ретінде бағаланып, түрмеге қамалды. «Коммунистік-колонизаторлық» саясатпен келіспеген М. Әуезов 1922 жылы қызметті тастап, біржола шығармашылық-ұстаздық жолға бет бұрды. Осы сөзден кейін ашаршылықтың зардабын жою туралы арнайы қаулы қабылданды.

*Т. Жұртбай,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ

(Ашық хат)

Мақала алғаш рет «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2-3-сандарында жарық көрді. Бұдан кейін жазушы шығармаларының ешқандай басылымына кірген емес. Толық текст Т. Жұртбаевтың «Бесігіңді түзе!..» (1997) атты монографиясында басылды. Мақала жазушы шығармаларының толық жинағына тұңғыш рет енгізіліп отыр.

1922 жылы күз айында М. Әуезов Қазақ атқару комитетінің саяси хатшысы міндетінен бас тартып, тікелей жазушылық қызметпен айналысуға бет бұрды. Ташкен қаласына барысымен «Ақ жол» газетінің редакциясында келісіммен қызмет етті. Ал «Шолпан» әдеби журналының шығарушылар алқасының мүшесі ретінде басылым ісіне белсене араласты. Соның ішінде көркем әдебиет пен көркем сынға ерекше көңіл бөлді. «Қазақ қалам қайраткерлеріне» арналып жазылған ашық хатта М. Әуезов өзінің көркемдік талаптарын жасырмай, нақты білдірді. Соның ішінде көркем шығарманы саясатпен араластырып, оның үгіт-насихаттық сыпатына баса назар аударған баспасөз ұжымдарын қатты сынға алды. Ол «Шолпан» журналының ондай жалаң саясаттан бас тартатынын мәлімдеді. Жазушы кейін өзінің осы ашық хатта айтылған пікірлері үшін солақай әсіреқызыл сыншылар тарапынан қатты сынға ұшырады. 1932 жылғы 10 маусым күнгі «Социалды Қазақстан» газетінде жазған ашық хатында да «Шолпан» журналындағы осы мақаласындағы пікірлерінің ұшқары айтылғанын еріксіз мойындауға мәжбүр болды. Негізінде, осы мақалада айтылған ойлардың дұрыс екендігін өмірдің өзі дәлелдеді.

Т. Жұртбай

«ШАНШАР» ЖУРНАЛЫ ТУРАЛЫ

Бұл мақала 1925 жылы «Таң» журналының 3 санында жарияланды. Мақала соңына «М» деп қол қойылған. Мақаланы осы журналдан алып, 1967 жылы «Лениншіл жас» (11 ақпан) газетінде филология ғылымдарының докторы, профессор Керімбек Сыздықов жариялады. Осыдан кейін мақала жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томына («Жазушы», 1984, 54–59-беттер) енді. Елу томдық академиялық толық басылымға алдыңғы жарияланымдары салыстырылып барып, жиырма томдықтағы нұсқасы жіберіліп отыр.

Өзінің ғылыми-сын еңбектерінің тізімі көрсетілген 1945 жылғы жазбасында «О народном юморе и юмористическом журнале» (критическая статья напечатанная в журнале «Таң» 1924 г.» (папка № 271, 24 бет) дегендері бар. Мұнда, әрине, «1924 жыл» деп жаңылыс жазылған, себебі, «Таң» журналының алғашқы саны 1925 жылдың наурыз айында шығып, төрт саны жарық көргеннен кейін тоқтап қалған. Жазушы 1924 жылы Ленинград университетінің бірінші курсынан бітіріп елге келгенде, үкімет орындарының өтінішімен бір жыл оқуына бармай қалып қояды. Осы кезде Семей ҚазПед техникумы мен губерниялық партия мектебінде сабақ берумен қатар «Таң» журналын шығаруға атсалысады. Журналдың редакторлығы қызметін атқарады (ЛГАОРСС, фонд № 240, опись № 7, дело № 119).

Журналдың беті мен бағыты: қандай болмақтығы жөніндегі талабын мына бір ойларының өзі-ақ көрсете алады: «Оқушының ойы мен сезімін күлкісіз салқын түспен отырып тәрбиелейтін баспасөздің ішінде күлкі журнал болып шықса, тәуір сөздің тұздығы сияқты болады. Бұл да тәрбиеші, бұл да ой сезімді бастайтын жетекші, басшы, бірақ бұның өзгелерден әдісі бөлек. Бұның өзгеден айырмасы сыртқы пішінінде ғана. Күлкі журнал да ойды жетілтіп, сезімді ұстартпақ. Сондықтан ол күле отырып, біле отыр дейді. Ойнап отырып, ойлап отыр, біреудің мініне күлсең, өзінді сол міннен арши отыр дейді». Күлкі сөздің кики-шойқалығынан, оспадарлығынан, қай-қайдағы былғаныш, былапыт сөздерді үйіп-төгіп тоғытудан тумайтынын, күлкі істелген іс пен болған жағдай шынайы жеткізілуінен туындайтынын

еске салады. Журналдағы: «Ағза не нәрсе? – Адамның бір мүшесі», «Көшпелі не нәрсе? – Қазақ», «Магнит не нәрсе? – Сұлу әйел болса керек» дегендерді де сәттілік, тапқырлық деп білмейді. Сұрақ-жауап түрінде берілген мұндай сөздердің ішінде ұтымдылары да, арзан, салмағы төмендері де бар деп біледі. Жалпы осы мақаласы арқылы әзіл-сықаққа құрылған журналға деген ой-көзқарасы көрінді.

1. 10-бет. **«Шаншар» – қазақтың тұңғыш күлкі журналы** – М. Әуезов мақаласын «Апрельдің аяқ кезінде Семейде «Шаншар» журналының бірінші саны алынды» деген сөздермен бастайды. Ал журналдың бір саны ғана шығып, әрі қарай жалғасын таппай қалғаны жоғарыда айтылды. Журнал Ташкенде Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің ұйымы – «Ақ жол» газетінің жанынан шыққан. Оның себебі, осы кезде Ташкент Өзбек республикасының қарамағына өтіп, баспасөз, оқу-ағарту билігі жағынан болсын бұрынғы қазақтардың үстемдігі әлсірей бастайды. Көп жобажоспарлардың жүзеге аспай қалатыны осыдан кейін болады. Оның жалғасының шықпауы әлсіздігінен немесе қаржының тапшылығынан емес, заманның өзгеруіне байланысты болды. Дегенмен «Шаншар» – қазақ сатирасы тарихындағы тұңғыш күлкі-сықақ журналы болып қала береді.

2. 3. 12-бет. **«Шаншардың қулары Тонтай, Текебайлардың қулығы да көбінесе сондаймен келген»** – XIX ғасырдың ішінде Шаншардан шыққан Қонтай, Тонтай, Текебай, Торсықбайлардың есімі Арқа жеріне кеңінен белгілі болады. Абайдың шешесі Ұлжан болса, оның әкесі Тұрпан сол белгілі қулар Қонтай, Тонтайдың інісі. Тонтайдың өлер алдында: «Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас» деген сөзі екінші бірі айтып жүретін мәтелге айналып кеткен. Торсықбай жөнінде Жұмат Шанин пьеса да жазды. Ал Шаншар – табиғи қылықтарымен ел арасында аты шыққан Қаракесектің өнерпаз әулеті. Оның өнерпаздары уытты әзіл сөзді, күлдіргі айтыс өлеңдерінің неше алуанын тауып айтқыштықтарымен аттарын шығарды.

*Т. Әкімов,
филология ғылымдарының кандидаты*

ЖАЛПЫ ТЕАТР ӨНЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ТЕАТРЫ

Мақала алғаш рет «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы қаңтар – ақпан айларындағы санында жарияланған. Сонына «Мұхтар» деп қол қойылған. Кейін 1969 жылы шыққан он екі томдық шығармалар жинағының 11-томына енді.

Енді мақаланың тікелей өзіне келсек, 1926 жылы 13 қаңтарда ашылған қазақ театрына байланысты талас-пікірлердің көп болғаны мәлім. Олардың көпшілігі тоталитарлық жүйенің қолдан жасалған теріс саясатынан туған. Алайда, қазақ театрының даму бағытын бағдарлаған М. Әуезовтің театрлық һәм эстетикалық ойларының маңызы зор. Ұйымдастырылып жатқан ұлттық театр қандай болу керек, оның өзге елдер сахналық өнерінен өзгешелігі неде, олардың өнегесі, барар жолы қандай деген мәселелер төңірегінде М. Әуезов келелі пікір айтып, ғылыми тұжырымдар жасайды. Мұнда сонау көне Гректен бері қарай Еуропа елдерінің театрларына тоқталып, олардың дүниеге келу, даму жолдарын, сахналық дәстүрін, актерлік өнерін мәдени қауымға түсіндіре отырып, ұйымдастырылатын қазақ театрының шығармашылық негізін ашып береді. «Қай өнерді алсақ та әуелде өз елінің халық өнері болып, содан ілгері қарай басқан сатысында ғана көптікі болып, жалпы адам баласының ортақ теңізіне барып құяды», – деуі ұлы мәдениет қайраткерінің әлемдік сахна өнерінің бір арнасы – қазақ театрының келешегін бұлжытпай танудан туған. Бұған ұлттық театрымыздың әлемге әйгілі көркемдік жетістіктері толық дәлел.

Әлемдік театр өнерінің негізін зерттей келіп, М. Әуезов: «Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан. Өнердің іргесін қалайтын елдің өзі. Содан кейін мықты дүкен, сұлу күмбезді жасайтын – сол ел тірегіне иығын сүйеген өнершілер», – дейді. Мұнда ұлы суретші қазақ театрының репертуары, оны ойнайтын актерлер өнерінің алғашқы қадамын тап басып көрсетеді. Жазушы-ғалым ел ішіндегі санқилы ойын-сауықтардың

үлкен өнерге дәнекер болатынын, бәрінің сонан бастау алатынын айтып отыр. Халқымыздың ескі мәдени мұраларын жаңғырту, ақындар айтысын, «Жар-жар», «Беташар», тағы басқа толып жатқан ел ішіндегі өнердің «театрға ұрық болатын бұйымдарын» қарастырып, олардың шығармашылық көзін тауып пайдалану жолдарын меңзейді. «Шынында, ерте күнде ас пен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар, өз заманында театр жасамай, не жасады? Солар жасаған сауық елдің құр қуанып, құр көңілін көтергенінен басқа, кәрі-жастың сай-сүйегін босатып, аруағын шақыртып, барынша қыздырып, желіктірген жоқ па еді? Онан соң ұзататын қыздың тойында еркек пен әйел қақ жарылып алып айтысатын Жар-жар, салт ойынын туғызған театрдың өзі емес пе? «Жар-жар» мен «Беташар» бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса, солай қоюға болады», – деп М. Әуезов театрдың халық өнеріндегі түпкі нұсқасы мен репертуарлық негізін терең көрсеткен. Басқасын айтпай-ақ, сонау дүниеге келген күнінен бері қарай сахнадан түспей келе жатқан жазушының «Айман – Шолпан» комедиясында жоғарыдағы айтылған халық өнерінің барлық түрлері қойылымның көркемдік ажарын келтіріп, ұлттық классикамызға айналуының өзі ешқандай дәлелдеуді тілемейді. Енді бірде, «Егер бүгінгі театр жалғыз мұнымен қанағаттанбай, ел ескілігінен күлдіргі қызық бұйымдар алам десе, яки көп халыққа ой түсіріп ақыл-сезімге татымдырақ дән беремін десе, ондайлар да табылады.

Қазақтың көп күлдіргі әңгімесі белгілі қулардың айналасынан жиналады. Мәселен, Семей аймағындағы атақты күлдіргілер: Шаншардың қулары, онан соң тапқыштық, шешендікпен аты шыққан Жиренше, Алдар көсе бар. Бұлардың барлық өмірі толып жатқан комедия», – деп, театр репертуарының мол қазынасын жіпке тізіп береді. Мұндай тәжірибені жазушы сонау Италияның дель Арте комедия театрының ерекшеліктерінен танып, оның суырып-салма өнерінің біздің халық арасынан шыққан әйгілі қулардың өнерімен ортақ үлгісін көрсетеді. «Қазақ өмірінен мұндай күлкілі әңгімелердің мысалын іздесең, Алдар көсе, Жиренше шешен, я болмаса бергі замандағы Торсықбай, Айдарбек сияқты көп күлдіргі қулардың әңгімелері әбден үйлесуге болады», – деп М. Әуезов қайталап, ойын еселей түседі осы мақаласында. Жазушының бұл ойын ұлттық театрымыздың алғашқы даму кезеңіндегі сан қилы ізденістерінің тәжірибесі дәлелдеп шыққаны аян. Жүсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Жұмат Шанин, Ержан Ерданаев, т. б. күлдіргі пьесалары – осы ой-тұжырымның нәтижесі. Бұлардағы бай мен кедей арасындағы небір күлдіргі құбылыстар, ма-

хаббат жолындағы тапқырлықтар – сахналық өнеріміздің алғашқы жылдарындағы мазмұны мен көркемдік сипаты болғаны айқын.

Қоянды жәрмеңкесіндегі кезбе труппаның өнері – сахналық барлық шарттарға жауап беретін синтетикалық өнердің өзі. «Жынды Омар» атанған Әбдіұлының, Зәрубай Құлсейітов, Иса Байзақов, Майра Уәлиевалар... өнері – халықтың мөлдір бұлағынан қайнап шыққан қайталанбас шынайы өнер. Зәрубайдың үстел үстіндегі қымыз толтырылған кеселерге тиіп кетпей, төкпей, аппақ ақ қоян немесе ысылдаған жылан болып билеуі. Омардың қаздың қаңқылын, бақсының жынын шақыруы, кісінің езуін жиғызбайтын Қалыбектің өткір сықақтары, Исаның құйындай үйіріп әкететін, шынайы ішкі әрекетке құрылған айтыстары мен желдірмесі, Майраның сызылтып салған әсем әндері... қазақ даласының түкпір-түкпірінен жәрмеңкеге жиылған елдің жапырыла тамашалайтын, өмірі есінен кетпейтін М. Әуезов айтқан халықтық өнер туындылары болып табылады. Ұлы дананың мақаладағы «жаңа заман театрының басы осы сияқты ел күлдіргісінен басталған», – деуінің мәнісін осыдан іздегеніміз жөн.

Халқымыздың әдебиеті мен мәдениетін, тарихы мен өнерін жетік білетін М. Әуезов бүкіл рухани байлығымызды тұтас шолып, театр жасауға септігі тиетін бұйымдарды түгел тізіп береді.

«Ел сауығына ақыл, өсиет сияқты ой-санаға дем беретін үлгіні кіргізу керек болса, ертеде заман шерін айтып сарнаған Асанқайғы, толғау айтқан Бұқар сияқты жырауларды тірілту керек. Тақпақ айтқан билерді, естірту, жоқтау өлендерін айтқан ақындарды, кобызбен сарын айтатын бақсыны, сыбызғымен күй шығарған күйшілерді тірілту керек. Осылардың барлығының жайында толып жатқан сұлу әңгімелер бар. Соларға болымсыз ғана мәдениет иісін сіндірсе әрі ел өнері тіріліп, әрі театрдың іргесі құрылады», – деп, тағы да ұлт театрының негізін қалауға қажетті жағдайларды атап көрсетеді.

М. Әуезов өзінің мақаласында театр өнерінің қазақ мәдениетіндегі жаңалық екенін, ал оны ұйымдастыру жауапкершілігінің онан да күшті екенін ескертіп, бұған байланысты көп мәселелерді әбден ойлап, толғанып барып шешу қажеттілігін де білгірлікпен ескертеді. «Мүмкін болғанынша өзге, кейбір елде болған жаңылыс, теріс жолға түсірмеуіміз керек... Сондықтан өзгелер жүріп өткен іздің ішіндегі ең керектісін, ең дұрысын алуымызға керек. Қазақтың театр өнері біздің заманымызда басталғанына біз қуанамыз. Бірақ сол қуанышпен бірге, бұл сияқты ірі өнердің келешегі үшін жауапты екенімізді де ұмытпау керек, – дей келіп ол: –...өзге елден алсақ, сыртқы үлгіні ғана аламыз. Өз өнерімізді қалыптауға себеп болатын көпке бірдей заңын, өлшеуін ғана аламыз», – деп, М. Әуезов сахналық өнердің бәріне ортақ заңын,

жалпыға бірдей сипатын сақтауды ілгері кеткен елдерден үйренуге шақырады. Әсіресе, «өнерге ыңғайлы кісілерді орыс артистерінің мектебінде оқыту» қажеттілігін баса айтып, солардың сахналық тәжірибесін үлгі тұтуға үйретеді. Бұрын-соңды ешкімнің ойына келіп, аузына түспеген «режиссер» деген сөзді де М. Әуезов Ж. Аймауытовпен бірге айтып қолданып, бұл жұмысқа Жұмат Шанинмен бірге, татардың немесе басқа жақтың тәжірибелі артистерін шақыруға ақыл қосады. Сөйтіп, М. Әуезов халық өнерінің мол қазынасын тұтас қамти зерттеп, қазақ театрының қалыптасу негізін, шығармалық ерекшелігін ашып берді.

Қазақ топырағында құрылатын театрдың белгілі бір жанрлық ауқыммен шектелмей, синтетикалық бағыт ұстағанның өзінде сахнаға үйлесімді рухани дүниелеріміздің барлық түрлерінің басын қосатын – «әдеби-мәдени өнерді бір жерге жинастыратын универсал» (С. Сәдуақас ұлы) болуына М. Әуезов те баса көңіл аударған өзінің мақаласында. Сонымен бірге, ол осы рухани қазыналардың ерекшеліктерін таратып айтып, қалай пайдаланудың жолын нұсқайды, театр шығармасына қосатын сахналық қызметін анықтайды.

М. Әуезовтің пайымдауында: «... бүгінгі күнде жаңа туғалы тұрған театр жалғыз ғана әдебиет ескілігін тірілтуді қанағат қылу керек емес, ескіліктің ән-күйін, қобыз, сыбызғысын да қайта ояту керек. Қазақтың өткен күндегі бір байлығы әдебиет болса, екіншісі – ән-күй... Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы – күй. Күйдің тіліндей бай тіл қазақтың әнінде жоқ... Бұлай болса, бүгінгі театр ескілігіндегі күй мен әнді бір минут есінен шығармау керек... Жалғыз ғана домбыраны қанағат қылмай, қобыз бен сыбызғыны қайта тауып алу керек...

Қазақтың ескі салты мен ойын-жиындағы өлең сауықтың барлығы ән мен өлеңді аралас жүргізетін, сондықтан ел театры қалың елдің өмірімен шын жанасамын десе, ескінің суретін толық пішінді қылып құруға міндетті екені даусыз. Өлең мен әнді қатар тірілтіп театр жасауға айналсақ, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты ел поэмалары, «Бекет батыр» сияқты тарихи өлеңдер, барлығы да театрдың ішіне оңай сыйып кетеді.

Міне, қазақ ескілігінің бүгінгі жас театрға тартатын сый-сипаты осы. Егер біздің театр осы сияқты мол қордың ішінен тесік моншақ сияқты асыл бұйым, асыл ұрықты таңдап, танып алуға жараса, осы сияқты анайы топырақтың үстіне іргесін орнатып, дүкен құрса, ол өнер әрі елдің өнері болып, әрі келешегін кең өріске беттеткен өнер болады», – деген.

Болашақ театрдың осындай синтетикалық әрі көркемдік үйлесімділігін М. Әуезов музыка өнерінен көрген. Ол жекелеген орындаушылардың еншісінде ғана қалмай, тұтас театр өнерінің егіздің сыңарындай ажырамас құрамы тұрғысынан келген, музыкалы драмалық әрекеттерді күшейтіп, үлкейтіп жеткізетін ерекшелігімен бірге, көрермен тыңдаушысын жанды сезімге бөлейтін құдіретін еске салып отырған.

Ғалым-жазушы «қазақ ескілігі» деген ұғыммен фольклорлық шығармалардың түрлерін қамтып отыр. Ұлттық театр өнерін жасауда халықтық шығармалардың сарқылмас рухани байлығын пайдаланудың ғылыми жолын саралап отыр. Кезінде мұның бәрін тоталитарлық идеология мансұқ етіп, М. Әуезовті көне заманның ескі дәстүрін тірілтуші, дәріптеушісі деп айыптағаны мәлім. Қазір еліміз егемендік алғаннан кейін әділдік орнап, әсіресе әдебиетке байланысты бұл мәселе жан-жақты көтеріліп жатыр.

Қалай десек те, ұлы қайраткердің мемлекеттік театрдың ашылу қарсаңында айтқан ғылыми пайымдаулары мен болжамдарының толық жүзеге асқанына сахналық өнеріміздің бүгінгі жеткен профессионалдық биігі толық дәлел. Ал фольклорлық мұраға сүйеніп жазылған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты көптеген драматургиялық туындылар классикалық жетістігіміз есебінде әлемге танылып отыр.

Осыған байланысты М. Әуезовтің: «Қай елдің жазушысы болса да драмаларында алдымен өз елінің өмірін, өз жұртының салт-әдетін, мінез жаратылысын көрсетуді міндет деп санады. Барлығы да еліне салт театрын жасап берді. Басында елдің өз денесінен болымсыз ойын-сауықтан шыққан кішкене театрлар аяқ кезде салт театрына айналған уақытына шейін бір мезгіл елді тастаған емес. Бұл көптің қызығы, қалың елдің театры болудан айныған жоқ. Ел өмірі, ел қалпымен қол ұстасып қатар отырды. Барлық салт театрының ретімен жазылған пьесалар бұл сөздерге дәлел», – деуі ұлттық театрымыздың алғашқы қадамдарын дәл саралаудан туған.

М. Әуезовтің бұл мақаласының театрдың алғашқы шығармалық даму кезеңдеріндегі ықпалы күшті болды. Сонымен бірге, сахна мен драматургия мәселесіне арналған профессионалдық үлгіде жазылған әрі ұлттық театрландырудың негізін салған мақала.

***Б. Құндақбайұлы,
өнертану ғылымының докторы***

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТ ТЕАТРЫ

Бұл мақала қолжазба күйінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасының қолжазба қорында сақталып келген. 1959 жылы осы жолдардың авторы М. Әуезовтің ақыл-кеңесінен кейін мақаланың көшірмесін машинкаға бастырып алған. Мақаланы менен танысуға алған Қ. Қуандықов «Жұлдыз» журналына жариялап жіберіпті. Мұның бір дана көшірмесі күні бүгінге дейін осы жолдар авторының жеке архивінде сақтаулы. Журналдағы мақалаға қысқа алғы сөз берген Қ. Қуандықов мұны 1927 жылы жазылған деп топшылаған. Қолжазбада автор мақаланың жазылу уақытын көрсетпеген. Мақаланың мазмұнынан оның 1928 жылы жазылғанын анықтау қиын емес. Мұнда мемлекеттік театрдың екі жылдық шығармалық жолы сөз болып, сол уақытта сахнада қойылып жүріп жатқан Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр», Бейімбет Майлиннің «Айша» қойылымдарын талдау арқылы актер өнері мен ерекшеліктерін кеңінен сөз етеді.

Ұлттық театрдың үлкен ізденіс жолына түсіп, профессионалдык бағыт алуына Ж. Шаниннің мол еңбегін, шығармалық ықпалын М. Әуезов жоғары бағалаған. Ол театрдың бірер спектакльдерін көріп, жас ұжымның буыны бекіп, бұғанасы қата бастағанын сезеді. «Бүгінгі артист баяғы рөл жаттамай шығатын, залға құр мағынасыз мақтана қарайтын санасыз сөдегей ойыншы емес. Бәрі де міндетін зор түсінген өнер қызметкері, саналы еңбекші», – деп актер шеберлігіндегі өзгерістерді қырағылықпен аңғарған. Мұнан әрі ұлы жазушы өзі көрген екі спектакльден туған пікірлерін мақалада театр сыншысы ретінде профессионалдык деңгейде айтқан. Осы қойылымдардағы орындаушылық өнерді айта келіп: ...«Арқалық» қазақ ойыншыларының күшін өзінше, өз қалпына қарай екшеп, бірнеше ойыншыны барынша ажарландырып көрсететін болыпты», – дейді. Осы тұста ол Абылқай Абдуллиннің (Арқалық), Қалыбек Қуанышбаевтың (Әжіхан), Серке Қожамқұловтың (Қарашешен, Дүрбіттің ханы), Елубай Өмірзақов (Диуана, Бейсен би) сияқты актерлердің еңбектерін терең талдап, олардың өнеріндегі ерекшеліктерін ашады. Қойылымның көркемдік, идеялық мазмұнын тануда Арқалық рөлінің орны бөлек. Актер

А. Абдуллин бойындағы табиғи талантына сүйеніп, Арқалықтың тарихи келбетін ашуға ұмтылған. Мұны М. Әуезов мақаласында актер шеберлігін түбегейлі қозғай келіп: «Күн өзінің бір көрікті жылы шағын мына батырдың ақылды, жылы көзінен білдіріп, танытып тұрған сияктанады. Төңбектеп алысқа шабатын жері қашық қазақ жүйрігінің кәрі кара қайратын Абылқай өзі де ұққан, ұқтыра біледі», – деген сөзі актердің өнеріне профессионалдык білгірлікпен берген бағасы болып табылады.

«Арқалық батырдағы» топ жетекшісі әрі ақылшысы, айласы мол, арамдығы мен зұлымдығын сыртқа сездірмейтін Әжіхан ролін Қалыбек Қуанышбаевтың орындауы қойылымның аса ірі жетістігі болған. М. Әуезов аталған мақаласында: «Осының орайына, заманының жыны сияқты таусылмайтын арамдық, сұмдық иесі Әжіханды Қалыбек те әдемі суреттейді. Көп жұрттан ұрланғандай Арқалықтың бетіне тіктеп қарай алмай, сырт айнала беріп, сызданып суық қарайтын ала көз бұл ханның бар жайын баян еткендей болады. Тура қарасқанда төменшіктеп жерге қарай үзіліп, сүзіле береді де, мойын бұрылып Арқалықтың көзі тайғанда «алдадым, алдадым» деп кетеді.

М. Әуезов қойылымға қатысқан актерлердің жемісті ізденістерін білгірлікпен суреттей келіп: «Осы ретте алған роліндегі Қара шешеннің мінезін, онан соң Дүрбіт ханның мінезін көрушіге өте айқын сұлу бояумен ұғымды қылып, түрлендіріп көрсеткен бірінші қатардағы еңбек Серкенікі сияқты.

Бұл әншейіндегі қозғалысы жоқ, отырысы көп, салмағы ауыр, сылбыр, еріншек, кең қолтық, балпаң қазақты сахнада жан беріп, тірілтіп, жылпың қылып жібере алады. Солай болмай, театр сахна өнері болмайды. Біраз бояу бермесе, сахнада өнерлік пішін болмайды. Мінез әсем болмайды», – деп сахналық бейне жасаудағы актерлік ізденістерді баса айтқан. Мұндағы жазушының ой төркіні сахналық бейне жасаудағы актерлердің орайы келгенде қолданатын бүгінгі ұғымдағы әдейі әсерлеу әдісіне тіреліп отыр.

М. Әуезовтің бұл саладағы керемет театр сыншысы ретінде актер ойындарына берген терең танымдық ойларын әрі қарай жалғастыра беруге болады. Солардың бірі – Диуана роліндегі Елубай Өмірзақовтың шеберлігі жайында айтқаны. Бар болғаны бір-ақ жерде, бір-екі ауыз сөзімен шығатын кейіпкер актердің шебер ойынымен сахналық жинақтылыққа жетіп, спектакльдің көркем бейнесіне айналған. Осы бір шағын рөл туралы М. Әуезов: «... ұсақ рөлдермен шығатын, бірақ алғанының қайсысын болса да, бір-біріне ұқсатпай, көңілдегідей құбылтып ойнайтын Елубай «Арқалық» ішіндегі көп рөлдерінің барлығынан диуананы әсіресе келістіріп ойнады... Бұл

көрсеткен диуана, жалпы диуаналық деген нәрсеге жасалған қатал сын, ең қатал жаза сияқты. ... Көбінесе, адам қауымында диуаналық сорлылықпен шектеседі. Бұл күнге шейін оның шала-мұла дәурені болса, бұдан былай ол жоғалады, өшеді.. Онымен үлкен құрал ұстап алысу керек емес. Күлкі, мазақпен де пендені жерге жаныштап кетуге болады. Елубай осы құралды ұстанған. Ол диуаналықтың барлық диуанаша мағынасыздығын, жауырынын бүрістіріп жіберіп, қалшылдап, қызарып, күре тамырын адырайтып, қатып тұрып: «Ah!» – деп жіберіп, қызыл көздерін қайшыландырып, қылиландырып жібергенде, зал тегіс шашу шашқандай қуанады. Күлмейтін кісі қалмаса керек.

Диуаналыққа сол күлкі – өлім күлкісі. Елубай Түркістанның бар диуанасына сабақ болады. Бірақ диуаналықтың жаназасын шығарушы да сол Елубайдың өзі», – деп ұлы жазушы актер ойынын шебер талдаған.

Актердің мұнан басқа да бірер шағын рөлдерін көрген М. Әуезов «Елубай – қызу қанды, ащы мысқыл иесі, ішінде сахна өнерінің қайнар көзі бар, жанды, отты ойыншы. Шынымен бабына келтіретін рөл болса, Елубайдың іштен тасып шығатын қызуы өте мол. Мұнда өмір екпіні, өнер оты тіпті күшті сияқты. Сондықтан залды баурап билеп, бағындырып алатын албастысы барға ұқсайды», – деп, оның өнер ерекшелігін білгірлікпен тап басып анықтаған. Және актердің осы бір жазушы сипаттаған шеберлік даралығы – оның ұзақ жылдардағы шығармалық келбетін қалыптастырғаны белгілі.

Өзі көрген қойылымдардағы актерлердің ойындарын нақты талдау арқылы, ғалым-жазушы нағыз театртанушыдай олардың шеберлік ерекшеліктерін, өздеріне тән даралықтарын, шығармалық кескін-келбетін, ең аяғы, болашағын да бұлжытпай анықтаған. Өнері сөз болғандардың көбісінің актерлік тағдыры М. Әуезов айқындаған бағытта дамып, жоғары көркем-профессионалдық биікте қалыптасқанын театрдың шығармалық жолы дәлелдеп шықты. Мақаланың ұзын-ыргасы мен мазмұны қысқаша айтқанда осыған саяды.

Б. Құндақбайұлы

САКУ-ДІҢ ОҚУШЫЛАРЫ МЕН ОҚЫТУШЫЛАРЫ

Мақала көлемді түрде жазылып, «Кедей айнасы» журналына ұсынылады. Бұл тұста Мұхтар Әуезов Ленинград университетін бітіріп, Ташкенттегі Қазақ Халық Ағарту институтының директоры Сәкен Сейфуллиннің тікелей бұйрығы бойынша орыс және қазақ әдебиеті тарихынан сабақ беруші оқытушы қызметке орналасады. Орта Азиялық Коммунистік Университеті (САКУ) тыңдаушыларына ақылы сағатпен дәріс окитын.

САКУ – Түркістан өлкесіндегі партия, комсомол кадрларын дайындайтын оқу орны болатын-ды. Бұл Кеңес үкіметінің соңғы жылдарында өмір сүрген Жоғары партия мектебі, комсомол мектебі сияқты оқу орындарының ең алғашқы ашылған үлгісі еді. Бұл партиялық оқу орын орысша, САКУ (Средне-Азиатский Коммунистический Университет) деп аталып, онда Түркістан өлкесіндегі жергілікті өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, тәжік ұлтының өкілдері мен әртүрлі келімсек халықтардың жастары оқыды. Осы оқу орнында М. Әуезов сабақ беруі себепті, САКУ-дің оқушылары мен оқытушылар құрамын жақсы білген. Сондықтан да ол «Кедей айнасы» журналының өтініші бойынша көлемді «САКУ-дің оқушылары мен оқытушылары» деп аталатын очерк типтес мақаласын жазып ұсынады. Бірақ журналдың редакторы акын Зиябек Рүстемов журналға түскен мақалалардың көбейіп кетуіне байланысты бұл мақаланы «... ұзын жазылған мақала екен, басқа мақалалар болғандықтан, жалаң санын ғана алып бастық. Басқарма. 1928» деген арнайы ескерту жасап, қатты қысқартқаны көрініп тұр.

Мақала осы қысқартылған қалпымен де Түркістан өлкесі мен Қазақстанда 1920 жылы ресми түрде тұңғыш ашылған Түркістан Мемлекеттік университеті жанында ашылған Бүкілодақтық Кіндік Атқару Комитетіне қарасты В. И. Ленин атындағы Орта Азиялық Коммунистік университетінің (САКУ) сол кездегі оқушылары мен оқытушыларының партиялық, әлеуметтік, ұлттық құрамы мен 19 бен 30 арасындағы жастық құрамы жөнінде нақтылы әрі қызықты дерек-мағлұмат беруімен де құнды.

Мұхтар Әуезовтің Елу томдық академиялық шығармалар жинағының 3-томына алғаш рет «Кедей айнасы» деп аталатын (Бүкілодақтық Кіндік Атқару Комитетіне қарасты В. И. Ленин атындағы Орта Азиялық Коммунистік Университетіндегі қазақ студенттері) журналының 1928–1929 жылғы 4-5 санында (49–50-бет) жарияланған түпнұсқасы негізінде өзгеріссіз сол қалпында басылым көріп отыр.

1. Ең тұңғыш жоғары оқу орындары САКУ мен САГУ-дің арасындағы айырмашылықты қазіргі жас буын, жаңа қауым жете біле бермейді. Бұлай болуы заңды да, өйткені аталмыш жоғары екі оқу орнының өзіндік ерекшелігін олардың пайда болу, даму, өзгеру тарихына көз жібермесе екінің бірі біле бермейді.

а) САГУ-ді (Средне-Азиатский Государственный Университет) ашудың идеясы Ресей империясының Түркістан өлкесін отарлап, жергілікті халықты езіп-жаншуына қарсы 1868 жылы Әндіжан көтерілісіне байланысты туындаған болатын.

Ресей отаршылдарының ортасында Түркістан жерінде университет ашу идеясы көтерілгенде екі ұдай пікір таласы туындады. Бір жағы университет ашу арқылы жергілікті халықты еліктіріп, культурогерлік тәсілмен билеп-төстеудің қамын ойластырды. Өйткені Еуропаның отаршыл мемлекеттері отарланған жерлерде бұл тәсілді өз мүдделері тұрғысынан жүзеге асырған мысалдар бар болатынды. Екіншілері Түркістан халықтары ортасында университет ашудың уақыты пісіп жетілген жоқ, сол себепті әуре болудың қажеті жоқ деген пікірді ұстанды. Соңғы пікірді, тіпті, академик В. В. Бартольдтың өзі қолдап шықты.

Егер өткен тарих көшіне назар аударар болсақ, Түркістан жерінде ХІ ғасыр басында көне Үргеніште (Хорезм қаласында) 1010 жылы академия ұйымдастырылған болатын-ды. Оны ұйымдастырып жүзеге асырған Хорезм шахы Абуллабас Мамун болуы себепті, бұл жоғары оқу орны «Мамун академиясы» деп аталып, оның қабырғасынан Әбу Райхан Бируни, Ибн Сина, Хорезми тәрізді ұлы оқымысты ғалымдар шықты. Ал Еуропа жеріндегі Ғылым академиясы Англияда 1162 жылы, Ресейде 1724 жылы (университет 1753 жылы) дүниеге келген еді.

XVIII ғасырда Самарқанд пен Бұхарада 70, Ташкентте 18 медресе қызмет атқарған. 1898 жыл мен 1913 жыл аралығында осы жерлерде 7665 мектеп, медресеге жетсе, не себепті бұл жерде университет ашуға уақыт әлі пісіп жеткен жоқ деп дау айтудың түбі халықтың ұлттық санасының оянып кетуінен сескенуден басқа еш нәрсе де емес еді.

Міне, Түркістан өлкесінде университет идеясы Ұлы Қазан төңкерісінен кейін жергілікті жерде қайта көтеріліп, 1918 жылы 5 көкекте Ташкент қаласында «Народный университет» ашылып, ректорлығына А. В. Попов сайланды. Осымен бірге «Мұсылман халық университеті» ашылып, ректорлығына Мұнауар Қарт Абдуратидханұлы сайланды. Осы университеттің «Народный университет», «Халық университеті» деген екі газеті болды.

1919 жылы 30 тамыз айында Түркістан Мемлекеттік Университеті (ТурГУ) ресми түрде Үкімет тарапынан ашылды. 1920 жылы 7 қыркүйек айында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің декретінде «Түркістан Мемлекеттік Университеті РСФСР халық комиссарлар Кеңесінің қарауында болады», – деп жазылды.

1920 жылы 22 желтоқсан айында Түркістан Мемлекеттік университеті жергілікті өкімет қарауына алынып, жергілікті бюджетке телінді. Университет ректорлығына 24 жастағы коммунист А. Ф. Солькин ректор болып тағайындалды.

1923 жылы 17 шілде айында Түркістан Мемлекеттік университеті Орта Азиялық Мемлекеттік университет (САГУ) деп аталып, ректоры А. А. Знаменский болды. Осы жылы ректордың ұсынуы бойынша, Тұрар Рысқұлов университет ғылыми Кеңесінің мүшесі болып сайланды. М. Әуезов пен Т. Рысқұловтың алғашқы таныстығы да осы жылы басталып, М. Әуезов Ленинград университетіне арнайы жолдама алып, оқуға кетті.

САГУ-дің алты факультетінде 2671 студент оқыды. Оның 1076-ы орыс, 368-і еврей, 38-і армян, 7-уі ғана өзбек болуында көп мән жатыр.

1927 жылы САГУ-дің ректоры болып профессор Городецкий тағайындалды. Студенттердің саны 4107 кісіге жетті. Оның 8% өзбек, 6,4% казак, 3,9% түрікпен, т. б. болды. Ал 1928 жылы жергілікті ұлттардың саны 223 кісіге әрең жетті.

1930 жылы жергілікті ұлттан шыққан оқытушылар саны 6%-ке, яғни 28 кісіге жетті. Университет бойынша 11-ақ аспирант болды, соның бірі Мұхтар Әуезов болатын-ды.

ә) САКУ (Средне-Азиатский Коммунистический университет им В. И. Ленина) САГУ-дің жанынан ашылған партия, комсомол мектептері еді. М. Әуезов өзінің «САКУ-дің оқушылары мен оқытушылары» деп аталатын «Кедей айнасы» журналында басылым көрген мақаласында осы жоғары партия, комсомол мектебіндегі оқушылар мені оқытушылар құрамын әр қырынан алып, талдап көрсетуге мән бере қарайды.

М. Әуезов САКУ-дің ішіндегі әйелдер курсы, баспа қызметкері (журналистер) курсы, комсомол университеті, олардың сыртқы оқушыларына дейін назар аударады.

Әйелдер курсы – негізінен, жергілікті халық арасындағы әйелдер арасында саяси идеологиялық үгіт-насихат жұмысын жүргізетін маман кадрлар даярлайтын арнайы мақсатпен ашылған оқу орны болатын.

Баспа қызметкерлері (журналистер) курсы да – негізінен, ел ішінде туындап молығып келе жатқан газет, журнал, үгіт блокноттарын шығарып, таза саяси-идеологиялық жұмыстар жүргізуге даярламатын баспасөз қызметкерлерін даярлаумен айналысатын арнаулы оқу орындарының алғашқы түрі еді.

Комсомол университеті – жергілікті ұлт жастарын тұрақты идеологиялық жұмыстар атқаруға даярлайтын бірден-бір оқу орны болатын-ды. Өйткені қоғам өміріндегі жастардың шешуші әлеуметтік зор күш екенін білген әрі оларды өздерінің ізбасарлары етіп қалыптастыруға большевиктер ерекше мән беруі себепті, комсомол университетін ұйымдастырған еді.

М. Әуезов өзі дәріс беретін партиялық оқу орындарындағы оқытушылар мен оқушылардың партиялық, таптық, әсіресе әлеуметтік шыққан тегіне арнайы көңіл бөлгені сезіліп тұр. Яғни, Кеңес үкіметінің жоғары оқу орындарына қабылданған жастардың түгелге жуық таптық жағынан 332 оқушының алтауы ғана бипартиялық болуын көрсетеді немесе 92 оқытушының төртеуі ғана руханилар мен саудагерлер тобынан болуы да, мемлекет ұстанған саясаттың бар болмысын ашып көрсеткен.

Большевиктер партиясының таптық саясатының нәтижесі жоғары оқу орындарында қай дәрежеде қойылып, жүзеге асырылуының бар болмысын жылдыққа сай көрсетуімен автор оқырманын көп нәрсенің мән-мағынасын ұғынуға ойланып, себебін тап басып білуге итермелейді.

М. Әуезовтің бұл мақаласының төл нұсқасын архив сөресінен іздестіріп таба алмай жүрміз. Түпнұсқаның көлемі мол болып, сан қилы күрделі мәселелерді танытуға ұмтылған автор ойының классикасы мен мақаланы жазудағы мақсаты, әрине, Ташкенттегі архив қазынасынан іздестіру міндеті күн тәртібінен әзірше түспейтінін бар болмысымызбен сезінеміз.

*М. Мырзахметұлы,
филология ғылымдарының докторы*

БӨЛІМ МАҚСАТЫ. ЖАРАТЫЛЫСТАҒЫ ДАҒДЫЛЫҚ. ӨЛКЕТАНУ ТУРАЛЫ

Бір-бірімен тығыз байланысты осы мақалалар топтамасы тұңғыш рет «Жаңа мектеп» журналының 1929 жылғы 11-санында жарық көрді. Мақаланың бас жағына «Мұхтар» деп қол қойған.

Мақалалар топтамасында М. О. Әуезов журналда ашылып отырылған «Аймақтану, білім арттыру» атты бөлімнің негізгі мақсаттарын айта келіп, өлкетану (аймақтану) ісінің маңызы мен міндеттерін ашып көрсеткен. Өлкетанудың басты мақсаты, автордың пайымдауынша, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін, оның табиғи байлықтары мен шаруашылығын жан-жақты зерттеу болып табылады. Бұл іске әртүрлі дәрежедегі мектептер мұғалімдерінің, жалпы сауатты адамдардың тікелей қатысуы қажет екендігі айтылады.

Мақала 1930 жылғы сәуір айында өткен Қазақстан өлкетанушыларының (аймақтанушыларының) Бірінші құрылтайының қарсаңында жазылып, жарияланған.

***К. Нұрпейісұлы,
Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент
мүшесі, тарих ғылымдарының докторы***

ӨЗ ЖАЙЫМНАН МАҒЛҰМАТ

М. Әуезовтің осы өмірбаяндық мақаласы өз архивінен алынып (382-папка, 1–6-бет), елу томдық академиялық толық басылымға ұсынылып отыр.

Мақала – Смағұл Сәдуақасовтың сұрағына жауап ретінде жазылған. Жиырманшы жылдардың екінші жартысында ол танымал ақын-жазушыларға алты сұрақ қойып, олардың өмірі, шығармашылығына қатысты деректер жинаған екен. Жазушы мақаласының соңына «Мұхтар, Ленинград, ғинуардың 29-ы», сыртына «Өз жайымнан мағлұмат» деп жазыпты, осыны тақырып ретінде қолдандық.

Жазушының отызыншы жылдарға дейінгі шығармаларынан сақталып қалған қолжазбалар жоқтың қасы десек, «Өз жайымнан мағлұмат» – сол аздың бірі. Сол кезден бүгінге жеткені «Хан Кене» пьесасының араб әрпінде жазылған бірінші нұсқасы, осы туындысын өзінің орыс тіліне аударғандағы қолжазбасы мен қырғыздың батырлық эпосы «Манасты» зерттеп жүрген кезінде Бішкек пен Ыстықкөл маңайындағы ауылдарда болғанда көрген, естігендері, манасшылардан тыңдаған жырлары жазылған шағын блокнот қана. Бұлардан басқа бұл кезеңнен жарияланғандарының да, жарияланбағандарының да түпнұсқалары біржола жоғалған. Бұлардың ішінде Қызылордада 1927 жылы басылып шыққан «Әдебиет тарихының» 2-кітабы, «Жетісу қазақтарының фольклоры» деп аталатын үлкен монографиясы, Кронның «Мстислав Удалой» пьесасының аудармасы болса, тағы да қандай туындыларының жоғалғандығы осы өмірбаяндық жазбасынан көрінеді. 1930 жылы қамауға алынғанда, бүкіл кітап, қолжазбалары қолды болды.

Ал осы «Өз жайымнан мағлұматтың» жазушының өзіне қайтып оралуынын айта кетерлік тарихы бар. Елуінші жылдардың аяғына таман Мәскеуде С. Сәдуақасовтың жұбайы Елизавета Әлиханқызы Бөкейханова Мұхана бір бума қолжазбалар табыс еткенін Ләйла Мұхтарқызы айтады. Смағұл дүниеден өткеннен кейінде бұларды ешқайда тапсырмай, жоғалтпай Елизавета сақтап келген де, Әуезовке тапсырғанды жөн көрген. Қазақстаннан кетуі, қызметіндегі өзгерістер

оған әу бастағы жоспарларын жүзеге асыртпаған секілді, оның үстіне, көп ұзамай дүниеден де өтіп кетті. Қазақстанның мәдениеті, тарихы, шаруашылығы, тағы басқа салалары жөнінде жазып жүрген мақалалары мен көркем шығармалары аз емес еді. Елизавета тапсырған қолжазбалардың ішінде оның кейбір мақалалары мен «Сәрсембек» деген романы да бар. Алты сұраққа М. Әуезовтің «Өз жайымнан мағлұматы» сияқты Жүсіпбек Аймауытов, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқановтар жауап қайтарған. Бұлардан басқа Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романын, Бернияз Күлеевтің бір томдық өлеңдер жинағы мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиялық туындыларының қолжазбаларын айта кетуге болады. Ал Торайғыровтың қолжазбаларын оның екі томдық шығармалары жинағын бастыруды дайындап жүргенде ғалым Ысқақ Дүйсенбаев Ләйла Мұхтарқызынан уақытша пайдалануға сұрап алған болатын, артынан ол қайтыс болып кетті де, қазір сол қолжазбаның қайда екендігі белгісіз күйінде қалып отыр. Смағұлдың «Сәрсембегі» ұзынша еңсіз қағазға түсті қаламмен араб әрпінде жазылған, Аймауытовтың қолжазбаларындай емес, бұларды айырып, ажыратып оқу мүлде қиындық тудырады.

1. 67-бет. **«Менің аталарым қожа»** – Қожалардың арғы тегі араб екендігі айтылады. Ол баста миссионерлік мақсатпен келген адамдардан тараған ұрпақтар екендігі шежірелерде баяндалады. Қожалар тек қазақтар ғана емес, туысқан өзбек, қырғыз, қарақалпақ, түрікмен халықтарында да бар. Қазақтағы қожалар қазір оның бір рулы тармағына айналып кетті. М. Әуезов айтқандай: «Қайтсе де бұл қожалардың қазақпен араласып, қазақтан қыз алып, қыз беріп, қазақша тұра бастағанының өзіне бірталай заман болды». Шынында да, ол бастағы қожалық ұғымнан бұл күндерде еш нәрсе де қалмады. Ертедегі толтырған анкеталық жауаптарының бірінде Мұханның «Тобықты руынанмын» дейтіні содан болу керек.

2. 67-бет. **«Біздің қожалардың арғы атасын Бақсайыс дейді»** – Кейбір шежірелерде ол Бақшайыш деп де айтылады. Бақсайыс әкесі Омарханға он сегізінші атадан қосылатындығы осы өмірбаяндық дерегінде, ал шежірелерде Ахмет Иасауидің замандасы екендігі сөз болады. Есептеп көргенде, он сегізінші ата дегені соған сәйкес келіп қалады. Бақсайыстың мазары қазіргі Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына қарайтын жерде Сырдария өзенінің батыс жағалауында тұр.

3. 69-бет. **«Әкеммен бір туысқан ағам Қасымбек»** – Қасымбек (1894–1914) оқыған, білімді, өте мәдениетті адам болған. Мұхтардың оқып тәрбиеленуінде оның алатын орны зор. Жазушы 1943 жылы жазып жүрген романы үшін жаңа, нық деректер жинау мақсатымен ақын

атындағы ауданға барған жолжазбаларында мынадай жүрекжарды сөздерін қағазға түсіреді: «Сағынып кеп тағы да баяғы сабаққа бара жатқан күндерде әрбір түп шилерге, әрбір асық ойнаған тауларға – енді қайта айналып сендерді көрем бе, жоқ па деген кимас көңілмен коштасып, үлкен көңілмен кетіп барам. Ағам (әкем), жеңешем (шешем), кәрі апам (үлкен шешем), қадірлі ағам Қаске (Қасымбек), жаны жылы, жақсы жақсы жеңгем Қалия, апам Күлсім, інім Сабидал – бәрінің де қабірінді көріп өттім. Бірде-бірінен титтей де реніш шеккен шағым жоқ екен. Ойласам, мен өзімді соншалық жақсы көрген, соншалық сүйген мендей жаман баладан көп-көп үміт еткен жақсы жандар ортасында туып-өскен екем. Соңғы Қаске түсіме енді – аппақ киімі бар, бірақ ренішті халде көрінді. Жан ағам жаңылмаспын: «Жақсы бол, ұл бол, ел сүйетін азамат бол. Құр күнкөргіш пысықай бірдеме болам десең, ата-ананың үмітін жер еткенін» деген сөзіңнен. Ендігі қалған тірлікте қарызым да сол, іздер, барар мұратым да сол ғана» (Жидебайға барғанда, Папка, № 29, 89-90-бет). Мұхаң үшін Қасымбек орнының қандайлық екендігі осыдан да байқалады. Ал осындағы «**Жаны** жылы, жақсы жеңгем Қалия» дегені – сол Қасымбектің келіншегі. Ол да Қасымбектен кейін қайтыс болған.

4. 69-бет. «**Содан кейін бір қыс ел ішіндегі ауылнай школдан Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учителінен оқып**» – Бұдан басқа Әбіш Қасеновтің өмірі туралы нақтылы деректер кездеспейді.

5. 69-бет. «**Мен бері келіп, ес білген заманға шейін сондай көшірушілікпен күн кешкен кісі Мүрсейіт деген молда еді**» – Мүрсейіт Бікеұлының (1860–1917) Абай шығармаларын көшіріп, елге таратумен аты шықты. Ол орысша да оқыған, Бұхарада мұсылманша білім алған. Семей облыстық әкімшілігінде қызмет істейді. Осы қызметте жүріп, бір қызды даудан құтқарам деп жандаралдың мөрін сыртынан басқаны үшін қызметінен қуылып, Өскеменге жер аударылады. Елге қайта келгенде, Абай оған өлеңдерін жинап, жазып жүруді тапсырады, қаламақысын төлеп отырмақ болады. Қазір оның көшіруіндегі екі-үш нұсқасы бар, бірі – Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасында, екіншісі – «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында.

6. 70-бет. «**Бір уақыт «Масғұтты», «Ескендірді» де жаттатты**» – Екеуі де Абайдың белгілі поэмалары, «Масғұт» – 1882–1903 жылдар аралығында жазылған. Бұны Тургеновтің «Восточная легенда» деген әңгімесімен үндес десе, шығыстың фольклорымен (Бирма халқының ертегісі) байланысы барлығы да айтылды. Абайдың бұлардың екеуін де пайдаланғандығы көрінеді. «Ескендір» – Бұл тақырып шығыс

ақындарының көбінен кездеседі. Низами «Ескендір наме» деген дастанын жазған. Абай В. Жуковскийдің «Две повести» деген өлеңін пайдаланған деген дәлелдерді де жоққа шығаруға болмайды.

7. 70-бет. «Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде» – Бұл басылымды Қазақ Совет Энциклопедиясы – «ұлтшыл-алашордашылдардың орталық газеті» деп бағалады. Газет 1917 жылдың маусым айынан, 1919 жылдың мамыр айына дейін Семейде аптасына бір, кейде екі реттен шығып тұрған.

8. 71-бет. «Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Сәлімбеков пе біреуі» – Сәбит Дөнентаев белгілі ақын, ал Сәлімбековті анықтауға мүмкіндік болмады.

9. 71-бет. «Содан кейінгі баспа сөзіне толығырақ араласқаным 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен байланысты» – Бұл журнал туралы толық мағлұматты 1-томның түсініктерінен оқи ала-сыздар.

10. 71-бет. «Сырлы әдебиетке кірісуді пьеса жазудан бастадым» – Мұндағы *сырлы әдебиет* дегені – қазіргі *көркем әдебиет* деген ұғымды береді.

11. 71-бет. «Сонда ең алғашқы пьесам «Ел ағасы» деген 4 перделі драма жаздым» – «Ел ағасының» жоғалғандығын осы өмірбаяндық қолжазбасында өзі айтады. Сондықтан ол жөнінде толық түсінік беру қиын. Пьесаның Жаңасемейде халық үйінің клубында қойылғандығы жөнінде 1921 жылғы 26 ақпанындағы санында мақала басылды. Ол хабарды жазған – Сейіт Тоқымбаев. Мұнда шығарманың мазмұнынан да хабар етеді. Архивтен пьесаның бағдарламасы табылды. Онда былай деп жазылған:

Программа. Қадірлі жолдастар! «Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді». Мәскеудегі мұқтаж қазақ студенттеріне жәрдем болсын, программа сатып алыңыздар!

1. Ел ағасы. Мұхтар Әуезұлы шығарған 4 перделі пьеса.

О й н а у ш ы л а р :

Ж ұ м а х а н (жуан, зорлықшыл) – Нұрмұхамбет Жамышин

А қ ы ш (Жұмаханның қайын ағасы) – Серке Жармұқанұлы

Е р м е к (оқыған жігіт) – Мұхаметжан Парызұлы

Қ а б ы ш – (жаңа пікірлі учитель) – Абдолла Байтасұлы

Ә с и я – (Ермектің ағайының қызы) – Шәмения Әлібекова

Б и т е м і р – (Әсияның әкесі) – Ғаббас Дәулетбекұлы

Қ а л м а н – (шешесі) – Бану Асылбекова

Ж ұ м а ғ ұ л – (пысық кісі) – Әбдірахман Бектасұлы

Ә д і л б е к – (ақсақал) – Ғабдолла Диханбайұлы

Д ү й с е н – Рахметолла Қаржаубайұлы

С ә л м е ш – Рахым Асылбекұлы

Д ә м е т к е н – (өсекші қатын)

Бдырыс – (оқыған жігіт) – Рахым Асылбекұлы

Оқыған жігіттер

Милиция

Жүніс – Жолмағамбет Мендібекұлы

Бірінші жігіт – Рахым Иманбайұлы

Екінші жігіт – Сейітқасым Әміреұлы

II. Ақын Иса наурызға арналған һәм көптің тілеген өлеңдерін ойынан шығарып айтады. Жастар кейін қалып, әртүрлі ұлт ойындарын ойнайды.

Басқарушы: Х. Мырзағалиұлы.

Даярлаушы: М. Қазақбайұлы.

Осыдан басқа пьеса жөнінде ешқандай мағлұмат кездеспейді. Сол ойнаулынан кейін ешқайда қойылмаған болу керек.

12. 71-бет. **«1922–1923 жылдың қысында Ташкентте «Шолпан» журналын шығардық»** – Түркістан автономиялық республикасы Орталық Атқару Комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы. Бірінші саны 1922 жылдың қазанында шықты. «Түркістандағы халық ағарту ісі» деген бөлімі болды, оқу, ағарту, бала тәрбиелеу жайын сөз етті. Сегіз саны шыққаннан кейін журнал 1923 жылдың орта шенінде жабылып қалды.

13. 71-бет. **«1925 жылы Семейде «Таң» журналын шығардық»** – Бұл – Семей губкомы мен губерниялық атқару комитетінің саяси, мәдени, әдеби, шаруашылық журиалы. Оның редакторы М. Әуезов болды.

14. 71-бет. **1926–1927 жылы «Сұғанақ сұр» деген повесть жазып едім»** – Бұл шығарманың аты ғана белгілі, басқа ешқандай дерек кездеспейді.

15. 71-бет. **«Қараш-Қараш оқиғасы» деген бір повесть жазып, «Жаңа мектепке» жібердім»** – «Қазақстан мектебі» журналының алғашқы атауы. 1925–1933 жылдар аралығында шығып тұрды.

16. 72-бет. **«Орыс жазушыларында анық сүйетінім: Толстой, Достоевский»** – Лев Николаевич Толстойды (1828–1911) бала кезінен сүйіп оқыған, соның әсері 1918 жылы «Будда» әңгімесін аудартады. Федор Михайлович Достоевскийдің (1821–1881) психологизмін ұнатқан.

17. 72-бет. **«Еуропаның жазушысында Анатоль Франсты жақсы көрем»** – Француз жазушысы, шын аты – Анатоль Франсуа Тибо (1844–1924). Оның шығармалар жинағын М. Әуезовтің оқығандық белгілері кездеседі.

Т. Әкімов

ҚАЗАҚ ЖАҢА ЕМЛЕСІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ

Мақала алғаш рет «Жаңа мектеп» журналының 1929 жылғы 8 санында жарияланды. Осыдан кейін «1929 жылы 2–4 июньде Қызылордада Білім кеңесі мен қазақ жаңа әліп Кіндік Комитеті шақырған емле конференциясының стенографиялық есебі» 1930 жылы жеке кітап болып басылғанда, сол кітаптың 110-беттерінен орын алды. Елу томдық академиялық толық басылымға осы кітаптағы нұсқасы жіберілді.

Бұл нұсқаны Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы ретінде (протокол № 9) 1929 жылы 25 шілдеде М. Әуезовтің өзі қол қойып бекіткен болатын. Сонда декретте көтерілген басты мәселе ғасырлар бойы қолданылып келген араб жазуын латын әрпіне ауыстыру және соған лайықталған қазақ тілінің жаңа емлесін бекіту еді. Оның ар жағында империяның тағы да жымысқы қулығы жатты, негізгі мақсат – сатылап барып, кирилл харпіне тұрақтату, ол мақсат кешікпей жүзеге асырылды да. «Кирилл жазуын орнықтырса, онда орыстандыру оңай болады», – деп ойлады. Бұларды Ахмет Байтұрсынов: «Қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб харпін тастатып, орыс харпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс харпімен оқысын дейді... Хүкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу. Ал халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталуы» («Қазақ». 1914 ж.) деп ерте болжады. Мұндайды түсінушілер көп болғанымен, қарсылығынан ешқандай нәтиже шықпады, өкімет тарапынан болған қысым бұл шараларды тез жүзеге асыртты.

1. 73-бет. **«1924 жылғы емле жойылсын»**. – Бұл ұсул жадидтен кейін Ахмет Байтұрсыновтың жасаған емлесі еді. Оны *төте жазу* деп те атайтын. Қазақтың сөздік, дыбыстық жүйесіне ыңғайластырылып жасалған бұл емле жиырмасыншы жылдардың ортасында халқымыздың жазу тарихында үлкен қызмет атқарды. Осы

емлені Қытайдағы қазақтар мен тағы басқа елдерде күні бүгінге дейін қолданып келеді.

2. 73-бет. **«Осы қаулы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған күннен бастап»** – «Еңбекші қазақ» – Қазақ облыстық комитеті мен Қазақ орталық атқару комитетінің, кейін РК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің, Орталық атқару комитетінің органы. Газет 1921–1932 жылдар аралығында шығып тұрды.

3. 4. 73-бет. **«Қазақ тіліндегі барлық кітап, газет-журнал, штемпель, печать, кеңсе қағаздары, жарлық, этикет»** – Жаңа емле, кирилл харпіне көшіру барлық саланы тұтас қамтуы керек, осы емлемен жазылмайтын нәрсе қалмауы тиіс. Осындағы *штемпель* деп хат-хабарлардағы почтада соғылатын белгіні және әртүрлі туарлаға жапсырылатын қағаз этикетканы айтып отыр.

Т. Әкімов

ҚАЗАҚСТАН ШАРУАСЫНЫҢ ҚАЛПЫ МЕН БАЙЛАУЛЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Мақала 1925 жылы «Лениншіл жаста» (№ 7) жарияланды. Журналист Р. Саргожин мақаланы 1990 жылғы «Арай» журналында (№ 1. 18–19-беттер) қайта бастырды. Елу томдық академиялық толық басылымға сол жарияланымдар салыстырылып жіберіліп отыр.

Осы мақалаға социологиялық талдау жасаған тарих ғылымының кандидаты Әзімбай Ғалиев: «Мұхаңның сонау 1925 жылы көшпелілікті нағыз отырықшылыққа ауыстырмаса, қазақ жұртының дағдарысқа ұшырайтынын байқағанына бүгінде таң-тамаша қалмасқа болмайды. Шағын ғана осы мақаласы бүгінгі қоғамдық өмірімізді қайта құру проблемаларымен соншалықты өзектес» деген пайымдауларын айтады. Шынында да, М. Әуезовтің сол кездердің өзінде-ақ қазақ өмірі мен тұрмысына қатысты көтермеген, сөз етпеген мәселесі кемде-кем еді. Ал отырықшылық, егіншілікпен айналысу ісіне байланысты ойларды 1918 және одан бергі жылдарда жазған мақалаларында ұдайы құлақ қағыс етумен келді. 1921 жылы өзі губерниялық атқару комитетін басқарып тұрған кезінде бұл жағына баса назар аударды. Ондай іспен айналыспайынша елден аштық арылмайды деп ұғынған ол ел арасында коммуна ұйымдастырып, оны басқара алады-ау деген адамдарды икемдеуді жөн деп тапты. Ондай ойын Шыңғыс өңіріндегі Бақанас өзені бойынан жүзеге асырудан бастады, оны басқаруға Абайдың інісі Ысқақтан тараған Кәкітайұлы Әрхамды таңдады. Осы жерден бастауының себебі, суы мол, егіншілікке қолайлы десе, екіншіден, мұның маңайындағы Шұбартау, Балқаш жағындағы елдерге әсері тиеді деп ойлады.

Бұған дейін қазақ елі егінші жатақ, малшы көшпелілікпен өмір сүріп келді, екеуінің де жеткен жері күн көргіштіктен, тамақ асыраудан аспады, бар тапқаны өлі байлық болып қала берді – онысы ел байлығына есептелінбеді. «Бұлай кете берсе, ел байлығына қосары, ілгерілетері болмайды, сол үшін халықты отырықтандыру керек, шаруашылығын көтеріп, өлі күйден қатынасқа айналдыру қажет» деген ой М. Әуезовті осындай әрекеттерге барғыздырды.

Т. Әкімов

ЖЕТИМ

Бұл әңгіме алғаш рет «Қайғылы жетім» деген атпен Семей қаласында шығып тұрған «Таң» журналының 1925 жылғы 1 санының 78–85-беттерінде жарық көрді. Әңгіменің соңына «Мұхтар» деп қол қойған. Бұдан кейін 1935 жылы шыққан «Ескілік көлеңкесінде» атты жинаққа кірді. Жазушы атына айтылған әсіре солшыл сыншылардың сыңаржақ пікірлерінен кейін әңгіме елеулі түрде түзетулер мен қысқартуларға ұшырады. Соның ішінде табиғат суреттеріндегі романтикалық суреттеулер мен сыршыл сарындарды өз ықтиярынан тыс өзгертуге мәжбүр болды. Жалпы оқиғаның ұзын-ырғасы сақталғанымен де, әңгіменің ішкі ырғағына бұл өзгертулер кәдімгідей кері әсерін тигізді. Сондай-ақ сөйлемдердің стильдік тұрғыдан ширай түскен жерлері де бар. Жазушының көзі тірісінде жарық көрген «Қараш-Қараш» (1960) атты жинағы 1936 жылғы нұсқа бойынша «Жетім» деген атпен басылды. Жазушының он екі томдық шығармалар жинағына, шығармаларының жиырма томдық, елу томдық толық ба-сылымына сол нұсқа негіз етіп алынып, текстологиялық салыстырулар жүргізілді, бұрынғы басылымдарда кеткен кателер мен жаңсақ оқылған тұстар түзетілді. «Таң» журналындағы алғашқы басылымы мен кейінгі нұсканы салыстырғандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы.

«Қайғылы жетім» мен «Жетімнің» арасындағы негізгі айырмашылықтар төмендегідей:

1. 79-бет. «Күн батып» – «күн батқан».

2. 79-бет. Бұл арада стильдік кырнап-түзеу орын алған. Журналдағы мәтіні мынадай: «Алыста күн күркіреп жатты. Тіпті алыста анда-санда күн жарқырап тұрды. Бұлт қалың, жарқылдағы күшті еді, қара барқыт тартып қараңғылана бастаған, аспанда түксиген қатал қабақ, құлазып жүдеген иесіздік білінгендей еді, үлкен жарықтың өшер алдында бір сөніп, бір лап етіп жанғанындай күн батыста жарқ еткен жайдың жарығымен күнгірт даланы үміттендіріп тұрды».

3. 79-бет. «Ұлы бір сабырды еске түсіргендей» – «Ұлы мінәжатты, салқын түсті табиғат ортасында желікті, қызықты еске түсірмей, ұлы мінәжатты, салқын дұғаны еске түсіргендей еді».

4. 79-бет. Бұл арада мынадай сөйлем қысқарып қалған: «... ән сияқты. Келмеске кеткен дәуренге арнап оқыған дұға сияқты, күшті табиғат жарлығына бойсұнып, өлімге бас иіп айтып отырған иман сияқты, кейде өткен күннің күнәсін ойлап, тәубе қылған сияқты. Шерлі, қайғылы ән – кеткелі отырған жас өмірге ақырғы рет айтқан «хощ, хошы» сияқты».

5. 80-бет. Жазушы бұл жерге де стильдік түзетулер енгізген. Бірінші басылымда былай: «...сумандап соққан түн желі елжіретіп, қозғап, сілкініп тұрды. Қарауытқан көлеңкелі сайлар қарауытқан қара түннің қараңғы сырын бауырына жиып, әлденеге сақтап тұрғандай болып, белгісіздік қараңғылықпен жүрегін жаншады. Әрі салқын, әрі қорқынышты күйді есіне түсіргендей болады. Дүние де жетімекті, жалғыздықты, жүдеген сорлылықты көрсеткендей болды. Сол қайғыға толған қаралы табиғат ортасында әлсіз жүрегі шерге толып, рахымсыз өмірден ешбір жанашырды көрмей, егіліп жылап, жалғыз сенген, жалғыз үміт қылған алласын іздегендей болып келе жатқан бала сорлы жетім еді. Жүрегін қорқыныш басып, жалғыздық жеп келе жатқан баланы кім бастап келеді? Жеті түнде айдап шыққан айдаушы кім? Айдаушы – сол баланың сорлы тағдыры еді».

6. 80-бет. Бұл жерде де түзетулер жасалған. Әуелгі нұсқа мынадай: «Кәрі әжесі өлгенде Қасымның сүйеніші болып қалған, кішкентай күнінен апалаған, алақанына салып өсірген кәрі әжесі бар еді. Қасымның кішкентай әлсіз басы – тағдырдың бұның басына келерлік барлық соққысын түгелімен көріп шыққан кәрі әжесінің артынан жарты жыл өткенде, жетімек, сорлылық зарын жылдай зар қып, егіліп, зарлап отырып кәрі әжесі де өліп еді. Бұрынғы бала, бұрын еркелікпен жылайтын Қасым, әжесі өлген күні шын жылап еді. Басына аспан құлағандай қайғыны сол түні анық көріп еді».

7. 80-бет. «...шешесінің үстіне жығылып, айырылғысы келмей құшақтап» – «...шешесінің өлігінің үстіне жығылып, айырылғысы келмей құшақтап жылап».

8. 80-бет. «...зарлағанда, елдің сай-сүйегін босатып, кәрі-жастың жүрегін еріткен болатын. Қасымға өзге өліктің бәрінен...» – «...зарлағанын көрген елдің сай-сүйегін босатып, кәрі-жастың жүрегін жібіткен болатын. Өзге өліктің бәрінен Қасымға...».

9. 81-бет. «Әжесі осы тілектің үстінде өліп еді» – «Сол әжесі сол тілектің үстінде өліп еді».

10. 81-бет. «Кешегі жылы ұяны көз алдына әкеп тұрғандай болушы еді» – «Кешегі амандықты, кешегі жылы ұяны көз алдына әкеп тұрғандай болушы еді».

11. 81-бет. Бұл арадағы: «Әжесінің өлімімен бірге ән де басылды» деген сөйлем сызылып қалған.

12. 82-бет. Алғашқы нұсқасы мынадай: «Рахым дегенді білмейтін ұрысқақ, долы қатыны Қадиша мен Иса Қасымды алғашқы қолына кіргізіп алғаннан бастап, малды өз малындай, өз мүлкіндей есептей бастады».

13. 82-бет. Әуелгі сөйлем құрылымы былай: «Тас бауыр болып сөніп қалған Қасым».

14. 82-бет. Бұл араға да түзету жүргізілген. Сөз мәтіні мынадай: «Пәлен қойларды соғымға жібереміз, пәлен сиырды сатып, үй ішіне, бала-шағаға саудагерден бұл аламыз, ұзататын әйел балаға жабдық аламыз», – деп ашыққа салып, кеңесіп жатты».

15. 82-бет. «...тыйған жоқ еді» – «бөгеген жоқ еді».

16. 82-бет. «Сенімсіз» – «сезімсіз».

17. 82-бет. «Жараймысың» – «жараймысың».

18. 82-бет. Бірінші мәтін мынадай: «Қабағы үнемі түйіліп, қайғы сырымен түксініп, кірпігі жетімсіреп, сүзіліп жалғыздық, сорлылық кекін барлық пішінімен білдіретін болып еді».

19. 83-бет. «...кезек тимейді. Оның үстіне, олардың ересегінен таяқ та жей бастады» – «...шірет тимейтін болды. Оның үстіне, олардың ересегінен де таяқ жейтін болды».

20. 83-бет. «...олардың еріншектігіне өзі құрық беріп, Қасымның бейшаралығын ашық арамдықпен қақпай қылып та қояды» – «...олардың еріншектілігіне, Қасымның бейшаралығына ашық арамдықпен себепші болатын болды».

21. 83-бет. Бұл сөйлемдердің алғашқы нұсқасы мынадай: «Күз күніндей жабырқап жүдеп, қабағы қатқан қайғылы болды. Сырт пішіні момын сияқтанды. Бірақ ішіне ылғи жетімсіреген қорғансыздық, жалғыздықпен бірге дүниеге сенімсіздік, ешкімге жуымайтын жатбауырлық, адам қауымынан жат қылып әкететін жетімсіреген, құлазыған жалғыздық нығайып орнай бастады. Бұл мінез көбейген сайын күшейіп...».

22. 83-бет. Алғашқы нұсқа былай: «Бұл Қадишаның қолы үйреніп алған, таяғы күннен-күнге сорлы жетім деп көзге шұқып, бірінен-бірі асып, жиі-жиі тие бастады».

23. 83-бет. «Қуып жүріп сабап еді» – «қуып жүріп ұрып еді».

24. 84-бет. Негізгі нұсқада мынадай: «Иса бұған сен қарсы келдің деген зілменен тағы да ұрмақшы болып, тағы да қуып қарсы жүгірді. Сол уақытта Қасым жаны күйіп шыдай алмай, жылап жүріп сөйлеп...».

25. 84-бет. Алғашқы нұсқасы төменгідей: «Жерде жатқан үлкен тасты алып, қасына келіп қалған Исаны тізесінен салып қалып, далаға қарай қашып еді».

26. 84-бет. Бұл арадағы мәтіннің алғашқы нұсқасы былай: «Қасым

жүгіре басып, шошынған қайғылы қабакпен сорлы жетім көзі үмітпен бір белгісіз бірдемені күткендей болады. Пайдасыз күту. Ішінен қатты қорқып келе жатса да, көзіне көрінер тірі жан жоқ, қап-қараңғы түн болды. Қасым тау ішіне кіріп еді».

27. 84-бет. «Сол күй қорқынышты ойлатпай алып кетіп еді». – «Сондықтан қорқынышты ойлатпай алып кетіп еді».

28. 85-бет. Бұл араға стильдік өзгерістер жасалған. Алғашқы мәтіні төмендегідей: «...сырын ішіне бүгіп, жиып тұрғандай көрінеді... Тоғайда, қалың жапырақтың арасында қара түн жасырынып, әлде нені күтіп тұрғандай».

29. 85-бет. Алғашқы нұсқа мынадай: «Шалғын түн мезгілінде Қасымның көзіне жат болып кеткендей көрінеді. Қараңғы табиғаттың үлкен тылсымына, ұлы дұғасына құл болып бағынып тұрғандай. Тас қабақты, жұлдыз көзді түндей қара түсті қара кемпір тау ішін құйындай құтырып, кезіп жүргендей. Қара желімен әпсұсін оқып, үшкіріп тұрғандай. Дүниені тас қылып қатырып, тілін буғандай»...

30. 86-бет. Бұл араға кәдімгідей елеулі түзетулер енгізіп, кей сөзді қысқартқан, кей сөздерді қосқан. Алғашқы нұсқа мынадай: «Жетім жүрек ілгері дедектетіп алып жүріп кетті. Бірақ бұл уақыттағы серігі кім болды? Періште ме? Әлде жын ба?.. Енді алдында бұлдырлап, елестеп жүргендей болып, елбеңдеген бірдеме жолын бастап келе жатқандай болды. Қасым бір уақыт кісі екен деп ес көргендей болып еді. Артынан шоши бастады. Қорғансыз жалғыз жүрегі сенімсіздік қаупімен лүпілдеп соға бастады. Ақырын жүріп кейіндегісі келді... Бір мезгілде бетіне құтырып, ысқырып келіп бір ұйытқыған құйын сокқандай болды. Жасқанып көзін жұмғандай болды. Қайта ашса – алдында қараңғы түнде оттай жанған ала көз ашуменен түксиіп қарап тұр екен.

Алдында тісі ақсиган ұзын бойлы, қолында ұзын қара пышағы бар қара кісі тұр екен. Бұл – даланың жыны еді. Қасымға әмірлі дауыспен ақырып: «Артымнан еріп жүр, әлсіз дененің шаршап-талғанына қарама! Аяғыңа кірген тікенге, жырған тасқа қарама! Өліп қалғанша артымнан еріп отыр! – деп жүріп кетті... Әлсіз жетім: «Ағатай... Жетіммін!..» – дей беріп, ала көз қайта жарқ еткенде, артынан жүгіріп кетті».

31. 86-бет. Алғашқы нұсқа былай: «Бір құлдап, бір өрлеп, жолды қуалап келе жатқанда Қасым келген жердің тұсына жетті».

32. 86-бет. «Сонда үш жолаушы» – «Сол уақытта үш жолаушы...».

33. 86-бет. «...әлгі жерге қайта келді» – «...әлгі жерге келді».

34. 86-бет. Жазушы әңгіменің соңы әсерлі шығу үшін алғашқы нұсқаға жаңа сөздер қосқан әңгіменің алғашқы нұсқасы былай

аякталады: «... он бір, он, екі жасар бала екен. Бұл – Қасым еді. Бірақ қазіргі халде Қасым жетімдіктен, қайғы-зардан, ойын кернеген ызадан құтылған, ол – өлген екен». Кейінгі нұсқада: «Ол – өлік. Бірақ денесі әлі түгел мұздап та болған жоқ екен...» деп өзгертілген.

Зады, қаралы сөзбен сөйлемді аяқтауды жөнсіз көрген сияқты. Оның үстіне, осы кезде жазылған әңгімелеріндегі басты кейіпкерлердің дені өлімге душар болатындықтан да, өзіне тағылған айыпты жеңілдету үшін сөйлемнің ішкі әсерін де жеңілдетуге тырысқан сияқты.

Т. Жұртбай

БАРЫМТА

Әңгіме тұңғыш рет «Таң» журналының 1925 жылғы 1-санында «Қанды түн» деген атпен жарияланды. Соңына «Мұхтар» деп қол қойған. Бұдан кейін жазушының 1936 жылы жарық көрген «Қараш-Қараш» атты жинағына енді. 1960 жылы шыққан аттас жинақта қайталап басылды.

Үш басылымның арасында біршама айырмашылықтар бар. Оқиға желісі сол күйінде сақталып қалғанымен де, 1936 жылғы басылымда әңгіме көптеген түзетулерге ұшыраған. Кейбір сөздер мен сөйлемдер стильдік тұрғыдан жөнделіп, жаңаша құрылған. Басы артық деген теңеулер мен баяндаулар алынып тасталған. Кей тұстарға жаңадан сөздер қосылған.

Салыстыра отырып қарағанда, жазушы әңгіменің алғашқы нұсқасындағы ұлттық бояулар мен байлардың психологиясын, барымтаның түпкі себептерін кеңейте суреттеген тұстарын барынша қысқартып, жалпылама бейнелеуді мақсат еткені байқалып қалады. «Қанды түнде» ер мінезді дала адамдарының ерлік рухын, жылқышылардың әр тұлғасын сүйсіне баяндаған авторлық іштару басымырақ аңғарылса, «Барымтада» Қалбағай мен Қонақайдың арасындағы қақтығысқа таптық сыпат беру нышаны қылаң береді. Негізгі қақтығыстың себепкері – екі кедейді арандатып отырған Досбол мен Айдар байдың өзара жаулығы деген емеуірін танытады. Ал бұл шығарма әуел баста жазушының сол кезде ұстанған көркемдік ізденісі мен ұстанған бағытына байланысты. Қонақай мен Қалбағай бейнелері арқылы даланың ержүрек серілерінің – рыцарьларының қауіп-қатерге толы тағдырын әсірелеп суреттеу ниетінен туған еді. Таптық тартыс емес, тағдыр талқысы басты нысана болатын. Бұл әңгіменің кейінгі нұсқасындағы жаңадан қосылған қорытынды сөйлемнен анық байқалады.

Жазушы шығармаларының он екі, жиырма томдық жинағына 1960 жылы шыққан «Қараш-Қараштағы» нұсқасы бойынша енгізіліпті. Осы басылымға да сол нұсқа негіз етіп алынды. «Таң» журналындағы

нұсқасымен салыстырғандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы. Әңгіме орыс тіліне аударылып басылған. Аударғандар В. Дудинцев пен Н. Гордеева. Ол Москвада басылған М. Әуезовтің бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (М., 1973) жарық көрді.

Жазушының «Таң» журналында «Қанды түн» деген атпен жарияланған әңгімесіндегі кейіннен өзгеріп, қысқартылып, өңделген тұстары мыналар:

1. 87-бет. «... тыныс алғандай еді». Өзек бойында шашырап қонған ақ ауылдар әр жерде ұядағы жұмыртқадай жарастықпенен қатарланып, үйіліп отыр еді».

2. 88-бет. «... Кең өзекті жүдетіп, тербеткендей еді».

3. 88-бет. «Кейбір жерошақтарда бірде үзіліп, бірде қайта қозданып, жалпылдап жанған оттар көрінеді. Түндігі жабылмаған үйлердің шаңырағынан қызғылттанған жарық көрінеді. Қызғылт сәуле тіршілік белгісіндей болып көзді тартады. Ауылда жатпаған үйлер – кешірек жататын байлар үйі еді».

4. 88-бет. «... болуына себеп болып еді».

5. 88-бет. «Осы екі ел басты кісілерінің бір-біріне сөз өткізем деген бәс-таласынан, бақ күндестігінен болса да, тентектеу бір саяқтарының ел бүлдірген мінезінен болса да, әйтеуір көп заманнан бері бір-біріне уыққан, аңдысып-шатасқан ел болатын. Соңғы екі жылдан бері екі ел бір-біріне біржолата өшгесіп, қолдан келген қастықтарын аяспайтын болып еді».

6. 89-бет. «... сансыз көп берген арыздарынан кей уақыттарда айлар, жылдар өтсе де, жауаптар келмей қалатын».

7. 89-бет. «Сондықтан».

8. 89-бет. «...неше түсті әңгімелері болған».

9. 89-бет. «... оқиғалардың».

10. 90-бет. «Тағы не болар екен?» – десіп күрсініп, ізденген бозбала, ер-азамат аты мен сойылын сайлап, елең қағып іздене бастайтын».

11. 90-бет. «Досболдың тілеуіндегі елдің көбі ыстығына күйіп, суығына тоңбақ болып, екі елдің арасы алыстағанша бұның ауылымен бірге қонып, бірге көшпекші еді».

12. 91-бет. «Ол – өзінің жылқышысы Қалбағай болатын. Қалбағай отыз бес жастардың шамасына келген кең жауырынды, дөңгелек денелі, өзгеден ерекше біткен қайраты мен жүрегі бар, шоқша сақалды кара жігіт еді. Қалбағайдың «Қарағандыдан шыққан жаудың албастысы» деген аты Терісаққанға түгел жайылған болатын».

13. 91-бет. «Жалқы да Қалбағайды танығандай еді: нелер шу асаулар Қалбағай боз айғырымен қуғанда, қалтырап қаша алмайтын».

14. 91-бет. «Қалбағай жұртты мазақ кылып: «Жаман ауылды кім алмаушы еді, жаман жігітті кім жықпаушы еді. Жауды көрсе буыны босап кететін жігітке жауға шауып не керек», – дейтін.

15. 91-бет. «Бұл хабарды ауылға түйеші екінті кезінде келіп айтқан. Сондықтан...».

16. 92-бет. «... бұл Қарағанды мықтап сайланып, соқтығуға лайық еді. Өйткені Айдардың алдында екі рет аттандырған кісісі түк ала алмай, таяқ жеп, сүргін болып, қашқылық, қуғылықпен зорға құтылған. Бірен-саран түскені де болған. Оның үстіне, Досбол отыз жылқысын алдырып, жауап бермей қойған. Сонымен соңғы уақытта Қарағанды жақтан жансыздап келген хабар: «Айдар Қалбағайдың да атын естіп, мықты ұрыларды жиып жатыр, үлкен қолмен келіп бір соқтықпақшы», – деген. Айдардың қолының ішінде бұл жолы Қонақай мен Жоламан да болады деген сөз бар еді. Қонақай, Жоламан бір ағайынды ұрылар болатын. Бұлар жалғыз екі болыс ел емес, осы маңдағы жапсарлас елдің бәріне аты шыққан, әрі жырынды, әрі мықты ұрылар болатын. Бұлар талайды зар қақсатқан жайлаудың қасқырындай ұрының көкбөрісі еді. Тынымсыз ұры, зорлықшыл Тентек болғандықтан, бұларды көрсетуші көбейіп, аяғында үйез бен маңайдағы приставтарға аттары белгілі болып, бұларды қуып жүретін, қазір де бұның екеуі де аты шыққан қашқын еді. Соңғы кезде орыс әлденеше қуып келіп ұстай алмай, ала алмай қайтқан. Орыстың қолына түспеген соң, бұлар қазақ қолына тіпті түспейміз деп, бұрынғысынан да асқан болатын. Өздері үнемі қаруымен, үнемі мылтық, қанжармен жүреді деп жүріп, шошысып аңыз кылысатын.

«Осы Қонақай мен Жоламанды Айдар бауырына тартып, Досболға бір жолға қарсы салмақ болып жүр» деген хабар болған».

17. 93-бет. «Үйдегі тегіс тына қалып: «Мұ не?» – десіп елеңдеп, кейбіреу жүгірісіп тысқа шыққанда, түн ортасында айқын шыққан «Аттан!», «Аттан!» – деген көптен күткен суық сөз саңқ-саңқ етіп естіліп қалды. Сол дауыспен аралас жер жаңғырықтырып, тасты жерде сатырлап шапқан көп аттың сарынымен сатырлап, қатты қағысып жатқан ағаш дауысы да естілгендей болды».

18. 93-бет. «Ат-айғырлар кермеде тықыршық атып шыдай алмай, басы байлаулы болса да, кермеде сүзіп жөнеліп, еліріп, тынышсызданып тұр еді. Бұлардың кейбірі асығып келген жігіттерді шыр айналып, сабырсызданып, мінгізбей де алып жөнеліп жатты. Көп қарбаластың ішінде түгелімен тысқа шығып қалған ауылдың кәрілерінің: «А, Құдай, сақтай көр! А, Құдай, жаманшылығыңнан сақта!» – деген, шын жалбарынып, шын тілеген тілектері, зарлары естіледі».

19. 93-бет. «А, Құдай, ақсарбас! Жалғыздың жары – Құдай! – деп тілеу тілеп жүрді».

20. 93-бет. Бұл ара түгелдей жаңадан жазылған.

21. 94-бет. «...жеті түнде шулап».

22. 94-бет. «...ауылдағы тұрған».

23. 94-бет. «...тарс-тарс».

24. 95-бет. «...жылқыға жау тиетін, түн бола бастаған сайын асығып күткен еді. Қалбағай ымырыт жабылған соң, күндіз бір талай мініліп қоя берілген боз айғырды қайта ұстап, мініп алған».

25. 95-бет. «...жаудың қалың шоғыры шыға келді».

26. 95-бет. «...өзектегі жалқыға қарай құлай шапты».

27. 96-бет. «Жау қарасынан бір он екі кісі: «Қайт! Қайт!» – деп қарсы шапты. Аралары жақын болып, қоян-қолтық келіп қалған жаулар ай сәулесімен шағылысқан ақ сойылдарды айдынмен көтерісіп, шатыр-шұпыр араласып, сарт-сұрт ұрысып қалды».

28. 96-бет. «...көп сойылды тигізбей шығады».

29. 96-бет. «...шаңын боратып».

30. 97-бет. «...қақтығып, жылдам шыға алмай қалып».

31. 97-бет. «...ұйытқып».

32. 97-бет. «...жарып алып жөнелмекші болды. Бірақ Қалбағай бастаған жылқышылар бұларды шашау жайылдырмайтын сияқтанды».

33. 97-бет. «...кезек-кезек машина жылдамдығындай жылдамдықпен сойылдап, айқайды салып отырып қақ жарып шықты, бұл кезде...».

34. 98-бет. «...жылқышылармен қалмағаны үшін соғысып, жазалап кетуіне орын кең болды».

35. 98-бет. «...жолдастарына Қалбағай құтқартпай қойған. Бірақ оның орайына жылқышылардың да саны кеміп еді».

36. 98-бет. «...шоғырымен келіп араласып кетті. Бұл арадағы ұрыс барлық бүгінгі түндегі асығыс қарбаластағы ұрыстардың бәрінен бөлек, ең ірі ұрыс еді».

37. 98-бет. «...ұлкен топ болып кетті. Намысқа тыртысқан, жігіттің ерлік аты үшін жанын отқа салып, қырқысқан тобы түн тыныштығына ерегескендей болып, секөнт сайын жапыр-жұпыр көтеріліскен сойылдарды жиі-жиі тигізіп, соғысты қыздырып бара жатты. Бұл уақытта...».

38. 99-бет. «Қонақай сол арада аңғарып, құлағы шалып қалды. Ауылдан шапқан қалың шу бұларға қазір жақындап қалған екен».

39. 100-бет. «...алдына қарай құлап еді... Жасқанып атқан оқ дәл жүрегінен тиген Қалбағай да мылтықтың түтіні айыққанша ат үстінде жоқ болып, Қонақайдың үстіне бүктетіліп түсті».

40. 100-бет. «Кейінгі қуғыншы да азаматтық биігінің басына

шығып өлген Қалбағайдың басында шулап жылап, үйіліп қала берді. Жарық айлы бүгінгі түн – қаралы қанды түн болды».

Жазушы әңгімеге сол кездің әсіре тапшылдық талабына орай сыпат беруге мойынсынып, алғашқы нұсқасын соңына: «Өз намысы оянбаған екі бейбақ, асығы түгел әлдекімнің намысына итаршылық жасады да – жайрап түсті қос арыс!» деген сөйлемді қосқан.

Т. Жұртбай

«ҚАРАЛЫ СҰЛУ» (*Бірінші нұсқасы*)

«Қаралы сұлу» әңгімесінің бірінші нұсқасы Семейде шығып тұрған «Таң» журналының 1925 жылғы 2 санында жарияланды. Соңына «Жаяу сал» деп қол қойған. Содан кейін қайтып тура сол мәтінде жарияланып көрген емес. Жазушы шығармаларының елу томдық толық басылымына журналдағы нұсқасы бойынша араб һәрпінен кирилл һәрпіне көшіріліп, текстологиялық салыстырулар жүргізіліп барып енгізіліп отыр. Дайындағандар – Б. Байғалиев пен С. Жұртбай. Әңгіменің бірінші және екінші нұсқасының арасындағы айырмашылықтар «Қаралы сұлудың» кейінгі өзгертілген нұсқасына берілген түсінікте толық келтірілген.

«Қаралы сұлудың» алғашқы нұсқасы Семей қаласында мұғалімдер техникумында ұстаздық етіп жүрген кезінде жазылған. Бұл кезде жазушы өзінің алдына саясаттан тыс, таптық тұрғыдан ада, таза көркемдік мақсатты көздеген әдеби шығармаларды жазу туралы мақсат қойып, тәуелсіз қаламгер болуға ұмтылып жүрген. Қазақ пролетар жазушылары ассоциациясынан тыс «Алқа» әдеби үйірмесін күру үшін оның бағдарламасын талқылап, Мәскеуде жоғары әдебиет институтында оқып жүрген Мағжан Жұмабаевпен хат арқылы пікір алысқан. «Қаралы сұлудың» бірінші нұсқасындағы басты көркемдік нысана – қазақ әйелінің рухани тазалығын және еріккүшін көрсету. Сондай-ақ, тағдыр талқысы, өмір азабы, жар сүйеге деген табиғи сезім адамның шығу тегіне қарамайтындығын көркем сөз арқылы дәлелдеу. Бірінші нұсқада басты кейіпкер нәпсісін жеңіп, адал махаббатының тұнығын лайламай, таза сақтап қалады. Алайда 1925–1935 жылдары М. Әуезовтің мұндай көркемдік талабы мен идеялық нысанасы әсіре солшыл сыншылардың тарапынан жазықсыз сынға ұшырап, жекебасына қауіп төнеді. Осыған орай әңгіменің әуелгі шешімінен бас тартып, Қаракөзді нәпсінің жетегіне ергізеді. Авторлық идея мен көркемдік шешім тұрғысынан алғанда бір-бірінен өте алшақ мағына беретіндіктен де, бұл толық басылымда «Қаралы сұлудың» бірінші нұсқасы қоса беріліп отыр. Мұның әдебиеттанушыларға да ой салатыны сөзсіз.

Т. Жұртбай

ҚАРАЛЫ СҰЛУ

«Қаралы сұлу» әңгімесі алғаш рет «Таң» журналының 1925 жылғы 2-санының 79–92-беттерінде жарияланды. Бұдан кейін 1935 жылы шыққан «Ескілік көлеңкесінде» деген жинақтың құрамына кірді. Сондай-ақ, 1960 жылы басылған «Қараш-Қараш» атты кітапқа енді. Жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 1-томының 214–227-беттерінде (1967), жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томының 262–275-беттерінде (1979) басылды. Жазушы шығармаларының елу томдық толық басылымына жиырма томдықтағы нұсқа негіз етіп алынды. Әңгіменің 1925, 1935, 1960 жылдардағы нұсқалары өзара салыстырылып, текстологиялық сүзгіден өтті. Салыстырғандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы.

«Жаяу сал» деген бүркеншік атпен жарияланған алғашқы нұсқасы мен 1935 жылғы басылымның арасында түбегейлі айырмашылықтар бар. Біріншіден: жазушы әуел бастағы қазақ әйелінің таза жан дүниесін, дала аруының адал сезімін суреттеу үшін жазған романтикалық шешімін мүлдем өзгертіп, Қаракөзді нәпсіні жеңе алмаған әйел ретінде бейнелеуге мәжбүр болды. Бұған кеңестік тапшыл сыншылардың: «М. Әуезов феодалдық өмірді сүйсіне суреттеді» деген байбаламдары себеп болды. Соның нәтижесінде жазушы өзінің «Қаракөз», «Еңлік – Кебек», «Қаралы сұлу», «Хан Кене», т. б. шығармаларынан бас тартты. Екіншіден, қалайда шығарманың өмірін ұзарту үшін оны өңдеді, қысқартты, арасына таптық көзқарасты білдіретін пікірлерді қосты. Өзімханның жағымды бейнесінің орнына қапыда қаза тапқан адамның бейнесі пайда болды. «Қажы» деген сөздер де, бай ауылының суреттері де сызылып қалды. Мұны түсінікте берілген мысалдардан анық байқауға болады.

А. Пантиелевтің аудармасымен әңгіме орыс тілінде бірнеше рет жарияланды. Мәскеуден шыққан М. Әуезов шығармаларының бес томдық жинағының (1973) 1-томында (121–134-беттер) жарық көрді.

Жазушының түзетуі мен қысқартуынан, стильдік қырпап-жонуынан өткен тұстардың «Таң» журналында жарияланған нұсқалары төмендегідей:

1. 115-бет. «Содан бері Қаракөз қаралы тор бұлбұлындай тұл төсектің иесі».

2. 115-бет. «...Қаракөз де сондай мойындап, көніп болған... Қайғылы әйелдің өз басына ендігі өмірден күтетін ешбір жаңалық жоқ. Жарқылдап көз тартып, біреу болмаса біреуді қызықтыратын шақ бұнда енді болмақшы емес. Қаракөз ондай күннің болуын тілемейді де... Сондай халді көксететін әлсіз ой келсе, оны да көңіліне дарытпай өшіріп жоқ қылатын».

3. 115-бет. «...жаңа қызарып шығып келе жатқанда ескі жұрттан жөнелген».

4. 115-бет. «Көш алдында айдап келе жатқан, төрт-бес жүздей жылқысы бар, басқа ірі қарасы да мол бай ауылдың қалың көші бір жылдай иесіз тұрған таудың ішінде тусып кеткен қалың шөпті жапырып, қызулы тіршілікті көшіріп келе жатқандай болады».

5. 116-бет. «...айғырларды құтыртып, ойнақшытып келіп, қалың жылқыны дүрілдетіп, желдіріп айдайды...»

Көрікті дүние, қызықты мастық тойындай болып, буы аспанға шығып, құтырынып желігеді».

6. 116-бет. «...өзекті де оятып сергіткендей. Бұл көшке табиғат та жылдық ұйқысынан оянып, көңілденіп қошемет білдіргендей...»

Көшке қарсы өзек, шалғынның таңертеңгі көлеңкеден шыққан салқын самалы да соғады...

Қаралы жылдай тұл болып тұрған жайлау бүгінгі күн жыл құсындай еркін елін жаңа көріп, көтеріліп сергігендей.

Қазіргі барлық сурет, барлық дүние, баршалық қызулы жанды өмір адамды қызыққа, думанға, сағымды түс пен зор тілекке қолын бұлғап шақырып тұрғандай. Бұл қызуға желікпеген жан жоқ...»

7. 116-бет. «...қыз-келіншектің арасынан».

8. 116-бет. «...ойнағанына мастанып, маз болып жігітімсіп шіренеді...».

9. 116-бет. «Болат қарқылдап, шіреніп күліп...».

10. 116-бет. «...Қаракөз, Осы көп мал бай ауылдың иесі болған, салтанатты көштің басшысы болған жалғыз жесір қатын Қаракөз...»

Қаракөз қазір отыз екі-ақ жаста. Қаралы жаулық салып, қызулы базар есігін жапқанына алты жыл болды... Одан бұрын Қаракөз де тіршіліктің қызығында жүріп жүрген ерке еді. Бұның өмірінің үстінде тұнжырап, күлімсіреп тұрған күншуақты ашық көк аспан бар еді. Сол бақыт күнінің ортасында бір-ақ сағат ішінде түсі суық шоқ кара бұлт ойнап шыққан. Асатыннан келген қаза бір-ақ күннің ішінде Қаракөзді қаралы қылып, қаңғыртып кеткен...».

11. 117-бет. «Қаракөздің қүйеуі Әзімқан ол кезде жиырма сегіз жаста еді. Әзімхан бір атадан жалғыз жігіт болатын».

12. 117-бет. «Әзімқанның туысқаны, жалғыз сүйеніші – 70 жасқа келген кәрі әкесі Үсен қажы еді. Бірақ Әзімқан жалғыз жігіт болса да, өз ортасының басты кісісі болған. Екі ауылнай Жоламанның бас көтерген ретті адамы болып, бір болыс Ырғайлыға белгілі еді».

13. 117-бет. «...Үсен қажының ауылы көшіп келіп, Қайыңдыға қонып еді. Қайыңды – тау ішіндегі шалғынды, тоғайлы өзен болатын... Жыпырлап қонған ақ ауыл маңайындағы шұбартқан көп малмен Қаракөздің бақытты күндерінің көркі сияқты еді».

14. 117-бет. «... намысын».

15. 117-бет. «... Басында».

16. 117-бет. «Бері келгенде Қаракөздің күйеуі аяғы ақсақ, бір қолы шолақ кем бала болған. Оның үстіне, өзге балаларының ішіндей кәдірсізі болатын. Сондықтан бой жетуге...».

17. 118-бет. «... қатыны».

18. 118-бет. «... сөздерін елеусіз көріп,...».

19. 118-бет. «... ойлана бастап еді».

20. 118-бет. «... белгісіздікте жүрген».

21. 118-бет. «...жиені».

22. 118-бет. «... шамасы өтіп еді. Әзімқан алғашқы келген жерде-ақ жүрегі белгісіз лүпілдеп соғып...».

23. 118-бет. «...Қаракөздің жүзінде әлдеқандай ыстық қан ойнағандай болып еді».

24. 118-бет. «...күнәлі болып көрмеген».

25. 118-6. «...қысылғандай болып еді.

Екі жас тілсіз сөзбен сөйлесіп қалғандай болды... Екі жүрек бір-біріне ұялып, бұғып тұрып ым қақты. Басы осы еді».

26. 118-бет. «... керекті, қызықты сияқтанды. Сондықтан аз күннің ішінде астыртын құдалық сөзін байлап қойды...».

... Бірақ бұл алыстағы тілеу, қиын асу мен биік асқардың ар жағында жатқан асыл ниет еді».

27. 119-бет. «... жатқанда, енді жаман аттары шығар деген мезгілде бірін-бірі сүйіп, табысып қойған екі жастың тілеуін тағдырдың өзі қостағандай болып, Сыбанбайдың немересі өліп қалып еді. Бұдан кейінгі араларындағы сөз ұзаққа бара алған жоқ. Сыбанбайдың өзге балаларының барлығында не айттырған, не алып отырған қатын бар. Бұрынғы ұстанған сөз бойынша Сыбанбай басында: «Кейінгі балаларға қаратамын... Құдамнан қол үзбеймін...», – деген болып еді».

28. 119-бет. «... жақсыларымен».

29. 119-бет. «... қозданған соң Жоламан да».

30. 119-бет. «... бір қызуға тартқандай болды».

31. 120-бет. «... бұл кезде азан-қазан болып атсыз қалған жаяулар босқа дырду жасап, айғайласып, әрі-бері жүгірісіп жүрді...».

32. 120-бет, «... дескен».
33. 120-бет. «...Әзімқанға дене тауып мендеп тиіпті».
34. 120-бет. «...екпіндеп қулауға».
35. 120-бет. «... басты айырып кеткен».
36. 121-бет. «Бақытты, қызық дәуренге, сұлу жарға ақырғы рет «Қош!» деуге де тілі келмеді...
Әзімқандар ат қойып жөнелген...».
37. 121-бет. «... еді».
38. 121-бет. «... келе жатып, алғашқы қаза түнін есіне алғанда, көзінен ыстық жас ағып-ағып кетті...».
39. 121-бет. «... қажы да».
40. 121-бет. «... жалғыздық, сорлы болған жас сұлудың бір өзінің басында ғана қалды... Күнде танертең тіршілігіне риза болған жұрт ұйқыда жатқан құлқын сәріде, онан соң мұңайып кеш батқан уақытта Қаракөз қаралы жаулығымен бетін жауып отырып, зарланып дауыс айтатын».
41. 122-бет. «... талақ қылып, ұмытқанын анық білдірді... Қаралы тор тұтқыны сүйген жарын жоқтай білді. Қаракөздің жоқтауымен айтқан дауысын барлық Ырғайлы жаттап алып... Зарланған жасқа жаны ашып, өнге салып айтып та жүрді. Барлық басалқа айтарлық үлкендер тоқтау айтамын деп келгенде, Қаракөздің ыстық зарына шыдай алмай қоса жылап кететін болды... «Бір болыс ел түгелімен Қаракөзді аузынан тастамай мақтап, байының артын мұндай жақсы қылып күткен әйел болған емес», – деп аңыз қылды.
- Бірақ Қаракөз мақтан іздеген жоқ еді. Оныкі шын зар, шын жетімдіктің қайғысы еді. Жылау мен жоқтау...».
42. 122-бет. «... Мұқаш болды. Сүйеуі мен ермегі...».
43. 122-бет. «Жоламан ортасы».
44. 122-бет. «... қаралы сұлудың жайы осы еді... Әлі күнге Қаракөзді тіршілік аздырып, нық ұстанған жолынан тайғыза алған жоқ...».
45. 122-бет. «...қазіргі тіршілікке мас болған. Айғайлап қуанады... Арбаның ішінде іші пысып, секіріп, дауыстап күліп, маңайласқан кісілермен ойнайды... Бұ да буыны бекіп, дені сау болып, ер жетуге (ержетті) Қаракөздің қаралы алты жылы өтті. Бұл жылдардың ішінде сырттан қараған көз қаншалық қадалса да Қаракөздің сыртына шыққан не әлсіздік, не қобалжуды көре алған жоқ».
46. 122-бет. «... Дүниеде жастай қалған қаралылар аз емес шығар, ежелден қайғылы қара мезгіл таңдап көрген емес. Өмір қызығына түсіп болдым, қызулы базар(ды) жаптым деген күндегі не қайғы келетін болса, дүниеде бақытсыздар болмас та еді.
- Көп жас қыршынынан қиылады. Тіршілігін қарғат етеді».

47. 123-бет. «... ел санына қайта қосылады... Бірақ солардың бәрінің ішінде Қаракөз қайғысы бір алуан ұзақ мұңлы жыр еді... Бұл ерекше сұлу...».

48. 123-бет. «... аппақ, толық, сау, бірақ барлық ойы...».

49. 123-бет. «Ақ денесі сау, таза. Қызу қанды, қайратты, тіршілік үшін жаралған жас денемен тілек үшін қайнаған қан, шойын есікті тұтқын орнына қанағаттану қиын еді».

50. 123-бет. «...қинау түні болатын. Үй іші қараңғыланып, түл төсекке жатқанда әлдеқандай қара жыланша иірілген қараңғы сезім ойлары өне бойын билеп кететін...».

51. 123-бет. «... құшақтаушы еді. Шоқтай ыстық мастық ойы таң ағарып атқанша бір минут те босатпай, жанын жеп, тозаққа салып шығатын».

52. 123-бет. «Қаракөзді бұл қинауға салып жүрген өз байлауының әлсірегені емес. Қызықты тілеген қанағатсыздық емес... Ол – ішінде тіршілікті тілеген жаңа өмір ұрығының жарық дүниеге шыққысы келіп, қозғалып тіленгені еді.

Бұл көп заман Қаракөзді қинап жүрді... Әлі күнге шейін мезгіл-мезгіл жын бұғандай болып, асау соқыр сезім құтырынып келіп, бір тондырып, бір ысытып, қаралы Қаракөзді отқа салатын...».

53. 124-бет. «... өткір сезімділік пайда болды... Қайғылы қабағы қазір шытынып, түйіліп, болымсыз нәрсеге қиналып кететін, өкініп, қайғырып кететін шыдамсыз қылды...».

54. 124-бет. «Бүгінгі көш келе жатқан уақытта бір талайдан ұмытылып кеткен азап Қаракөзді қайта қинап, толқытып келе жатыр еді...».

Ораза күнде өткерме ұстап, аштыққа шыдаған тақуадай Қаракөз өз көңіліне сенімді болса да, дене қинауын бар ауырлығымен көтеріп келе жатты.

Жас Қаракөздің сопылығы дүниеде сирек кез келетін сопылық еді. Өзге жұртта өмірден суынған, түңілген адам болса, өзін-өзі тоқтатып, нәпсі тілегін басу үшін өзге қызулы топтың ішінен аулақ кетеді... Тіршіліктен күдер үзбеген елдің ортасында олар өмір сүрмейді. Жүдеу көңілдің күйіне күй қосатын сопылық үйіне кетеді. Өмірден түңілгендердің тобына кіреді...

Маңында ескі қызық күнін, сезім күйін ескертетін белгісі болмайды... Денені өлтіретін ауыр еңбек пен сезімді жоғалтатын сұр дүниеге кіреді...

Ондағы сопылық, ол жүдеулік – іздесең де көңілді алаң қылатын суретті көрсетпейді. Әйел сопының көретіні – ылғи әйел, еркек сопының көретіні – ылғи еркек... Қаракөз сопылығы ол емес...

Бұл бұрынғы молшылық, бұрынғы қызықты дүние ортасында, бұрынғыдай қуанып елітуші еді... Бұрынғыдай қуаныш күні туып, сезім күндері өтеді... Жазғытұрымғы жасарған табиғат та желігіп, еліреді... Жан кіргендей қызулы тіршілікті көкसेгендей масаттанады... Жүз бұралады...».

55. 124-бет. «... Қаракөздің есіне қара жыландай ойларды салғандай болып, құтырынып масаттанады...».

56. 124-бет. «Іште ыстық сезім, сыртта, қарсы соққан леп... Қаракөз пәуескесі иесіз жұртқа келіп тоқтағанда, өз үйін жылдағы қонып жүрген жұртына тіккізбекші болып, арбадан түсіп, сол жерді іздемекші болғанда, төменгі жақта, өзен бойында, бір тоғайдың көлеңкесінде доғарулы тұрған трашпенкені көрді».

57. 125-бет. «... аяндап жұрт қарады... Аяғы әлсіз... Денесін ауыр өмір басқандай зорға алып жүреді. Бірақ белгісіз тілек қинаған көңіл тоқталмай жіңішкелеп шаншады. Ескі жұртты көріп, енді арбаға қарай жүруге айналғанда, Қаракөз арт жағындағы тоғай арасында сақылдап күлген жас дауысты есітті. Бұрылып біраз тұрып, тоғайға қарай жүрді...».

Көлеңкелі биік тоғайдың іші ертегінің күмбезіндей рахатты... Сұлу...».

58. 125-бет. «... есітті. Елсіз таудың ішінде...».

59. 125-бет. «Кейде жарық айлы түн ішінде...».

60. 125-бет. «... қылғандай болады...».

Қаралы сұлудың сұлулығын қошеметтеп, беріктігін мақтағандай болады.

Бірақ бұ да сезім күйін шертеді...».

61. 125-бет. «Жағасында...».

62. 126-бет. «... Бірақ өмірінде бұл күнге шейін болмаған асаулық пен іштегі қара жылан жүз толғанып иіріледі...».

63. 126-бет. «... сенделтін».

64. 126-бет. «... жаңа қонысқа қонған ел».

65. 126-бет. «... Жарық айлы түн болды...».

66. 126-бет. «... ішінде шын бекініп еді».

67. 126-бет. «... қараңғылық тағы ойнады».

68. 126-бет. «... мініп, күліп мазактап...».

69. 126-бет. «... үзіліп».

70. 126-бет. «... асығып шығып кетті...».

71. 127-бет. «... демалады. Ішіндегі жанды жеген азаппен қиналып шыққан Қаракөзді білген жоқ».

72. 127-бет. «Қаракөз ерекше сұлу еді. Қаракөз жалғыз ғана жүзінің келістігімен сұлу емес, қазіргі сағатта көңіліндегі тазалық пен

құмарлыққа бойұрғысы келмеген ниетпен ерекше сұлуланғандай еді... Бул уақытта қаралы әйелдің шын жүрегін өзіне қаратқан жан болса, жарық түнде бақыт құсын ұстағандай мұратына жетер еді. Қаракөзді қинаған дерт әлі де басылмай қайнап келеді. Жүректен шыққан жауыз дұшпаннан құтылу үшін жас әйел белгісіз ем іздейді... Бүгінгі түн салқыны ыстықтап күйген денесіне азғантай да сезілмейді. Қаракөз күрсініп жылап келіп, екі аяғын тізесіне шейін жалаңаштап, суық суға матырып, жиекте жылап отырды...

Қаралы сұлу шын қайғымен жыласа да, жүректе белгісіз құмарлық қарауытып шығып, жүз толқытып кетеді.

Әлдеқайдан шығып жатқан ыстық қан бойын сабырсыздықпен дірілдеткен сайын, соның уытын баспақ болып, судағы екі аяғын өзеннің екі ернеуіне қатты-қатты соғады... Екі аяғы шаншып, солқылдап ауырғанға шейін өткір тасқа соққанда, іштің белгісіз дерті бәсеңдеп басылғандай болады.

Қаракөз талай жылдан таппаған емін жаңа тапты. Іштегі дертті басу үшін, сол қара жыланды туғызып тұрған денені қинау, жан-шу керек екен. Қаракөз бүгін ғана білді... Таң атқанша аяғын алмай отырғанда, тілім-тілім болып қалған дененің ауырғанын сезді... Аяғын суырып алып қарағанда, әлденеше жара түскенін көрді... Бұлардан тоқталмай қан ағып тұр еді.

Ақ етті құмарлық қаны былғап ағып жатты...

Қаракөз биттей де өкінген жоқ: «Кеселді арам қан... кете бер», – деп күліп отырып еді...

Осымен таң ағарып атқанда денесі әбден салқындап, барлық асау қан басылды. Бұл заманға шейін қысып келген мастық тілегі біржолата өшті. Баяғы қайғыға бекінген таза көңілі, – өмірінше алысқан қара жыланды жеңіп шықты. Қараңғы қайғы күнінің іші болса да бұл минуттар Қаракөздің бақытты болған уақыты сияктанып еді. Ол әбден ағарып тыныштық алған жүрекпен ауыр күрсініп үйіне қайтты...

Бұның арт жағынан тоғай ішінде таң бұлбұлы қаралы жалғыздық күйін қошеметтеп, дұғадай сезімді тазалық жырын жырлап тұрды... Қаракөз үйіне кіріп, Мұқашты сүйіп-сүйіп жатып, қатты ұйықтап қалды.»

Т. Жұртбай

КІНӘМШІЛ БОЙЖЕТКЕН

«Кінәмшіл бойжеткен» әңгімесі тұңғыш рет «Қазақ қызы» деген атпен «Таң» журналының 1925 жылғы 2-санының 100–109 және 3 санының 90–100-беттерінде жарияланды. Соңына «Мұтар» деп қол қойған. Әңгіменің өңделіп, қысқартылған нұсқасы «Кінәмшіл бойжеткен» деген атпен жазушының 1936 жылы жарық көрген «Қараш-Қараш» атты жинақта басылды. Содан кейін 1960 жылы жарық көрген «Қараш-Қараш» атты таңдамалы әңгімелері мен повестері басылған кітапқа кіргізілген. Жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 1-томында (1967, 187–209-беттер), жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томында (1979, 235–258-беттер) сол 1960 жылғы нұсқа бойынша басылды. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына жиырма томдықтағы басылым негіз етіп алынды. «Таң» журналындағы араб һарпінде жарияланған нұсқасымен салыстырып, текстологиялық салыстыруларды жүргізгендер – С. Жұртбай мен С. Майлыбаева.

Әңгіменің көркемдік шешімі мен психологиялық желісінен еуропалық, оның ішінде, жазушының өзі «ерекше дендеп оқып, үйренген әдебиетім – француз әдебиеті солардың арасынан Бальзак пен Анатоль Франс болды» деп мойындаған француз классиктерінің шығармаларының ықпалы аңғарылады. Мопассанның «Пышка», Бальзактың «Дала гүлі», Тургеневтің «Ася», Толстойдың «Крейцер сонатасы» іспетті өмірдегі ләззат азабы мен әзәзіл сезімдердің шарпысуы суреттеледі. Сол тұстарда М. Әуезов өзінің шығармаларын астарлы суреттеуге ден қойып, «Оқыған азамат», «Заман еркесі» деп кекесінмен ат қойған. «Қазақ қызы» деп аталған «Кінәмшіл бойжеткеннің» алғашқы нұсқасының тақырыбының астарында да осындай жасырын мысқыл бар. Әйтпесе, мұндай мінездер ол кездегі қазақ әйелдерінің өмірінің типтік бейнесіне сай келмейтін көркемдік шешім еді. Жазушы жеке адамның басындағы оқиғаны ала отырып, осы да қазақ қызымын дейді-ау деген әжуа айтады. Мұндағы оқиға туралы деректер Ә. Марғұланның, Қ. Мұхамедхановтың таспаға жазылып қалған естеліктерінде және М. Дулатованың «Шындық

шырағы» (1995), Т. Жұртбаевтың «Бесігінді түзе!..» (1997) атты кітаптарында нақты келтірілген. Мұнда көркемдік шындыққа негіз болған, түпкілікті авторлық идеяға қозғау салған тағдыр иесінің өмірлік деректерінен хабардар етеді. Алайда, 1936 жылғы басылымда жазушы Ғайшаның бейнесі типтік образ еместігіне және оның көркемдік шындық негізде жазылғанын ескере отырып, әңгіменің атын өзгертуі шығарманың мазмұнын аша түседі. Негізінен, бұл әңгімеге жасалған түзетулер мен қысқартулар жазушының өз еркімен жүзеге асырылған. Ішінара ұлттық рухты бейнелейтін не сол жиырма-сыншы жылдардың басындағы қазақ зиялыларының саяси өмірінен хабардар ететін жайлардың қысқартылуы идеологиялық қысымның әрекетінен сескенгендіктен де түзетуге ұшырағаны анық. Алайда, олардың шығарма көркемдігіне пәлендей тигізер зияны мен пайдасы шамалы, бұл қосымша көркемдік, стильдік қырнаулардың қатарына жатады. Сондықтан да «Қазақ қызы» мен «Кінәмшіл бойжеткенді» бір шығарманың екі нұсқасы деп емес, жазушының өз еркімен өзгертен бір әңгімесі деп қараған лазым. Әңгіменің алғашқы нұсқасы мен кейінгі нұсқасының арасындағы негізгі текстологиялық түзетулер мен қысқартулар төмендегідей.

1. 128-бет. Әңгіменің басындағы қала суреттерінің біраз тұсын қысқартқан. Зады оқиғаны жылдам дамытуды мақсат тұтса керек. Ол сөздер мынандай:

«Қаланың дағдылы шаңы мен ерте басталған ыстығы көп жұртты қажытқан. Сондықтан қазір қызарып күн батып бара жатқанда, жаңада жасарған бақшаның көлеңкесінен шыққан салқын леп майысып қана тербете соққандай еді. Жеңіл жібек киімді денелер бақшадағы кешкі қоңыр салқынның құшағына кіргенде, жазғы ыстық күнде мөлдір көлдің бетінде дыбыссыз жүзіп келіп, көлеңкелі қамыстың ішіне кірген аққудай сыланып, көтеріліп сергігендей болушы еді. Бақша рақатына сүйсінген сезімді нәзік әйелдер үлкен аллеяда майысқан назды күлкімен маңынан салқын леп соққызғандай».

2. 128-бет. «Жайраңдаған» – «көңілді».

3. 128-бет. «... ішіне» – «ішінде».

4. 128-бет. Бұл арада мынандай абзац қысқарған:

«Бүгінгі күн бақшаның ерекше сәнімен жиналып, қызықты суреттер көрсетпек болған күні болады. Сондықтан бақшаның үлкен аллеяларында көлденеңнен тартылған қызылды, жасылды сәнді әлеміштер байланған. Аспанның сансыз жұлдызындай болып шашыраған от-көздер болатын. Бұл оттар кей жерде ашық жарық, кейде ой түсіргендей әлсіз жүдеу, кейде қызыл, кейде жасыл.

Әрқайсысының түсінен өткендегі көңілдің әртүрлі кезін есіне түсіріп, сөзсіз тілмен ым қаққандай болушы еді».

Жазушының осы көріністен бас тартуының себебі: «Мұхтардың кейіпкерлері француздардың бикештері сияқты көшеде қолтықтасып жүреді, бұл кедей табының өміріне жат, түсіне де кірмейді... – деген Ж. Орманбайұлы «Жыл құсы», 1927 жыл, № 1) сияқты әсіре солшыл сыншылардың байбаламында жатса керек.

5. 128-бет. Бұл арадағы: «Кей жері – терең сыр ұясындай қалың көленке басқан қараңғы, кей жері – күн шуақты күлкі, қалжың ұясындай жарық, көңілді болған бақша, ырғағы көп өмірдің, әрбір кезін еске түсіргендей еді» деген сөйлем қысқарып қалған.

6. 129-бет. Бұрынғы мәтін мынадай: «аспанда топталған жарық...».

7. 129-бет. Бұл арадағы: «Оркестр күйінің толқынының ішінде дамылсыз күліп, дамылсыз қалжыңдасып, сөйлесіп өтіп жатқан қалың топтың легі өрлеп, күшейіп отырғандай қызу береді. Солардың арасында екіден-үштен жүріп келе жатқан қазақтың бойдақ жігіттері де көрінеді» деген сөйлемдер де кейіннен қысқарған.

8. 129-бет. Бұл арадағы адам портреттері біраз өңдеуге түсіп, қысқартуға ұшыраған. Алғашқы нұсқада былай:

«Бұлардың ортадағысы аласа бойлы болса да, жұғымды, кішілеу денелі, қызыл шырайлы қараша жігіт еді. Тұңғыықтанып, сұлу ажармен қарайтын пенсіне киген қара көзі бар, имектеу қырлы мұрынды, қысқалау қара бұйра шашы бар, қысқартып қиған қою қара мұртты, сүйкімді, сұлу пішінді жігіт еді. Бұл губернерлік қалаға шет жерден жаңада келген Ғаббас болатын. Жанындағы екі жігіт – соның бұл қаладағы бұрын бірге оқыған жолдастары еді.

Ғаббас бұл губернерге бір рет келіп кеткен еді. Және келуден басқа алыста жүрсе де бұл губернеде Ғаббастың аты көпшілікке белгілі болатын. Өйткені Ғаббас қазақтың газет, журнал шығарушыларының ішінде белгілі жігіттің бірі болатын. Сондықтан бұл қалаға келгеніне көп болмаса да, Ғаббастың танысы көбейіп қалып еді. Сол көп таныстың ішінде Ғаббасқа әсіресе әсер берген бұл губернедегі оқыған қазақ қызы Ғайшамен таныс болуы еді».

Кейіпкердің өмірінен дерек беретін бұл сыпаттаманың қысқартылуы екі жағдайға байланысты сияқты. Біріншіден, мұндағы Ғаббастың портреті шығарманың прототипі есебінде алынып отырған белгілі адамның нақты түр-түсін суреттеп беретін. Ал мұның өзі үлкен дау-дамай туғызуы мүмкін еді. Екіншіден, солшыл сыншылар: «М. Әуезов алаштың мүшесін әдеби кейіпкер етіп суреттеді, оған жаны аши қарайды», – деп байбалам салуы мүмкін еді. Сондай-ақ, әңгіменің

екінші басылымы баспаға дайындалғанда, әлгі адам атылып кеткен болатын. Ғаббастың бейнесі – көркем бейне. Дегенмен де оның астарында құрдастардың арасындағы әзіл-оспақтың, емеуірінді күлкінің желісі барлығы да байқалып қалады.

9. 129-бет. Бұл арада аздаған қырнау жасалған. Негізгі мәтін мынадай: «Ғайша губерниялық қаладағы қазақтың оқыған тәуір қызы болады. Ғаббас – қазақтың басқа елден келген тәуір жігіті».

10. 129-бет. Аздап өңдеуге ұшыраған және қысқарған тұстағы алғашқы нұсқаның мәтіні төмендегідей: «... екеуі де балалық, бұйығылық, ұяңқылық шақтан өткен. Қазақ оқығандарының өз қауымының ішінде бірталай жылдан бері араласып, сөз сөйлеп, іс істеген болып жүрген соң ашылысып, әңгімешіл де болып қалған».

11. 130-бет. «Таң» журналындағы нұсқаға осы арада біраз түзету жасалған. Бірінші басылым мынадай: «...түнде татар театрында болып еді. Театр ішінде сөйлесетін әңгімеге теманың молдығы бұларды қалжыңдасып, күлдіріп, бір-біріне көп жақындастырып тастаған еді. Сол кеште Ғаббас көп төселген дағды бойынша ептеп тартқан шырғаға Ғайша қарындастың аса сыр білдіретіндей созалаңдап, иіліп келе жатқанын сезгендей болып еді».

12. 131-бет. «Таң» журналындағы нұсқада: «Әбден үйір болмаған адамдарда бұндай кездескен уақытта ең болмаса бас кезінде кішкентай тосаңдық болушы еді. Ғаббас пен Ғайша ол халді оңай жазып жіберді».

13. 131-бет. «Қазақ қызында»: «– Рас, бақшаның қызық кезінің өзі де осы уақытта басталады. Оның үстіне, қазақ табиғатының өзі осы сияқты үнемі шу мен дырдуды сүйе де бермейді».

14. 132-бет. «Қазақ қызында»: «Екеуі де ауыздарына дым тәттілігімен жайсыз тиетін сақары түскендей болып, езу тартып күлісіп: «Мұның аты – «шырға!» – десті. Тегінде, Ғайшаны губернедегі оқығандар шешесі ноғай болса керек, толық қазақ емес дейтін...».

15. 132-бет. Бірінші нұсқада: «әртүрлі күйде сөйлеп...».

16. 132-бет. Бірінші нұсқада: «... қарап дауыстап күлді».

17. 132-бет. Бірінші нұсқада: «... көзін тартқандай еді. Әйелді сыртқы көрінісі мен жарастық жағынан бағалайтын Ғаббасқа Ғайшаның келе жатқан пішіні тез әсер еткендей болды».

18. 133-бет. Бірінші нұсқада: «Екеуіне де жеңіл әйелмен оңай үйлесетін, әсіресе, бақша ішінде үйлесетін мінез жоқ еді. Бұлар қазақтың ауыр табиғаты бар адамдары еді».

19. 133-бет. Бірінші нұсқада: «Мыналар сын тақпай-ақ қала берген».

20. 133-бет. Бірінші нұсқада: «... зорға сыйып, жыпырлап, жазғытұрымғы сендей болып, сіресіп-тұтасып...».

21. 134-бет. «Қазақ қызындағы» біраз сөздер бұл арада қысқарып кеткен. Ол төмендегідей:

«Екеуі де өмірдің суықтығын, жүдеулігін, баянсыздығын айтысты. Бұл уақытта қызықты, желікті бақша жастар көңілінде жаңа құралып келе жатқан сұлу қоңыр күйге үйлесетін сияқты еді. Шынында, өмір жүдеу, көңілсіз болса – мына күзді тұнжырататын қызықты желікті топ неге керек, бұл бояу болса осындай халықтың бәрінің де көңілінде. Қазіргі екі жастай шыны жүдеу пішін жасырынып, уақытша желектің астында жатқан болса, ол сияқты өзін-өзі алдаған топтың тіршілігінде не қызық бар? Бұл мағынасыз жүріс, сенделу өмірдің қай қайғысын басып, қай жүдеу пішінін жасыртады?»

22. 134-бет. «Қазақ қызында»: «...қостаған салқын түспен мақұлдап, қостап әңгіме ғылып...».

23. 134-бет. «Қазақ қызында»: «Адам бір кезде бойды билеп, сал болып басып тұрған ауыртпалықты жеңіп, көнертіп, сергімесе – жүдеу, картаю да оп-оңай болып қалар еді. Сондықтан анда-санда сұлу сезім отына берілгендей бір өзін-өзі ұмыту болмаса, үнемі қайғы-уайым тіршілік емес. Сұр өмірдің ішінде күншуаққа шыққандай сезім күніне жылыну да керек емес пе? – деген. Бұл сөз Ғайшаны қайта күлдіріп, бұрынғы көтеріңкі көңілге қайта әкелді».

24. 134-бет. Бұл арадағы: «Басында Ғаббастың сөзіне бөтен сөз айтатын сияқтанса да артынан: «Рас, адамның өмірі жылынатын күншуақ іздейтіні рас, – деді. Ғаббастың көптен күтіп, нысанаға алған жеріне Ғайша күлкі, қалжың, күрсіну арасында созылып келіп, жаңа ғана жеткендей болып еді. Сондықтан жас жігіт...» – деген сөздер түзетілген.

25. 135-бет. «Қазақ қызындағы» сөздерге бұл арада недәуір түзету мен қысқартулар жасаған. 1-нұсқада мынадай:

«Жазушы жігіт өз сөзіне бір минутке де болса да шындығына сенген жүрепкен сөйлеп еді. Сондықтан дауысына діріл кіріп, көңілін ақырын қозғағандай болып еді. Ол өз сөзін: «сүйемін... құмармын... тілегім... үмітім...» – деген сияқты ыстық сезім тілімен бітіріп еді. Сол сөздер Ғайшаны өзгертер, толқындар деген сеніммен айтылып еді. Бірақ Ғайша бірталай сөзді естісе де бұрынғы қалпынан көп өзгермеген сияқтанды».

26. 136-бет. Бұл арадағы сөздер де ішінара түзеуге ұшыраған. 1-нұсқада мынадай: «Олай болса маған да сонша жауап берудің парызқарызы жоқ деп: «Аламын» – деген сөзді де айтып салып, бірталай жерге шейін әйел де, өзі де сүйретіліп барып қалушы еді».

27. 136-бет. Әуелгі нұсқада былай: «Кейде біріне-бірін тартқан сезім әңгімесін үзгенде, құмар жігіт қызды аллея орындығына

отырғызып, көзі мен бет-аузынан сүйгенді қанағат қылмай, барлық толық сұлу денесін нәзік құшақпен сипап, ашық мойны, кеудесінен, білегінен де жабысып, күйдіре сүйюші еді».

28. 136-бет. «... сұлу, тығыз, етті сандарын жіктендіріп»...

29. 137-бет. Алғашқы нұсқада: «... алдыңғы күндердей ақ кеудесінде сүйген жігіттің салмағын сезіп, тал бойы игендей болып жагып, тәтті түс көргендей көзін жұмып қалғыр еді».

30. 137-бет. Бұл арада біраз түзету жасалған. «Қазақ қызы» нұсқасында мынадай: «Осының бәрі неге жас жігітті кешіктіреді. Та- ныс болғаны жаңа ғана... Неге ол тынымсыз келіп, мазасын кетірмейді? Әлде бұ да суынған жансыз ба? Әлде бұл да қызыл гүлді жұлып алғанша ғана қызығып, алған соң бір-ақ иіскеп тастай ма? Әттен, қазақтың салқын қанды суық жігіті-ай! Жүрегінде соғарлық қан жоқ».

31. 138-бет. Бірінші нұсқада мынадай: «Басында Ғайшаға сон- дай екеу-үшеудің суреті таласа келді. Өткен күннің түсі әбден жеңіп болмаған жас әйел қайсысына тоқтарын білмей...».

32. 139-бет. Алғашқы нұсқа біраз түзетілген, кей сөздер мен сөйлемдер қысқартылған. Әуелгі мәтіні былай:

«Ғазиз сұлу қызды қатты қысып, ыстық бетінен сүйіп алған. Мастық жеңіп сүйіп алса да, бұл іс қазіргі өлім халімен бірдей боларлық ауыр уақыт еді. Ол секөнт сайын белгісіз қалтыраған жүрекпен келешекті күтіп еді. Ыстық бетіне сұлу жігіттің дірілдеген ерні тиген уақытта ғана барлық ойынның мағынасын ұққан Ғайша басында үні өшіп тына қалып, ешбір қарсылық көрсетпеп еді. Келесі секөнтте екі бірдей жүректі тулатып, Ғазизді мойнынан қатты құшақтап қысып, бұл күнге шейін күнәлі болып көрмеген екі таза ерінді асығып келіп табыстар- ды».

33. 140-бет. Бұл жерге де жазушының қолы тиген. Түпкі мәтін мы- надай:

«Өзгерістің алғашқы қызулы күндері болып жатқанда, Ғайша да қазақ жиындарында болып жүрді. Алғашқы кезінде жауырды жаба тоқығандай орысша ісі оқыған қазақтың бәрін бірдей керегіне жаратпақ болған өзгеріс Ғайшаны да бірталай аспандатып көтергендей болды. Ғайша облыс жиналысында әйел атынан құрметті өкіл болды. Әрбір жерден келген делегаттары болса да...».

34. 141-бет. Бұл ара да кейіннен түзетілген. Алғашқы нұсқасы мы- надай:

«Кейбірі пішінді, көрнекті сұлу киінген, тағы біреулері ертеден шыққан атағы бар, көптің мақтап көтерген адамы. Басында Ғайшаның өз көңлімен ұнатқандай болып қадірлегені осы съезде көзге көрініп, ерекше шешен, білімді деп аталған бір студент еді. Бұл – өзге

оқығандардың ішінде, нағыз өзгеріс күннің ішінде толып, ержеткендей, әдейі әлеумет қызметкерлігіне арналып туғандай суырылған жалынды жігіт Қасым еді. Қасым трибунаға шығып сөйлегендегі көріктіліктен басқа жай өмірде де қызықты, күлдіргі, қалжыңшыл, сүйкімді бозбала еді».

35. 142-бет. «Қазақ қызында»: «Сондықтан Мұқаннан айырылып кетсе де, оған тимей қойса да алдыңғы бағына ешбір кесір шықпайтын сияктанып еді» делінген.

36. 142-бет. Алғашқы нұсқада: «Кейбір жерлерде Мұқаннан өз ықтиярымен айырылысса да, оның сырын білген соң, оқыған жігіттің өзі тастап кетті деген де сөздер болды».

37. 143-бет. Алғашқы сөйлем нұсқасы: «Ғайша шынында жылдан-жыл өткен сайып жылжып төмендеп бара жатқандай болды. Соңғы жылдар ішінде тағы да төрт-бес жақсы танысы болып өтті».

38. 143-бет. Алғашқы нұсқада: «Бір кезде тәтті болған жақындары қайта оралып: ыстық, қызу, қуанышты жүрекпен қайта айналып тапқан емес».

39. 143-бет. Әуелгі нұсқада: «Сонымен бірге жалаңаш құмарлықтың да бетін ашып, бар денесін көріп шыққандай болды».

40. 144-бет. Алғашқы нұсқада: «Бұл қызығы үшін Ғайша өзгені қойып, өзінше жүретін татар қыздарынан да көп ренжітерлік сөз естіді».

41. 144-бет. Бұл арада бір сөйлем қысқарған. Бірінші нұсқада: «Көк етікті кез келмей, көн етіктіні менсінбейтін» хал Ғайшаның басына бұдан көп бұрын туып еді. Қазір да сол хал Ғайша өмірінің барлық мағынасы, барлық ауыр, қиын түйіні болып еді. Қайда барса бір басын өткізе алмағандай, барлық адам баласының қауымында сыртқа қағылып, керексіз, басы артық болып қалған адамдай еді».

42. 144-бет. Алғашқы нұсқадағы: «...табу керек. Мүмкін болса қайтадан қазақ қауымының көзқарасын түзеу керек» деген сөз қысқарған.

43. 145-бет. Бұл арадағы сөйлем бірінші нұсқада былай құрылған: «Ғайшаға енді гүбернелік қалаға келген әркімге сездіріп, түзелгенін білдіруі керек еді. Сондықтан ол қазақ сахнасына екі-үш рет шығып көрді. Ғайша ойыншы жастарға бастық бола жүріп, қазақтың ағарту жолына қызмет ете жүріп...» деп келіп, әрі қарай жалғаса береді.

44. 145-бет. Алғашқы нұсқада: «жарқылдап, ешбір жанмен де...».

45. 145-бет. Алғашқы нұсқада: «Ғайшаның ақырғы тауының шағылғаны».

46. 146-бет. Алғашқы нұсқада: «Бұл сөздерге келгенде...».

47. 146-бет. Алғашқы нұсқада: «бауырына басып құшақтай қысып

қояды. Бұл уақытта үйдің ішінен ала көлеңке кетіп, қараңғы болып еді. Түн болып қалған екен. Ғайша күрсініп, енді түрегеліп, от жағайын деген уақытта бұның үйіне...».

48. 149-бет. Алғашқы нұсқада бұл сөйлем: «Ғайшаның бүгінгі мінездері Ғаббасты әбден торықтырды» делініп жазылған.

49. 149-бет. Алғашқы нұсқада бұл сөйлемдер: «Бірақ апиын ауызына тиген жоқ. Иегінің үстінен жерге сырылдап ағып жатты... Ғайша сауыттың түбі ағарғанша иегіне төгіп тұрып...» деп жазылған.

50. 150-бет. Жазушы «Таң» журналындағы әңгіменің соңғы түйінін мүлдем қысқартып тастаған. Бұл әңгіменің көркемдік шешімін ширата түскен және ол түйіннің шығарма әсеріне тікелей әсері де жоқ. Тек Ғайшаның іс-әрекетін әшкерелей түсу үшін және әңгіменің «Қазақ қызы» деп аталуын ақтау үшін жасалған тиек қана болатын. Алайда, бұдан жазушының сол кездегі өмірге көзқарасып байқататын пікірлер де нышан танытады. Қысқарған түйіннің толық мәтіні мынандай:

«Бұның артынан бірталай заман өтті... Ғаббас осы қалада бір-екі айдай жүріп келіп, ақырғы бір күні губернелік қалаға ол бір орыс қызын қатындыққа алыпты деген хабар шықты. Ол қырдағы қазақ қызы – қатынын «губернелік қалаға келген соң екі-үш күннен соң біржолата тастады» деп хат жазып еді. Соның артынан бұл қаладағы бір оқымысты орыс қызын қатындыққа алып та қойды.

«Ғаббас қазақ қатынын тастап, орыс қызын алып қойыпты» деген хабар қала халқына үлкен бір сөгісті жаман істей боп тез тарап еді. Неше жерде әлденеше түрде қазақ жігіттерінің азғындығын, баянсыз негізсіздігін, әсіресе қартаң оқығандар мен өсекші бәйбішелер, оқыған қазақ қыздары қатты намыстанып, Ғаббасты барлық қолында бар кірмен былғап жатты. Бұл жайды газетке жазбақ болған өсекші тілшілер де дамыл алмай сөйлеп жүрді. Сол көп өсекші әуездің ішінде өзгенікі өзге болса да, бізге белгілі Ғайша да Ғаббас мінезін қатты сөгіп сөз қылды... Бұл қырдағы қазақ қызына жаны ашып, Ғаббастың сол момын, сорлы адал қызға істеген княнаты үшін жанып-күйгендей болып, Ғаббасты негізсіз, өтірікші, ұятсыз деп көп былғап еді.

Сорлы Ғаббас! Нең бар еді Ғайшада. Ол екеш ол да саған адамшылық пен әрқайсысын үгіттеген соң сенің момын басыңа кім ойнақтамасын!»

Бұдан өзге ішінара қырнап, жөндеген, сөйлем құрылымын өзгерткен тұстарының әңгіменің ұзын сүйегіне пәлендей мағыналық не көркемдік ықпалы байқалмағандықтан оны тізбелеп жатуды ретті деп санамадық.

Т. Жұртбай

БҮРКІТ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ СУРЕТТЕРІ

Бұл әңгіме «Таң» журналының 1925 жылғы 3-санында жарияланды. Әңгіменің соңына «Мұхтар» деп қол қойған. «Бүркіт аңшылығының суреттері» деген әңгіме тақырыбының астына «Басылмаған романнан» деген ескерту берілген.

Бұл әңгіме содан кейін қайтып жазушының көзі тірісінде басылмаған екен. Аңшылықтың көріністері, оның психологиялық астарлары, саятшылықтың сырлары «Абай жолы» эпопеясында барынша толық қамтылып, әсерлі баяндалғандықтан да, бұл әңгімені қайыра жариялауды қажет деп таппаған.

«Бүркіт аңшылығының суреттерінде» саятшылықтың бір ғана сәттері баяндалған. Әңгіме тақырыбында көрсетілгеніндей, бұл үзік – бізге белгісіз романның тарауларына кіруге тиісті дербес сурет сияқты. М. Әуезов «басылмаған романнан» деп сілтеме жасаса да оның қандай шығарма екенін анықтаудың сәті түспеді. Тек жазушының 1929 жылы Смағұл Сәдуақасовқа берген жауабында: «24-ші жылы қыс елде тұрып бір роман жазып едім, ол әлі баспадан шыққан жоқ» деген мәлімет кездеседі. Зады, Мұхтар Әуезов «Бүркіт аңшылығының суреттерін» осы романның ішінен алып журналға ұсынған болуы керек деген жорамал жасауға толық негіз бар.

Әңгіме жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 1-томында «Жазушы», (1967 жыл, 210–213-беттер) кирилл һарпінде қайтадан басылып шықты. Жиырма томдық шығармалар жинағына да (1-том. 258–262-беттер, 1979 жыл) сол нұсқа бойынша енгізіліпті. Әңгімені И. Глуховтың аудармасымен жазушының орыс тілінде шыққан «Крутизна» (Москва, 1965) атты жинақта, бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (Москва, 1973) жарияланды. Әңгіме М.Әуезов шығармалары жинағының елу томдық толық басылымына «Таң» журналындағы алғашқы нұсқасымен салыстырылып барып ұсынылып отыр. Салыстырғандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожахметұлы.

«Бүркіт аңшылығының суреттері» «Таң» журналындағы нұсқа бойынша жарияланғандықтан да, кейінгі басылымдарда ешқандай

өзгеріске ұшырамаған. Тек кезінде толық танылмаған не байқаусызда кеткен қателер байқалды. Кейбір сөздер түсіп қалған. Олар мыналар:

1. 152-бет. Он екі, жиырма томдықта «алыпты» деп қате кеткен.

2. 152-бет. Бұл арада: «...жүректі жүз толқынып» – дегендегі «жүректі» деген сөз ұмытылып қалған. Қалпына келтірілді.

3. 152-бет. «Жарық тас» деген сөз «жартас» болып қате жазылып келген. Мағынасына сай қалпына келтірілді.

4. 152-бет. «Көрікті» деген сөз «көрік» боп жаңсақ басылып келген.

5. 153-бет. Журналдағы: «Етекке жақындаған қазандай жұмыр тастар» деген қате терілген сөзді кейіннен: «Етекте жатқан қазандай жұмыр тастар» деп дұрыс қалпына келтірілген.

6. 153-бет. Көп томдықтарда әуелгі нұсқада «түйіліп» деп дұрыс қолданылған сөзді «шүйіліп» деп өзгертіпті. Қайтадан бастапқы қалпына келтірілді. Өйткені, бұл арада қыранның шүйілгенін емес, тас түйін боп түйіліп, таста шамырқанып отырғаны суреттеледі.

7. 153-бет. Бұл арада әңгімені «Таң» журналынан көшіріп бастырушы адам: «қарсы бетінен» деген сөзді өзінше «қарсы беттен» деп өзгертіпті. Мағыналық жағына нұқсан келетін болғандықтан да әуелгі нұсқасы қалпына келтірілді.

8. 153-бет. «Жемін» деген сөз «жерін» боп жаңсақ басылып кетіпті.

9. 153-бет. Бұл арада «малтығып» деген сөз «алқынып» деп қате оқылған, сол «алқынып» деген күйінше көп томдыққа енгізілген. Дұрысы – малтығып. Сол сөз қалпына келтірілді.

10. 154-бет. Бұл арада араб әрпінен кирилл харпіне көшірушіден қате кетіп: «... көре салып, атын бұрын байлап келіп, жанталасып» – деген сөз тіркесін: «... көре салып, атын бұрып, жанталасып байлап келіп», – деп жаңсақ жазған. Мағыналық қалпына келтірілді.

Т. Жұртбай

ЕСКІЛІК КӨЛЕҢКЕСІНДЕ

Бұл әңгіме алғаш рет «Таң» журналының 1925 жылғы 4-санының 102–120-беттерінде жарияланды. Әңгіменің соңына: «Аяғы бар. Мұхтар» деп қол қойылған. Алайда, әңгіменің аяғы жазылмады ма, әлде «Таң» журналының жабылып қалуына байланысты шығарманың соңы баспа бетінде жарық көрмей, сол күйінше із-түзсіз жоғалып кетті ме, ол жағы белгісіз әйтеуір бұл туынды сол «Таң» журналындағы нұсқасы бойынша 1935 жылы жарық көрген «Ескілік көлеңкесі» атты жинаққа пәлендей өзгеріссіз енгізілген.

Жазушының көзі тірісінде жарық көрген «Қараш-Қараш» (1960) атты жинаққа да алғашқы нұсқа негіз етіп алынған. Алайда, сол кездегі заман талабы мен кеңесшіл әсіре сыншылардың байбаламына байланысты біршама қысқартулар жасаған, кей тұстарына стильдік түзетулер енгізген. Ауыл суреттерін тамылжыта бейнелеген жерлерін сызып тастаған. Сондай-ақ, Жәмештің ағасының бұрынғы аты Хакім болатын, соны Қасым деп өзгерткен. Өзгертілген сөздер мен сөйлемдер, қысқартылған тұстар түсініктемедегі ескертулерде көрсетілді.

«Ескілік көлеңкесінде» атты бұл әңгіме жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 1-томына (1967), жиырма томдық шығармалар жинағының 1-томына (1979) енді. Әртүрлі жинақтарда да басылды. Соның бәріне 1960 жылы шыққан «Қараш-Қараштағы» басылым негіз етіп алынды. Әңгіме орыс тіліне аударылған. Ол М. Әуезовтің Москвадан шыққан бес томдық шығармалар жинағының 1-томының 75–81-беттерінде жарияланды. Аударғандар – В. Дудинцев пен Н. Гордеева. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына «Таң» журналындағы алғашқы нұсқасымен салыстырылып барып енгізіліп отыр. Текстологиялық салыстыруларды жасағандар – Сұңқар Жұртбаев пен Мұқаш Қожақметұлы.

1. 155-бет. Бұл арадағы сөйлемдер кейіннен авторлық түзетуден өткен. Алғашқы нұсқасында мынадай: «Теңгедей бұлты жоқ таза аспанда таласып жымындаған қызғылт, жасыл, сарғыш түсті жұлдыздар тұңғиық қара кошқыл аспанның қадалып, елбіреп қараған

от көздеріндей. Түн аспаны сансыз жұлдыздай көздері мен маңқиған айдай сұлу еркесімен сезімді көңілге ым қаққандай болады. Қалғыған тұңғиық түн сырының есігін ашады. Жұлдызды аспанға анда-санда айтылатын жер жырын, тіршілік ерлігін тындағысы келеді».

2. 155-бет. Кейінгі нұсқада табиғат көрінісіне қатысты үлкен бір үзік қысқартылып қалған. Зады, оқиғаны дамыту барысында мұндай ауқымды суреттеу шығарманың ішкі динамикалық қозғалысына кедергі келтіреді деп ойласа керек. Сондай-ақ, өткеннің көріністерін сүйсіне жазады деген орынсыз айтылған әсіре сындар да мұны сызып тастауға мәжбүр еткен сияқты. Тек қана жалпы табиғаттың түнгі сыпатынан хабар беретін: «Өзен түн тыныштығының ортасында қоңыр салқын лебіне оранып, түс көргендей болады» деген бір сөйлемді ғана қалдырған. Жалпы сызылып қалған үзіктің ұзына мәтіні мынадай:

«Қаражалға келгелі он шақты күн болған. Ауылдар ұзын өзен бойындағы қоныстарына шашырап қонған. Өзеннің екі жағын биік жүндес қара адырлар тау бесігі болып бөлегендей қоршай біткен. Кейде тұтасып, ұзын жал болып, кейде шошақ қара биік болып кететін. Таудың өзенге қараған беттері ақ тас, қызыл тас деген қызыл жартастар.

Өзен тоғайлы, көбінесе таулы жерге біткен қисық қайың мен мойыл, қара тал арасында анда-санда ұзын біткен жас терек, кей жерлерде топ-топ болып барлық тоғайлы өзеннің реңкін кіргізгендей болатын.

Өзен түн тыныштығының ортасында қоңыр салқын лебіне орайып, түс көргендей қалғиды. Биік қара жоталар жалғыздық жырын айтқандай болып, салқын леппен күрсініп, қабағын түйіп, құлазиды. Тоғайдың жапырақтары салқынмен аз-аз сілкісіп, бір-біріне ым қағады. Сезім білген жайды бір ауыз, жарым ауыз сөзбен сыбыр қылып айтқандай болады. Тоғайлы өзекте түн тыныштығының мәңгі сыбыршыл тілшісі сияктанып жағадағы таспен көпіршіп, ойнап тау өзенінің салқын суы ағады.

Жымдай қатқан тау тыныштығының ішінде жасырыны көп, сыбыршыл өзен сұлу айдың ақ жүзді сәулесін қуып аққандай. Көмексіз мақсұтқа белгісіз үмітпен ұмтылғандай. Қаралы салы жамылған таулар мен мелшііп қарауытқан тоғайдың бауырында секіріп, ойнап, ыршып аққан ерке өзен кейде кәрі қиялмен ойнаған жас сұлудай көрінеді. Кейде өмір дертімен мылқауланған кәрі ата-ананың өлер алдындағы ақырғы рет көзіне көрініп, ойынға кетіп бара жатқан жас бала сияктанады. Ағын су бір көрген жағасын қайта көрмесе де, мәңгі алға ұмтылған екпінімен тасты, тоғайды, шалғынды, өзекті де, қызыл жартас, қара адырды да арғына қалдырып, жылжып кетіп жатады. Өтіп жатқан өмірдің жалғыз-жалғыз секундындай бөлек-бөлек су да

белгісіз жылжумен алдыңғы күнге өзенді айдап әкетіп бара жатыр. Өткеннің бір секундын қайта қайырып әкелуге мүмкін емес болса, ылдилап аққан судың да бір тамшысын қайта ағызып, бір жағадан екі өткізетін табиғаттың дағдысы жоқ. Аққан өзен тамырдан жіңішкелеп соққан қан сияқты. Сызылып өтіп жатқан артқы өмірдің бір минутындай тіршілік белгісін білдіретін сияқты. Түн ортасындағы қарақошқылданып, жансызданған табиғаттың лүпілдеп соққан жүрегіндей көрінеді.

Өзен шалғыны түн лебінің күйіне қосылып, ағып бара жатқан суға бас изеп қоштасады. Тоғай көлеңкесі қараңғылықпен сыр құшағындай болып, өзен шалғынымен суға жабысып, құшақтайды. Түннің сансыз көп тұнық көздеріндей болып түпсіздікпен тұнжырайды. Өзектің жалғыз аяқ жолы кейде шалғын шетімен жүріп, кейде саялы, көлеңкелі тоғайдың түбімен өзенше бұралып, иіріліп өтетін. Өлке бойында түн жүргіншісі де, жайылған мал да жоқ еді. Түн болғалы ауылдың арасындағы өзектер өз тыныштығымен тыныс алып тұр еді» («Таң», 1925, № 4, 102–103-беттер).

3. 155-бет. Бұл сөйлемдерді стильдік тұрғыдан түзеткен. Кей сөздерді алып тастаған, кей сөздерді жаңадан қосқан. Негізгі нұсқа мынадай: «Ақжалдағы жігіттің ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткесінің жағасы мен омырауы көрінеді. Сыртында қара барқыттан жаға салған жұқа сұр шапаны бар. Екеуі де жұқа шапанын желбегей салып, өзек бойындағы жақын ауылды бетіне алып келе жатқандай. Бұлар оқыста...».

4. 156-бет. Бұл арада: «Екеуі де жақын ауылдан шыққаны білініп тұр» деген сөйлем сызылып қалған.

5. 156-бет. «Таң» журналындағы нұсқада: «Бастарын шұлғып тастап» деп жазылған.

6. 156-бет. Журналдағы нұсқада: «Шабдар мінген бозбала...».

7. 156-бет. Бұл арада біраз түзетулер жүргізілген. Алғашқы нұсқада: «Пісте мұрын, толық бетті, ақ жігіт ай сәулесінің астында әрі оқыған, әрі сұлу жүзімен шынымен-ақ ыстық сезім күйін іздеген таулы даланың махаббатты героюы сияқты еді.

Жол бойында бұл жігіт не күрсініп, не бір ауыз сөз сөйлегенде, өңі сұрланып, етіне тоңазыған діріл кіргендей болатын» деп жазылған.

8. 156-бет. Бұл жерге де түзетулер жасалған. Қысқарған. Журналдағы сөз мәтіні мынадай: «Бұл ел – маңайдағы өзге болыстардың ішінде көзі қаракты азаматтары – оқығандары көп, басты елдің бірі еді. Оқығандардың ішінде Қабыш көзге толымды, көрнекті жігіті деп саналатын. Жүрген жерлерінде пікірлі, негізділігімен де аты шыққан ескі азаматтың бірі. Биылғы жыл елге шығуда Қабыштың ішіне жиған бір

жасырын сыры болатын. Ол сырдың себепшісі: Қабышты көп жылдай арманды қылып жүрген, өзіндей жас, өзінен де сұлу, ерке Жәмші еді. Ай астында қалғыған өзектің ішімен аяңшыл аттың екпініне бой беріп келе жатқанда, Қабыштың сезімге толған денесі сергігендей болса да, көңілде қара тастай басып жатқан сенімсіздік, күптілік бар еді».

9. 156-бет. Жазушы әңгіменің алғашқы нұсқасына қолын қаттырақ батырып, қырнап-жонған. Кей тұстарда жаңадан сөздер, сөйлемдер қосқан. Жастықтың ыстық сезімін білдіретін кей тұстардағы жалынды сөздерді «салқындатып», сабырлы қалыпқа түсірген. Бұл – Қабыштың Жәмешке деген отты сезімін суытып, іс-әрекетті ақыл-ойға жеңгізді деген тұжырым жасауға ықпал ету үшін жасалған жазушының шығармашылық ниеттен туған шешімі. Журналдағы нұсқа бойынша бұл арадағы Қабыштың көңіл күйі былай берілген: «Жас жігіт алыстағы қалада қиыр жайлап, шет қонғандай болып жүргенде, Жәмештің ұзын бойлы, жіңішке денесі мен сұлу қара көзді, қызыл жүзді, ақ маңдайы бір күн есінен кеткен емес. Кішкене күннен, балалық ұясынан алып шыққандай ертегілік қиялы осы пішінге біржолата жабысып өткендей еді. Сол нәзік сұлу пішін көп жылдық арманы, жасырын мұңы еді.

Әсіресе, қалада, алыста жүргенінде, Қабыштың қиялы, ия сұлу қыздың жүзі – бейістегі қордай болып көрініп, сағымданып тартушы еді. Сол алыс қалада ұзақ уақыт жүріп, сүйген сұлуын ойлағанда, Қабыш шын шерлі сияқтанатын. Сол уақыттағы сезімі қар үстіне қан тамғандай бусанған ыстық сезім еді. Күн сәулесіндей қызулы сәулесі бар мағыналы есті сезім болатын. Бұл сезімнің ерекше күшті болатын себебі: Қабыш көп жылдай хат жазып, жауап ала алмай арманмен жүрген».

10. 157-бет. «...талып жығылған көңілге» – «талып қажыған көңілге».

11. 157-бет. Алғашқы нұсқада былай суреттелген: «Жәмеш өзінің беріктігіне қилап, жұмыс істеп қалатындай болып, қағазбен айтпаған. Бұ да Қабышқа істеген қаттылықтың бір белгісі еді. Бірақ бұдан ауыр, бұдан да үмітсіз күндерде де бір Жәмештің атына өзінің барлық жас қиялын байлаған Қабыш сүйген сұлуынан алғашқы өз атына арналған жауапты естігенде, барлық жас тіршілігінің мағынасын сол күні тапқандай болып еді».

12. 157-бет. «... үміт қылатын» – «үміт қылып еді».

13. 157-бет. Бірінші нұсқада: «Күйеуі кім? Күйеуі – Мойылдының ең басты адамы...».

14. 157-бет. «... өзі айтқан» – «өзі ашып айтқан».

15. 157-бет. «Жуан ауылдың» – «жуан, мырзабай ауылдық».

16. 158-бет. «... ойлап алмай жүрген» – «ойлап, байлай алмай жүрген».

17. 158-бет. «... ағасы Қасым» – бірінші нұсқада «ағасы Хакім».

18. 158-бет. «... шалға бармайды» – «шал басына бармайды».

19. 158-бет. «... саналып еді» – «саналып қалған».

20. 159-бет. Бұл арада біраз сөз бен сөйлемдер өзгеріске ұшыраған. Журналдағы мәтіні мынадай: «... Әрі жек көру үнемі бола беретін іс емес: бірақ Қабыштың бүгінгі күйінде ол мүмкін еді. Солай болуына керек те еді. Қабыш дәл бүгінгі күнге шейін Жәмештің мінезін түсіне алған жоқ. Жәмеш бұрын қол жетпестей алыста, сағымданып тұрған сүйгені болса, қазір де шешуі қиын, туысы жат, дағдысы бөлек бір ауыр жұмбақ болды.

Сүю – бұрынғы қалыбында күшті. Сүюден енді бойын тартайын десе де жас жігіттің шамасы жетпейді. Өйткені, Жәмеш төменден, былғанып, бұзылып кеткен жоқ. Ол өмір бойы ұсынса қолы жетпестей тәкәппар, биік болып тұрып, сол таза, сол тәкәппар, салқын күйінде Қабыштай талай жас жігітті арманда қылып кетіп барады. Сүйген жан алыстаған сайын қалтырап, жабысып сүймеске шара жоқ. Сондықтан Қабышта бір көрініп ұзап бара жатқан сұлуға қадалып, жабысып қалған ықтиярсыздық бар.

Сол хал көңілін қара тас басқандай. Бұған қарсы шығарлық түзу ойға жеңгізбейді.

Ешбірі шешен сөз, толғаулы ақыл көңілінің дәл осы күйін жаза алмайтын сияқты».

21. 159-бет. «... құрбы жігіттер болса» – «құрбы, жақсы оқығандар...».

22. 159-бет. «... шешілмейтін жұмбақ болып еді» дегеннен кейінгі сөйлем кейіннен жаңадан қосылған. Алғашқы нұсқада жоқ.

23. 159-бет. Бұл сөйлем кейінгі басылымдарда: «Өзектің бойында Жақып ауылы отырған соң, жағамен құлдилап келе жатып» деп қате басылған. Елу томдықта: «Өзектің бойын Жақып ауылы отырған оң жағамен құлдилап келе жатып» деп алғашқы нұсқасы бойынша берілді.

24. 160-бет. Бұл арада айтарлықтай қысқартулар мен өзгертулер жасалған. Алғашқы нұсқа мынадай: «Қуанышы: бұл күнге шейін бір ауыз жылы сөз бен бетпе-бет келіп сөйлеспеген тәкәппар сүйгенін – (көру), осындай қызықты үміт еді. Күдігі: әлі де бойын бермей, түсін суыққа салып, бұдан қашып жүрген сұлу қыз бүгінгі кеште бұны біржолата жатсынып; «Ендігіәрі ол үмітті қой. Мен саған жоқпын. Мен сен мазақ ететін жан емеспін, менен басқа кісінді тап», – деп айта ма деген ескі сенімсіздік еді».

25. 160-бет. Журналдағы нұсқада былай: «Қалай да болса Жәмешке оңашада жолықпақ болып алғашқы рет аттанып шығуы – жас жігіттің өз өмірінде көп жылдан бері қалмай келе жатқан арманы еді. Бірақ сонда да көңіліне күдік келе береді».

26. 160-бет. Жазушы Қабыштың сөзін стильдік тұрғыдан жөндеген. Журналдағы нұсқада мынадай: «Мен біржолата Жәмешті аспанның әйелі қылып қойғандаймын. Сондықтан бүгінгі мінезі де баяғыдай қаттылықтың бірі сияқты. Осы да баяғыша бір жұбата салып, бір ойнай салған сөз сияқты. Жәмештің бізді түн ішінде көргісі келгені шын ба, өтірік пе? Соны айтшы. Мына тұрған ауыл әлі күнге бұрынғысындай суық, бұрынғыдай дарытпайтын жат сияқты. Мені күдіксіз қылып сендірші, – деді».

27. 160-бет. «... қимылдашы» – «қимыл қылшы».

28. 161-бет. «... әуелі десен» – «әуелі сол қыз».

29. 161-бет. «тосатынымызды» – бұл сөз кейінгі басылымдарда «түсетінімізді» болып қате басылған.

30. 161-бет. «... әлі де құрметпен» – «тіл жетпейтін құрметпен».

31. 161-бет. «Қабыш өз көңілінің балдыр күйін әдейі тереңдете сезінеді» деген сөйлем бірінші нұсқада жоқ. Бұдан кейінгі сөздер де өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқада былай: «Ендігі халді жарық Ай, жұлдызды аспанмен бірге жер үстіндегі тіршілік иесінің барлығы да әдейі тыныс алып үндемей, сабыр қылып күткендей. Көңілінде ұйқы болмаса да, көздерін әдейі жұмып, Қабыштың ендігі халін көріп, білгісі келіп монтансығандай. Қабыштың көңіліне еріксіз діріл кірді. Жүрегі лүпілдеп, буынынан сұлдер кетіп, Жұматайдың не бұйрығына болса да көнгендей».

32. 162-бет. «шабдар ат» – «ат».

33. 162-бет. Алғашқы нұсқада былай: «Түннің жым-жырттығына еріккен аты сулығын салдыратып шайнап, басын төмен салып жіберіп, жер тарпып, қатты дабыстап пысқырып-пысқырып жіберді».

34. 162-бет. «болып» – «істеліп».

35. 162-бет. «қойды» – «жіберді».

36. 162-бет. «сытыры» – «шатыры».

37. 162-бет. «дәл осы» – «дәл сол».

38. 162-бет. «айғаймен» – «дауыспен».

39. 162-бет. «Енді ел ұйқыға кеткенше» – «қайта ұйқы басқанша».

40. 162-бет. «жасырып қойып» – «жасырып алып».

41. 162-бет. «деп еді» – «деді».

42. 162-бет. «Ит басында шабалап» – «ит шабаланып үрсе де».

43. 163-бет. «Ұйқы келді-ау» дегендей – «Ұйқым келіп тұр», – дегендей болды».

44. 163-бет. «дегізген» – «дегізер».
45. 163-бет. «... тәрізденеді. Бір уақыт шынымен» – «сияктанады. Шынымен».
46. 163-бет. «келетін қатерге нәзік» – «келетін қатерге қарсы нәзік».
47. 163-бет. «Қабыш көңілінен жорытып өткен үзік сезімдер еді» – «Қабыштың еріксіз ойлап қалған ойы еді».
48. 163-бет. «бірін» – «бәрін».
49. 163-бет. «сыбдырларын білдірмеске тырысып» – «білдірмейтін қылып».
50. 164-бет. «тұсына келді» – «тұсына келіп».
51. 164-бет. «жуан бәйбіше еді» – «жуан, паң бәйбіше еді».
52. 164-бет. «Ерте күннен бұның ауылы жуан ауыл атанып, ерке бәйбіше болып ерленіп» – «Бірақ ерте күннен ауылы жуан ауыл атанып, ерке бәйбіше болып, өрлеп сөйлеп әдет қылғандықтан».
53. 164-бет. «Менсінбейді» – «менсіне алмайтын».
54. 165-бет. «Бәйбіше» – «Мәкен бәйбіше өзі тұстас қартаң...».
55. 165-бет. «... тындалған жоқ» – «...жұққан жоқ».
56. 165-бет. «... өсиет сөйлеп» – «... өсиет айтып».
57. 165-бет. «... көбінше» – «... көбінесе».
58. 165-бет. «бірге туған ағасы» – «бірге туысқан ағасы».
59. 165-бет. «тыржиып» – «тыжырынып».
60. 167-бет. «Ынтық оқығандар» – «ынтық болатын оқығандар».
61. 167-бет. Бұларадәбіразсөзтүзетілген. Біріншібасылымдабылай: «...қадірлеп сүйгендіктен істейтін. Сұлу қыздың сыртқы көрінісі ішіндегі ой-сезімімен нық байланғандай болатын. Жәмеш әзіргі уақытқа шейін жас болып желігіп жүрген қыз-бозбаланың кісіні қызықтырар қызығын көре алған жоқ».
62. 167-бет. Бұл жерде де түзетулер бар. Журналдағы сөз мәтіні мынадай: «Бұның бәрін әжесімен бірге сынап, әңгіме қылып отырып, Жәмеш талай рет тексеріп, байқап көрген. Көбінің өміріне құмар болып, ынтығудың орынына жиреніп, торыққандай болатын».
63. 168-бет. «... айтқызбай орындайтын» – бұдан кейінгі мына сөздер сызылып қалған: «Асты-үстіне түсіп, құрметпен күтетін қымбат бағалы асыл жар болды».
64. 168-бет. Бұл арада жаңа сөздер қосылып, бұрынғы сөйлем қырнауға түскен. Мәтіні мынадай: «... Қадишаға билететін болды».
65. 168-бет. «еркелігі бар сияқты» – «еркелігі болды».
66. 168-бет. «түгелдеп» – «түгел етіп».
67. 168-бет. «үлкен кісілері мен» – «тәуір кісілері мен».
68. 168-бет. Бұл сөйлем кейіннен түзетіліп берілген. Әуелгі мәтіні былай: «... ешбір елден; табылмайтын әрі сұлу, әрі рақатты, әрі жай-

лы күтім болатын. Сол мінездердің бәріне қарап, бүкіл бір болыс ел Қадишаны төбесіне көтеріп қадірлейтін, ауызының суы құрып мақтайтын. Шыны жақсы әйелдің үлгісі деп байлау жасаған».

69. 169-бет. «... күйінен өзгерген емес» – «бір қалыпты бақытты күйінен өзгерген емес».

70. 169-бет. Бұл арадағы сөйлемдер едәуір өңделген. Түпкі нұсқаның үлгісі төмендегідей: «... сияқты еді. Қадишадай бақытты апасы, сондайлық ерке, еркін тіршіліктің иесі болып тұрған шақта барлық ауыл, ауданмен бір болыс ел болып, қадірлейтін Кенжехан, сол апасының жолдасы болғандықтан, Жәмеш те кәрі жездесін іші-сыртымен түгел құрметтейтін сияқты еді.

Кейде ауылға қырық-елу атты жиынның ортасында тамам елдің игі жақсысын ауызына қаратып, қалың топтың қадірлісі болып Кенжехан келе жатқанда, Жәмеш апасының өмірінен ешбір мін таба алмағандай болатын. Сондайлық көпшілік қадірлеген жақсының ең жақсы көрген жолдасы апасы екенін ойлағанда, Жәмештің көңіліне қуанышпен сүйінген мақтан пайда болушы еді.»

71. 169-бет. Бұдан кейін жазушы Кенжеханның кескін-келбетін жағымды етіп көрсететін қомақты баяндауды қысқартып тастап, «Жәмеш отырған жерде Мәкен бәйбіше Қадишаға Кенжеханның бітім-тұлғасын мақтаудан да тартынбайтын» деп қысқаша сыпаттама берген.

Әуелгі мінездеме мынадай: «... келгендердің тобы ішіндегі біресе сол топты күлдіріп, біресе томсартып, біресе... күліп тақпақтап сөйлеп отырған сөзін естігенде, Жәмеш жездесінің келбетті жүзі мен буырыл мұрт, толық денесіне еріксіз құрмет білдіріп, сүйсініп қарағандай болушы еді. Кенжехан біреулерге билік-кесік айтып, біреулерге бітім-береке айтып, неше алуан елдің, ісін келместен кесіп-пішіп жатқанын көргенде: «Шындыққа осыдан нық баратын закон жоқ: Бар жақсының ұзап барғанда зорға жететін орны осы-ақ», – деп тон пішкен. Бұл көңілі – Кенжеханның билігіне сүйсініп, қошеметпен мақтаған кедей-кепшіктің сөзін естігенде бұрынғыдан да нығаятын. Жездесінің бір кезде сұлу болған пішіні...» – деп әрі қарай жалғаса береді.

72. 169-бет. «... қалатын» – «қалушы еді».

73. 170-бет. Бұл арада жазушы бұрынғы сөйлемдер мен сөздерді қырнап, түзеп, қысқартқан. Сөйлем құрылымын жаңаша жазған. Журналдағы сөз мәтіні мынадай: «Міне, осы хал бір емес, әлденеше рет басынан кешкендіктен, апасының бақытты күні алдынан талай рет қызық шақтай елестеп өткендіктен, Кенжехан сұрата жібергенде Жәмеш көп ойланбай-ақ Кенжеханның жары болуға көніп қойған. Тегінде Жәмешті қадірлеген үлкендердің барлығы ырзалығына

сүйсінген уақытында: «Алдыңнан жарылқасын, қарағым!» – деп бата бергенде, ағасы Хакімнің: «Қадишаның бақытсыздығы да жетер, Жәмеш бармайды, берілмейді!» – деген сөздерінің барлығы да Жәмештің шынымен намысын келтіріп, ызаландырғандай болып еді». Бұдан кейінгі: «Өйткені, Қасым түсінгендей түсінік, ондай сезім, әлі бұның басына келіп көрген нәрсе емес», – деген Жәмешті ақтай айтылған сөйлем кейіннен қосылған.

74. 170-бет. Журналдағы нұсқасы мынадай: «... бүгінгі кеште Жәмеш жездесіне қалыңдық болып, жар өмірінің алғашқы күнін өткізді».

75. 170-бет. Алғашқы нұсқада: «Бұл түнде Жәмештің көңілінен қандай хал кешті, жүрегінде қандай сезім болып, басынан қандай ойлар өтті?» деп жазылған.

76. 171-бет. Бұл сөйлемдер де стильдік қырнаудан өткен. Журналда: «Жалғыз-ақ түске жақын оянып тұрған соң қасына Бибішті алып, бел асып барып, Қабышты көргісі келгенін айтқан. Бұл сөздің тұрасында Бибіш сыр тартпақ болып мәнін сұрағанда, Жәмеш ешбір сөз айтқан жоқ. Бұрыннан жеңгесіне әмір жүргізіп, дағдыланған әдетпен:

– Бұл жайын құдалап сұрамай-ақ қой. Бүгін саған ештеңе де айтпаймын. Тегінде бір нәрседен айнып, өкініп бұзылайын деп тұрғамын жоқ. Қабыштың талай жылдық зарлаған қарызы бар еді. Бір көрсем – ештеңе етпес деп тұрмын, соған хабар айт, – деген...» – деп басылған.

77. 171-бет. «... малды ауылдың бірі» – «басты ауылдың бірі».

78. 171-бет. «белгі болды»–«белгі сияқтанды».

79. 171-бет. Бұл жерге де өзгеріс енгізген. Бұрынғы үлгісі былай: «Жанағы сөзі де сондайдың белгісі сияқтанды. Сондықтан Жәмеш бойын салқын ұстап...».

80. 172-бет. Бұл сөйлемнің алғашқы нұсқасы мынадай: «Бұл сөз Қабышқа арналғай сөз емес, көбінесе Бибіштің мінезінен туған сөз еді. Сондықтан талай жылдан бері құмар болып жүрген жігітті тосып, тоғайға барудан Жәмеш әлі айныған жоқ. Ауылдың дырдуы басылып, иттер тыныштық алған соң, Бибішті өзі түртіп...».

81. 172-бет. Жазушы әңгіменің соңына қосымша сөздер қосқан. Бұл кейіпкердің көңіл күйін ашу үшін жасалған түзету екені байқалады. Алғашқы нұсқада әңгіме: «Шолпының сылдырымен бірге жүрегі де лүпілдеп кеткендей болды. Екеуі ақ отаудың есігін жамылыңқырап тысқа шыққанда, Жәмештің жүзі бұрынғыдан көрі жүдеп, сұрланып тұр еді» деп аяқталады.

Т. Жұртбай

ЖУАНДЫҚ

Әңгіме тұңғыш рет «Қазақ тілі» (1926 жыл, 10 қазан) газетінің 63-, 64-нөмірлерінде жарияланды. Жазушы әңгімесіне «Айғақ» деген бүркеншік атты пайдаланды. Содан кейін 1935 жылы Қазақтың көркем әдебиет баспасы басып шығарған «Ескілік көлеңкесінде» деп аталатын әңгімелер жинағында, 1957 жылы таңдамалы шығармалар жинағының 6-томында (101–112-беттер) жарық көрді. Жиырма-сыншы жылдардағы соңғы уақытқа дейін белгісіз болып келген әңгіме-повестерінің, пьесаларының басын құраған «Қараш-Қараш» (Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960, 475 бет) атты жинақ пен он екі томдық («Жазушы», 1967 1-том, 22–23-бет), жиырма томдық («Жазушы», 1979, 275–286-беттер) Мұхтар Әуезов. Әңгімелер. («Жалын», 1987, 72–81-беттер) деген басылымдарына енді. Он екі томдық, жиырма томдық басылымдарға жазушының өзі жөндеп, өңдеп бастырған «Қараш-Қараштағы» нұсқасы алынған болатын. Осы «Қараш-Қараш» пен алты томдықтағы, «Ескілік көлеңкесіндегі» мен газеттегі алғашқы нұсқалары салыстырылып, елу томдық академиялық толық басылымға жіберіліп отыр.

Таңдамалы шығармаларының алты томдығындағы «Жуандық» «Ескілік көлеңкесіндегі» «Жуандықтан» жеңіл-желпі айырмашылықтары бар. «Қараш-Қараштағы» «Жуандықта» қысқартылған сөз-сөйлемдер алты томдықта «Ел мінезі мұндайда», «Тамам ел» деп басталатын сөйлемдердегі «Ел» деген сөздер «Жуандар», «Жуан» деген сөздермен алмастырылған. Соңғы жөндеуінде Жақсылықты қуғынға салып, қысым көрсетіп отырған ел емес, жуандар екенін көрсеткен. Алты томдықта әңгімеге берілген сілтемеде: «Бұл әңгіме Совет үкіметі алғаш орнаған жылдар болмысынан алынған. Бай жуандар (феодалдар) үстемдігі әлі жойыла қоймаған көшпелі ауылда болған уақиға» – деген ескертпе берілген. Мұндай ескертпе «Қараш-Қараш» жинағындағы «Жуандықта» жоқ.

Жалпы М. Әуезов ертедегі мақалаларында отырықшылықты, егіншілікпен айналысуды ұдайы мәселе етіп көтерген. Бұл әңгімесінің негізгі идеясы сол болып отыр. Бірақ көшпенді тіршілікке әбден

бойсұнып кеткен Әбіш, Құрмандай жуандар ондай істі өре бастырғысы келмейді, себебі, бұрынғы ашса алаканында, жұмса жұдырығындағы Жақсылық сияқты кедейлер егін егіп, қора салып айтқандарына құлақ аспауға айналды және ел арасында оларға еліктеушілер де көбейді. Мұндай еркінсуді көтере алмаған Әбіш, Құрмандар орғалы тұрған егінге қасақана малдарын жайып, таптатып тастайды. Ақыры келіп қорасынан бездіріп, ол жерге егін екпейтін етеді. Дәл осындай көріністі жазушы кейін «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабында Дәркембай бастаған жатақтар мен Тәкежан, Әзімбайлар арасында болған қақтығыстар арқылы да көрсетті.

Салыстыру барысында мынадай айырмашылықтар байқалды:

«Жаз ортасы ауғаннан бері солар егін тарпын байқап» – «Жаз ортасы ауғаннан бері солар егін жайын байқап», «сол биылғы егін жайы еді» – «сол биылғы егін жайы», «қаракет иесі адам еді» – «қаракет иесі адам», «жер емшегін емуден дәндеп еді» – «жер емшегін емуден дәндей берді», «Ер ортасы жасқа келгенше» – «Ер орта жасқа келгенше», «ойлар ойлай бастап еді» – «ойлар ойлай бастады», «Жақсылық жаздан бері Әбіштің бетін көрген жоқ» – «Жаздан бері Әбіштің бетін көрген жоқ», «бір қастығын тигізіп кетер ме деп қорқатын», «Не істесе де – істейтіні биыл» деп Жақсылық күтетін» – «Не істесе де – істейтіні биыл» деп күтті Жақсылық», «осы жақпен келеді ғой деп Жақсылық күтуші еді» – «осы жақпен келеді ғой деп қауіп етеді Жақсылық», «атқа мініп еді» – «атқа мінді», «Шығып жіберген жерде» – «Шыға бере», «бір күн ойлап есіне алмап еді», «бір күн ойлап есіне алмаған», «әке-бабасынан бері қарай боқтай бастады» – «әке-бабасынан боқтай бастады», «қоңыз тергізерсіз» – «қоңыз тергізерсін», «Әбіш байдың өзі» – «Әбіш байдың өзі болатын», «Ел мінезінде Әбіштің көптен жақтаған саясатының бірі» – «Әбіштің ел мінезінде көптен жақтаған тәсілінің бірі», «Есінен шатасып» – «Есінен адасып», «Қатыны алдынан шығып» – «Әйелі алдынан шығып», «Дертіне жаңа ем қонғандай болды» – «Дертіне жаңа ем қонғандай», «түс қиып бара жатыр еді» – «түс бола бастаған», «Ақырында тағы жылады» – «Ақырында тағы да жылады», «қолымды теңдікке жеткіз, кеңес» – «қолымды теңдікке жеткіз, совет», «әлденеше айтқан соң еріксіз сенеді» – «әлденеше айтқан соң шын сенді», «Талайдан неше түрлі ыза көрген» – «Талайдан ыза көрген», «Ырзамын, кеңесім!» – «ырзамын... Советім!», «өз дегенін істеу керек болып отыр» «өз дегенін істеу керек», «сол сергелден» – «сол мәселе», «онымен әбүйір түспейді» – «онымен әбүйір алмайды», «ынтымағы бір болатын» – «ынтымағы бір», «Бір талайдан бері ел ішінен айықпай жүрген кикілжіңнің аяғы осымен биыл, жаңада, ғана

тоқтап еді. Сондықтан «ел берекесі үшін бірінің басына күн туғанда қалғандары бірігіп іздеп, бой көрсету қарыз сияқты еді. Оның ішінде Әбіш жақындағы бір тапқа өздерінің бетке ұстап жүрген жақсысын әлде болса қалқитып, нақты қылып ұстау керек. Ол сыртқа айдын үшін керек. Мұны ойласа да Әбіштерді барлық ынта-бейілмен іздеу керек» – «Енді бірін-бірі қорғауға жұмылғанда «ел берекесі» деген соң бірінің басына төнген қауіпті қалғандары бірігіп жеңілдету қарыз санаған. Оның ішінде Әбіш сияқты топ басы жуанын мықты ғылып ұстау мақұл. Ол сыртқа айдын үшін керек. Мұны ойласа, Әбіштерді әсіресе барлық ынта бейілмен іздеу міндет», «істелген нәрсе еді» – «істелген іс», «Ел мінезі мұндайда біреуді кінәлі қылудан тоқтамайды. Тағы талай кісіден көрмей, пәлені ұлғайтпай басылмайды», «Тәмам ел соңына түсетінін көз көрді. Мына жуандардың бос қолы, қысы-жазы осыны ермек қылудан қажымайды, Жақсылықтың жақындары да осы боп, содан қорқып-үркіп, қау-қаулаған сөзді көбейте берді. Сонымен Жақсылық ығып, жаса бастады», «Күнде орысқа» – «Күнде милицияға», «осыған тіреп отырса бір жөн. Әйтпесе көпке топырақ шашуға болмайды. Бір куә болмаса, бір күні жеңілетінін білді» – «соған тіреп отырса – бір жөн». «Ұзын сөздің қысқасы, шығын алу былай тұрсын» – «Шығын алу былай тұрсын», «Қайта барып начальникке шаға алған жоқ, Ақөзек уақиғасы ел ортасында жабулы күйінде қалды».

Т. Әкімов

ЧУСОВОЙДАҒЫ БУРЛАҚТАР

(Мамин-Сибиряктан)

Аударма «Сана» журналының 1924 жылғы 2-3-сандарында жарияланды. Соңына «Арқалық» деп жазылған. Елу томдық толық басылымға осы журналдағы жарияланым алынды.

Д. Мамин-Сибиряқтың туған жері Пермь губерниясының Висьмо-Шайтан деп аталатын елді мекен. Кейін шығармаларының негізгі тақырыбы Орал өңірі мен Сібір аймағы болды. «Ақбозат» деген әңгімесінде қазақ жігітінің тіршілігін арқау етті, басқа да шығармаларында, қазақтар кездесіп отырады. Орал тауларынан бастау алатын Чусовой өзені де оның шығармашылығынан ерекше орын алады. Ол осы асау, долы өзенді бойлап, баржамен, (сал) үш рет жүзіп өтті. Бірінші рет жазғы демалыстан Пермьдегі діни семинария оқуына қайтқанда өзендегі баржаға мініп жүрді, өйткені үй ішінің Пермьге көлікпен жеткізіп салатын жағдайлары жоқ еді. 1869 жылы үйіне жазған хатында қыркүйектің 8-де пристаннан шығып, сол айдың 16-да сабаққа үлгергенін хабарлайды. Келесі жылғы хатында тағы да аман-есен жеткенін білдіреді. Сөйтіп ол осылайша өзенді бойлап үш рет жүзіп өтеді. Қатерлі ағыспен жүру өлімге бас тіккенмен бірдей екенін біле тұрып, тартынып қалған жоқ. Осылардың әсері және жастайынан біліп, сүйіп өскен Чусовой атырабының табиғаты көптеген шығармаларын жаздырды. «В камнях», (Из путешествия по реке Чусовой) деген әңгімелерден тұратын шығармасы, «Бойцы» (Очерки весеннего сплава по реке Чусовой) деп аталатын жинағы жазылды. Алғашқысы 1882 жылы «Дело», кейінгісі 1883 жылы «Отечественные записки» журналдарында жарияланды. Бұлар 1898 жылы басылған «В глуши» атты кітабына енді. «В камнях» әңгімесінен кейін «Отечественные записки», «Дело», «Русская мысль», «Вестник Европы» журналдарында әңгіме, повесть, очерктері бірінен соң бірі шыға бастады. Чусовой тақырыбындағы шығармаларын әдебиет зерттеушілері мен қаламгерлер жоғары бағалады.

Бұл бағалау өзін қуандырғанын, құлшынысын арттырғанын хаттарында жазады.

М. Әуезов аударуындағы бұл әңгіменің көрініс суреттері «В камнях» әңгімесінен де және «Бойцы» деп аталатын очерктерінің әр тұстарынан кездеседі. Дәл аудармадағыдай жинақталған түрін Мамин-Сибиряқтың бұрынды-соңғы жарық көрген шығармалар жинағының ешқайсысынан кездестіре алмадық. Әлде осылардан алып аударды ма, не болмаса ертедегі газет-журналдарда басылғанын пайдаланды ма, ол жағын анықтаудың мүмкіндігі болмады. Мысалға «Мінеки, мына жерден бекерге емес, Чусовойдың атын шығарып, даңқын зорайтқан тамаша биік құздары басталады. Кейбірінің биіктігі алпыс саржан шамасы болып, ұзындығы өзен бойымен жүргенде шақырымға созылып жатыр» деген аударманың орысшасы: «Главную красоту чусовских берегов составляют скалы, которые с небольшими промежутками тянутся сплошным утесистым гребнем. Некоторые из них совершенно отвесно поднимаются вверх сажен на шестьдесят» деген сияқты болып келеді. (Д. Н. Мамин-Сибиряк. Собрание сочинений. Том второй. М., 1980. С. 3). Аударма «Арқалық» деген бүркеншік атпен жарияланды. «Арқалықты» Жұмат Шанин де бүркеншік ат ретінде пайдаланған екен. Ал М. Әуезов бұл бүркеншік атты қырқыншы жылдардың екінші жартысында жазылған «Асыл нәсілдер», пьесасына да пайдаланып, бәйгеге ұсынған. Стиліне, сөз қолдану ерекшеліктеріне қарап, ғылыми кеңес мүшелері Әуезов аудармасы дегенге тоқтады.

1. 187-бет. **«Чусовой бір тамаша орын»** – Бұл Пермь облысы жеріндегі өзен Каманың солтүстік саласында – ұзындығы 35 шақырым, орта Орал беткейлерінен басталады. Оған құятын ірі арналар: Койва, Усьва, Ревда, Сылва, тағы басқалар. Қарашада қатып, сәуірде мұзы ериді. Жағалауында Первоуральск, Чусовой қалалары бар.

2. 187-бет. **«Кейбірінің биіктігі алпыс саржан шамасы болып»** – Саржан 2 метр шамасындағы өлшем.

3. 188-бет. **«Бір уақыт қарт бурлак»** – Жағамен жүріп, кеме сүйрейтін жұмысшыны бурлак деген. Бұл жерде баржаны ескекпен (аудармада күрекпен) реттеп отыратын адам болып көрінеді.

Т. Әкімов

«ҚАРАКӨЗ»

(Текстологиялық түсінік)

«Қаракөз» трагедиясы 1926 жылы Қазақстан халық комиссариаты драма театры ашылу қарсаңында жариялаған бәйгеде бірінші сыйлық алып, сол жылы кітап боп басылды, театрда қойылды.

«Советская степь» газеті: «Пьеса жаман ойналған жоқ және көрермендер арасында табысқа жетті», – деп жазды. («Советская степь», 27.III.1927.) «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған мақала пьесаның театр сахнасында 1927 жылдың 5 желтоқсан күні қойылуын сөз етеді. «Қаракөз» пьесасы сахнада ойналып тұрғанда, қазақтың ескі салты, өзінше болған салтанаты, сері жігіт, ерке қызы көз алдына елестейді. Тек бұл қазақ халқының ескі өмірін суреттеп, тарихи өмірден ұмытылмас із қалдырған күйін ғана ескертемін», – дейді автор. («Еңбекші қазақ», 7.XII.1927).

Сыншы Қаракөз болып ойнаған Зура, Сырым болып ойнаған Құрманбек, Нарша болып ойнаған Иса, серінің жолдастары болып ойнаған Қалыбек, Әміре шеберліктеріне аз-кем тоқталады. «Көшенің батпағына қарамай, халық көп жиналды. Әрдайым жұрт осындай жиналып отыру керек», – деген жолдар, бір жағынан, езу тарттырса, екінші жағынан, жиырмасыншы жылдардағы қазақ театр сынының деңгейінен хабар береді.

«Жыл құсы» жинағында басылған мақаласында Жұмабай Орманбаев «Қаракөз» трагедиясы туралы орынды-орынсыз көптеген пікірлер айтты. Автор өкінішке орай, байсалды түрде ой толғап баға беру есесіне пышақ кесті үкім айтуды ұстанатын әдебиеттегі тұрпайы социологизм арнасына түсіп кетті. Сол сияқты Тоғжановтың «Сын және әдебиет мәселелері» кітабында да «Қаракөз» трагедиясы объективті бағаланған жоқ.

Мұхтар Әуезов «Қаракөз» трагедиясының бірінші нұсқасын қаламгерлік сапарда бірқыдыру тәжірибе жиған, қазақ әдебиетінің тұрақты қорына қосылған әлденеше әңгіме, «Еңлік – Кебек» (бірінші нұсқасы), «Бәйбіше – тоқал» пьесаларының авторы болған шағында,

Ленинград университетінде оқып, дүниежүзілік әдебиеттің молдір қайнар, жалпақ айдындарында сусындап жүрген кезінде жазды.

Сол тұстағы білікті сыншы Ғаббас Тоғжанов: «Мұхтардың «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесіндегі», «Қарагөзіндегі» әйелдерін алыңыз – бәрі де тұрмыста болмаған, ойдан, қолмен жасалған адамдар», – деп жазды. («Әдебиет және сын мәселелері», 1929, 159-бет). Пікіріне айғақ келтірмей, байлауын дәлелдеуді қажет қылмайтын аксиома ретінде ұсынады. Айтылмыш екі әңгіме көркемдік шеберлігімен, өмірдің бір кесегін қаз-қалпында реалистікпен бейнелеуімен бүгінгі оқушының өзін таңғалдырды. Әлденеше рет қайталап оқысаң да ортаймайтын, қайта жаңа сипатпен құбылып, үстеле түсетін мол әсер аласың. Ол әңгімелер алғаш жазылған қалпынан өзгертілген жоқ, бұрынғы күйі.

Пьесаны сынаушылар, ең алдымен, тақырыпты драматургтің бетіне мін етіп басты.

«Қаракөз» трагедиясының бірінші нұсқасы тақырыбымен, көркемдік ерекшеліктерімен, идеясымен, бар бітімімен Әуезовтің жиырмасыншы жылдарда жазған сыншыл реалистік әуендегі әңгімелері мен пьесаларының ден ортасында тұрады.

«Еңлік – Кебектің» бірінші нұсқасында автордың өзі оқушыға арнап жазған сөз басы, ал «Қаракөздің» бірінші нұсқасында пролог бар. Сөз басы да, пролог та пьесалардың мазмұнында органикалық түрде кірігіп, біртұтастықпен қиысып тұрған жоқ. Ендеше драматург оларды неге берген? Құлақ күйі іспеттес беташар драматургиядан бейхабар қауымға сахналық шығарма тосын, жат көрінбеу үшін әуелі қарасөзбен түсіндірме, кіріспе тәрізді нәрсе айту қажеттілігінен туған. Рас, «Еңлік – Кебектегі» сөз басы. «Қарагөздегі» пролог Әуезов творчествосының алғашқы кезеңіндегі дүниетанымын айқын көрсететін материалдар.

Бір беттен сәл асатын бұл прологта не айтылушы еді? Әуелде сахнаға ақ сақалды, ескі пішінді, үстінде кестелі тоны бар шал шығып, бір қолына қобыз, бір қолына сыбызғы ұстап тұрып қатады. Алдыға: «Бұлаң жігіт, ардагер, кер марал, ерке тоты шығатынын», – айтады.

Ол аса бір соққан желдей,
Алыстағы сары белдей.
Арқаның ақ төсінде
Ақ айналы көлдей,
Толықсып аққан селдей,
Шырқап кеткен келмей,
Алыстағы асқардай.

«Алқынсаң да келмейтін аршындап өткен заман ғой», – деп

бұрынғы күндерді қолпаштай, дәріптей сөйлеп шалқиды. Бұдан әрі тағы сол шал:

«Сол күн сенің есінде қалды ма екен? Из қалдырмай жоғалды ма екен?.. Жасыл бел басына тіккен ала туды ұмытты ма екен?!. Қайғылы сары өзен сыбызғы үнін ойлай ма екен?!! Бүгінгі қаралы жартас жарық түнде кездескен асықтардың әніне қосқан жаңғырығынан жаңылды ма екен?.. Арқаның қоңыр желі садақ оғына жыртылған жүрегін жалғады ма екен?.. Үзілген күй жаңғырықты ма екен?.. Сері жігіт, ерке қыз бұрынғыдай айтыса ма екен? Ащы дауыс шырқай ма екен? Қарауылдың аңқып ұшқан алғыр құсы Сырымдай бұ күнгі жігіт қиыннан тоят тілей ме екен? Мұның бәрі ескілік...», – деп зар қағады. Шалды тағы тыңдайық.

«Бүгінгі дала жай болып сарылған... Бүгінгі ән мұнайған, жүдеу, қаралы... Жел шалқып, еспей күрсінеді... Домбыра күй тартпайды... Жылайды... Қыз ән шырқатпайды, сыбырлайды... Сондықтан, сондықтан!!! Көрінде тоқсан толқып, жүз күңіренген Сырым мен Қарагөз заманының салтанатты серілігін сендерге әкелді. Тербеуге көнсең – тербетпекші... Сергимін десең – сергітпекші... Сыпайы жігіт, үлгілі қыз!..»

Әрине, кейіпкер сөзімен автор мұраты дегендер екі бөлек нәрсе, бірақ «Қарагөздің» прологында жиырмасыншы жылдардағы Әуезовтің қазақ тарихына деген көзқарасындағы басты сипат анық көрінді.

«Қарагөздің» 1926 жылы шыққан бірінші нұсқасын автор драма деп көрсеткенмен, ол – трагедия. Қаһармандар тұрпатының айрықша кесектігі, олардың өмірдің шытырман бір кезеңінде бой көрсетуі, қоршаған орта мен арадағы; тартыс бітімсіздігі ақыры өліммен тынған соқталы күрес – осының бәрі «Қарагөздің» алғашқы нұсқасын трагедия деуге толық негіз береді.

«Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Кім кінәлі?» әңгімелеріндегі әйел тағдырларының Қарагөз тағдырына ұқсастығы – жазушының шиырды таптауы, өзін-өзі қайталауы емес, бір құбылысты жан-жақты алып, тереңдей қопарып әртүрлі көркемдік шешім беруі болып табылады.

Кейін Әуезовтің есімін әлемге мәшһүр еткен ұланғайыр эпопеядағы үлкен арнаның бірі – өнер адамын, оның тірліктің ұзын жолындағы күресін, жеңілісін, жеңісін, күйінішін, сүйінішін суреттеу болса, сонын басы осы «Қарагөзде» жатыр. «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше – тоқал» трагедияларын жазу арқылы сюжет өрбітуге шеберленіп, композицияның шығарма идеясын ашудағы рөлін айрықша түсініп, характердің конфликтіге, конфликтінің характерге жасайтын ықпал заңдылығының байыбына барған Әуезов «Қарагөзді» драматургияның

катаң талаптарының өзіне жауап берерлік сахналық шығарма етіп шығаруға көп күш жұмсаған. Өмірлік шындыққа табан тіреп тұрған кезде өнер табиғаты сюжет даралығын, ситуация айрықшалығын ізденуді мансұқ етпейді. Бірақ типтендіру дегеніміз санға емес, сапаға қатысты нәрсе. Құбылыс заңдылығы шығармаға түсуі шарт, кездейсоқ жайттардың бейнеленуі жазушыны табысқа кенелтпейді.

Ағасының немере қарындасына ғашықтық хикаясы көкейге қонымды болмаса да, драматург осындай ерекше конфликтіні құптап, сол орайда туатын тартыс шытырманшына қызығып кеткен. Көне грек әдебиетінде андаусызда әкесін өлтіріп, өз анасына үйленіп қалған Эдип патша басындағы қайғылы хал, Ги де Мопассанның «Портта» әңгімесінде білместіктен туған қарындасына қосылған жігіттің жан күйзелісі суреттеледі. Бұлардан кейде кездейсоқтық қандай зұламат қызмет атқаратынын көреміз. Ал Әуезов трагедиясында Сырым мен Қарагөз туыстықтарын біле тұра қосылуға, бірге тірлік кешуге ұмтылады.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық дәстүрі, жалпы адамшылық дәстүрі тұрғысынан алғанда да туыс адамдар арасындағы махаббат жыр ететін, мадақтайтын факті емес. «Қарагөздің» алғашқы нұсқасындағы бұл олқылықты сыншылар (Сейфуллин, Тоғжанов, Орманбаев) дұрыс көрсетті.

«Еңлік – Кебек» трагедиясы тұңғыш нұсқасының оқиғасы аңыз ізінен көп алшақтамаса, «Бәйбіше – тоқалда» Мұхтар өзінше сюжет құрды. «Қарагөздің» алғашқы нұсқасында драматургтің қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінен алған, кәдеге жаратқан дүниелері мол. Айтыс, беташар, жар-жарлардың трагедияны түрлендіріп, оның еуропалық қалпына жаңаша бір бояу қосып, өзгеше ажар енгізіп, ұлттық нақыш бергенін атап айтуымыз ғанибет. Бір жағынан, қазақтың халықтық әдебиетінің озық үлгілеріне қол артқан, екінші жағынан, еуропалық классикадан үйреніп, биік қаламгерлік мәдениетке жеткен Әуезов жиырмасыншы жылдардың өзінде-ақ қиын жанр – драматургияда көркемдік тәсілдердің сан алуанын батыл қолдана білді. «Қарагөздің» аруағын сөйлету – кейбір сыншылар айтқандай Құдайды мадақтап, дінге сену емес, символ арқылы негізгі идеяны әсерлі жеткізуге бой ұру.

Сырым мен Қарагөзді немерелес етіп алумен драматург трагедиядағы қалыңмалды сынау, әйел теңсіздігін айыптау тенденциясын біршама солғындатты. Өйткені, айтылмыш ситуациядан туатын объективті идея – немерелес адамдар арасындағы интимдік қарым-қатынасқа қарсы тұрмау керек боп шықты. Автор бір қаһарманның аузымен құранды да бұған куәға тартады. Сөйтіп, негізінен, қазақтың

ескі аулындағы зиянды әдеттердің бірі – мал беріп, дүние өткізіп жасалатын сатымсақ құдандалықты сынайтын шығармада басқа сыңайларға да орын берілді.

«Қарагөздің» бірінші нұсқасы – пьеса тілі жөніндегі биік талапқа жауап береді. Автор диалогтің салмағы, әрекеттілігінен гөрі, кей ретте фразаның сырт сұлулығы, жалтырап тұруы, шешен естілуіне көбірек ден қойды. Бірінші нұсқаның өзінде Сырым, Қарагөз, Нарша, Мөржан, Асан образдары кесек қалыптарымен шыққан болатын. «Қарагөз» трагедиясының алғашқы нұсқасы – Мұхтар Әуезовтің қуатты талантының шарқ ұрған ізденістерінің бір белгісі, реализмнің ашық аспанды, кең алқапты, берекелі өлкесіне келу сапарындағы ескерткіші.

Көп жылдар өтті. Шығармашылық эволюцияның қат-қабат, шытырманды жолдарының қиындығын жеңген Әуезов жиырма-сыныншы жылдардың өзінде қазақ әдебиетінің алтын қазынасына қымбат шығармалар қосса, отызыншы жылдарда классика, реализм принциптерін толық игеріп, оны қаламгерлік тәжірибеде жемісті қолданды. Қазақ халқының бойындағы тамаша рухани байлығын айқара ашқандығының, көркемдік ойының шарықтап өскендігінің белгісіндей болып, қыркыншы-елуінші жылдарда ұлы шығарма – «Абай жолы» эпопеясы туды. Сөйтіп, Әуезов өзін де, халқының әдебиетін де мәңгілік даңққа бөледі. Кемеліне келген кезде жазушының бұрынғы шығармаларына қайтып оралуы заңды еді. Үлкен жауапкершіліктен туған қадамы еді.

Осындай тынымсыз ізденуге түскен Әуезов «Еңлік – Кебек» трагедиясының бірнеше нұсқасын жазады, «Айман – Шолпан» комедиясын қайта жазды, «Қараш-Қараш» оқиғасы повесіне сапалы өзгерістер енгізді. «Қарагөз» пьесасын екінші рет қолға алғанда, оқушы қауымға арнап, алғы сөз жазып, бұрынғы нұсқадағы олқылықты түзету, шығарма идеясын тереңдету, сөйтіп, көркемдігін жетілдіру мақсаттарын көздегенін ескертті. «Пьесаның ендігі айқындалған идеясы бойынша, азаптан туған ақындық, қан қайғыдан туған қаза, жекебастың ғана күй шерінен басталып барып көп мұңдар, көп жылаулар күйіндегі азапты ұғынуға, халықтық қайғы-қамды ұғынуға беттеген шабытты көрсетпек», – деп жазды Әуезов.

Трагедияның екі нұсқасын салыстыру арқылы шығарманың қандай редакциялауға ұшырағанын көріп, драматургтің творчестволық лабораториясына еніп, шеберлік сырына катысты көп ойлар түюге болады. Ең алдымен, бірінші нұсқадағы пролог алынып тасталды. Бірінші нұсқада эпилог бар-ды. Онда да прологтағы шал сахнаға шығып, өлеңмен Сырымның кейінгі өмірін баяндайды.

Моладағы соңғы түн аруақтан соң,
Төгіліп ағыл-тегіл өлең кетті.
Сырымға ұшан-теңіз сөз дарыды,
Ашығы бата беріп қол сермеді...
Аздан соң дәурендеді ақын тілі,
Іркілмей жақ сарнады күні-түні.
Қайғы мен шерден туған ақын болып,
Шерменен аспанға өрлеп жалын шықты...
Біресе бүктетілген селдей болып,
Екпіні тау теңселтіп, тасты жықты.
Құба жол ордай болып, асылып қап,
Шаршы өрде шабынғанды інге тықты.
Қолына сыбызғы мен қобыз ұстап,
Сайқалдап сар даланы шарпып өтті.
Кескекпен шапшып тұрған ашулы жау,
Бетінен шошығандай жасып ықты.
Әуелде ызаланған жауын қуды,
Зарын төгіп көзінің жасыменен
Қаралы қайғы басқан бетін жуды.
Бір кезде ашуменен тас боратты,
Заң болған жауыздыққа қарғыс атты... –

деп келетін, қырық жеті жол өлеңнен тұратын бұл эпилогта ешқандай саяси да, идеялық та қате жоқ екені мына үзіндіден көрініп тұр. Қайта, бірінші нұсқаның сыншылдық бағытын айтқанда, ден қояр тұстың бірі – осы эпилог. Трагедияның жанрлық шарттарына толық жауап берерлік архитектуралық шебер шығарма жасауға күш салған Әуезов эпилогты тұтас қысқартып тастады.

Оқиғаға араласатын адамдар, негізінен, бұрынғылар. Характерлік даралығы шамалы, тартысқа аз персонаж Тұрсын (Наршаның әкесі) екінші нұсқада шығып қалды. Қосақ арасында жүрген қызметкер қыз Кәмшаттың аты соңғы нұсқада арнайы айтылмайды. Бұлардың есесіне шығарманың идеялық қазығын бекітуге үлкен рөл атқаратын қос қаһарман енгізілді: бірі – егінші шал, екіншісі – балықшы шал. Бірінші нұсқада оқиғаның болған уақыты да дәл көрсетілсе, екіншісінде ол жоқ, өйткені шығарманың революциядан бұрынғы қазақ өмірін бейнелейтіні өз-өзінен түсінікті. Бұрынғы Қойсары деген персонаж аты Тойсары боп өзгертілді. Ақбала әуелгі нұсқада Қарагөзді – Төрем, кейінгісінде – Көзжақсым, Сырымды әуелгі нұсқада – Мырза жігіт, кейінгісінде – Молда жігіт дейді. Қарагөз бен Сырым шыққан орта – алғашқы нұсқада Қарауыл, соңғыда Қарауыл ішінде Өсер аулы.

Драматург алғашқы нұсқадағы көп диалогтерді, бір қыдыру

монологтерді, түрлі ремаркаларды ықшамдаған, батыл қысқартқан. Бұл трагедия тіліне нұқсан келтіретін баяндаушылықты, қажетсіз тәптіштеуді жойып, оның орнына фразаның характерді дөп бейнелеп, конфликтіні өршітуіне тигізетін екпінін арттырған.

Жеке сөздердің бейнелі, нақтылы синонимдері алынды. Тұтас диалогтер қайта жазылды, жеке сөйлемдер ауыстырылды. Соңғы нұсқада инверсияға ерекше мән берілген кейіпкер сөздерінің ырғағы, құрылысы, сөйлеу тіліне жақындатылады. Бұрынғы нұсқадағы өлең, беташар, жар-жар, айтыстар да ықшамдалды.

1926 жылғы нұсқа:

Қ а р а к ө з . Кім екенін айтпаймын. Бірақ осы жерде бүгін түсін көресің. Бұл істің басталғанына көп болған жоқ. Қара түнді жамылып, құдай атын айтып қосылғаныма екі-үш-ақ ай болды. Содан бері аз-ақ көрістік (*Тым-тырыс.*) Бізді қосқан желік пен құмарлық емес, бізді қайғы қосты. Апам өлгеннен бері көңілімде болған жетімдік, күйік қосты. Саған айтатын үлкен сырым осы.

1959 жылғы нұсқа:

Қ а р а г ө з . Кім екенін айтпаймын, осы, жерде бүгін түсін көресің. Бұл істің басталғаны кеше ғана. Қара түнді жамылып, жан сырын ашысқанға бір-ақ жұма. Содан бері екі-ақ көрістік (*Пауза.*) Бізді қосқан жай желік пен құмарлық емес! Саған айтар ең үлкен шыным осы.

Бірінші сөйлем сол қалпы. Қарсылықты «бірақ» сөзін алып тастау екінші сөйлемнің ырғағын күшейтіп тұр. Соңғы нұсқаның үшінші, төртінші, бесінші сөйлемдері ықшам, ішкі мағынаға бай, екпінді. Қарагөз бен Сырымның табысуын жақын арада болған етіп көрсету – олардың жалындаған, алау атқан сезімдеріне жақсы авторлық мотивировка.

Екінші нұсқада Қарагөздің салған жерден өздерінің қалайша табысқандарын ашып тастамауы да орынды. Ол бірден айтылып қалған болса, тартыс желісі босаң тартар еді. Қарагөздің бір сөзін қысқарту, шамалы өзгертумен драматург жаңа мазмұн тудырған.

Екінші нұсқада Сырым мен Қарагөз немерелес болып алынбайды. Олар бір ауылдың ұлы мен қызы. Автор пьесаның негізгі сюжеттік сорабын бұзбай-ақ жаңа өзгерісті шеберлікпен енгізді. Сырым мен Қарагөздің жолығысуын Ақбала көретін сценаны алайық.

1926 жылғы нұсқа:

А қ б а л а (*шошым жағасын ұстан*). Астапыралла, мынау не деген сұмдық! Бір туысқан әкелердің балалары көздері тіріде... Құдай-ай,

қаһарынан сақта. Төрем! Сені қара басқан екен ғой (*Жағасын ұстап, жүдеп, кейін шегінеді.*)

1959 жылғы нұсқа:

Ақбала. Көзжақсым, мынау ойының ба, шының ба? Алыстан тапқан ба десем, жаңа көрдің бе осы тентекті?

Алғашқы нұсқада Ақбаланың немерелес адамдардың жақын болуын көріп шошынуы табиғи. Екінші нұсқада да таңырқау бар. Ақбала ұғымында тентек Сырымның аяулы қайын сіңлісі Қарагөзбен көңілдес болуы үйлеспейді. Соңғы нұсқада психологиялық ремарка қысқартылған, себебі қазақ театрының дамып өскен шағында артистер ойынына, режиссураға қатысты нәрсені пьесаға енгізудің қажеті жоқ-ты. Екінші нұсқада бұрынғы нұсқадағы көп ремаркалар осы негізде қысқартылған.

1926 жылғы нұсқа:

Сырым (*Қаракөздің құшағынан босанып, Ақбалаға*). Токтат сөзіңді кекселенбей, сен сынаймысың бізді? Ол – Қаракөз, мен – Сырым... Қаракөздің Сырымнан артық жары болушы ма еді? Бізді Құдайымның өзі қосқан. Сәулемнің менен өзге теңі кім? Мен жылап жүріп тілеп алғамын.

1959 жылғы нұсқа:

Сырым. Ақбала, айыбыңды ал, тек жазғырма! Ол – Қарагөз, мен – Сырым! Қарагөздің Сырымнан артық жары болушы ма еді? Сәулемнің менен өзге теңі кім? Мен жылап жүріп тілеп алғам.

Екі сөйлем қысқартылып, жаңадан бір сөйлем қосылған. Алғашқы нұсқада Сырым ашулы, құдайшыл, соңғыда мінезі майда, жеңге тілін білетін сыпайы, сырбаз жігіт.

1926 жылғы нұсқа:

Қаракөз. Жеңеше, мен саған бәрін айтқанда, атын неге айтпады дейсің? Айтуға аузым бармағандықтан, көзі көрсін дегенмін. Сүйгенім Сырым болмаса, мен жалғызбын дер ме едім. Сенен көмек сұрар ма едім.

1959 жылғы нұсқа:

Қарагөз. Жеңеше Ақбала... Сырым болмаса, мен жалғызбын дер ме едім. Сенен көмек сұрар ма едім.

Тағы да драматург қысқартуды жақсы пайдаланған: екі сөйлем түсіріліп, қалғандары жаңа мазмұнды әдемі беріп тұр. Алғашқы вариантты қайта редакциялағанда, қол тимеген бір де бір бет жоқ десе де болады. Тағы мысал.

1926 жылғы нұсқа:

Нарша (*Сырымға*). Сырым, сен жалындаған асыл сөздің иесісің. Сенің сөзің ажалдыға кез келсін деуші еді жұрт. Бірақ шарай топтың көзінше пұшпағына ілінген ажалды киік мен болам ба?

Азалы, қайғылы жалғыз Қаракөз емес, сен де арманда көрінесің. Қаракөздің күйігін жыр қылушының басы сен болған соң, қарындасыңда да не арман болсын. Жалғыз-ақ керегі жоқ... Бұ да кезі келген заман шығар.

Сырым (*салқын*). Қарағым, мені жерлеп қайтесің? Мен жол мен жөннен адасқан әуре жанмын... Менің елім – жылаған қыз бен жырлаған жігіт... Одан басқа елдің бәріне мен жатпын, маған сен де жат. Тіл алсаң, мені қажама... Сенімен шиеленіспей-ақ қояйын.

1959 жылғы нұсқа:

Нарша (*Сырымға*). Сырым, сенің жалынды сөзінді ажалдыға кез келсін деуші еді жұрт. Бірақ шарай топтың көзінше пұшпағынан ілінген ажалды киік мен болам ба? Азалы, қазалы, қайғылы жалғыз Қаракөз емес, сен де арманда дейін бе, мен не дейін?

Сырым (*салқын*). Шырағым, мені шенеп қайтесің? Жол мен жөннен адасқан әуре жанмын мен. Менің елім – жылаған қыз бен соны көз жасын жырлаған жігіт, тіл алсаң, мені қажама. Сенімен шиеленіспей-ақ қояйын.

«Қарағым» – шырағым боп, «жерлеп» – «шенеп» боп өзгертілген. Бұл жерде «шенеу» сөзі айтпақ ойды да дәл береді. Ал, «қарағымның» синонимімен ауыстырылуында дыбыстық үндестік ескерілген (шырағым – шенеп). Наршаның Сырымға айтқан сөзінің қысқартылуы орынды. Мұрат, мүддесі алшак, тіпті жауласуға таяу адамдардың бір-біріне баға жомарттығы сирек болады.

Қаракөз бен Сырым бұрынғыдай жақын туыстық қатыста алынбағандықтан, бірнеше сөйлем заңды түрде қысқартылған. Драма-тург «мен» сөзін сөйлемнің соңына әкелу арқылы инверсия жасаған.

1926 жылғы нұсқа:

Мөржан. Сенің қабағыңа қарап Нарша да жүдеп отыр дейді. Оның да қабағы сынық сияқты маған. Одан артық сұмдық бола ма? Бұл менің көрер күнім бе еді? Осыны бір емес, көп жұрт айтты. Қарағым, мен сенен мұның жай-жапсарын сұрамаймын.

1959 жылғы нұсқа:

Мөржан. Сенің қабағыңа қарап Нарша да жүдеп отыр дейді. Оның да көңілі сынық сияқты маған. Осыдан артық сұмдық бола ма? Бұл ма еді менің күткен күнім? Осыны тойға жиылған өсекші қатындар тобы сусылдап, ордалы жыландай ысқырып, өсекке таңып, жұртқа

жайып барады дейді. Қарағым, мен сенен мұның жай-жапсарын сұрамаймын.

Қатар тұрған екі сөйлемдегі бір сөздің орынсыз қайталануынан қашып драматург «қабағы» деудің орнына «көңілі» дейді. Екі нұсқадағы төртінші сөйлемнің мағынасы бір. Бірақ инверсия жасалғандықтан, соңғы нұсқадағы сөйлемнің әрекеттілігі, ырғағы күшті. «Осыны бір емес, көп жұрт айтты» деген жуас сөйлемді Әуезов тамаша шеберлікпен өзгертіп жіберген. Жаңа сөйлемде суретті образдылық, көз алдыға келер қимыл бар. Ситуация атмосферасын, психологиялық сәтті дөп бейнелеген дәлдік бар. Өсекші қатындарды ордалы жыланға теңеудеі ұлттық бояуы қанық колорит жатыр.

Драматург пьесаның алғашқы нұсқасындағы қыруар өлеңді батыл түрде ықшамдап, аз сөзге көп мағына сыйдырды. Бірінші көрініс басталғанда шырқалатын «Баянауыл» әнінен 4 жол қысқартылды. Беташар әуелгіде 97 жол болса, соңғыда 54 жол; Асан айтатын жар-жардан 11 жол, Сырым айтатын жар-жардан 17 жол қысқартылды. Көрімдік сұрай айтылатын 25 жол өлең мүлде түсіп қалды. Сырымның Қарагөз қабірі басында айтатын өлеңінен 4 жол қысқартылды. Қарасөзбен толғайтын монологынан 25 сөйлем қысқартылды.

Жеке сөздерді, фразаларды, тіркестерді, сөйлемдерді, тұтас беттерді қысқарту, не оларды ауыстыру, бұрынғы материалдарды өзгертіп, өңдеп, қайта жаңғырту, инверсия, аллитерация, ассонанс, градацияға айрықша мән беру сияқты редакциялармен қабат, екінші нұсқада автор мүлде жаңадан қосқан жерлер де көп.

Олар мыналар: Нарша – Асан, Нарша – Матай араларындағы диалог («Қараш-Қараш», А., 1960, 242-243-б.), Сырым – Қарагөз арасындағы диалог (сонда, 245–248-б.), Мөржан – Сырым, Жарылғап – Сырым – Жабай араларындағы диалог (сонда, 258– 260-б.), Нарша – Қарагөз арасындағы диалог (сонда, 265-б.), Қарагөз – Сырым арасындағы диалог (сонда, 268-б.), Қарагөздің есінен айырылғанын естігендегі Сырым монологы (сонда, 275–276-б.). Бірінші нұсқада керіністер номерленіп отырылса, кейінгіде ол жоқ.

Сырым Қарагөзден айырылған соң, екінші нұсқада балықшы, егінші қауым ортасына барады. Бұл бір сурет болып қосылған. Алғашқы нұсқаның бірінші, екінші суреттері жалғыз перде құраса, кейінгі нұсқада олар жеке-жеке акт. Екінші нұсқа осы реттен төрт акт, жаңадан жазылған бір сурет есесінен жеті суретті болып тұр.

Зор көлемді, сан салалы, мол мағыналы редакцияның арқасында «Қарагөз» трагедиясындағы драмалық ситуациялар өзгеріп, бұрынғы қаһармандар жаңаша кейіп тауып, конфликті тереңдеп; шығармадан тұатын объективті идея сараланып, аршылып, байып, соны күйге көшті.

Осындай көп ізденіс, көп еңбектен соң «Қарагөз» трагедиясының екінші нұсқасы дүниеге келді.

Араға отыз жеті жыл салып, «Қарагөз» трагедиясы қазақ театрларының сахнасына қайта шықты. Үлкен драматургтің шебер қолымен жаңғырып шыққан трагедияны Қазақтың академиялық драма театры Алматы жұртшылығына 1963 жылдың 7 сәуірінде көрсетіп, сәтті спектакльмен қуантты.

Әдебиетші Е. Лизунова «спектакльдің тұрмыстық драма емес, шын мағынасындағы трагедия» екендігін көрсетіп, пьеса өткен өмірді суреттегенімен, актуальдығын жоймағандығын дұрыс айтты. Қарагөз рөлінде ойнаған Зәмзәгүл Шәріпованың, Сырым рөлінде ойнаған Шахан Мусиннің, Мөржан рөлінде ойнаған Сәбира Майқанованың табыстары жақсы лебізге ие болды («Казахстанская правда», 14. V. 1963)

Театр сыншысы Қ. Қуандықов «Қарагөздің» қойылуына екі мақала арнап, спектакль жайындағы толғамдарын ортаға салды. Трагедияны Алматы театрында қойған А. Мадиевскийдің, Семей театрында қойған Б. Омаровтың, Қызылорда театрында қойған Мен Дон Уктың режиссуралық шешімдері салыстырылды. Филология ғылымдарының кандидаты С. Ордалиев «Қазақ драматургиясының очеркі» (1964) кітабында Әуезовтің басқа пьесаларымен қоса, «Қарагөз» трагедиясына арнайы тоқталды. Жұртшылық алған әсер, сахнаға қайта шыққан спектакльге деген көрермендер ықыласы да айтылып жатты («Қазақ әдебиеті», 23.VI.1963, «Қазақ әдебиеті», I т. VI. 1964, «Жетісу», 31.VI.1963).

«Қарагөз» трагедиясындағы негізгі тартыс шымылдық ашылмай тұрып басталып, өсіп-өрбіп бірталай жерге барып қалған. Байқап қараңыз: Қарагөздің қалыңмалы алынған; Нарша ұрын келген; бірақ дәл осы тұста жалын жүрек, ыстық сүйіспеншілікпен өргене табысқан Сырым; Қарагөздің әлі жұрт көзіне түсіп, дабыра болмаған үркек махаббаты бар. Қарагөз – қалыңдық. Нарша – күйеу. Бұлардың тойының мәз-мереке, сән-салтанат шуына бөленуі – ауыл-аймақтың, ағайын-туыстың күтіп, тілеп отырған қызығы. Сырт көз, бөгде біреулер тұрғай, Наршаның жанына ерген жақын достары Асан, Матайлар да басқа ойға жол бермейді.

Қызды біржолата алып кетуге келе жатып, Нарша өзі серіктеріне сыр ашады. Аналар мүлде күтпеген тосын сыр, суық сыр. Асан мен Матай Нарша аузынан шыққан сөзді әуелде жатырқай қарсы алады да, соңынан қоршаған орта, ескен өңір мораліне лайық тіл қатады. «Е, салмайсың ба тыйымды, тартқызбайсың ба ондай қырсық мінез сазайын?!» – деген Асан сөзі Матайдың да тіл ұшында тұр.

Нарша образының негізгі трактовкасында схема жоқ, қайта белгілі

калыптан бойды әдейі алып қашу бар. Қазақ әдебиетіндегі тақырыбы әйел теңдігіне қатысты шығармалардың көбінде қалың беріп қыз алушылар, не қаусап отырған шал, не елден шыққан дөрекі топас болатын.

Әрине, көркемдік жинақтау жасау үшін мұндай типтендіру әдісін қолданудан безу жарамас, бірақ өмірлік жағдайлар тым әртүрлі, тым күрделі емес пе? Әуезовтің «Қарагөздің» бірінші нұсқасының өзінде-ақ Наршаны көкірегі ашық, сезімі мол жан етіп алуы оның өмірлік фактілерді сұрыптауда реализмге ден қойғандығын көрсетеді.

Нарша, Асан, Матайларға жұмбақ сырдың шешуі екінші көріністе ашылады. Қарагөзбен, Сырыммен танысамыз. Жақсы жеңге, сырға бай, ақылды келіншек Ақбала, көмейлерінен өлең төгілген, бірі атып, бірі қуған сал-серілер, акын, әншілер Дулат, Қоскелді, Дәулеткелділер құр нөкер емес, драмалық тартысқа белсене қатысып жүрген қаһармандар.

Бұлар шырқап салған әндерімен, сирек болса да тап басып айтатын қанжардай өткір сөздерімен сахналық әрекетке жан беріп, ширата түседі.

Жаңа ғана басталған ақ, адал махаббаттың нұрлы таңының арайлы сәулесі еріксіздіктің сұмдығымен шарпысып, Сырымның өр асқақ акын жүрегінде ыза-кек отын лаулатады. Сүйіспеншіліктің ыстық ләззатына мас болып, дірілді толқынға шомылған жайы бар Қарагөздің де. Алды-артын аңдар, ертеңді болжап, қазіргісін шамалар күйден айырылып, ғашық көкірегімен, алаулы сезімімен тағы да тауып тұрғаны – Сырым құшағы. Аңсап қауышқан қос ғашықтың бірігіп көрген рақат, сүрген дәурендері жалғыз-ақ жұма. Сонымен бітпек, үзілмек бәрі. Қарагөз Досан аулының келіні болмақ, Сырым қалмақ жайына.

Өрт махаббат пен кара қапас әділетсіздіктің карама-қарсы бетбет келген жері осы. Адам сезімдерінің ішіндегі ең шұғылалысы, ең ыстығы – махаббат. Оған жасалған зорлық – қиянаттың ең үлкені, ең сұмдығы. Әсемдікке, нәзіктікке құштар акын жүрек тамсануды таңдай қағуды ғана білсе, оның қуаты қанша! Жоқ, күреседі, алысады акын жүрегі. Қарагөздей аруы жатқа жем боп бара жатқанда, Сырым қалай өртенбесін, күймесін, күреске шықпасын.

Ішкі әрекет шиыршық атқан осындай шытырман әрі терең психологиялық ситуацияда Қарагөз бен Сырымның характерлері өте тамаша бой көрсетеді. Өмірдің кілт бұрылысында, тағдырдың талқысына түсіп тұрған ерекше бір жағдайда, қаһармандарды сынау үстінде бейнелеуді – драматургияның ежелден келе жатқан өнікті, өрелі әдістерінің бірін Әуезов үлкен суреткерлік шеберлікпен пайда-

лана білген. Сырым мен Қарагөздің алғаш қалай табысқанын бейнелеп жатпай, нағыз қиракезек кезеңді таңдап алу пьесадағы тартысты салған жерден соқталы көрсетеді.

Драматург басты қаһармандары Наршаны да, Қарагөзді де, Сырымды да ішкі толғаныс, зор тебіреніс үстіндегі ситуацияда алып, конфликтінің одан әрі шиеленісуін қаузаиды.

Тартыстың бұдан арғы өрбуі талайға дейін қыз ұзату сюжетінің арнасында отырады. Бұл жерде Әуезов халық салтын драмалық шығарма фабуласына органикалы түрде кірістіріп, шашау шығармай шеберлікпен пайдаланған. Алғашқы пердедегі жағдайлар негізгі тартыстың экспозициясы іспетті болып, оның қалай пайда болғанын, көлемін, күшін аңғартса, бұдан кейінгі әрекет басты қаһармандардың – Қарагөздің, Сырымның, Наршаның жанына тиер, тағдырын шешер кемерге келіп тіреледі.

Ол – той. Қарауылдың кер маралы, аялаған аруы Қарагөздің ұзатылу тойы. Сыртқа дабырлап, қызыл-жасылмен жарқыратып айтып жатса да, Қарагөздің риза еместігі алты алашқа белгілі. Қыз отауын көруге келген үш әйел сөздерінде қорғасындай ауыр салмақ, ащы сықақ, үлкен сын жатыр.

Тегінде Әуезов әйел образдарын ақ не қара бояуда ғана алмайды. Олардың өзара араласуын, құбылуын, жан-жақты болуын құнттайды. Әуезов трагедияларындағы әйелдер әрқалыпта: Еңлік – ер, асқақ; Дәмеш – әлі жөн-жосықты тани қоймаса да, азаттықты көксейді; Қарагөз – тебіренген терең сезім иесі. Бұларға қарсы типтер: Қайша – зұлымдықты еркектерден асыра істемесе кем істемейтін жан; Мөржан – тұрпаты кесек; Жүзтайлақ – аяр, қу.

Надан ескіліктің қияңқы дүлейлігі Қарагөз бен Сырымды бақытсыз етті. Сол күштің үлкен тұтқасы бір ауылды аузына қаратып отырған Мөржан бәйбішенің қолында.

Тартыс үдеп келеді. Тойдың тұрмыс-салттық жағы құнтталмай, ол фон ретінде ғана алынып отыр. Басты қаһармандардың бәрі бұл күнге іштерін жегідей жеген, енді сыртқа шықпай қоймас көп түйін, мол шиemen келіп отыр. Нарша сырын достарына айтты. Мөржан Қарагөзбен беттесті. Енді не болар деген сұрақтың жауабы ұзақ күттірмейді.

Осы кезде Қарагөздің қайғысы, көкірек жарған зары, арман-тілегі Сырым аузынан өлең болып сорғалайды. Ескіліктің, әділетсіздіктің шашбауын көтерген, соның жоғын жоқтаушы құл өлең, маймөңке өлең, қызметші өлең емес, жігерді қайнатып, ыза-кекті тасытатын сыншыл өлең, шыншыл өлең, тентек өлең төгіледі. Бұл жерде екі түрлі жыршы тұр алдымызда: бірі – қараңғылыққа аяғын шырматқан, соның үні, соның тынысын сөзіне тиек, жырына азық еткен жер бауыр

акын, екіншісі – дауылға қарсы өршіл кеудесін тосып, қанатын кенге сілтеген күрескер акын.

Сөйтіп, Қарагөздің Қарауылдан ұзатылу тойы талай жараның бетін тырнап, қанатты. Рухани жағынан Сырым жеңгенмен, тізелі қара күш өз дегенін істеді. Қарагөз Наршаға кетті, Пьесадағы драмалық тартыс, бір қарағанда, осымен байсал тапқандай көрінуі де мүмкін.

Аяусыз жаншыған сұмдық қыспақ Сырым мен Қарагөз бойындағы бұрын жете ашылмаған күресшілдік рухын бірте-бірте айқынырақ жарыққа шығарады. Ұзатылар алдында Сырым тіліне көніп, қашып кетуден қорыққан Қарагөз енді батыл ойға бел буган. Ақбала, Дулаттардың сөздері арқылы драматург қос қаһарманды сырттай мінездейді. Қарагөз бен Сырымның соңғы кездесудегі диалогтары көкіректі сыздатқан қайғы-мұңды, жүректі баураған жалын отты дәл бейнелейтіндей ырғақты, үнді, әуезді. Тағатсыз үздіккен махаббат иелерінің романтикалы поэзияға толы сөздері ақ өлең болып актарылады.

Кешегі оң жақтағы қыз, біреудің бүгінгі келіні қараңғыны жамылып, бөтен еркекпен құшақтасып тұр! Бөтен еркек алыс та емес, алты атадан қосылатын ауылдасы! Сол уақыт ұғымымен, сол кезең моралі көзімен қарағанда, бұл барып тұрған сұмдық, көз көріп, құлақ естімеген сұмдық.

Шынында да, пьеса қаһармандары – Нарша, Мөржан, Жарылғап, Жабай, Асандар Қарагөз бен Сырымның үстінен түскенде, керемет ашуға мініп, теріге сыймас ызаға булығады. Бәрі де өз характерлеріне лайық мінез танытып жатыр. Дымы құрып Нарша жылайды. Жабай жүр байбалам салып. «Жүзіқара, жерге кір! Жүзің неге күймей тұр, арсыз. Өлтір, өлтір екеуін де!» Бұл – Мөржан үні.

Екеуімен жүзбе-жүз кездескенде әлденеше рет сүрінген, соны көкірегіне кек қылып жиған, жұрт өсегі намысын пышақтаған Мөржан мынадай қылық үстінен түскен соң нені аяп қалсын, сабатады Қарагөзді, соққыға жығады. Осыған дейін созылып келген тартысты жауыздықтың қанды шоқпары шешеді.

«Мен... мен... өлтір мені... Тірі қойма! Мен... Бәрібір елім. Ал... Құдай! Ал мені ақ өліміңмен!»

Бұл Қарагөздің тұщы етіне ащы сокқы тиген кездегі жан даусы. Керемет жан күйзелісі, кесілген өріс, тарылған тағдыр, аяқ астынан айдай әлемге жария болған сыр, орындалмай қалған арман, «таптаурын болған намыс, күйген ар, дөрекі қолдың сорақы таяғы – бәрі жиылып кеп қара бұлттай қаптап, зіл батпан салмақ болып, Қарагөз басына құлады.

«Мен өлдім... Өзім де өлдім. Шуламаса да өлдім... Ә... Ә, не

боп қалды осы?.. Дулат неге ән салмай қойды? Сырым неге қанжар ұстады?.. Мені өлтірді... Өлім... Өлім...»

Бұл да Қарагөздің үні. Бірақ бұрынғы ару, сұлу Қарагөздің үні емес бұл.

Ғаламат азаптың алай-түлей дауылы есін тандырып жіберді. Қарагөздің жынданып кетуі сахналық эффект үшін Шекспирдің Офелиясына еліктеуден шыққан нәрсе емес. Қарагөздің есінен айырылуы – оның характерінің сұм заманның әдет-салтымен бітімсіздігінен туған трагедиялық шешім. Қарагөз сезімдерінің жалыны мен дүлей орта моралі арасындағы қайшылық қалай болғанда да күйреумен тынары сөзсіз еді.

Әуезовтің адам психологиясының қат-қабат бұрылысты, иірім ағынын ғажап терең білетініне осы көріністе тағы бір көзіңіз жетеді. Қарагөз жүйкесінің әлсіреуі, ұйқысының ашылуы, жүрегінің әлсіреуі, секем алғыш болуы өз аузынан да, басқа қаһармандар аузынан да бұрын бірнеше рет айтылады. «Ә!.. Ә!» деген кезде естен ауысқаны психиатрлық дәлдікпен берілген. Бұдан кейін келетін сөйлемдерде көз алдында тұрған нәрселерді санамалап айту болғанмен, логикалық байланыс жоқ, ақыл ауысудың әсері анық байқалады.

Үшінші акт соңындағы Сырым монологында асылынан айырылып, жер сабалап қалған жанның қайнаған кегінің сыртқа бұрқырап төгілуі бар, жауын әбден танып, күреске бекінген азаматтың жігері бар. Бұл монологты қазақ драматургиясындағы трагедиялық қаһарман сөздерінің ішіндегі классикалық үлгінің бірі деп танымыз.

Қарагөзді тағы сахнаға шығару арқылы драматург трагизмді тереңдеткен. Аяулы, ардақты жанның бұрынғы күйі мен қазіргі күйі арасындағы контраст көзге жас алдырады. Қарагөзді пұшайман халге жеткізген зұлымдыққа деген қарсылық сезімі әркімнің жүрегінде атой береді. Төртінші актінің алтыншы суретіндегі ең басты бояу – Қарагөздің өте аянышты жағдайы. Нарша, Асан, Тойсары, Текті сөздері сол бояуды айқындап, ашып тұрған фон іспетті.

«Тоғайға бардым... Тағы барам ба? Тоғайды қуалап кете-кете барып... Азынаған көрге барам ба? (*Күлін.*) Тоғайда ән салады екен. Жібек шапаны бар... Біресе жел боп кетеді, Тоғай болып кетеді... Жоқ-жоқ... Шөп боп кете ме? Әлдене боп кетеді? Ұйқым кеп кетеді... Тоғай... Жапырақ... Тоғай... (*Шошын.*) Ойбай... Пышақ...Кісен... Әже...».

Есінен айырылған Қарагөздің сөзі. Зер сала қараған адам осы шатасқан кездегі сөздің өзінен бұрынғы Қарагөз мінезінің кейбір қырын аңғарар еді. Үзік-үзік сурет. Үзік-үзік естелік. Ең жақсы сәттер мен ең қорқынышты сәттер. Ауысқандық сөздердің байланыспауынан, сөйлемнің қиыспауынан, ұйқас қуып, сөз қуып кетуден, бірді айтып,

екіншіге көшуден білініп тұр. Қарагөздің бұл сөзі де көкіректі сыздатып, жүректі шымырлатқандай ауыр әсер қалдырады. Аяушылық, гуманизм сезімі жан сарайын күңіретеді. Қоса қайғырасың.

Қарагөздің соңғы демі Сырымды көріп, Сырым атын аузына алумен үзіледі. Жауапсыз сүйіспеншілік отына күйген Нарша да көшеді дүниеден. Зар илеп, жалғыз қалған Сырым.

Ақырғы суретте Әуезов Қарагөз аруағын сөйлетіп, символикалық әдіс қолданды. Шығарманың негізгі идеясын, жалпы мұратын ашуда бұл сурет атқарып тұрған қызмет үлкен. Қарагөз дүние салғанмен, әділетсіздік жеңгенмен, қанаты енді беки бастаған Сырым күреседі. Ол – жалынды сөз, өткір тіл, лапылдаған ақындық қуат иесі.

«Қарагөз» трагедиясы сан ырғақты ғаламат мол үн жамырай табысып, дауылдап барып, аяқталатын қаһармандық симфонияның финалындағыдай әсермен бітеді. Бұл шығарма – казак драматургиясының інжу-маржанының бірі.

Режиссер Әзірбайжан Мәмбетов қойған «Қарагөз» спектаклінде Шахан Мусин (Сырым), Зәмзәгул Шәріпова (Қарагөз), Сәбира Майқанова (Мөржан) ғажайып бейнелер жасады.

«Қарагөз» трагедиясы тұңғыш рет 1926 жылы жеке кітап болып басылды. Кейін «Қараш-Қараш» жинағына (1960), он екі томдыққа, жиырма томдыққа енді. Бірнеше тілге (орыс, корей) аударылды. Ұзақ жылдар бойы ұлттық театрлар сахнасының тұрақты репертуарына енген бұл классикалық пьеса актер, режиссерлердің бірнеше буынының шеберлік шыңдау мектебіне айналды.

*Р. Нұрғали,
Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының
корреспондент мүшесі*

«ҚАРАКӨЗ»

(Қойылу тарихы)

1925 жылы жазылып, сол жылы жарияланған конкурста бірінші орын алған пьеса, Семейде драмалық труппаның сахнасына қойылады. Тұңғыш рет кітап болып 1926 жылы Семейде басылып шықты. Трагедияның 1959 жылы қайтадан өңделген нұсқасы 1960 жылы «Қараш-Қараш» атты жинаққа жарияланды. Әуелгі (1926) нұсқада Қаракөз бен Сырым немере, 1959 жылғы өңдеуде бұлар алты атадан барып туысады. Жеті атаға дейін қазақтың қыз алыспайтын дәстүрі осы нұсқада ескерілген.

Трагедияның соңғы нұсқасында пролог пен эпилог қысқартылған, жаңа кейіпкерлер қосылған. «Жар-жар», «Беташар» да ықшамдалған. Трагедияның соңғы нұсқасының көркемдік шоктығы биік, тілі де шұрайлы, бірталай өзгерістерге түскен. Бұл туралы автордың өзі: «Жалпы пьеса тақырыбы беймезгіл заманда жолсыз өмір кешіп, ерте тартқан қайғы-зардың уызынан қаза тапқан өнерлі жастар жайы, асықтық пен ақындық құмарлығында елтілген уыз жас жайы.

Пьесаның ендігі айқындалған идеясы бойынша: азаптан туған ақындық, қан-қайғыдан туған қаза, жекебастың күй-шерінен басталып барып көп мұңдар, жылаулар күйіндегі азапты ұғынуға беттеген шабыттты көрсетпек. Кесірлі кер заманның қайғы-қасірет қазасынан туған ызалы шабыттты бейнелемек» («Қараш-Қараш», 1960. 239-б.).

Трагедияға қатысатын кейіпкерлерге де ептеген өзгерістер енгізілген. Алғашқы нұсқадағы Қойсары, Тойсары болып, «Мөржан – (семіз бәйбіше), Жарылғап, Жабайдың шешесі, 65 жаста» деген жолдар екінші нұсқада – Жарылғаптың шешесі, 70-те» деп өзгертілген. Алғашқы нұсқадағы Наршаның әкесі Тұрсын, Кәмшат – қызметкер қыз соңғы нұсқада қысқартылған. Соңғы нұсқадағы пьесаға жүргізілген кейбір өңдеулерге автордың амалсыз барғанын айтқан дұрыс. Мұндағы жаңа кейіпкерлер – егінші шал мен балықшы шал трагедияның алғашқы нұсқасында жоқ. Шығармадағы «таптық тарты-

сты» күшейту ниетімен коммунистік идеологияның күштеп енгізген бұл кейіпкерлерін асыл дүниеге жамалған жамаудай ерсі көрген театрлар қабылдамай, қойылым бірер жүргеннен кейін оны алып тастап отырған. Көне заманның салт-дәстүрін орынсыз дәріптеген «зиянды шығармалар» қатарына қосылып, трагедия ұзақ уақыт театр репертуарынан түсіп қалғаны мәлім.

Трагедияның екі нұсқасында да бір-бірінен айырмашылықтар бар. Кейбір диалогтар мен сөздер редакцияланған, жекелеген көріністер қайта жазылған, кейіпкерлер сөздерінде де өзгерістер бар. Диалогтардың көркемдік қуаты, ішкі тартысы күшейтіліп, әбден ширатылған.

Мұндай редакциялау мен өзгертулер трагедияның өн бойынан кездесіп отырады. Автордың ой-өрісі кеңейіп, білімі молайып, жазушылық шеберлігі әбден қалыптасқан тұста жүргізілген өңдеулер трагедияның көркемдік мазмұнын тереңдетіп, оны әлемдік классикалық дүниелердің деңгейіне көтерді.

«Қаракөз» – Мемлекеттік Қазақ драма театрының сахнасына 1926 жылдың сәуір айында Құрманбек Жандарбековтің режиссурасымен қойылды. Мұнда режиссер мен орындаушылар өздерінің өмірлік бай тәжірибесіне, ескі ауыл тірлігіне жетік, халық мұрасынан тамыр тартқан табиғи дарынына сүйенді. Сондықтан да олар сахнадан тарихи дәлділікті, тұрмыс-салт дәстүрін берік сақтауға тырысты. Әсіресе, автор көзін тауып ұтымды пайдаланған ауыз әдебиетінің «Жар-жар», «Беташар», айтыс өлең-жырларының үлгілерін көркем де шебер орындауға күш салды. Ол қойылымға ерекше ажар, көркемдік көрік беріп, көрерменді өзіне еріксіз баурап әкетті. Мұнда декорация пьеса мазмұнына қарай жасалып, оқиғаның өтетін орнын, табиғат көріністерін жарық сәулелер арқылы нанымды бейнелеуден сахна алаңына жан біте бастаған. Сол сияқты кейіпкерлердің характер ерекшеліктеріне қарай киім-кешек, сахнада ұстап тұтынатын (реквизит) заттар да тарихи бедердің сақталуын көздеген. Бұлардың барлығын ойынға қатысушы артистер, режиссер өздері жасап, өздері басқарған. Спектакльге байланысты жұмыстардың бәрін өздері атқарған қатысушылар натурализм элементтерімен бірге, тарихи-этнографиялық дәлділікке ұмтылған. Трагедияның алғашқы нұсқасының өзі драматургиялық жоғарғы талапқа жауап беретін көркем дәрежеде жазылған. Пьесаның осы биік көркемдік құндылығына алғашқы актерлеріміздің шабытты өнері қосылып, қойылымда «...беймезгіл заманда жолсыз өмір кешіп, ерте татқан қайғы-зардың уынан қаза тапқан өнерлі жастар...» нанымды суреттелген. Спектакльдің табысты болуы режиссерлік шешімінің

дұрыстығымен бірге, ең алдымен Қаракөз, Сырым және сал-серілер рөлдеріндегі актерлердің шеберліктеріне тікелей байланысты.

Қаракөз бен Сырымның сахналық бейнесі нағыз көркемдік жинақтылыққа жеткен. Екеуі де Ромео мен Джульетта немесе ренессанс дәуірінің басқа қаһармандары сияқты феодалдық заманның қатыгез заңына, мызғымас дәстүріне қасқайып қарсы шыққан, сонан туатын қауіп-қатерді біле тұра бас тәуелсіздігі, махаббат бостандығы, ән-өнер еркіндігі үшін табанды күрес жүргізген асыл жандар. Бұлар – Шекспир қаһармандарындай адамгершілік, еркіндік, махаббат туын жоғары ұстаған өз заманының оза шыққан қызы мен ұлы. М. Әуезов кейіпкерлерінің осы ізгі қасиеттерін Қаракөз рөліндегі Зура Атабаева мен Сырымды ойнаған Құрманбек Жандарбеков жете түсініп, еркін меңгерген. Актриса Қаракөз бойынан инабаттылық, ізеттілікпен бірге, «малмен байлап, батамен матауға» көнбейтін, жалын атқан жігерімен, асқан ақылымен, жібектей мінезімен, жан сұлулығымен өз ойына, көздеген мақсатына, асыл арманына асыққан арудың характерін тани білген. Спектакльдің алғашқы сахналарында жеңгесімен ауыл сыртына шыққан Қаракөз – Атабаева жүзінен бірде қуаныш, енді бірде абыржу сезілгендей. Сырымды көргенде бойын торлаған үрей сейіліп, жүзі жайнап сала береді. Наршаның аулына еріксіз аттанғалы отырған Қаракөз дүниенің бәрін ұмытып, махаббат ләззатына бөленгендей. Жаңа ғана шымылдық ашылғанда, Асан сал (Е. Өмірзақов) ымырт қараңғылығын дірілдетіп салған «Баянауыл басынан бұлт кетпес» әнінің мұңлы әуені аяулы арудың көңіл күйі іспеттес. Шарықтап барып баяу аяқталатын бұл ән ғашық болған екі жастың жүрек сыры, махаббат сөзі болып қабылданады. Сонымен бірге бұл ән тым-тырыс самарқау тартқан дала тірлігіне келетін тағдырдың тағы бір тартысының белгісі сияқты. Ән артынан іле-шала мойнына су құйылып, еңсесі түсіп, қабағы салбырап кеткен Наршаны ортаға алып «жұбатып» келе жатқан түсі суық топтың сенері мен сенімі күш пен зорлық сияқты. Бұлардан кейін шығатын Ақбала мен Дулаттар да осы қатерді сезгендей Қаракөзді сөзін бітіруге асықтыра түседі. Дулаттын:

Жас өмір сылдыр-сылдыр әлі-ақ өтер,
Қызығың бірі қалмай бәрі кетер.
Бүгінгі алмадайын, Қаракөзім,
Сол күнде күйің не боп, күнің не етер?
Қарағым, көп күрсінбей сөзің бітір,
Күткен көп үйге қайтар кезің жетер, –

деген сөзінде қалыңмалы алынған, ұзатылып бара жатқан ауыл сыр-

тында бөтен біреумен сыр ақтарысып, махаббат қылын шертісуі – бітіспес дау, ата-баба дәстүрін бұзу, оралғы заңды аттап өту, заман қайшылығын туғызатын құбылысты ұқтыратын мағына жатыр. Бірақ,⁵ оны елеп жатқан Қаракөз жоқ. Ол махаббат үшін жаралған, сол махаббат құшағында. Қайта, әуелгіден қазіргі Қаракөз салмақты, қымсынбай, ештемеден сезіктенбей өзін еркін ұстайтын дәрежеге көтерілген. Қаракөздің «Бізді қосқан желік пен құмарлық емес..., сүйгенім! Сырым болмаса мен жалғызбын дер ме едім», т. б. монологтар актрисаның шебер айтуынан терең мазмұн, өзіндік мағына тауып, героиня характерінің осы процесін, өмірге оймен, сыншылдық сарынмен қарайтын жанның саналы қадамын танытқан. Актрисаның ойға шомған сәттегі кескін-келбетінен, ширақ қимыл-қозғалысынан қазақ қызының қайғылы тағдырын айтатын монологтағы ызалы үнінен Қаракөздің еркіндікке ұмтылған жолы айқындала бастайды.

«Қаракөз» трагедиясы туралы бұрын да, кейін де мол жазылып, көптеген пікір айтылды. Бүгінгі зерттеушілер де трагедия табиғатын, автордың драматургиялық шеберлігін жан-жақты тексеріп, пікір таласын тудыратын ештеме қалдырмаған сияқты. Әйтсе де бұрынғы жазылған сындарда әйелдер бейнелерін, әсіресе Қаракөз әрекетің құптамаған пікірлер болған. Трагедияның соңғы қойылымдарына байланысты сын-рецензиялардан да «мұнда әдет-ғұрып, салттың басы, қанша бұлқынғанымен өресі тар қыз»* деген топшылауларды кездестіреміз. Немесе... «Сырыммен мәңгі құшақ қосып, тартып берер дәрмен жоқ Қаракөз бойында»** сияқты пайымдаулар Қаракөз бойынан өз махаббаты мен еркіндігі үшін күрескерлік дәрмен, батылдық жоқ дегенге саяды. Біз Қаракөз бен Сырымды өз заманының озық жандары дегенде, олардың бойындағы характер ерекшелігін, қимыл-әрекетін, жоғары адамгершілік қасиетін, ақыл-ойын, парасаттылығын айтамыз. Осы бір ерекшеліктері арқылы олар өз ортасынан биік болып көрініп тұр. Махаббат теңсіздігіне, әділетсіздікке қарсы шығып, өз бостандықтарын қорғау – ол заманда екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік құбылыс. Н. А. Островскийдің «Найзағайындағы» Катерина әрекетінен асып бара жатқан батыл қадам көрмейміз. Кабаниха немесе басқа алпауыттармен Катерина табанды күрес жүргізбейтін сияқты. Солай болса да, Катерина – өз қоғамының озық адамы. Демек, ол өз әрекетімен, ақыл-парасатымен, істеген ісімен сол қоғамның әлеуметтік өміріне қайшы келді. Ол өз ықтиярымен емін-еркін өмір сүре алмайтынын біліп, өзін-өзі өлімге байлады. «Қараңғы түндегі

* Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. Алматы, 1969. 55-б.

** Нұрғалиев Р. Трагедия табиғаты. Алматы, 1968. 91-б.

жарық сәуле» болып, Катерина орыс қоғамының белгілі бір кезеңінде күрескер дәрежесіне жетті.

Ал, казактың феодалдық заманында Нарша сияқты әлдінің баласын менсінбей, Мөржан сияқты азулылармен арпалысып, дәстүр, жоралғы-жобаны бұзу, өзінің сүйгенімен қосылып алып шымылдық ішінде айтыс құру Қаракөз бойына аз әрекет емес. Және драматургтің қыз бойына лайықтап алған тартыс, оқиға Қаракөз бейнесін ашуға әбден жетіп жатыр. Махаббат үшін жаралған Қаракөздің тартыс үстінде жынданып кетуі – қайғылы трагедия, бірақ героиняның моральдық жеңісі. Ә. Тәжібаев «... Қаракөз, шынында, бөлек жан екен ғой. Мұхтар бұған да жанының оттарын берген, Қаракөзді де Ендіктен гөрі ақын етіп алған... Адамның адамнан күн табуы – жарық, жылу алуы – адамгершіліктің әбден жетіккен, сомда биік шағының белгісі. Мұхтар екі жастың махаббатын осындай қасиетті түрде: қараңғылықтың жарық беті, суықтықтың отты беті, қураған, күйген өмірдің жасыл бояулы, жапырақтың беті етіп алған. Өзі сол еркін жанды адамдармен бірге солардың туын көтерісуде», – деп трагедияның поэтикалық сазын, философиялық мазмұнын әдемі түсіндірген. Ақын-драматург Қаракөз бойынан қолына қару ұстаған күрескер батырдың белгісін іздемейді, феодалдық заманның зорлық-зомбылығына қарсы қойылған ізгі жандардан адамгершіліктің жоғарғы қасиетін, гуманистік идеалын, жан сұлулығын, ақындық шабытты, отты сезімді іздестірген.

Біз сонда ғана махаббат үшін жаралған Қаракөздің дәрекі күшке төтеп бере алмай жынданып кеткеніне сенеміз.

Қаракөз тұрпатынан қайсар мінез, батырлық келбет, ашық күрескер әрекетін іздегендер таргедия мағынасын, М. Әуезов пьесасының ақындық поэтикасын, лирикалық сазын толық ұғынбаудан туған. Актриса З. Атабаева Қаракөз бойынан айқасуға дайын, батыл күрескерден гөрі мөлдір махаббатқа еркін алдырған, сынық мінезді, сөйлеген сөзі сыпайы, қимыл-қозғалысы нәзік, тал шыбықтай майысқан, аса сүйкімді де көрікті жанды елестеткен. Оның сахналық сымбатты қимыл-әрекеті ішкі жан сұлулығына сай келген.

Қабағынан қар жауған қатал Мөржанның алдында ол міз бақбай, өзін еркін ұстайды) Айбарлы әженің сұрағына көзінің астымен бір қарап алып барып, баяу да селқос жауап береді. Ел билігін ұстаған осы кісінің зілді ескертуі өңменінен өтіп, еңсесін басып кеткен сияқты.) Героиня характеріндегі осы бір өзгеріс барған сайын дендеп, қыз тағдырында болатын алдағы ауыр трагедияның түрткісі іспеттес. Сы-

* Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы, 82-б.

рым кіріп келгенде, Қаракөз әлгі селқостығынан бір сәт арылғандай бойы жазылып, еңсесі көтерілгендей өңіне өзгеріс енеді. Бұл уақытша ғана алданыш белгісі. «Жар-жарға» қосылып шырқаған сазды әуеннен қыз мұңы сезілгендей. Орындаушының героиня бейнесіне лайықты осы қимыл-әрекеттері мұнан кейінгі көріністердегі сұрғылт тартқан жүзіне, селқос қимылына үйлесім тауып, Қаракөздің жындануы сахнада шынайы бейнелеу тапқан. Сахналық кейіпкер әрекетінің осылай жүйелі тартылуы, әрі характердің даму процесін беруі – Қаракөз бейнесінің мұнан кейінгі көріністерде де көркемдік биікке көтерілуіне тікелей әсер еткен.

Сол уақыттағы спектакльге жазылған сында «Қаракөз болған – Зура, Сырым болған – Құрманбек еді. Бұл екеуінің ойыны күшті, әсерлі болды. Бұл екеуі Қаракөз, Сырым болып мұнан бұрын да талай ойнаған еді, онысын ақтады. Әсіресе Зураның (Қаракөздің – Б. Қ.) жынданып жүргендегі түрі: арқасына жайылған қара шашы, сұрғылт тартып қуарған өң, кенеттен құбылған жүздері кәдімгі жынды әйелдің күйінен ешбір бөтендігі болмады», – деп актрисаның шеберлігін атап өтеді.

Осы рөлді меңгеруде З. Атабаева өзінің жастық шағындағы сұрықсыз өмірін еске алып, соның септігі тигенін айтады. «Мен жастайымнан жетім қалып, бөтен семьяда ананың аймалауын көрмей естім. Сондықтан Қаракөздің рөліне енуім, қайғы-қасіретін түсінуім маған оңай болды. Мен сахнада Зура екенімді ұмытып, өзімді Қаракөз деп білдім, оның сезімін өзімнің сезімім деп таныдым»,** – дейді З. Атабаева.

Бойға біткен дарынға қоса, көп ізденудің, автор материалын толық түсінудің нәтижесінде орындаушы өзінің кіршіксіз махаббаты, жекебасының бостандығы жолында опат болған қазақ қызының трагедиялық бейнесін жасаған.

Қойылымның сәтті болып шығуына мол үлес қосқан – Сырым рөліндегі Құрманбек Жандарбеков. Бұл күрделі бейне сахнада жан-жақты көркемдік шешім тапқан. Асан салдың аузымен айтылатын «ол жаланған ер, жалындаған ақын, салтанатты сал Сырым...» деген тамаша авторлық суреттеме бар. Талантты актер өз қаһарманының бойындағы осы үш қасиетіне баса көңіл аударған. Спектакльге қатысқандардың бірі: «Сырым сахнаға жалт етіп шыққанда жұрттың көңілін бірден өзіне аударып алатын лаулаған жалын сияқты, қимылы

* Еңбекші қазақ. 1927. 7 декабрь.

** Академиялық драма театры актерлерімен сұбхат. ҚР ҒА-ның Орталық кітапханасының қолжазба қоры.

ширақ, сөйлеген сөзі ақынша төгіліп тұратын», – дейді. Ауызекі айтыла салған осы бағада актерлік үлкен өнерге тән шығармашылық шабыт көзі бар. Жасы 21-ге енді шыққан, актерлік талантына қоса, шебер әнші, келбетті Қ. Жандарбековтің Сырым табиғатына сай келген шағы. Орындаушы, ең алдымен, Сырымды ақын, өмірге құштар, еркіндік ансаған, төңірегіндегі әлем мен құбылысты өз жүрегімен, өз сезімімен қабылдайтын ерекше жан деп түсінген. Сондықтан ол бейнелеген Сырым сүйсе – құлап түсетін, күйінсе – оттай жанатын, сөйлесе – ақынша толғайтын кесек тұлға болып құйылған. Қойылымның алғашқы көрінісінде сәнді киініп, баяу әндетіп сахнаға шыққан топтың ортасындағы салтанатты сал Сырымның жүзінде бір түрлі толқу бар сияқты. Міне, алыстағы арманы, асыл махаббаты – Қаракөзді құшағына алып: «Қара түндей қасірет ортасында жалғыз шырақ-жарығым, мандайдағы жұлдызым! Торға түскен ақ тотым... келші, күнім!» – деген сөздері актер аузынан махаббаттың гимні, ыстық жүректердің лүпіліндей естіледі. Ұлы махаббаттың өртіне өзі шалынумен бірге, Қаракөзді де айықпастай етіп шарпып өтеді. Қаракөзге айтылатын мол мағыналы монологтар, уытты өлең жолдары сахнада небір терең астар тауып, Қ. Жандарбековтің шеберлігімен бірде зарлаған бейбақтың зарындай, енді бірде асқақ бойына ыза мен кек құйып, алдағы тағдыр тартысын елестеткендей болады, Трагедия оқиғасының қауырт басталатын ерекшелігіне қарай Қ. Жандарбеков осы алғашқы актiнiң өзiнде-ақ Сырымның көңiл күй тебiренiстерiн терең ашады. Оның Сырымы кiршiксiз махаббаттың ләззатына бөленiп, бөтен дүниенi ұмытқандай болады, бiр сәт сол шынайы махаббатқа жасалатын зорлықты сезгендей батырларша дүр сiлкiнiп, жiгерi жалын атқандай, тағы бiрде сүйгенiнен айырылысуға кимайтын жанның трагедиялық кескiн-келбетiн елестетедi.

Қойылымның бiрiншi актiсi «Қаракөз» әнiнiң:

Қаракөз айым!

Қалдың кейiн!

Кеткенде сен алысқа

Зар еңiрейiн! –

деген мұңлы қайырмасы Сырым бастаған салдардың қосылып күңірене айтуы – спектакльдің трагедиялық бояуын қоюлата түскен. Жалпы, салдар тобы «Қаракөз» қойылымының ең бір көрікті көрінісі. Сырымның қасындағы салдар рөлдеріне Қалыбек Қуанышбаев (Дулат), Әміре Қашаубаев (Қоскелді) сияқты үлкен өнер иелерін қоссақ, бұлардың сахналық кескінінің жоғары көркемдік дәрежеде мүсінделгенін түсіну қиын емес.

Спектакльде бұларға қарсы топ – Наршаның рөлін Иса Байзақов, Асан салды Елубай Өмірзақов ойнауы – сахнадағы салдар өмірі мен өнерін ерекше көркемдікке көтерген. Байыптап қарасақ, салдар рөлдеріндегілер шетінен майталман, халық өнерінің бар маржанын бойына жинай білген, әрі оның қайталанбас шеберлері еді. Олар өздері бейнелеген сал-серілерді елдің сәні, ән мен жырдың еркесі, жүрген жерлері қызық, той-думан, әзіл-күлкісі үзілмейтін өзгеше өнер иелері деп түсінген, тіпті өз өнерлері, өз болмыстары жағынан да соларға мейлінше жақын тұрды. Салдар аузымен немесе солардың қатысуымен айтылатын ән мен жыр, өлең мен айтыс көріністерін шебер өткізумен бірге, олардың психологиялық толғаныстарын, көңіл күй сезімдерін де терең ашқан. Жоғарыдағы аталған мақаладан: «Сырымның жолдастары Қалыбек пен Әміре Сырымның қасы мен қабағына қарап, ол күлгенде күліп, қайғысына бірдей ортақтық қалыпты келтірді. Әсіресе Сырым мен Қаракөз сөйлесіп отырғанда, Ақбаланы ортасына алып жүріп Әміренің ойда жоқ жерде өз жанынан шығарып әңгіме айтқандай болуы келісіп тұр» деген жолдарды оқимыз. Бүгінгі театрдың тілімен айтқанда, текстсіз сахналық қарым-қатынас жасау деген осы.

Театр сынының балаң шағынан елес беріп өтетін бұл мақалада автор әлі келгенше орындаушылардың қимыл-қозғалысын беруге ұмтылған. Осының өзінде екі шебер өз кейіпкерлерінің ішкі дүниесіне молырақ үңілгені көрініп-ақ тұр және бұдан бұрын бірі шалқыған әнімен, бірі сықақ әңгіме, өлеңімен майталман аталып келсе, енді драмалық өнерге де бейімділігін танытқан.

Спектакль туралы ойын жалғастыра келіп, Құрманбек Жандарбеков салдар рөлдеріндегідей сақадай сайланып шыққан артистер тобын мұнан кейінгі қойылымдарда кездестіре алмағанын өкінішпен еске алады. Шағын ғана Дулат бейнесін Сырыммен терезесін тең еткен – Қалыбек өнерінің құдіреті. Сырым мен Қаракөздің қайғылы тағдырына қатысты Дулат пен Қоскелдінің өлең жолдарын Қ. Қуанышбаев пен Ә. Қашаубаевтың жыламсырап, зарлатып айтатын көрінісі көрерменнің сай-сүйегін сырқыратып жіберетін трагедиялық деңгейге жеткенін еске алады режиссер.

Сахнадағы тартысты шиеленістіріп, барлық оқиғаның дамуына тікелей жетекші болатын Сырым мен Асан бүкіл спектакльдің де тартысын өрбітерлік әрекет етеді.

Екі ақынның бір-біріне қарама-қарсы алынуы – Пушкиннің Моцарт пен Сольерін еске түсіреді. Демек, Сырым мен Асанның ақындық толғауларында, қимыл-әрекеттерінде, ұстаған бағыт-бағдарында

әлеуметтік мақсат, идеялық нысана жатыр. Ә. Тәжібаев жоғарыдағы аталған кітабында екі ақынның идеялық келбетін тексере келіп: «... бұл екеуінің арасындағы күрес – идеялық күрес, принципиальді тартыс» (89-бет) деген қорытынды жасайды. Міне, осы тартыс желісі бүкіл спектакльдің өн бойынан өтіп, оның идеялық сипатын анықтайды.

Бірінші актінің шымылдығы жабылдарда сахнаға Асан шығып, жан-жағына сезіктене қарайды, оқыс бір оқиғаның болғанын сезген ол:

Қара шапан жамылып,
Қыз кетеді бір жаққа.
Ән шырқатып қағынып,
Сал кетеді сол шақта.
Салқын кеште сейіл ғып,
Кім келеді бұл тасқа?
Мәні-жөнін ұқпадым,
Сонда да мұнда сыр басқа,—

деп, көп ойланып, мұның аяғының бітпейтін дауға, тынбайтын тартысқа соқтыратынын сездіреді.

Мұнан кейінгі көріністе сахнаға шыққан Сырым мүлде өзгерген, жүзі жүдеу, көңілі жадау. Жаланған ер, жалындаған ақын өзін «оқ тиген жаралы жыртқышқа» теңейді. Жаралы жан ызалы болмақ, оның үстіне, ол ақын болғандықтан да орынды, ешкімді аямайтын, жасқанбайтын қайсар тұлға ретінде көрінбек. Сондықтан Сырым – Жандарбековтің шымылдық ішіндегі «Жар-жары» жалын атып, от шашады, Мөржанмен арадағы диалогтардан ащы мысқыл, ызалы леп еседі. Актер Сырымның осы жаралы жанын әр көрініс сайын тереңдетіп, қайнаған кек тасып төгіліп, ақыры, Қаракөздің ұзатылып бара жатқан жерінде өзінің шарықтау шегіне жетеді. Дулаттың асыл арман, ізгі мақсатқа жету тілеуі біте бере қоршауға түскен Сырым – сахнаның бір шетінен екінші шетіне жолбарысша атылып, қанжарды суырып алып, қарсыластарын тежеп тұра қалғанда, көзі от шашып, әр сөзі оқша атылады. Төңірегіндегілерді баудай түсіріп, сахнадан ата жөнелген Сырым нағыз жаужүрек батырлардың қимылын елестетеді.

Қаракөздің жынданғанын естіп сахнаға шыққан Сырым дел-сал болып өзін эзер ұстайды. «Сәулешім, сәулешім Қаракөз» деген сөздер көзден аққан ыстық жаспен араласып, Сырымды тұншықтырып өткендей болады. Бойын кернеген ыза мен жалын атқан өксік қабаттасып, өзін тежей алмаған Сырым қайта күңіренгенде, залдағы

көрермендердің көзінен еріксіз жас үйірілген. Актердің осы бір трагедиялық сәтін жоғарыдағы рецензияда: «Құрманбек қайғы-қасірет жолына түсіп, тілегі бір ғана Қаракөз болып кеткендігін көрсете алды» дейді.

Актер Сырым тартқан азапты, басынан кешкен ауыр қасіретті ғана көрсетумен шектелмейді. Ол белді бекем буып, Қаракөз үшін кек алуға, намысын, еркіндігін қорғауға ұмтылып, мұнан басқа жолдың қалмағанын да шынайы бейнелейді.

Пьеса оқиғасының дамуына қарай Сырым бойындағы күрескерлік сипаттар трагедиялық сарынмен алма-кезек ауысып, кейде осы екі бағыт бір арнада тоғысып, сахналық бейненің көркемдік тұтастығын құрайды.

Үшінші актінің аяғындағы Сырымның ұзақ монологі: «Жә жә... керістік те кешпеске! Кешпес кекке кеттім мен де келмеске! Білем сенің де шымбайыңа батады. Алам, шашам, Өсер, сенің қалтырай құшқан малыңды!... Судай төгем, өзгені, зорлау-қорлау үшін құрал еткен барыңды!... Айрандай төгем «ақты-бозды» дейтұғын, таңбалы құтыңды! Құртам мен де, аузы қанды бөрің болам! Шайқаймын, қарғыс атқыр мүлкінді. Кегім..., кегім... Қаракөзім! Аяулы ару, ардақтарым! Арнадым, саған сол ашу-кегімді! ...» деген соңғы жолдары актер аузынан жалын болып шарпып, жайдың оғындай тіліп өтеді. Мұнда Сырымның ендігі өмірінің мағынасы, махаббат пен еркіндік жолында құрбан болар өр мінезді өжет ақынның батырға айналып найза ұстағандағы қанды серті жатыр. Сондықтан мұнан кейінгі көріністердегі Сырым тобында баяғы салтанатты салдық белгілер көрінбейді. Бәрінің де түстері суық, жүрістері суыт, сақал-мұрты өскен, киімдері жұпыны, қолдарында айбалта, найза, өліспей берілмейтін күрескерлер кескіні аңғарылады.

Сырымға кісі жібертіп шақыртып Қаракөзбен ақырғы рет жолығу сахнасы өте әсерлі. Әсіресе, Қ. Жандарбековтің жылай отырып салған әні көрерменді сілтідей тындырып, залдан: «Ой, боздақ-ай!» – деп дауыс шығып отырғанын еске алады қойылымға қатысушылар.

Мен келдім зарға толып, күнім, саған
Бір ауыз сөзің бар ма айтар маған? –

деп келетін ән текстеріне орындаушының мұңлы сипат беріп, күңіреніп айтуы – арманда кеткен екі жастың нағыз трагедиялық қайғысы. Осылай қасірет шегіп, жүдеп сарғайған Сырым – Жандарбековтің бейіт басындағы зарлатып айтатын өлеңі мен үлкен монологі де трагедиялық қайғы болып шыққан. Қабірді құшақтап,

еңіреп жатқан Сырымның дауысы әлсіреп барып сахнадағы шаммен бірге сөнеді.

Қаракөздің бойға қуат берген отты сөзінен кейін орнынан баяу тұрған Сырым бір сәт ой үстінде әйгілі монологін бастайды. Бірте-бірте үдете екпіндетіп жөнеледі. Монологтің ортасына келгенде Сырым – Жандарбеков дүр сілкініп, батырлық қайрат пен ақындық шабыт тоғыса келіп, «құйын болып үйірілген, дауыл болып соққан» (Ә. Тәжібаев) монологі – Қ. Жандарбековтың шебер орындауынан қанды трагедияның соңғы шымылдығы оптимистік рухқа көтерілген. Және спектакльдің жарқын идеясы, күрескерлік идеясы айқындай түсетін шешім бұл. Сырымдардың бүгін жеңілгенімен, ертең жеңетініне, болашақ солар жағында екеніне сенесіз. Демек, олардың еркіндік пен махаббат жолындағы күресі – әділеттік күрес, гуманистік күрес.

Қойылымның осындай идеялық мазмұны қазақ театрының тарихына арналған кейбір еңбектерде дұрыс көрінбей, орынсыз сыналғанын айта кеткен жөн. Қазақ сахна өнерін зерттеп, көлемді кітап жазған Н. И. Львов «Қаракөз» спектаклі туралы кең талдау жасап дәлелдеместен, жаңсақ қорытындыға келген. Ол трагедия авторын «Қазақтың көне өмірі мен дәстүрін, феодалдық дәуірдің көрінісін қызықтап кетеді. Ескі ауыл тірлігін көтере мадақтап, кезбе ақындар өмірін уайымсыз және сүйкімді етіп суреттейді. Осының салдарынан спектакль ұлтшылдық рең алған»*, – дейді. Пьеса мен қойылымға айтылған бұл орынсыз сынға біз түбірімен қарсымыз. Және пьеса материалында тұтас спектакльге ұлтшылдық бағыт беретіндей негіз де жоқ.

Сырымға қарама-қарсы алынып, трагедия тартысының бір ұшын ұстаған Асан сал Елубай Өмірзақовтың орындауында шынайы шыққан сахналық бейне. Ол Сырым ізін сырттан бағып, тіке бетіне келмей, қапысын тауып, білдірмей сүріндіруге ұмтылады. «... Сен менің соқтықпайтын кісімің... Саған мен жол бердім ғой, көп таласпаймын...» – деп, Асан Сырымды өзіне тарта сөйлеп, жұмсақ мінез көрсетуі – Наршамен татуластыру ниеті. Сөйтіп жүріп ол тағы да Сырымға: «... сөз барымтасы жаман болады», – деп, өз намысын қолдан бермейтіндігін де сездіреді. Мұндай сәттерде Асан сөзіне мысқыл, кекесін сипат беріп отырған. Сырымға оның ашық қарсы келуі – «Жар-жар» үстінде. Той сахнасындағы айқай-шуды басып, үкілі домбырасын безілдетіп, шырқата салған әнімен қалың жұртты аузына қаратқан Асан – Өмірзақов спектакльге ерекше бір лирикалық әуен әкелгендей. Ол өз өнеріне өзі риза болғандай,

* *Львов Н. И.* Казахский академический театр драмы. Алматы, 1957. С. 32.

шабытқа мінген Асанның жарқын жүзінде қуанышты күлкі ойнайды. Бірақ, Сырым тобы кіріп келіп, «Жар-жарға» бөтен мазмұн беріп бұра тартқанда, Асан іштей тынып, жақтырмағанын түйілген қабағынан танытады.

Өзінің спектакль туралы пікірінде қоюшы – режиссер Қ. Жандарбеков – актердің шеберлігін жоғары бағалап, күні кешеге дейін Елубай Өмірзақов сияқты Асанды сахнадан әлі кездестірмегенін еске алады. Шынында Асан рөлін актер асқан әншілік өнерімен, табиғи сахналық қимыл-әрекетімен психологиялық көңіл күйімен спектакльдің орталық бейнелерінің қатарына көтерген.

Тұңғыш ашылған ұлт театрында ойнаған рөлдерімен, тыңдаушысын тебіrentкен тамаша термесімен, суырыпсалма асқан ақындығымен танылған Иса Байзақов бұл жолы Наршаның сахналық тұлғасын келісті жасаған. Ол суреттеген Нарша махаббат дертіне ұшыраған, қайғы-қасіретке душар болған сезімтал да аянышты болып көрінген. Әйгілі ақынның рөлі туралы рецензент: «... Күйік пен қайғылы күйге түскен Наршаның халі жұртқа өте аянышты болды. Исаның өзі де сондай аянышты күйге түсті», – дегеннің өзінен-ақ И. Байзақовтың Нарша басындағы трагедияны көрсете білгені көрініп тұр.

Қойылымдағы өзге кейіпкерлер рөлдері де көркем шыққан. Рецензияда Шәрбану Байзақова (Мөржан), Серке Қожамқұлов (Жабай), Әбілқай Абдуллин (Жарылғап), т. б. актерлердің ойындары жоғары бағаланған.

Сонымен, «Қаракөз» қазақтың тұңғыш театрының шығармалық мүмкіншілігін, оның труппа құрамында аса дарынды шеберлердің барын, келешекте ірі драматургиялық шығармаларды меңгере алатынын танытты.

Дүниеге ұлттық сахна өнерімен бірге келген бұл шығарманы ұзақ үзілістен кейін, алпысыншы жылдардың басында, ең алдымен Семей, одан кейін Шымкенттен бастап барлық қазақ театрлары түгел қойды.

«Қаракөзді» ең алдымен сахнаға қойған Семей (режиссері Бәйтен Омаров), Шымкент (режиссері Әубәкір Ордабаев) театрлары трагедияның халықтық негізін, елдің әдет-ғұрып салтын, көркемдік дәстүрін берік сақтаған. Режиссер Б. Омаров қойылымға поэзиялық рух, ақындық шабыт беруге ұмтылған. Ол пьесаның «Жар-жар» мен «Беташар» түріндегі қазақтың айтыс поэзиясындағы тамаша үлгілердің сахнада әсерлі шығуына баса көңіл бөлген.

... Сахнада бейнеленген ала көлеңке кешкі даланың тыныштығын бұзып, Асан салдың шырқата салған «Баянауыл басынан бұлт кетпес» әнімен басталады. Жас актер Б. Сыбановтың тамаша әншілік

шеберлігі сал характерін ашуға септігін тигізумен бірге, режиссерге спектакльдің поэтикалық кілтін дұрыс табуға мүмкіндік берген.

Театр сыншысы Қ. Қуандықов бірнеше театрларда қойылған спектакльдерді талдай келіп: «Ән, махаббат және өмір – «Қаракөз» трагедиясының идеялық-көркемдік негізі. Ән мен махаббат спектакльге лирикалық нәзіктік, романтикалық өң беріп, қаһармандарын сұлулық нұрына шомылдырады»,* – деген орынды қорытындыға келген. Міне, осы ән мен махаббат жайын айқын да терең ашуға талпыныс барлық театрлардың қойылымдарына ортақ. Семей театрында Асан рөліне Б. Сыбановтан басқа лайықты әнші актерлердің болмауынан спектакльдің лирикалық жағынан гөрі, психологиялық толғаныс жағы тереңірек ашылған. Сырым – Ә. Жанбырбаев, Қарагөз – Т. Исова ойындары осы психологизмге құрылған.

Шымкент қойылымында Сырым рөлін алғашында М. Өтебаев, содан соң С. Рақышев, кейін А. Қалмырзаев ойнады. Бұлардың үшеуі де драмалық өнерлерінің үстіне, тамаша әншіліктерімен көп ұтқан. Орындаушылар Сырымды ерлігімен бірге, жалындаған ақын, салтанатты сал етіп бейнелеген. Асан сал рөлін ойнаған О. Жұмабеков те жезтаңдай әнші актер. Сондықтан Шымкент театрының сахнасында ақындық шабыт, әншілік өнер, «Жар-жар», «Беташар» қойылымның бағасын одан сайын арттыра түсті. Көрермен қауым әсерлі ән мен ақындық өнерге барынша қошемет көрсетіп, жылы ілтипат білдірді. Алайда, кейіпкерлердің психологиялық көңіл күйі, характер ерекшеліктері қойылымда үнемі ескерілмеді, кейде екінші планда қалып қоя берді. Жұмабике Серікбаеваның шыншылдықпен, шеберлікпен сомдаған Қаракөзінен басқа характерлер толық ашылмаған күйінде қалды.

Облыс сахналарында қойылған спектакльдердің ішінде көркемдік тұтастық тауып, табысты болғаны – Қызылорда театрының «Қарагөзі». Режиссер Мен Дон-Ук трагедия сырын терең ұғып, шын мағынасында шығармалық тапқырлық, ізденімпаздық көрсетті. Қ. Қуандықов жоғарыда аталған еңбегінде қойылымның режиссерлік байламы жайында былай деп сүйсіне әңгімелейді: «... режиссер зал мен сахнаны бір сәтте түгелдей қараңғылық құшағына көміп, түнек дүние әлеміне тартып әкетті... Зіл қараңғылық, меңіреу тыныштық ішінен булыққан күрес күйінің сарыны талып жетеді. Жанталас күрес сарыны. Қараша желіндей біртіндеп күшейе түскен күй енді бірде ер арқасын қоздырып дабыл қағады, бірде өзек жарған қайғылы мұңға айналып, жүйкеңді босатады. Содан ол жүрек тебірентер нәзік әуенге ауысып, еңсені басқан қараңғылықты серпіп тастайды... Сахна мен зал

* Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. Алматы, 1969. 53-бет.

іші айлы түннің көгілдір нұрына бөленген. Ішкі шілтер жібек перде, түрлі түсті жарықтардың ғажайып тоғысулары сахнаға шексіз кеңістік береді. Сол дала төсіне біткен жартас басында қабыса біткен қос ақ қайындай болып сал Сырым мен Қаракөз айым ынтық зар құшағында тұр. Назды әуен екі мұңлықты дала құшағына алып кетті. Үкілі домбыраларын көлденең ұстаған салдар да әлгілерді жоғалтқандай жартасқа шығады. Бұлардың ізінше келген тағы бір жиынның түстері де суық, қарақшылардай аймақты тіміскілей шолып, олар да өте шықты», – дейді. Келтірілген осы жолдардан спектакльдің ой-тұжырымы айқындалып, алдағы тартысқа араласатын қаһармандардың кескін-бедері де белгіленіп, сахнадағы атмосфера толық анықталады. Және музыкалық кіріспе қойылымға тұтас поэтикалық саз беріп, оның көркемдік мазмұнын тереңдете түскен.

Режиссурадағы нақтылық пен айқындық орындаушылардың өз рөлдерін дұрыс ұғып, жан-жақты меңгеруге жетелеген. Актриса Жібек Бағысова Қаракөз бейнесін лирикалық жинақтылыққа көтерген. Ол ойнаған жас ару рөлінде ізеттілік, инабаттылық, нәзіктік мол. Ол дүниенің бәріне таңырқай қарайды, оған бәрі де қызық, әрі жұмбақ сияқты. Қаракөз – Бағысованың суда жүзген аққудай әсем қимыл-қозғалысы, ажарлы кескін-келбеті, күлімдеген сүйкімді жүзі, мөлтілдеген ойлы қарақат көзі автордың:

«Қаракөз Қарауылдың ақ маралы,
Болғанда бетке сұлу, ой саналы», –

деп келетін тамаша сипаттамасының жанды көрінісі елес беріп өтеді. Сонымен, Қызылорда театрындағы Қаракөз өмірге, болашағына қызыға, кейде үрейлене қарайтын жанның нанымды сахналық бейнесі болып шыққан.

Қойылымға жазылған сында «Ж. Бағысоваға қызулық, драматизм жетіспейді», – деген пікір айтылды. Сахналық бейне жасаудағы актердің шығармалық даралығы мен ерекшелігі ескерілетін қағидаға әрі оның жетекші рөл атқаратынына сүйенсек, Ж. Бағысова ойнаған Қаракөзден күрескерге қажет қызулық, драматизм іздеу артықтық ететін сияқты. Әділетсіздікке шыдамай, кіршіксіз махаббат пен бас бостандығы жолындағы күресте өздерін құрбан еткен Баян, Еңлік, Ақтоқтылармен Қаракөзді қатар қоюға болмайды. Ол өзінің махаббатын қорғауға дәрменсіз, ата жолын аттап кете алмай, арманына жете алмай жынданатынын ескерсек, Ж. Бағысова жасаған бейнеде темперамент, драматизм жетіспейді деу негізсіз сөз, дәлелденбеген пікір.

* Сонда, 54-б.

Бұл спектакльде мұнан басқа да көңілге қонымды шыққан рөлдер бар. С. Рақышев орындаған Сырым, автор суреттегендей, «жаланған ер, жалындаған ақын, салтанатты сал» болып шыққан. Актердің драмалық дайындығымен бірге, домбыра тартып, тамаша әнші болуы – сал бейнесінің әр қырынан ашылуына себепкер болған. Және ән, өлең қойылымға лирикалық бояу ғана беріп қоймай, оқиға барысына, сахна мақсатына қарай әртүрлі мағынада орындалуы арқылы характер ерекшелігін ашатын басты бейнелеу құралдарына айналған. Сондықтан С. Рақышевтың өршіл де екпінді әні Сырымды бір сәт күрескер бейнесіне көтерсе, енді бірде Сырымның Қаракөзге айтатын қасіретті күйі мен шерлі халін танытады.

Сол сияқты Сырымды мұнан кейін ойнаған Шайтұрсын Әбдібаев та драмалық актер дарыны мен әншілік өнерді негізгі нысанаға бағындыра білуден нақты шығармалық нәтижеге жеткен. Басқа салдар рөлдеріндегі Т. Айнақұлов (Асан), С. Шотықов (Дулат) сияқты талантты актерлердің шебер әншілігі де қойылымға көркемдік көрік берген. Бұлардың төгіліп салған әндері көрерменнің делебесін қоздырып, трагедия тартысын ширата түскен. Сонымен бірге, орындаушылардың сахнадағы еркін қимылы, ақындық өжеттігі, шабытпен ойнауы салсерілер бейнелеріне үйлесімді шыққан.

Ақын-драматург Ә. Тәжібаев трагедияны талдай келіп: «Дәл осы «Қаракөзде» қазақтың айтыс поэзиясы өте қызықты пайдаланылған, әсіресе «Жар-жар» мен «Беташар» түріндегі дәстүрлі өлең жарыстары драмалық тартысты дамыту құралы етіп меңгерілген», – деп жазды. Тәжібаевтың осы ойын Қызылорда театры шебер дәлелдеп берді. Тұрмыс-салттық өлеңдерді сахнадан орындау тәсілі трагедия тартысын шиеленістіріп, оның ішкі драматизмін күшейте түскен. Кейбір театрларда «Жар-жар» мен «Беташар» астарындағы әлеуметтік мазмұнды, тартыс мағынасын аңғара бермеген. Мұны олар тойда айтылатын күлдіргі өлеңдер деп қана ұғып, біраз қысқартып қырап алған.

Турасын айтқанда, Қызылорда театрының шығармашылық тобы өз мүмкіншілігін шеберлікпен пайдаланып, «Қаракөз» спектаклін жоғары көркемдік дәрежесіне жеткізе қойған. Астаналықтардың олардың өнерін өте жылы қабылдауы осыдан да.

М. Әуезов атындағы Академиялық Қазақ драма театры «Қаракөзді» 1963 жылы А. Л. Мадиевскийдің режиссурасымен қойды. Қойылымның басталуы, жалпы сахналық шешімі басқа театрлардан мүлде бөлек. Композитор Н. Тілендиевтің сазды музыкасымен шымылдық баяу ашылғанда, ішкі шілтер пердеде Мұхтар Әуезовтің бейнесі көрінеді. Бұл – сәтімен табылған көріністе өз трагедиясының

сахналық қойылымын көре алмай кеткен ұлы жазушыға көрсетілген құрмет пен ілтипат. Залдағы көрермен жұрттың ду қол соғып, қошемет көрсетуі жүрекке жылы әсер етеді. Онан әрі қарай трагедия кейіпкерлерінің әрекеті басталып кетеді. Сахна кара көлеңке, кешкі ымырт мезгілі. Ауыл сыртындағы жартасқа қарай Асан, Матай, Нарша беттеп келеді. Асан (Ә. Жолымбетов) ыңылдап әндетіп келеді, бірақ көңілге түйген бір жай іштей мазалап келе жатқан сияқты. Соған ойы бөлініп, басқалардан оқшау тұр. Наршаның (Ғ. Сүлеймеиов) әнмен де, көңіл күймен де жұмысы жоқ, жүзінде реніш, қабағында кейіс бар.

Қалың малы төленіп, арадағы әңгіме әбден пісіп жетілсе де, Қаракөздің уайымы мұның ішін жегідей жеп, діңкесін әбден құртқан сыңайы бар. Махаббат дертіне шалдығып, жан күйзелісіне душар болған Наршаға қасындағы екі досы ақыл беріп, жігерлі қимыл жасауға итереді. «Е, салмайсың ба тыйымды, тартқызбайсың ба ондай қырсық мінезіне сазайын», – деген Асан – Жолымбетовтың зілді сөзі спектакль тартысын ширықтырып әкетеді.

... Сәлден кейін басына шапан жамылып шыққан Қаракөз (З. Шәріпова) бен Ақбала (Х. Жиенқұлова) жан-жағына ұрлана қарайды. Әлгілердің пиғылын, қолға түссе, айықпас дауға душар болатынын біледі. Сондықтан Қаракөз қимыл-қозғалысы жедел, аңсаған жанымен жүздесіп, тілдескенше асығып, алқынып тұр. Өңінде қобалжу бар, үлкен толғанис үстінде. Осы күйдегі қыз Сырымды көргенде оған қарай асыға ұмтылады. Біріне-бірі ынтық екі жас махаббат құшағына енеді. Төменде Дулат бастаған салдар Ақбаламен әзілдесіп, өздерінше қызықтап жатады. Академиялық драма театрының сахнасында «Қаракөз» қойылымы осылай басталған. Және бұл автор идеясына, шығарма рухына сай келген. Режиссер трагедия кейіпкерлерін өздерінің сахналық максаттарына қарай қарама-қарсы екі топқа бөлінетінін, бұлардың арасындағы бітіспес тартыстың шиеленісте өтетінін барынша айқындай түскен. Әрі бұл тартыс шымылдық ашылмастан бұрын әлдеқайда ерте басталғанын сездіреді. Осы тұста характерлердің сахналық эскиздері де сызылып қалады.

Мұнан кейінгі көріністе режиссер анықтап алған ой-тұжырымын шашау шығармай, жүзеге асыруға ұмтылады. Спектакль туралы сын мақалада былай деп жазылған: «... режиссер түсінігінше, Қаракөз бақытты махаббат жолында ашық айқасқа шыққан, ата жолын атап өткен ару, Қаракөз – Шәріпова сахнаға алғаш шыққанда-ақ ешбір жаннан қаймықпайтын, кеудесінде ғашықтық оты лаулаған қалыпта көрінеді. Сырыммен алғашқы кездескен сәтте де, онан соңғы

көріністерде де ол батыл қимылға баратын болып есте қалады»*. Актриса мен режиссер Қаракөздің Сырымға деген махаббатын, аңсап қауышқан қос ғашықтың жүрек лүпілін, оқиғаны, дамуына қарай туып отыратын көңіл толғаныстарын нанымды ашқан.

3. Шәріпова – Қаракөздің қуанышы мен реніші көңіл күй өзгерістерінен, толғаныстан туатын ішкі драматизмді айқын аңғартып отырады.

Сырым рөлін Н. Жантөрин мен Ш. Мусин кезектесіп ойнайды. Екі орындаушының екеуі де актерлік ерекшеліктеріне қарай сахналық характердің өздеріне жақын, қонымды белгі-бедеріне көңіл бөлген. Н. Жантөрин өз геройының аңсаған асыл арманын, адал махаббатын, соған жету жолындағы табанды күресін, көздеген мақсатына жетпей қоймайтын төзімділігін, айтқанынан қайтпайтын қайсарлығын, әрі қару ұстай білетін батырлық кескінін де толық ашқан. Ал Ш. Мусин Сырым бойындағы ақындық шабыт, салдық өнерге, лирикалық сезімге ден қойған. Бұл қаһарман бейнесінің төл қырынан көрінуге мүмкіндік жасаған. Қысқасы, екі актердің екеуі де кейіпкер дүниесіне толық еніп, әрқайсысы өз мүмкіншіліктеріне қарай дара сахналық бейне жасаған.

Спектакль туралы мақалада: «...Осы екі дарынды артист те Сырымның тағы бір қырын – әншілігін жеткізе алмай жатқаны аян.

«Мен келдім зарға толып, күнім саған,
Бір ауыз сөзің бар ма айтар маған»,–

деген жолдармен басталатын Сырымның ең соңғы қоштасу әнін аса шерлі үнмен, көкірегі қарс айырылып, ет жүрегі езіліп, аңыратып айта алмайды. Трагедияның шарықтау шегінің биігі бұл. Осы ән үстінде Қаракөз де Сырымды танып: «...Иә, иә осылай, осылай болатын... ән... ән» деп барып үзіліп кетеді»** деген пікірдің жаны бар. Демек, ән бұл сахнада қойылымға ұлттық колорит беретін қосымша компонент емес, кейіпкер өмірінде үлкен өзгерісті, психологиялық толғанысты, тартыс жүйесін ашуға қажет әрі солардың әрекетіне тікелей байланысты. Әрине, бұл ерекшелік драмалық әр актердің бойынан табыла бермейтіні хақ. Сыншы ойы жүзеге асса, спектакльдің ұтары да даусыз еді.

Бұл кемшілік басқа ақын-салдар бейнелеріне де ортақ. Ән мен өлең, ойын-сауық, той-думан дегенде «жарғақ құлағы жастыққа тимейтін» халықтың бір кездегі еркесі мен сәні болған ақын-салдар өнері сахна-

* Қуандықов Қ. Ән, махаббат, өмір // Қазақ әдебиеті. 1963. 28 июнь.

** Сонда.

да көркем шыққанда, спектакль көп ұтатыны хақ. Режиссер батырлық пен ауыл сыртындағы қақтығысты бірінші планға шығарып алған. Қойылымда ән, ақындық шабыт, сөз өнері – шығарманың арқауы, салдар сол арқылы күрескер дәрежесіне көтеріледі ғой.

Той үстінде айтылған «Беташар», «Жар-жар» да өзінің көркемдік деңгейіне жетпеген. Шығарманың тартысын ширатып, екі жақты қырғи-қабақтыққа әкелетін – осы той үстіндегі «Жар-жар» мен «Беташар». Қойылымда өлеңдер орынсыз қысқартылғандықтан әрі ажарсыз айтылғандықтан, трагедияның ең бір түйінді жері лайықты шешім таппаған. Жоғарыдағы аталған мақалада «Жар-жардың» той сахнасындағы драмалық тартысқа қосар үлесін түсіндіре келіп: «... Екі жақ та айтайын деген еселі сөзін, ашу-кегін ешкім де бөгет болуға қақы жоқ, ауызға қақпақ бола алмайтын осындай ескі жора, дәстүр үстінде айтып, оқ атысып жатыр. Екі жақтың да тілін безеген ақындары бар»*, – деп орынды жазылған. Екі жақтың осы қақтығысы қойылымда әсерлі шықпаған. Режиссер трагедиядағы өлең жолдарын қысқартып тастаған. Сол қысқартудан Дулат бейнесі әлсіреп кеткен. Оның сөздерін басқа кейіпкерлер айтып жүр. Ал Ақбала мен Дулаттың жарасымды қалжың әзілдері де спектакльден түсіп қалған. Режиссер-қоюшы тілге түсінбей, орынсыз ықшамдаған жерлеріне актерлер қауымы көңіл бөлуі қажет еді.

Қойылымдағы ақындық шабыт, салдық өнерді беруде Асан рөлін кезектесіп ойнаған М. Өтебаев пен Ж. Медетбаев, Дулат рөліндегі С. Оразбаев көп ізденіп, шығармалық тапқырлық танытқан. Асан салдың Қаракөзге деген аянышын ән арқылы өмірге қайта келтіркек болған әрекеттерін Ж. Медетбаев нәзік ашқан. Актердің дауыс үнінде, қимыл-қозғалысында, қайғылы жүзінде дертке ұшыраған жанға деген адамгершілік сезім, жылы ниет, іштей қайғыру сәттері нанымды шыққан.

Спектакльдегі орталық кейіпкердің бірі – Нарша. Ол әлдінің баласы бола тұра, қалың малы төленген қалыңдығын күшпен алмай, өз махаббатымен, шын ниетімен келгенін қалайды. Қаракөздің оны менсінбеуі трагедияға душар етеді. Кейіпкер бойындағы осы күрделі психологиялық процесті актер М. Сүртібаев ойынында ұтымды бейнелеу таппады деген пікір білгірлікпен айтылған. Екінші орындаушы Ғ. Сүлейменов бейнені терең түсініп, оның ішкі арпалысын, трагедиялық халін жан-жақты ойластырып, соны ашудың бейнелі құралдарын тапқан.

Сахналық бейнелеу жағынан көркем шыққан – ескінің тірегі,

* Сонда.

дүйім елдің әміршісі Мөржан бәйбіше бейнесі. Бұл рөлдегі С. Майқанова мен Ж. Жалмұхамбетова кейіпкер бейнесін жан-жақты түсініп, нағыз сахналық жинақтылыққа жеткізген. М. Әуезов жасаған кесек бейне сахнада да сол ірілігімен көрінген. Семіз бәйбіше баяу басып сахнаға шыққанда, төңірек су сепкендей басыла қалады. Екі актриса жасаған бейне біреу болғанымен, шығармалық даралығынан, орындау өзгешелігінен, ой-тұжырымнан туатын айырмашылық бар. Ж. Жалмұхамбетова жасаған Мөржанның кескін-келбеті өте суық, қимыл-қозғалысы да ауыр, сөзі өктем, түксиген қабағы ашылмайтын катал жан болып бейнеленген. С. Майқанованың Мөржаны ауыр мінезді, қимыл-қозғалысы маңғаз, тәкаппарлығы да бар, сөзінде астар да, зіл де мол, ойланып асықпай сөйлейді, түскен жерін ойып түсетін адуын бәйбіше.

Осы алуандас бояуы қалың шыққан Х. Елебекова жасаған қырсық мінезді, басынан сөз асырмайтын намысқой, тентек құдағи – Текті. Үнемі Мөржанның қасы мен қабағын бағып жүретін Жабай – С. Қожамқұлов пен Жарылғап – Қ. Бадыров, қайын сіңлісінің тағдырына бәйек болып жүрген асыл жеңге Ақбала – Б. Римова, т. б. рөлдер де спектакльдің елеулі табысы болды.

«Қаракөз» трагедиясы сахнадан түспей, үнемі қайталап қойылып келеді. Сексенінші жылдардың басында трагедияны М. Әуезов атындағы драма және бірнеше облыстық театрлар қайтадан қойды. Режиссер Ә. Мәмбетов шығарма табиғатына көп тереңдемей, бұрынғы қойылымда толық ашылыққырамай қалған ақын-салдар бейнелері мен өнеріне, «Жар-жар», «Беташардың» дұрыс орындалуын ойластырып, спектакльді лирикалық тұрғыдан қарастырған. Сырым мен Қаракөз арасындағы махаббат желісіне барынша айқындық беріліп, екеуінің кездесуі ақ қайың өскен сұлу табиғат аясында өтуі де осыдан. Мұнда қолданылған айналмалы сахна (суретші Е. Тұяқов) актерлердің әрекет жасауына ыңғайлы болғанымен, қойылымның поэтикалық мазмұнына сай келе бермейді.

Сырым мен Қаракөз рөлдерін орындаушылар режиссерлік ой-мақсаттың үрдісіне қарай махаббат сезіміне берілген қос ғашықтың ішкі көңіл күйі толғаныстарын ашуға ұмтылған.

Сырым рөлін орындаушылардың ішінде «жаланған ер, жалындаған ақын» шынайы суреттеуге жеткен – талантты актер Әнуар Боранбаев. Ол ән мен драмалық әрекеттің үйлесімді тұтастығын тауып, кейіпкер бейнесін әр қырынан ашқан. Ішкі қызулық пен әсем қимыл-қозғалысқа құрылған мұның Сырымы ақынша толғайды, көңіл күй арпалыстарын ашуда асырып та, тасытып та жібермей, сахналық өлшеммен келген.

Ұзақ жыл сахнада үзіліссіз жүріп келе жатқан қойылымда Қаракөз рөлін жол-жөнекей көптеген жас актриса ойнап келді. Солардың ішінде М. Өтекешева, Г. Әспетова, Ш. Ахметова, Г. Ералиева, т. б. Қаракөз рөлін өзінше түсініп ойнағандар. Жас арудың трагедиялық толғаныстарын жеткізуде М. Өтекешева мен Г. Әспетованың ізденістері көңіл аударарлық. Соңғы орындаушы Қаракөздің жындану сәті мен процесін өзінше түсініп, басқаларға ұқсамайтын бейнелеу тәсілдерін қарастырған. Мұнда күрескерлік емес, тағдырына мойын-сыну бар.

Сонымен, «Қаракөз» спектаклі режиссура тарапынан кеткен олқылықтарына қарамастан, театр репертуарынан берік орын алып келеді. Ол театрдың түрлі елдердегі гастрольдерінде де көрсетіліп келді. Қойылымға берілген баға барлық жерде де, негізінен, байсалды болғанымен, әжептәуір сын да айтылды. Соған қарамастан, спектакльдің табысты өтуі, ең алдымен, М. Әуезовтің шығармасының жоғары көркемдік сапасына тікелей байланысты. Қазақ драматургиясының алтын қорына қосылған «Қаракөз» трагедиясы өзінің тамаша көркемдік ерекшелігіне лайық сахналық бейнелеуді қажет етіп отыр. Ұлы жазушының 100 жылдық мерекесіне арналған қойылымдар осы биік талап биігінен көрінуі үлкен шығармалық сын.

Облыстық театрлардың ішінде Талдықорған, Семей, Жетісай ұжымдарының қойылымдарынан әрқайсысының өзіне тән ізденіс жолдарын аңғаруға болады. Алматыдағы шығармалық сапар шымылдығын «Қаракөзбен» ашқан талдықорғандықтар қойылымдық жүйесі әбден қалыптасып қалған пьесаға өзінше, тың жолмен келіпті. Ешкімге еліктемеу, тыңнан сахналық бейнелеу құралдарын қарастыру – шығармалық өмірін енді бастаған театрға бірден-бір сара жол, дұрыс бағыт.

Спектакльді қойған Қалмақан Бейсенбиев бұрын-соңды режиссурамен айналыспағанымен, актер болып әжептәуір рөлдерде ойнаған, сахна өнерінің сырына қанық. «Қаракөзді» қоюдағы режиссура оның көрген-білген актерлік тәжірибесінен туған. Ең алдымен ол трагедияның сахналық бейнелеу үлгісін табуға ұмтылған. Ыңғайлы станокты қолдануы – актердің әрекет жасауына қолайлы болып шыққан. Халық өнерінің дәстүріне, этнографиялық көркемдік бейнелеу құралдарына сүйенуі – қойылымға ерекше ұлттық бояу, нақыш берген. «Жар-жар», «Беташарлардың», акын-салдар өлең-әндерінің келісті орындалуы бұл спектакльдің ұтымды жағы. Және қойылымды көрермен қауымының барынша жылы қарсы алуы да осыған тікелей байланысты.

Қойылымның поэтикалық тынысының еркін ашылуы – мұндағы Сырым, Асан рөлдеріндегі жас актерлер өнерінің ықпалы. Және екі актердің де домбыра тартуы, тамаша әнші болуы – рөлдерінің ғана емес, тұтас спектакльдің көрермен көкейіне жол табуына мүмкіндік берген. Сырым – Сағат Жылгелдиевтің орындауында нағыз қызуқанды, бірде лапылдап, бірде жауатын күндей түнеріп, оқиғаның барысына, дамуына қарай актер кейіпкердің көңіл күйін толық ашқан. Қаракөзбен кездесетін сахналарда актер Сырымның сүйгеніне жас жүрегімен беріле, жан-тәнімен құлап тусуі, іштегі асыл арманын ақтарып тастауы, қиылып барып қайтатын сәттері әсерлі-ақ. Дегенмен, жас актерге әлі де ізденетін, толықтыратын жерлер бар. «Жаланған ер, жалындаған ақындық» іштен біте қайнап шыкса ғой, шіркін! Соңғы көріністегі Сырымның от-жалынды құйындай үйіріп, найзағай ойнатып, жауар күндей нәсерлетіп келетін монологтің қысқарып қалуы өкінішті-ақ. Жалпы Сырым тәжірибе аздығынан туған кейбір кемістіктеріне қарамастан жас актердің талантын байқатқан, өнердегі өзіндік жолына кепіл болатын табыс қатарына қосылады.

Қаракөз рөлін ойнаған Жібек Лебаева ару психологиясын, характер табиғатын жете түсінген. Кер заманда басында бостандық, өзінде ерік жоқ арудың асыл арманын, махаббатын Сырыммен өтетін сахналарда актриса нанымды ашқан. Қарақат көздері мөлтілдеп, қимасымен қоштасатын сахналарда Қаракөздің психологиялық толғаныстары, қимыл-әрекеттері әсерлі. Қаракөздің қолға түсіп, әсіресе жындану сәтін талдықорғандықтар өзінше қызық шешкен. Станоктың астынан берілген жарық есінен танып жатқан Қаракөздің бетіне түсіп, қыз психологиясындағы өзгерістерге қарай қызыл-жасылға бөленуі, жындану процесінен сипат беріп өту ұтымды шыққан.

Қойылымда Кендебай Темірбаев, Нұрлан Әлбосынов – Асан, Дулаттардың рөлдеріндегі салдық кескінін беруді толық менгерген. Әсіресе, Қ. Темірбаев ақынжанды Асанның характерін нанымды ашқан. Оның шаршы топ алдында домбырасын безілдетіп, іркілмей шырқай жөнелуі, тыңдаушысын өзіне үйіріп әкетуі, ширақ қимылдап, еркін сілтеуі бәрі де кейіпкер бейнесіне үйлесімді шыққан.

Актерлердің жастығына қарамастан, көпшілік рөлдерде характер ерекшеліктері сақталған. Г. Шәкірова (Ақбала), М. Шәкіров (Нарша), тіпті жасы үлкен кейіпкерлердің де бейнелері жас актерлердің ойынында иланымды шыққан. Алмахан Кенжебекова ел билеген Мөржан бәйбішенің сұсты да суық жүзінен бастап, психологиялық толғаныстарын да тап басқан. Ал ақсақалдар – Жарылғап (Д. Мұсабеков), Жабай (Т. Ахметов), Тойсары (С. Нұрғалыков), кемпір

– Текті (Ә. Ыдырышева) рөлдерін де жас актерлер меңгеріп, характер ерекшеліктерін ашқан.

Режиссура әлсіздігінен қойылым ырғақ-тынысының толық анықталмауынан туған кейбір шұбалаңқылық, сөз құдіретіне жете мән бермеу – жас ұжым спектаклінің кемшілігі.

Осы тұста Есмұқан Обаевтың режиссурасымен семейліктер қойған «Қаракөздің» идеялық-көркемдік нысанасы феодалдық дәуірдің бұғауын үзіп, бас бостандығы мен махаббат еркіндігіне жету жолындағы күрес. Сахналық көркемдеуден бастап, актер ойындарына дейін барлығы да осы идеяға бағындырылған. Сырым (арт. Қ. Байжұманов) мен Қаракөз (арт. Г. Аманжанова) сахналық әрекеттері де осы режиссерлік ой-мақсаттан өрбиді. Трагедияға бұлай келу де сахналық заңдылықтан туған. Әйтсе де, ақындық шабыт пен сал-серілер өнеріне, кейіпкерлердің терең сезімдеріне, ән мен күйге, мәңгілік махаббат әрекет желісіне құрылған трагедия мұнан гөрі басқаша, поэтикалық жолмен келуді қалайтыны талас тудырмайды.

Трагедия табиғатындағы осы бір көркемдік ерекшелікті жіті аңғарған режиссер Райымбек Сейтметов қойған «Қаракөз» спектаклінің шешімінде Сырым мен Қаракөзді, Мөржан мен Наршаны ойнаған сол уақыттағы жас актерлер Т. Қыстаубаев пен Ш. Қожамұратова, М. Жұмаділдаева мен З. Найзағараев өнерлерінде басқаларда кездесе бермейтін жаңалық, тың бояу, қызық ой-тұжырым бар.

Сырым рөліндегі Т. Қыстаубаев өз кейіпкерінің жан-дүниесін өте терең ұғыпты. Актер кейіпкер бойынан жалындаған ақындық шабыт, батырға тән қайсарлық, болмыс сырын саралаған ойшыл философ іздепті. Т. Қыстаубаевтың Сырымы табиғатынан ақынжанды өнер адамы. Спектакльдің соңында Қаракөзін құшақтап, сағынышы мен өксігін баса алмай аңыратып салған ән еріксіз баурап әкетеді. Мәселе актердің даусында емес, өлең мазмұнындағы драматизмді, трагедиялық қайғыны шебер жеткізуінде.

Актер З. Найзағараев жасаған Нарша бейнесі де тың қырынан көрінді. Бізге таныс Наршалардың көбі сарыуайым, белгісіз дертке душар болғандар типтес болып келетін. Жетісайлық жас актер спектакльдің басынан шынайы махаббатқа берілген адамның психологиясын нанымды да нәзік ашқан. Қаракөздің түңіле бастауынан оның Наршасының мазасы кетіп, өзгеріп сала береді. Актер махаббат дертіне ұшыраған жас мырзаның трагедиясын береді.

Қазақ театрларының барлық даму белестерінде шешуші рөл атқарған М. Әуезовтің «Қаракөз» трагедиясы ұлттық драматургияның

озық классикалық үлгісі. Ол репертуардан түспей, театрлардың шығармалық даму жолдарын анықтап келеді. Және әр ұжым бұл трагедияны әр кезеңнің талап-талғамына қарай қайталап сахнаға шығарып отыр. Бұл жолдағы ізденіс, эксперимент әлі жүре бермек. Әлемдік классикалық шығарманың деңгейіне көтерілген трагедияның барлық көркемдік ерекшеліктерін театрлар әлі сарқып болған жоқ, оның терең идеялық-көркемдік мазмұны сахналық тың ой-тұжырымды тілейді.

Б. Құндақбайұлы

«ҚАРАКӨЗ»

(Тарихи негізі)

Әдеби зерттеудің құлақ күйі – көркем шығарма. «Қаракөздің» жазылу тарихын, прототиптік сыпатын, автордың шығармашылық психологиясын саралау барысында М. Әуезов шығармаларының көркемдік жинақтауында бұрын-соңды кездеспеген тәлім бар екендігі байқалды. Ілгергі дүниелердегі сюжеттік желіге өмірде болған бір ғана оқиғаның көзінен арна алатын көркемдік шешім мен жазушының өз басынан кешірген сезімдері негіз қаласа, «Қаракөзде» мүлдем тосын тәжірибеге көшкен. Рухани тебіреніс, поэтикалық буырқаныс тұрғысынан өзінің жан дүниесіндегі сырын «төккенімен де», пьесаның сүйегін құраған жайлардың өмірлік деректері тарау-тарау тарамдарға тартады. Егер нақты прототиптік шындықты іздесек, онда ол біреу емес, екеу емес, үшеу емес, төрт түрлі тағдырдың тамырын қосады. Әрбір оқиғаның жаңғырығын бір-біріне тели отырып, көңілінде екшеп, солардың барлығына ортақ әуен мен сарын тауып, тебірене жырлайды. Тіпті, «Қаракөздегі» басты кейіпкер жеке адам емес, «асықтық пен ақындық құмарлығы билеген биік сезім». Мұхтардың өзі осындай деп баға бергендіктен де болар, ұсақ-түйек тұрмыстық тіршілікті қазбаламаған. Қажет деп таппаған. Сырым мен Қаракөз де, Нарша да, тіпті қарама-қарсы екі топтың үлкен-кішісі, еркек-әйелі, сал-серісі сол сайраншыл көңілді түсіне отырып, өздері қаһармандарымен бірге күрсінеді. Бәріне ортақ «қайғы-зар» бар, бәріне ортақ «асықтық пен ақындық» бар. Сол «жекебастың күй шерінен бастап барып, көп мұңдар, жылаулар күйіндегі азапты ұғынуға, халықтық қайғы-қамды ұғынуға беттеген шабытты көрсетпек.... Қайғы-қасірет қазасынан туған ызалы шабытты бейнелеген».

Бүкіл шығармадағы ақыл-ой азабы – екі уыз жастың арасындағы ақындық албырттықпен тұтасып кеткен сезімдерін даттамай, олардың осынау нәзік те оғаш қылықтарына қарғыс жаудырмай, аяныш танытып, ақтап алу жағында. Туыстық қаннан гөрі пөк мінезді аялай жырлайды. Мұхтар нені меңзеп, кімді көрсетіп, кімді ақтап отыр? Кәмила

мен екеуінің арасындағы «немерелестікті» ойдан құрап, жауыздық пиғылмен таратқан ғайбатшыларға жан тазалығын паш етіп, жалпы ғашықтық сезімнің кез келген тіршілік ұғымынан биік әрі қатерлі екенін айтқысы келді ме? Кейіпкердің атын Сырым қоюы – «Бұл менің сырым, жан сырым, сіздерге айтар сырым» еді деген ишарадан туған жоқ па? Мұның барлығы – әр адамның сана арқылы тұспалдайтын түйсігінің еркіндегі ілхам.

Егер де «Қаракөздің» екінші нұсқасында шығарманың алғашқы реңін әлсіреткен, «сал-сері, бұлаң жігіт, кермарал ерке тотылардың» аяқ астынан әнін де, сәнін де ұмытып, зарлай жөнелуінің мәнісі ашылмай қалатындай көмескі қалған көркемдік себеп болса – ол осы туыстық қарым-қатынас. Мұхтар Әуезов екінші нұсқадағы алғы сөзде: «Шығарманың ерте күндегі қателіктерін жойып, жаңғырған жаңа вариантын алдарыңызға ұсынамын», – дегендегі қателіктің үлкені, серілер сахнасы, прологы болса, екіншісі осы немере адамдардың ғашықтығы еді. Кейінгі нұсқада Сырым мен Қаракөздің арасы «алты атаға» шегеріледі. Бұл орайда кінәні жазушыға артудың еш қисыны жоқ. Ол өзгертулер 1932 жылғы 10 шілдедегі «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған ашық хатындағы: «Менің өткендегі жазушылық қызметімнің айқын белгілері «Еңлік – Кебек», «Қаракөз» сияқтылары еді. Бұлар бүгінгі төңкеріс дәуірінен алыстағы қазақ салтын көрсетумен қатар, өздерінің екшеліп алынған тақырыптары бойынша төңкеріс тематикасынан әдейі аулаққа жайылып кеткендікті және ұлтшыл жазушылардың табына кеткендікті білдіретін нәрселер», – деген сөзінен соң жасалды.

Тұрпайы социологиялық сын махаббаттың өзінен таптық астар іздеп, көркем өнердің шарттары мен заңдылықтарын назардан тыс қалдырған кезеңде, тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл ел көлеміндегі өнер иелері сыртқа қақпайланды. Сергей Есенин, Владимир Маяковский, Алексей Толстой, Анна Ахматова, Марина Цветаева тағдырларына да салқыны тиіп еді. Өзгені былай қойғанда, махаббат мәселесінің өзіне «өшпенділікпен» қарап, Қаракөз бен Сырымды жазаға тартуға шақырды. Екеуінің ғашықтығы «қылмысқа» саналды. «Еңлік – Кебектен» артықшылығы болмаған Қаракөз бен Сырымды екі ру бірігіп неге ат құйрығына таңбайды. Оның үстіне, Сырым мен Қаракөз қазақ елінің тарихында болмаған істерді істеді, бір екенің балалары. Бір-біріне ашық болып, жігітшілік жөнінде маскара болып отыр. Ол күндегідей елге мұнан артық өлім бар ма, бұл екеуін ат құйрығына тағуға ол күндегі қандай ру қарсы болды. Қайта қыбы қанбай ма?... Тіпті қазір де заңда жол бермейді ғой. Тіпті ерте мезгілде

казакта мұндай оқиға болғанына кім сенеді. Жазушы оны немен сендіреді? Кітаптың ең негізгі орны, негізгі оқиға осы екеуінің болса, қазақ еңбекшілерінің жаңа жұртшылығына мұнан қандай пайда, үлгі алатын жеміс күтуге болады?» – деп жазғырды Орманбайұлы. «Өзінің ағасына ашық болып, көрінер көзге екі рудың намысын аяққа басқан Қаракөзді Нарша неге тып-тыныш алып жүре береді... Қаракөзді оң жаққа тастап кетіп, екі ел болып неге сөзге келмейді, екі елдің күшімен Сырымды ұстап, Қаракөз бен Сырымға Еңлік–Кебектің керін неге келтірмейді... Мұндай оқиға ол күндегі қазақ дәстүрінде ешбір уақытта болғандығы жоқ, болғандығына «Еңлік–Кебек», «Қалқаман–Мамыр» дәлел бола алады. Қаракөз болған да шығар. Бірақ басқаша болар. Ол күндегі қазақтың ру заңынан сырт болуы мүмкін емес».

Қаракөз сияқты бұзылып барған әйелді «ит көзі түтін танымайды» қылып ит қорлықпен жер-ошақ басында өлтірмей ме?! Жазушы Қаракөзді былай етіп көрсетпейді, қайта Қаракөз барған жеріне айыбының үстіне үстем болады», – деп те ақыл береді.

«Қаракөздегі» оқиға желісі өрбитін негізгі ұйытқы анықталды. Басты себеп – немерелес уыз жастардың туысқандық шекарадан аттап өтіп, ағайындықтан ашықтыққа, асықтыққа жетелеуі. Көркем шығарманың өмірлік дерегін, демек, осы «немерелес ғашықтардың» айналасынан іздеу керек.

Олар кімдер? Қай заманда өмір сүрген? «Қаракөз» трагедиясында сол оқиғалар қалай тұжырымдалып, жинақы бейнеге ұқсап, бір шығармаға біріктірілген. Мұхтар Әуезов сол оқиғамен қалай танысты? Міне, осы жайларды оқырман назарына ұсына отырып, салыстыра талдап көрейік.

Қарт Шыңғысты мекендеген адамдардың тағдыры М. Әуезов шығармашылығында ерекше дара, оқшау орын алады. Америка жұрты Нобель сыйлығының лауреаты Уильям Фолкнерді Миссисипи штатының «меншікті қаламгері» десе, Мұхтардың да «Шыңғыстаудың жыршысы» деп аталуға толық хақысы бар және заңды да. Бұл «Абай жолы» эпопеясын қоспағанның өзінде, классикалық әңгіме, драмаларының өзінен-ақ анық айшықтанады.

«Қаракөз» трагедиясы да сол өңірдегі, оның ішінде, ұлы жазушының өзі араласып өскен Абай аулы төңірегіндегі оқиғалардың негізінде өрбіген. Трагедиялық тағдырлардың себеп-сырын жеткіншек жасынан жүрегіне тоқыған М. Әуезов Құнанбайдың Айғыздан туған офицер ұлы, Абайдың тетелес інісі Халиолла Өскенбаевтың, сондай-ақ, сол Құнанбайдың Құңкеден туған немересі, сал-сері Әмір Құдайбердиевтің, Шаған өзенінің сағасындағы Ғалия мен Ниязбек

атты ғашықтардың және «... жазушының өзі басынан кешіп, куәгер болған» бір оқиғаны «Қаракөзді» жазу кезінде пайдаланған. Зейін қойып, назар аударған жанға қай көріністің қай оқиғаға қатысты екендігі оңай аңғарылады. Пьесаның алғашқы нұсқасында Қаракөз бен Сырымның немерелестігін тағы да еске саламыз. Оны баса көрсетудегі мақсатымыз талдау барысында анықталады. Сонымен...

Бірінші прототип:

Өткен ғасырдың екінші жартысында аға сұлтан Құнанбай өзінің ұлы Халиолланы орысша мектепке береді. Ол 1859–1867 жылдары Омбыдағы Кадет корпусында, кейін 1867–1868 жылдары Мәскеудегі III Александр атындағы әскери училищеде оқып, офицер шенін алады. Халиолла Шоқан Уәлихановпен таныс. Өйткені оның інісі екеуі бірге оқыған. Және Уәлихан мен Құнанбай да өзара жақын қарым-қатынаста болған. Халиолла демалыс кезінде Шыңғысқа бара жатып Семейдегі Тінібайдың немере қызы Айғанымды ұнатып, көңіл қосады. Тінібайдың екінші ұлы Меңдібайдың әйелі – Құнанбайдың қарындасы, Халиолланың әпкесі. Бірақ Айғаным Меңдібайдың басқа әйелінен туады. Яғни, қандық жақындығы жоқ. Біз тарихи мәліметтерді толығырақ беру үшін екінші бір жорамалды да ұсынамыз. Онда Құнанбайдың кенже қарындасын Тінібайдың өзі тоқалдыққа алған. Халиолла Тінібайдың бәйбішесінен туған қызға ғашық болады. Шарифат жолы бойынша Тінібай да, Құнанбай да Халиоллаға қарсы болған делінеді. Қалай болған күнде де бір шындық анық. Ол – Халиолланың әпкесі Мәкіш Тінібайдың үйінің босағасын аттаған. Халиолла сол Мәкішті тоқалдыққа алған адамның бәйбішесінің қызына ғашық болған.

Егер Халиолланың 1868 жылы офицер шенін¹ алғанын ескерсек, онда оның Айғанымға ғашық болғаны 1868–1869 жылдың қысы еді дегенге саяды. Біз Айғаным – Меңдібайдың қызы, Мәкен – Меңдібайдың әйелі дегенге жүгінеміз.¹ Әйтеуір әке жағынан немере туыстығы бары рас. Оқиғаның ұзын-ырғасы былай.

Қысқы боранды-шашынды уақытта әке-шешелерінің рұқсат берімейтінін білген қос ғашық жасырынып қаладан қашып шығады. Халиолланың қасына Әнет руынан Мырзақан есімді адам ереді. Қыздың ағайындары соңдарынан қуады. Олар адастырып кетеді. Ұстай алмасын білген соң Семейден әскер жалдап, соңынан салады. Шыңғыстың сілемі Тасбөгетке жеткенде, әскердің қарасы көрініп, жақындап қалады. Қыз бен жігіттің шанаға жеккен аты болдырады. Сонда салт атты Мырзақан:

– Қызды маған бер. Мен бұта-жыраны сағалап құтылып кетем. Ал өзіңе түк те істемейді, әкел, – дейді.

Халел (Халиолла – Т. Ж.) шанадағы қызды көтеріп алып, жақиндай бере кілт тоқтайды.

– Әй, Мырзақан, қалыңдығын ат артына мінгестіріп жіберді деген жаман атаққа қаламыз. Мұнымыз болмас. Не жазса да көрелік. Жүрегіміз бір, серттен таймаймыз,– дейді.

Сөйтіп екі ғашық қолға түседі. Екеуін абақтыға қамап, сот ісін қозғайды. Ел ішінде де үлкен тартыс туындайды. Құнанбай мен Тінібай бірі ұлын, бірі қызын жазаға тартады. Тек Абай ғана ара түседі. Сот кезінде қыз сөзінен, сертінен таймайды. Абақтыда отырса да мойымайды. Халиолла да зар-мұңын шағады. Қатал үкім орындалады. Екеуін қоспайды. Құнанбайдың қаталдығына, қатыгез мінезіне ренжіп әрі ғашығынан айырылған Халиолла ауылға соқпай, сол бетінде Омбыға кетіп қалады. Қыз бен екеуі өлеңмен хат жазысыпты. Ағайындарының қорлығы мен қоқан-лоқысынан қатты азап шегіп, шошынып қалған қыз шерменде күйге шыдамай есінен адасады. Оның қызба ауруға шалдыққанын естіп, өзі де құсаланып Халиолла 1870 жылы 2 шілдеде қайтыс болады.

Өлер алдында Абайға хат жазыпты Халелдің бір хатын академик Ә. Марғұлан Ленинград университетінің профессоры Березиннің архивінен тапқан – Т. Ж.). Онда өзінің ұзамай о дүниеге аттанатынын айтып, өзін Шыңғыстың қара дауылының үніне салып, ащы дауыспен жоқтауын өтініпті. «Ол – менің құсалы өмірімнің үні. Көзге ешкім жас алмасын», – депті. Сондай-ақ сол жақта жүріп, өз ата-бабасының қатыгездігін суреттейтін тарихи дастан да жазса керек. Айтқандай, хат соңынан қайғылы хабар ілесе келеді. Халиолланың сүйегін Құнанбай Омбыдан атпен алдырады. «Абай жолындағы» кездесетін Сары апа дауылдың даусын салады. Алдын ала сүйек келгенше өзгелерге де (әйелдерге) үйретіп, үш жыл бойы күніне бір уақыт жоқтап отырыпты.

Міне, «Қаракөздегі» қыздың сүйген, жүрегі қалаған Сырымнан айырылғаннан соңғы жындану сценасы осы оқиғадан алынған. Оған негізгі дәлел: жоғарыдағы Халиолла мен Айғанымның тағдырының пьесамен астасып жатуы. Мұхтар Әуезов сол мұңлықтардың өмірімен жақсы таныс. «Абай жолы» эпопеясындағы Дәрмен – Мәкен арасындағы ғашықтық хикаясының Семей қаласындағы сот процесіндегі үзгі Халиолланың трагедиясынан алынған. Онда Абай үстемдік алып, әділетті үкімнің туын көтереді. Діншіл молдалардың да мысын басып, Михайлов арқылы босатып алады. Бұл, әрине, Абай образын сомдап, толықтыра түсу үшін қолданылған әдеби тәсіл.

Әуел баста Мұхтар Әуезов Халиолла өмірін өз атымен жазуды ұйғарып, жоспар да жасапты. Онда: «Тінібай үйі. Қала жасының

қызығы. Оқудан келген Халел, Тінібай қызымен екі арасы. Қазақ жайын білмейді. Тінібай қызын алып қашады. Абай Аякөзге қуып барған. Алып қайтады. Халел – мінезсіз төрешік. Абай ұрсады», – деп көрсетіпті. Бірақ образдың тұтастығын сақтау мақсатымен бұл оқиғаны Дәрмен бейнесін аша түсу үшін қолданған. Жазушының Халиоллаға ерекше көңіл қоюы – жоғарыдағы оқиғаның шын екендігін дәлелдейді. «Қаракөз ашықтықтың салдарынан жынды болады. Ашық болған кісі жынды бола ма екен? Қазақ баласында бір-біріне ашық болып жынды болғандар бар ма, жынды болса – кімдер болды?» – деген Жұмабай жолдастың да «айыптауына» берер жауап осы.

Ал екінші прототип...

...Ол – Сарыарқаны әнге бөлеген күміс көмей сал Біржанның серігі, кезінде серілік құрып, қызылды-жасылды киініп, астындағы сәйгүліктерінің жал-құйрығына түрлі түсті шүберек тағып, сән-сауықтың дуы болған Әмір Құдайбердиев. Бұл да Халиолланың інісі. Шәкерім ақынның туған ағасы. Құнанбайдың үлкен бәйбішесі Күнкеден туған жалғыз ұл Құдайбердінің баласы. Әмір жеті жасында жетім қалып, үлкен үйдің еркесі атанып өседі. Өзі өткір, өжет, өнерлі екен. Бозбала шағынан ән айтып, 30–40 жас жігітті қасына ертіп, арқаны әсем әуенге бөлеп, ел-жұрт аралаған. Оның салдық өнеріне Құнанбай наразылық білдіріп, қатты азапқа салып, арбаның артына таып тастаған. Сонда да өткір тілімен Құнанбайды түйреп, алған бетінен қайтпаған. Әмірдің салдық өнері, Үмітей қызбен арадағы мейірімге толы қимас махаббат, «Абай жолы» эпопеясының «Жайлауда», «Оқапта» атты тарауларында тамылжыға суреттелген. Сондағы бөлімде Әмір мен Үмітейдің ғашықтық сыры кең толғанып, мұңлы сырға ұласады. Бұл оқшау үзіктегі оқиға «Қаракөздің» сюжетімен сабақтас. Әсіресе, екі асықтың оңашада табысып, мұң-шерін ағытып тұрған жеріндегі қыз күйеуінің ұстап алуы, сонда да екеуінің бір-бірінен ажырамауы, тіпті кейбір сөйлемдер мен диалогтерге дейін өте ұқсас. Әрине, екі шығармада айырмашылықтар да бар. Ол – проза мен драматургия сияқты әдебиеттің екі ұдай жанрының ішкі заңдылықтарынан туындаған өзгерістер.

Қашанда көркем шығарманың өз шындығы бар. Ол қаламгердің шығармашылық қиялының шарықтауына, шығарманың негізгі мақсатына, кейіпкердің философиялық көзқарасында, оқиға өрісіне қарай өріс тауып, өрбіп, құбылып отырады. Бұл, әрине, тарихи шындықтан бас тарту емес, қайта сол оқиғаны көркем тілмен, қисынды жүйемен мол мағлұмат аңғартып, жүрекке із қалдыратындай етіп суреттеу мақсатынан туындайтын байсалды байлам. Көркем

туындыға ауадай қажет қасиет. М. Әуезовтің өзі айтқандай, «көркем қиялға еркін ерік берген».

Сырт көзге «Қаракөздің» оқиғасы осымен түгелденген тәрізді. Негізгі оқиға, іс-әрекет, тартыс – бәрі де Халиолла мен Әмірдің өмірінен өріліп біткен тәрізді. Бірақ Шыңғыс өңіріндегі өмір сүрген тағы бір қос мұңлықтың – Ниязбек пен Ғалияның қайғылы қасіретті хикаясы еріксіз назар аударады. Тоғжан ару ұзатылып барған Шаған өзенінің бойында өскен екі жас бір-біріне қосыла алмай, арманда өтеді. Ғалия құсаланып, дертке ұшырайды. Әке-шешесі оңаша үйге қамап қойып ұшықтауға кіріседі. Бақсы-балгердің дауасыз емі арманды аруды есінен тандырып, шерменде халге түсіреді. Шағанның тоғайын аралап, біресе сақ-сақ күліп, біресе жылап, бұтадан қорқып, шошымалы ауруға ұшырайды. Екі сөзінің бірінде: «Тоғай! Қалың тоғай! Ниязбек!» – деп қайталаудан танбайды. Сол бейшаралық күйден қалпына келе алмай, далада адасып өліпті.

Бұл оқиғаны Семей облысының Абай ауданына қарасты Шаған селосының тұрғыны Мұқан Асқаров айтып берді.

Оқиға төңкеріс қарсаңында болыпты. Мұхтар Әуезов жас кезінде Шаған өзенінің жағасына талай ат басын тіреген. «Оқыған азамат», «Қыр әңгімелері», «Қаралы сұлу» әңгімелерінің прототиптерінің мекені бұл. Сорлы Ғалияның қасіретін естіген қаламгер жүрегін тебіrentкен. Әсіресе трагедияның соңғы көрінісіндегі Қаракөздің шошынуы, тоғайды жиі-жиі айтуы, сандырақтаулары Ғалияның мүшкіл халін көзге елестетеді. Ой иірімі, сөз толғамы, суреттеудің дәлдігі Мұхтардың бұл оқиғаны да өзінше пайдаланғандығын меңзейді. Осының барлығы «Қаракөз – типтік бейне» деген ұғымға саяды. Әуезов мол материалды кең толғап, қиыннан қиыстырып, ұштастыра қолданған.

Төртінші тұжырым...

Аталмыш жайларға қарағанда соңғы топшылау оқырманға таныс, автордың жеке өміріндегі құбылыстардың әсеріне, сезімдік тебіреністерге қатысты тарқатылады. Бағдарлап байыбына барсақ, Прототиптік негізден гөрі, шығармашылық интуицияны, жазушының көңіл күйін, қолына қалам алуға әсер еткен ізденістердің ізін аңғартады. Оқырман қауымының арасында, оның ішінде, әдебиет зерттеушілері мен қаламгерлердің, сонымен қатар сонау бір жылдары етене араласқан адамдар да «Қаракөздің» жазылу тарихының себептері ретінде Мұхтар Әуезовтің Кәмила Мағауия қызымен ажырасу тұсындағы ішкі арпалысын меңзейді.

Жиырмасыншы жылдары Мұхтардың жеке өмірінде, қоғамдық

көзқарастарында көптеген қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтардың, елеулі өзгерістердің кездескені, «Қаракөзді» жазуға итермелеген тебіреніс көзі ілгерідегі баяндау арқылы таныс.

Ішкі толғаныс талант иесіне «Қаракөз» трагедиясының сарынын дөп басып, сәтті шығаруына интуициялық сезімнің әсер еткені анық. Тебіреніс толқыны жан түкпірінен қопарылып шықпаса – жүрекке жетпейді. Тіпті, суреткер өмір сүрген заманнан алыс дәуірлерді бейнелесе де, ондағы кейіпкерлеріне өзінің сезім-түйсігі арқылы жан бітірді. Кей тұстарда творчество адамдарының интуициясының күштілігі сондай, күні ертең не боларын көбінесе дәлме-дәл болжайтын көрінеді. Кейіпкер мен өз сезімінің астасып, өзге адам үшін арпалысуы шынайы өнер иесіне тән. Гете «Жас Вертердің қасіреті» романын Шарлотта Буфқа есі кете ғашық боп, махаббат азабына түскен кезде жазыпты. Өзінің егілген жүрегінің ащы запыраны Вертердің қасіретіне қосылғанда Гетені шарасыздық билеп, өмірден түңіледі. Вертердің өзіне-өзі қол жұмсаудан басқа амалы қалмағанын аңғарғанда қатты қапаланады да, бұл да сондай шешімге келеді. Жантүршігерлік шешімді әзер жеңеді. Гете: «Мен өзімді-өзім өлтіру туралы қатыгез де ақылға сыйымсыз пиғылдан бас тартып, өмір сүру керек деп шештім. Бұл мақсатты еш алаңсыз жүзеге асыру үшін өзімнің барлық қасіретімді жеткізе алатындай поэтикалық шығарма жазуым керек болды», – деп еске алады. Сондай тығырыққа тірелген шақта күйеуге шыққан әйелге ғашық болған, бірақ тілегін қабылдамағанға қорланған Карл Вильгельм Иерузалем деген жігіттің өзін-өзі өлтіргенін естиді де Вертердің тағдырына сол оқиғаны теліп барып рухани азаптан құтылады.

Міне, Мұхтар «Қаракөзді» жазғанда, дәл Гете сияқты шектен шыққан шешімге ниет қылған жоқ. Бірақ жан дүниесінің қатты күйзелгені аян. Тіпті, ол Қаракөз бейнесінде елестеткен Кәмиланың ұзамай құсалықпен дүниеден өтетінін де іштей сезген сияқты. Біз, тура мағынасында емес, көркемдік образдың рухани күйзелісінің түңілу коллизиясын айтып отырмыз. Анығы сол: «Қаракөздің» соншама «азапты шабытпен» жазылуына отбасының тіршілігіндегі бұл өзгерістің тікелей әсері тигені сөзсіз. Жанын жаралаған «немерелестік» хақындағы ғайбат-өсектер де отқа май құйғандай өршіте түскен. Сондықтан да Кәмила тек поэтикалық бейне ретінде ғана дәнекерлік еткен деп бағалау керек.

Т. Жұртбай

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР	3
«Қазақ Республикасы қазақсыз қалады...»	5
Қазақ қалам қайраткерлеріне	7
«Шаншар» журналы	10
Жалпы театр өнері мен қазақ театры	16
Қазақстан мемлекет театры.....	43
САКУ-дің оқушылары мен оқытушылары	58
Бөлім мақсаты	60
Өз жайымнан мағлұмат	67
Қазақ жаңа емлесі туралы декрет.....	73
Қазақстан шаруасының қалпы мен байлаулы қазақ жастарының міндеттері	75
II. ӘҢГІМЕЛЕР	77
Жетім	79
Барымта.....	87
Қаралы сұлу (Бірінші нұсқасы)	101
Қаралы сұлу (Екінші нұсқасы)	115
Кінәмшіл бойжеткен.....	128
Бүркіт аңшылығының суреттері.....	151
Ескілік көлеңкесінде.....	155
Жуандық.....	173
III. АУДАРМАЛАР	185
Чусовойдағы бурлақтар (Мамин-Сибиряктан)	187
IV. ПЬЕСАЛАР	191
Қаракөз (Бірінші нұсқасы)	193
Қарагөз (Екінші нұсқасы).....	253
V. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	305

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

3-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Көркемдеуші редакторы *Л. Өтебаева*
Техникалық редакторы *И. Селиванова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ^{1/32}. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 22,3.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1247.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-145-6



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 4 5 6